С.О.Талжановтың

кандидаттық диссертациясы

Сәйділ Талжанов

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Филология ғылымдарының докторлық дәрежесіне арналып жазылған

д и с с е р т а ц и я

Ғылыми-консультант Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор ІСМЕТ КЕҢЕСБАЕВ

АЛМАТЫ – 1971 жыл

САЙДИЛЬ ТАЛЖАНОВ

ИСТОРИЧЕСКИЕ ПЕРИОДЫ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И РОЛЬ ПЕРЕВОДА В ЭТОМ ПРОЦЕССЕ

Диссертация написана на соискание
ученой степени доктора филологи-
ческих наук

Научный консультант, академик АН КазССР,
доктор филологических наук, профессор
СМЕТ КЕНЕСБАЕВ

1971 год

«Тілді жеке адам жасай алмайды, оны халық жасайды, филологтар халық тілінің заңды құбылыстарын ашады да соларды жүйелеп системаға түсіреді, ал әдебиетшілер мен жазушылар сол тілдің заңдарына сүйене отырып, өздерінің мәңгі өлмес еңбектерін жазып қалдырады» /В.Г.Белинский.1334. «Литературные мечтания». Полн.собр: соч. Изд-во АН СССР, том I, стр.44. также «Русские писатели о языке». Советский писатель. Ленинград, 1954, стр.212/.

А В Т О Р Д А Н

Әрбір халықтың өсіп-ержеткен тарихи тіршілігін шолып отырсаңыз көз алдыңызға үдере аққан ұзын өзеннің арнасы елестейді. Ол арна кейде жайылып жатады да кейде қылталана түседі. Жайылған жері саяз, қылта тұсы тұңғиық терең де болады.

«Адам – керуен, өмірі – жол,
Ешкімге жат із емес.
Жолмен көшкен керуеннің
Алды, арты да біз емес»
/Сәкен – 1927/.

Осы еңбегімізді жазғанда біздің сүйенген деректеріміз орыс халқының ғалымдарынан алынды, олардың объективтік ғылми-тарихи зерттеулерін ескеріп отырдық. Көне шығыс елдері мен Батыс Европа халықтарының ғалымдары айтқан пікірлер де орыс тіліндегі аудармалар арқылы келтірілді. Солардың тұжырымды түйінді ойларын да қазақ халқының көп ғасырлық дәуірі қамтылады екен. Ендеше қазақ халқы талай-талай шетел шапқыншылықтарына ұшырап, теңсіз телегей теперіштерді басынан кешіріп келген ел сияқты.

Осы еңбекті бірнеше жылдай сарылып жазған мезгілімізде, көбінесе, бір жағдай қолды байлай берді, ол – біздің қазақ тілінде ескі дүниеде жазылып, сақталып қалған ескерткіштердің аздығы көлденең тұрды. Бұрын болған мұралардың көбі түгел жетпеген, ұзақ өмір бойында неше алуан шырғалаңға ұшырап біразы өртеніп кетуі де ғажап емес. Мысалы, «Бір кезде араб шапқыншыларының Иран мен Орта Азияда сақталған кітап қорына зор зиянын тигізгені мәлім. Көптеген құнды кітаптар сол қарсаңда отқа өртелді. Фанатизм шабуылынан аман қалғандары да неше алуан қырсыққа ұшырады, құрып кетті»[1], – дейді

[1] «Кәлилә мен Димна» «ҚМКӘБ», Алматы, 1962, 5-6 бет. Е.Э.Бертельстің «Алғы сөзінен аударылып алынды. – /С.Т./

Е.Э.Бертельс. Бұл уақиға 8-ғасырдың шамасында болды.

Мұндай шапқыншылық бұрын да , соң да болса керек. Соның ішіндегі ең зоры Шыңғыс хан дәуірінде /12 ғасырда/ Отырардың өртенуі еді. Әлемнің екінші ұстазы атанған ғұлама Әбу-Насыр әл-Фарабидың туған мекені – Отырарда қандай қымбатты дүние-мүліктер жер астына түспеді десеңші!

«XIII ғасырда моңғол шапқыншылығы – Азияның талай мәдениетті елдерін тас-талқан етті» [1] деп академик В.В.Бартольд тегін айтпаған ғой.

Мәдени мұраларды отқа өртеп, мәдениет ошағын жармен-жексен ету Шыңғыс хан шапқыншылығынан да бұрын болыпты, мысалы, Терістік Индиядағы Ғазна шәһәрінің дәуірлеп өсуі – XI ғасырда – Махмуд сұлтан заманында екен. Махмуд тұсында Ғазнада атағы жер жарған талай ақын, әдебиетшілер, ғалымдар болыпты. Бері келе Бахрам шах дәуірінде /1118-1152/ Ғазна қайта көтеріледі. Мәдениеттің, әдебиеттің өсіп-өркендеуіне Бахрам-шах өзі де ат салысып, көмек беріп отырады. Әлемге аян Санал мен Сузани сияқты ақындар және «Кәлилә мен Димнаның» аударушысы Абул-Маали Насруллах та сол кезде Ғазнада еңбек істейді.

Міне, осындай мәдениет орталығын Ғазнаны құртып жіберген Изз-ад-Диннің үшінші ұлы – Гур[2] елінің әкімі Ала-ад-Дин Хусайн деседі. Он бірінші ғасырдың тоқсаныншы жылдарында туған Самарқаннан шыққан/ Низами Арузидің айтуынша әлгі әкім Алад-ад-Дин Хусайн 1146 жылдан бастап «Дүние жүзінің патшасы

---

[1] Академик В.В.Бартольд. Сочинения. Изд-во «Наука», М., 1968, том Y, стр.253.

[2]Гур-Герируд өзенінің жоғарғы жағындағы таулы облыс, Герат қаласының шығысында тұрады / арабша «Джабал» деп атайды/ Гуридтер мемлекетін 1118 жылдан 1215 жылға дейін Шансаб әулеті билеген, бұл мемлекетке Ауғанстан, Хорасанның шығысы, Индияның терістік жағы кірген. Гур патшалығын тұңғыш рет құрған Изз-ад-Дин-Хусейн, сонсоң оның үш баласы – астанасы Бамиан шәһәрі болған. / С.Т./.

/«Государь мира»/, «Шығыстың сұлтаны» болған екен, Гур патшаларының ішінен Ала-ад Дин Джаһансуз» /«Дүниені өртегіш»/ атанған да сол кісі.

1260 жылы Индияда тұрған белгілі тарихшы Минхадж-ад-Дин Джуаджанидің әңгімесінде:

«Ала-ад-Дин Ғазнаны күшпен алды да сол шәһәрді жеті сөтке өртеді, сонда будақтап шыққан қою қара түтін күндізін түнге айналдырды, ал өрттің лаулап жанған жалыны жарық беріп, түнін күндізге айналдырды, осы жеті сөткеде ұрлау-қарлау, бейбіт тұрғындарды қырып жою жүгенсіз жүрді, жетпіс мыңнан астам еркектер қырғын тапты, әйелдер мен балалар тұтқынға алынды... »[1] - деген уақиға шертілді. Міне, осындай кесірлі кеселдердің зардабы көп нәрсеге тигені анық.

Азда болса, өткен мұрадан өзімізге дейін жеткен сарқыншақтарды сұрыптауымыз қажет, бұрын зерттелмеген қазақ елінің рухани қазынасын – тілін, әдеби мұраларын қырағы тексеріп, ескі өмірде болған алуан-алуан толғаулардың басын ашатын мезгіл де жетті.

Күні кеше ғана Есік моласынан алтын киімді адам табылады, оның жерленуі үстіміздегі жыл санауымыздан 5-6 ғасыр бұрын деседі, ендеше Үйсін хандығы дәурен сүрген мезгіл болса керек-ті.

Осындай тар кезеңдердің талайын басынан өткізген қазақ елі бері келе ыдырап көшпелі өмірге беттегендей. Сонда да осынша өңірге ие болып, ен дүниені, зор байлықты совет дәуіріне жеткізген ел – оңай еңбек сіңірмегендей.

---

[1] Низами Арзун Самарканди «Собрание редкостей или четыре беседы». Перевод с персидского С.И.Бабаевского и З.Н.Ворожейкиной. Под редакцией А.Н.Болдырева. Изд-во. Восточ.литературы. М., 1963, стр.7-9.

Осы тәрізді ұлы дәуірлерден өтіп келген, кейін патша тұсында «бұратана» /«инородец»/ атанған, өзін-өзі тани алмаған, жазықсыз дүре жеп, еріксіз езіліп келген елдердің тілін, әдебиетін, азаматтық ерік тізгінін өзіне беріп, өз алдына дербес республика етіп, әрбір ұлт ерекшелігін көркейтуге көмек берген, өсіп ер жетуіне жол ашқан данышпан Владимир Ильич Ленин болды.

«Мемлекет тілі керек пе?» деп, 1914 жылы жазған мақаласында айтқан программалық сөзі мынау:

«... Міндетті түрде болатын «мемлекет» тілі деген не?» – деп, В.И.Ленин сұрақ қояды да, әрі қарай – мұның мәнісі тәжірибе жүзінде Россиядағы ұлы орыс /«великоросс»/ тілі басқа тілдерге қожа болсын деу. Сонда «мемлекет» тілі бүкіл мектептерде міндетті түрде оқылмақ, ресми іс жүргізу де жергілікті халықтың тілінде болмай әлгі «мемлекет» тілінде болмақ».

«Мемлекет тілі міндетті түрде жүрсін деп өзеурейтін партиялар, осының қажеттігін немен дәлелдеп жүр?» – деп тағы сұрақ қояды да, В.И.Ленин:

«Әрине, кертартпалардың «дәлелдері» қысқа келеді, – дейді, – олар: бұратана елдердің бәрін уыстап, бүріп ұстау керек, жайылып кетуіне мүмкіндік бермеу керек. Россия бөлініп, жарылып бытырамасын, барлық ел сол ұлы орыс тіліне ғана бағынсын, өйткені орыс жерін жинап-теріп құрастырған ұлы орыстар. Сондықтан үстем ұлттың тілі міндетті түрде мемлекет тілі болсын» деп толғайды. «Ал, мынау Пуришкевич сияқты мырзалар «итше үретін тілдерге» /«собачьи наречия»/ мүлде тиым салу қажет» – деп соғады.

«Либералдардың бағыты өте «нәзік», өте «мәдениетті» келеді...

Бұлар: «бастауыш мектептер ұлт тілінде оқысын» – дей келіп,

бірақ «міндетті түрде жалпыға бірдей мемлекет тілі болсын, бұл «мәдениет» үшін, Россияның «бөлінбейтін» /«неделимой» «бірлігі» үшін дегенге келгенде әлгі либералдар да ана кертартпалармен ауыз жаласады».

«Россиядағы ұлы орыс халқының тілін әрбір адамның үйреніп білуіне біз де қарсы емеспіз, бірақ, еріксіз қысымға ұшыратуды қолдамаймыз. Таяқтап апарып, «ұжмаққа» тығудың қажеті жоқ. Себебі «мәдениет» деген сөзді жамылып, қанша әдемілеп сөйлесеңіздер де бәрібір оның арты «міндетті мемлекет тілі болса, ол еріксіздікке, зорлауға апарып тірейді»[1] – дейді В.И.Ленин.

Владимир Ильичтің осындай терең танырлық, қырағы пікірі – біздің совет дәуірінде мүлде қарыштап өсуімізге жол көрсетті, бітеліп қалған бұлақтың көзін ашты. Ұлы көсеміміз В.И.Лениннің 45 томдық еңбегі, оның төртінші басылуы қазақ тілінде қазір түгел жарық көрді. Осы игілі ісіміз – қазақ тілі лексикасы мен сөйлем құрылысына көп жаңалық енгізді, терминологиямыздың қалыптасуына қолғабысын тигізді бүгінгі өзіміз көріп отырған жағдай осыған айғақ.

Ендеше қазақ тіліндегі әдебиеттің қалыптасуы, өрге өрлеуі – міне осы совет дәуірінде – В.И.Ленин заманында ілгері басты.

Совет қауымындағы ұсақ ұлттардың бәрі де әділ көсеміне алғыс айтады, соның біреуі қазақ елі бір ауыздан мәңгі ырзалық білдіреді.

«Ленин десек партия деп ұғамыз,
Партия десек Ленин деп түсінеміз»
/В.В.Маяковский/

Октябрь революциясынан кейін совет дәуірінде, шағын мезгіл ішінде тіліміздің, әдебиетіміздің осынша өсіп қалыптасқанын,

[1] В.И.Ленин. Полное собр.соч. Издание пятое, т.24, ГОС изд-во, политической литературы. М., 1961, стр.293-295.

ер жеткенін, ғылми зерттеулер жаза алатын жағдайға келгенін дәлелдеу үшін – ұлы ұстазымыздың алдын ала алыстан болжауын анықтау үшін бұл еңбекті қазақ тілінде жаздық. Келешектегі коммунизм құрылысына жарқын дүниеге өз үлесін қосатын, өзінің ұлттық ерекшелігімен бөгде тілдерге де көмегін тигізетін тілдің біреуі қазақ тілі болуына тілектеспіз, осы пікірімізді кейінгі жас буыннан шығатын ғалымдарымыз жүзеге асыратыны анық.

Екінші айтарымыз, қаншама көптен үйреніп, көптеп білсек те тілдік құрылысы бөлек, ұғым-ырғағы басқа ұшан теңіз бай орыс тілін жеріне жеткізе меңгере алмауымыз жасқандыра берді. Сөйтіп бесікте жатқанда құлағымызға сіңген ана тілінде осы еңбекті жазу жеңіл тәрізденді.

Бұл еңбегімізде, қазақ халқының көп ғасырлық тарихында қандай елдермен, қай заманда ауыс-түйіс жасағанын сөз етпекпіз. Тіліміз бен әдебиетіміздегі неше алуан толғаныстарды шолғанда кімнен не алғанымызды, кімге не бергенімізді жіліктеп ажыратуға тырыспақпыз.

К І Р І С П Е

Көз жеткісіз көне заманда, әлгі қарым-қатыс бүгінгідей етек алып жайылмаған кезеңде, талай-талай ұқсас ойлар-толғаныс тебіренулер, тіпті біріне-бірі сырттай ұқсап кететін жеке-жеке сөздер де болған екен. Бірақ, осылардың бәрі бір қаптан, бір саптан шықпаса керек, былай айтқанда бір елде туып бөгде елдерге содан таралмағандай. Ең әуелі осы жәйттің басын аша кетелік.

Кейде некен-саяқ сырттай ұқсастықты ұшыратса-ақ болғаны «Ия, мынау жат жұрттың ұғымы, мұны пәленшеден түгенше алып пайдаланған екен...» деп шамалаймыз. Тіпті, бізге не сор, мұндай «долбарлаудың» кейбір орашалақ үлгілері өткен заманда орыс халқының зерттеушілерінде де болған ғой. Мысалы, орыс филологиясының көрнекті қайраткері Ф.И.Буслаев орыс халқының ауыз әдебиетіндегі толғаулардың біразын көне ертектерден іздеген, кейбірін ежелгі санскритке апарып теліген, бұл бағытты «Мифологиялық школа» деп атайды; кезінде Ф.И.Буслаевтың осы сыңаржақ пікірін жеріне жеткізе сынап, мансұқ еткен атышулы сыншыларымыз Н.Г.Чернышевский [1] мен Н.А.Добролюбов [2] еді.

Баяғыда 1858 жылы А.Вельтман деген ғалымның «Тарихи халық аңыздарының жинағы» /«Свод исторических народных преданий»/ атты кітабына да Н.А.Добролюбов рецензия жазған-ды; сонда: «А.Вельтман мырзаның филологиялық әдістері оның өзі ашқан мынадай тіл заңдарына тиянақтайды», – депті. – Мысалы:

І/ «Бір тілден екінші тілге көшкенде әрбір дауысты дыбыс кез келген дауысты дыбысқа ауыса береді.

---

[1] Н.Г.Чернышевский. «Современник» журналы, 1854, №9, бұдан кейін «Современник» журналының 1861, 6-7 сандарында жарияланған «Полемических красотах» - деген мақалаларын қараңыз.

[2] Н.А.Добролюбов. Собр.Соч.І. ГИХЛ. М., 1961, Ленинград, стр. 79, и 555.

2/ Сондай-ақ әрбір дауыссыз дыбыс та толып жатқан дауыссыз дыбыстардың біреуіне ауыса салады.

3/ Әрбір сөздің ішіндегі дауысты, дауыссыз дыбыс та, әріп те, тіпті бүтін буын да, әдемі естелуі үшін, түсіп те қалуы кәдік, немесе жаңадан қосылып та кетуі мүмкін.

4/ Дауыстылардың дауыссыздарға айналуы да, немесе керісінше көшуі де ықтимал» – деп келеді де әлгі А.Вельтман:

«Y ғасырда болған гунның қолбасшысы Аттилланы «Киевтің ұлы князі орыс халқының патшасы» етіп шығарады, өйткені, ескі латын тілінде «гун» деген сөз «Huni» /хуни/ болып жазылса, оны А.Вельтман «Chuni» /куни/ сонсоң «Chueni» /куени/ етіп орыс тіліне таяп әкеледі де, бұл енді «Кыяне», былай айтқанда «Киевляне», ендеше бұлар Киев қаласының тұрғындары» деп түйеді. [1]

Мұндай сыңар жақ пікірлер әлгі А.Вельтманнан бұрын да, соң да болған тәрізді. Мысалы, 1853 жылы Санк-Петербургте «Отечественные записки» атты журналдың 7-санында шыққан «О родстве языка славянского с санскритским» деген мақаласында ғалым А.Гильфердинг орыс тілінде айтылатын «амбар» дейтін сөзді санскриттің «ambarjiami» /амбариами/ сөзінен шығарыпты. Орыс тіліндегі «якшаться» деген сөзді санскриттің «jaksh» /якш/ сөзінен апарып тудырған екен.

А.Гильфердингтің осы бір шұғыл байламына қарсы шығып ұлы сыншы, өз мезгілінің ғалымы Н.Г.Чернышевский былай депті:

«Амбара» он /А.Гильфердинг – С.Т./ производит /стр.13/ от санскритского «ambarjami» – коплю, собираю. Но амбар /правильнее анбар/ – чисто арабское слово, перешедшее к нам от татар,

---

[1] Н.А.Добролюбов. Собр.соч.том 2. М., 1962, стр.335-339.
См.статью: «Атилла и Русь IY и Y века».

подобно словам сходного значения: «казна» и «сундук».

«Якшаться, которое отмечено в «Областном словаре» как вологодское, но которое употребляется на всем востоке России, производит он от санскритского «jaksh» – чтить /стр.39/ оно происходит от татарского «якши» – «хороший, друг» [1] – деген екен.

Біз де Н.Г.Чернышевскийдің осы пікіріне түгел қосыламыз, буынсыз жерге пышақ салып А.Гильфердингтің мына сөздерді сонау санскритке апарып телуі түбірімен теріс. Алайда, Н.Г.Чернышевскийдің «анбарды» араб сөзі деуі жаңсақ айтылған, бұл сөздің түбірі «анбар» – «амбар», «албар» фарсы мен түркі тілдеріне ортақ болса керек.

Зерттеудегі осындай өрескел долбардан аулақ болу үшін өзімізді де, жас ғалымдарымызды да сақтандыруымыз жөн. Әрине, төрт аяғын тең басқан, құбыласы түгел еңбек күнде туа бермесе керек.

Өйткені «Ғалымның көзімен» /«Глазами ученого» / деген кітап 1963 жылы шықты, көлемі 737 бет. Осы кітапқа сайдың тасындай өңшең ірі ғалымдар ат салысыпты, соның ішінде В.А.Амбарцумян, А.П.Виноградов, А.Н.Несмеянов, В.Г.Фесенковтар бар екен.

Айтылмыш еңбектің кіріспе сөзін совет ғалымы, СССР Ғылым академиясының бұрынғы президенті, аты-шулы академик А.Н.Несмеянов жазыпты. Сонда: «Бұл кітапты жазу үшін ғалым – авторларды сұрыптап-таңдап-ақ алдық, сонда да болса осы еңбек мүлде мінсіз дей алмаймыз. Өйткені қатынасқан авторлардың көпшілігі ғылымды өз қолымен жасаушылар еді, бірақ сол ғылымның құнарлы маңызын жұртқа жайып түсіндіруге төселмеген адамдар болатын. Ендеше,

[1] Н.Г.Чернышевский. Полное собр.соч. в 15 томах, т.II, ГИХЛ, М., 1949, стр.202.

ешбір кемшілігі жоқ мұнтаздай кітапты мүлде жазбай қойғаннан көрі, азды-көпті міні бар кітапты ара-тұра жазып шығарған анағұрлым артық» деген екен осы күнгі ағылшын ғалымы химик К.К.Ингольд. Ендеше, соның ойын біздің де медеу еткеніміз мақұл», депті академик А.Н.Несмеянов [1].

Өткен тарихи ұзақ сапарында қазақ халқы талай елді, талай жерді көрген тәрізді, бұған әр мәдениеттің рухани да, материалдық та әсерлері тигендей. Осылардың шытырман іздері қазақтың тілінде, ауыз әдебиетінде, әдеби мұраларында көрініп жатқандай.

Халықаралық ауыс-түйіс тоқсан түрлі, мұның ішкі байланысын бірден ұғына қою оңай да емес. Өйткені тарихи фактылар әр дәуірден ауысып, бірте-бірте құбылып жаңара беретіндей және көнере де түсетіндей.

Біздің бүгінгі атом заманында «аспан алақандай, жер тебінгідей болды. Ел арасының шалғайлығы сонау көне замандағы мағынасын өзгертті. «Алты айшылық жолды алты басатын» – ақындар арман еткен Тайбуырылдардың жүйрік жүрісі реактивтік самолеттің шаңына ілесе алмай қалды. Дүние-жүзі қоян-қолтық алысып, ойларын бетпе бет ортаға салысты. Бұл жәйт ежелгі дүниеде болмаған еді. Сондықтан ол заманның ауыс-түйістері бүгінгінің өлшеміне сыймайды. Сола бола тұрса да дүниенің төрт бұрышында сол кездерде тұрған, не тарихи, не географиялық, не діни байланысы жоқ елдердің аузында да біріне-бірі ұқсас ойлар айтылған екен, міне осының себебі неде? – деген сұраққа жауап беруге беттеп отырмыз.

Әрине, ой ауысуының халықаралық процесі өте шытырман, әсіресе әлеуметтік көріністі көзге анық елестету қиын. Бір

[1] «Глазами ученого» «от земли до галактик, к ядру атома, от атома до молекулы, от молекулы до организма». Изд. АН СССР, М., 1963, стр.9.

елдің екінші елге ететін әсері қарапайым зат емес, ол өте шимай-шатақ, бұраңдаған тоғыз жолдың торабы.

Г.Н.Потанин «Европаның орта ғасырлық эпостарында шығыстың сарындары бар» атты еңбегінде [1], «қазақтың бір талай ертегілерінің ертедегі дүние танумен байланысты туғандығын көрсетті»[2] – дейді М.О.Әуезов.

Біздің осы арада айтарымыз Г.Н.Потаниндей ғалым айтқан ойдың дұрыс, терісін шешуде емес, тек қана ауыс-түйістің әр елде, әр дәуірде болғанын, оның әлі де бола беретінін дәлелдеуде, сонда да мына күйіну, сүйіну тәрізді дерексіз толғаныстар: жақыны өлгенде жылау, бала туғанда қуану, ашуланғанда қамшы сілтесіп, төбелесу әр адамның басынан көшеді, заманына сай өзгеріске ұшырап дамуы да ықтимал, неше алуан саққа жүгіріп құбылуы да мүмкін. Алайда, қаншама сырттай ұқсас болғанымен бұларды ауысудың нәтижесі деп ұғыну мүмкін емес.

Өмір шындығы жұрттың бәріне бірдей, бірақ оны әр халық өзінше ұғынады, өзінше атайды. Өзінің күнде көріп отырған жағдайларына, саяси-экономикалық бағытына, табиғат көріністеріне байланыстыра толғайды. «Бір елдің әдебиетін бізге жеке адамның табиғаты, сол халықтың мінез-құлқы түсіндірмейді, тек сол елдің өткен тарихы мен әлеуметтік құрылысы ғана айқындап ұғындыра алады... адамның рухы жасап шығарған туындыны да, сондай-ақ төңіректегі тірі табиғаттың туындысын да тек сол қоршап тұрған орта түсіндіретіні даусыз» – депті Г.В.Плеханов. [3]

---

[1] Г.Н.Потанин. «Восточные мотивы в средневековом западноевропейском эпосе», М., 1899.

[2] Қазақ ертегілері. ҚМКӘБ, Алматы, 1957, IX-бетінде /Осы кітапқа М.О.Әуезов пен Ы.Ысмайлов жазған кіріспе сөзін қараңыз/.

[3] Г.В.Плеханов. «Письма без адреса», ГИХЛ, М., 1956, стр.40-41 «... не природа, не характер данного народа, а его история и его общественное устройство обьясняют нам его литературу... произведения человеческого духа, как произведения живой природы, обьясняются только их средой».

Дәл осы арада оқушылардың есіне сала кету артық болмас, мына ұқсас ойлар әр елде бір мезгілде тууы да шарт емес, себебі бір саяси-экономикалық жағдайды бір ел басынан ерте кешірсе, екінші елде ол дәуір басқа кезде туатыны көпке мәлім. Мысалы, патриархалдық-рушылдық дәуір бір елдің басынан осыдан екі мың жыл бұрын өтеді де, екінші ел сол рушылдық дәуірге кейін келіп жетеді: Көне тарихта айтылған аңыздар осы күнге дейін айтылып келеді, бірақ кейбір жерде өсіп өте ұлғайғанын көреміз де, ал екінші бір елде марғаулап кейін қалғанын байқаймыз. Осының бәрі сол елдің өскелең жетілуіне немесе мәдени мешеулігіне байланысты болса керек-ті.

Ұлы эпостарда айтылатын пікірлердің ұқсастығын соңырақ тексереміз, өйткені олар ауыздан ауызға көшіп жүрген қысқа-қысқа мысалдардан, ұсақ ертегілерден, келте қайрылатын анекдоттардан, өткір афоризмдерден соңырақ шыққанына кәміл сенеміз.

Заты, әрбір халық балаң дәуірден рухани марқа дәуірге қарай беттегенде ғана өзінің ұлттық дербестігін, өз қолы өз аузына жетуін көксейтін тәрізді. Міне, осы кезде олар шетелдік жаудан, табиғаттың мылқау күшінен қорғайтын қаһарлы батыр-қайсар басшыны іздейтіндей, ендеше батырлар жыры-ұлы эпостар дәл осы өскелең мезгілде келіп, соңырақ туатын сияқты. Мысалы, үстіміздегі жыл санаудан екі мың төрт жүз жыл бұрын ежелгі «Қос өзен» /«Тигр мен Евфрат»/ бойында Шумер елі дәуір сүреді. Гильгамеш атты батырдың жыры сол кезде туыпты. Осы Гильгамештен мың жыл кейін Грецияда «Илиада» мен «Одиссеялар» жырланады. Индияның «Махабхаратасы», Скандинавияның «Аға Эддасы», Осетияның /«Нарты»/ деген эпосы, Германияның «Нибелунги» мен «Фауст» тәрізді эпостары, оғыз елі мен қазақ халқына ортақ «Дадам қорқыты», қырғыздың «Манасы», қазақтың «Қобланды», «Алпамыс»,

«Ер Тарғындары» тарих бетіне шықты. Осылардың бәрі де өз заманында әр халықтың конкрет дүниесінен, қиялының жалғасынан туады. Әр жұрттың нанымы, творчестволық шарықтауы өз әлінше осылай үздіксіз ұласа беретін мей межені көрсетеді.

Мифология мен халықтың ауыз әдебиеті өзара тығыз байланысады, алайда, әр елде әр алуан күй шертіледі. Өйткені мезгіліне сай, жеріне, табиғатына қарай құбылып түлеп отырады. Халық ойының өсіп-өрбу сатысы оның рухани ұғымына сай ілгері қадам басады, немесе мешеулеп кейін қалады. Бәрін де саяси-экономикалық жағдай /орта/ билейді.

Ғалым Ф.И.Буслаевтың айтуынша: «ертеде көне санскрит тілінде жерді сиыр мағынасында ұғып, оны өгіз – «го» /«гау» – деген сөз/ деп атаған. Орыс тілінде «говядина» – сиыр еті/, неміс тілінде «gau» /«гау», гот тілінде «gobi» /гови/, қазақ тілінде «ау» «гау» кейде «ау» «хау» болып атанған ғой. Скандинавия тілінде сиырдың жалқы аты «Audhumba» /аудһумба/ суы өте мол, дымқыл-сыз деген мағынада [1] , /қазақша «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма? Орысша – «мать – сыра земля» – тәрізді/.

Қазақ халқының ескі ұғымында «Жер – көк өгіздің мүйізінде, көк өгіз теңіздегі жайынның /балықтың/ үстінде тұрады» – деуі де осыған ұқсас тәрізді, сонда да бұларды ауысып келген деуге тиянақты дәлел таба алмаймыз.

Қазақ елінде мынандай мысал бар: «шаңырақта асулы тұрған етке аузы жетпей мысықтың мысы құриды, сонда: «Өзі жасық, өзі сасық осы етті кім жесін!» деп, менсінбей жүріп кетеді.

«Біржан-Сараның» айтысында:

[1] Ф.И.Буслаев. Соч. по археологии и истории искусств. Санкт-Петербург, 1910, т.II, стр.20.

«Қарны ашқан кеселі бар еркек мысық,
Сасық дер ауызы жетпей майдан жеріп»

дейді. Мұнда ойы емес, азырақ сөздері өзгертілген ғой. Қазақ халқының өз өмірінде бар заттар әрекет жасайды, мысалы, «мысық, ет, май, шаңырақ» – тәрізді.

Ежелгі грек, көне латын елдерінде «Түлкі мен жүзім» атты мысал бар /Мұны үстіміздегі дәуірден алты жүз жыл бұрын Эзоп [1]/ жазады, бірінші ғасырда Федр, екінші ғасырда Бабрий қайталайды/. Сонда биік ағаштың басында өскен жүзімге түлкінің бойы жетпейді, бірақ өзінің мешелдігін білдіргісі келмей жүзімді қомсынады: «Әй, қойшы, соны, әлі жетіліп піспеген, көк екен» деп тайып тұрады.

Құрғақ сөзді қойып Эзоп мысалының өзін келтірелік: «Биік ағаштың басында өсіп, енді ғана жетіліп келе жатқан жүзімді көреді де түлкінің құмарлығы қозады, жеп рахаттанғысы келеді. Қанша әлекке түсіп ұмтылса да бойы жетпейді. Қатты назаланады, бірақ білдіргісі келмей кейін кетіп бара жатып, «Әй, қойшы, бұл жүзім өзі әлі піспеген екен, менің жегім келмей тұр» [2], – деп соғады.

Біреуінде – «мысық пен ет, май, шаңырақ» айтылса, екіншісінде – «түлкі мен жүзім ағаш» сөз болады. Мағынасы бірдей, бәрі де өздерінің қолы жетпейтінін, әлсіз мегежендігін мойнына алмай түлкі мен мысық екеуі де бір ауыздан жүзім мен етті, майды айыптайды.

Қазақта «битке өкпелеп тоныңды отқа салма!» – дейтін мәтел
бар.

---

[1] «Басни Эзопа» перевод, статья и комментарии М.Л.Гаспарова, Изд-во «Наука», М., 1968, стр.68. Федр, Бабрий «Басни», Издание подготовил М.Л.Гаспарова. Изд-во АН СССР, М., 1962, стр.39 и 98.

[2] Эзоповы басни. СПБ, типограф.Деперт.Внешней торговли, 1820, стр.234. Бұл мысал И.А.Крылов та да /1769-1844/ бар. «Лисица и Виноград» атанады /И.А.Крылов. Соч.в двух томах, т.I,Биб: «Огонек», Изд-во «Правда», М., 1956, стр.155/.

Үстіміздегі дәуірдің екінші ғасырында «Шаруа мен бит» деген Бабрийдің мысалында:

«Кусали вши однажды пахаря в поле,
Два раза их с рубахи обирал пахарь,
Бросая плуг, но вши его опять грызли,
И чтоб спокойно продолжать свое дело,
На третий раз рубаху он в костер бросил.
Когда тебя помучат раза два бабы,
На третий раз и ты про тот костер
вспомни» [1] –

дегенді айтады.

Біздің ауыз әдебиетімізде «Айдағарлы Құдайберлі» деген әңгіме ұшырайды. Сонда: «Құдайберлінің жылқысын айдағар күзетеді. Екеуі жанқияр дос екен, мұны тірі жан білмейді. Күндерде бір күн Құдайберлінің үйіне қонақ келеді. Осы қарбаласта байдың жалғыз ұлы сойыс әкелгелі жылқыға аттанады. Айдағар жалғыз досы Құдайберліден басқа ешкімді танымайды екен. Досының жылқысына өзінен өзгені жолатпауға уәде берген Айдағар /жылан/ баланы жұтып қояды. Дәл осы секундта Құдайберлі де кеп қалады. Досының қаһарынан қорқып, айдағар ініне кіре бастайды, баласының жазым болғанын сол арада сезіп ашу қысқан әке айдағардың құрығын шауып тастайды. Біраздан кейін айдағар інінен басын қылтитып тұрып Құдайберліге тіл қатады: «Досым, енді айрылысалық, балаң есіңе түскенде сен кешіре алмассың, ал құйрығым есіме түскенде мен де кешіре алмаспын» – дейді.

Міне, тап осындай «Шаруа мен жылан» атты мысал Эзопта бар. Ол – үстіміздегі дәуірден YI ғасыр бұрын болған Эзоп, екінші ғасырда болған Бабрий да тап осылай толғайды; бұлардың мысалы «Шаруа мен жылан» атанады. Үстіміздегі дәуірдің үшінші ғасырында

[1] Федр:Бабрий.Басня. Изд.АН СССР, М., 1962, стр.174-175.

«Кәлилә мен Димнада», «Патша мен Фанза құс» деген әңгіме бар. Сонда патшаның баласы фанзаның балапанын өлтіреді, өштескен анасы /фанза/ патша баласының көзін шығарып жібереді. Сөйтіп, Фанза құс биік таудың басына барып қонақтайды. Патша кегін алу үшін қулық жасайды, үйіне қайта шақырады, Фанза көнбейді: «Мен сенімен енді достаса алмаспын, өйткені балаңның көзін шығарғаным есіңе түскенде сен кешіре алмассың, ал балапанымның жазықсыз қаза тапқаны есіме түскенде мен де кешіре алмаспын» [1] – дейді.

Мұндай ұғым үйлестігі әр елде кездеседі. Өмірдегі қайшылықты жұрттың бәрі көреді. Кекетері жоқ болса, келемеж қайдан туады? Халықтың басынан кешкен тағдыр тарих бетіне түседі де бәріне сол куә болады. Тап қоғамы дүние жүзіне ортақ, ал мысал, мысқылдар соның айнасы. Өткен өмір ізі осы айнадан анық көрініп тұрады.

Ойымызды түйіп, түсіндіре түсу үшін тағы бір мысал келтірейік. «Филогелос» атты жинақта 263 анекдот жазылыпты. Соның бас кейіпкері Педант әкесіне айтады:

«Баяғыдан бері менің шешеммен бірге ұйықтайсыз, мен бір ауыз сөзге келіп, наразылық білдірмедім, ал мен сіздің шешеңізбен бір түнеді деп неге осынша тулап ашу шақырасыз» [2] – дейді.

Дәл осы әңгіме қазақ елінің әр өңірінде айтылып жүр. Әрбір қуақы сықаққойдың аузынан тарап кеткен. Осындай уақ-түйек нәрселерді әкелу үшін қазақтар сонау Грецияға барып қайтты деу ойға сияр ма екен?

Қысқарта айтқанда, мұндай ұқсас нәрселердің бәрі де әрбір елде өз бетінше туа беретін сияқты. Өмір бар жерде толғану

---

[1] «Кәлилә мен Димна» қазақшасы. Алматы, 1962 ж. 227-бет.
[2] Федр, Бабрий. Басни. Изд. АН СССР, М., 1962, стр.139.

бар. Бәрін түгел ауысу деп ұғып, аудармаға тели беру теріс тәрізді.

«Ақылды дұшпан артық, ахымақ достан» – «умный враг, лучше глупого друга» дейтін қазақ елінде мәтел бар, орыс халқында да айтылады, тіпті қай елде осы жоқ дейсіз? Мына мәтелді Хиджраның 412 жылы, христиан жыл санауы бойынша 1021 жылы Кей-Кабус айтқан екен: «С неразумным никогда не дружи, ибо неразумный друг из дружбы сделают то, чего сто разумных врагов из вражды не сделают» [1] /орысшаға аударған Е.Э.Бертельс/ – депті.

«XY ғасырда болған Персия тарихшысы Захираддиннің айтуынша Кей-Кабус /осы «Кабус-Нанэ» атты кітаптың авторы/ Хиджраның 460 жылы өлді» [2] – дейді, ал автордың өзі бұл кітапты Хиджраның 475 жылы, біздің жыл санауымызша 1082 жылы – алпыс жасында жаза бастаған екен» [3] – дегенді айтады Е.Э.Бертельс.

Ұсақ мысалдар, мақал-мәтелдер жәйлі жаза берсек сөз таусылмас еді, олар өте кең тараған ғой. Сөйтсе де енді бір мысал келтіре кетелік.

Мына Мадагаскар аралында мәлғаш деген ел бар, сол елде Махаки мен Кутуфеци атты қулар болған. Бір күні екеуі далада тамақ пісіреді. Әлгі дәмді бірінен-бірі қызғанады да: «ең әуелі төсекке жатып ұйықталық, қайсымыз жақсы түс көрсек, осы тағамды сол жейтін болсын» – деп уәделеседі. Бір мезгілде түрегеліп Кутуфеци түсін жорытады: «Мен түсімде ақ боз атқа мініп аспанға ұшыппын, неше алуан керемет қызықтарды көріп, сайран соғыппын», – дегенде Махаки оның сөзін бөліп: «Рас айтасың»

---

[1] «Кабус-Наме» 2-е изд. Изд-во Восточной литературы. М., 1958, стр.158 /Перевод, статья и примечания члена-корреспондента АН СССР Е.Э.Бертельса/.

[2] Б.А.Дорн /профессор – 1805-1881/. B.Dorn, «Schireddins, Jescichte von Taharistan, Bujan and Mazekderan» – St. Peterburg – 1856. /Каспий теңізінің түстік жағасын зерттеген Персия тарихшысы Захариддиннің көне жазуын жариялаған екен проф.Б.А.Дорн/.

[3] /«Кабус Наме»/ М., – 1958, 8-бетін қараңыз.

досым, мен түсімде ұшып бара жатқан сені көріп едім. Қызықтарға белшеңнен батып аспанда жүр екенсің, содан соң осы бір болмашы тамаққа бола қайта айналып келе қоймас дедім де жеп қойдым, ояна келсем өзің осында отыр екенсің» [1] – депті. Мұндай мысал Қазақстанның әр жерінде осы күнге дейін бар. Мадагаскар аралындағы мәлгештерді аты шулы саяхатшы Марко Поло болмаса, қазақтар түсінде де көрген жоқ.

Дүниенің төрт бұрышындағы елдердің өмірді тануы өз тұрмысына байланысты. Мадагаскар аралығындағы мәлгештер: «ешкіде жұмыртқа жоқ» десе, қазақтар: «жылқыда ет жоқ» дейді, ал орыс халқында дүниеде «ақ қарға жоқ» деседі екен. Осы толғаныстар түгел рас, бірақ мал баққан елдердің /қазақтар мен мәлгештер/ кейіпкерлері «малдар» болады да, аңшылық дәуірін басынан кешірген елде «құстар» әрекет жасайды. Ұғымның сол мезгілінде туғанына айғақ тәрізді/Ескерте кетелік: «Ақ-қарға» Россияда көзге түспеген, бірақ осы күнгі зоология ғалымдары басқа өңірде «Ақ қарғаның» бар екенін дәлелдеп жүр. Ендеше әр өңірдің ауа райына қарай туатын ұғымдар болса керек. Мысалы, қазақ елі – «цапляні» – «көк-құтан», «чижді» – «сарышымшық» деп атайды, ал басқа елдерде «Ақ-құтан» да, «Көк-шымшық» та бар көрінеді/.

Сөйтіп, ұқсас нәрселердің бәрі де сол әрбір елде, өз заманына сай туа бермек. Өмір бар жерде толғану бар. Ұқсастың бәрі аударма емес.

Х Х Х

I/ Ұзақ эпостардың шығуы, таралуы жөнінде бірер сөз.

Үстіміздегі дәуірден екі мың төрт жүз жыл бұрын «Қос өзенде» /Тигр мен Евфрат өзендерінің бойында/ Шумер елі, одан алты жүз жыл кейін Аккада халқы дәуірен сүріпті. Шумер тілі

[1] «Сказки Мадагаскара». Перевод с французского, предисловие и комментарии Ю.С.Родмон. Под редакцией Е.М.Мелетинского. Главная редакция восточной лит., М., 1965, стр.208.

түркі тектес, ал Аккада көне самит /жебірей/ тілінде сөйлептіміс – деген пікір де айтылған болатын, қазірде де айтылып жүр.

«Шумер елінің мәдениеті мен Мысыр /Египет/ мәдениеті қатар шыққан, бірақ бұлардың өзара байланысы жоқ» дегенді академик В.В.Струве ілгеріде-ақ айтқан екен, ал Шумерден алты жүз жыл кейін келіп қос өзен бойына Аккада елі орныққан, мына Ассирия мен Вавилония тілдері Аккада /Семит/ тілінің егіз тумасы» [1].

Шумер тілі үстіміздегі дәуірден екі мың екі жүз жыл бұрын өлген тіл, ал тарих бетіне одан кейін келген Аккада тілінде Шумерден қалған элементтердің бар екені мәлім.

«Шумер тілі осы күнгі жер бетіндегі тілдердің бәрінен де бөлек, тек қана жалғанылып өзгеруіне /агглютинативтік түріне/ қарағанда бұл тілдің құрылысы түркі тілдеріне ұқсайды» [2] – депті совет ғалымы Д.Г.Гедер.

Көне Шумер елінің ұғымында адам топырақтан жаратылады, өлсе тағы топыраққа айналады-мыс. Қазақ елінде де: «адам-ата топырақтан жаралған» – дейтін ұғым бар. Ол тілде күнді құдай деп ұққан және оның аты «Шамаш» екен, араб тіліндегі «Шәмсі» – күн – сөзінің осымен байланысы болуы мүмкін шығар-ау!

Шумерден шыққан Гильгамештің әкесі адам – Лугальбанда, шешесі құдай әйел – Нинсун екен, сонда да бұл /Гильгамеш/ толық «құдай» бола алмай өлуге тиіс сияқты, сондықтан ол өлімнен қашып құтылғысы келіпті де аспан-астын көп жыл кезіпті. Ақырында мәңгі өлмейтін бабасына – Утнапиштимге өлмеудің амалын сұрап барыпты-мыс, сонда: «Өлімнен қашып құтылам деуін бекер екен. Дүниеде мәңгі тұратын тиянақты еш нәрсе жоқ. Өзіңе белгілі,

---

[1] Д.Г.Редер. «Мифы и легенды древнего двуречья», Изд. «Наука», М., 1965, стр.10-11.

[2] Бұл да сонда.

біз неше алуан үйлер саламыз, есіктерін мықтап құлыптаймыз! Әкемізден қалған мал-мүлікті бөліп-бөліп аламыз, сөйтіп, тіршілігімізді мәңгілікке бейімдеп, қымтап алғандай боламыз. Бірақ, жылдар өткен сайын бәрі де көнеріп, өзгере бермек. Түпсіз терең дарияның суалғаны тәрізді, тіпті, біздің жүрегімізде лапылдап жанып тұрған, дұшпанды жек көрудің лаулаған оты да бірте-бірте сөне бастайды. Ұшы-қиыры жоқ еңбектің әлегімен адам шаршап ұйықтап кетеді, ал ұйқының өзі де өлім, оның үстіне, өлім дегенің де ұзақ ұйқы ғой, ендеше, осы сен де сол өлімнен қалай қашып құтылмақсың»[1]– депті Гильгамеш батырдың әзіз бабасы Утнапиштим.

Осы уақиғадан барып, шумер тілінде «Гильгамеш» /Венгер-Мадьяр тілінде «Гильгаміс» атанады. /С.Т./ атты қыса /эпос/ жырланған. Қысаның басты кейіпкері /геройы/ Гильгамеш өлімнен қашады, сонда да ажалдан құтыла алмай жүз жиырма алты жасында дүние салады. Міне, сондай қыса «кітаб-и дадам Қорқыт» оғыз, қазақ /түркі/ тілінде IX-ғасырда, яғни үш мың үш жүз жыл өткеннен кейін барып туады, ал XI ғасырда түстік Германия қысасы /эпосы/ «Фауст» пайда болады. Сол қысаны дастан /поэма/ етіп жазған Германияның үшінші ақыны Иоган-Вольфганг Гете еді[2].

Сонау баяғы заманда жарық көрген осы хикаялардың негізгі ойы біреу-ақ, бәрі де өлімнен ат-тонын ала қашады. Әрине, ажалдан қашу адамзаттың еншісіне тиген ортақ ұғым. Жан иесінің өлгісі келмейді, мұны ешкімнен үйренбейді, «қарызға» да алып пайдаланбаса керек.

---

[1] Д.Г.Редер. «Мифы и легенды древнего двуречья», М., 1965, стр.95-96 беттер.

[2] «Фауст» жырын Гетеден бұрын екі ақын жырлаған, соның бірі Клингер Фридрих /1752-1831/ неміс ақыны - Петербургте тұрып, генерал күйінде өлді, екіншісі Ленц Якоб Михаил Рейнгольд /1751-1792/ неміс ақыны. Москвада етікшінің үйінде кедейліктен жынданып өлді /И.С.Тургенев. Собр.соч.т.II. ГИХЛ, М., 1956, стр.21-22.

«Қайда барсаң Қорқыттың көрі» дейтін қазақ ауызында жүрген мәтел, баяғыда көні қурап қалған Гильгамеш эпосынан алынбаған тәрізді, бұл одан көп кейін туған – «Кітаб-и дадам Қорқыт» қой, жалпы түркі елдеріне ортақ уақиға. Академик В.В.Бартольдтың айтуынша: «Бұл көне түрік поэмасы «Кітаб-и Деде Коркут» қазақтың / «Киргиздің» дейді Бартольд – С.Т./ әулие Қорқұт деген поэмасымен байланысты, өйткені оның моласы Сыр-Дарияның төменгі жағында тұр, ол жер X ғасырда оғыз елінің астанасы болған екен» [1]. Орта ғасырдағы оғыз халқының тұқымы осы күнгі түрікмендерде де Қорқыт аңызының бар екенін В.В.Бартольдке А.Г.Туманский айтыпты. Қазақ сахарасында жүріп естіген қазақ ертегісін В.В.Вельяминов-Зернов жазыпты [2].

В.М.Жирмунский де Қорқыт жөніндегі қазақ ертегісімен оғыз эпосын салыстырып еңбек жариялаған болатын[3].

Академик В.В.Бартольд ойын қорыта келіп «Түрікмен мен қазақ ертегісінің түп негізі бір, бұл Қорқыт әңгімесі қазақтарға сол заманда Сыр-Дарияның төменгі жағын мекендеген елдерден ауысып барды» [4] – дегенді айтады.

Айта кететін енді бір жәйт бар, мысалы, «қазақша» «Батырлар жыры» деп аталатын эпостық поэмалар ерте заманнан бері халық арасында ірге тепкен, көбінің қай ғасырда пайда болғаны белгісіз, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, замандар бойы ауызша сақталынып ақыры біздің дәуірімізге жетіп отыр»[5].

---

[1] Академик В.В.Бартольд. Сочинения, т.5, стр.236-237.

[2] В.В.Вельяминов-Зернов. «Памятник в Башкирии», стр.283.

[3] В.М.Жирмунский. «Огузский героический эпос», стр.158-174.

[4] Академик В.В.Бартольд. Соч.т.5, стр.237.

[5] «Батырлар жыры», I том, ҚМКӘБ, Алматы, 1963, Қ.Жұмалиева пен М.Ғабдуллин жазған алғысөз – 5-бетін қараңыз.

Әрине, «Батырлар жыры» – /«Героические эпосы»/ ертектерден, ұсақ мысалдардан сан ғасыр бойы ауызша айтылып келе жатқан мақал-мәтелдерден көп кейіл туатын тәрізді. Бұлар әрбір халықтың, ұлттың, ұлыс-ұрудың өз алдына дербес отыруын тілеген кезеңде, шетелдік жаулардан қорғайтын батырларды – ерлерді көксеген дәуірде туатын қиялдардың жемісі сияқты. Кей кезде «Батырлар жырында» ұшырайтын, оқырманның ойына қона қоймайтын орасан қимылдар, өрескел жағдайлар болады, мысалы, Қобланды, Алпамыс, Тарғын, Қамбар тәрізді батырлар отқа салсаң күймейді, суға салсаң батпайды, атылған оқ өтпейді, қапыда өліп кетпейді, ұстасқан жауын жеңбей тынбайды. Солардың тілеуін тілеп үйде отырған адал арулары, нәзік сұлулары: қыз Құртқа, Гүлбаршын, Ақжүніс, Назым тәрізді аналар шетінен сәуегей, түп-түгел арманнан туған әйелдер кейпінде көрінеді. Бәрі де Одиссеяның сүйген жары Пенелопадан кем түспейді.

Мінген аттары да қиялдан туған Пегас – көңілден жүйрік көк-дөнен», бұлар аспанға ұшатын тұлпарлар – аттағанда Парнас пен Бұланай тауларын бұйым көрмейді. Қазіргі аэропландар да олардың жүрісіне шақ келе алмайтындай етіп жырлайды. Ол аттар- Батырлардың сенімді достары, қысылшаң жағдайда тіл бітіп, ақыл айтып, жөн сілтеп жүреді.

Мысалы, Қобыланды батырдың астына мінген Тайбурылын сурет-тегенде:

«Сонда Бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді.
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі...»

«Күдердің қара дөңінен
Бесінде өтті деңінен...
«Басы биік қарлы тау,
Хан жайлаған Қаратау,
Би жайлаған Алатау,
Онан да өтіп жол шекті-ау...»

«Аттың жолы қазылды,
Ұмтылғанда қысылып
Бес жүз құлаш жазылды...»

деп толғайды.

Осылай шауып Қобыланды қырық күншілік жерге /Қазанға/ бір күнде келеді. Келе сала апақ-сапақта Қызыл-бас /фарсы/ елінің Сырлы Қазанын жалғыз өзі шауып алады. Артынша ол Қазан батырды, Көбіктіні, Көгала атты Біршімбайды – бәрін де қырып-жояды. Сөйтіп, сыртқы жаудан құтылып қыпшақ елінде ынтымақ бірлік орнайды. Қобыланды мен Құртқадан Бөкенбай батыр туып, ол да Қызылбастың Шошай деген ерін өлтіреді. Ал, Көбіктінің қызы Қарлығадан Киікбай батыр туып, бұл да қыпшақ халқына тұтқа болады:

«Қарлығадан ұл туар,
Ұлының аты Киікбай...
Киікбай атқа мінгенде
Көп қыпшаққа күн туар,
Қызылбасқа түн туар...» [1]

дейді көне жырау.

[1] «Батырлар жыры», «Қобыланды батыр» ҚМКӘБ, І-том, Алматы, 1968 /21-22 бетте/. Кіріспе сөзді жазғандар филология ғылымдарының докторлары: Қ.Жұмалиев пен М.Ғабдуллин

«Қай елдің эпосы болсын, белгілі бір тарихи уақиғаның ізін баса туатынға ұқсайды және ол бір күннің, не бір жылдың ғана жемісі емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай ғасыр, талай тартыстардың нәтижесі... Қазақтың осы күнгі эпостарының бастылары, ерте замандағы патриархалдық-рулық құрылыс кезінде: Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Қоңырат, Керей замандарында, өз тәуелсіздіктерін сақтап қалу үшін күрескен адамдардың істерін ерлікке айналдырған тәрізді» [1] – дейді Қ.Жұмалиев пен М.Ғабдуллин. Әйтсе де, «Батырлар жырында» кездесетін жағдайлар, осылардың өздері тұсында болған уақиғаны жырлауы да мүмкін, ал кейбіреуінде бұрынғы өткен талас-тартыстарды қайта өңдеп беруі де ықтимал. Мұндай жәйттер ауыз әдебиетінде бола береді.

«Н.А.Добролюбов орыс эпостарымен байланысты анахронизм туралы: «орыстың геррикалық /батырлық/ эпостары ерте заманда, көп құдайға табынып жүрген кезде-ақ туған. Бертін келе олар ұмтыла бастаған. Бірақ орыс жеріне татар басқыншыларының шабуыл жасаған кезінде халық ертедегі батырлық жырларын, ерлік салтын еске ала отырып, сол жырларды қайтадан жөндеген. Ертедегі жырларды жаңаша жырлаған, оған соңғы кездегі уақиғаларды қосқан. Сөйтіп, осы негізде батырлық жырлар шығарған, бұл жырларда ертедегі және соңғы кезде болған уақиғалар араласып кетіп те отырады» [2], – дейді.

«Батырлар жырының» бәрінде де ел тілегі жатады. Мысалы, «Қобыланды», «Қамбар», «Алпамыс», «Ер Тарғын» жырларының

[1] «Батырлар жыры», I том, Алматы, 1963, 7-бет.

[2] Бұл да сонда.

түпкі ойы өз Отанын басқа елдердің шабуылынан қорғау болады... Қандай қиыншылықты болсын батырлар жеңіп шығады. Оларды алмақ болған сыртқы жаулар да, аяғынан шалмақ болған ішкі пасық дұшпандар да апатқа ұшырайды...».

YII ғасырға дейінгі құба құмның ара-арасында бытырып жүрген, ру-руға бөлініп, өзара қидаласқан араб елінің басы қосылды да халифалық орнады. Енді арабтар өзімен көрші отырған Иран /фарсы/ елімен жауласты. Талай-талай үргін-сүргін соғыстар жүрді. Осы кезде арабтар әзрет-Алыны батыр етіп жырлады. Оған құдайдың өзі астына мінетін «Дүлдүл» деген атты, «Зұлфықар» [1] деген қылышты аспаннан тастапты-мыс. Әзірет-Алының бойы қырық кез, көлденеңі тағы қырық кез екен, қолындағы қылышы «Зұлфықар» жауына сілтегенде 200 кез ұзарады екен деп мадақтайды.

«Зарқұм», «Дариға қыз», «Кербаланың шөлі» атты жырларды оқып отырғанда көңілге симайтын неше алуан теңеулер ұшырайды, бәрінде де арабтан шыққан батырлар қырып-жойып жүреді. Жердің астында да, үстінде де ешкімге бой бермейді.

«Древние народы переживали свою предысторию в воображении мифологии» [2] деп адамзаттың данышпандары К.Маркс пен Ф.Энгельс айтқан болатын.

Грек ақыны Гомер жазған «Илиада» мен «Одиссея» жырлары, үнді елінің «Махабхаратасы» тағы басқалар, бәрі де жазушылардың қиял-арманынан туған, елдікті-бірлікті көксеген өскелең дәуірде ежелгі ауыз әдебиеті-ертектерден, мақал-мәтелдерден, мысалдардан кейінірек пайда болған дүниелер.

---

[1] «Зұлфықар» – жұлын тұтаны бөліп түсетін» қылыш, мұны Әзірет-Алыға /қызының күйеуіне/ Мұхаммет өзі сыйлаған. Бұл қылышты Мұхаммет Бедр деген жерде болған соғыста кәпір араб Аса-ибн Мунаббихадан тартып алған екен» – Сағди / «Гүлстан» М., 1957, 300-бет. «Дүлдүл-Эпиофия» патшасы сыйлаған ат еді, оны да Мұхаммет күйеу баласы Галиге берген екен.

[2] К.Маркс пен Ф.Энгельс. Coz.т.I, стр.419 /Д.Г.Редер. «Мифы и легенды древнего двуречья», стр.13/.

Индияда екі үлкен поэма бар, соның бірі «Рамаяна», екіншісі «Махабхарата». Эпикалық поэма «Рамаяна» туралы 1844 жылы француз тарихшысы Мишле жазған екен: «Тот, кто слишком много действовал или желал, пусть припадет и пьет из этой глубокой» чаши жизни и молодости... На Западе все мелко. Греция мала, и я задыхаюсь: Иудея суха, и я изнываю. Дайте мне бросить взгляд на величественную Азию и мудрый Восток. Там находится моя великая поэма /«Рамаянаны» айтып отыр. – С.Т./ столь же обширная, как Индийский океан, благословенная, позлашенная солнцем – книга божественной гармонии, в которой нет диссонансов. Там царит безмятежный мир и, в разгар конфликта, бесконечное благодушие, безграничное братство, которое охватывает все живое, там океан /бездонный и беспредельный/ любви, сострадания, милосердия» – депті.

Француз тарихшысы Мишленің осы сөзін келтіреді де әрі қарай Джавахарлал Неру: «Рамаяна» күллі халық сүйетін эпикалық ұлы поэма болса да, мына «Махабхарата» одан әлде қайда артық, ол – дүние жүзіндегі ұлы кітаптардың бірі... Мөлшерлеп айтқанда «Махабхаратада» суреттелген ұлы соғыс біздің жыл санауымыздан 19 ғасыр /бір мың тоғыз жүз жыл/ бұрын болған екен» [1], дейді Неру.

Ал, халқымыздың ірі ғалымы Шоқан Уәлиханов қазақ эпостарының жасалу мезгілін XIY-XYI ғасыр, «Алтынорда» дәуірімен байланыстырады.

«Қазақ, қырғыз, өзбек, ноғайлы ауыз әдебиеттерінің бір түрі батырлар туралы жырлар. Бұл жырларың көбі «Алтынорда»

[1] Джавахарлал Неру. «Открытие Индии». Изд-во иностранной лит-ры, М., 1955, стр.108-110. /Бұл кітапты ағылшын тілінен орысшаға: В.В.Исакович, Д.Э.Кунина, Н.С.Кливанская, В.Н.Поповтар аударған екен/.

дәуірінде болған тарихи адамдар туралы. Соған қарағанда бұл жырлар XIY ғасырдың ақырында, XY-XYI ғасырларда жасалған сияқты» [1] – дейді Шоқан Уәлиханов.

Әрине, ғалымның бұл пікірі біраз эпостарға дәл келсе де, мына «Қобыланды»[2], «Алпамыс» [3] атты жырларға жақын болмаса керек. Өйткені Қызылбас елінен шыққан батырлар – Көбікті, Қазан, Біршімбай, Шошайлар, біздің ойымызша сонау Соғдиян заманын мегзейтіндей. Ал, Согдияндардың /ирандықтардың/ Орта Азияға келіп мемлекет құруы, сол мемлекеттің құрамында: қаңлы, үйсін, қыпшақ руларының болуы осы күнгі жыл санауымыздан әлдеқайда бұрын. Оның үстіне Орта Азияға келіп Согдияндар Мараканд қаласын орталық етіп, Зарафшан өлкесінде мемлекет құрып тұрған, бері келе түрік қағанатына да кірген. Осындай аударыспақ дәуірде алыспай, шабыспай бейбітшілікпен билігін орната қоюы көңілге қонбаса керек-ті. Ендеше, бұл «Қобыланды батыр» жыры сол кездің жемісі, сол кездің талас-тартысын жырлаған сияқты; оның үстіне кейінгі уақиғалардың жамалып-жасақталуы да мүмкін.

«Батырлар жырында» кездесетін кісі аттарының аталуы – ономастикалық тарихи айғақ емес тәрізді. Қобыландының баласы батыр Бөкенбай мен Қанжығалы Бөгембай батырдың үш қайнаса сорпасы қосылмайды, алайда аттары ұқсас екені даусыз.

«1726 жылы Сарысудың батыс беті, Бұланты өзенінің бойында Қанжығалы Бөгенбай батыр бастаған қазақ қолы қалмақтарға [4] қарсы соғыс ашып, үлкен жеңіске ие болғаны [5] мәлім.

---

[1] «Батырлар жыры», I том, 8-бетін қараңыз.

[2] Қобыланды ең әуелі Ноғайлы жыры, бұл жыр Қырымда, Қарашайда, Құмықтарда да айтылады.

[3] Алпамыс – /Алпамыш/ – оғыз, қыпшақ жыры, Алып-Мамыштан қысқартылған екен деседі.

[4] Қалмақ пен Қызылбас деген сөздер осы жырларда бір мағынада қолданылады /С.Т./.

[5] «Батырлар жыры», 9-бетте.

Ендеше, екі заманда болған екі батырдың аты ұқсас болуы – екеуін бір кісі деп ұғуға тиянақты дәлел бола алмаса керек-ті.

Оның үстіне, Қобыланды жырында: кейде Баба түкті шашы әзіз, кейде ғайып Ерем [1], қырық Шілтендер [2] қатысады. Заты, бұлар ертедегі көп құдайға, берідегі ислам дініне қатар нанудың салдары болуы ықтимал. Айта кетелікші, қазақ еліне ешбір дін баянды орын теппегендей: мұнда отқа табыну дінінен де, тәңріге /аспанға/ табынудан да, ислам дінінен де қалған элементтер бар екені байқалады.

Қазақтың көне ауыз әдебиетінде дүниежүзілік туындылардың да нұсқалары ұшырайды. Мысалы, Іскендер Зұлқарнайын заманында болған Шығыс елінің қыздары – Амазонкалар, біздің жырлардағы Қарлыға, Нарқыз атты әйел бейнелері бірінен бірі алыс емес тәрізді. Неміс ертегісі «Нибилунгидегі» Кремхильда мен Скандинавияда туған «Аға Эдда» жырында ұшырайтын Гудрундер – бәрі де бірін-бірі толықтыратын әйелден шыққан – батыр бейнелер.

/Бұлардың қайсысы бұрын, қайсысы кейін екенін, сонсоң қайсысы қай дәуірде, қай ортада туғанын біз, әрине, кейінірек айтпақпыз. Бұл арада тек сырттай ұқсастықтарына, жыраулардың суреттеу тәсіліне ғана тоқтала кеттік – С.Т./.

Қазақ халқының осындай үлкен байлығын – ауыз әдебиетін мұқият жинап, Совет дәуіріндегі бізге әкеп ұмыттырмай тапсырып кеткен орыс ғалымдарына алғыс айтуымыз қажет, олар: Н.Г.Потанин, В.В.Радлов, А.Диваев, А.В.Васильев тағы басқалар еді.

Ендеше, бір елден екінші елге ауысу мәселесін зерттегенде, сыртқы ұқсастық еш нәрсеге бекеуіл емес, тұрақты тиянақ бола

---

[1] Ерем – қыздың аты. Сол сұлу қызға арналып Иранда аспалы бақша салынған. Оны Ерем бағы кейде «Иран бақ» деп қателесіп те қолданады. /С.Т./.

[2] «Қырық Шілтен» – Чіһіл-қырық – тән-дос/ – қырық дос.

бола алмаса керек. Өйткені ұқсастықтардың бәрі белгілі бір жерден шығып тарамайды. Әр дәуірде әр елде өзінше дербес туатын сияқты. Заты, осы кезеңде заман ұқсастығын ескерген жөн болар. Мысалы, ескі патриархалдық-рушылдық заманы, сонсоң феодализм сияқты саяси-экономикалық замандар өз жемісін егеді. Мұндай заманаларды біреу ерте, біреу кеш басынан өткізгені мәлім.

Мысалы, осы күнгі ғалымымыз М.И.Стеблин-Каменский көне Скандинавияның «Аға Эдда» [1] / «Старшая Эдда»/ атты қысасын Германия жұртының «Нибелунги» деген қысасымен салыстырады. Сонда айтады: «Аға Эдда» гунның қолбасшысы Атилла /скандинавия тілінде Атил болып жазылған екен–С.Т./. Гудрун тәрізді өз әйелінің екі ағасын – Гуннара мен Хегниді өлтіреді, осы ағаларының кегін қайтару үшін Гудрун өз күйеуін – Атиланы өлтіріпті. Ал, «Нибелунгиде» Кремхильда өзінің екі ағасын құрбандыққа шалады, өйткені олар мұның күйеуі Зигфридті өлтірсе керек. «Олай болса, – дейді Стеблин Каменский, – «Аға Эдда» мына «Нибелунгиден» бұрын шыққан, өйткені екі ағасы үшін күйеуін өлтіру ру дәуірінің қағидасы, ал күйеуі /Зигфрид/ үшін ағаларын өлтіру феодализм заманының ережесі, мұнда туысқаннан күйеу ыстық. Сондықтан «Нибелунги» кейінірек пайда болған екен» [2], – деп түйеді. Біз де осы пікірге қосыламыз, әрбір шығармаға әр заман өз таңбасын баспай қоймайды. Адамды дәуір билейді [3].

[1] «Старшая Эдда» древне-исландские песни о богах и героях.

[2] «Старшая Эдда» древне-исландские песни о богах и героях. Перевод А.И.Корсуна. Редакция, вступительная статья и комментарии М.И.Стеблин-Каменского. Изд-во АН СССР, М., 1963, стр.246 /«Нибелунги» – X-XI ғасырдың жыры/.

[3] «Аға Эдда» IУ ғасырда туған ежелгі Гун елінің жыры. Сюжетінің көп жыры, Атілдің /Атилланың/ түс көруі, оның қолынан сұңқарының ұшып кетуі «Манас» жырына өте ұқсас /С.Т./.

Қазақ тілінде айтылып жүрген талай мақал-мәтелдер, нақыл сөздер бар. Мысалы, «Атасы басқа аттан түс», «Түбі бірге түтпейді, айғыры бірге кетпейді», тағысын тағылар айтылады. Зерттеп отырсақ, соның көбі мәдениеті марқа елдердің де аузында жүр, алайда қазір оларда ру дәуірі мүлде жоқ. Оның үстіне, ежелгі мысыр, грек, латын елдерінен осы тәрізді әңгімелерді қазақ халқы алды, немесе керісінше, олар қазақтан алып пайдаланды деуге ауыз бармайды.

Өмір шындығы жұрттың бәріне бірдей... «Аспан астында жаңалық жоқ» деу, «Баяғы жартас бір жартас» деулердің ойы ұқсас болса да аударма емес-ау, сірә!

Өмір көрінісін ұғыну да әр халықта бар, бірінен бірі үлгі алуы да ежелден келе жатқан қағида. Бірақ, грек еліндегі Гомер поэмалары: «Илиада» мен «Одиссея», үнді жұртының «Махабхаратасы», скандинавияның «Аға Эддасы», финнің «Колеваласы», осетиннің «Нарты» эпосы, қазақ халқының «Ер Төстіктей» ертегілері, «Қобыланды», «Алпамыстай» батырлар жыры, қырғыздың «Манас» пен «Семетей» жырлары бәрі де өз заманында халық қиялынан туған шығармалар. Кейбір толғауларының сырттай ұқсастығы бола тұрса да, бұлардың арасында ауыс-түйіс жоққа тән.

Гомер поэмасында Одиссея жалғыз көзді жалмауыз – циклоптың үңгіріне кіреді. Құтыла алмасын біліп айла жасайды, қойдың терісін жамылып қашып шығады. Дәл осындай қазақ халқының «Сармерген» /немесе «Сұр мерген»/ атты ертегісінде де басты кейіпкер жолдастарымен бірге жалғыз көзді дәудің үңгіріне кіреді. Содан қойдың терісін жамылып құтылады. Байқап отырсаңыз заманы ғана басқа, ішкі мазмұны бірдей, тек қана атаулары бөлек: Грекше: «циклоп», қазақша «дәу», бұлардың ұқсастығы

да бар: екеуінің де көзі жалғыз, екеуі де жалмауыз. Біздің жыл санауымыздан мың жыл бұрынғы Гомер заманындағы грек елімен қазақтың қоныстас болуы неғайбіл: егер бұл көшпелі тақырып десек, түркі елдеріне сол кездерде тараған болса, онда өзбек, түрікменнің ауыз әдебиетінде де «Сармерген» ертегісі толғанар еді ғой. Мұндай деректі әзірге таба алмадық, тегі оларда басқаша аталған болар.

Халықаралық байланысты зерттегенде осы сияқты ұқсастықтың кездесуі талай ойға түрткі болады. Әрине, соларды сұрыптау жөн. Әрбір ұғым, кейбір ой қай елде қай дәуірде шыққан, сонсоң ол қандай жолдар арқылы көшіп келген, міне осы жағын қадағалау қажет.

Ескертуімізді қысқаша аяқтап, енді мақсатты пікірімізге көшелік.

Біз қазақ халқының бірнеше ғасыр бойы рухани өсу, өркендеу сатысында болған ауыс-түйіс мәселесін зерттемекпіз. Ең әуелі классикалық ежелгі Шығыс мәдениетінің әдеби әсерін Мысыр /Египет/, грек-рим елдерінен жазба нұсқалар арқылы ауысқан элементтерді шола отырып, фарсы, монғол, араб елдерінің, солар арқылы тараған талай дүниелерді де қарастырмақпыз.

Тағы айта кетелік, ауысудың өзі екі түрлі, соның бірі – ауызша ауысу – бұл жақын қарым-қатыста, көршілер арасында болады, ал екінші жазба-кітап арқылы жайылады, бұған айшылық алыстық да кедергі жасай алмайды.

Қазақ халқының тілі, әдебиеті, мәдениеті дамып, қалыптасуында аударманың да күрделі мәні бар екені зерттеледі.

Ең соңғы тарауда ұлы орыс халқының мәдениетінен қандай нәр алғанымыз толық айтылады да, алғашқы ықпалдардың бәрі ығысып соны сапарға беттеуіміз тиянақталады. Осы пікірімізді қазақ халқының ірі тұлғалары қашан және қалай айтқандарын келтіріп, соларға сүйене отырып дәлелдемекпіз.

Бірінші тарау.

І. Қазақ халқының басқа көрші елдермен жасасқан әдеби қарым-қатысы.

1) Қазақ әдебиетінің Иран әдебиетімен байланысы.

Қазақтың көне ауыз әдебиетіне шетел әдебиетінің, әсіресе Иран тілінде жазылған әдебиеттің әсері мол тәрізді. Мысалы, қазақ еліне көп жайылған ертегілер, қысалар толып жатыр. Тіпті көлемді-көлемді батырлар жырларын ақтарып көрсек те неше алуан ескі ұғымдар, неше түрлі теңеулер айтылады: «Шахмаран», «Сал-сал», «Зарқұм», «Қараман-Қатыран» [1], «Иран-Ғайып» қысалары шетелде болған оқиғаларды баяндаса, ал мына беріде жарияланған «Қобланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс» тәрізді өзіміздің төл дүниеміз– батырлар жырлары да бөгде елдердің санқилы қимыл әрекеттерін шертеді. Әрине, бұлардың бәрі де өздерінен бұрын болған көз жеткісіз көне заманды жырлай отырып, өз дәуіріндегі жағдайларды да қамтып, жамап-жасқап кеңейтіп береді. Сондықтан да бүгінгі зерттеушілерге бұл жәйт өте ауыр тиеді.

Бұларда айтылатын діни көзқарастар мұсылман дінінен бұрын екені анық байқалады. Табиғаттың жойқын күшіне табынған балаң дәуір, соның тақсіретінен құтылудың амалын іздегендік сезіледі. Біздің болжауымызша ескі зороастризм діні, шамандық сенім /тәңірге-аспанға табыну кезеңі/ – бәрі астасып отырады. Кейініректе жазып шығарған авторлардың қосымшасы-мұсылмандық ұғымдар да сыналанып қосақтала береді. [2]

---

[1] Қараман-Қаһарман деген сөз /с.т./

[2] Шоқан Уәлиханов. т.І. Изд. АН.Каз.ССР, Алматы 1961. стр.469-493.

Қазақ елінің «Ер Төстіктей» ертегісі ауыздан ауызға көшіп сонау атам-заманнан келе жатыр, ал соғдиян жұртының әсері арқылы бізге тараған– кейінірікте қыса болып шыққан «Шахмарандағы» жер астында жылан патшалығында кездесетін ғажайып тамашалар – бәрі де «Ер-Төстікте» айтылады. Қай ғасырда пайда болғанын тап басып, дәл айту қиын, алайда ауыз әдебиеті-ертегі – «Ер Төстік» – мұсылман діні тараған дәуірден әлде-қайда бұрын өте ерте күннің еркесі сияқтанады. Ер-Төстіктің алмайтын қамалы, жеңбейтін жауы жоқ, ол – Кенжекейдей сәуегей дана әйелдің жары. Шал-Құйрықтай тұлпардың иесі; ол-аспанға қарап, жаббар аллаға жалынып, жалғыз құдайға сиынып, бәрі де бір хақтың жазған ісі деп, Кәләм Шәриртің /«әулие сөздің» – «құранның»/ – пайғамбардың /«хабаршының»/ күші деп, қол қусырып отырмайды. Бәрі өз қолында, тек өзіне ғана сенеді. Ер-Төстіктің – Тау соғары да, Жел аяғы да, көл жұтқышы да, қиырдан еститін тыңшысы да, қысылшаң жағдай туа қалса, темір сарайды быт-шыт етіп бұзып шығатын, тіл бітіп ақыл беретін, айшылықты алты басатын тұлпары да бәрі-бәрі де өз қасында. Бұл ертегі ертеде өткен Алп-тегінді /«Афрасиябты»/ еске түсіреді. Бүкіл Иранды ұзақ жыл ойрандап, Тұранға тұяғын тигізіп, қадам бастырмай қойған Алып-тегін ел есінде қалса керек-ті. Алып-тегін – Афрасияб туран елінің ертегі ханы, мұны «Шах-намеде» Фирдоуси жырлаған-ды.

Ауыз әдебиеті ертегілерден, мақал-мәтелдерден кейін шыққан батырлар жырын оқып отырсақ – мұнда да неше түрлі жәйттердің, қилы-қилы замандардың іздері көрінеді. Мысалы, «Қобланды батырда»:

«Қызылбастың елінен
Қазан деген ер шықты.
Жөн білмеген шер шықты...» [1]

[1] «Қобыланды батыр». 38 бет.

дейтін жолдар ұшырайды, осындағы «Қазан» – Қызылбастың /иранның Ғазан ханы, /Шыңғыстың келген кезінде С.Т./ол 1297 жылдары Кавказ еліне шабуын жасаған хан, бұған қарсы күресушілердің қатарында қыпшақтар болып, асқан ерліктер көрсеткенін грузия тарихшылары атап көрсетеді» – дейді Қажым Жұмалиев пен Мәлік Ғабдуллин. Осында айтатын «шер» деген сөз фарсыша – «арыстан» мәнінде. Қазақта – Ғали шер, Ғали-арыстан қатар айтылады. Ал, қазіргі Шерғали, Серғали, Шермұқамбет, Шәрбияз т.т. – осының бәрінде де «шер-сер» арыстан мәнінде [1].

Енді бір жерінде:

«Бәдік пенен той басқа,
Ешкі менен қой басқа...»

деген айтылады, осындағы бірінші жолдың мағынасы: жаманшылық пен жақсылық – екеуі екі басқа деп тұр, ал «бәд» – фарсыда «жаман» мәнінде. Осы күні де қазақта «бәдік жігіт» – оңбаған, ақымақ жігіт деген ұғым бар. Кей кезде той-домалақ үстінде «бәдік» өлеңде екі қалжың өлең айтылады. [2]

Әрі қарай: Әпзам-зәмнің суындай... »
«Қаузы, қаусарсуындай... »
«Асфаһанның жеуһәрі... »
Қойхаптың тауы, тасы да... » –

дейтін теңеулер ұшырайды. Осындағы –әп /фарс.аб – су; зәм-зәм–таму /судың там-там /тамшы; /кейбіреулер зәм-зәм–«тоқта-тоқта» деген сөз деп қарайды. Мекедегі құдықтың аты– зәм-зәм; хауыз-хаузы қара су, бұл фарсы тілінде де, өзбек тілінде де айтылады. Каусар-кеусер арабта-таусылмайтын көп-орыста– «обильный»

---

[1] «Батырлар жыры», I том, ҚМКӘБ. Алматы –1963, 8 бетте.

[2] Бәдік – қазақтың ескі әдет-құрпында ауырған малды емдеу, малдың ауыруының «иесін» алдау, арбау, қуу үшін айтылатын салт өлеңі. «Бәдік» кейінгі кезде ойын-сауықта қалжың, күлкі үшін де айтылып жүр. /«Батырлар жыры», 45-бетте/

/Бір кезде «Бәдік» – «биік» мәнінде халық табынатын құдайлардың бірі болғаны да айтылады. /С.Т./.

дегенге келеді. Бұл кеусер ұжмақтағы өзеннің суы, орыста «Воды Лета» болады.

Асфаһан – Испаған шәһәрі; жәуһәр-гауһар тас – бриллиант, ендеше Испаған қаласының гауһар тасы ғой.

«Зерлі /фарсыша-зер-алтын/; – алтынмен апталған кілем, Самарқан шәһәрінің қасынан ағатын өзен-зәрәшфан – Зерафшан – фарсыша: – алтынды атқылап /лақтырып-құсып/ жатқан өзен мәнінде. /фарс–зәр – алтын, афшанден – атқылау, лақтыру/.

«Қойқап тауы» – фарсыша – «Куһи каф» – Кап тауы, [1] сонда біздің автор «Қойқаптың» фарсыша екі сөз екенін ұғына алмаған тәрізді.

Оның үстіне бұрынғы авторларда айтылған нәрсені кейінгілер тағы қайталайтыны даусыз. Мысалы, совет дәуірінде болған зор ақынымыз Ілияс Жансүгіровтың «Күй» деген поэмасында:

«Бақсы ойнап күңірентсе де қобыз үнін,
Қойқаптан қозғаса да Қорқыт жырын,
Боз інген боталамай болды бедеу,
Шашты ашпай қуламақшы «қырық бірін» [2]

деген жолдардағы «Қойқап» та «Куһи каф» – «Кап тауы» мәнінде айтылған болу керек.

Әрине, «Алпамыс» жырын жазған автор «Қойқаптың тауы» дегенде «Кап тауының тауы» болып шыққан, ал Ілияс ақын бұл екі сөздің мағынасын дәл ұққандай.

Осы жырларда ұшырайтын сан алуан жеке-жеке сөздер бар, неше түрлі дін ұғымының да іздері байқалады. Мысалы:

«Жарылқаушы құдірет,
Қызылбас басқа, біз үмбет».

дегенде «біз Мұхамметтің үмбетіміз, құдайдың өз жолындамыз,

[1] «Куһи каф». Кавказ тауы болар, ертедегі Иран әдебиетінде біздің «Шыңғыс тау» – Найман тауы – Найман Куһ атанған екен /С.Т./

[2] Ілияс Жансүгіров. «Шығармалар». КМҚӘБ, Алматы – 1958, 324 бет.

ал қызылбастар бөтен, олар «кәпір» деп тұр. Ілгергі кезде Иран мен араб елі көп жауласқан, ақырында ирандықтар мұсылман дінін күшпен қабылдағанын мегзеп тұр. Бұл екі ел көп уақыт шайқасып, тек 8 ғасырда ғана бас қосып, Бағдатта араб-фарсы мемлекеті құрылғанын сөз етіп тұр. Иранда бұрын орын теуіп келген Ahypa Маздах атты құдайдың діні әлсіреп, ісләм дінінің күшейгенін баяндайтын тәрізді. Ескере кетелік, X-XI ғасырларда Ираннан көрі Орта Азияда мұсылман діні күшті болған екен. Тіпті ирандықтар ісләм дінін «Бухара-и Шәріфтен» алып бойына сіңіргендей.

Кейде мынадай түсініксіз сөйлем келеді:

«Лалайлама лух» деп

Бәлем қалмақ сұлады» /Алпамыс/.

дейді. Осы «лалайлама лух» деу тибет дінінің сілемі сияқты. Көне Тибеттің патшасы – Құдайдың сүйген құлы – «Далайлама» атанған, бұл бесіктегі баланың патша сайлануы, оның тәрбиешісі /«орынбасары» «Дашы лама» болатын. Осы жерде Алпамыс батыр аттан құлатқан «қалмақ» өз патшасына – «Далайламаға» сиынып жатса керек-ті.

Заты, қазақ халқының батырлары бір беткей емес, жан жағынан жау қамағанда әрбіреуі әр тұсқа шапқан тәрізді. Мысалы, Қобыланды батысқа бет алып, ирандықтармен соғысса, Алпамыс Шығыс жақты күйретіп жатқандай. Авторлары өз ойларынан шығарса да, елін жаудан қорғаушы бағыттарын баяндағандай, «Ер-Тарғынның» беталысы бұлардан тағы бөлек тұрады.

Бұл батырлардың бәрі де өз ұлысын, мекенін жақындағы жаулардан қорғайды. Сондықтан Қара қыпшақ Қобыланды батыстан келе жатқан қызылбастарға-ирандықтарға қарсы шабады. Өйткені қалың қыпшақ ол кезде Сыр-Дарияның сол жиегінде тұрса керек, ал қоңырат ұлысы Сырдың шығысын жайлайды да мына Алпамыс батыр шығыс жағынан төнген Қытай еліне бет қояды. Қамбар батыр түбі ноғайлы болса да Арғын руының намысын жыртады. Бұдан бұрын да,

тіпті біздің жыл санауымыздан ілгері кезде де түркі тектес елдер басын қосып қытайға қарсы шыға алмапты. Оның орнына өзді-өзі жағаласып бытшыт болыпты. Қаңлы ұлысына Үйсін қарсы шыққан. Үйсін-Гун халқына қарсы аттанған. Қоқандықтар мына Хивалықтармен жауласып жүрген, бұлардың арасына іріткі салған Қытай елшісі Чжан-Кянь екен. [1]

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында.

«Ертіс басы қара дін жерге кетті,
Бейне теңіз дейтұғын көлге кетті» /179 б/.

деген жолдардағы «Ертіс басы қара дін жерге кетті» деуі Аягөзден Шығысқа қарай беттеуі тәрізді, мына бейне теңіз дейтұғын көлі – Байкал болмас па? Ал, Доржи Банзаров жазған «Черная вера» – «Қара дін» – дейтін «шаманизм» атты монғол-бурят діндес елге барғанын нұсқап тұр ма қалай, немесе сол мезгілде қара-тастан салған дөңгелек үйлер болған, соларды «Қара дің» деп атаған, бұл YIII-ғасырда түркі елдерінде «дің, діңгек» болып атанған дегенді академик Әлкей Марғұлан айтады. Қайсысы болса да осы батырдың сонау монғол-бурят елдеріне, күншығысқа баруы айқын.

Ескерте кетелік, бұл батырлардың ең үлкені Алпамыс /Алып-Мамыш/, ол түркі-оғыз заманы; екіншісі Уақ руынан шыққан Ер-Көкше Ер Қосайдың әкесі – Қамбар батыр, мына қырғыз елінің Манас батырымен замандас болса керек-ті. Үшіншісі Қобыланды-ноғайлы жыры, қазақ халқының да өз мүлкі.

Бір кезде көне түркі тілінде жазылған «Сайқал» атты кітап болатын. Мұны кітаби Сайқали /ظيب ج ل/деп айтатын. Кейде «Вафотнамаи пайғамбар» /Пайғамбардың өлімі жөніндегі уақиға/ десетін. Мұны тәжік тілінде молда Хусейн Воиз әл Кашифи жазған, тәжік тілінен өзбек тіліне 1211 /1796/1796-1211 – 585 жылы

[1] Никита Яковлевич Бичурин /«Иакинф»/ «Собрание сведений о народах обитавших в Сред.Азии в древние времена». Из-во АНСССР.М.-Л. 1950, том II, стр.148-156.

Сайқали аударған екен. [1] Сол Сайқалдың бір тарауы «Кербаланың шөлі» еді. Бұл «Кербала» Ирандағы Хорасан өлкесі, сол кезеңде бұл Хорасан өлкесін Әбу Мүслім билеген-ді. Уақиғаның басы – Көпе /Куфа/ шәһәрінде екі баласымен Әбә Мүсілімнің өлімінен қозғалады. Олардың өлімін жоқтап Мекеден 75 кісі ертіп Құсайын шығады. /Касен-Құсайын Мұхаметтің туған қызы – Бибі – Фатима мен Әзірет-Алының балалары/.

Бұлар келіп бір көлдің басында Жәзит /орысша Иездигерд/ әскерімен соғысады. Әскер басшысы Омар Сағит көлді қоршап алып, бұларға су бермейді, сондықтан сусынсыз қаңырығы түтеп 75 кісі шәйт болады-мыс /қырылады/.

Осы хабарды естіп Әзірет-Алының екінші әйелінен туған Мұғаммет-Әнепия Испаған шәһәрінен қалың қол ертіп келеді, өзі Испағанның патшасы екен. Сонда Жәзит әскерінің басшысы Омар Сағит кездескенде Мұхаммет Әнепия оған өзін таныстырып айтқан сөзі мынау:

...Мұхаммет бу Ханифа білсең атым
Жәһән – хайуанға мағлұм сыфатым –

депті-мыс. Сайқалдың көп сөздері бүгінгі қазақ жастарына түсініксіз де болар, бірақ онда айтылатын уақиғаның ұзын-ырғасы дұрыс Құсайын мен Мұхаммет Әнәпия Әзірет-Алының балалары, фарсы елін Мұхаммет дініне кіргізген Әзірет-Алы әулеті екені даусыз шыңдық. Сондықтан да фарсы елінін басым көпшілігі Әзірет-Алыға табынады. Соны пайғамбар көреді. Бұларды шиға /шеит/ қауымындағылар деп атайды. Бұл кітап тарихи уақиғаға құрылған хикая. Бұрын арабта дәурен сүрген

[1] Джуманияз Шарипов «Из истории перевода в Узбекистане» /дореволюционный период/. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филолог наук. Ташкент – 1968, стр.31.

Үммия әулеті құрып, фарсында Сасани патшалығы құлап, /араб пен фарсы екі жүз жылдай қидаласа келіп, ақырында 8 ғасыр/ Бағдатта екі елдің бас қосуына, фарсының араб дінін қабылдауына мұрындық болған алғашқы соғысты айтады, оны «Сайқалда» «Кербаланың шөлі» деп атайды.

Осы көне жырларда фарсы – араб сөздері көп кездеседі, алайда көпшілігін жіктеп-желіктеп танып алу да оңай емес. Өйткені, мұсылман дінін қабылдаған түркі елдері оның алфавитін де қабылдады. Бірақ қазақ тілінің өз заңына бағындырды мысалы, арабта төрт «–зе» дыбысы болса/ ز -зе, ذ -зал, ض -зат, ظ -ызғы /бізде олар бір-ақ ز - /зе/ болып белгіленеді; арабта ث /си/ س /сың/ ص /сат/ тәрізді үш дыбыс болса, бізде бір таңба س /сын/ алынды. Арабта – екі «г» – ع /айн/, غ ғ/ғайн/ бар, олар бізде біреу, ал қазақтың төл сөздері бұлардан басталмайды, [1] мысалы, ғаскер–әскер, ғаділ–әділ; ғадат–әдет; ғибрат–ибрат –Ғұсман–Оспан, Коспан; Ғанибет – фарс. – олжа /бізде – қанибет, – ізгілік жақсылық. Ғафыл – /фарсы. жеңілтек/ – бізде қапыл қалма–аңдаусыз қалма; /тамақты қапыл-қапұл асау да осымен сабақтас болуы кәдік/. Осы бір ыңғайсыздық себін тигізе берді де 1928-1929 жылдары латын алфавитіне көштік, оның да түрлі жағдайлары келіспей орыс алфавитіне ауыстық. Сөйтіп өзімізде бұрын жоқ орыс әріптерін қатар қабылдадық – в, ф, х, h, я, ъ,ь – таңбаларын қазақ алфавитіне кіргіздік. Енді қандай халықаралық термин болса да жазу-сызуымызға үрубәрә /дәл/ келді.

Фарсы-араб тілінен кірген элементтер де мына көне жырларда жиі ұшырасады:

[1] Н.К.Дмитриев. «Строй туркских языков», стр. 194.

1/ Сабаз /фарс. – шаһбаз/герой;

2/ Дарбаза /фарс. – даруаза/ – қақпа.

3/ Әб жылан /фарс.аб–су/ – су – жылан; кейбір зерттеушілер осылай айтатын, ал енді бізде «әп жыландай» – деген сөйлем өте қу, залым мәнінде. Фарсыда – мор – жылан. Осы әпжылан – су жылан болса, онда зәрін шашып тұрмаса керек. Сондықтан «әп жылан – улы жылан» деген Орхон-Енисей жазуында ұшырайтын түркі сөзі болуы да кәдік. Біз ойласу үшін келтірдік. Өйткені,

Абжылан–апжылан–әпжылан –
«Бір қыз кетіп барады,
Алтынды қамшы қолға алып,
Абжыландай толғанып» /«Қыз Жібек».

«Омбыны алдық деген хабар келген соң, теңкеріс дұшпандары апжыланша ысқырып шықты» /С.Сейфуллин. «Тар–жол, тайғақ кешу»/ дегендер айтылады. Кейбір зерттеушілер абжылан «су жылан» «аб» фарсының «су» дегені деп түсіндіреді /Г.Жәркешева. Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі, А., 1960/. Біздіңше бұл «су жылан» емес, «улы жылан» деген түркі сөздерінің тіркесінен жасалған сөз. Якут тілінде аба, ап-у-ащы дәм, суда өсетін улы шөптың тамыры; сиқыр, тылсым, арбау, жадылау, бас айналдыру /Пекарский.Сл.яз/; алтайда –ап – екіжүзділік Радлов. Опыт–сл. I–IY/; көне түркі тілдерінде ап–аң аулау/ Малов. Пам.др. письм.монғ. и кирг /; ал уу, ув – сөздері қырғыз, қарақалпақ, ноғай тілдерінде қазақ тіліндегі у деген ұғымды білдіреді. Бұл толғаулар аб –ав –ап –ов –ув – уу – сөздерінің түбірлестігін, әрі олардың у, сиқыры, қулық айла тәрізді көп мағыналарының барлығын байқатады. Абжылан – екі түбірден құралған – біріккен сөз. Бірінші компоненті –аб –әп –әп /у, сиқыр, тылсым/,

екінші сыңары жағымсыз кейіпті бейнелеуде қолданылатын жылан болу керек. Сонда абжылан сөзінің мағынасы – арбайтын сиқырлы жылан болғаны» [1] – А.Махмұтов.

Мұның бәрі де зерттеуші – ғалымдардың есінде тұруы қажет.

4/ Пушайман /фарс. –пушайман/ – іш пысу.

Мәрт – /фәрс. «мәрд–адам»/ – бізде мырза, жомарт, береген мәнінде.

Нәмәрт /фарс. «адам емес»/ – бізде – нәмәрт, нәмүрт деп Ибраһим пайғамбарды отқа өртеп өлтірген рахымсыз патша Нәмрүтті /орысша Немродты/ айтады, сондықтан оны /Нәмрутты/ құдай қатты жазаға тартып, маса /сонаны/ құлағынан кіргізіп миын шақтырып өлтірген екен деседі [2] .

Бидархақ. /фарс.бей-би, сөзалды қосымша, орысша – отрицание нет, не – дар, есік; /хақ/ – /арабта құдай/ бұл сөз табалдырықты /есікті/ аттай алмау мәнінде. Бидархақ – құдайдың есігінсіз деген ұғымда. Фарсының осы би-бей сөзі қазақтың төл сөзінің алдында да қосылып «бисағат» болып та айтылған екен, бұл «бисағат» – «Батырлар жыры» I том, 622 бет/ – сәтсіз /сағатсыз/ мағынада қолданылған ғой.

Жад, жат /фарс.яд – еске алу/ – жатқа айту.

Шарафат – /фарс/– қамқор.

Гамкүн, гамкин /ар.ғамгин/ – қам көңіл.

Сайқал – фарс. әдемі, сұлу/ – бізде алдағыш, қу, оңғақ; жезөкше; фарсы тілінде:

«Самарқан сайқали руй зәмин әст,
Бухара қуати исләм дин әст» – дейтін өлең бар,

бұл арада «Самарқан жер бетінің /руй–рой–бет жүз/

---

[1] «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі»/. ҚазақССР-ның «Ғылым» баспасы, Алматы – 1966, 17 бетін қараңыз.

[2] Саади. «Гулистан». ГИХЛ, М., 1957, стр.299.

– зәмин-жер/ сұлуы /сайқалы/. Бұқара ісләм дінінің қуаты – тірегі» – деп тұр. Қазақ тіліне келгенде сайқалдың /сұлудың/ мәнісі мүлде өзгеріп кеткен ғой. Заты, сұлуды – оңғақ болады – деп қазақ елі кейін бұрып әкетсе керек.

Әдебиет пен тілді бөле қарау, «Ала қойды бөле қырқу» тәрізді екен. Бұл екеуінің бірінсіз бірі күн көре алмаса керек. Сондықтан әдеби әсерді айтқанда тілге тіреліп, ал тіл қорын зерттегенде әдеби әсерге соғып отыруымыз соның салдарынан.

Совет дәуірінің белгілі ақыны, Горький атындағы РСФСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Кайсын Күлиевтің «Ученому языковеду» деген өлеңінен үзінді келтірелікші.

«О смерти языка, без участия,
Ты речь свою повел, ученую весьма,
Что для тебя язык? Глагол, деепричастья,
А для меня он – жизнь. Ты понял? Жизнь сама
Язык не слабый снег, он не растает вскоре,
Язык – могучая гранитная скала.
С народом он делил радости и горе.
И в споре с ним позор познали силы зла.
Язык народа жил, как всадник и как воин,
Родной земле служил, как пахарь и мудрец.
Он так же , как народ, бессмертия достоин,
А если он умрет, умрет он как храбрец» [1] –

дейді.

Ендеше адам өмірінің, халық тіршілігінің айнасы, көше де, бүгін де идеология майданының егіз тумасы әдебиет пен тіл.

Ленин десем – партия деп ұғам,

[1] Кайсын Кулиев. «Раненый камень». Изд-во «Советская Россия», М., 1968, стр. 169-170.

Партия десем – Ленин деп ұғам» [1]

деп В.В.Маяковский айтпақшы біздің де тіл ғылыми десек, әдебиет тану ғылымы есімізге түседі, ал әдебиеттану десек тілге соқпай өту қиын. Осы еңбегімізде иран елімен қазақ халқының әдеби қарым-қатысы сөз болды. Сонсоң кітап-қиссалардың ұласуы да айтылғандай болды.

Қазақтың ертегі ескі қысаларында Иран елінің әдеби әсері аз емес екенін дәлелдегендей болдық. Алайда он екінші ғасырда өткен Шыңғыс шапқыншылығы көп мұраны өртеп, көзін жойып жіберуі де ғажап емес.

2) Қазақ әдебиетінің монғол әдебиетімен ауыс түйісі

Монғол әдебиетінен қазақ әдебиетіне ауысқан толғаулар жөнінде айтарымыз мынау. Бір кезде болған әдеби мұралар бізге жетпей жойылып кетуі мүмкін. Оған тарих бойында болып кеткен үргін-сүргін шапқыншылықтар кесірін тигізген болар. Екіншіден – көшпелі елдер /монғол, қазақ елдері/ көне мұраларын сақтай алмауы ықтимал.

Алайда, жыта зерттеп отырсақ, қазақ ертегілерінде ұшырайтын шаман дінінен келген азын-аулақ теңеулердің, ауыз әдебиетінде кездесетін толғаулардың бары даусыз. Сонсоң қазақ әдет-құрпында – қыз ұзату, келін түсіру тәрізді той-домалақтарда /сыңсу, отқа май құю, жоқтау/ айтылатын өлең-жырлар ортақ екені белгілі.

Оның үстіне «Қазақтарда өлген аруақтарды құрметтеу салты осы күнге дейін күшті сақталған. Мұсылмандар өлген әулиелерін қандай қастерлесе қазақтар да «әруақтарын» сондай қадірлейді. Бір іске беттегенде жолдары болып шықса, оны «әруақтардың» қол-

[1] В.В.Маяковский «Владимир Ильич Ленин» Изд-во. худ.литературы. М., 1966, стр.55-56 /Мы говорим Ленин, подразумеваем партия, мы говорим партия, подразумеваем Ленин/.

дауы деп ұғынады» [1] – дейді Шоқан Уәлиханов.

Монғолдарға келіп қайтқан Европа саяхатшылары [2] да бұл әдет-ғұрыптың командар /қыпшақтар С.Т./ мен монғолдарға ортақ екенін дәлелдейді. Бұларды әкеліп қызғыздардың /қазақтардың С.Т./ әдет-ғұрпымен салыстырсақ толып жатқан ұқсастықтарды да табатынымыз даусыз» [3] – дегенді Шоқан Уәлиханов тағы пысықтайды.

---

[1] Ш.Ш.Уәлиханов. «Бес томдық шығармалар жинағы» І-том, Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, Алматы 1961, 473 бетте.

Айта кетелік, мына Шоқан кітабын шығарған редакторлар алқасы, М.О.Әуезов, С.Б.Бәйішев, А.Х.Марғұлан /жауапты редакторы/, С.М.Мұқанов, К.И.Сатпаев сынды академик ғалымдар да, кейініректе «Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киригизскую степь в 1771» - деген кітабында /С.П. б-1772/ әлгі пікірді қолдағанын да ескертіп өтіпті. Ал, Николай Рычков - орыс офицері, ол 1771 жылы Еділ өзенінің аяқ жағынан қашқан қалмақ-торғауыттарлық мәліметтерді сол кезде қазақ арасында жүріп, тәптештеп жазып алып, 1772 жылы жарияланған екен. /аталған Шоқан кітабының 711 бетінде/.

[2] «Европа саяхатшылары» – деп Шоқан Плано Карпини мен Рубрикті айтып отыр. Шоқан кітабында Рубрик-Рубриквис кейде Вильгельм Рейбрук атанады. Ол /Рубрук/ 1254 жылы Монке ханда болып сонда: «қырғыздар /қазақтар - С.Т./ Қарақорымның терістігінде тұрады» - дегенді айтыпты, ал 1246 жылы Плано Карпини Күйік ханда болған ғой, ал Күйік ханның мекені де Қарақорым.

«Қарақорым қайда болса, сонда болсын, - дейді Ш.Уәлиханов, мейлі Селенгі өзенінің шығар басында болсын, мейлі Орхон өзенінің жоғарғы жағында тұрсын бәрі бір, әйтеуір қырғыздар Сібірдің түстік жағын мекендеді, мына Байкал көліне дейін жайлап жүруі мүмкін, өйткені түстік Сібірдегі қорғандарды Бурят елі осы күнге дейін «Қырғыз-гер» /Қырғыз моласы, қырғыз үйі, қырғыз көрі /гөрі/ деп атайды. «Сибирская история» атты еңбегінде Фридрих Теодор Фишер /1808-1888/ Ихар-Мурун/ Қарақорым болса керек. С.Т./ деген сөзді - «Хуанхэ» өзені деп ұғыпты да қызғыздар /қазақтар/ Сібірдің түстік жағына Шыңғыс хан дәуірінен көп кейін келді деп түйіпті. Фишердің бұл долбарын жоққа шығарған Юлиус Клопрот екен. Ол өзінің «Memoires relatifs a L'Asie» деген кітабында Юань патшалығының тарихынан көшіргенде, сонда «kili-ki-sz» /kizkis/ деген халықтың бар екенін айтыпты. /Шоқан кітабының 384-385 беттерінде/

[3] Аталған кітаптың 473 бетінде.

Жапатармағай бәрін тізе бермей-ақ, монғолдар мен қазақ нанымында, ырымында неше алуан ортақ уақиғалардың, аңыз-ертек, әңгімелердің сақталып келгенін анықтау үшін солардың бір-екеуіне тоқтала кетелік.

«Сойған малдың кәрі жілігін – үйіне сақтайды, өйткені сол кәрі жілік малды ұрыдан, қасқырдан қорғайды деп ұғады қазақтар» – дейді Шоқан Уәлиханов, – ал осыны профессор Н.И.Ильминский «малды өлім-жітімнен қорғайды», – деп қате түсініпті, /см. «Известия Восточного отделения Археологического общества» – 1860 г. вып. 5/ [1] – дей келіп, Гамбоевтің [2] айтуынша бұл сүйікті /кәрі жілікті/ монғолдар да үйіне сақтайды екен. Сонда осы сүйек қолына құрық /үркрүк/ ұстаған бақташы бейнесінде көрінеді екен, » – дейді.

Сондай-ақ «Қазақтардың ұғымы бойынша да кәрі /қары/ жілік [3] ұры мен қасқырдың көзіне мал бағып жүрген адам болып көрінеді. Мысалы, ескі бір ертекте мынадай уақиға шертіледі: «Ұрылар бір байдың малын бірнеше күн торып ала алмай қояды. Бұлардың көзіне малды бағып жүрген, қолдарына сойып, құрық ұстаған бақташылар көрінеді, солардан қорқып малға тие алмай діңкелері құриды. Осы байдың әйелі мен қызынан басқа ешкімі жоқ, ұлдары да, құлдары да болмаған кісі, ендеше бұл кереметтің мәнісін білу үшін ұрылар бір күні әлгі байдың үйіне қонаққа келеді. Бұларды бай қой сойып әбден күтеді. Сонда әлгі келген қонақтар

[1] Н.И.Ильминский «Древний обычей распределения кусков мяса, сохранившийся у киргизов».

[2] Галсан Гамбаев. /1822-1863/ буряттің Шығысты зерттеген ғалымы. Ол – 1851 жылдан бастап Петербург университетінде қызмет істеген. Оның негізгі еңбектері: «Алтан /Алтын/ Тобчи» монғол шежіресі. /Спб. 1858/. «О древних монгольских обычаях, суовериях, описанных у Плано Карпини» /Спб. – 1859/.

[3] Кәрі – ескі – қарт жілік емес, бұл «қары жілік», монғолша «ғар»; қазақта «қар» екеуі бір сөз, мысалы монғолда «бурунгар» – оң жақ, джунгар – сол жақ болады. /С.Т./

өздерінің ұры екенін ашық айтады да; «Сіздің қандай кереметіңіз бар?» – деп сұрайды. – Менің ешбір кереметім жоқ, тек әкем өлерінде бір өсиет айтып еді; «Балам, саған бір өсиет айтам, соны орындасаң ылғи бай боласың, қанша қой сойсаң соның кәрі /қары/ жілігін далаға тастама, оны есіктің маңдайшасына немесе шаңыраққа іліп қой» – деп еді, сол өсиетін бұлжытпай орындап келем, сондықтан, құдайға шүкір, қорадағы қойымнан жалғыз қозымды да не қасқыр жеп, немесе ұры алып кеткен емес! дейді. Осы әңгімені естігеннен кейін ұрылар үйдің ішін айнала қараса, түндегі байдың малын күзетіп жүрген бақташылардың саны, мына үйдегі кәрі жіліктердің санымен бірдей екен». /Уәлихановтың ескертуі, аталған кітаптың 485 бетінде/.

Аспанға /көк тәңірге/, күн мен айға, жұлдызға табыну, табиғаттағы неше алуан құбылыстан қорқып құрбан шалу – бәрі де қазақ пен монғол еліне ортақ болып келеді.

«Монғолдар, – дейді тарихшы Рашиддин, [1] – күннің күркіреуінен /громнан/ қатты қорқады. Оны көктің /көк тәңірінің/ ашулануы деп есептейді екен. Ал қырғыздар /қазақтар С.Т./ күннің

[1] Рашиддин – Рашид-ад Дин Фазл Аллах-тарихшы; оның тарихын «Рашид тарихы» деп 1554 жылы фарсы тілінде жазған Мұхаммет Хайдар Көреген /«Куркан» – өзі дулат руынан шыққан, Кашгарияны билеген кісі/, бұл «тарихты» көне түркі тіліне аударған Мұхаммет Садық Кашгари, осы Мұхаммет Садық 1768 жылы «Тазкираи Ходжаган /«История династии ходжей в Восточном Туркестане» / атты еңбек жазып бітірген, мұны Ш.Уәлиханов Мұхаммет Хайдардың «Тарихи Рашиди» деген кітабының жалғасы деп санайды.

Мұхаммет Садық Кашгаридің ұлты ойғыр, ол «тарихи Табариді» де ойғыр тіліне аударған адам. /«Исследование о Касимовских царях и царевичах» деген В.В.Вельяминов-Зернов еңбегінің 138 бетінде /«Тарихи-Табаридің» қолжазбасын Шоқан Уәлиханов Кашгариядан алып келіп, азиялық музейдің кітапханасына тапсырған екен. Қазір сол Шығыстану институтында сақтаулы.

/«Восточный или Китайский Туркестан» – атты В.В.Григорьевтің еңбегінде, соның 355 бетінде, ескертуі–8/.

күркіреуін құдайдың ашулы /қаһарлы/ дауысы, мына жай оты /молния/ оның шайтандары қырып-жоятын садағының оғы деп ұғады» [1] – дейді Шоқан Уәлиханов.

Қазақ халқында аспандағы жұлдыздарға қойылған аттар өте қызық, бәрін де жердегі тіршілікпен байланыстырады. Мысалы, «Темір қазық» /«полярная звезда»/ – аспанға қағылған қазықтай көрінеді, оның төңірегіндегі екі жарық жұлдызды әлгі қазыққа арқандалып, соны айналып жүрген екі ат: – «ақ боз ат пен көк боз ат» – деп атайды.

«Жеті қарақшы» /орысша «Большая медведица»/ – өлген жеті ұрының жаны аспанға жұлдыз болып орналасқан. Бұлар /«Жеті қарақшы»/, «Үркердің қызын ұрлапты-мыс, сондықтан «Үркер» үнемі «Жеті қарақшыға» қарай төне беретін көрінеді, заты, ана ұрланған қызын босатып алу ойында болса керек» – деседі.

«Осы әңгіме /ертегі/ өте көне заманда болса керек, өйткені монғолдар «Жеті қарақшыны» – «Жеті қарт» деп атайды, оған арнап құрбан шалады /мал сояды/, қымыз, сүт береді. Мұны «Книга о молитве и жертвоприношении звездам и богам» атты қолжазбасында Доржи Банзаров айтады, «Жеті қарттың» қажеттігі жөнінде қысқа ертек келтіреді. Осы ертектің қазақ ертегісімен ұқсастығы жоқ па екен? [2] – дейді Шоқан.

Ендеше халықтың ескі әдет-ғұрпында да сан-алуан уақиғаның ізі сақталады екен. Тізе берсек тағы да көптеген толғаныстарды келтіруге болар еді.

Қазақ елі келін түскенде отқа май құйып, лаулатып жағады. «Бұл – отты» құдай деп табынып, «сол отқа» сиынудан туған ғұрып, шаманизмнен қалған дәстүр, – дейді Шоқан Уәлиханов. Ал, «отқа табыну» монғолдарға түріктер арқылы Иранннан

[1] Ш.Ш.Уәлиханов. Аталған кітаптың 480 бетінде.
[2] Ш.Ш.Уәлиханов. Аталған кітаптың 479 бетінде.

келген» [1] деп Доржи Банзаров біздің Шоқаннан бұрын топшылаған екен. Ендеше, Шоқан Уәлиханов мына Д.Банзаровқа сүйеніп қателескен тәрізді. Себебі, отқа табыну діні монғолдарға көз жеткісіз көне дүниеде, адамзат әлі табиғаттан тыс тұрған күш бар деп ұғынбаған дәуірде тууы мүмкін деп академик А.Х.Марғұлан ескерткен екен. [2]

Осы күнгі совет ғалымы Г.Н.Румянцев те: «Түріктің, монғол, буряттің отқа табынуы өте ескі дін, сондықтан тек Иран әсері деу де өте қиын, әрине, ықпалы да бар шығар» [3] деп жанасалай ескертіп өтіпті.

Ауыз әдебиетінде, ертегі аңыздарда сақталған монғол мен қазақ еліне бірдей ортақ толғаныстар толып жатыр. Әзірге осымен шектеліп отырмыз.

3) Қазақ әдебиетінің араб әдебиетімен байланысы.

Халық-аралық әдеби ауыс-түйісті айтпас бұрын ең әуелі сол жағдайдың өсіп өркендеуіне себепкер екі мәселеге тоқтала кетелік, соның бірі: а) тарихи қарым-қатыс.

Әңгімені осындай тиянақты кезеңдерден басталық. Көне тарихтың бетін ашсақ көп нәрсеге куә болғандаймыз. Мысалы, арабтар Иран елін сегізінші ғасырда ауызына қаратты. Сол мезгілде араб елінде Үммия патшалығы /орысша: Оммейядская династия құлады да, Персияда Сасани патшалығы /«Сасанидская династия»/ жойылды. Екеуі бірігіп Аббасид династиясы /патшалығы/

[1] Доржи Банзаров Собр. Сочинений Издательство АН СССР, М., 1955, стр. 72. Ответ. редактор доктор филологических наук Г.Д.Санжеев. Бұл кітапты ең алғаш «Черная вера» или шаманство у монголов» – деген атпен Г.Н.Потанин бастырған екен.

[2] Аталған Шоқан кітабының 711 бетінде /академик А.Х.Марғұлан жазған ескертпеде №475/

[3] Аталған Банзаров кітабының 265 бетінде.

– Иракта Бағдатта құрылды. Аббасид династиясының алғашқы халифасы Харун –аль Рашидтің ата-бабасы Саффах /1750/ болды. Саффах араб, ал оның бас уәзірі Ғаббас Бармеки /фарсы/ еді. Мұны араб-фарсы бас қосқан династия /«Объединенная арабо-персидская династия»/ деп атады.

Араб елінің үстемдік алып, дәуірлеген кезі Хорун–аль Рашидтен /Х ғасырдан/ басталады да, соңынан оның баласы Момун тұсында шарықтайды. Арабтың «Мың бір түн» атты ертегісі осы кезден кейін тарайды, өйткені Харун–аль Рашид осы ертегіде көп айтылады.

Араб дінінің, әдебиетінің, мәдениетінің фарсыға қаулап кіргені де осы кезде еді.

Хорун–аль Рашид [1] /786-809 жылдарда/ халифа /император/ атанды, оның баласы Момун /813-838 жылдары/ халифа болды, бұл әкесі бастаған мәдениетті әрі қарай күшейтті. Арабтағы Дар–әл – Хикматтің құрылысын /ғылым ордасын/ аяқтап бітіреді де, ол орынды Хорезмнен – Қаңлы–Қыпшақтан барған Мұхаммед бин Муса әл–Хорезмиге басқартты. Әлгі Хорезми есептің «оңдық» жүйесін сонда іске асырды. Оған дейін қолданылып келген латын есеп таңбасын қолайсыз деп тауып, араб цифрын ұсынды. Алгебраны /арабша – әл-жебрәні/ дұрыс жолға қойды.

Алғаш рет жер мердиянын өлшеп шыққан адам да сол Хорезми Әбу Райхан әл Бирунидің айтуынша – Зейнетті Шам /Дамшық/ шәһәрінің жанындағы құдықтың түбіне түскен сәуле арқылы анықтап Бағдат пен құдықтың арасына «бұрыш» жасап жер мердиянын өлшеген екен. Осы күнгі анықталған мердиян есебінен, бар болғаны, 11 километрдей айырмасы бар тәрізді.

Хорезмиден кейін оның жерлестері – Отырар қасындағы қыстақтан

[1] Кейде «ар-Рашид» болып та айтылады /С.Т./.

шыққан екі Жауһари де сол Дар – әл – Хикматте қызмет еткен.

Дүние жүзілік ғалымдардың «Екінші ұстазы» – Абу Насыр әл Фараби де осы ғылым ордасына көп жыл басшылық көрсеткен. «Ұлы ұстазым – /Аристотель «Бірінші ұстаз» атанған ғой, соны айтып отыр. С.Т./ – ұлы денені сомдап жасапты да оған жан бітіре алмапты. Мен сол сом денеге қан жүргізіп, жан бітірдім» деген екен.

Момун халифаның мұрагері Муттасим өз жеріндегі арабтардың бас көтеруінен қауыптанып Орта Азия түріктерінен – Хорезмдік – Қаңлы – Қыпшақтардан елу мың әскерді 834 жылы жалдап алыпты. Осылардың бастықтары да өздерінен болыпты. Олардың қолбасшысы Әмир – ул – Әмре атанып, әскери билікті, бертін келе бүкіл билікті де өз қолдарына алыпты. Өздері ана тілінде – түрікше сөйлеген, Бағдадта өмір бойы тұрып қалған екен. Түрік тілін арабқа апарған да осылар [1] – деседі.

«Маамун халифаның інісі аль–Мутасим /833-842/ халифаның әскері кілең түріктер еді, аль Мутасимнің ұлы аль Мутаваккиль /847-861/ әлгі түрік солдаттарынан құтылғысы келді, бірақ оны түрік әскер басылары өлтіріп тынды, бұдан кейін арабтың төрт халифасын таққа отырғызғандар да, соңынан құлатқандар да осы түріктер екен.

Мухтадир Халифа /908-932/ бар билікті әскер басшысына берді, бұдан қырық жыл өткен соң /945 жылы/ Әмір аль Әмір атанған–Ахмед /Бүид әулетінен шыққан кісі С.Т./ сұлтан /«господин/ деген өте жоғарғы атаққа ие болды» [2] – дегенді айтады тарихшы Р.Ю.Виппер.

[1] Стенли Лэн Пуль. «Мусульманские династии» С.П.б. – 1899.

[2] Р.Ю.Виппер. «История средних веков». Изд. МГУ, М, 1947, стр. 132.

Мұсылман діні Бағдадтан шығысқа қарай – Орта Азияға бет алды. Отырарда туған әлемге аян Екінші ұстаз – Әбу Насыр әл-Фараби, Хорезмнен шыққан Әбу Райхан әл-Бируни, Бұхарада өмір сүрген Әбу Ғали ибн Сина – бәрі де өздерінің ғылыми еңбектерін араб тілінде жазған-ды. Ендеше мұсылман дінінің етек алып жайылуына осылар себеп болғандай, оның үстіне ісләм діні Орта Азияға қару-жарақты әскери шабуыл арқылы тараған жоқ, бұған бейбітшілікті жақтайтын «үгіт-насихат» зор себебін тигізді[1] – дейді академик В.В.Бартольд. Осы пікір орынды тәрізді. Бері келе Орта Азияның басқа ғалымдары да араб тілін қабылдағандай. Махмуд Қашғари да, Юсуф Хас Хаджип те осы жолмен жүрген-ді. Ендеше Хорезм, Бұхара, Отырар, Тараз, Кашгар калалары мұсылман дінін X-XI ғасырларда өте мықты ұстады. Сол дәуірде өмірін жүргізген Караханидтер де, Саманидтер де ісләм дінінде болды.

X ғасырда Бағдад халифасы Мұхтадир-Итиль /Еділ/, бұлғар, Сувар шәһәрлерін мекен еткен Әлмұса /Әлмуш/ ханға елшілер жіберді, осы Бұлғар елі /Шуваш, Башқұрт, Татар елдері С.Т./ мұсылман дінін сол кезде қабылдады.

[1] Академик В.В.Бартольд. «Работа по истории и филологии тюркских и монгольских народов». Изд-во «Наука», главная редакция Восточной литературы, том Y, М. 1968, стр. 433.

Ендеше, көшпелі қазақтарға – Сары Арқаға ісләм діні екі жақтан келді, біреуі – Хорезм, Бұхара, Отырар, Тараз, Түркістан болса, екіншісі – Қазан, Уфа болды /олар бұрынғы Булгар мәдениетінің сілемі еді С.Т./.

Сары Арқада болған саяси-экономикалық жағдайды да айта кетелік, 18 ғасырда Абылай хандық құрды – ол 1781 жылға дейін еді. /Түркістанда қайтыс болып, хожа Ахмет Яссауидің мұнарасына қойылды/ 1781 жылдан 1821 жылға дейін оның баласы Уәли–хан болды./ бұл Уәли Шоқан Уәлихановтың үлкен әкесі – Шыңғыс содан туған, әжесі Айғаным – Уәлидің тоқалы –С.Т./ Россияның патшасы Павел тұсында Уәлиге қарсы сенімсіздік туып, Қарқаралыдағы Бөкейді көтеру керек десті, бұл 1810-1818 жылдарда еді, бірақ Уәли 1821 жылы өлді де әңгіме бітті.

Уәли өлгеннен кейін 1822 жылы хандық мүлде құрыды, «Устав о Сибирских киргизах» – деген заң шықты да аға сұлтандар пайда болды. Бұрынғы «хан өтірік айтпайды, хан

жарлығы қайтпайды» – деп ханды қолпаштайтын ережелер аяқсуға бет алды.

Батыс Европа мәдениеті – Орыс елі арқылы келіп өз әсерін жая бастады. Сауда-саттық жүрді, жәрмеңкелер ашылды, бірақ орта ғасырлық ескі тіршіліктің қаймағы бірден бұзыла қоймады.

Заты, бұл кезде монғолдық салт, Шаманизм /«Көк тәңріге» табыну С.Т./ діні басым сияқтанады. «Қырғыз /қазақ/ ұлыстары Мұхаммед дінінде жоқ, ескі шаман дінін қолданатын түріктерге таяу, Мұсылман діні бұларға әлі сіңбеген, ісләм дінінің ішкі мәнісін жетік білмейді» – дейді В.В.Радлов /1870 жылы шыққан түрік ұлыстарындағы халық әдебиеті жөнінде жинап бастырған кітабында / осы пікірді Шоқан Уәлиханов бұрынырақ айтып кеткенін жоғарыда келтірдік қой.

Сары Арқадағы көшпелі қазақ елдерінің мән-жәйін үңіле зерттеген В.В.Радлов пен Ш.Уәлихановтар сынды ғалымдардың айтқандары дұрыс, өйткені: ісләм діні арқа қазақтарына дүркін-дүркін келіп кірді. Отырықшы ел емес, көшпелі елге тапжылмай тұрақтап қалуы қиын еді, онанда көшпелі тіршілікке ылайық шаманизм діні тез арыла қоймауы заңды. Тарихи шындыққа жүгінсек мұсылман діні Арқаға ең алғаш X-ғасырда – дешті қыпшақ оғыз заманында кірді, бұл кезде оңтүстіктегі хараханидтер әулеті мен батыс жақтағы оғыз-қыпшақ сұлтандары ісләм дінінің іргесін берік ұстады. Екінші рет күшейген кезі «Алтын Орда» – Шағатай заманы: /13-14 ғасырларда С.Т./ Берке мен Өзбек [1] ханның тұсы.

Үшінші күшеюі Касым ханның кезі. /1523 жылы қайтыс

[1] /Өзбек, /Узбек – 1282-1342/– «Алтын – Орданың ханы». «Алтын – Орданың» астанасы Өзбек хан тұсында /1312-1342/ Сарай-Беркеде болған, Өзбек хан ісләм дінін күшейткен, Кырым мен Поволжьеде бір талай мешіттер мен медіреселер салдырған да сол Өзбек хан екен. /См. Б.Д.Греков «А.Ю.Якубовский «Золотая Орда и ее падение» М. Л. 1950, стр. 64 и 67, 69; 90-93 /Ш.Ш.Уәлиханов бес томдық шығармалар жинағы, I том, Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, Алматы, – 1961 /орысша жазылған/.

болған хан/. Ол – қазақтың Әз-Жәнібек ханының баласы. Жошының /Хорезмдегі/ «Ақ–Ордасын» билеген; қазақ, ноғайлы, қарақалпақ, қырғыздардың басын қосқан. Сыр-Дарьяның төменгі жақ өлкесін, Каратауды, Сайрам ауданын, Талас пен Шуды өзінің балаларына бөліп беріп, өзі Караталда тұрған /Сығанақ шәһәрінің жанында/.

Ісләм дінінің ең соңғы келіп кіргені әдебиет арқылы болатын. Бұл XIX-ғасырда. Әлгі ғалымдар Радлов пен Шоқан осы соңғы толқынның кезін айтып отырса керек-ті.

Жоғарыда көрсетілген Россия патшасының «Устабына» қарсы көтерілістер де болды; соның біріншісі 1822-1835 жылдардағы Қасым мен Саржан ереулі, екіншісі 1836-1847 жылдарда болған Кенесары көтерілісі еді. Осы қарбаласта Арқа қазақтары екіге бөлінді; біразы; Омбы, Қызыл-Жар, Көкшетау, Қостанай елдері Кеңсарының соңынан ерді; ал Қарқаралы, Баян-аулы, Ақмола, Атбасар қазақтары теп-тегіс ере қоймады, бұл екіге бөліну мәселесі Сапақ бай басқарып берген Қорыспайдың /ағасының/ асында Орымбай мен Түбек ақынның айтысында анық ашылған болатын.

Қалайда, сахара халқын /Арқа қазақтарын/, патша өкіметінің түбегейлі өзгертіп билеуі мына «жаңа заңнан» былай қарай болды, бұл «жаңа заң» аға сұлтандықты жойып, қазақ халқына көп міндеттер жүктеді.

Сары-Арқада XIX-ғасырдың екінші жартысынан қарай өрмектің жүзі ауғанда ежелгі орта ғасырлық феодализмнің іргесі ыдырай бастады. Россияда 1861 жылы болған «өзгерістердің» лебі Арқаға жетті. Мына Оңтүстіктегі Сыр-Дарья, Жетісу өлкелерінде тұрған қазақ халықтарында бұрыннан орын тепкен Хорезм, Бухара, Қоқан, Самарқан хандықтарының ықпалы әлі зор еді.

1868 жылы Россияда, «Жаңа заң» шығып Сібір қазақтарын билеу саясаты өзгереді. Бұрынғы аз да болса Таяу Шығыс

дәстүрімен ел билеген хан, қазы, сұлтандардың беделі түсті, олардың орындарына болыс, тілмеш, жандарал, майор тәрізді жаңа ұлықтар көбейді, ендеше Батыс әсері орыс халқының әсері күшейді.

«Патша жұртын қанады,
Байлар жәргем санады.
Жандарал /генерал/ болды ұлығың,
Майыр /майор/ болды силарың
Князьді көрдің піріңдей
Тілмәшті көрдің женгендей».

деп Шортанбай ақын біліп айтып отыр.

«Басы байлы» /«крепостное право»/ шаруашылықтан Россия 1861 жылы құтылу шарасын жасады, бұл алғашқы адымы еді, алайда көпке дейін әлгі «азаттық» алған шаруалардың көсегесі көгере қоймайды. Сондықтан олар шұбырып жер ауды, әлгі «азаттықтан» құтылған орыс шаруаларының алғашқы тобы Сарыарқаға сол кезеңде жетті. Осы тұста Орта Азияда адамды адам сатқан «құл базары» болыпты. Мысалы, қалмақ елінің Толыбай сыншысынан туған Көбеңді Жанкелді би Түркстанның «құл базарынан» екі түйе беріп сатып әкелген екен. Жангелді Арқадағы Нұра мен Сары-су өзендерінің арасында қоныс тепкен адам. Ол кісінің дүние салғанына 150 жылдан асқан жоқ. Осындай адамды адам сатқан сорақы дәстүр ежелгі Күншығыстан – Мысыр, Шам, Афиналар арқылы араб-фарсы елдеріне, онан бері қарай Орта Азияға жеткен тәрізді. Ондай «құл базары» Батыс елінде дәл осы кезеңде жоқ еді. Ал, «басы байлы шаруашылық» /крепостное право/ ежелгі құлдықтың қожырап тозған түрі тәрізді.

Орыс халқының сырттан алған тегеурінді әсері Батыс Европадан мына Скандинавия арқылы келгендей/.

Осыдан былай Сарыарқаға сауда-саттық жайылды, мал-мүлік

базарға түсті. Жәрмеңке ашылды, базар нарқын ақша биледі. Қысқасы, капитализм, элементтері айқын елес берді, Бұрын, натуралды шаруа жағдайында «берген мырза емес, алған мырза» десетін ел, енді сауда-саттық араласқанда «беременге бесеу көп, аларманға алтау аз» – деп толғады. Әрбір заманның белгілері тіл қорында әдеби толғауларда үнемі осылай сақталатын сияқты. Бұл жаңғыру әсері орыс елінен келді. Бұрынғы қаймағы бұзылмаған ескі әдет-шығыс әдет-ғұрпы өзгеріске ұшырап қазақ халқы бір табан ілгері басты.

Ақ патша ұлықтарын жіберіп, миссиоонерлерін жұмсап, қазақ еліне отарлау саясатын қауырт жүргізіп жатқанда, Бұхара, Хива хандары да қалыспай мұсылман дінінің уағызшыларын лек-легімен Арқаға аттандырды. Сәлделерін қоқырайта киіп, олар да әр ауылда мұсылман дінін үйретіп оқытып жүрді.

Орта Азияның осы қылығын сезіп қалды да орыс патшашылдары қазақ тіліне «Інжілді» де аудартты. Бірақ православие діні қазақ еліне аса дарыған жоқ. Өйткені «шын орыс халқы әуелден де діндар халық емес», – деп В.Г.Белинский айтқандай, негізінде, біздің қазақ еліне де дінге құмарлық тамырын жаймаған тәрізді.

Осындай аласапыраң дәуірде Қазан, Уфа діндарлары да өз үлесін алудан аянбады, көшпелі арқа қазақтарына ісләм дінін үйрету үшін татар, башқұрт молдалары келіп оқытты, олардың медіреселері төрт жерден ашылды: Қазанда «Мухаммедия» медіресесі, Уфада – «Ғалия», Тройцкийде – «Расулия», Орынборда – «Хусаиния» медреселері ісләм дінін уағыздады. Бұл медреселерде оқыған азаматтар революциядан кейінгі өткен – 1930 жылдарға дейін қызмет істеп жүрді. Олар – Хайриден Болғанбаев, Құдайберген Жұбанов /Орынбордағы-Хусаинияда/, Мұхамметжан Сералин /Троицкидегі Рәсулияда Бейімбет Майлин. Жағыпар Сұлтанбеков, Уфадағы Ғалияда оқығандар.

Осындай екіудай дәуірде – екі әсердің ортасында тұрған қазақ елі – екі жағынан да нәр алды. Біреулері орысша оқуға кірісті де, екіншілері мұсылманша оқып «терең» молда болуға беттеді. Біразы Москва, Петербург барып орысша оқып жүрсе, енді біразы Бұхар, Хива, Ташкентке барып оқыды, ар жағынан Меккеге тәуіп етіп, әзірет сұлтанға – Түркістандағы Қожа-Ахмет Яссауидің мұнарасына кіріп, пірге қол тапсырып, «қажы» «бірәдәр» боп кеп жүрді.

Қараңғы халықты билеп-төстеуге осы екі бағыт та толығынан жарап жатты. Осының бәрін біз араб дінінің, араб тілінің қазақ еліне қалай келгенін, ал жолда қандай кедергілердің кездескенін түсіндіре кету үшін айтып өттік.

Енді мақсатты мәселеміз араб діні арқылы оның әдебиетінің қалай жайылуын, нендей із қалдырғанын баяндайықшы.

Екіншісі: б/ Діни әсер.

Араб дінін Иранға, одан өтіп Орта Азияға жайыла бастады. Бір заманда араб елі қожалық құрды да ең әуелі мұсылман дініне кіргізуге амал етті. Мұндай күшті әдісті шығыстан келген Шыңғыс хан да, орыс патшасы да істей алған жоқ, сондықтан араб дінінің әсері ол дәуірде өте терең болды. Өйткені ол дін қазақ еліне ертеден келіп орнықты. Ал Сарыарқада жатқан көшпелі қазақтарға, әрине, кенжелеп жетті, онда да араб дінінің әсері тікелей келген жоқ, оны біздің сахара қазақтарына өзбек, татар, башқұрт елдері әкеп тапсырды. Ләкшеңкелеріне мініп, топтақияларын киіп «ноғай» молдалар келді, сәлделерін салып, есектеріне мініп өзбектер де жетті. Ташкент, Бұхара, Хива, Самарқанға барып, оқуды «тауысып» қайтқан қазақ молдалары да бастарына сәлде салып солармен бірге аңдады. Осылардың бәрі де, ауыл-ауылға бөлініп, қазақ балаларын дінге үйретіп, оқытып жатты. «Ағузы» әр жерде тартылды, айғай-шу көбейді. Үндемей ішінен оқитын бір

пенде табылмады. Еш нәрсенің мәнісін ешкім түсіне де алған жоқ. Алайда, тым-тырыс жатқан ауылға «жаңалық» кірді.

Бұл дін оқуы марғау әдіске құрылды, араб алфавитін /әліпбесін/ төрт түрлі етіп пысықтатты. Әуелі – «әліп, би, ти, си» – деп ежелетті, артынан «әліпте» жоқ, «биде» бір ноқат, «тиде» екі ноқат, «сиде» үш ноқат, «hада», жоқ, «жұмда» бір ноқат, «далда» жоқ, «залда» бір ноқат, «Іреде жоқ», «ізеде» бір ноқат, тағысын тағылар. Сонсоң: «әліпсінә», «әліпсіни», «әліптүре», «ә-и-ә» дегенді шығарды, ақыр аяғында «әлбекесінән», «әлбекесінен», – әлбекетүрен» – «ән-ән-ән» – деп өлеңдетті. Осының бәрі еже-ежіктеу атанды, осылайша үш-төрт ой тежікелетіп барып, «әптиекке» түсіруші еді.

«Ағузының» көкесі енді басталды, «әлхамнан» түсіп «құлағузы біраббеннасыны» бітіріп, «құлағузы бәрәббілфалақты» өтіп, «құлуаллаху ахатқа» жармастық. Осының бәрі «әптиек», мына «кәләм шәрифтің» /құранның аты «әулие сөз» мағынасында С.Т./ бастамасы. Бір, екі жыл оқып «құранға кіріскенде әлі хат таныған ешкім жоқ, «әліпті-таяқ» деп ұғынбадық.

в) <u>Үшіншісі әдеби әсер.</u>

Араб әдебиетінің әсері енді күшеюге бет алды. Бұған әлгі тарихи жағдай мен дін әсері көп көмек берді. Сондықтан араб әдебиетінен қазақ әдебиетіне ауысқан біраз сілемдерді сөз етелік. Арабтың «мың бір түн» ертегісі ерте жайылды. Қазақ ауыз әдебиетінде /фольклорында/ сол ертегіден алынған көп толғаулар бар.

«Кер баланың төлі» «/Хорасан өлкесін айтып тұр, бұл «Сайқал» кітабының бір тарауы/С.Т./ «Зарқұм», «Дариға қыз», «Мұғыраж», «Әбу-Шаһма», «Жүсіп Зылиқа», «Мұхаммедия», «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларының /қысаларының/, «Тақ Сүлеймен»,

«Хызыр Ілияс» атты ертектердің түп-негізі араб әдебиетінен келген.

Мысалы, «Зарқұм» қысасында Мұхаммет пайғамбардың соғысын «кәпірлерді» /«Зарқұм» әскерлерін/ жеңуі, Әзірет-Алының батырлығы мадақталады. Мұхаммет /мұсылман/ әскерінің жалы қыңыры жоқ екені айтылды.

«Әбу-Шаһма» қысасында, оның Әзірет Омар халифаның [1] жалғыз баласы екені айтылады, ол Құддысқа /иерусалимге/ барып, шарап ішіп, жебірей қызымен шатасады, бұл қылығы мұсылман /Мұхаммет/ дініне қайшы келетіндіктен Әділ Омар Халифа күніңде туған баласы Әбу-Шалмаға жүз қамшы дүре салдырып өлтіреді.

«Жатқызды қара жерге туған айды,
Ұруға Әфләхун құл бата алмайды.
Қамшымен бір азырақ ұрып еді,
Шырқырап ғазіз Сұлтан жата алмайды».

деп суреттейді. Әділ Омар Халифа бұйырған жүз қамшының сексен бесінде Әбу Шахма өледі, сонда: қалған 15 қамшыны қайда салу керек?» – деген сұраққа Омар Халифа – «өлік денесіне салу /ұру/ керек?» – депті. Омардың әзілдігін осылай дәріптейді.

«Дариға-қыз» – қысасында Әзірет-Алының мықтылығы әңгімеленеді. Балуан қыз Дариғаның Әзірет-Алымен 15 күндей үздіксіз күрескені, ақырында Мұхаммет Пайғамбардың әруағына сүйініп Әзірет-Алының оны жығып тынғаны, соның арқасында қызға үйленгені баяндалады. Дариғаның шарты да өзін жеңіп шыққан кісіге тию екен. Ең алғашында, Мұхамметтің осы күреске Әзірет-Алыны жібергісі келмеуі айтылады, заты, туған қызы би Фатиманың үстіне

[1] Бұл Омар – араб еліндегі үшінші Халифа, соның біріншісі Мұхамметтің өзі, екіншісі – Әбубәкір /екі жыл/ Халифа болды, үшіншісі – Омар 10 жыл Халифа /император/ болған адам. /С.Т./

тағы әйел алуына қарсы болса керек, сонда:

«Алладан Дүлдүл [1] деген ат алғанмен,
Өзіңнен он жасымда бата алғанмын,
Барма деп меселімді қайтарасың
Алланың арыстаны [2] атанғанмын» –

деген салмақты да салқын желеу айтады. Әзірет-Алы. /Бұл Әзірет-Алы-Мұхамметтің қызының күйеуі және өзінің немере інісі – Әбу-Тәліптің баласы/. Сондықтан Мұхаммет амалсыз ұрықсат береді, өйткені пайғамбардың өзінің де осы кезде төрт әйелі бар екен. Кадиша, Ғайша, Капса, Зейнеп. [3]

Күресіп жыққаннан кейін шарт бойынша Дариғаны Әзірет-Алы алады да біраз бірге тұрады. Дариға екі қабат қалады, онан туған баланың атын Мәді-Мәһди немесе «Шахмардан» /«адамзаттың патшасы»/ қояды. Жеті жасқа толғанда Мәді әкесін іздеп жүріп оқыс кездеседі. Осы бала Әзірет-Алының барлық баласын қыран жапқандай етіп жығады. Сонда намыстанып Әзірет-Алы өзі күреседі. Күресіп жүріп Мәді өзінің баласы Мұхаммет пен әкесі Әзірет-Алыға сиынады да әкесін көтеріп әкетеді. Екеуі бірін-бірі осы арада таниды. Әкесіне қол тигізгені үшін бала қатты ұнлып тұра қашады. Құтыла алмаған соң жер астына кіріп кетеді. Сондықтан қазақ ертегілерінде ақыр заман болған күні дажал – /фарсыша-даджал-анти мұхаммет/, есекке мініп шығады, күллі халықты қыра бастайды. Сонда аспаннан Ғайса пайғамбар түсіп, жер астынан Мәді келіп екеуі жабылып ұстап алады. Әлемді апаттан сақтайды – дегендер айтылады. Осы қысаның араб тақырыбына, Мұхаммет

---

[1] Дүлдүл – Әзірет-Алының тақымына басқан тұлпары, қазақ елінің болжамында Дүлдүл мен Зұлфықарды /қылышты/ құдай жіберген деседі. Шынында Эфиопия патшасы Мұхамметке силаған ат екен, ол Әзірет-Алыға береді.

[2] Арыстан деуі – Иран тілінде «шер» – арыстан деген сөз. Әли шер-Әли арыстан мағынасында /Саади «Гулистан» ГИХЛ. М–1957, стр. 30.

[3] Зейнеп – Мұхамметтің төрт әйелінің бірі. Саади «Гулистан». ГИХЛ. М. 1957, стр. 305.

пайғамбарды дәріптеуге құрылғанына күмән келтіру қиын.

«Мұғыраж»[1] атты қысада Мұхамметтің жеті қат көктің үстінде отырған құдайға шақырумен барғаны сөз болады. Мұны төрт періште фыраққа[2] мінгізіп апарыпты-мыс. Сонда барып қайтун сонша тез. Мұхаммет орнынан түрелгенде шапанның етегі қағып кетіп ожаудағы су ақтарылады, ал қайта оралғанда сол ожаудың ішіндегі су әлі түгел төгіліп бітпепті-мыс. Мұхаммет сол күннен бастап пайғамбар[3] атанған екен. Қысаның сөздері миға қонбауы өзіне басқа, бірақ осы тақырыптың араб дінімен байланысты екені айдан анық.

«Кербаланың жолі» /«Сайқалда» да кездеседі/ атты поэма бар, мұнда Құсайынның /Әзірет-Алының баласы, Мұхамметтің жиені С.Т./ 75 кісімен, бірге Жәзит[4] әскерінен өлуі /шәһит болуы/ әңгімеленеді, мұның алдында Әбу-Мүслімнің екі баласымен бірге Көпе /Куфа/ шәһәрінде жазықсыз қазаға ұшырауы толғанады. Ақыр соңында Исфаған /Асфаһән/ шәһәрінен Керкуданға /носорогқа/ мініп келіп, Мұхаммет Ханафия /қазақша Әнәпия-Әзірет-Алының бір баласы, Исфаған шәһәрінің сол кездегі патшасы / өлген ағасы Хұсайынның кегін алады, Омар – Сағитты жекпе-жекте өлтіреді. Сонда:

«Мұхаммет бу Ханифа білсең атым,
Жәһән, хайуанға мағлұм сифатым»

деп қарсы алдында тұрған Омар – Сағитты көздеп атады, табан астында көзін жояды. Қолбасшы Омар Сығиттың әмірімен Хұсайынды

---

[1] «Мұғыраж» жеті қат көк мәнінде болса керек.

[2] Фырақ – Зевстың «Пегасы» тәрізді ат болса керек.

[3] Пайғамбар – Иран тілінде екі сөзден құралады, соның бірі – «Пайғам» – хабар, ал екіншісі – «бәр» – әкелуші «бүридән» – әкелу, жеткізу деген етістіктен туған, ендеше «пайғам–бәр» – хабар әкелуші. /С.Т./

[4] Жәзит – орысша Иездигерд–мұны жыраулар бұзық адам етіп көрсетеді, дұрысында мұсылманнан шыққан алғашқы философ-ғалым екен. 680 жылы өлген. Мағауяның баласы, 3 жыл халифа болған /С.Т./.

бауыздаған Шымырға қарап Мұхаммет Әнәпия /Ханапия/ лағнат оқиды, төрт көз итке айналдырып жібереді. Бұл әңгімеде де сол мұсылман дінінің ізі сайрап тұрады.

«Заркум» қысасы да, «Мұхаммедия» атты кітап та бәрі сол ісләм дінін уағыздаудың сарынымен шыққан толғаныстар. Бұл тәрізді қыса, кітаптарды айта берсек таусылмас еді.

XIX ғасырдың аяқ шенінде жазылған қазақтың төл шығармаларында да араб дінінің әсері тайға таңба басқандай анық көрініп тұрады. Қазақ ауылындағы инабатты-діндар адамдар да сөйлеген сөздеріне арабтың, құранның түсініксіз бірдемесін қосарлап айтпаса өз сөзі мағынасыз да салмақсыз шығатындай көреді.

«Әуелі аят-хадіс сөздің басы,
Қосарлық жаббар алла келді арасы»...

деп данышпан Абай тауып айтқан ғой. Осы өлеңде айтылған «аят-хадіс, жаббар алла» бәрі де сол айтушылардың өздері түсінбейтін сөздер, әйтеуір құранның-пайғамбардың сөзі деп біледі. «Ләйлі-Мәжүн» атты поэма да арабтан келген тақырып. «Ромео мен Джульетадай» қайғылы уақиға дүние жүзінде жоқ» – деп Батыс елдері баяғыда-ақ айтқан болатын. Мұны мәңгіге шегендеп берген Уильям Шекспир еді /XYI ғасыр/.

Әрине, Шығыс елі «Ромео мен Джульеттаны» XIX ғасырға дейін білген де жоқ, оның «Ләйлі-Мәжнүн» атты өз әңгімесі ежелден келе жатыр /YII ғасырдан/. «Ромео мен Джульетта» Батыс еліне кең тарады, бірақ Шығысқа «Ләйлі-Мәжүннің» тарауынан көп төмен еді, «О, Ләйлә» деген сөзбен басталмайтын өлең, жыр кемде-кем.

XI ғасырдың орта шенінде Иран елінен шыққан жолаушы Насири-Хисрау; «Ләйлі мен Мәжнүн» жөніндегі әңгіме өте-мөте

қызық»[1] деген екен. Арабиядағы Танфа қаласының жанында бір заманда Ләйлі тұрған, ал кейін келе бұзылып қалған қорғанды маған бәдәуилер көрсетті» – дейді ол.

«Ләйлі мен Мәжнүн» туралы тұңғыш жазылған дастан әзербайжан ақыны Ілияс Низамидікі /XII ғасырда/. Орта Азияда Әлішер Науаидікі /XY ғасырда/, ал араб тілінде XII ғасырға дейін «Ләйлі–Мәжнүн» жөнінде дастан жазылған жоқ»[2] – дейді академик И.Ю.Крачковский.

Өзінің «Араб әдебиетіндегі «Ләйлі–Мәжнүн» атты повестің көне тарихы» деген көлемді еңбегінде И.Ю.Крачковский осы әңгіменің YII ғасырда бәдәуилердің Әмір-руынан шыққанын дәлелдейді. Оны Мәжнүн атты ақын жазды дегенді айтады. [3] /YII ғасырда атақты Кайыс ақын – Мәжнүн атанған екен» дейді Е.Э.Бертельс Совет дәуіріндегі ираннист /1890-1951/.

Осы «Ләйлі–Мәжнүн» уақиғасы қазақ халқының аузында ертеден бар. Өзіміздің төл шығармаларымызға да әсерін тигізгендегі байқалады. Мысалы, «Қозы-Көрпеш–Баян сұлу» қыссасындағы сияқты – Ләйлі мен Мәжнүннің әкелері де келісе алмайды, сөйтіп Баян сұлуды басқа біреуге ұзатпақ болады; Ләйлінің көретін күні де осы тәрізді.

Атақты ақынымыз Мұхамметжан Сералиннің «Гүл–Кашима» атты поэмасында да қосыла алмай арманда кеткен ғашықтың сарыны бар. Тіпті Мұхтар ағаның «Қаракөз» атты пьесасында /алғашқы вариантын айтып отырмыз/«Ләйлі–Мәжнүннің» ізі

---

[1] Насир-и Хисрау. «Сафар-намэ» – книга путешествия. Аудармасы және кіріспе мақала Е.Э.Бертельстікі. М.Л., 1933, стр. 173.

[2] И.Ю.Крачковский. Изб. соч., из-во АН СССР, М.-Л., 1966, т.II. стр. 588.

[3] Мақаланың аты. «Ранняя история о Маджнуне и Леиле в арабской литературе», жоғарыда аталған И.Ю.Крачковский кітабында /583-632 беттерін қараңыз. С.Т./

жатқандай, өйткені «Ләйлі мен Мәжнүн» де немере туыстар ғой, сондықтан қосыла алмаса керек-ті. Қаракөз бен Сырым да сондай немере туыс болатын, бірақ осылардың бәрі де, сарындас болғанымен, көшірме емес.

«Жүсіп-Зылиха» қысасы да араб діні арқылы тарады. Бұл «Жүсіп-Зылиха» құранда да, тәуретте де /Библияда да/ айтылады, бізге сол құран арқылы келген. Шынында, Жүсіп Тәуретте /Библияда/ – Мұса дінінің кітабында бар, сонан арабқа келіп Мұхаметтен бұрынғы пайғамбардың бірі атанады. Жүсіптің әкесін тәуретте Иаков деп атайды. Осы қысада – Жүсіпті ағалары құлдыққа сатып жібереді де әкесі Жақыпқа Жүсіпті қасқыр жеп кетті деп хабарлайды, ешкінің қанына малынған Жүсіптің көйлегін көрсетеді. Туған баласы Жүсіпті жоқтап жылаумен Жақыптың көзі ағарады – соқыр болады. Артынан әлгі қасқырға тіл бітіп, ағаларын әшкерелейді, өзінің жемегенін айтып өтірігін шығарады. Осы уақиғаның түп қазығы тәурет, одан құранға кірген де, бізге – құран арқылы сіңген, содан алынып, қыса болып қазақша шыққан.

«Тақ Сүлеймен» ертегісі де «Тәуретте» айтылатын патша Соломон. Мұны да араб елі Мұхаметтің алдындағы пайғамбарлардың бірі деп ұғады.

Қазақта «Қызыр Ілияс» жөнінде ертек бар, осындағы «Қызыр» мен «Ілияс» екі сөз бірігіп кеткен, екі пайғамбардың, соның бірі Қызыр – жолаушылардың жәрдемшісі, ал Ілияс – теңіздегі кемеде жүргенде апатқа ұшырағандарға көмек беретін пайғамбар, орыс еліндегі Николой Морской тәрізді, қазақта бұл екеуі бір әулиенің аты есебінде қабылданған. Осылардың бәрі де арабтан немесе жебірей елі – Мұса дінінен келген тақырыптар.

Бір кезде құранның астына күрсі қойып түске дейін сарнататын да, түстен кешке дейін шәр /шәһәр–қала/ кітабын оқытатын. Сонда ескі өзбек тілінде /Шағатай тілінде/, немесе Стамбулда басылған түрік тілінде, немесе татар тілі араласқан Қазанда шыққан «Мұхаммедияны», оған қосарлап «Сайқалды» да жүргізетін.

«Мұхаммедия» / «кітаби Мұхаммедия»/ 1855 жылы Стамбулда шыққан Челеби Мұхаммед деген кісі жазған екен. Бұл кітапта басынан аяғына дейін мұсылман діні, Мұхаммед пайғамбардың әулеті мен зауаты түгел мақталады. Осы кітаптың үшінші бетінде:

«Мәгер күнләр де бір күн әмри тағдыр
Отырмыштым Кәлибулиде сырра.
Кәлибулинің ол ғышықларинден,
Дірілдиләр келіп хатыма тұрра» [1]

деген өлең бар. Мұның қазақша мәнісі:

«Күндерде бір күн тағдырдың әмірімен,
Кәлибулиде /қаланың аты/ жасырын отыр едім.
Кәлибулидің қызғылықты әйелдерінен /құдайға
ғашық әйелдерінен/ біразы келіп,
қасыма тізіліп тұра қалды».

деген сөз екен /Челеби – Мұхаммет осы кітабында көрген түсін баяндайды [2].

[1] Әлгі кітаптың «Мұхаммедиямның» 3 бетінде.

[2] «Кітаби Мұхаммедия» /«Челеби Мұхаммед»/ 1273 жыл деп көрсетеді. Мұхаммед дінінің жыл санауы Мұхаммет пайғамбардың Мекеден Меднеге қашқан күнінен басталады, ол «қашқан күнді арабша «Хиджра» – деп атайды. Ал, Иса пайғамбар дінінің жыл санауынан «Хиджра» 582 жыл кейін /бұл академик И.Ю.Крачковскийдің айтуынша, бұдан басқа ғалымдарда 622 жыл болса керек, біз осы арада И.Ю.Крачковскийге сүйендік/. Сондықтан 1855 жылдан 582 жылды алып тастасаңыз тура 1273 жыл болып шыға келеді – С.Т./.

Молдадан мұны да түсінген тірі жан жоқ еді, бері келе Габдулла Тоқайдың мұсылман дініне қарсы жазылған «Сулы қадімше» /ескіше-қадимше/ атты өлеңінен кейін түсінікті болды. Ғабдулла Тоқай да осы өлеңінде өз түсін айтады, сонда өзінше былай толғайды, әлгі діни кітап «Мұхаммедияны» келемеждейді.

«Мәгер күнләр де бір күн әмри трактир,
Отырмыштым ки бір пивнойда сирра:
Колымни сілтедім фани жиһәнден.
Ауызда папирос, алдымда сыра,
Трактирларының ол ғашықларындән
Тізілділәр келіп хатыма тұрра» [1] – дейді.

Мұның мәнісі:

«Күндерде бір күн трактирдің /араққананың/
әмірі бойынша,
бір сырханада /пивнойда/ жасырын отыр едім
Жалған дүниеге қолымды бір-ақ сілтедім,
Шылым ауызда, сыра алдымда тұрды.
Трактирдің /арақхананың/ назды қыздарынан
біразы келіп қасыма тұра қалды» –

деп тебіренеді. Заты, Тоқайдың түсінде ұжаққа аттанатын мекені осы араққана болса керек. Дінді бұдан күшті келемеждеген шығыс халықтарында тірі де, өлі де жан жоқ тәрізді.

Қазақ халқына араб әдебиетінің неше түрлі жолмен келгені даусыз шындық, соның ішінде орыс тілі арқылы да кіргені бар. Орыс халқының араб елін зерттеуі XIX ғасырдың басында өрістеді. Одан бұрын арабтардың кім екенін орыс елі тани алмады.

[1] Ғабдулла Тоқай «Көңіл жемішләрі» – 1926, Қазан. 100 бет /Фатхи Бурнаштың беташарымен басылған екен /.

Мысалы, 1603 жылы патриарх Иов жазған әңгімеде «Июдеи же и Еллины, Скифы же и Латыня», «Аравития и Бессермены»[1] – дегендер айтылады. Осындағы «Июдеи» деп отырғаны Палестикалық жебірейлер, «Еллины» – гректер, «скифы» – қыпшақтар, «латыня» – латын елдері, «аравития» – арабтар, «бессермены» – деуі «бассұрмандар», бұлар өзгертіліп айтылған «мұсылмандар» дегені. Бұл толғаныстар араб әдебиетін, араб тілін, жете түсіне алмаудың салдары тәрізді.

Беделді де белді ғалым академик И.Ю.Крачковскийдің айтуынша Россияда арабистика-араб тану ғылымы В.В.Розеннен /1849-1908/ басталыпты, бұл В.В.Розен Октябрь революциясынан бұрын болған: Н.Я.Марр, В.В.Бартольд, С.Ф.Ольденбург, П.К.Коковцов сынды әлемге аян ғалымдардың сүйікті ұстазы екен. [2]

Бұлардан бұрын да бөгде тілдер арқылы арабтан орыс тіліне кірген сөздер болған. Мысалы, Н.А.Аристов пен П.М.Мелиоранский сынды ғалымдар «Арбат» сөзін /Москвадағы қонақ үйдің атын С.Т./ XIII-XIY ғасырларда «Алтын-Орда» қыпшақтары арқылы орыс тіліне кірді дегенді айтады. Ал «миткаль» /көздеменің бір түрі/, «кандалы» /кісен/ украйнша «кайданы» делініп, солардан шығып орыс тіліне сіңген екен. Ал, кездеменің тағы бір түрі французша «муар» атанады, бірақ москвалық тусьтерде «мухояр» деген сөз шығыстан баяғыда көп кіргенін ұмытып кетіпті де мына француздың «муар» дегенін малданыпты. Ендеше Россияға араб элементі «Алтын-Орда» кезінде кіреді де бері келе француз, неміс әдеби әсері арқылы қайта келе бастағандай. Расына келсек, орыс тіліне ертеде кірген арабтың ежелгі «муаяры ғой» [3], – дейді И.Ю.Крачковский.

Сөйтіп, бір тілден екінші тілге көшіп, онда өзгертіліп айтылып, артынан ескі орнынан алыстап кететін, тірі жан

---

[1] Академик Игнатий Юлианович Крачковский изб.соч.т.у, 1958, изд. АН СССР, Москва, стр. 13.

[2] Аталған кітаптың 9 бетіндегі эпиграфты қараңыз /5 март 1949 жылы Виктор Романович Розеннің 100 жылдығына жазылған екен. С.Т./

[3] И.Ю.Крачковский. Аталған кітап, 14-бет.

танымайтын халге жететін сөздер, сөйлемдер, шығармалар болады. Бұлар шу дегенде шеттен келсе де, біраз бойы үйреніп; сіңіседі де соңынан сол халықтың байырғы өз мүлкі болып кете барады. Оларды зерттейтіндер ғана кейініректе төркінін тауып айтып жүреді, алайда ежелден қалыптасқан жағдай өзгермей халық ұғымында шегенделіп қалып қояды. Мысалы, Москвадағы «Арбат» мейманханасын, оның төркіні «Алтын-Орда» сәудегерлерінің колониясы /«аялдамасы»/ еді деп осы күнгі жұртшылыққа ұқтыру қиын, баяғы «Арбат» – сол «Арбат» – мейманхана болады да тұрады.

Жеке сөздер былай тұрсын, тіпті күрделі шығармалар да, неше түрлі нақылдар мен ғылми трактаттар да араб елінен шығып басқа халықтарға мол тараған, соның ішінде орыс халқына да түсі-түрін өзгертіп келіп, байырғы өз мүлкіне айналып та кеткен. Мысалы, «Христиан дінінің алғашқы кезеңінде Киевтік Русь еліне «Варлам мен Иосиф туралы повесть» атты шығарма келген, бұл әңгіме Будда өмірінің бір тарауы еді, ол Индиядан шығып пехлевилік Иран тілі арқылы YIII ғасырда арабқа аударылған, соңынан грузин тіліне көшіп христиан дініне бейімделген. XI ғасырдағы грек аудармасы, өзінен бұрынырақ жайылып кеткен славян тіліндегі туындыға тиянақтайтын еді. Осындағы біраз нақылдар ілгеріде Бұлғар тілінде болғаны мәлім. 1182 жылы Кирилл Туровский ежелден белгілі орыс тілінің байырғы материалы есебінде өз әңгімесіне өзек етіп алған, XIII-XIY ғасырларда мұның аудармасы Русь еліне қолжазба күйінде тараса керек-ті. 1681 жылы осы повесть Москвадағы «Жоғарғы типографияда» /«Верхняя типография»/ С.Ушаковтың гравюрасымен басылып шықты, ал ақын Симеон Полоцкий осы басылуына өзінің өлеңін – «Иосафтың сахараға кіруі» деген монологын қосып жіберген. Артынан, 1708 жылдарда Бірінші

Петрдің қарындасы – Наталья Алексееваның театрында «Варлам мен Иосаф» жөніндегі пьеса қойылған. Бұл тіпті XYIII ғасырда да әлденеше рет көшіріліп, талай-талай өзгеріске ұшыраған повесть. Сөйтіп, дүние жүзіне араб аудармасы арқылы тараған шығыстың гүлі бөгде ауа райына кездесіп, өзінің ежелгі кейіпін өзгерткен екен»,[1] – деп толғайды академик И.Ю.Крачковский.

Арабтың бір сөзі әр заманда әр елден келіп, не Батыстан, немесе Шығыстан енеді де өзінің көне қалпын өзгертіп неше алуан саққа жүгіреді. Өредік сөздерді қойшы, тарихи өзекті ескерткіштер де осындай күйге ұшырайды. Ал енді XYIII ғасырда «Данышпан Пильпайдың мысалдары» деген кітап француз тілінен орыс тіліне аударылған, бірақ мұның Москвалық Русь еліне ежелден мәлім «Стефанит пен Ихнилат» екенін /баяғы «Кәлилә мен Димна» екенін/ оқырман жұртшылықтың бір де біреуі ұғына алмай қалған екен, »[2] – дейді тағы И.Ю.Крачковский.

Айта берсек мұндай «қозы қоспай» адасулар толып жатады. Тіпті, беріде «еврей тілінде шыққан «Логика Авиасафа» деген кітаптағы «Авиасаф» есімінің «Абу-Насыр» екенін ұғып, атақты Шығыс тану ғалымы П.К.Коковцов мұның әлемге әйгілі X ғасырдың философы Әбунасыр – әл – Фараби екенін ашқан болатын»,[3] дейді ол. Сонда ғалым П.К.Коковцов жебірей тілінде «р» дыбысының жоқтығынан «Әбунасыр» – «Авиосаф» атанды деп дұрыс топшылайды. «Араб Әдебиетін, араб тілін зерттеуге шұғылдану Россияда Петр заманында да болды. 1722 жылы Еділ өзенін жағалап Петр Персияға жорыққа аттанды, сонда »

[1] Академик И.Ю.Крачковский. Избранные сочинения, изд. АН СССР, т.5, М-Л., 1958, стр. 25-26.

[2] Аталған кітап, 26 бет.

[3] Сол кітаптың 28 бетінде.

Еділ бойында ойранға ұшыраған булгарлар /шуваш, башқұрт, татарлар/ моласына араб, татар, армян тілінде жазылған ескерткіш сөздерін көшіртіп алып, елу шақтысын орысшаға аудартқан еді. Осы тапсырманы орындағандар Ахун Кадырмамет Сүйіншәлиев [1] пен Юсуп Ижбулатов және армян адамы Иван Васильев еді» [2] дейді Крачковский.

Бұған қарағанда араб мәдениетін зерттеу орыс халқына, әсіресе, Бірінші Петрге қандай мақсатпен керек болғаны айқындала түседі. Заты, көршілес екі халық бірін бірі анық біліп отыруы керек екенін байқатады.

Қалайда араб әдебиетінің зерттелуі орыс тілінде XYIII ғасырдың өзінде де бір талай сатыға жеткен тәрізді. Ол заманда дұрыс түсінгендер де, теріс баққандар да болса керек. Мысалы, Г.Я.Кер /1692-1740/ деген аудармашы-ғалым 1724 жылы араб цифрларының Индиядан келгенін дәлелдепті, ғылым тарихында оның осындай дұрыс айтылған пікірі өзінен көп кейін бағаланыпты да қабылданыпты. Ол ғалым – Г.Н.Кер өлерінің алдында – 1735 жылдар шамасында Абу-л-Ғазының «Родословное древо тюрков» деген кітабын шағатай тілінен аударды, Ғылым академиясының конференциясында – Самарқанд обсерваториясында жасалған Мұхаммет Тарағай Ұлықбектің астрономиялық кестесін латын тілінде оқып шыққан екен[3]. Сонымен қатар, 1769 жылы «Поденщица» атты Василий Тузов шығарған сатиралық журналда араб, фарсы, түрік, татар сөздерін орыс тілімен салыстырған мақаланы

[1] Сюнчалиевті – А.А.Баскаков «Сюнгалеев» деп оқиды, ал дұрысы Сүйіншәлиев болу керек /С.Т./ Н.А.Баскаков «Введение визучение тюркских языков». Гос.издат. «Высшая школа» м. 1962, стр. 13.

[2] Аталаған еңбектің 32 бетінде.

[3] И.Ю.Крачковский, 5 том, 36 бетте.

да ұшыраттық, сонда арабтың «харам» сөзін орысша «храм» мен, «қажыны» – «ханжамен» қосақтайды, бұлардың, мүмкін, алыс та болса, ауыс-түйісі бар да шығар, ал енді арабтың «есім» деген сөзіндегі «с» әрпі бері келе түсіп қалып, орысша «имь» болып, соңынан «имяға» айналған екен деуі өте сорақы байлам» [1] дейді академик И.Ю.Крачковский.

Қорыта айтқанда, араб әдебиетін, тілін зерттеу дүние жүзіндегі елдердің бәрінде де болған, соның ішінде орыс халқында да көптен бар екенін дәлелдеу еді. Оның үстіне араб әдебиетін орыс халқы сын көзімен қарап, қажетін алып, керексізін тастайды, әйтеуір терең зерттеп түбегейлі ұғынуға тырысады. Орыс халқы ісләм дінін, араб тілін «соқыр» қабылдаудан аулақ еді, өйткені осы қарсаңда бұл орыс елінің мәдениеті марқайған, талай тәперішті көріп жетілген, ысылған болатын. Оған қосымша қай дін болса да, көрсе қызарланып таңсық көруден, алабұртудан алыстаған, тоқтасып тоқыраған халық болатын. Тағы ескерте кетелік, орыс халқы шығыстан келген шапқыншылықтарды – әсіресе монғолдардың зорлық-зомбылығын басынан көп кешірді, сондықтан шығыстан мүлде түңілді де бетті батыс мәдениетіне бұрған болатын.

Ал, араб әдебиетінің қазақ еліне жасаған әсері мүлде басқа. Біздің қазақ елі араб халқымен қоян-қолтық алысып, көзбе-көз сөйлесіп, көрші отырысып көрген емес. Біз араб әдебиеттік өзгелерден үйрендік, араб тілін бітеудей қабылдадық. Арабтың «алгебра, алкоголь, зенит, химия /алхимия/ адмирал, изафет, магазин» деген сөздерін біз орыс сөздері деп келдік» [2] өйткені

---

[1] И.Ю.Крачковский, 5 том, 49 бетте.

[2] Л.З.Рустамов. «Арабо-иранское заимотребование в казахском языке» Автореферат, кандидат.диссертации, Алма-Ата, 1963, стр. 4. /Р.Ю.Виппер «История средних веков». Издания МГУ.М. 1947, стр. 130. /Жоғарыда көрсетілген араб сөздерінің Батыс-Европаға ауысқанын айтады. /С.Т./.

оларды орыс тілі арқылы білуіміз де рас болатын.

«Алланы» /құдайды/ – бір, «құранды» шын деуден өзге – еш нәрсе болмады. Ол – Алла қай жерде тұр, не істеп жүр екен деу күнәға бату, дозақ отына күю болады деп үйретті. «Құдай – онда да, солда да, алда да, артта да жоқ, ол мекенсіз /лә-мәкән/, ол – барлық жерде /везде-сущий/ жүреді» – деп танитынбыз. Міне, бұл соқыр сену /фанатизм/ еді. Қазақ халқына көп жайылған, ауыздан ауызға көшіп айтыла беретін ән бар еді, соның аты «Қорлан» болу керек.

«Құранда бір аят бар – Хазірет Ясин,
Кім жаман болсын дейді жар жолдасын.
Тақтайда ләуһіл-махфүз жазбаған соң,
Ей құрбым, оның несін қайғырасың?! –

дейтін. Осы шумақта тұрған: «Құран» /фарсыда «фурқан» – ақты қарадан айыру мәнінде, қазақтағы «парықы, фарықы-айырмасы» – деген сөз бәрі бір түбірлес тәрізді/, «аят», «хазірет», «ясин», «Леуһіл-мағфуз» деген сөздерді айтушы да, тыңдаушы да ұғынбайды және ойдың кілті де оларға тірелмейді, бұлар тек «жатып ішер» /«слово паразиты»/ бос сөздер тәрізденіп жүре береді.

«Әуелі аят, хадіс сөздің басы,
Қосарлық бәйтсымал келді арасы»... – деп

Абай біліп айтқан ғой.

Бері келе қазақ елінен араб әдебиетін, дінін терең зерттеген, жете білуге тырысқан оқымысты адамдар шықты. Олар араб еліне барып, мекке ден Мединеге тәуіп етіп, қажы болып қайтып жүрді. «Ләйлі–Мәжнүн» поэмасы араб тілінен аударылды.

«Ләйлі–Мәжнүн» поэмасы араб тілінен аударылып, 1923 жылы «Шолпан» журналына басылды[1].

Орны келгенде ескерте кетелік, сол кезеңде – қазақ тілінде жазылған поэмалар болды. «Мұңлы Мәриям», «Бақытсыз Жамалдар» – жайылды. Араб тілінен, әдебиетінен хабары жоқ, орыс тіліне – әдебиетіне бейім авторлар, әлгі поэмалардағы махаббат сарынын европалық ұғымға шендестірді. Дәлірек айтсақ, «Бақытсыз Жамалда» /күйкілеу берілсе де/ Л.Н.Толстой әңгімелерінің кейбір ырғақтары сезіліп тұрады. Л.Н.Толстойдың бір әңгімесінде мойнына қызыл орамал /косынка/ байлаған қыз боранда ығып өледі, сонда бірнеше күн соққан боран толастап ашылады да бір бұтаның басына ілініп қалған қызыл орамал табылады.

Бұл әңгіме оқырманды толғантады. Қыздың өлгенін өз тұсынан ойлап табуға баулиды, ал «Бақытсыз Жамалдың» бетін бірнеше күн соққан боран да жасыра алмайды, жолаушылар үстінен шығады. Әрине, авторға да оқырманға да бұл өте жеңіл, бәрі даяр, ойланудың орны жоқ. Әйтеуір жазылып жарық көргеннен ешбір зиян тиген де жоқ.

Араб тілінен ауысқан «Ләйлі–Мәжнүн» поэмасында ұшырайтын махаббат ырғақтары қазақ халқының төл әдебиетінде біраз орын тепті.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиеті екі елден нәр алды, ескі азаматтары араб ориентациясында болды да, кейінгілер өзекті Европа әдебиетіне – орыс әдебиетіне бет бұрды. Осы кейінгі бағыт күшейді де араб әсері ығыса түсті. Сонда да болса ілгеріде орын тепкен араб әдебиетінен ауысу да аз болған жоқ. Алайда, араб әдебиетінің әсері бізден гөрі Орта Азияда –

[1] Мұны Ташкентке алып келіп жариялатқан Мұхтар Омарханұлы Әуезов еді. Мұхтардың алғашқы әйелі Мағауияның қызы, Мағауия Абайдың баласы, ал Шәкәрім Абайдың ағасы Құдайбердіден туады, ендеше Шәкәрім Құдайбердіұлы – ақын Абайдың немере інісі. Мұхтардың атасы – Әуез – Құнанбайдың үзеңгілес досы, оның баласы Омархан Абайдың досы, бәрі бір ауыл – бір бауыр боп кеткен азаматтар. /С.Т./.

өзбек елінде күшті. Осы арада өзбек елінің арабқа жақын көрші ел екенін еске алып отырмыз. Бірақ түрікпен елі тіпті жақын тұр ғой, сонда да түрікпен мен қырғыз елдерін өзбекпен салыстыруға болмайды, тіпті Сыр-Дарья, Жетісу бойында тұрған қазақтармен салыстырғанда да араб әсері олардан күшті. Осының себебін зерттегенде мынадай жорамалға килігетін тәріздіміз.

Біріншіден: Баяғыда Күтәйбе ибн Мүслім 705-715 жылдары Хорасаннан келіп Бұхараны, одан Самарқанды алды, бірақ Андижан, Ферғана, Қоқанд уәлаяттарын түргеш ханы – Сұлу хан араб басқыншыларынан қорғап қалды, ол Шашты да /Тәшкенді де/ арабқа бермеді. Сұлу ханның ордасы Суябта /«Су жап»/ Шу алаңында Таразда болатын. Х ғасырға дейін араб діні Сыр-Дариядан бері аса алмағандай, өйткені «арабтар ол кезде шабуылға шықпады, ылғи қорғаныста болды, тіпті Шу өзеніне таянған да жоқ» [1] – дейді В.В.Бартольд. Сұлу ханды 748 жылы арабтар өлтірді, оны араб-фарсылар «Әбу Мұзақым» /«бұзақылардың әкесі»/ деп атаушы еді.

Өзбек тілінде араб тілінен ауысқан сөздердің көп болуы онда – Саманидтер тұсында да, Қараханидтер дәуірінен кейін де араб тілі – әдеби тіл болды. Өзбек ана тілінің өз правосын алуы Ақсақ Темір билеген кезде еді. «Іс қағаздары, көпшілік алдында сөйлейтін сөздер тек қана түркі тілінде болсын! Арабша жазған немесе сөйлеген адамның басы сол тұрған, отырған жерінде алынсын!»[2] – деп, жарлық жариялады Темір. Сөйтсе де өзбек тілінде ілгеріде орын тепкен араб-фарсы тілдерінің әсері көп болуы заңды.

[1] Акад. В.В.Бартольд. Соч.том 5, стр. 45.

[2] Арминий /немесе Герман/ Вамбери «Очерки Средней Азии», М., 1868 г. стр.111.

Түрікпен халқының жағдайы мүлде басқа, ол – көшпелі ел еді, сондықтан бері келгенше Махум Кули мен Молла Кеминеден басқа сауатты азаматтары да некен-саяқ болып келеді. Қырғыз елі осы күнгі мекеніне кешірек келгендей. Оларда жазу-сызу мәдениеті көп уақыт жолға қойылмағандай», – деседі.

Алтай өңіріндегі ісләм дінінде жоқ түркілердің тілінде араб-фарсыдан барған 25-ақ сөздің болуы да осыған айғақ. Оның өзінде де араб-фарсы керуендері апарды ма, жоқ, мына көрші отырған ісләм дініндегі түркі елдері жеткізді ме, әлі күнге анықтала қоймағанын ілгеріде де көрсеткен болатынбыз. Екіншіден Шыңғыстың немересі Бати /орысша Бату/ хан шабуылға кіріскенде 1241 жылы монғолдың қаһарынан /Батидан/ қорыққан «Алтын Орда» қыпшақтары /половцы/ Венгрияға жер ауыпты. Осы қашқын топтың басшысы Кәтән хан екен, Венгрия королі оларды жақсы қарсы алып Паннони өңірінде көшіп-қонып жүруіне ұрықсат еткен. Венгрия королінің бұл қылығына ашуланып Батый мынандай хат жіберген: «Сен менің құлдарымды – күмандарымды /қыпшақтарды/ қол астына алып сақтап отырсың... Бұйырамын саған, оларды асырап-сақтама, солар үшін мен жау болып жүрмейін саған! Есіңде болсын, сенен гөрі қашып құтылу күмандарға оңай, оларда үй де, күй де жоқ, шатырға паналап көшіп кете алады, ал сенің мекен-жайың, салған сарайың, қалаларың бар, ендеше менің тегеурінді білегімнен құтыла қою өзіңе қиын тиер», [1] – деп ескерткен екен.

Ендеше, бір елге екінші ел тиісіп, өзіне қаратып алуға келгенде тырнақты, алдымен, қалаларға, орнықты мекені бар елдерге салатын сияқты. Сондықтан көшпелі түрікпен, қарақалпақ, қырғыздардан бұрын – Хива /Хорезм/, Бұхара, Самарқанд,

[1] Г.А.Федоров-Давыдов. «Курганы, идолы, монеты» изд. «Наука», М., 1968, стр. 87-88.

Ташкент/, ескі Шаш-кент/ Отырар, Түркістан, Тараз /қазіргі Жамбыл/ тәрізді қалалары бар елдерді бұрынырақ келіп қамауы заңды. Бұған тарихтың өзі айғақ. Үстіміздегі заманадан әлде неше ғасыр бұрын келген Іскендір Зұлқарнайын бағыты да осылай: Тіпті бергі заманда /XII ғасырда/ Шыңғыс хан келсе де өршелене қиратқан қаласы, қызыққаны Отырар қаласы ғой. Сонан соң Шыңғыс ханның Жошыны /үлкен ұлын/ Хорезмға /Хиваға/, Шағатайды /ортаншы ұлын/ Ташкентке қоюы да белгілі емес пе? Астанасыз айдалада көшіп-қонып жүрген елді қудалаған ешбір шапқыншы болмаған сияқты. Ендеше, әсер алу – араласудан туады.

X ғасырдың басында /921/ Еділ бойындағы Булгар елінен /татар, башқұрттар/ Бағдаттың Халифасы Мухтадирге Абдулла ибн Башту /лақап аты Хазарин/ елші боп барды. Ол – Болгар ханы Әлмұсадан [1] орыс тарихында Алмуш атанады С.Т./ хат апарды. Сол хатта: «мұсылман дінін қабылдаймын, сондықтан ісләм дінін уағыздайтын, мешітте құтпа /дұға/ оқитын ғұламалар жіберуінді өтінемін», – деп жазған Әлмұса, осы хатқа Мұхтадир халифа қатты ырза болған, өйткені Әлмұса – тәрізді мықты хан арқылы терістікте жатқан елдерді, мұсылман қалаларын, хорезмдіктерді, Сырдария бойындағы ешкімге бағынбайтын тентек гуздарды /оғуздарды – түркмендерді/, жауынгер халық-русьтерді /орыстарды/ өз аузына қаратып алу жөнінде тиянақ етуді көздеді.

Мұхтадир халифа 921 жылы 21 июнь күні Әлмұсаға елші жіберді. Осы елшінің хатшысы болып оқымысты араб – Ахмед ибн – Фалдан кетті. Олар Бағдаттан шығып, Бұхара, Хорезм, үстірттегі

[1] Болғар ханы Әлмусәні ибн Фалдан – «Ал.м.с.»; ибн Русте «Ал.м.ш.» Бекри «алтид»; Гардизи «Алман» – деп әр түрлі атайды. /В.В.Бартольд. Сочин.5 том, Из-во. «Наука», М., 1968, стр. 511.

гуз/оғыз/ ұлыстары, жауынгер печенегтер /қыпшақтар/ арқылы Еділ бойындағы Әлмұса ханның астанасына – Болғарға 922 жылы әрең жетті[1]. Ол заманда Еділ бойында Сувар /немесе Суваз/ Булгар, Итиль /Еділ/ тәрізді ірі қалалар болған екен.

Әлмұса ханның қол астындағы Суварлардың /немесе Суваздардың/ біразы мұсылман дініне кіруге көнбей көше жөнелген, олар барып Кама өзенінің жиегіндегі Елабұға /немесе Алабұға С.Т./ қаласына, оған жақын тұрған «Сайтан» қаласына барып орныққан екен. /Заты, осылар шуваштар болса керек-ті С.Т./ Әлмұса ханның тұсында шуваштардың, «Кереметь» деген сарайы болыпты. Осы айтылғандардың қазір жер бетінде бір де бірі жоқ. Бұларды жердің астынан тауып алып, зерттеп, дәлелдеп жүрген Г.А.Федоров-Давыдов тәрізді археолог-ғалымдар.

Сөйтіп, осы ғалым табыстарын тиянақтай айтсақ, араб әдебиетінің дінінің, қай елде, қай жерде күшті болғаны, оның негізгі себептері айқындала түсетіндей. Заты, сырттан келген бөгде «қонақты» ең алғаш түскен үй басқалардан көрі еркін таниды ғой. Болғар елінің сапына шуғаштарды қоспауымыз В.В.Бартольдтің пікіріне қосылуымыздан. Оның айтуынша: 1) орыс халқы 1551 жылы шуваштарды дінсіз ел деп танығаң /язычник/ екен: екіншіден – шуваштарда мұсылман елдерінен ауысқан сөздер бар, бірақ бөгде мағынада қолданады, мысалы қасқырға өмірін жүргізетін құдайды «пихампар» / фарс.пайғамбар; пророк/ өлген кісінің жанын «киремет» /араб. «карамат» – чудо/ деп атайды. Осыны тіл маманы – ғалым Н.И.Ашмарин келтіріпті. «Егер шуваштар Еділ бойындағы Болгарларға жататын болса, онда қала тұрғындары болар еді, ел қалада

[1] Академик В.В.Бартольдтің айтуынша, осы елші ...ибн Фалдан арабша Сафар айының 11 күні; Хиджра есебімен 309 жылы немесе жексембі күні Хиджра есебімен 310 жылы немесе 12 майда 922 жылы Еділ бойындағы Бұлғар астанасына жетіпті/ аталған В.В.Бартольд кітабының 910 бетінде/.

тұрып мынадай сөздерді ата-бабаларынан үйренген болса, онда осынша теріс бағып, жабайылыққа айналмас еді, мұсылман елінде мұндай тағылықты ұшырату мүмкін емес. Ендеше осы күнгі шуваштар қала тұрғындары емес, ағаш ішінде өсіп, өнген, қаладағы мұсылман мәдениеті бойына дарымаған халықтар» [1] – дейді, акад. В.В.Бартольд.

Қыпшақтарды Батыс Европалықтар қоман /«Кодекс–Куманикус» XIY ғасырдың ескерткіші – ең алғаш неміс тіліне аударылған ғой С.Т./ деп атайды, ал кейде «половецтер – печенегтер» деп атаған. Қалайда Әлмұсаның X ғасырда мұсылман дінін қабылдауы анық тәрізді. Ол кездегі қыпшақтардың күшті болуы да даусыз, мысалы, XI ғасырда Византия ғалымы Феофилакт Болгарский: «Печенектердің шабуылы жайдың оғындай, ал олардың қашып құтылуы ауыр және жеңіл: ауырлығы сол – олардың олжасы көп, жеңілдігі сол – қашуы жылдам. Тарпи бас салғанда үнемі, ешбір із-түзін, хабарын білдірмейді, ал қашқан мезетте кейінгі жұрттың естіп-білуіне мүмкіндік бермейді. Негізінде – олар бөгде елдерді ойранға ұшыратады, ал өзінде мекен жоқ... Бейбіт өмір оларға бақытсыздық, ал соғысуға немесе біреуді кескілеуге ыңғайлы жағдай туа қалса қуанғаннан қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болады. Пәленің ең үлкені сол, олардың /қыпшақ, куман, половец, печенектердің/ көптігі көктемде быжынаған арадан да анағұрлым астам, олардың мың немесе неше он мыңдаған әскері барын әлі де ешкім біле алмайды», [2] – деп жазған екен.

Ендеше бір елді екінші ел аузына қаратқанда ең алдымен ірі қалалары бар, тұрақты отырған елге /жерге/ көз салатыны

[1] Акад. В.В.Бартольд. Соч.том 5, М., 1968, стр. 520.

[2] Г.А.Федоров-Давыдов. «Курганы, идолы, монеты» изд. «Наука», М., 1968, стр. 48.

анық тәрізді. Арабтар да жолшыбай үстіртте көшіп жүрген гуздарға /оғыздарға – түрікмендерге/ аялдамай Еділ бойындағы Булгар, Сувар қалаларына өтіп кетуі осыған дәлел. Башқұрт деген сөздің «башы» – бас, «құрты» – қасқыр деген мағына береді, академик В.В.Бартольд та осылай түсіндіреді. Ендеше Башқұрттың «бас қасқыр» атануы да сол ерте отырықшы ел болып, үлкен қалалар, қорғандар салып, мықты бекінуінде ма қалай деген ойға келеміз.

Ал ендігі айтарымыз, мына бір елді екінші ел шауып жаншып билегенде, қылыштың дүзі, мылтықтың дүмімен билеу орашолақтық тәрізді, артында терең із қалдыра алмаса керек.

«Монғол шапқыншылығы монғол елінің тағдырынан гөрі түрік халқының көркею жағдайына көп әсер етті. Монғолияның батысында құрылған монғол мемлекетінің тілі бірте-бірте түрік тіліне айналды. Шыңғыс хан патшалығына зор-зор үш мемлекет бағынды, соның бірі – Орта Азияда, екіншісі – түстік Россияда, үшіншісі – Персияда болды; монғол дәуірінде осы мемлекеттердің әскері – түрік руларынан, ұлыстарынан, бүтін халықтарынан құралды да – бәрі де монғол атанды», – [1] дейді академик В.В.Бартольд.

Осыған қосымша тағы бір тиянақты пікірді ұсынып көрелік. Мысалы, 240 жылдай орыс халқының басына әңгір-таяқ ойнатқан монғолдар еді, олар орыс тілінде ешбір із қалдырмады, «Екі ғасыр бойы татар /монғол/ шапқыншылығы зар илетсе де біздің ата-бабамыз орыс құдайына өз тілінде дұға оқыды. Өркөкірек, озбыр, жауыз әкімдерді өз тілінде қарғап-сілеп, біріне-бірі өздерінің мұң-мүддесін өз тілінде шертті» [2] – деп А.Пушкин

[1] Акад. В.В.Бартольд. соч.т.5, изд-во «Наука», М., 1968, стр. 211.

[2] Соч. А.С.Пушкина, с обьяснениями т.5, М.-П., 1887, стр. 20/ ..и предки наши, в течение двух веков, стоная под татарским игом, на языке родном молились русскому Богу, проклинали грозных властителей и передавали друг другу свои сетования».

тауып айтқан болатын.

Бір кезде А.С.Пушкин: «Г.Лемонте напрасно думает, что владычества татар оставило ржавчину, на русском языке. Чуждый язык распространяется не саблею и пожарами, но собственным обилием и превосходством» [1] – деп тағы пысықтай түскен екен А.С.Пушкин.

Бұлғар, татар, башқұрт тарихтарын революциядан бұрын да татар тілінде зерттеген ғалымдар болған, келешек буын олардың еңбектерін де пайдалануы қажет.

Олар – Ғайнулла – Ахмеров[2], Г.Баттал[3], Ибрагим Хальфин бин Исхақтар[4] еді.

Жоғарыда айтылған ойдың шындығын шегелеу үшін енді бір дәлел келтірсек те көп болмас.

«Индияны – арабтар, түріктер, монғолдар бірінен соң бірі келіп шапқанда, өздері сол жергілікті халықпен араласып кетті де соның әуеніне айналды, ассимилизироваться етті» [5] – К.Маркс.

Осы күнге дейін қазақ халқы туралы әрбір ғалымдар әр жағдайда неше алуан пікірді айтқанымен, қазақ халқының ұзақ ғасырлық тарихын түбегейлі зерттеп, арнайы айтылған қорытынды тұжырым аз тәрізді. Сондықтан, өзіміздің осы зерттеу еңбегімізде, әліміз келгенше, тарихтың ұзын бойында қазақ халқы қандай елдермен қарым-қатыс жасағанын, қашан жасағанын, нендей олжа тапқанын, әдебиетінде, тілінде қандай іздер қалғанын айтып өтуді парыз көрдік. Сөйтіп, табыстардан табыстарға жетіп,

---

[1] А.С.Пушкин. т.XI, 1937, стр. 32.

[2] Гайнулла Ахмеров «Болгар тарихы» – Қазан, 1912 ж. /араб әрпімен жазылған/.

[3] Баттал Ғ. «Татар тарихы» – Қазан, 1917.

[4] Ибраһим Хальфин бин Исхақ – «Ахуали Чингиз хан уа Аксак Темир тарихлари». Қазан /1769 жылдан бастап Қазанның Бірінші гимназиясында Хальфиндер династиясы сабақ оқытқан, соның біріншісі Сагит Хальфин, екінші – оның баласы – Ысқақ Хальфин, сонсоң немересі осы Ибрагим екен. /См.кн.Н.А.Баскакова «Введение в изучение тюркских языков». Гос. из-во. «Высшая школа», М., 1962. стр. 16.

үдере өсіп келе жатқан бағдарын баяндап келеміз.

Тілді халық жасайды, тіл мамандары сол халық тілінің нормаларын жіліктеп, заңдылығын ашады, ал әдебиетшілер сол халық тілінде өздерінің мәңгі өлмес еңбектерін жазып қалдырады. Бәрінің де бағынатыны халық тілі, ал халық тілінде өткен өмірдің тарихи таңбасы тұрады. «Ой-пікір үнемі өз халқының денесімен тығыз байланысады, оның тігісі көрінбейді» [1] – дейді К.Маркс.

Біз тіл мен әдебиетті бірінен бірін ажырата қарамаймыз. Екеуінің түп қазығы бір.

Араб тілі мен әдебиеті қазақ еліне қай жақтан келгені айтылды. Екі ұдай соққан лептің тарихи беті ашылғандай болды. Негізінде, араб мәдениетін қазақ елі алыста жатып білгені, көрші елдердің бізге көп нәрсе әкелгені баяндалды.

Араб тілінен басқа елдерге ауысқан жеке сөздерді зерттегенде көзге оқшау көрінетін жәйттер бар, мысалы, араб пен фарсы тілдерінде жүрген ортақ сөздердің жігін айыру қиын. Бұл пікірді бізден бұрын да талай ғалымдар айтып кеткен екен. Өйткені бұл екі тіл ежелден бас қосып, мидай араласқан ғой. Осыдан мың жыл бұрын, былай айтқанда YIII ғасырда фарсылар араб дініне кіре бастады. Фарсыда мұсылман дінінің екі /сектасы/ /саласы/ қазірде де бар. Соның бірі суниттер – бұлар Мұхамметке табынады, ал шеиттер Әзірет Алыға /Әлиге/ бағынады. Екеуі де мұсылман дінінде. Олай болса араб тілін, дінін Орта Азия елдеріне фарсылар-сағдияндар әкелуі де мүмкін, ал кейініректе – Әбу-Мүслім, ибн Кутейба тұсында, Хорасан, Мары, Бұхара, Самарқанд

[1] К.Маркс и Ф.Энгельс.соч.XXYII, стр.88, в письме Зигфриду Мейэру, от 21 января 1871, «Умы всегда связаны невидимыми нитями с телом народа»/.

шәһәрләрі күшейген заманда ісләм дінін ирандықтар «Бұхара и Шәрифтен» / «Священная Бухара» С.Т./ қайыра алуы да ғажап емес, өйткені Мекеден кейінгі мұсылман дінінің тұрлаулы орталығы «Бұхара – и шәриф» болғаны анық. Сондықтан да Орта Азияға ісләм дінін таратушылар – Қараханидтер, Саманидтер, Махмуд Ғазнауи, оғыз сұлтандары мен хорезм шахтары болғаны да өтірік емес.

Сонда да кей бір фарсы сөздері сонау Соғдияндар /бұлар Орта Азияға үстіміздегі дәуірден әлде қайда бұрын келген ғой/ тұсында келген тәрізді.

Түбегейлі айтарымыз, қазақ елі араб дінін қаусыра меңгермеген, іші-тысына түгел жете түсінбеген ел. Тек сырттай дарыған, қазақ елі тек мына жеке сөздерін бітеудей алып пайдаланған сияқты. Түсініксіз араб дінінен көрі, қала тіршілігіне, мешіт-михрабтарға бейімделген мұсылман дінінен көрі, ежелгі көшпелі тұрмысқа жақынырақ тұрған, табиғат құбылысына ылайықталған шаманизм – тәңріге табыну діні күштірек сақталғандай.

Қазақтар «құдай сөзі» атанған төрт кітапты да біледі: «Зенд–Авестаны» /көне иран тілінде жазылған Зороастра дінінің кітабын/ «Забур» деп атайды; жебірей тілінде жазылған Мұса дінінің кітабын «Библияны» – «Тәурет» деседі; христиан дінінің, Иса пайғамбардың атын жамылып шыққан «Евангелия» – кітабын – «Інжіл» дейді; ал ең соңғы шыққан «Иса дінінен 622 жыл кейін, араб тілінде пайда болған дін кітабын «Құран» деп ұғады. Кейде құранды «Кәләм шәриф» /«әулие сөз»/ деп те атайды. Бірін-бірімен салыстырып, сын көзімен қарап зерттеген де емес. Ендеше, қазақ халқы, шын мағынасында діндар–фанатик ел болмауы да осыдан шығар. Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радловтар айтқан болжамдар да

осы жағдайларға тиянақтаса керек-ті.

Алайда, мұсылман дінінің қазақ еліне көп көмегі тиді, көшпелі елге – моншасы жоқ елге бес қайтара намаз оқытты, бес рет жуындырып – дәрет алдырды, тазалыққа үйретті, сөткесіне отыз екі рет иілдіріп, бүгілдіріп дене шынықтыру жасатты, /Таңертеңгі күн шығар алдында оқылатын намаз «бамдат» – «төрт бас», түскі намаз «бесін» – «он бас, кешкі күн батар алдындағы намаз «намаздыгар», «төрт бас»/, күн батқаннан кейін оқылатын намаз – «ақшам», «бес бас», түн ортасында оқылатын «куптан» намазы «тоғыз бас» – бәрін қосқанда бір тәулікте «отыз екі бас» намаз міндетті түрде оқылады/. Бұл дене шынықтырудың үлкен әдісі тәрізденеді, заты, ең әуелде Мұхаммет діні де көшпелі – құмда кезіп жүрген бәдәуилерге арналған болу керек те, бері келе Мекке мен Мединедей шәһәрлерде қала тіршілігіне жақындай түскен сияқты.

ЕКІНШІ ТАРАУ
II. ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ БӨГДЕ ХАЛЫҚТАРМЕН ЖАСАСҚАН ТІЛДІК ҚАРЫМ–ҚАТЫСЫ:

I. Қазақ тілінің иран тілімен байланысы

«Мысль относится к слову,
как душа к телу, а слово
к мысли, как тело к душе,
т.е. слово есть покров,
одежда, форма, выражение
мысли, а мысль есть смысл,
разум, значение слова».
В.Г.Белинский.

Әрбір халықтың тіл қорында толып жатқан сөздер бар. Осы сөздердің шығуы – ойдың-ойланудың тууына байланысты. Адам ойлана бастағанда – сөйлей бастайтын тәрізді. Тағылық дәуірінде – балаң кезінде әр бір елдің сөз қоры да аз болған. Тілдің баюына – сөз қорының көбеюіне көрші елдің қарым-қатысы қажет сияқты. Орыс тілі де бөгде елдермен көршілес отыруы, алық-берік жасауы арқылы байыған екен. «Мысалы, – дейді В.Г.Белинский, – мына «сфера, эфир, гений» – деген сөздерді қарапайым халық өзара сөйлескенде қолданбайды, сондықтан оқымысты адамдардан естігенде де олар ұғынбайды» [1], – дейді. Өйткені бұл сөздер орыс тіліне бөгде елден келіп кірген-ді.

Сондай-ақ дүние жүзіндегі барлық ел өзінде жоқ ұғымды беретін сөздерді басқа елдерден алып падаланады, мысалы, Батыс Европаның географиялық жағдайында «дала–сахара–степь» деген мағына жоқ болғандықтан «steppe» болып француз тіліне орыс тілінен кірген екен.

[1] В.Г.Белинский. Полн.собр.соч. Изд-во АН СССР, т.II, стр.580.

Кейде керісінше жағдай болады, ұлт тілі өсіп ержете бастағанда, сол ұлттың ілгергі қаумындағы азаматтары жаңадан жаңғыртып өз тілінің қорынан алып әдемі сөздер шығарады, бұлар /бұл сөздер/ шетелден кірген сөздерден әлде қайда безбендірек те келеді, өз тілінде нығыз орын тебеді. Мысалы, профессор Василий Кириллович Тредиаковский /1703-1769/ орыс тіліне «предмет» деген сөзді енгізсе, тарихшы–Николай Михайлович Карамзин /1766-1826/ «промышленность» деген сөзді кіргізген ғой, ал профессор-физик Михаил Григорьевич Павлов /1793-1840/ «проявление» деген сөзді алып келген екен. «Уничижение» деген сөзді Федор Михайлович Достоевский /1821-1881/ де орыс тіліне орнықтырған-ды. Тізе берсек мұндайлар тағы көп екені даусыз.

Қазақ халқының рухани өсіп-өркендеу бағытында неше алуан жағдайлар болыпты, өзінің көп ғасырлық тіршілігінде қазақ халқы талай елмен қанаттаса көрші отырып, дәмдес, тұздас болған тәрізді артынан бөгде елдермен кездесіп, бұрынғы көршілерінен алыстағандай да кездері болыпты. Көне замандағы көп уақиғаның айғағындай біздің тілімізде, әдебиетімізде сақталып келген біраз куәліктер де бар. Тарихи дәйектемелерге сүйене отырып осындай көршілестіктен туған жәйттердің бастарын аша кетелік.

Ең әуелі әңгімені ежелгі заманда Соғдиян /Иран/ елімен көршілес дәуірден қалған іздерді шолып өтелік.

а) Соғдиян /Иран/ тілінен ауысқан жеке сөздер – ұғымдар жәйінде.

Бір елдің мәдениеті екінші елге сөз ауысуы, сол сөзбен бірге ұғым ауысуы арқылы тарайды, сондықтан біз әңгімені жеке-жеке сөздерден басталық. Біздің түркі тілдеріне бөгде елдерден сөз ауысуы жайында пікір айтқан ғалымдарымыз үнемі араб

тілінен қозғайды. Жалпы жұртшылыққа мәлім сегізінші-тоғызыншы ғасырларда ислам діні етек алып жайылды; шығыс елдерінің бір талайына дін арқылы әмірін жүргізді. Бұл рас, бірақ одан бұрын да біраз халықтың әсері қазақ тілінде бар екені айдан анық.

Көбінесе, мәдени өсу жолында әрбір саяси-экономикалық жағдай елдің рухани қазнасына ықпалын тигізбей қоймайды.

Бір заманда, араб дінінің әсерінен әлдеқайда бұрын Орта Азияға согдиандардың келуі анық. Ендеше, соғдиан /иран/ жұртының қарым-қатыс жасамай кетуі мүмкін емес тәрізді.

Өткен он тоғызыншы ғасырдың аяқ шенінде академик В.В.Радлов: «Алтай мен Енисей төңірегін жайлайтын аз ғана түркі ұлыстары бар, олардың тілі мен әдет-ғұрпына Мұхаммет мәдениетінің әсері дарымағаны байқалады», – деген еді.

Академик В.В.Радловтың бұл пікірін академик А.Н.Самойлович қолдамады, 1928 жылы жазған /«Следы влияния исламской культуры на турецкие племена Алтайско-Саянского района»[1] атты мақаласында Алтай мен Енисей бойындағы түріктердің тіліне кірген араб /иран/ фарсы сөздерінің тізімін береді. Бәрі 25 сөз екен. Соның II–і арабтікі, 12-сі фарсынікі, ал қалған екеуі араб пен фарсыға ортақ сөздер болып шығады.

Сонда:

1. Aql [2] /ақыл/ – араб. ғақыл – образ мышления, характер, поведение, нрав /қаз., ақыл–ум/.

2. Әзер /әзеп/ – араб. хіjіав – мнение, намерение, телеут диалектісінде – число, счет /қаз.есеп – число, счет/.

[1] А.Н.Самойлович. «Культура и письменность Востока» деген журналдың 1928 жылғы, 142 бетін қараңыз.

[2] Акад.А.Н.Самойлович келтірген сөздердің жазу әдісін /транскрипциясын/ бұзбай алдық /С.Т./.

3. Qalьq /қалық/ – ар.хальq – народ, население /қаз. халық/.

4. Qat /қат/ – ар.хат – письмо, /қаз. – хат/.

5. Qabar /қабар/ – ар.хабар – молва /қаз. хабар – сведение, известие, весть, молва/.

6. Qyimat /қимат/ – ар. qijmaat – ценный, дорогой /қаз. қымбат – дорогой, дорого, ценный/.

7. Taam /таам/ – ар. taam – пища, вкус /қаз. тағам/ редко употребляемая форма /дәм/ – часто употребляемая форма/ – пища, вкус, отсюда – дәм же – ешь пищу/, дәмді тамақ /иногда тағам/ вкусная пища.

8. Sabьn, samьn /сабын, самын/ – ар. sabun /сабун/ – мыло /қаз. сабын – мыло; қазақта «сабынша бұзылады» – деген сөйлем бар – быстро меняется в своем мнении, как мыло при варений – приготовленный кустарным способом/.

9. Cərt /шәрт/ – ар. cart /шарт/ – божба, клятва, присяга; /қаз. шарт – договор, условие/.

10. Paa /паа/ – ар. baћa /баһа/ – цена /қаз. бәһә, баға, бә – цена; отсюда бәсі, бағасы, бәһәсі – его цена[1].

«Алтай мен Енисей бойындағы «Мұхаммет дінінде жоқ» түркі тілдеріне де ісләм дінінің әсері тигені жоғарыда келтірген тізімнен-ақ айқын көрініп тұр ғой. Ендеше, Орта Азияға ертерек келіп, иран мәдениетін жайған ирандықтар /совдиандар/ әсерін тереңіректен іздеу керек болар» – дейді академик А.Н.Самойлович [2].

[1] Біздің топшылауымызша бұл баға – «бәһә» түрк сөзі тәрізді, арабқа кейін ауысқанға ұқсайды. Алайда, академик А.Н.Самойлович келтірген соң одан асу оңай болмады /С.Т./.

[2] Тағы сол мақаланы қараңыз.

Осы пірімізді тиянақтау үшін, ағылшын ғалымы Бердһольд Лауфердің [1] пікіріне сілтеме жасамай болмас, оның зерттеуінше иран тілінің монғол тіліне тигізген әсері бұдан жүз жыл бұрын белгілі екен, мысалы, монғолдың Xormusd /хормусд/ деген есімі ираннның Ormuzd /ормуздысы/ еді, бұл Авеста кітабында келетін Ahuramazdah /Ахурамада/ дейтін құдай атына байланысты шыққанын бір кезде Шмидт дәлелдепті. Мұны Лауфер тағы ескерте кетеді, Радловтың «Proben der Volksliteratur die turkishen Stammevolp – XI» дейтін кітабының беташарында Шифнер: Саянның «Kurbustu» /Курбусту/ дейтін есімін де әлгі ираннның Ozmusd /ормуздасына/ апарып телиді.

Әлгі ойын дәлелдеу үшін Алтай мен Енисей өңіріндегі түркі тілдерінен академик А.Н.Самойлович иран тілінің көптен бері сақталып қалған сөздерін табады.

Мысалы:

1. Ar /ар/ – фарс. – her /һәр/ – каждый; /қаз. – әр – каждый; бұл «әр» қазақ тілінде жеке айтылмайды, үнемі бөгде сөзбен қосақталып келеді, мысалы «әр адам» – «каждый человек» тәрізді/.

2. Ес /еш/; фарс. – һиш/ – отрицание – не, ни; /каз. – еш – «іш» жеке айтыла бермейді; ешкім – никто, еш адам – никого дегенде кәдеге асады/. Ал «еңбегім еш болды» – труд мой пропал даром, «ештен кем жақсы» – лучше поздно чем никогда» – бұлар кейінгі кезде қалыптасқан тәрізді.

3. Orozo [2] /орозо/ – фарс. ruvza /руза/ – пост; /қаз. ораза /пост/ фарсыда – руз – день, күн. Қаз. отыз күн ораза.

---

[1] Сол кітапта. 1919 ж. 572– бет. Мұны ағылшын тілінен орыс тіліне 1934 жылы аударып берген иранист проф. М.С.Андреевке үлкен алғыс айтамыз және ілгеріде де /1936 ж./ айтып едік /С.Т./.

[2] Қазақтың төл сөздері сонорлы – «р» дыбысынан басталмайды, заты осы бағыт басқа түркі тілдерде де бар шығар, немесе ісләм дінінен алыс жатқан түркі тілдері мына көрші отырған қазақ тілінен алды ма екен? /С.Т./

4. Qagas /қағас/; фарс. kəgas /кәғаз/ – писчая бумага; қазақша – қағаз – писчая бумага.

5. Tərəzi /тәрәзі/; фарс. taraza /тараза/, қаз. таразы – весы.

6. Tucman /тушман/ – фарс. ducman /душман/; қаз. дұшман, дұспан, тұшпан – враг.

7. Salbьr /салбыр/ – фарс. /шалуар/ – /қаз. шалбар/. – шаровары, штаны.

8. Pajram /пайрам/ – фарс. bajram /байрам/ қаз. мейрам/ – праздник.

9. Paga /пажа/ – фарс. Padijca /падиша/ – қаз. патша, патса, царь.

10. Pazar /пазар/, фар. bazar /балгар/ қаз. базар, рынок, базар. [1]

Академик А.Н.Самойловичтің жоғарыда айтылған пікірін қолдап зерттеуші ғалым Е.Г.Кагаров 1934 жылы жазады, сонда: «Алтай шамандарының /бақсы-балгерлерінің/ ұғымынша құдай үшке бөлінеді, біреуі жердің астында, екіншісі үстінде, үшіншісі аспанда тұрады екен, оларды «Кормос» jap – «су, кугай» /Анохин кітабының бірінші бетінде/ – деп атайды. Осында көрсетілген «кормос» деген сөз де әлгі «Авестадағы» /«Забур» кітабындағы /Армузд екенін дәлелдейді [2].

Ендеше иран тілінің әсері географиялық жағдайы жақын тұрған түркі тілдеріне ғана тиіп қоймаған ғой, бұл әсер тіпті қиыр терістікке – Сібір халықтарының тіліне дейін етек алып жайылғаны байқалады. Бірақ, академик А.Н.Самойлович әлгі ма

[1] Акад.А.Н.Самойловичтің келтірген сөздерін сол кездегі жазылу қалпында алдық, бәрін тізе бермей қазақ тілінде орын тепкендеріне тоқтадық. Осы тізімнің ішіндегі «шалбар» мен «мейрам» сөздері иранға түркі тілдерінен баруы да кәдік /С.Т./.

[2] Ғылым академиясының баспасы, №5, Кагаров Е.Г. мақаласын қараңыз.

қаласында айтады: «Ислəм дінінің Сібірдегі шекара шеті Обь өзеніне тіреледі, Сібірдегі мұсылман-татар патшалығының көлемі де XY-XYI ғасырларда сол өзеннің жағасынан әрі аспаған», – дей келіп, – енді бұл шектің шығыс жағын мекендейтін «Мұхаммет дінінде жоқ», түрік халықтарына ислəм мəдениеті «керуен саудасы» /«караванная торговля»/ арқылы да тарауы мүмкін» – деп түйеді. Алайда, біз ғалымның бұл пікіріне қосыла алмаймыз, өйткені ондай әсер көршілес отырған бөгде елдер арқылы да баруы мүмкін ғой.

Мысалы, Иранның «анбар» [1] /склад/ сөзі ең әуелі орыс халқының тіліне кіріп «амбар» болуы ілгеріде де дәлелденген еді, ал осы «амбар» орыс тілінен орталық Қазақстан аудандарына «албар» болып тарағаны заңды, қазақ тілінде «л» мен «м» екеуі де сонорлы дыбыстар, ауысуы әбес те болмас. Осы екі сөздің мағыналық айырмасы да бар, орыста «амбар» /склад/ жабық қора, ал қазақта «албар» – төбесі ашық қора – аран, қоршаулы орам.

Батыс Қазақстан аудандарында араб тілінің «хавлі» – қора, үй мағынасында айтылатын сөзі «аула» болып кеткен, заты, бұл сөз араб тілінен тура келмей мына тәжік, түрікпен тілдері арқылы өзгеріп жетуі де ықтимал, немесе қазақтың төл тілінде «х» дыбысының болмауы да себепкер шығар.

Олай болса, «ислəм мəдениеті» тек қана «керуен саудасы» арқылы тарады деу құр тәуекел істеумен барабар, өйткені керуен саудасы қысқа мерзімде өтеді де, мұндай үлкен әсер етудің тиянақты тірегі бола алмаса керек. Ендеше, татар, қазақ тәрізді мұсылман дініндегі екі тілдің әсері болмасына кім кепіл!

---

[1] Бір заманда А.Гильфердинг деген зерттеуші бұл «амбарды» орыс тіліне санскриттен келді деп соққан. Оған қарсы Н.Г.Чернышевский бұл «амбар» емес, «анбар» таза араб сөзі деп түйген-ді. Осы таласты біз жоғарыда да келтіріп едік. Кейбір ғалымдар бұл сөзді ескі қыпшақ тілінен орыс тіліне ауысты деседі. Біз осы кезеңде түпкі қазығын айтып отырғанымыз жоқ, бері келе «анбар» «албар» болып қайта оралуын көрсеткіміз келеді. Түркі тілінің тостағаны орыс тіліне барып «стакан» болып, қайтадан келіп бізде де «стакан» делініп жүр ғой /С.Т./.

Шындығына келсек Сібірді жайлайтын ісләм дінінде жоқ түркі тілдеріне мына соңғы екі түркі тілі /татар, қазақ тілдері/ көптен көрші отыр ғой.

Иран тілінің осынша қиыр шығысқа тамырын жаюы тегін емес, оның үстіне қазақ тіліне кірген сөздері де арабтан күштірек. Мұсылман діні арқылы, әдебиет арқылы, арабтың бүтін сөздері ғана келген тәрізді де, ал қазақ тілінің негізіне ол тамырын жаймаған, жалғау-жұрнақтарына кіріспеген сияқты. Ал, иран тіліндегі жалғау-жұрнақтар-аффикс, префикстер қазақ тіліне мол кірген ғой. Бұлай болуының бірінші себебі: – «көне соғдияндар Орта Азияда – Зерафшан, Кашгарья, Аму-Дария өзендерінің бойларын мекендеген халық. Соғдиандардың орталығы – Мараканда, осы күнгі Самарқанд қаласындағы Афрасиаб қаласы болыпты. Қазақ елі араб халқымен бетпе-бет кездескен емес.

Соғдиандар біздің заманымыздан бұрынғы 6 ғасырдың аяқ шеніндегі иранның Дарий атты патшасынан қалған «Бехистун» жазуында да ұшырайды. Соғдиандар мемлекеті Орта Азияда құрылған көне Бактрия мен Хорезм мемлекеттерімен қатар шыққан екен. Соғдиандарды 4 ғасырда Іскендір Зұлқарнайын шауып алыпты. Үшінші ғасырда Соғдиандар грек-Бактрия мемлекетінің сапына кіреді. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы екінші ғасырда Кангха /қытайша – Қанғ юй, қазақша – Қаңлы/ патшалығына қосылады. Үстіміздегі дәуірдің 6 ғасырында Соғдиандар түрік қағанатына кіреді. Соғдиандар Жетісуда ірі-ірі қалалар салады. Олар Иран, Қытай, Византия елдерімен сауда қарым-қатынасын жасайды. Соғдиандардың керуен саудасы Лобнорға дейін барады. Орта Азияны арабтар 8 ғасырдың бас кезінде жаулап алады да Соғдиандар өздерінің дербес мемлекеттігінен ада-күде айрылады» [1] – деседі.

[1] «Советтік үлкен энциклопедия», 39 т. 544-546 беттерін қараңыз.

Иран тілінде сөйлейтін – сол нәсілден шыққан Соғдиандар Орта Азия тіліне, соның ішіндегі қазақ тіліне әсерін мол тигізуі, ол елдің Орта Азияға ерте келуінен деп ұғамыз. Араб тілі 8 ғасырда ісләм дінін арқалай кіріп, ықпалын қолма-қол жүргізуге қимыл жасады. Бұрынғы иран тілінің әсері шетке ығысты, бірақ қазақ тіліне сіңіп кеткен иран сөздері орын теуіп қалып қойды.

Қазіргі шуваш тілін зерттеп жүрген ғалым М.Р.Федотовтың пікірінше: «мұсылман шығысындағы елдермен Булғар мемлекеті /осы күнгі Қазан татары мен башқұрт, шуваштарды айтып отыр – С.Т. қызу қарым-қатыс жасады. Араб, фарсы сәудегерлері, сонымен қатар мұсылман діндарлары /миссионерлері/, Бұлғар, Сувар тәрізді Еділ бойындағы ірі қалаларда жиі-жиі болып жүрді. Бағдат халифы аль-Мухтадир жіберген елшілерге ілесіп 921-922 жылдарда араб жазушысы Ахмет ибн - Фалдан немесе Фазлан Бұлғар патшасы Әлмусаға келіп қайтты. Бағдатта туған ибн – Хаукаль да X ғасырдың орта шенінде немесе екінші жарымында болды. Гренада қаласынан шыққан Испаниялық араб Абдуль-Хамит аль-Гарнати XII ғасырда бірнеше рет Еділ бойын аралады. Сондықтан ол тілде /шуваш тілінде/ араб-фарсы сөздері 250 шамалы-ақ екен, соның ішінде араб сөздері екі есе көп» [1] – дейді.

Шуваш тілімен салыстырғанда қазақ тілінің географиялық жағдайы ерекше, олардың жер аумағы қиыс жатыр, екіншіден шуваштар алғашқы дәуірінде шаман дінінде болып, артынан христиан дініне ауысқан екен. Ендеше, ерте кездегі әсер көнеріп, кейінгі әсер бел алғанда бірте-бірте ұмытылуы да мүмкін.

[1] «Вопросы чувашского языкознания и литературоведения. Ученые записки. Выпуск XXYI Чебоксары 1963, см. статью М.Р.Федотова «Об арабских и персидских заимствованиях в чувашском языке».

Осы пікірімізді дәлелдеу үшін ираннан қазақ тіліне кірген біраз сөздердің тізімін берелік. Ең әуелі қазақі тіліндегі сөздерді келтіріп, сонсоң иран сөздерін жақша ішінде көрсетелік, бәрін де осы күнгі жастарға таныс орыс тілінің әріптерімен жазғанымыз мақұл болар. Мысалы:

АБРОЙ, абырой, әбүйір /фарсыда – абруй/ честь, репутация; қазақта – абройы ашылды, – обесчестился. Оның үстіне қазақ тіліне аударылған калька да бар: «бетінің суын бес төкті» деген сөйлем – фарсы тілінен тура аударылып тұр, өйткені фарс. «аб» – су, «руй» – или «рой» – бет, жүз деген мағынада.

АС /фарс. аш – пища, кушание; асхана /фарс. ашхана/ столовая; аспазшы /фарс. ашпаз/ повар. Бұл сөзде екі жұрнақ тұр, паз /фарс./; шы – /қазақша/, екеуі де бір мағынаны – мамандықты білдіретін жұрнақ. Ашпазды – бүтін алып, өзінің төл жұрнағы «шы»ны қосып – «аспазшы» еткен қазақ тілі.

ӘБДЕСТЕ – әбдесте – қазақта сұлық орамал.

«Қарындасың Қарлығаш,
Әбдестесі қарында,
Бес кесәсі қолында
Белдемшесі белінде,
Қызылбастың елінде,
Шай қайнатып жүр екен»
/«Қобыланды батыр жыры»/.

Өзбек-тәжік тілдерінде әбдаста – құман деген сөз. Түркі-татар тілдерінің салыстырмалы сөздігінде – абдаст –дәрет алу, дәрет алатын құман /Будагов. Ср.сл.тур. – тат.нар./; В.В.Радлов та осы мағынада көрсетеді /Радлов. Опыт сл. I-IY/. Әбдесте фарсының «аб» /су/ және «даст» /қол/ деген сөздерінен

қосылған. Бұл сөз қазақ тілінде – дәс орамал/, /бет орамал/ болып та айтылады. Негізінде – қол орамал, сұлық орамал мәнінде. «Қазаққа қара сөзге дес бермедім» /Абай/ дейтін өлең жолындағы «дес» те «қол бермедім», қол қусырмадым, теңдік бермедім» – деген ұғымда [1].

ӘБІЛҺАЯТ – әбілһаят суы, әбілһаят бұлағы.

«Бәйшешек, балауса, гүл балдырғандай
Қаратып шырайына талдырғандай.
Суындай әбілһаят шөлдеп ішкен,
Лебізі сусынынды қандырғандай».

/І.Жансүгіров/

Осы екі сөздің аб-су /фарсы тілінде/; һаят – /арабша-фарсыша/ – өмір, тіршілік. Ендеше, бұл екі сөз фарсы мен арабтан келуі айқын [2].

ДҮРБІ. Қазақ тіліне фарсы тілінен енген. Фарсы тілінде дүр-алыс-жырақ, аулақ [3]; Мысалы, «аз дүр дидам әрең-әрең» дейтін сөйлем бар, мұның мәнісі: «алыстан әрең-әрең көретінмін» өткен шақ/ сондағы «аз» немесе «зи» болып та айтылады – шығыс жалғаудың белгісі. «Тауана буад, һәр ки дана буад, «зи даниши діл пир бәрна буад» / «зи даниши» – данышпандықтан – «аз диниши» десе де бәрібір шығыс жалғауды көрсетеді/. Ендеше, дүр – алыс, ал «бин» – дидан /көру, қарау/ деген етістіктің осы шақтағы формасы. Сондықтан, фарсы тілінде дүрбин – алыстан көретін – бинокль болады.

---

[1] «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі». Алматы, 1966, 16-17 бет.

[2] Тағы сол кітапта. 47-47 бет. акад. Ісмет Кеңесбаев мақаласы.

[3] «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі». Алматы, 1966, 69-70 бетінде. Әбдуәли Хайдаровтың айтуынша.

ЖЕКСЕН. жермен жексен қылды. Мәні – «ойран салды, шаңырағын ортасына түсірді, күлін көкке ұшырды». Жексен – фарсы сөзі: йексан «бірдей», «бір тегіс» деген мағынада жұмсалады. Мұндағы «йек» «йак» – бір, бірдей; сан-ұқсас деген сөз» – деген І.Кеңесбаев пікіріне қосыламыз [1].

ДЕГДАР /фарс. – тигдар – тиг–тегі, түбі, дар–бар; тегі бар/ – благородный, знатный, дегдар адам – благородный человек; дагдар тұқым – знатное племя.

ДІЛГЕР /фарс–діл–гир/ – обиженный, печальный/ жаждущий чего-либо; тұзға ділгерміз – нуждаемся в соли, скучаем /тужим/ по соли. Бұл сөздегі діл – жүрек /фарсы тілінде/; ал гир – алу /взять/ деген мағынада. Сонда жүректі қолға алуды, жүректің алқынуын айтып тұрғандай. Қазақша ділгер – асыға кету, аңсау мағынасында екені даусыз.

ДІЛМӘР – /фарсы. мәрді діл, тәжікше – ділі – мәрд, фарсыша – мәрд – адам, діл – жүрек, адам – жүректі, ал тәжікше жүректі адам; орысшаға аударсақ – храбрый, мужественный; человек с сердцем/ қазақша – шешен – красноречивый.

Бұл жерде діл – қазақтың «тіл» деген сөзінен шықты, ал мәр қазақтың жұрнағы – мыр, мір, сөйтіп тілмір, ділмір деп түю қате болар еді. Өйткені онда еш қашан «ділмәр» болмайды ғой.

Ал енді «діл» қазақша «тіл», оған барып фарсының «мор» [2] /жылан/ деген сөзі қосылды да алғашқы кезде «ділі-мор» болып айтылды, содан бері келе үндестік заңы /сингармонизм заңы/ бойынша «ділі-мәр» болып кетті деп түйсек, сыртынан қарағанда үйлесіп-ақ тұр, бірақ ділмәрмен /шешендікпен/ тілсіз жыланның қандай байланысы болмақ.

---

[1] «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі». Алматы, 1966, І.Кеңесбаевтың мақаласын қараңыз. 86-87 беттерінде.

[2] Қазақша «Шахмаран» атты қыса бар, мұның «жылан патшасы» екенінде дау жоқ /фар. шах-патша, мор-жылан/.

Ендеше «тілі мірдің оғындай» дегенде «тілі әмірдің оғындай» – патшаның оғындай болуы дұрыс. Өткір тілді, улы тілді адамға айтылатын сияқты. Сөйтіп, қазақ тілінде қатар келетін екі дауысты дыбыс біріне-бірі әсерін тигізеді де, әдетте алдыңғысы түсіп қалады. Мысалы, қара-ала, сары-ала сөздері «қарала», «сарала» болып кетеді, ал мұнда әлгі заңнан азырақ ауа жайылу бар, сондықтан «тілі әмірдің оғындай болмай», «тілі мірдің оғындай» болып шыққан, алдыңғы сөздің аяғындағы дауысты дыбысы «і» сақталып, кейінгі сөздің басындағы дауысты «ә» жоғалып кеткен ғой /«тіл әмірдің оғындай» болмай, «тілі мірдің оғындай» болып кете барған/.

Тағы бір жағдайды ескерте кетелік, қазақ халқында ертегі бар. «Баяғыда Сауран қаласында /осы күнгі Түркістан қаласының жанында екен/ бір бай болыпты. Соның сұлу қызына «мір» деген малайы ғашық болыпты. Мірді қыз да сүйіпті, алайда осы уақиғаны бай сезіп қалып, малайды «Мірді» қаладан қуып жіберіпті. Ашынған Мір өзі тәрізді қашқан-пысқандардың басын қосып топты әскермен Сауранға шабуыл жасапты. Сауран қаласының қасындағы биік төбеге бекініп алып, қалаға оқ жаудырыпты. Мір өте мерген екен. Қаланың тұрғындарын қырып-жойыпты, қалғандары қашып шығыпты. Мір байдың қызына осылай үйленіпті» – дейді. Олай болса, «тілі осы Мірдің оғындай» болуы да ғажап емес. Тіпті Мірдің өзі әмір болмасына кім кепіл, әйтеуір жыланмен /мормен/ қатынасы жоқ.

ДӘДЕГЕ – /фарс. – ду–екі, қос; тәгі – етегі – дутаг – қос етек – двухподольность/; кигіз үйдің сыртқы үзігінің етегіне туырлықпен астасатын жеріне оюлап төрт бұрышты кигіз тігеді, бұлар «дәдеге» атанады, осы дәдегелер үйге көрік береді, сыр

тынан қарағанда көздің жауын алады, ал «дәдеге» жапсырған үзіктің етегі – қос етек болып тұрады. «Бурханы хатиг» атты фарсы сөздігінде де тәг–етек /низ/ екен.

«Айбарлы ақ ордада
Әшекейлі дәдеге...»

деген жолдар Дулат ақында да кездеседі.

ДУШАР – душарласу, кездесу; /фарс. – ду – чар – ду – екі, чорчоһор – төрт /екі аяқты екі кісі кездесіп төрт аяқ болып тұрған тәрізді. – С.Т./.

ЗАУ-ЗАТ – «Атаңа нәлет қарақшы,
Құдай сені қарғасын,
Үрім-бұтақ, зау-затың
Мендей болып зарласын»
/«Қыз-Жібек»/

Зау-зат фарсы тілінен кірген қос сөз. Бірінші компоненті – зау немесе заһу – екі қабат әйел, босанған әйел мағынасында айтылса, екінші компоненті – зад – бала, нәресте, балапан мәнісін білдіреді»[1].

КЕПТЕР – /фарс. көптәр – кәбуптар/ голубь, голубка/ қазақ совет әдебиетінің атасы Сәкен Сейфуллин жазған «Көкшетау» поэмасындағы «кептер кебі» – кептердің әңгімесі» повествование голубя»/ деген мағынаны береді. Гәп-кеп – әңгіме, сөз мәнінде айтылады. Осы арадағы гәп-кеп – фарсы тілінен, тәжік, өзбек тілдері арқылы бізге жеткен тәрізді.

ҚАС – қас батыр, қас сұлу, қаса сұлу. Осы жердегі – «қас, қаса» – сөздері «өте, нағыз» мәнінде, «арнайы, ерекше» деген сыпатта да береді.

[1] Әбдуали Хайдаров. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966, 99-бет.

«Қар әппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл,
Ұқсайды «қаса сұлу» шомылғанға» [1] –

дейтін Абай жолдарындағы «қас», «өте», нағыз, ерекше мағынасын жеткізеді. Бұл фарсы-араб тілінен ауысқан. Фарсы-тәжік тілдерінде хасс – 1) ерекше, арнайы; 2) ерекше қасиетті; арабта – хас-ерекше, арнайы; өзбекте – хоса – асыл тұқымды; хоса тұлпар – асыл тұқымды арғымақ; тәжікте – хоса – ерекше, ерекше қасиетті [2].

ҚОР /фарс. – хар/ – презренный, низкий, ничтожный; тат. – хур иту – оскорблять, наносить оскорбление /обиду/; удм. – кур карыны – оскорбить, огорчить; шуваш. – хур – поручение; обида, отсюда – хурту-хур ету – наносить оскорбление, обиду; қазақта – «еркектің қоры күлегеш, әйелдің қары күлегеш» ничтожный мужчина – смехач, презренная женщина смехунья; қор ету, қор тұту, қор қылу, қорлау – оскорбить.

ҚҰШТАР – /фарс.-хостар/ – желающий, мұнда хост – воля, желание дегенге келеді, ал «ар» – жұрнақ /суффикс/; шувашта – хастар – усердный, способный, рвение; қазақта – құштар болу – сильно желать; усердно стремиться; разжигать страсть; қазақ тілі түбір сөз «хост» пен «ар» жұрнағын айырмай қолданып кеткен.

ЛЕПЕС – жақсы лепес – жарым ырыс /мақал/. Осы жерде араб-фарсы тілдеріндегі «ләфз» – /«сөз»/ сөзінен ауысуы кәдік. Бірақ, академик Ф.Е.Корн қазақ тіліндегі «лепес» сөзі «ләфз» /лебіз/ сөзінен шығуы мүмкін емес, өйткені «с» дыбысы мен «з» дыбыстарының алмасуы бұл тілде кездеспейді. Сондықтан

[1] Абай «Өлеңдер». ҚМКӘБ, Алматы, 1957, 9-бет.
[2] Ш.Сарыбаев. «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі». Алматы, 1966, 123-бет.

бұл «лепес» араб-фарсы тілдеріндегі «дем», «леп», «тыныс», «нәфес» сөзінің өзгерген түрі болу керек дейді. /ОРЯС, т.II, к.I, 1906, 283/. Расында, шеттен келген сөздердегі «н» мен «л» дыбыстарының алмасуы жиі ұшырайды. Мысалы, «нәпсі-лепсі» бола береді /Б.С. – 140-бетінде/;

«Һәр дайым мирәуәд нәфәси,
Чун нигах микүнәм нәмәнд бәси»
/Саади, «Гүлістан»/.

«Минут сайын өмірден бір тыныс кеміп отырады, Айналып қарасаң азайып та қалғанын көресің». /«Ұлдай кегі» – 141-бет/.

МЕҢДУАНА – ащы шөптің аты. Қазақтар тісі ауырғанда басады. Өзбекте – банги девона; ойғырда – бәңги диванә», кейде «дәңги диванә»; фарсыда – тәжікте «банг»: 1) үнді қарасорасы – коноплясі; 2) осы өсімдіктен алынатын наркотиктер түрі; екінші сөзі девона – фарс. ақылынан адасқан есуас адам. Қазақта «диуана» – есер соқ, есуас /ел ақтаған қайыршы/. Ендеше – банг – «мең» болуы мүмкін сон соң меңіреу, мең-зең, мендеу – бәрі бір түбірлес [1]

Наурыз айы – март айы. Фарсы тілінде «ноу» – новый – жаңа; «руз» – күн; екеуі қосылғанда «ноуруз» болып, день иранского нового года /21 март/; қырғызда, татарда – наурыз айы – март айы; шувашта нурас – месяц; қазақта – наурыздама – 22 мартта болатын жаңа жыл тойы, жаңа жыл құрметіне берілетін көже.

НҰҚСАН – нұқсан келтіру: Фарсыда – ногсан, нәгс – кемістік, кемшілік, зиян. Қазақта «зиянын тигізу, зиян келтіру» [2]

[1] Ә.Хайдаров. Аталған кітаптың 145 бетін қараңыз.
[2] Болат Сүлейменова. «Қаз. қысқаша этимологиялық сөздігі», 152-бет.

/Б.С. – 152/. Қазақта – мәгәс – түк білмейтін топас мәнінде. Мұның – «нәгс» пен байланысы бар сияқты.

НЫСАНА – көздеп ататын нүкте; мақсат, алға қойған міндет, айрықша белгі; таңба; фарс. «нешен, нешане» сөздерінен ауысқан; орыс тіліне «нешен» – мишень» болып келген /сл. русск. яз. т.2, М., 1958/. Ойғырда «нышан» – белгі және іштен туған бір кемдік. Монғолда – нишан [1].

ПАЙҒАМБАР /фарс. – пайғамбар – екі сөз; біріншісі «пайғамбар», ал екіншісі фарсының «буридән» етістігінің түбірі «бәр» әкелуші, – осыдан барып «хабар әкелуші» – «пайғамбар» – пророк» болған. Қазақта, татарда – пророк, пайғамбар; шувашта – пихампар ангел, хранитель.

ПАРА – /фарс. – пара/ – кусок, часть, разорванный, порванный; взятка. Пара – пара болды – был разорван в клочки: «Бұл елдің сөзтанымас бір парасы» /Абай/ – часть этого населения не понимает речь /слово/.

ПАРАҚОР – /фарс. пара-хор/ часть, кусок кушающий/ – взяточник / «қор» жұрнағы туралы кейінірек тағы әңгіме етпекпіз С.Т./.

СЫРНАЙ – /фарс. – сурнай, – где «сур» – свадьба, най – тростник /свадебный тростник/; флейта; тат. башк. – сорнай – зурна; шувашта – сарнай, – дудка, флейта. «Сырнап жылау» да осыған жақын тұрса керек-ті. Қазақта «Сұрапыл сұрын ұрады» – нажағай ойнап, күн күркіргенде айтады. Ісрапыл періште ақырып тұр» деген мағынаны береді.

ТАУАН – тау /фарс.–тауана/ – сила; тауаны қайту, немесе тауы қайту – шағылу мәнісінде, әлсіздігін, күшсіздігін білдіреді, фарсы – тәжік тілінде: «тауана буад, hар ки

[1] Болат Сүлейменова. аталған кітаптың 152 б. Ол академик Б.Я.Владимирцовты куәға тартады. Акад. Б.Я.Владимирцов. «Турецкие элементы в монг. языке» – З.вор.арх. об-ва XX, вып. 2-3 /Спб–1911, стр. 161.

дана буәд, аз/зи/ даниші діл – пир бәрна буад» деген мәтелдің қазақшасы: «кім дана болса, сол күшті /қуатты/, дана болғандықтан шалдың жүрегі бала /қозы/ болады». Осындағы – «тауана» біздің «тауан», «тау» деген сөзімізге сай келеді.

ҰСТАЗ, ҰСТАТ – /фарс. – устад/ учитель; наставник, профессор, түрікте – ұста; татарда – оста; удмуртта – усто; шувашта – аста, мастер/. «Ұстаттық қылған жалықпас үйретуден балаға» /Абай/. «Учителю не надоест упорно учить детей».

ШАБАТА – /фарс. – чеботан – толстые сапоги; тат. – чабата; башқ. – сабата; қара-қалпақта – шабата – лапать; шувашта – джапата – лапать. Орыста, украинада – «чебот, чеботы» дейтін сөздер көне түркі тілдеріне барып тіреледі.

ШЕБЕР – /фарс. – зибар – украшение, убранство, убор, наряд/ монг. – цебер; тат. чибер–красивый; өзбек. – чевар – ловкий, искусный; марийде – чевер – красивый, красный, румяный; удм. – чевер–красивый; шуваш. – чипер – красивый, нарядный, искусный; қаз. шебер – искусный мастер.

ШЕРМЕНДЕ БОЛУ – /фарс. – шерм. – ұят /Будагов. ср.сл.тур. – татнар. II, 666/ – уайым жеу, қайғылы болу. Бұл сөз араб-фарсы тілдерінен келген [1].

ШИРЕК – /фарс. – чаһарйәк – немесе чар – иек – онда четвертая четверть; удм. – черык, – четверть; шуваш – черек – четверть, қаз. – ширек – четверть/ бір ширек шай – чай одна четвертая часть фунта/.

ШАПЫРАШ – /фарс. чап – левая сторона, левый; косой и рост – прямой; правый, правильный, верный: тат. – чапрыш – кривой; түрікше – джапраз – знак отличия, перевязь, надеваемая наискосок через плечо; шуваш. – чапрос. – косой, кривой; қазақша –

[1] Ж.Болатов. Аталған кітаптың 221-беті.

шапыраш – косоглазый /Ендеше фарсының екі сөзінен: «чап-рост» – шапыраш болып құралуы кәдік.

ШІЛТЕР – /фарс. чеһелтар – чеһел – сорок, тар. – бахрома, узор, решетка, сетка; тат. челтер – сетка, кружева, тюль; шуваш. – чентер – кружева, узор; қазақ. – шілтер – тюль/. Орталық Қазақстанға татардан ауысуы керек/.

Бұл сияқты тұтас келген түбір сөздердің тізімін кейін қосымшада көрсетерміз.

Бұл арада қазақ халқы мен иран елінің ерте кезде араласып, көршілес отырып, бірінен бірі жеке-жеке сөздерді, ұғымдарды алысып-берісіп, сыбайласқанын көрсетуге тырыстық, ал енді түркі-қазақ тілдерінен иранға, соғдианға, фарсыға ауысқан сөздердің тізімін бере бастасақ олар да аз болмас еді. Тіпті түркі тілдерінің өзара ауысулары да бір қыдыру әңгіме. Бірақ, біз оларды өз алдына жеке зерттеуді мақұл көрдік. Әрине, фарсы тілінен қазақ тіліне ауысқан алыс-берісті білу үшін бұл тізім де біраз мағлұмат береді. Бірақ қазақ тіліне осы ауысудың тереңірек кіргенін мәлімдеуге толымсыз тәрізді, өйткені жеке-жеке сөздердің ауысуы, сонымен бірге ойдың, ұғымның жаңғыруы үздіксіз үнемі бола бермек.

б) Соғдиян /иран/ тілінен келген жұрнақ, жалғаулар жайында

Тілдің негізіне кіріп, бұрынғы қалыптасқан қазақ тілінің үндестік заңына көне заманда өзгеріс жасаған /суфикстерге/ сөз алды қосымша /префикстер/ мен жұрнақтарға келсек, ежелгі дәуірде болған қарым-қатысты осылар дәлелдейді, ендеше әлгі сөз алды қосымшалар мен жұрнақтардың бір талайы қазақ тіліне ираннан-соғдианнан келіпті. Ең әуелі сөз алдынан қосылатын

префикстерді /бей, би, бе, нә/ алсақ, бұрынғы кезде бұлар өз тіліндегі түбірлермен бірге ауысады да, бері келе қазақтың төл сөздеріне араласады. Сөйтіп, үндестік заңының қағидаларын ертерек күйреткендер осы префикстер мен суфикстер /жұрнақтар/ болса керек деп шамалаймыз.

Мысалы, иран /фарсы/ тілінің өз түбірімен бірге ауысқандары, – бейшара, би-шара – беспомощный, бедняга, қазақша «шарасыз» ғой беймаза – безвкусный, беспокойный, надоедливый, қазақша – мазасыз болар еді /фарс. – маза–покой, спокойствие/. Бейтап – бұл да мазасыз мәнінде, орысша беспокойный; жүрегім бейтап – сердце мое беспокоится.

БЕКЕР – өтірікші ол бекер жүр – он ходит без дела; /фарс. – бей–кор–без дела/ – бездельник, напрасно; неправда, ложь.

Осы сөз алды қосымшалар /префикстер/ ең әуелде иранның түбір сөздерімен бірге келіп кейініректе қазақтың төл сөзіне сіңісуін келтірелік: Бейбастақ /бейбастық/ басшысыз, бастықсыз мәнінде, орысша – запущенный, недисциплинированный.

БЕЙБІТ – бейбет, бетсіз, бағытсыз мағынасында, орысша – безликий, без направления, беспечный, безнадзорный, мирный. Бейбіт жылқы – безнадзорный /без табунщиков/ табун лошадей. Бейбіт ел – беспечное /безнадзорное/ население, население без обороны/ без караула/; мирное население. Бейбауырмал – без родственников /бауырмал-любящий родственников/; ең алғаш 20 жылдарда қазақ тіліне «интернациоанал» – бейбауырмал болып та аударылыпты, кейінгі кезде шынайы тіршілігіміздің өзі сол сөзді жоққа шығарды. Кейде үйлесе алмаса халық тілінің қабылдай қоймайтыны да кездесе береді, мысалы, «галоши» деген сөзді орыс тіліне «мокроступ» деп аударған болатын, бірақ оны орыс тілі қабылдама-

ды ғой. Сондықтан «галоши» орын теуіп кете барды.

Фарсы тілінде – нә – хақ /«нә» отрицание, хақ – честный, /правый/; қазақта нахақ – без вины виноватый. Қазақта – нә тұғыры, нә –тура–дұрыс емес мәнісінде, осыдан барып – нақұрыс–ахмақ мағынасына айналған сияқты. /нә–дұрыс–нақұрыс/. Нейбет /бетсіз–без направления – құр, босқа; нейбет қайттым – я вернулся без ничего, без пользы. Жалғанылып өзгерілетін /агглютинативтік/ қазақ тіліне бұл сөз алды қосымшалар /префикстер/ жат еді.

Енді жұрнақтарға көшелік.

Жұрнақ – паз фарсыда мамандықты көрсетеді /hонөрпаз/ /өнерпаз/ – талантливый, даровитый, искусный мастер; құмарпаз /фарсы-арабта/ азартный.

Қазақ сөздеріне қосылғанда жуан, жіңішкесіне қарамай киіп-жара жөнеледі, мысалы, сұрам-паз /сұрағыш, сұрамақшақ/, алымпаз – алғыш; жемпаз /жегіш, бірақ жалмауыз емес/, жүрімпаз – екі мағынада; жүрімпаз ат ходовая лошадь – мұнда тура мәнісі, әл «жүрімпаз жігіт» дегенде көлденең бояу жығылады, кінаяға айналады, «гуляка» деген және мәнге ие болады. Берімпаз – мырза есебінде, келімпаз – «всегдатай – часто посещающий тағысын тағылар.

Жұрнақ – қор; /фарс.–хор/. Парақор /фарс. – парахор/, шайқор, /фарс.–чайхор/; дүниеқор /араб пен фарсы тіліне ортақ сөз – дүние/; шаруақор /фарс. – чаруахор/. Жемқор [1], қымызқор, тілеуқор.

Иранннан келді деп отырған осы «Хор-қор» жұрнағы ең әуелде «дүние-хор, пара-хор» болып тұтас келуі де кәдік, оның үстіне қазақ тілінің өзінде де «қор-қар, қар-кер, қыр-кір» жұрнақтары бар екені белгілі. Ғайниден Мұсабаевтың айтуынша жұрнақ-жалғау

[1] Қазақ тілінде жемқор-жемпаз мағынасында, ал екінші жағдайда тамақ мағынасы жойылып «парақорға» айналып кетеді.

ауыспайды, тек жұрнақты сөздер ауысады дейді. Біз де осы пікірге қарсы емеспіз, бірақ ең әуелде ауыз-екі тілдің әсерімен бүтін сөздер ішінде /аяғында/ кіріп, әлгі жұрнақтардың артынан тамырын жайғанын көрсетпекпіз. Фарсының «паз» жұрнағы орнына өзіміздің байырғы жұрнақтарымызды: «ғыш-гіш, шақ-шек» жұрнақтарын жарыстыра айтуымыз да осы ойдан туған, әйтсе де «жемпаз, келімпаз, сөйлемпаздарға» араласуын жоққа шығару қиын.

Ал, қазақтың өз тілінде «қор» жұрнағы «қымыз-қор»–да, тағы басқа сөздерде айтылады.

«Қар-ғар /кәр-гер, -қор-гәр – С.Т./ көне заманнан келе жатқан түркі тілі жұрнағы. Бұған басқа тілден келген, – деп иран тілін араластыру керек емес. Өйткені жеке-жұрнақ ретінде емес, жұрнақты сөз бір бүтін ретінде ауысып енген [1] деп түйеді қазақтың тілтану ғылымы Ғ.Мұсабаев.

Ол – қар жұрнағының қолданылуын төрт салаға бөледі, соның бірі: 1) «қош-қар» сөзіндегі «қарды» – «ар-лан» сөзіндегі «ар»мен байланыстырып «қар-ардан» жасалды деген профессор Құдайберген Жұбановтың пікіріне қосылады.

2) «Жон ғар», «жон-қар» – екеуі екі сөз, «жон» сонсоң «қар» /снег/, кейінгісі жұрнақ болып кеткен.

3) Сот-қар, мұның «сотын», сод, сой-қан, содыр дегендермен байланыстырады. Соңғысы «қар» – бұзық деген ұғымда. Ұры-қары /ғары/ немесе «еркектің қоры, әйелдің қары күлегеш» деген мақалдағы қар осы. Мұның көне мағынасы ұры-қар-ақ /татар, башқұр тілдерінде/; қар-ақшы /қаз. қырғыз, қарақалпақ тілдерінде./.

[1] Ғ.Мұсабаев. Қазақ тілі грамматикасы тарихынан. Алматы, 1966, 130-134 беттер.

Кереқар /керегар – С.Т./ – түбірі мен жұрнағы көрініп тұр. Кер–кере – етісітік түбірінен жасалған көсемше /қар – қолдың қары, көне замандағы өлшеу единицасы»...[1] – дейді Ғ.Мұсабаев.

Жұрнақ кер, гер /фарс. –гәр/.

Зергер /фарс. –зәргәр/– ювелир.

Дәргер /фарс. – даругер/ – врач, лекарь. Қазақ сөздеріне араласқанда:

Іскер – /іс – дело/ – деловой, деловитый.

Жұмыскер /жұмыс-работа/ – рабочий; Табыскер /табыс-заработок/, находчивый, зарабатывающий.

Желіскер /желіс – рысь лошади – см. желісқор/ рысак.

Міністкер – міністс, міну – ездить верхом /выносливый; мастер қолы міністкер адам – человек мастер, умелец. Міністкер ат – конь, терпеливый в езде.

Әрине, қазақтың байырғы тілінде де «қар-кер», «ғар-гер» қыр-кір, ғыр-гір» жұрнақтары бар екені даусыз. Бұлардың жуаны жуан вариантында, жіңішкесі – жіңішке вариантында ауыспай қолданылады, ал үндестік заңын бұзып, жуан сөзге жіңішке жұрнақ жалғанып, тағы керісінше жіңішке сөзге жуан жұрнақ жалғануына қарағанда /жұмыс-кер, міністс-кер/ бұларды шетел тілінің әсері ме деп шамалаймыз.

Жұрнақ – кеш /фарс.кәш/ – ғарабокәш – извозчик; қаз. арбакеш.

Кірекеш /ар. фарс. – плата за наем/ извозчик, обозчик.

Тақымкеш – көкпәрі тартардың алдында додаға түскен жігіттерді атайды /«шабандоз» мағынасында қолданылады/.

[1] Аталған кітаптың 132-133 беттерін қараңыз.

Уар, уәр жұрнағы.

МІДУӘР /фарс. үмідуар – надеющийся, настойчиво просящий у кого-либо /попрашайка – тужить; стремиться, желать. Жануар – животное. Қазақта мідуар болу – емініп сұрау; үміттену.

Қазақ тіліне кіргенде сөзуар – говорун, умеющий говорить, логично излагающий свою мысль.

Жоғарыда көрсетілген сөз алды қосымшалар /префикстер/ мен жұрнақтар қазақ тіліне иран тілінен өте ерте келіп кіргендей. Бұған бірінші себеп – көршілес отырғандығы. Екінші себеп – иран елінің сауда керуендері арқылы, немесе өзбек түрікмен сияқты иранға жақын тұрған түркі елдері әкеп беруі мүмкін. Оның үстіне ғасырлар бойы Бұхар мен Самарқан тәрізді Орта Азияның ірі қалаларына барып медреселерде оқып, білім алып қайтқан қазақтың ғұлама-молдалары әкеп жаюы да ықтимал. Сұлтандар мен ханзадалар арқылы да келуі ғажап емес.

Ескерте кетелік, әлгі медреселерде оқылатын ілім-білім, көбінесе, фарсы /тәжік/ тілінде жүрген.

Молдалардың өздері үйреніп келген сөздерді былай тұрсын, олар арқалап әкелген кітаптардың да басым көпшілігі фарсы тілінде болатын. Орта Азиядағы фарсы әдебиетінің әсері X-XY ғасырларда өте күшейді, бұған бірінші қарсы шыққан Мир-Әли-Шер Науаи болды. X-XIY ғасырларда қыпшақ-қазақ тілі де фарсы тіліне көп әсерін жасамай қойған жоқ. Сол заманда қазақ халқына фарсы әдебиеті арқылы келген өлеңдер де бар, солардың ішінде бүтін сөздер кездеседі. Сол өлеңді айтушылар ондағы кейбір сөздердің мағынасын тіпті қазірге дейін де анық түсіне қоймады. Мысалы, «Шәмсі, Қамар» атты әннің сөздері былай айтылады:

«Шәмші, Қамар сықылды дәптер бану,
Кісі қайда зарлықта сіздей тану /дану/...
Аһу көз, шырын сөзді абзал инсан,
Мен саған ғашық болдым жан ой ділдан...
Жаныма, әй ғашық жар, бол меһірбан... »

Осы өленедегі Шәмші /ар.шәмсі – күн/ қамар-ай/, дәптер /фарс. –духтар – қыз /дочь/ фарс. бану – әдемі – мәртебелі – госпожа; дану /фарс.дано/ – дана-данышпан. Аһу /ар.ақ бөкен, киік/ – шырын сөзлі – тәтті сөзді, абзал инсан – асыл адам. /фарс. жан, ой, ділдан, жан мен жүректен деп тұр; фарс. мейірбан, мейірімді, жаны ашығыш.

Мұндай өленедер /әндер/ қазақ өлкесінің бар өңіріне бірдей тарамаған, ендеше бұларды да әлгі айтылған молдалар әкелген тәрізді. Өзінің 1966 жылы шыққан кітабында Н.А.Баскаков айтады. «Еділ мен Жайық» бойындағы түркі халықтары екі ұлыстың әсерін алған, соның бірі бұлғарлар осы күнгі шуваштар/, екіншісі қыпшақтар /осы күнгі татар мен башқұрттар/ дейді. Ғалымның бұл пікірі Еділ мен Жайық өзендерінің бойындағы әсерлер жайында болса, мына Орта Азиядағы түріктер жөнінде мынаны айтады: өзбек, ойғыр, қазақ, қарақалпақ, түрікмен, қырғыз халықтары төрт этногенездік топтан құралады: соның біріншісі қарлұқтар /осы күнгі өзбектер мен ойғырлар/; екіншісі – қыпшақтар/бүгінгі қазақтар мен қарақалпақтар/, үшіншісі оғыздар /осы күнгі түрікмендер/; төртіншісі қыпшақ – қырғыздар /бүгінгі қырғыздар/. Міне осы халықтарға ежелгі субстраттар /Иран мен Қытай/ әр түрлі шеңберде әсер жасады, ал кейініректе араб-фарсы, орыс

тілінің әсері тиді»[1] дейді Баскаков. Н.А.Баскаковтың осы сөзінде иран тілінің ежелгі субстрат екенін ескертіп айтуы орынды. Ертеден қарым-қатыста болды, сөз ауысып отырды деп түсіну жөн. Өйткені көне соғдиандар да фарсы тілінің өкілдері. Алайда, араб тілінің әсерін фарсыдан бұрын атауы көптен қалыптасып қалған қағидадан аса алмауы тәрізді. Біздің ойымызша фарсы тілінің әсері қазақ тіліне арабтан бұрын келуі дау тудырмайтын сияқты. «Көне соғдиан тілі тәжік тіліне орын берді. Тәжік немесе тәзік деген халықты ең әуелде араб деп ұқты, терістік Аравиядағы Тай[2] ұлысынан шыққан елге балады, түріктер бұл тәжік деген сөзді мұсылман мағынасында яғни ирандықтар деп түсінді», – дейді В.В.Бартольд. Ал, осы күнгі совет ғалымы В.А.Ромодин: «В.А.Лившицтің айтуынша, фарсы тілі Орта Азияға Хорасан өлкесінен келді, бұл арабтың Орта Азияны жаулап алуынан бұрын еді... » деп тұжырады[3].

«Түрік әдебиеті түп-түгел мұсылман әдебиетінен үлгі алды, әсіресе фарсы үлгілерінен нәр алды»[4] дейді тағы да академик В.В.Бартольд. Ираннан келген мұсылмандарды түрік пен монғолдар сауда мен мәдениеттің өкілдері есебінде таныған екен. Бір кезде «сәудегер» деген сөздің мәнінде «сарт», «сартақ», «сартауыл» деген сөз түрікке Индиядан келді. Соңынан көшпелі түрік пен монғолдар отырықшы ирандықтарды «сарт» деп атады. Осыдан барып «сартақтай» монғол ертегісі туды. Бұл, «Сартақтай» екі сөзден құралады, соның біріншісі «сартақ», – арық, бөгет; екіншісі «тай» – еркек деген мағынада, сол заманда арыққа

[1] Сборник «Языки народов СССР», том 2, М., 1961 г. стр.10. см.статью «Тюркские языки». Н.А.Баскакова.

[2] «Атымтай жомарт» осы ұлыстың адамы. Хотем деген кісі Тай руынан шыққан екен. «Хотем Тайскийді» қазақша «Атымтай» деп атаған.

[3] Акад. В.В.Бартольд. Соч.том 2, часть I, Изд.Восточ.Литературы, М., 1963, стр. 121.

[4] Там же, стр. 127.

бөгет жасайтын еркектерді «тай» деп атаған екен[1] деп тағы пысықтайды академик В.В.Бартольд.

Тұжыра айтсақ, Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ тайпаларының тіліне тұңғыш рет әсер еткен соғдиан тілі, ал бұлардың ирандықтар екенінде шүбә жоқ қой.

Қазақ тілінің көне заңдарына, үндестік заңына жарықшақ енгізіп, ілгеріде қалыптаспаған өзгерістерге ұшыратуы да осыдан туған болар. Жоғарыда айтылған пікірлерімізді дәлелдеу үшін тарихи дәйектемелерді келтіре кетелік. Орта Азиядағы ең көне облыс Соғдиандар облысы, бұл Зарафшан, Аму-Дария /грекше Окс, арабша – Жейхун/ өзендерінің бойында мекендеген. Осы соғдиан мемлекетінің терістігінде Месопотамия /«Қос өзен»/ бар. Оңтүстік батысында соғдиандар тілі – Иран тіліне жатады. Астанасы кейде Мараканд шәһәрі, қазіргі Самарқан қаласының қасында Афросияб атты шағын шәһәр бар, сол бұрынғы Мараканд. Көне заманда Иран мен Туран соғыстары кезінде бүкіл Тұран елінің де астанасы болған.

Біздің заманымыздан бұрынғы алтыншы ғасырдың аяғында, бесінші ғасырдың бас кезінде Дарий патшаның дәуірінен қалған ескерткіш «Бехістұн жабасында» да соғдиандар айтылады, оны көне Бактрия, Хорезм мемлекетімен қатар атайды. Соғдиандарды Орта Азиядағы ең ескі мемлекет деп таниды. Қандай қырағы көз болса да өліп-талып әрең жететін сонау көне де көмескі заманда YI-Y ғасырда соғдиандар топы /топ-тақия, тюбетейка/ киетін болған, Орта Азиядағы түркі елдерінде әлгі «топы» солардан қалған мұра тәрізді [2].

[1] В.В.Бартольд. Соч.т.6, Работы по истории ислама и арабского халифата. Изд. «Наука». Главная редакция Восточ.литературы. М., 1966, стр. 187.

[2] Бұл пікір Б.Г.Гафуровтың «История таджикского народа в кратком изложении» I,2 изд. 1952 /См.Б.С.Э./ том 39, стр. 544-546.

Соғдиандар төртінші ғасырда Іскендір Зұлқарнайынға /Александр Македонскийге/ қараған, сол төртінші ғасырдың аяқ шенінде Селевкид патшалығына бағынған. Үшінші ғасырда Грек-Бактрия мемлекетінің сапына кірген.

Біздің дәуірден бұрынғы 170 жылдар кезінде соғдиандар Канг /қытайша – кангюй, қазақша – қаңлы/ мемлекетіне қосылған. Бірінші ғасырда Кушан патшалығына кіреді. Кушанның астанасы Зарафшан бойында болыпты. Кушания дәуірлеген кезде бұрынғы Мараканд қаласы әлсіреп кері кеткен деседі.

Біздің заманның 6 ғасырында соғдиандар түрік қағанатына кіреді. Соғдиандар Иран, Қытай, Византия мемлекеттерімен қарым-қатыс жасайды. Мұның сауда керуендері Қашғариядағы Лобнорға дейін барады.

Қазақ халқының кейбір ұлыстарының соғдиян елімен бірге болуын дәлелдейтін тағы бір дерек бар:

«Сақ пен У-сунь ұлыстары Жетісу бойында мың жылдай дәурен сүрген екен». /Біздің жыл санауымыздан ҮII ғасыр бұрын және үстіміздегі заманның Ү ғасырына дейін/.

«Археологиялық зерттеулерге қарағанда «сак» пен «усунь» /үйсін – С.Т./ бір ұлыс – бір тектен таралған, екі түрлі атанған ұлыс» – деседі.

«Мүмкін, көне нұсқадағы «Сэ» ұлысы, мына Аристей, Геродот тарихындағы «исседон» және /географ/ Птоломейде кездесетін «исседон» – бәрі бір сөз – баяғы «усунь» /үйсін/ деген бір ұлыстың түрлі-түрлі айтылып жүрген аты болу керек» [1] – дейді археолог ғалым К.А.Акишев.

[1] К.А.Акишев, Г.А.Кушаев. «Древняя культура саков и усуней долины реки Или». Изд. Академия наук Казахской ССР, Алма-Ата, 1963, стр.3-4. /Кітап орыс тілінде жазылған, біз содан аударып беріп отырмыз – С.Т./.

Ендеше сақтар мен үйсіндер ежелден бірге өсіп, біте қайнаған түркі тұқымдас елдер деп түйеді ол. Ал, мына И.С.Брагинский тәрізді шығыс-тану ғалымы «сақтар мен соғдиандар – тәжіктердің /иран елінің/ арғы атасы, Фирдоусидің «Шахнамесінде» айтылатын Рустем–Дастан батыр жыры солардан қалған» [1] дейді.

Осы арада «сак» деген сөздің этимологиясын немесе «сактің» ата тегін ашуға шұғылданып отырғамыз жоқ, әйтеуір сол заманда үйсін ұлысының болуына сенгіміз келеді. Үйсін ұлысы /Үйсін деген тарих дүниесіне ерте шыққан тайпалар одағы/ түркі тектес ел екенінде дау жоқ қой, ендеше, сонау соғдиян елімен қоян-қолтық алысып келе жатқан үйсін ұлысы, ал қазір Ұлыжүз сапына кіретін үйсіндер – бүгін туған емес, содан бері талай тар кезеңді басынан кешірген қазақ халқының бір үлкен ұлысы тәрізденеді. Сөйтіп, қазақ халқының Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ тәрізді ұлыстары бірге жасасып, бірінен бірі әсер алғандай.

8 ғасырдың бас кезінде Орта Азияны арабтар кеп шапты да Соғдиандар мемлекеті жойылды, бірақ көне соғдиян елінің феодалдық дәстүрін арабтар жоя алмады. Ескі феодалдық соғдияндар өнері Орта Азия мен Шығыс Түркістандағы елдерге әсерін тигізуді толастатпады. Сөйтіп, тәжік пен өзбектердің феодалдық өнеркәсібінің үлгісі осылардан тарады[2] – деседі. Иран тілінің әсері соғдияндар арқылы қазақ тіліне ерте етегін жайды деуіміздің үлкен тірегі осы тарихи мәліметтерге сүйенуден туып отыр.

---

[1] Фирдоуси. «Шах-наме», ГИХЛ, М., 1957, стр. 12 /Бұл да орысша жазылған еңбек, біз аударып алдық – С.Т./.

[2] Тағы а) Гафуров Б.Г. История таджикского народа в кратком изложении, I, 2 изд.1962.

б) Толстов С.П. Древняя культура Узбекистана». Ташкент, 1943.

в) Бартольд В.В. История Туркестана, Ташкент, 1922.

г) Большая Советская Энциклопедия/, Том 39, стр. 544-546.

2) Қазақ тілінің монғол тілімен
б а й л а н ы с ы

Біз бұл тарауда қазақ халқына сіңген монғол әсерін арабтан бұрын зерттемекпіз. Әрине, осы күнге дейін орыс тіліндегі деректерде араб мәдениетінің әсері фарсыдан да бұрын аталып келді.

Үнемі «араб-фарсы әсері», «араб-фарсы әдебиеті» деген ұғымдар орын тепті. Мұның себебі тарихшылардың кейбіреуі, қазақ халқын кейін көтерілген өте жас ел деп ұғынуынан туса керек.

Қазақ халқының бүгінгі сапында жүрген Үйсін, Қаңлы, Қоңырат, Ысты, Қыпшақ, Арғын, Найман, Алшын, Керей-Уақ тағысын тағы ұлыстардың атам заманнан бері тарих көшінен қалмай келе жатқанын ескермегендей. Біздің ойымызша қазақ халқының көне дүниеде бар екені қазір дау тудырмайтын шешілген проблема. Тек қазақ ұлты болып бас қосуы, әрине, беріде. Сондықтан тарихи деректерге сүйене отырып біз монғол мен қазақ елінің ескі ұлыстары арасында болған қарым-қатынасты айтпай кете алмадық. Заты, біз бұл монғол мәселесін ираннан /соғдиан; фарсыдан/ да бұрын бастауымыз қажет еді, бірақ қашқылықты-қуғылықты ғылыми таластардың әсерінен аса алмай отырмыз. Жер астынан жік шыққандай болу қиын екен!

Монғол мен түркі тілдерінің ара-қатынасы көптен сөз болып, біраз зерттелген де тәрізді. Бұл жөнінде ең алғаш еңбек жазып кеткен швед ғалымы Филип Ихан Страленберг [1] екен. Ол кісі XYIII ғасырда «Das Nord Ostlicke Theil Von Eurupa and Asia»

[1] Н.А.Баскаковтың кітабында И.Табберт Страленберг – Полтовада тұтқында /пленде/ болған швед офицері. Сібірде ұзақ уақыт тұрған адам /Н.А.Баскаков. «Введение в изучение тюркских языков» Госиздат. «Высшая школа», М.,1962, стр. 13.

/орысша аты: «Северная и Восточная часть Европы и Азии»/, атты еңбек шығарған, бұл еңбек 1730 жылы Стокгольмде жарияланыпты. Сонда түрік пен монғол тілі – татар[1] халқының санатына кіреді, бұлар өзара туыс тілдер дегенді дәлелдепті.

Страленбергтен кейінгі ғалымдардың бір талайы-ақ түрік пен монғол тілінің бір түбірден шыққанын айтады. Алтай төңірегінде өмір сүрген елдер ілгері заманда бір тілде сөйлеп, бері келе енші алысып тарасқан сияқты, мысалы, түрік-монғол болып екі айрылысқан деседі. Бұл пікірді жақтайтындар М.Расянян, В.Шотт, Г.Винклер, В.Банд, Ю.Немет[2] тағы басқалар болса керек. Түрік-монғол тілінің байланысы жөнінде шетелдік ғалымдардың пікірін толығырақ қамту үшін Г.Н.Рамстеттің «Введение в Алтайское языкознание» атты кітабындағы Н.А.Баскаков жазған бет ашарды оқып көрген мақұл.

[1] «Татар» деген сөздің мәнібі бүгінгі ұғымнан кеңірек, мысалы монғолды да татар деп атай береді. XIII ғасырдың бірінші жартысында біраз елді аузына қаратқан халық «татар» атанған. Бұл халықтың татар аты Орхон жазуында /X ғасырда/ ұшырасады. Қытай тарихы, «татарды» үшке бөледі, соның бірі «ақтатар», екіншісі «қара татар», үшіншісі – ағаш арасын мекендейтін /«жабайы»/дикий/ татар екен, ал Шыңғыс /Тимучин/ қара татардан шыққан дейді акад. В.В.Бартольд /Соч.5,стр. 615/.

[2] W.Schott. «Vezsuch nber dic tatarischen sprahen. Berlin, 1836; J.Winklez. Uzalaltaischen Völkez and sprachen. Berlin, 1884; Тағы соның еңбегі: «Das Uralaltaischen and scine gruppen, Berlin, 1886; W.Band Uralaltaischen forschenden, Leipzign 1890; J.Nemet Az urali es n török ngelvek ösi kapcsolkte «Nyclvtkromonyi sözlemenyck – 47, Bkdapest.

Орал-Алтай тілдерінің туыстығы жөнінде, монғол мен түрік және манжур мен тұңғыс тілдерінің ұқсастығын /лексикалық тағы грамматикалық жағынан да/ зерттей келіп – бұл тілдердің түп негізі бір «ата тіл» /праязык/ деп ұйғарды. Академик Б.Я.Владимирцовтың айтуынша: «Түрік пен Тұңғыс тілдерін монғол тілімен туыс дейтініміздің себебі бар, өйткені бұлар көне заманда бір тілде сөйлеп бері келе әртүрлі жағдайда өсіп-өркендесе керек» [1]. Ендеше бәрінің түбі Алтайлық «ата тіл» – деп қорытады.

[1] В.Я.Владимирцов. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и хакасского наречия. Л., 1929, стр. 45.

Олардың айтып отырған дәуірі көз түгіл, ой жетпейтін көне дүние. Ол заманнан қалған тарихи ескерткіштер де жоққа тән.

Монғол мен түрік тілдерінің туыстығын Г.Д.Санжеев, Н.А.Баскаков, П.Д.Номинханов тағы басқа ғалымдар да жақтайды. Бұлардан әлдеқайда бұрын Шоқан Уәлиханов та: «Түрік пен монғол тілдерінің туыстығын қазір көптеген ғалымдар мойындап отыр»[1] – деп жазды. «Қырғыз, қазақтар шаманды» – багши /бақсы/ деп атайды, ал монғолша «багш» – устаз – мұғалім; ойғырша –багш – хат танитындар, түрікменше ақын-жырауларды атайды» [2] – деген екен. Қазақ-шешен десе, монғолдар – сэсэн–сэцэн[3] – депті. Оның үстіне Сүпітай мен Көкжал Жебе тәрізді Шыңғыстың батырлары ең алғаш қыпшақтарға келгенде «сендер бізге қарсы болмаңдар, біз тіліміз бір, дініміз бір елміз» – дегенді айтыпты деседі. Бұл пікір: П.Пельо, В.В.Бартольд, В.Г.Васильевский сияқты ірі ғалымдардың еңбектерінде кездеседі.

Қазақ тіл ғылымының осы күнгі белгілі ғалымы Ғайнидден Мұсабаев өзінің «Қазіргі қазақ тілі» /«Современый казахский язык» /лексика/ атты еңбегінде қазақ-монғол тіліндегі ұқсас сөздердің тізімін береді. Сонда:

[1] Ч.Валиханов. Соч., СПб., 1904, стр. 179-180.

[2] Бұл да сол кітаптың 324 бетінде.

[3] Сол кітаптың 229-бетінде.

Қазақша	Монғолша	Орысша
1.Абдрыа	абдара	Сундук
2.Алтын	алтин	золото
3.Аян	аян	известно
4.Байсал	байцал	известна
5.Баянды	баян	спокойствие
6.Аймақ	аймаг	состоятельный,
7.Баран	баран	богатый
8.Үдере	едер	край
9.Қарыз	гарз	темноватый
10.Сарын	сарин	день, днем
11.Қар	гар	долг
12.Дөнежін	донжин	на протяжении чего-
13.Дулыға	дуулга	либо
14.Жасақ	жасаг	рука
15.Аңсағай	анцгай	четырехлетка /о
16.Талқы	талкин	корове/
		шлем
		правитель, пристав
		неуклюжий
		кожемялка

Осыдан келіп Ғ.Мұсабаев мынадай сөздері салыстыра тізеді. Мысалы:

Қазақша	Монғолша:
ем	эм
ем–ші	эм–ч
ем–ші–лік	эм–чу–ул
ем–де–мек	эм–чу–ул–лэх
көк	хох /түрікменше, азербайжанша – гөк/.
көгермек	хохрех
құр	хуур
қурай	хуурай
құрамақ	хуурах

Ойын қорыта келе бұл ғалымның айтуынша 1) «Монғол мен қазақ тілінің грамматикалық құрылысы ұқсас; 2) Негізгі сөз қоры және сөздердің өзгеру түрі ұқсас; 3) Түбірден жаңғырған сөздерді тудыратын жұрнақтар ұқсас, – дейді ол, – осы фактылардың бәрі қазақ пен монғол тілдерінің бірінен біріне ауысуы емес, бұлар ежелден туысқан халықтар»[1] – деп түйеді.

[1] «Қазіргі қазақ тілі» /лексика, фонетика, грамматика/, жауапты редакторлар, профессор М.Балақаев, доцент А.Искаков, Алматы, 1954, 59 бет.

Қазақ пен монғол тілінің ұқсастығын төрт салада көрсеткен тіл ғылымының докторы Кәкен Ақанов [1] екен.

Қазақ пен монғол тілінің термин жағынан туыстығын Ц.Д.Номинхановтай қалмақ халқының тіл маманы да айтқан-ды[2].

Тарихшы ғалым Мұсатай Ақынжанов та: «Түрік-монғол» тектес халықтар ежелден бірімен-бірі қоныстас, шаруашылығы бір тұрпатты, тілдері жақын халықтар екені даусыз» – деп есептейді[3].

Тіл ғылымының аты шулы ғалымы Гарма Данцараевич Санжеев те түрік-монғол тілдерінің туыс екенін мойындай отырып, бірақ бұл «туыстық кейіннен келіп шықты» [4] – деген ұйғарымға тіреледі. Осы пікірді ілгеріректе Н.Поппе де айтыпты, ол: Түрік тілдерінің жақындығы, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайынан барып туса керек, бұрынғы кезде бөлек-бөлек ұлттар кейініректе көшпелі феодалдық мемлекет құрған соң араласып ауыс-түйіс жасаған, бірінен-бірі аяқ-табақ алып пайдаланған болу керек. Түрік, монғол, тұңғыс елдерінің туыстығы, атын атап айтқанда, дәл осындай жақындасудан болған, бұлардың тілдері осы кезбен салыстырғанда ілгеріде ұқсастығы аз болуы кәдік» [5] – депті.

«Монғол мен түрік тілінің туыстығы әлі талас мәселе. Алтайлық «ата тілдің» болуы жорамалдау ғана» [6] – дейді тағы Л.Н.Санжеев.

Л.Лигети мен И.Бенцингтер тәрізді ғалымдар да алтай тілдерінің туыстығы жөнінде пікірлер айтады, бұлар әзірге орынды жора

---

[1] К.Ақанов. Қазақ тілі лексикасының мәселелері. Алматы, 1956, 65-66 беттер.

[2] Ц.Д.Номинханов. Термины родства в тюрке-монгольских языках. «Вопросы истории и диалектологии казахского языка». Сборник статей, вып.I, 1958.

[3] М.Ақынжанов. Қазақ тегі туралы, 1957, 11 бет.

[4] Г.Д.Санжеев. К тюрко-монгольской лингвистической проблеме. Труды Московского института востоковедения. 1947, сб.4, стр.69.

[5] Н.Ноппе. «Академик Владимирцов» /1884-1931/ «Революция и письменность», 1932, № 1-2.

[6] Г.Д.Санжеев. Әлгі еңбектің 17-бетінде.

малдар /гипотеза/, тек әлі күшті зерттеуді талап етеді десіпті.

Монғол тіл ғылымының маманы ғалым Ц.Д.Номинханов кейбір дауыссыз дыбыстардың орын ауыстыруы жөнінде еңбек жазып кетті. Сонда:

Қазақша	Монғолша	Орысша
М. –мұрындық	Б–бурунтаг	палочка продеваемая через хрящи под ноздрями верблюда для управления
Ж–желін	Д–делен	вымя
Жал	Дел	грива
й–айғыр[1]	Д–аджирга	жеребец
З–өгіз /әкір/	Р–ухер	вол
З–егіз	Р–ехир	близнецы
Т–тыңда	Ч–чингна	слушай
Т–тіке	Ч–чике	прямо

Осы ауыспалы кестеден кейін Ц.Д.Номинханов: «Түрік пен монғол тіліне ортақ фонетикалық /дыбыстық/ заң бұл тілдердің бірге туысуының айғағы» [2] – деп қорытынды жасайды.

Қазақ тіл білімінің ғалымы Шора Сарыбаев «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері» атты жинақта басылған. «К вопросу о монгольско-казахских языковых связях» деген мақаласында: «Қазақ-монғол тілдерінің лексикалық, грамматикалық ара қатынасын және кейбір сөздердің этимологиялық мағынасын тағайындау үшін ғана зерттедім»[3], – деп өзі айтады.

Жас ғалымның осы еңбегі кейінгі зерттеушілерге көп көмегін тигізетіні анық, өйткені осы салада жазылған көп еңбектерді

---

[1] Қазақ тілінің өзінде де «й» мен «д» дыбысы ауысады ғой, мысалы, аяқ-айақ-адақ /С.Т./. Н.А.Баскаков. Введение в изучение тюркских языков. Госиздат. Высшая школа, М., 1962, стр.117 /Сонда: «айақ»- «чаша» /конечность, конец, нога в других языках/ и адак - последний «последныш» в алтайском языке, где чередуется «д-й» деп түйеді.

[2] Н.Д.Номинханов еңбегінің 147-беті.

[3] Ш.Сарыбаев. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 2шығуы, ҚазССР ҒА Баспасы, Алматы, 1960.

сарқа оқып, неше алуан қайшылықтарын көрсеткен Ш.Сарыбаевтың негізгі ойы – түрік-монғол тілдерінің туыстығын жақтайды. Бір дыбыстың екінші дыбысқа ауысуы жайлы да бір талай ұтымды ойлар, салыстырмалар келтірген:

Қазақша	Монғолша	Орысша
Ж–жиеншар	з–зээнцер	правнук
У–төлеу	х–төлех	платить
Д–дала	т–тала	степь, поле
Б–кебек	в–хевег	отрубь, шелуха
Қ–құймақ	х–хуймаг	блины
У–тауыс	г–тогос	павлин
Ш–шешек[1]	ц–цэцэг	бутон
Ш–шүмек	ч–чәмег	трубчатые кости
К/к – құнан	г–гунан	жеребенок трех лет[2]

Осы салыстырма тізім «Алтай тілі» атты Н.А.Баскаковтың еңбегінде де бар екен. Мына мақаласын жазарда Шора Сарыбаев өзінің пайдаланған еңбектерін де әділ көрсетіпті. Біз де солардың бір талайын ескермей кете алмадық.

Қазақ тілінде баяғыдан бері айтылып келе жатқан қос сөздер бар, солардың ішінде түп мәнісі белгісіз сыңарлары кездеседі. Мысалы, абысын–ажын, ем–дом, тоқты–торым, телегей–теңіз, некен–саяқ, үрім–бұтақ, өрен–жаран, аты–шулы, үйлі–баранда, ұлан–байтақ, шеру тарту, дән ырза, бірдің кесірі мыңға, мыңдікі түменге, бала–шаға міне осылардың бір жақ сыңары байырғы қазақ тілінде түсініксіз-ақ, сондықтан іздене келгенде бодауын монғол тілінен тапқандаймыз. Жоғарыда көрсетілген астын сызған сөздерді

[1] Осы арада қазақша «шешек ату» – деген мағынада айтып отыр. Ал шешектің /оспа/ өзі де мына гүл–бәйшешекпен сабақтас деп танимыз.

[2] Ш.Сарыбаев көрсеткен тізімдегі жалқы буыннан тұратын сөздерді алмадық.

тексергенде мынадай ойға тірелдік. Қазақтың өзіне түсініксіз «ажын» монғолша інісінің әйелі ағасының әйеліне «ажин» болады екен, ал керісінше алсақ «абысынның» өзі ғой, тек туысқан екі адамның арасындағы жас айырмасына қарай даралап тараған, ендеше қазақ тілінде де көне заманда «ажынның» – абысын орнына жүруі кәдік.

Қазақ тіліндегі қос сөз «ем–дом» алғашқысы түсінікті, ол «ем» болып жеке де айтылады. Ал «домның» мәнісін монғол тілінсіз ұғу қиын. Қырғыз ғалымы Б.Орузбаеваның айтуынша монғол тілінде «дом» дәрі /лекарство/ [1] екен. Монғолша–орысша сөздікте «ем» «дом» монғолша – емдеу шарасы /целебное лекарство/.

Қазақша «тоқты–торым» деген сөздің де екінші компоненті «торымды» түсіну ауыр, ал монғолша «тором» тайлақ мәнісінде екен[2]. Махмуд Кашгариде «тоқты–торым» қозы, ұсақ мал.

«Телегей–теңіз» деген қос сөздегі «телегейді» Н.Поппе – монғолша «delekei» /делекей/ – айдай әлем, дүние /вселенная, мир/ мағынасында, қазақша – толағай, телегей – екеуі бір сөз, теңіз мәнінде. Япон тілінде де «телегей-теңіз екен», ал академик В.Владимирцовтың түсіндіруінше «delekei» /делекей/ – жер, әлем /земля, вселенная/.

Осыларды көрсете келіп Шора Сарыбаев біздің телегей монғолдың «delekei» /делекейі/ мен туыстас сөз деген қорытындыға келеді[3].

Қазақ тіліне жиырмасыншы жылдардың аяқ шенінде Джек-Лондонның «Всеобщий поход» деген әңгімесі «Теңсіз телегей аттаныс»

---

[1] «Некоторые заметки о парных словах» – атты Б.Орузбаеваның мақаласын қараңыз. Труды института языка и литературы АН КиргССР 1957, вып. YIII, 100-бет.

[2] Мұны «Қазіргі қазақ тілі» деген кітапта А.Искаков. келтіріпті /Алматы, 1954, 203-бет/.

[3] Жоғарыда көрсетілген Ш.Сарыбаевтың мақаласын қараңыз.

болып аударылды. Бұл арада, телегей сөзі «теңізсіз»–ақ айтылып тұр. «Өзіне теңі жоқ айдай әлем аттанысы» мәнінде алынған ғой.

«Некен–саяқтың алғашқы «некені» монғол сөзі сияқты, өйткені монғол тілінде «нэг–эн/» – бір, жалғыз екен. Қазақта «саяқ жүрсең, таяқ жейсің» бар, бірақ «некен жүрсең» жоқ, түптеп келгенде екеуі бір мағынаны береді. «Некен–саяқ» оқшау, жалғыз жүрген, далаға желдеп шығып кеткен жылқы, не қанғып жүрген–қашып жүрген жалғыз мал.

Заты, қос сөздердің екінші түсініксіз мағынадағысы – бірінші сөздің тура өзі болуы кәдік. Мысалы, «бала–шаға» тіркесіндегі «шаға–шақа» – бала, балапан мәнінде екені даусыз ғой. «Ұлан–байтақтың» біріншісі монғолдың «олоны» /«много»/ болса керек.

«Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі «түменге» – деген тіркестегі «түмен» монғолдың «оң мың» дегені екен. С.Е.Маловтың айтуынша бұл «түмен» ескі ойғыр тілінде де «он мың» мәнісінде айтылыпты, онда «tümän» /түмен/ – он мың деп келтірген[1]. Көне монғол тілінде грамматикалық жыныстың болғанын Б.Я.Владимирцов, Г.Д.Санжеев тәрізді [2] монголовед ғалымдардың бәрі де дәлелдепті. Монғол жұрнағы «джин» мен «гуй» аналық текті /женский род/ көрсетеді екен. Мысалы, «құнаннан» ұрғашы «құнажын», «дөненнен» – «дөнежін» шыққан, «құдадан» /еркек/ – құдағұй /әйел/ болып алынған. Монғолда «гуннан–гунаджін»; дунен–дүнжен; худа–худагуй».

Қазақ тіліндегі –шы, –ші жұрнағы, монғолша «ч». Мысалы:

[1] С.Е.Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.,1951, стр.435.

[2] Б.Я.Владимирцов. Следы грамматического рода в монгольском языке. Доклады Российской акад.наук. Ленинград, 1925, стр.31-34. Г.Д.Санжеев. Следы грамматического рода в монгольском языке. журнал «Вопросы языкознания», 1956, №5, стр. 73-74.

Қазақша	Монғолша	Орысша
санитаршы –	санитарч	санитарный
механикші –	механикч	механик
аңшы –	анч	охотник
сорушы	сорогч	ведущие дознания
емші –	емч	лекарь
төлеуші–төлегіш	төлегч	плательщик
асыраушы–асырағыш	асрагч	кормовщик
тракторшы–	трактрорч	тракторист

Қазақта	Қалмақта	Орысша
елші	элч	посланник
тонаушы	тонач	грабитель

Қазақ пен монғол тіліндегі етістіктердің де ұқсастығын /туыстығын/ Г.Рамстедт айтып кеткен екен. Мысалы мыналар:

Қазақша	Монғолша	Орысша
аулау	авлах	охотиться
ажырау	ажрах	расставаться
аршу	арчих	чистить, очищать, вычищать
арсию	арсайх	торчать во все стор оны, разветвляться
асырау	асрах	кормить, держать на попечении
болу	болох	становиться, делаться
бүркеу	бурхэх	кем, чем-либо, покры ваться, накрывать
быржио	биржийх	быть неровным, шеро ховатым, шершавым
байлам /от глаг бай лау связать/.	баглаа	связка, пачка, кипа, пучог
дөңгелеу /катиться/	дөңгелох /надевать шейную колодку/	

еңкею /нагнуться; поклониться/	енгийх-становиться долговязым, худеть, хилеть	
жалпаю	жалбийх	сплощиваться
жымию /улыбаться/	жимийх /сжимать, поджимать губы/	
жарату	зарах	расходовать
жалгау	залгаа	соединение, связь, сцепление, место соединения
ысқыру	исгэрэх	свистеть
мақтау	магтах	хвалить, славить
майрылу	майрах	притупляться
өсу	өсөх	расти, подрастать, развиваться, увеличиваться
сақтау	сахих	сохранять, беречь
сору	сорох	втягивать в себя, сосать, тянуть, высасывать
сұрау	сурах	спрашивать, наводить справки, осведомляться
сергу	сэргех	воспрянуть, оживляться пробуждаться
сабау	савах	стучать, бить
сауу	саах	доить
қақалу	хахах	подавиться
салғыласу /спорить, торговаться/	салгалах дрожать, трястись/	
тұну	тунах	осаждаться, оседать, отстаиваться, стано виться прозрачной /о воде/
төлеу	төлех	платить, оплачивать
тонау	тонох	грабить, ограбить

тарау	тарах	расходиться, разьезжаться, рассеиваться, распускаться
тану	таних	узнавать, распознавать
кекіру	хәхрәх	отрыгивать
құрау	хурак	собирать, складывать, составлять
қуыру	хуурах	жарить, поджаривать
шошу	цогих	пугаться, вздрагивать от испуга
жүдеу (жадау)	зудэх (зжадах)	изнуряться, истощаться, худеть
таяқтау	таягдах	бить тростью, посохом, костылем
қадау	хадах	прибивать, приколачивать вбивать
қону	хонох	ночевать, проводить ночь
үрку	ургэх /ургэ/	шарахаться, бросаться, в сторону от испуга /о животных/
қарау	харах	видеть, смотреть, глазеть

Қазақтың лық–лік, дық–дік, тық–тік жұрнақтарына монғолдың лаг–лиг жұрнақтары дәл келеді. Мысалы:

Қазақша	Монғолша
батырлық	батырлаг
байлық	баялаг
жарлық	зарлиг

Қазақша лы–/лі монғолша лиг

төбелі	доболиг

Сын есімдегі ұқсастықтар:

Қазақша	Монғолша	Орысша
кір	хир	грязь
тарлан	торлон	сивая

ала	алаг	пестрый
көк, жасыл	кәх	зеленый, синий
тегіс	тэгш	ровный
күрең	хурэн	темно-рыжая
ұяң /тихий застенчивый, робкий	уян /слабый о характере	
қатты	хатуу	твердый, крепкий
тарлан	тарлан	пестрый, крапчатый
сары ала	саарал	пепельный
құла	хул	саврасый
бурыл	буурал	чалый
ширақ /живой, бодрый/	чийрэг: 1)сильный, крепкий, 2)плотный	живой, бодрый, сильный, крепкий, плотный
теріс /неправильный, ошибочный	тэрс /противный, враждебный/	неправильный, оши бочный, противный, враждевный

Ішетін ас, киетін киім, ұшқан құс, жүгірген аң, үй ішіндегі аспап–сайман, ата-тек, туған–туысқан, адамның дене мүшелері, даладағы өсімдік, төрт түлік мал – бәрінің де атаулары ұқсас, ендеше осы мол ұқсастық тегін болмау керек. Тіпті күнделік өмірде қолданылып жүрген кереге – «хереге», тоқым – «тохом», дедеге–«тодехе» тәрізді сөздер де мүлде бірдей ғой. Сондықтан мұндай ұқсастық және ара–тұра айырмашылық түркі тұқымдас елдердің өздерінде де жиі кездеседі.

«Все современные тюркские языки наций и народностей восходят как целая родственная группа языков соответственно к более древним языкам племен и родов и являются результатом исторического процесса развития языков в различных родо-племенных союзах и общностях, которые оставили специальные для них следы и отпечатки и создали характерные для каждого языка различия.

Причем каждый язык племени и народности как «общий язык, имевший только различия в диалектах, был вырожением и доказательством общего происхождения» /племени–А.Б. [1] – деген Ф.Энгельстің орынды айтылған ойын Н.А.Баскаков келтірген екен. Біз де осы ұйғарымды қолдаймыз. Оның үстіне грамматикалық, синтаксистік, дыбыстық /фонетикалық/ жақтарынан түгел ұқсас болуы кездейсоқ емес. Зат есім, сын есім, әсіресе жұрнақ–жалғаулардың, етістік – баршасының ауыспай дәл келуі бізді еріксіз мына пікірге мойындатып отыр. Қазақ пен монғол елі ежелден бір туысқан ел болу керек. «... Монғол мен түркі түбір субстратының ажырай бастауы қай кез екенін айту қиын. Бірақ бұлардың әрқайсысы өз алдына жеке тілге айнала бастағанына ең кемінде бес мың жылдан астам уақыт өтті деген С.Е.Маловтың пікірін қуаттауға тура келеді» – дейді [2] Ғ.Мұсабаев. Әйтпесе, біздің жыл санауымыздан көп бұрын соғдиандар /ирандықтар/ тілінен келген сөздердің, жұрнақтардың өздері де әлі күнге дейін бадырайып көрініп тұрады, мұндай әр саладан кіріп ым-жымы бірігіп, мәмлелесіп кете алмайды. Егер ежелден бірге туыспай, бері келе 12 ғасырдан бастап қана қарым-қатынас жасаған болса, мұндай ұқсастыққа жеткендей жағдай туа қоймаса керек. Қонысы бір ежелден дос, ой-пікіріміздің араласуына үш-төрт жүз жылға созылған орыс халқының тілі де қазақ тіліне сырттай әсер жасағаны болмаса, етене кірігіп кете алмауы айдай-әлемге аян ғой. Ендеше, түркі-монғол тілі ертеден туыс тіл екенінде дау болмасқа тиіс. Осы пікірімізді

[1] Ф.Энгельс. Происхождение семьи, частной собственности и государства. /К.Маркс пен Ф.Энгельс. Избранные произведения в 2-х томах, том II, М., 1955, стр.237.

Н.А.Баскаков. Введение в изучение тюркских языков. Гос.изд. «Высшая школа», М., 1962, стр.108.

[2] Ғ.Мұсабаев. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан, I бөлім, Алматы, 1966, 29-беті.

дәлелдеу үшін лексикалық ұқсастықтан біраз тізім бере кету дұрыс болар. Бұл жөнінде айтылуы да, жазылуы да бірдей, мағынасы да дәл келетін, ешбір күмән тудырмайтын сөздердің тізімін «қосымшада» беруді дұрыс көрдік.

Қорыта айтсақ, осы күнгі Алтай тілдерінің туыстығы жөнінде ғалымдардың пікірі екі жарылады. Бәрі де ілгерілі–кейінді тіл материалдарына сүйене отырып әділ биліктерін айтады. «Алтай ата» тілінің бар екенін, оның атам заманында болғандығын бір ауыздан мойындайды. «Алтай тілдерінің шыққан тегі бір, түп тамыры, туыс тілдер» – деп ұйғарады. Бұл теорияны жақтайтындар: Б.Я.Владимирцов, Е.Д.Поливанов, Г.И.Рамстедт тағы басқалар болды. Ал екінші бағыттағы – алтай тілдерінің типологиялық ұқсастығын, туыс еместігін жақтайтын ғалымдардың ең ірісі көрнекті поляк ғалымы Владислав Людвикович Котвич /1872-1944/ еді.

Осы Котвичтың айтуынша: «Көне түрік тілдерінде жазылған ескі ескерткіштер YII-XIII ғасырлардан қалған екен, мына тұңғыс «журжен/тілдерінің ескерткіштері XII ғасырлардан келе жатыр, ал монғол /ойғыс/ жазба ескерткіштері XIII ғасырдан қалған – дейді ол. – «Осы күнгі түрік халқының саны отыз миллион, монғолдар үш-ақ миллион», – деп келеді де: – «Алтай ата тілі болды, бірақ туыстығы жағынан емес, типологиялық жағынан», – деп түйді Котвич [1].

«Корей тілінде де монғол, тұңғыс тілдерінің элементтері бар екен, сондықтан Г.И.Рамстедт пен Е.Д.Поливановтар корей тілін де осы Алтай «ата тіліне» қоса салыпты, осыдан барып Алтай ата тілінің шеңберін кеңейту үшін кейінгі кейбіреулер жапон мен

[1] W.Kotwicz. «Studia nad jezykami Altaiskimi». Krakow - 1953. Котвичтың осы еңбегі «Исследование по алтайским языкам» болып орысшаға 1962 жылы аударылды. Изд. Иност.Литература, М., 1962, 351-беті.

юкагир тілдерін де осы «ата-тілге» теліген болатын, бірақ бұл пікірдің бүгінгі ғылым дүниесінде нақтылы орын тебуі мүмкін емес» – деп үзілді-кесілді тұжырымға келеді әлгі В.Л.Котвич [1].

Бүгінгі жапон ғалымдарының біразы өз тілін түркі тілдерімен туыс деп те дәлелдеп жүр. Мына екі салада жүріп жатқан ғылми–талас–тартысты көрсете отырып, солардың ішінен алдыңғы айтылған генетикалық–туыстық негізді жақтаймыз. Әзірге зерттелген материалдар бізді осыған әкеп тіреді. Себебін ілгеріде айтқан едік.

Тағы қайталап көрелік. Мысалы, монғол тілі мен түркі тілдерінің туыстығын жақтауымызда екі үлкен дәлеліміз бар, соның бірі: монғол мен түркі халықтарының тарихи өркендеу жолдары, тілі, рухани тіршілігі, тұрмысы, әдет-ғұрпы, тәңірге табыну, жүйелері, ежелгі көшпелі түркі елдерімен бірдей. Оны алыстатуға үстірт қараған кісінің де әлі келмесе керек-ті. «Шаман дінінің /тәңірге – аспанға табыну – балгер-тәуіп дінінің – С.Т./ әдет-ғұрыптары монғолдарға қарағанда қырғызда /қазақта/ молырақ сақталған, бірақ бұл монғол діні бері келе мұсылман дінімен астасып – екеуі де бір дін болып шыққан. Қазақтар Мұхаметті танығаң жоқ, алайда, Мұхаметтің құдайына да, сонымен қатар монғолдың «онгонына» да /әруаққа сыйынуына да – С.Т./ бірдей нанған»[2] – дейді Шоқан Уәлиханов.

Әрі қарай ойын жалғастырып Шоқан: «Монғолдар да солай істеген, отқа /суға/ табына отырып, өткен әруақтарын «онгондарын» шақыра отырып, мұсылман періштелеріне де сыйынып, Мұхаммат құдайына да жалбыранған, сөйтіп, бұл екі дін біріне бірі кедергі де жасамаған» [3] – деп кесіп айтады.

---

[1] Аталған кітаптың қорытындысын қараңыз.

[2] Ч.Ч.Валиханов. Собр.соч в 5и томах. т.I, Изд. АНКаССР Алма-Ата, 1961, стр. 710, «Шаман» деген сөз әр елде әр түрлі аталады. Масалы естектер /остяки/ «тадыб» /қазақша тәуіп болса,кер. Сібір елдері «сам» деседі, ал түркі жұрттары «бақши» немесе «бақси» деп атайды.

[3] Аталған кітаптың 470 бетінде монғолша «онгон» «әруақ» деп көрсеткен Шоқан.

Тап осы ойы аздай-ақ Ш.Уәлиханов: «Жалғыз құдайға сенетін Мұхаммет діні, – дейді ол, – ізі-түзі белгісіз жын, пері шайтандарды да бар деп ұқты, шамандардың рахымсыз рухтарын жоя алмады, мұсылман пері, кәпір пері болады, – деп білді» [1] – деген пікірді ашық көрсетеді.

Ендеше ежелден тілі де, діні де бір ел ғой, оның үстіне мұсылман дінін қабылдауы да, танымауы да қандай ұқсас десеңші! Монғол мен түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың бір тектен шығуын тиянақтайтын екінші дәлеліміз мынау, мысалы, соғдиян /көне Иран/ мәдениеті, тілі қазақ еліне көптен таныс, Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ ұлыстарымен ежелгі заманда-ақ қоныстас болған. Сөйте тұрып, Иран тілінен ауысқан сөздер, жұрнақ-жалғаулар осы күнгі қазақ тіліне мидай араласып, үндестік заңына бағынып жымдаспайды. Аққа қара жапсырғандай оқшау тұрады. Ығы-жығы білінбей араласып кетуіне екі мың жылдан астам мезгіл жеткілікті-ақ қой! Ал, монғол тілі мен қазақ тілінің арасындағы айырмашылық мүлде аз, «құнан, құнажын, дөнен, дөнежін, айғыр, шешен...» дегендер тағы басқа сөздер азын-аулақ дыбыстары болмаса бірдей емес пе? Мал өсірушілік, көшіп-қону, соғыс терминдері өзгеріссіз айтылады. Мұндай бірлестік-үндестік Шыңғыс хан шабуылынан кейін араласқан елдерде бола қоюы неғайбіл! Тарих үшін, тіл мен тілдің арасы бірігіп, тігісі жаттығып кетуі үшін 600-700 жылдай уақыт өте шағын. Монғол мен қазақ /түркі/ халықтарының бірлестігі – туыстығы көз жеткісіз көне заманнан Алтайлық «ата тілінен» келе жатыр деуімізде осы жағдайларға сүйеніп отырмыз.

[1] Ш.Уәлиханов. Аталған кітаптың 114-бетін қараңыз.

Мүмкін, кейбір тарихшылар «қазақ» деген ұлт XY ғасырда пайда болды, сонда согдиян дәуірінде қандай «қазақ» болды екен деп те таласар. Оларға айтарымыз мынау: ол кезде осы күнгі ұлт мағынасы болмауы рас та шығар. XX ғасырда – дәл бүгін ұлы ұлт атанып отырған елдердің қайсысы сол мезгілде ұлт бола қойды екен? Алайда, бүгінгі қазақ халқының сапына кіріп отырған «Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Арғын, Найман, Жалайыр» деп аталатын ұлыс-рулардың болуы дәлелдеуді қажет етпесе керек. Қазіргі қазақ тіліне соғдияндардың тілдік элементтерін әлгі ру-ұлыстар әкеп қоспасына кім кепіл? Бүгін бәріміз де бас қосып сол ұлыс-рулармен бір тілде сөйлесіп, ұғынысып жүрміз ғой. Осыларды аттап өту өте қиын сияқты.

Көне Қытай тіліндегі тарихи деректерді орыс тіліне аударған ат-шулы синолог-ғалым Никита Яковлевич Бичурин /лақап аты «Иакинф»/ мынадай анықтама береді: «Қытайша Қоқанд қаласын да, төңірегіндегі елін де «Давань» деп атаған. Орта Азияға бірнеше рет келіп қайтқан Қытай саяхатшысы Джан Кянь /үстіміздегі жыл санауымыздан 126-127 жыл бұрын – С.Т. ... Чигу қаласы Үйсіннің бұрынғы астанасы – Тәмурту – Нораның терістік-шығысында, Кучаның терістік батысында, Іле өзенінің түстігінде тұрады, Кангюй /Қаңлы/ елі Сыр-дарияның терістік жағындағы өлкені – осы күнгі Ұлы жүз бен Орта жүз халықтары көшіп-қонып жүрген өңірді мекендейді, бүгін Россия «қырғыз-қайсақ» деп атап жүрген қазақ халқы өзінің «қазақ» деген атына жақында ие болған тәрізді, өйткені 1246 жылдары Шара-Ордада /Қарақұрымда/ тұратын Күйік ханға келіп қайтқан Рим папасының өкілдері де бұларды «Қангиттар» – /Қаңлылар болу керек – С.Т./ – деп

атаған екен»[1] – дейді Н.Я.Бичурин. Осы сөздер қазақ халқының бүгінгі сапына кіріп отырған ру-ұлыстардың алыстан келе жатқанын дәлелдейді.

3) Қазақ тілінің араб тілімен байланысы

Қазақ халқының тілі бүгін туған жоқ. Бұл тілдің тарихы ежелгі заманнан келе жатыр, оны біз алдыңғы тарауларда да дәлелдеп өттік. Көз жеткісіз көне дәуірлерде – сонау Соғдиан тілімен жасасқан қарым-қатысын зерттеп, өзімізше орнықты пікір айтқандай болдық. Содан бері қарай қазақ тілінің ауыс-түйіс жасамаған елі кем де кем тәрізді.

Әрбір әсер-ықпал әр түрлі бағытта жүретіндей. Соның ішінде тарихи қарым-қатыс пен діннің әсері де болмақ, бірақ негізгісі тілдің лексикалық қорында көрінеді, сондықтан басқаларын доғара тұрып, ең әуелі әңгімені тіл қарым-қатынасынан басталық.

Араб тілінің таралу жолдарын тиянақталық: Ең алғаш язычествода /дінсіздікте – С.Т./ болған, бері келе бір аз уақыт ісләм дінін қабылдаған, артынша кейін серіпкен, енді осы күні христиан дінінде жүрген шуваштарда да «араб-фарсыдан ауысып келген 250 сөз бар, соның үштен екісі арабтікі екен» – дейді М.Р.Федотов[2]. Араб тілінің элементтері қазақ тілінен гөрі өзбекте көп екенін Л.З.Рүстемов[3] те айтқан болатын.

Ендеше, араб дініне ерте кіргендерде /өзбек, татарларда/ ол тілдің элементтері өте көп, кейінірек кіргендерде /қазақ, қырғыздарда/ азырақ, ал біраз уақыт қабылдап кейін шығып кеткендер

[1] Н.Я.Бичурин. /Иакинф/. Собр. сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. т.11, Изд. АН СССР, М.-Л., 1950, стр. 152.

[2] М.Р.Фецотов. Вопросы чувашского языкознания и литературоведения. /Ученые записки. вып.XXII, Чебоксары – 1963, /лексико–семантический обзор и словарь/.

[3] Л.З.Рустемов. Арабско-иранское заимствование. Автореферат, Алматы, 1963,

де /шуваштарда/ одан да аз, ал тіпті араб дініне кірмеген түріктерде /тува, хакас, қызыл ұлыстарында мүлде жоққа тән/ 25-ақ сөз/.

Ескерте кететін бір жағдай бар: Мысалы, YIII-XI ғасырларда Бағдат шәһәрінде көптеген түркі ғалымдары болыпты, соның ішінде: 1) Абу Исқақ ибн Хасан ибн Кухий ал-Хурайми /Самарқаннан шыққан түрік адамы – YIII ғасырдың аяқ шенінде/. 2) Мұхаммед ибн Мұса ал-Хорезми уә Мәжуси. 3) Абу-Ғаббас ал-Жауһари /Отырар қаласынан/. 4) Абу Насыр ал-Фараби /Отырарлық/. 5) Исхақ ал-Фараби /Отырарлық/. 6) Абу-Насыр Исмаил ал-Жауһари /Отырарлық/. 7) Ахмед ибн Мұхаммед Ферғануи /Ферғанадан шыққан астроном/. 8) Ахмед ибн Абдулль Маруази /Мервтік/ тағысын тағылар. Тіпті Харун әл-Рашидтің немересі, Мамонның туған баласы Мутасим Халифа /833-847/ елу мың түркі әскерін жалдап алған-ды, сол Мутасимнің бір уәзірі Үтеміс түрік еді» [1] – дейді, В.А.Эберман.

Шам шәһәрінің //«Дамаск-Дамшық» маңында Желли /желді – С.Т./ Алп Арсын атты түркі қыстақтары бар екен. Халифа әскерінде түркістандық әскерлер көп-ақ еді [2] – деседі.

Халифа Ибрагим ибн Мәһдидің /775-785/ Харун ар-Рашидтің ағасы/ түрікше сөйлей алатынын ежелгі ғалым Якут айтқан екен[3] – деседі.

---

[1] В.А.Эберман: Записки Коллегии Востоковедов, томY, 1930, стр. 437-438.

[2] «Сафар–Наме». Насир ибн Хисрау – 115-беті.

[3] «Записки коллегии» том 5, Л., 1930 , стр.273 /см.статью В.А.Гордеевского «К вопросу о влиянии тюркского языка на арабский»/.

Сол ерте кезде-ақ Бағдатта түрікше сөйлесітіндер жиі кездеседі екен.

Сондықтан-ақ тарихи қарым-қатысты, мәдени, әдеби тіл ауысуын әңгіме еткенде осы ауыс-түйістің екі жақты екенін ұмытпауымыз қажет.

Ендеше, араб әсерімен келген сөздердің бәрі өзінікі болмауы да мүмкін. Мысалы, дін – религия, бұл арамей тілінде – дин–религия, әлем–мир, вселенная; арамейде – алам – мир, вселенная; көне грек тілінде: джаһаннам – ад, тамұқ, дозақ; геенна, преисподняя; қазақта: «жаныңды жаһаннамға жіберем» – «твою душу отправлю в ад», Эблис-дьявол, сатана /қазақта – ібіліс/ «дженс» – род, товар; қазақта – «жыныс» – пол/; дафтар – тетрадь; қазақта – «дәптер» – осылардың бәрі басқа тілдерден арабқа кіріп, сонсоң бізге араб діні арқылы келді» – дейді тағы Л.Э.Рустемов[1]. Қазақта «бәдел қажы» бар, бұл Мекеге /қаланың аты/ біреудің орнына барып қайтқан кісі, арабта бадал–замена, заменитель; фарсыда екі сөз бар, «бодиль» – с сердцем, «биділ» – без сердца, қазақта: «бедел» – авторитет, тап осы сөзді біз кімнен алып отырмыз? Арабтан ба, фарсыдан ба? – деген сұраққа біз фарсының «бодилінен» алған болуымыз керек деп айта аламыз: Арабта шақшақ – болтать, қазақта шақшақ қылу – шағыстыру, ал шақша-насыбай сауыты /мүйізден істеледі/, фарсыда «Худо харра дид, шахаш нә дад» – Бог осла увидел, на дал рога» – қазақшасы: «құдай есекті көріпті де мүйіз /шақ/ бермепті» деген мәтел бар, осыған қарағанда біздегі «шақша», фарсының /иранның/ «шах» – мүйіз деген сөзінен шығуы ықтимал, бірақ осы «шақ» сөзі көне түркі тілінде де бар екен, өйткені «Құдай есекке шах бермепті» деген мақал ертеде айтылған ғой, осыған қосымша «шақылы қошқар» – мүйізді қошқар,

[1] Л.З.Рустемов. Арабско-иранское заимствование, Авторефераты. Алма-Ата, 1963.

«Шақшам шақша-ақ еді – өзіме жақсы-ақ еді, сиыр мүйізі шақысы еді» деген даукес шешен Нәудің сөзі де бар. Әрине, сөз ауысуы ежелден екі жақты, мына түркі тілдерінен араб-фарсыларға бір талай сөздердің ауысып барғаны да мәлім. Қалайда осы «шақша» сөзінің аяғындағы «ша» кішірейту жұрнағы болса, онда қазақ тілінің өзінікі екені анық.

Немесе «шахаш» сөзі «шақша» болып кітаби тілден ауысуы да мүмкін ғой.

Оныншы ғасырда арабтың аты шулы соқыр ақыны Абулл-ль-Әлә-әл Мағарри үш кітап жазып кеткен, соның біреуі «Мулка-с-сабил» екен. «Брошенное на дороге» деген мағынаны білдіреді, яғни «өткен-кеткендер пайдалану үшін өз ойымды өмір жолына сеуіп кеттім» [1] – деген ғой. Ендеше, біздің ойымызша қазақта айтылатын «себіл» /«жан себіл»/ мен Әл-Мағарри айтқан «сабил»-дің байланысы болуға тиіс.

Арабта кабаб – жаркое, фарсыда – кабаб-жаркое /«қуырдақ»/ ал қазаққа «кебеп» қайсысынан келгенін үзілді-кесілді айту ауыр. «Мен кебеп болып отырмын – қурылып, шыжғырылып отырмын» – деген мағында. Қазақ тіліне арабтан келген ай аттары: «Сапар, Ережеп, Рамазан» болса жұлдыз аттары: «Амал, Сәуір, Жауза /кейде Зауза/ Саратан, Әсет Сүмбіле» болмақ, бірақ осылар фарсы тілінде де бар, ал түп атасы гректің 12 айлық зодиакал есебінен шығуы да ғажап емес. Тіл де, әдебиет те өсе бермек, бірден бірге көше бермек.

Араб елінің әйел аттары бізге бітеудей келді, мысалы, Қадиша, Айша, Қапса, Зейнеп, Бәтима, Рабиғалар бұлардың еш

[1] И.Ю.Крачковский. Избр. соч., т.II, Изд-во АН СССР, М.-Л., 1956, стр.184.

қайсысы да қазақ тілінде жыныс белгісін көрсетпейді. Сондай-ақ жекеше айтылатын –һал /положение/, руһ /дух/, һейван /животное/ сөздері келгенде оның көптік жалғауымен айтылатын «аһвал, арваһ, һейванаттары» да кіріп жекеше сөйленіп жүр. Мысалы, ахуалдар, аруақтар, айуанаттар /хайуанаттар/ деп соға береміз. Мұның себебі де біздің қазақ елінің арабтармен бетпе-бет кездеспей, олардың сөздерін «көлденең көк аттылардан» алғанын айқындай түседі. Ендеше бұлар да бітеудей қабылданған екен.

Жоғарыда айтылған пікірлерімізді шыңдай түсу үшін арабтан фарсыдан келген біраз сөздердің тізімін бере кетелік. Ол сөздердің Орта Азиядан тыс жатқан түркі тілдеріне қалай тарағанын, қалай айтылатынын көрсетіп өту де жөн болар. 1) Қазақта – абыз – жрец, провидец; арабта – һафиз – оберегающий, хранящий; лицо, знающее наизусть коран; татарда – абыз, абзи – дядя; шувашта – апас – жрец на молениях.

«Абыз-шаман дініндегі қалықтардың молда, сопы, бақсы сияқты адамдардың лауазымы. Ол «абыз» демек әуелде шаман дініндегілердің өз молдасына қоятын аты екен /Абай/. «Ей, қобызыңды тарт, балыңды аш, не келсе де балыңа жасырмай айт» /М.Әуезов/. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «абыз» сөзі – хафез, абид сөздеріне қатысты дей келіп, оның мағынасын» оқымысты, білгіш, көреген, сәуегей, балгер» деп түсіндіреді /ҚТТС, I том/, Түрік тілінде – һафіз /хафиз/ құранды түгел жатқа білетін адам; абіт құдайға құлшылық ететін, құдайға сенетін кісі. Түрік тіліне бұл сөздер араб тілінен ауысқан. Ал, бірақ қазақтағы абыз сөзі, біздіңше араб тілінен кірмеген, түркі елінің төл сөзі. Абыз /абыс-абуз/ сөзі шығыс түркі тілдерінде де бар /Радлов. «Опыт сл.I-IY/. Якут тілінде аба, абла, абыс, ап – мағына жағынан

бір-біріне өте жақын. Бәріне ортақ «ап» түбірінен өрбіген сөздер. Бұлардың мағынасы: қу, сиқырлық, мағия /Пекарский. Сл.якут.яз./ Қазақ тіліндегі «абызсынып отырғанын көрдің бе?» деген сияқты сөйлемдегі абыз сөзінен әулиелік, сәуегейлік мағына байқалады. Көне жазу ескерткіштерінде аба /окота/ – аңды алдап торға түсіру, сиқырлы-айлалы тәсіл қолдану /С.Е.Малов. Пам.др.письм.монг.и кирг. /89/; В.В.Радловтың айтуынша алт. тілдерінде ап – екі жүзділік, алдау /Радлов. Опыт сл. I-IX/; сонда абыз сөзінің негізгі түбірі сиқыр, тылсым мәнін білдіретін аб–ап, ал–ыз /аффикс/ болуы мүмкін /салыстыр: жау–ыз [1] дейді А.Махмутов. Аба – облавная охота. Бетпақ даладағы бір топ киікті алыстан торлап алып, әскерлер шеңберін азайта береді. Шеңбер ішінде көп киік қалады. Сасқан киік тек хан тұрған – аңдуы аз жерден атып шығады, ендеше сасқан киік, «ханның басынан секірді» дейтін сөйлем осыдан қалған тәрізді.

Қазақ халқының алғыр ойлы тұңғыш профессорларының бірі – Құдайберген Қуанұлы Жұбанов абыз сөзін қобыз сөзімен байланыстырып, татар тіліндегі қобыз, абыз, абзи, абза, абыстайларды – қобыз деп түсіндіре келіп, бұл сөздің «қ» – дыбысы көне заманда, рулық қоғам тұсында түсірілген деген пікірді айтады[2]. Сайып келгенде, арабтың «хафизы» емес, көне түркі сөзі деп дәлелдейді.

Араб тілінен қазақ тіліне келген сөздердің бұл толық тізімі емес, тек қана өзімізден бұрынғы ғалымдардың айтқандарын алдық. Ал «бәрекелді, астапыралда, бісміллә» тәрізді құранның түсініксіз догмаларын қоспадық. Сонымен қатар қазақ тіліне арабтан кірген: жекешесі «Сапар», көпшесі – «мүсәпір»,

[1] Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. ҚазССР–ның «Ғылым» баспасы, Алматы, 1966, 17-18 беттер.

[2] Х.Жұбанов Исследование по казахскому языку. Алма-Ата, 314-315 беттер.

жекешесі – «назар, көпшесі – ынтызар» – «ілім-мұғалім» – әрекеттерді» де тастап кеттік. Түп-түгел болмаса да біразын, қосымшада бермекпіз. Сөйтсе де мына бір екі-үш сөздің қолдану тарихына тоқтала кетелікші: қазақта – қағба – мекедегі мешіт, мұсылмандар соған қарап намаз оқиды; арабта –кааба – главная мусульманская святыня; фарсыда – кааба – мечеть с свещенным камнем в Мекке, которая является «главной святыней мусульман»[1]; марий тілінде – кова, кава – небо, первый ангел; удмурдта –құдайдың аты «каба пымар» – «Каба божество» – деген мағынада /пымар –пайғамбар емес пе екен?/. Өйткені, тіл ғалымы Н.И.Ашмариннің айтуынша шуваш тілінде «Пихампар» деп қасқырларға әмірін жүргізетін құдайды атайды, бұл да фарсының пайғамбары /пророк/[2] деп түйеді. Сонсоң әлгі ғалым Н.И.Ашмарин шуваштың «кепе» деген құдайының атында ісләм дінінің «каабасы» жатыр деуі дұрыс, ал «бұған қарсы айтқан В.Г.Егоров қателескен екен» дейді М.Р.Федотов. Әрі қарай осы М.Р.Федотов: «кепе» – кааба-шығыс жақта тұрады, сондықтан мұсылмандар күн шығысқа қарап намаз оқиды, құрбан шалады» деуі өмір шындығына жақын емес, өйткені түркі елдерінің бәрінде де бірдей, арабтың Мекесі – қағбасы-батыс жағында ғой, сондықтан мұсылман елдері намазды күн батысқа қарап оқиды. Әрине, бір кезде, Мұхаммет Әлі пайғамбар болмай тұрғанда, Әбу-Жәһіл /«Әбу-Жәһіл» надандықтың әкесі – деген сөз /С.Т./ оны Мекеден қуып, сонда Мұхаммет Мединеге қашып барып паналаған, ал Медине Мекенің шығысында тұрады. Сонда Мұхаммет қағбаға қарап оқымай, намазды Мединенің шығысында тұрған Құддысқа /Иерусалимге/ қарап оқыған-ды. Мұнысы жебірейлерге /Мұса

[1] Саади «Гулистан», ГИХЛ, М., 1957, стр.306.
[2] Академик В.В.Бартольд. Соч., т.5, стр.520.

дініне/ табыну еді, сөйтіп ол екі жылдай жебірейлерді алдап өзіне ертіп алды да Мекені келіп шапты. Әбу-Жәһілді осылай құртты, пайғамбар атанды, Мұхамметтің қашқан жылын «Хиджра» деп атайды, араб елінің жыл санауы содан басталады, бұл үстіміздегі дәуірдің 622 жылдар шамасы. Ал академик И.О.Крачковскийдің айтуынша 582 жылдар шамасы болса керек[1].

Қазақта – керемет – чудо, чудесно, превосходно, восхитительно. Керемет қуаныш – большая /превосходная/ радость; құдайдың кереметі – чудеса бога; арабта – карамат – щедрость /благодать/; фарс. карамат – щедрость, великодушие, чудо; татарда – кирәмәт, марийде, удмурдта – керемет, – чудо; мордвада – керемет-место пребывания злого духа; шувашта – керемет место пребывания злого духа; шувашта – керемет место пребывания злого духа, место где совершали моления духам, языческим богам /душа умершего/. Ертеде, 10 ғасырдың бас кезінде, көрінгенге табынатын /отқа, суға, хайуанға табынатын/ заманда мордва, шуваштардың «Кереметь» деген сарайы болған, олардың ісләм дінін қабылдамаған дәуірі 921-922 жылдарда еді, осыған куә В.Хлебниковтың өлеңі мынау:

«Мордвин, арабов проводник,
Сложив оазису моленье,
Здесь стан отдохновенья
Здесь расположим мы свой стан
Вблизи столицы государства;
В Булгаре любят персиян,
Но «кереметь» – само коварство» [2]

депті.

[1] Араб жыл санауы – «Хиджра» мен Христиан жыл санауының арасын әр ғалым әртүрлі айтады. Әйтеуір 582 жыл мен 622 жылдың арасын бағдарлайды /С.Т./.

[2] Г.А.Федоров–Давыдов. Курганы, идолы, монеты», Изд. «Наука», 1968, стр. 5.

«Керемет» деген бір сөздің әр түрлі ұғымда қолданылуы осы арада айқын көрініп тұр. Мұсылман дініндегі елдер бір бағытта, ал дінсіздер екінші салада пайдаланған.

Қазақта алтын–золото, бұл сөз барлық түркі тілдерінде бар, /арабта–тин-грязь, глина, фарсыда – тин-глина, земля, грязь; орыс тіліндегі «тина» да осыған келеді-ау, сірә, венгерде /мадиярда/ – тім – глина; осы ал–тын екі сөзден құралған сияқты, соның біріншісі ал–алый, яркокрасный, екіншісі тын–тина глина болса керек-ті; шувашта – там или тан – глина, сонсоң – ылтан немесе ылтам золото, ең әуелде – золотоның өзі орыс тілінде металдың түсін көрсеткен сөз деседі. Енді қазақша мынадай өлеңнің бар екенін де келтіре кетелік:

«Ал қызыл көрінеді қашқан түлкі,
Жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі?
Төменнен жоғарыға қол сермейтін,
Болсын деп шіркін көңіл көтеріңкі»...

дейді. Осы шумақтағы «ал қызыл» – өте қызыл – яркокрасный екенінде дау болмасқа тиіс. Сондықтан «ал-тын» – да қып-қызыл, – топырақ болуға ықтимал. Орыс тіліндегі «алтынь» сөзінің де осыдан алыс емес екені байқалады. Қазақта «би-қисап» деген шыттан гөрі қалың алабажақ кездеме /полотно/ бар. Ал, Низамидің «Сокровищница тайн» – атты поэмасында «касаб» жұқа кездеме, ендеше фарсының «би» /«бей»/ жұрнағы алдынан қосылып, «би-қасаб» жұқа емес қалың кездеме болып шықса керек-ті.

Үшінші тарау

а) Аударманың арналы тарихынан

«Кісі айтпаған сөз бар ма?
Тегіс ұғар қай құлақ?
Сәккенің оны ұнар ма?
Үйренген сөзге мен де ортақ», –

депті ғой Абай. Сол айтпақшы өсу-өркендеу сатысында халықаралық ауыс-күйіс үнемі болып отырады. Мәдениеттің күрделеніп көркеюіне де осы қарым-қатыс зор себін тигізеді. «Үйде өскен бұзау өгіз болмайды», – демекші, аулынан ұзамаған жігіт бөтен жерді де, бөгде елді де жатырқай береді. Ендеше, көрнекті, көсем болу да, айыр көмей шешен болу да оның қолынан келмейді, ысылмаудан қымсыну туады.

Бір халық пен екінші халық жақындасып араласа бастағанда, өзіңде жоқты көрші елден алады. Осы ауысудың тиянақты тірегі аударма, өйткені «аударушылар – мәдениетті бір елден екінші елге тасымалдап жеткізетін почта заттары» [1] –деп, А.С.Пушкин тегін айтпаса керек.

Үстіміздегі дәуірдің III ғасырында «Панчатантра» /«Бес бәйт»/ атты кітап Индия тілінде жазылады. Аты-жөні белгісіз Кашмир өлкесіндегі бір брахман жазыпты-мыс. Оны үш жүз жыл өткеннен кейін, дәлін айтқанда YI ғасырда иран тіліне дәрігер Барзуя аударады. Енді екі жүз жыл өткен соң

[1] А.С.Пушкин. «Соч.с обьяснениями их», том 5. М., 1887, стр.23. /«Переводчики – суть подставные лошади просвещения».

/VIII ғасырда/« Кәлила мен Димна» деген ат қойып, әлгі «Панчат антраны» араб тіліне Әл-Мукаф ұлы Абдулла аударып береді. Қазіргі күнде тұңғыш жазылған түп нұсқа «Панчатантра» да, Барзуяның аудармасы да ұшты-күйлі жоғалып кетіпті, жалғыз-ақ араб тіліндегі Әл-Мукаф ұлы Абдулла аудармасы: «Кәлилә мен Димна» ғана түпнұсқа болып қалды. Классикалық Шығыс пен Батыс Европаға осы «Кәлилә мен Димна» қанатын кең жайды. Мұны қорек қылмаған мәдениетті ел жоққа тән.

X-ғасырдың сом туған ғалымы, дүние жүзіне мәлім Хорезмнің ел-Бируниі осы кітап туралы: «Ғылымның неше алуан саласы Үндістанда екен, онда шыққан кітаптың саны есепсіз көп. Бәрін қамтуға менің, әрине, мұршам келмес, бірақ «Панчатантраны» /«Бес бәйтті»/ аударуға өте құштармын... »[1] деген екен.

Сол атышулы «Панчатантраға» өзінен бұрынғы әйгілі «Махабхарата» дастанының үш тарауы кіреді. Е.Э.Бертельстің айтуынша бұл үш тарау «Махабхарата» эпосының 12 кітабынан алыныпты. Олай болса, ой-сананың шеңбері, мәдениеттің ұйтқысы «Панчатантрадан» басталмайды да, мұнымен аяқталмайды да. Мәдениет желісі үздіксіз созылады, оның түп қазығы аударылып қағыла берсе керек-ті.

«Кәлилә мен Димнаның» фарсы тіліндегі аудармасын 1144 жылы Низамиддин Әбу-л-Меали Насураллах қайта жазып шығады. Он екінші ғасырдың бас кезінде бұл кітапты араб тілінен жебірей тіліне Рабби Иоэль аударады. 1263-1278 жылдар шамасында жебірей тілінен мұны Иоан Капуанский «Адам өміріне өсиет» деген атпен латын тіліне аударады.

XI ғасырдың аяқ шенінде Симеон Сифұлы «Кәлилә мен Дим-

[1] Alberunis. Ed... by E.Sachan. London, 1887, p. 76.

ны» араб тілінен грек тіліне аударғанда «Стефанит пен Ихнилат» /«Жетіскен жан мен із кескіш»/ деп атайды. Осы грек тіліндегі нұсқа ежелгі славян тіліне аударуға негіз болады.

1762 жылы Россия Академиясының аударушысы Борис Волков: «Үндістан философы Пильпайдың саяси және өсиет мысалдары» – деп мұны латын тілінен аударып шығады.

«Панчатантраның» негізгі сарыны феодалдық қоғамнан нәр алады, сондықтан XYIII ғасырға дейін түрлі халықтар арасында кең өрістеп орын тебеді.

XYI ғасырда Хүсейн Ваиз Кашифи фарсы тіліндегі аударманы қайта өңдеп «Әнуари Сухейли» /«Бахыт жұлдызы»/ деп Үндістан тіліне қайта апарады. Сонсоң Әбуль-Фазыл әлгі Хусейн Ваиздың нұсқасын тағы өңдеп «Иори Даниш» /«Даналықтың алғашқы тетігі»/ деп жеңілдетіп береді. Фарсы тілінен бірнеше рет түрікшеге аударылады. Академик И.Ю.Крачковскийдің айтуынша солардың ішінен көбірек таралғаны әр ең тәуірі «Хумаюн нама» /«Патша кітабы»/ болса керек. Түрікшесінен өзбек тіліне аударған ташкенттік Иса ұлы Фазылүлла еді /бұл 1888 жылы Ташкентте литографпен басылады/. Татар тіліне арабша нұсқадан аударған Ғабдулғалам Фаизхан ұлы болады, бұл қазақ баспасында 1889 жылы жарық көреді. Монғол, малай тілдерінде де «Кәлиләның»... аудармасы бар, – деседі.

«Кәлилә мен Димнаның» араб нұсқасынан Европа тіліне 1816 жылы тұңғыш рет аударған атақты арабист француз ғалымы Сильвестр де – Сасис болды.

1923 жылы И.П.Кузьмин мен атышулы академик И.Ю.Крачковский орыс тіліне әлгі «Кәлиләні» үшінші рет аударып береді.

Академик И.Ю.Крачковский нұсқасынан қазақшаға 1962 жылы аударылды. Бұдан бұрын да «Калила мен Димнаның» өзінен /араб тілінен тікелей аударылған екі нұсқа бар, бірі Сәкен Ғылмановтікі, екіншісі Ғұбайдулла Ахметовтікі. Бұл екі қолжазба қазақ ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы. /Сәкен Ғылманов қолжазбасы №335, Ғұбайдулла Ахметов – №1636/.

«Кәлилә мен Димна» орта ғасыр әдебиетінде жиі кездесетін күрделі тақырып, феодализм дәуірінен тиянақты нәр алған шығарма, сөйте тұрып осы күнге дейін ескірмей, өлмей тарихтың үдере тартқан кешіне ілесіп қалмай отыруында үлкен себеп бар. Заманымыздың белгілі ғалымы Е.Э.Бертельстің айтуынша: «бұл кітап әкімдерінің шағым арызға орынсыз сенбеуін, айыптыларды жазалауға төтенше асықпауын ескертеді» [1] – дейді.

Көне заманда «Өмір айнасы» атанған, ал орта ғасырда Германияда «Князь айнасы» болған кітаптардың қатарына осы «Кәлилә...» да кіреді.

«Ақындардың данышпаны ұлы Гете де өзінің даңқты Рейнек түлкіге» дейтін шығармасын «Кәлилә мен Димнаға» еліктеп жазған еді, бірақ сұңқылдап өнеге айтып, тақпақтай сөйлеуді оның негізгі арқауы етпеген екен. «Кәлилә мен Димна» шынында, бүкіл әлемдік әдебиеттің байырғы үлгісі» – дейді Е.Э.Бертельс.

[1] «Кәлилә мен Димна», ҚМКӘБ, Алматы, 1962 /қазақ тілінде/, 10 бетін қараңыз. /Аударған С.Т./.

Аударма тарихы алыстан келе жатыр. Дүние жүзінің атақты ғалымдары да бұған ерекше көңіл бөлді. Бір халықтың екінші халықпен қарым-қатынас жасауы, танысуы, өз елінің ой-санасын өркендетудің тиянақты тірегі аударма екенін олар баяғыда-ақ ұққан болатын.

Мысалы, әлемге аян ғалым философ, «Екінші ұстаз» Әбу Насыр әл Фараби /873-950/ шығыстың бірнеше тілін білді, соның ішінде араб тілін өзінің ана тіліндей меңгерді. Грек философтарын зерттеу үшін гректің де тілін әдейілеп үйренді. Осылармен қатар ол /фараби/ фарсы тілінде өте көркем өлеңдер жазды.

Әбу Али ибн Сина да /980-1037/ ғылми еңбектерін араб тілінде жазып жүріп, фарсы тілінде өлеңдер шығарып кетті.

Әбу Райхан Әл Бируни /973-1048/ мына Ибн Синаның замандасы еді, ол да өз еңбектерін, көбінесе, араб тілінде жазды. Басқа тілдерден араб тіліне аударумен ғана тынбады, арабтан фарсыға да, тіпті санскрит тіліне де аударды. Аударманың халық арасын қосуға дәнекер болатынын түсінді: «Менің барлық ойым да, жүрегім де тек ғылым-білімнің тамырын жаю – осыны өзіме бахыт деп есептеймін... Сондықтан үнді тілінен үнемі аудара бергім келеді...[1]» депті Бируни.

Осы арада бір айтатын нәрсе мына иран тілінің – дәлдеп айтқанда Соғдиян тілінің ауыс-түйісі сауда-саттықта, кәсіби сөздер де ізін мол қалдырған тәрізді де, ал рухани –

[1] Абу Райхан Бируни. «Индия», Ташкент, Из-во АН Уз. ССР, 1963, стр.21.

әдеби мұралар кейініректе, мына араб діні, араб мәдениеті арқылы келгендей. Заты, араб халқы Батыс Европа мен классикалық шығыс арасында тұрған байланыс сияқтанады. Мысалы, көне грек-Рим дүниесінде болған ұлы ғалымдардың, Индия нақылдарының бәрі де Батыс елдеріне араб аудармасы арқылы, араб тілі арқылы тарағанын бізден бұрын да талай ғалымдар дәлелдеп кеткен екен. Орны келгенде ескерту жөн, Сократ, Афлатон /Платон/, Аристотель тәрізді философтардың, Салюстий сияқты тарихшылардың, Птоломей сынды географ-философтардың ойлары да араб аудармалары арқылы дүние жүзіне әйгілі болған. Үстіміздегі үшінші ғасырда үнді тілінде жазылған «Панчатантра» /«Бес-Бәйт-«Бес кітап»/ да Батыс Европаға және мына Орта Азияға араб аудармасы арқылы тарағандай.

Ең алғашқы ірі аудармалардың бірі Абу Джафар Мухаммед бин Джарур Табаридің /922 жылы өлген кісі/ көп томдық «Табари шежіресі» «Летопись Табари» атты еңбегі еді, 963 жылы оны уәзір Мир Абу Али бин Мухаммед Балами араб тілінен фарсы тіліне қысқартып аударған болатын.

XI ғасырда болған белгілі тіл ғалымы Махмуд Қашғари «Девону Луготит түрк» деген еңбек жазды, сонда түркі елінің көптеген сөздерін арабшаға аударып берген-ді, сонымен қатар түркі елінің мақал-мәтелдерін де араб тіліне әдемі аударғанды.

Абулқасым Махмуд бин Умар Замахшари – «Фахри Хорезм» /«Хорезмнің мақтанышы» – «Гордость Хорезма»/ атанған еді. Ол – Орта Азияда бірінші рет араб-фарсы тілдігін – «Мухадиматул адабты» /«Введение к изящной словесности»/ жазды.

«Кәлилә мен Димна» өзбек /көне өзбек-шағатай/ тіліне XIII ғасырда аударылыпты, бұл аударманың қолжазбасы Лондон кітапханасында «Индия оффисте» сақтаулы жатыр.

Ертеде фарсы тілінен өзбек тіліне – 1720 жылы Мухаммед Тимур «Осори имомия Анвори Сухайли таржимасы» – деп берді.

«Кәлилә мен Димна» өзбек тіліне бұдан кейін де бірнеше рет аударылды. Мысалы, 1891 жылы Нияз Мухаммед Хорезми, 1898 жылы Кари Файзулла Алмаи аударып берді, бұл аударма 1898 жылдан 1905 жылға дейін үш рет басылып шықты[1].

Адамзаттың данышпан туған ұлдары: К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин – бәрі де аударма мәселесінің көркеюіне ат салысты. Өзінің «Капитал» тәрізді ұлы еңбегі орыс тіліне аударылғанда К.Маркс: «Переводчик не Механический толмач, калькирующий букву подлинника, а сознательный сотрудник автора, рупор его мыслей для начинающего читателя» – деп еді. К.Маркс еңбегі ағылшын тіліне аударылғанда әлгі пікірді Ф.Энгельс тағы қайталады[2].

Аударма туралы пікір айтумен қатар олар өздері де аударған-ды. Мысалы, Ф.Энгельстің өзі де А.С.Пушкин жазған «Евгений Онегин» романының бірінші тарауын қара сөзбен неміс тіліне аударғаны мәлім.

Сондай-ақ В.И.Ленин де аудармаға өзі қатысқан-ды.

---

[1] Джумаияз Шарипов. «Из истории перевода в Узбекистане» – Ташкент, 1968, стр. 31-32.

[2] К.Маркс пен Ф.Энгельс. Сочинения т.XY, ч.I, стр. 231. /мұны Дж.Шарипов аталған кітабының 3-4 бетінде айтыпты/.

Ол – В.И.Ленин ағалы-інілі Веббовтердің «теория и практика английского тредюнианизма» деген кітабын, Клара Цеткиннің «Международный социалистический конгресс в Штутгарте» атты еңбегін, К.Каутскийдің мақалаларын және «Манифест Коммунистической партии» – тәрізді зор еңбекті орыс тіліне аударып берген-ді /өкінішке қарай бұл соңғы еңбек полиция тінтуінде жоғалып кеткен болатын. С.Т./

Ендеше, осының бәрі аударма тарихының алыстан келе жатқанына және қандай маңызы бар екеніне үлкен айғақ бола алады.

Октябрь революциясынан бұрын 1915 жылы ақын Шады төре «Балғумбағыр» атты қысасында әлгі «Бес бейттен» /«Панчатантра» – «Бес кітап» – бес бәйт деген сөз С.Т./ қазақша үзінді беріп кетіпті.

Сонда: «Ат қойған «Бәһәр даніш» бір кітаптың
Айтқанын білдірейін айлап ызхар»[1] –

дейді. Аударып отырғанын өзі де жасырмайды. Осы тараудың ішіндегі басты кейіпкер Бәрһәмән. Мұны автор: «брахман діниндегі бір адам» деудің орнына, оны кейіпкердің аты деп қате ұққан екен. Ал, қанша шұбар тілмен /араб, фарсы, түрк сөздері аралас жүр/ жазылса да, қазақ аударып отырғаны айқын сезіледі, өйткені әлгі «Бәрһәмәннің» әйелін суреттегенде:

«Бар еді бір қатыны аның жәнә,
Сұлулық суретіне жоқтұр шама

[1] Жоғарыда Бертельс келтірген «Иори даніш» /даналықтың алғашқы тетігі/ пен мына «Бәһәр даніш» /данышпандық тетігі/ екеуі бір-ақ шығарма. Дұрысы кейінгісі, орыс тіліне аударған автор араб әріптерін жаңсақ оқыған сияқты. Мысалы بر داﻳ ش /Бәһәри даниш/ وﻳري دوذ ســي /йори дониш/ болып кеткен. С.Т./

Жүзі гүл, шашы сүмбіл, лебзі – бұлбұл,
Келмеген ондай әйел бұл жиһанға» –

деп қазақша әдемі сөйлейді. Осы қысаның 22-бетінен 46-бетіне дейін «Бес қатынның хикаясы» айтылады. Күйеулерін алдаған бес әйелдің мекерлігін «Бес бәйт» /бес хикая/ деп атайды, «Панчатантраға» /«Бес кітап–бес әңгіме»/ мегзеп отырады. Оның үстіне осы «Бес бәйтте» ұшырайтын әңгімелердің көбі «Кәлилә мен Димнада» /«Панчатантрада»/ кездеседі.

1917 жылы Сәкен Сейфуллин «Қалтасында біреудің» деген өлең жазады, оны «фарсы ақыны Шайх-Сағдиден» – деп, өзі көрсеткен екен. /Ал, Сағди XIII ғасырдың ақыны, «Кәлилә мен Димнадан» мың жыл кейін туған ғой/. Сол өлеңінде Сәкен:

«Қалтасында біреудің
Жұпары болса сақтаулы,
Жұпарын ол дауыстап
Көрмейді лайық мақтауды
Мақтамай-ақ әркімге
Жұпардың өзі-ақ білдірер.
Үндемей-ақ төңрекке
Тәтті иісін жайып сіңірер»[1], – дейді.

Осыны Сәкеннің Сағдиден алуы даусыз, ал «Кәлилә мен Димнадан» бұл сөзді егеуқұйрыққа құзғын айтады. «Қанша құпия сақтауға тырысса да данышпан өзінің қырағылығын жасыра алмаса керек. Мысалы, жұпарды қаншама тығындап, жасырып ұстасаң да, оның аңқыған иісі бұрқырап шықпай тұра алмайды ғой»[2] – дейді.

[1] С.Сейфуллин. I том, 1960, 90-бет.
[2] «Кәлилә мен Димна», ҚМКӘБ, қазақ тілінде, Алматы, 1962, 140 бет.

Өзбек жазушысы Абдулла Каххар «Синчалак» атты /қазақша «Қыштақ» – аударған Әбен Сатыбалдиев/ әңгімесінде: «Үлкендігі шынтақтай қыштақ деген торғайды білесіз бе? Аяғы жіптей /қылдай/. Сол торғай «аспан түсіп кетсе, тіреп қалайын» деп ұйықтағанда, аяғын көтеріп жатады екен» – дейді. Осындай күрделі повестке өзек болған мына сюжет «Кәлилә мен Димнада» да бар. Қазақ тілінде аңыз болып тараған ескі әңгімелердің нұсқасы да осы кітапта айтылған екен.

Орыс тіліне Гомердің «Илиадасын» Гиедич аударғанда А.С.Пушкин қатты қуанған, «бұл сен үшін емес, орыс халқының игілігі» – деп баға берген. Өзі ювиналды аударуға кіріскен. Иран ақыны Сағдидың сөзін «Бахчасарай фонтаны» атты поэмасына эпиграф етіп алған болатын. «Многие, так же как и я, посещали сей фонтан; но иных уже нет, другие странствуют далече» [1] /Саади/ – деп келтірген-ді. А.С.Пушкин.

Аудармаға көңіл бөлу бүгін ғана туып отырған жоқ, бұл ежелден келе жатқан тиянақты дәстүр. Ой ауыспай мәдениет кенересі көтерілмесе керек. «Бір кісінің ішіне бір-ақ аяқ ас сияды» – дейді ғой.

Әлемге әйгілі араб ертегісі «Мың бір түннен», «Панчатантра» /«Бес бәйт»/ сегіз жүз жыл бұрын жазылды. Сондықтан да «Мың бір түнде» айтылатын қыруар әңгімелердің «Бес бәйттегі» толғаулармен үндесуі де заңды. Жазба әдебиеті шыққаннан кейін аударманың ізі айқын көрінеді. Сонда еңбегін алғаш жазып қалдырған автор бірінші орында тұрады да кейінгілер сол үлгіні қуалайтын тәрізденеді.

[1] А.С.Пушкин. Собр.соч.,том 3, ГИХЛ, М., 1960, стр.143.

Мәдениеті мешеу елдің мәдениеті жоғары елден үлгі алатыны да ежелден мәлім.

Осы жөнінде «Айқап» журналының редакторы, ақын, жазушы журналист Мұхаметжан Сералин: «Панчатантраны» ибн Махфа /ибн әл-Мүкаффаны айтып отыр – С.Т./ VIII ғасырда арабшаға аударды», – дейді, оның түпнұсқасы «Панчатантра» қазір дүние жүзінде жоқ, бірақ араб тарихшысы Табаридің кітабында одан көшірілген сөздер көп»[1] – дейді Мұхаметжан Сералин.

«Абулқасым Туси Фердоуси /935-1020/76[2] жасында өлген. Ол Хорасан уәлаятында, Түс шәһәрінде, «Табиран» бөлімінде туған. Осы ұлы шығармасы «Шахнама» туралы өзі айтқан екен: «Мен өзімнің жырыммен биік сарай салдым, жел, жаңбыр оған жетпестей, өмірі өшіп кетпестей еттім, өлсем де тірі болармын, ақылы барлар оқырлық жыр жазған кітап қалдырдым ғой»[3] – депті ақын Фердоуси.

«Шахнаманы» 976-998 жылдары бір мың ауыз өлең етіп Дакики шығарған. Осыған 59 мың ауыз өлең жалғап Фердоуси жазған. «Сонда, бұл «Шах-наме» 60 мың бәйт – 120 мың жол өлең болады С.Т./ Оны 999 жылы түрік ханы Махмут сұлтан Газнауиға сыйлыққа тартқан, өзінің қызына жасау етпек болған», – дейді Мұқамметжан Сералин. Совет заманындағы шығыс елін түбегейлі зерттеп келе жатқан ірі ғалымымыз И.С.Брагинский: «Шахнама» поэмасы ең алғаш 994 жылы жазылып бітті, ал 999 жылы аяқталды деу қате, бұл қатені Британия музейіндегі Иран әдебиеті қолжазба каталогын

---

[1] Мұқаметжан Сералин «Айқап» журналы 1914 жылы, 145 бетін қараңыз.

[2] 1020-935-85 жас болады, бірақ біз «Айқап» журналында жазылған текстен аса алмай отырмыз /С.Т./.

[3] Фердоусидің осы ойын орыс тіліне К.Липскеров: «Падет, распадется прекрасный Чертог, И зной его сушит и хлещет поток. Но стих мой палаты воздвиг – и гляди, Для них не страшны ни ветра, ни дожди» – деп аударған екен. /Фердоуси «Шахнаме», ГИХЛ, 1957, стр. 963-964/.

жасаған Рье деген кісі жіберіпті, әрі қарай «Фердоуси жалғыз ұлынан айрылып, мезгілінен ертерек қартайды да отыз бес жыл жазған осы ұлы еңбегінің екінші редакциясын 1010 жылы тамамдады. «Шахнаме» 120 мың жол емес, 100 мың жол өлең. Ақын Фердоуси 1020-1026 жылдарда қайтыс болды, оның сүйегін мұсылман діндарлары «кәпір» /еретик/ деп танып, жалпы мазарға қойдырмай өз бақшасына жерлетіпті», – дейді.

Ақын М.Сералин «Шахнаманы» ең әуелі бір мың ауыз өлең /екі мың жол/ етіп Дакики шығарған» десе, И.С.Брагинский: «Шахнаме» бұдан бұрын бес рет шықты: 1) Соның біріншісін: Әбулмуайяда Балхи[1] қара сөзбен жазды, бірақ ауызекі айтылғаны болмаса, оның түпнұсқасы сақталмаған; 2) Екіншісін: Масғұд Марвази өлеңмен жазды/ бұдан қалған бірнеше жолдар бар/; 3) Үшіншісі: «Мансұр шахнамесі» атанып 957 жылы қара сөзбен жазылды, мұны редакциялаған Әбумансұр /немесе Сағда ибн Мансұр /аль Мағмари /немесе Муаммари/ екен, ал жаздырған Саманид патшасының сановнигі және ірі қолбасшысы Әбумансұр Туси болыпты, сондықтан ол поэма «Мансұр шахнамесі» атаныпты /осы поэмаға арналған «Ескі беташар» /«старое предисловие»/ ғана сақталған, бұл тәжік фарсы прозасының көне ескерткіші. 4) Төртіншісі: Дакикидің мың ауыз /екі мың жол/ өлеңі, мұны Фердоуси өз «Шахнамесіне» енгізген. 5) бесінші – «Шахнамені» Әбуәли Мұхаммад ибн Ахмад Балхи жазыпты /мұны Хорезмнің атышулы ғалымы әл Бируни /Беруни/ келтіріпті, біздің ойымызша осы автордың аты Дакики болса керек/; ал Фердоуси «Шахнамесі» бұлардың біреуіне де ұқсамайды.

Осы «Шахнаменің» көркемдігін өте жоғары бағалаған

[1] Р.Ю.Виппер /орыс тарихшысы /«История средних веков». Издание МГУ, М., 1947, стр.133 /Осы тарихшы ғалымның айтуынша Балх ежелгі Бактра қаласы С.Т./.

Н.Г.Чернышевский «Повесть ішінде повесть» /«Повести в повести»/ деп атаған екен.

Фердоусидің «Шахнамесі» үш бөлімде жазылған: 1) Соның бірінші бөлімінде мифологиялық /ертегілік/ жырда біздің дәуірден бұрынғы 3223 жылдан бастап 782 жылға дейінгі көне дүние уақиғалары шертіледі; темірші /кузнец/ Кава бастаған халық көтерілісі әдемі суреттеледі, темірші Кава аждаха Заххак атты патшаға қарсы шығады «Авестада» /«Забур» кітабында әлгі Заххак–Ажи–Дахак атанады/, Фердоуси оны /Заххакты/ арабтың жүгенсіз ханзадасы /царевич–узурпатор/ деп ұғады.

Шахнаманың осы бөлімінде айтылатын бас кейіпкер Үрістем /Рустам/ болады. 2) Екінші бөлімінде – батырлар жырында үстіміздегі дәуірден бұрынғы 782 жылдан бастап 50 жылға дейінгі мезгіл баяндалады. 3) Үшінші тарихи бөлімде – үстіміздегі дәуірден 50 жыл бұрынғы, сонсоң біздің замандағы 651 жылға дейінгі мезгіл әңгіме болады»[1] – дейді И.С.Брагинский.

Мұхаметжан Сералин келтірген жәйттердің біразын И.С.Брагинский түзетіп отыр, біз осы кейінгі көрсетілген ғылми зерттеушінің мәліметтеріне толық қанағаттанамыз.

Махмұт сұлтан Ғазнауиға өкпелеп, Фердоуси айтқан екен: «Алпыс мың ауыз өлеңге бір жұтым су берген, заты құл-

[1] Фердоуси, «Шах-наме», ГИХЛ, М., 1957, стр. 5-11.

дан не туар» – деп мысқылдапты. Расында Махмұттың әкесі Себкіткин /дұрысы Субухтегин болады С.Т./ мына Бухар әмірі Ахмет пен Исмағұл-Саманидың құлы болса керек» [1] .. Махмұт сұлтан алпыс мың күміс теңге жіберсе керек, ал екінші рауятта алпыс мың алтын теңді түйеге арттырып жіберіпті, бірақ бұл керуен өліктің үстінен шыққан екен», – деседі.

Атақты ориенталист ғалым А.Крымскийдің айтуынша нәсілі түрік Махмут Ғазнауи өзі фарсы тілін білмегендіктен және фарсы жұртын асыра мақтаған «Шахнаманы» ұнатпапты» – дейді. А.Крымскийдің осы сөзін де И.С.Брагинский келтіріпті, әлгі «Шах-наме» дастанына жазған беташарында. Бұл тәрізді ғылми талас-тартыстың бетін ашу үшін тағы бір куәлік берелік. Низами Арузи /түбі Самарқаннан шыққан, Ауғанстандағы Бамиан өлкесінде – қиыр шетте жүріп 1156-1157 жылдарда «Собрание редкостей» /«Четыре беседы»/ деген кітабында айтады: «Махмұт сұлтан фанатик /мұсылман дініне соқыр сенетін адам –С.Т./ еді. «Шахнаме» сынды поэманы жазғаны үшін ол Фердоусиге жиырма мың дирхем /күміс ақша салмағы – 3,15 грамм, грекше драхма С.Т./ жіберіпті. Бұған Фердоуси қатты ашуланып, моншаға барып сыра ішіпті, қалғанын моншаны мен сыра сатушыға үлестіріп кетіпті».

«Махмұт сұлтанның қатал екенін жақсы білетін Фердоуси сол күні түнде Ғазна[2] қаласынан қашып шығып, Герат[3] қаласын-

---

[1] Шығыстың көне тариқында «Алып–тегин» Афросияб қой /Субух-тегин деп атақты қолбасшыларды атаған екен, заты, ол заманда «тегин» ат тегін қойылмаса керек, ендеше Махмут та асыл тектен шығуы кәдік /С.Т./

[2] Газна – 1150-1151 ж. қираған қала, бұрын ғылым мен өнердің орталығы болған. Қазіргі Ауғанстандағы Кабул провинциясында тұр. /С.Т./

[3] Герат – өте ескі қала, қазір Ауғанстанның терістік-батысында тұрады, бұрын Х-ғасырдан бастап Хорасан өлкесіндегі Азияның сауда-саттық және мәдени орталығы болған /С.Т./

дағы Азрактың[1] әкесі Ісмаил Варрактың[2] дүкеніне барып паналапты.

Сонда алты ай жатады да Гераттан шығып Тусқа[3] келеді, соңынан Табаристан[4] патшасы Испахбад Шахрийарға[5] «Шахнамені» алып барады. Махмут сұлтанға арнап жазған келеке /сатира/ өлеңін оқиды; «Махмудқа арнаған осы кітапты енді саған арнаймын, өйткені бұл кітап басынан аяғына дейін сенің ата-бабаңның істеген істерін, соларға байланысты ертегілерді баяндайды, – депті Фердоуси.

Шахрийар ақынды құрметтей отырып, мынаны айтыпты: «Уа, шеберім! Сенің кітабіңнің мән-жәйін дұрыстап жеткізбеген екен, сөйтіп өзіңді даттап, Махмутты саған қарсы қойған екен. Мұның бәрінен бұрын өзің шиитсің[6] ғой, пайғамбар әулетіне мұқылас берілген жанның бұл өмірде жолы болмайды, олардың өздерінің де жолы болмаған-ды. Махмут менің әміршім. Ана келеке /сатира/ өлеңнің

---

[1] Азрак-Абу Бакр Азраки-Абу Зайн-ид-Дин-Гератта тұратын Ісмаил Варрактың баласы. Сельджук тұқымынан шыққан екі шахзаданың да Алпарсланның баласы. Туған - шах пен Кавуридтың баласы Амиран-шахтың да сарай ақыны болған /С.Т./

[2] Ісмаил-Варрак-Азрактың әкесі /С.Т./

[3] Тус-Орта ғасырдағы Хорасан округы, Нишапур қаласынан 10 фарсаң - /бір фарсаң 6-7 километрдей/ жерде тұрады. Тус округінде Табаран мен Нукан деген екі шəһəр болған, сол округ Тебаран атанған, осы күнгі Мешхед қаласының терістігінде 25 километр жерде Тустың бұзылған орны бар. /С.Т./

[4] Табаристан - Каспий /Атырау/ теңізінің түстігінде жатқан таулы және орманды өлке, орта ғасырдағы Мазандаранның аты. /С.Т./

[5] Испахбад Шахрийар - Марзбан ибн Рустам ибн Шахрийар ибн Шарвин Рустам атанады, ол феодалдық князь, X-ғасырдың аяғында, XI-ғасырдың басында Табаристанның патшасы болған кісі /С.Т./

[6] Шиит - /қазақша «шеит»/ - ісләм діні екі бағытқа бөлінеді, соның бірі - суниттер - бұлар Мұқаммет, Әбубәкір, Омар, Оспан тәрізді халифаларға бағынады: /пір тұтады/, ал екіншісі шеиттер - бұлар суниттерге қарама-қарсы өздерінің он екі имамына табынады, сол имамдардың тұңғышы Әзірет Алы Әли Мухамметтің немере інісі Әбу Тәлиптің баласы және туған қызы Фатиманың күйеуі , негізгі төрт халифаның бірі. 656 жыл мені 601 жыл арасында әкімдігін жүргізді/, ең соңғы имамы Махди/ /Мәди/ болады, ол 868-869 жылдарды туған. Шеиттердің негізгі рухани имамы осы Мәди. Шеит діні Иранда - XYI ғасырда мемлекеттік дін болды /С.Т./

көзін жоғалтайын маған бер, ол үшін мен де саған бірдеме силармын. Оның үстіне Махмұт те өзіңді шақырып алып құрметтер, осындай кітапты жазып бітірген сенің еңбегің тегін

кетпес» – депті.

Екінші күні Шахрийар жүз мың дирхем[1] жіберіпті де: «Бір бейітіңді /екі жол өлеңінді – С.Т./ мен бір дирхемге сатып алдым. Ана жүз бәйітіңді де маған бер, сонсоң өз жүрегіңді Махмутпен табыстыр»[2] – деген екен.

Шахрийар Махмуттың оң көзі – ұлы ходжасы /ұлы уәзірі/ болыпты. Бір жылы Махмут Үндістаннан /Хиндустан/ Газнаға қарай қайтып келе жатқанда бір қорғанға /крепость/ кезігіпті, бұл мықты қорғанда мекен еткен бүлікші /мятежник/ бар екен. Махмут әлгі бүлікшіге елші жебіріпті: «Ертең тарту тарағыңды алып менің алдыма кел. Сол үшін қымбатты киім киіп қайтасың» – депті.

Екінші күні таңертең елші қайтып келгенде, тахтында отырған Махмут оң жағында тұрған ұлы Ходжажан /Шохрийардан/: «Жауабы қандай болар екен?» – деп сұрағанда Ходжа:

«Коль дерзок будет сей ответ, то говорю я всем заране: [3]

«Отыщет палица моя, Афросийаба [4] на майдане» – деген екі

---

[1] Дирхем - /грекше-драхма/ - ежелгі сасани заманындағы күміс ақша.

[2] Низами Арузи Самарханди «Собрание редкостей или четыре беседы» - Изд-во Восточной литературы. М., 1963 г., стр.82.

[3] «Егер осы жауабы кесірлі-қатал болса, онда мен алдын-ала-ақ айтайыншы. «Менің шоқпарым Афросийыбпен қан майданда кездессін» /Фердоуси өлеңі қара сөзбен аударылды С.Т./ - депті».

[4] Афросийаб-Фердоусидің «Шахнамәсінде» айтылатын кейіпкер, бұл Иран елімен үнемі жауласып өткен Тұран /түрік/ халқының ертегі патшасы /С.Т./

жол өлеңді айтып жіберіпті. «Өзі жігерді қоздырып, ерлікке шақырады екен, бұл кімнің өлеңі?» – деп Махмұт сұрағанда, Ходжа: «Әлгі сорлы Әбілқасым Фердоусидің өлеңі ғой, бишара-жиырма бес жыл сарылып отырып осындай кітапты жазып бітірсе де, сол еңбегі үшін ешбір сый-құрмет көрмей барады-ау!» дегенде, Махмұт: «Өзім де өкініп жүруші едім, сен бүгін есіме жақсы салдың-ау! Осындай ізгі адам менен жапа көрді. Бұған бірдеме жіберейін, Газнаға барған соң тағы ескертіп көрші!» – депті.

Ғазнада отырғанда Ходжа тағы есіне салыпты, сонда Махмұт: «Әбілқасым Фердоусиге арнап алпыс мың динар сыйлық жіберіпті,

өзімнің түйлеріме артып Тус шәһәріне апарсын да одан кешірім сұрасын!» – депті.

Талай жыл ойлаған ойын Ходжа /Шахрийар/ осылай етіп әдемі орындап шыққан екен. Жүк артып барған керуен аман-сау Табаранға жетіпті. Алайда, осы керуен шәһәрге Рубдар қақпасынан /дарбазасынан/ кіргенде, дәл сол мезгілде қайтыс болған Фердоусидің сүйегін Разан қақпасынан шығарып бара жатыр екен» – [1] дейді.

Бұл уақиғаға көбірек тоқтауымыздың себебі ана белгілі ғалым А.Е.Крымскийдің /1871-1941/ келте қайырған пікірін анықтау үшін еді. Ашығырақ айтсақ Махмұттың әкесі Себкиткин /дұрысы Субухтегин/ құл емес тәрізді, егер құл болса – онда «Субухтегин» атанбас еді, екіншіден Махмут фарсы тілін білмегендіктен» деуі дұрыс болмас, асылы «Шах-намені» теріс түсіндірушілер айыпты шығар. Өйткені өзінің /Махмуттың/ оң көзі болған Шахрийар да фарсы адамы, түбі Яздигард Шахрийарға /632-651/ Сасани патшалығының соңғы өкіміне барып тіреледі. /қазақша Жәзит-орысша Яздигард/.

«Ғазнаның сұлтаны Махмут /997-1030/ фарсы әдебиетіне, фарсы ғылымына қорған болды. Өз сарайына фарсының ғалымдары мен ақындарын жинады. Оларды айтыстырып, жеңіп шыққанына «ақындардың патшасы» – деген атақ беруді ұйғарды. Сонда ақындардың арасынан бірінші орынды Абул Қасым Мансур - /лақап аты Фердоуси «Ұжмақ адамы»/ алды. «Шах-наме» /«Патшалардың кітабы» жырын /эпосын/ осы ақын жазды»,[2] – дейді, тарихшы-ғалым

[1] Низами Арузи-Самарканди. «Собрание редкостей или четыре беседы». Изд-во Восточ.литературы. Москва, 1963, /перевод с персидского С.И.Баевского и З.Н.Ворожейкиной под редакцией А.Н.Болдырева, стр.81-83.

[2] Р.Ю.Виппер. «История средних веков» Издание МГУ, М., 1947, стр.133.

Р.Ю.Виппер.

Шынында, Махмуттың сарай ақындары: Унсури пен Фаррух тәрізді иран ақындары болатын, міне соларды Фердоуси мен Махмуттың арасына от жағып шағыстыруы да болса керек. Бұған қосымша, Фердоуси осы «Шах-наме» поэмасында үнемі тұран елін, Афросияб патшалығын тұқыртып отырады, қан майдандағы жеңіс ылғи ирандікі болады, бірақ Афросияб патшалығы – туран елі 400 жыл бойы отырған орнынан қозғалмайды. «Ұжмақ адамы» атанған ұлы ақын Фердоуси осы қайшылықтан арыла алмаған екен. Сондықтан Махмут сұлтан «мынау жалақор ақын екен, пілге таптатып өлтірем десе, ол «Шах-намені» түсінбеуі – оқылмауы емес тәрізді.

«Шах-наменің» әсері барлық елге тиген, Фердаусиден кейін «Шах-наме» тәрізді етіп Иран да, Турция да, Азербайжан да, Орта Азия да кітаптар шығарған. Мысалы, Мұхтар Газневидің «Шохрияр-Намесі», Ахье Кашанидің «Подшо-Намэсі», Юсуф Хас Хаджибтің «Кутадгу билик» /кейде «Шахномаи турки» деп атайды/ атты еңбегі, Дарвеш Румидің «Джаһан-намесі», Мұқаммет Салихтың «Шейбани-Намесі» – бәрі де осы Фердоуси үлгісімен жазылған.

Әли Шер Науаи Фердоусиді «ғылымның иесі» – деп атаған[1]. «Шахнаманың» тәржімесі барлық мұсылман тілдерінде бар, шығыс халқында грузин тілінде шыққан. Араб тіліне оны Албандри Аласафаһуни тағы аударған. Ағылшын тіліне Аткинсон 1836 жылы аударса, неміс тіліне 1838 жылы Реюкрирт аударған екен, француз тіліне 1838 жылы Ж.Люль аударса, кейініректе итальян

[1] Джуманияз Шарипов. «Из истории перевода в Узбекистане». Ташкент - 1968 г. стр.28.

тіліне Пицци аударған. Бұдан жиырма бес жыл бұрын Ақмешіт /Перовский/ шәһәрінде молла Ораз[1] деген бір найман қазақшаға аударған екен, баспаға шыққан-шықпағанын біле алмадым» – дейді тағы Мұхамметжан Сералин /«Айқап» – 1914/.

«Шахнаменің» аудармасы барлық елде бар: түріктің ақыны Шухиддин «Шах-Наменің» төрт мың бейітін өлеңмен аударды, ал 1611 жылы тағы қара сөзбен түгел жазып шықты. Татардың ақыны Әли Әфәнди 1510 жылы қарасөзбен жазып берді. Әзірбайжанда бірінші болып қарасөзбен 1848 жылы профессор Мырза Казимбек аударды.

1905 жылдан бері қарай Азербайжан ақындары: Рашид Афанди, Аббас Назир тағы басқаларды да «Шах-наменің» үзінділерін аударып бере бастады.

1682 жылы «Шах-намені» өзбек тіліне «Шахномаи Фердоуси» деп Хомуши аударды, бұл аударманың негізі қара сөзбен жазған Байсұнқаридің нұсқасы еді[2].

Бұл поэманы Шығыстану ғалымы Ф.Рюкерт – неміс тіліне, Юлис Моль[3] француз тіліне, Итадо Пинди Италиян тіліне аударды деп ескерте кетеді[4] Дж.Шарипов.

«Шахнамені» 1838 жылы неміс тіліне Реюкирт аударса, 1846-47 жылдары В.А.Жуковский орыс тіліне немісшеден аударған екен.

«Шахнаменің» алғашқы аудармасы орыс тілінде XIX ғасырдың бірінші жартысында шықты, мұны Гудна деген кісі француз тілінен аударды, ол нұсқа «Европа жаршысы» /«Вестник Европы»/ атты журналда: а) Фердоуси - «Махмутқа арналған сатира және

---

[1] Осы молла Оразға төрт дана етіп аудартқан Лапы деген кісі. Бір данасын өзінің ұзатқан қызына бас жасау етіпті деседі. Бұл Ақмешіттің /қазіргі Қызылорданың/ белгілі байы. Қызылордадағы тасболат үй соның үйі. Екі еркек баласы: Сералы, Мұңайтпас Сералының қызы Рабиғаны атышулы ғалым-тарихшы, бұрынғы әскери дәрігер Санжар Жапарұлы Асфандияров алған. Мұңайтпастың үлкен қызы -Латифаны Қоңыр-Қожа-Қожықов алды, кіші қызын - Күләндәмді Сұлтанбек Қожанов алған еді, ол қазір тірі, Алматыда тұрады. /С.Т./

[2] Аталған Дж.Шарипов кітабының 29 бетін қараңыз.

[3] Мұқаметжан Сералиннің Ж.Люль деп жазғаны, мына Юлис Моль емес пе екен? /С.Т./

[4] Аталған кітаптың 28 бетін қараңыз.

«Шахнамеден» үзінді – /Сатира на Махмуда и отрывок из поэмы «Шахнаме» /деген атпен жарияланды /1815, №10 стр.89-99/. Сонсоң екінші бөлімі: б)Фердоуси: «Шах-намеден» үзінді /Бижан мен Мәнеж[1] уақиғасы/ делініп жарық көрді. /Сол журналдың 1818 жылы, №23 санында, 193-196 беттерінде/. Тағы сол 1818 жылы «Пантеон иностранной словесности» деген журналдың бірінші бөлімінде, 125-127 беттерінде басылды, бұл үзіндіні «Хосровтің– Хисраудың баласына айтқан соңғы сөзі» /«Последние слова Хосрова, сказанный им своему сыну» /деп атады/ Фердоусидің «Шах-Намесінен» деді/.

Осыдан кейін ширек ғасыр өтті, орыс тіліне аударушылар Фердоусиді ұмытты да Сағди мен Хафиз сынды ақындарды аударуға жұмылды[2].

Тек қана 1844-1847 жылдарда В.А.Жуковский «Шах-Наменің» бір бөлімін «ақ өлеңмен» /«белым стихом»/ неміс ақыны Ф.Рюкерттен орыс тіліне еркін аударып берді. Бұл аударманың аты «Рүстам мен Зораб» болды, сонда Ф.Рюккерт «Суһраб» десе, Жуковскийде «Зораб» боп шықты. Осыны зерттеген В.Эберманның еңбегін қараңыздар[3].

Осы аудармасының бет ашарында В.А.Жуковский: «Бұл поэма фарсынікі емес. Мұнда айтылатын жақсы уақиғаның бәрі де Ф.Рюкерттікі деуіне қарағанда, аудармашы Фердоусидің данышпан шеберлігін дұрыс бағалай алмаса керек, сондықтан Рюккерттің теріс бақтырып, бұзып атаған атауларын сол қалпынша қа

[1] Бижан – Иран елінің батыры, Гивтің туған ұлы: ал Мәнеж тұран елінің патшасы Афрасиябтың «асыл текті» әдемі қызы, міне осы екеуінің арасында болған романтикалық махаббат жырланады /С.Т./

[2] См.С.Б.Карнеев. Персидская поэзия. Материалы и библиографии русских переводов. «Библиография Востока». выпуск 10/1936/. М.-Л., 1937, стр.101.

[3] В.Эберман. Арабы и персы в русской поэзии. Журнал «Восток» книга 3-я, М-П, 1925, стр.114.

былдаған, сөйтіп Фердоусидегі Сүһраб–Зораб; Гиз /батырдың аты /–Геф; Забул–Сабул болып кете барған, ешбір тілге аударылмайтын Үрістемнің тақымына басқан – сәуегей тұлпарын /Біздің Тайбурыл, Байшұбарлар тәрізді атын/«Рахшты» – «Гром» /«Нажағай»/ деп атаған»[1]– дейді И.С.Брагинский.

Рюккерт пен Жуковский аудармалары өте еркін кеткендіктен Фердоусидің эпикалық жырының бағыты сақталмаған, сонда да «Шахнаме» поэмасымен осы аудармалар арқылы танысқан атақты демократ сыншымыз Н.Г.Чернышевский өзінің «Повесть ішінде повесть» дейтін романында – Фердоусиді – Шекспир, Дантелер тәрізді бірінші саптағы данышпан ақындармен қатар қояды. /...главная сила и Мильтона, и Шекспира, и Данте, и Фердоуси, и всех других первостепенных поэтов состояла в том, что они были компиляторы народных преданий»[2] – деп жазады.

Бері келе 1877 жылы шыққан «Новоперсидская литература» атты М.Зотовтың кітабына да Фердоуси поэмасынан үзінді кірген-ді. 1905 жылы С.И.Соколов «Шах-Намені» толық аударуға кірісті, алайда, он-ақ мың жол өлеңін ғана аударып берді.

1934 жылы Фердоусидің 1000 жылдық мерекесі қарсаңында М.Лозинский мен М.Дьяковтар түпнұсқадан аударып жаңа еңбектер берді.

1943 жылы «Шах-Намені» Ц.Бану аударуға кірісті.

1949 жылы В.Сельвинскийдің аудармалары жарық көрді.

1951 жылы «Тәжік поэзиясының антологиясына» В.Левик, В.Звягинцева, К.Липскеров және М.Петровыхтар аударған үзінділер кірді.

[1] Фердоуси. «Шахнаме» ГИХЛ, М., 1957, стр.23.

[2] Аталған кітаптың 23 бетінде.

1948 жылы «Шах-намені» ақын С.Липкин де әдемілеп аударған болатын.

1957 жылы шыққан «Шах-наме» өлеңдерінің бір томдығына, әлгі ақындармен бірге Л.Пеньковскийдің де аудармасы кірген екен.

Осылардың бәрінен бұрын 17-ғасырда орыс халқының ескі әдебиетінің ескерткіші – «Сказание о некоем славном богатыре Уруслане Залазоревиче» атты жыр шықты, орыс оқырмандары «Шах-наме» поэмасының мазмұнымен осы жыр арқылы танысты. Профессор Н.Гудзидің айтуынша бұл әңгіме «Шах-намені» мүлде бұзып өзінше жырлаған, бірақ біздің дәуірімізге жетпей қалған түркі тілінде жазылған нұсқаны мегзейді. Кейін осы повесть XYIII ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейін сан алуан өзгеріске ұшырай келіп, ақырында «Повесть о Еруслане Лазаревиче» атанып орыс халқының ертегісіне айналып кетті[1].

«Шах-наме» поэмасының бас кейіпкері Рустам – мына повесте Уруслан немесе Еруслан; Рустамның әкесі – Зальзар – мұнда Лазарь, Кей-Кавус /патша/ – Киркоус; Рустамның көріпкел /сәуегей/ тұлпары – Рахш – Араш болып алынған, ендеше ұқсастығы күдік тудырмайды, алайда бұған «Шах-намеде» жоқ толып жатқан соны уақиғалар, жаңа кейіпкерлер кіреді. Әсіресе, Рүстам өзінің туған баласы Сүхрабпен соғысып, оны өлтіргеннен кейін таниды, ал мұнда Уруслан өз баласын өлтірмей тұрып, оның қолындағы асыл тастан соғылған білезігінен таниды.

Қорыта айтсақ, мына фарсы әдебиетінің ұлы нұсқасы орыс тіліне, не басқа тілдерге де араб тілі [2] немесе түркі тілдері

---

[1] Н.Гудзий. Хрестоматия по древней русской литературе XI-XYII веков. М., 1947, стр.439; там же отрывки повести; полный текст. Н.С.Тихонравов «летописи русской литературы и древности, т.П, М., 1859, /«Шах-наме», М., 1957, стр.21/.

[2] «Арабтар жазылған сөзге әуес болған. Грек тілінен арабқа аударылған Птоломейдің кітабы «Альмагеста» атанып Батыс Европаға барып сіңген» – дейді Р.Ю.Виппер «История средних веков» атты кітабының 129-бетінде.

арқылы жайылуы белгілі тәрізді. Оның себебі YIII ғасырда фарсы елін арабтың өз аузына қаратуы рас, ал ілгеріректе – YI ғасырда түркі елінің уәкілдері де үстемдік құрғаны байқалады. Біздің Мұхамметжан Сералин «Шах-намені» 1914 жылы қазақ тіліне Жуковскийден аударып берген еді. Бұл аударма сол жылы «Айқап» /«Увы»/ журналында жарық көрді[1].

«Қазақ халқына көптен бері таныс ауызша әңгімелер, ертегілер болатын, солардың бірінде де «Рүстем батыр» «Рүстем Дастан» басты кейіпкер болып жүретін. Осылардың түп-негізі Шығыс классигі /тәжік-фарсы ақыны/ Фердоусидің «Шах-наме» /«Патшалар кітабы»/ атты поэмасынан алынып жырланатын. Мұның жайын туыстас түркі елдері: өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, қарақалпақ халықтары – бәрі де көбінше қарасөзбен ертегі аңыз, әңгіме етіп баяндайтын.

Осы «Рүстем-Дастан» да, «Мың бір түн» ертегісі де Қазақ ауызында ерте күннен бар. Қазақ сұлтандарының ауызында «Шах-наме» XY-XYI ғасырларда да жүрген тәрізді. Солардың бәрі де, біздің осы күнгі түсінігімізге сай аудармалар емес-ті, тек солардың ізімен айтылатын, сөйтіп қазақ елінің төл малындай болып толғанатын. 1961 жылы жарияланған халық ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуовтың «Рүстем Дастан» поэмасы да көне дәстүрімізге саятын[2]. Заты, мұның түп негізі Молла Ораз қолжазбасымен сабақтас болуы ықтимал.

Осыны толық айтып өтуіміздің себебі, араб-фарсы әдебиетінің-мәдениетінің бізге келген бағдарын айқындай түсу болды.

---

[1] Журнал «Айқап» - 1914ж. 22-24, 1915 ж. 2-5,9 сандарында «Рүстем-Зураб» деген атпен басылды. «Әдеби мұра» құрастырған Y.Субханбердина «Жазушы» баспасы, 1970 ж. 7 бетін қараңыз.

[2] «Рүстем-Дастан» Фердоуси «Шахнамасының» ізімен жырлаған халық ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуов. ҚМКӘБ. Алматы, 1961, 7-бет. /Мұхтар Әуезовтың алғысөзін қара.

Аударманың пратикалық жағында істелген істер, елі келешекте істелетін еңбектер адам айтқысыз мол. Бірақ осы күрделі мәселенің бағытын білдіретін теориялық бастамаларды да шола кетелік.

«Аударма теориясын жекелеп, жіктеп қарастырғанда, – дейді Мұхтар Омарханұлы Әуезов, – кейінгі кезде біздің одақ көлеміндегі әдебиеттте екі түрлі өзгеше бейім барлығы анықталды, бірі – аударма – тіл зерттеу ғылымының ауқымына енетін сала болғандықтан, аударма ісінің мәнісін ұғына отырып, бұл мәселені лингвистикалық әдіспен зерттеу жағына қарай тартады, екіншісі – біздіңше, дұрыс бейім – аударманы сөз өнерінің бір түрі деп ұғынады да эстетикалық принциптерді, көркемдік таразыны алғы талапқа қояды, сондықтан бұл бейім аударманы әдебиет таныту теориясын зерттейтін объект деп қарайды...»[1] – дейді.

Мұқтар ағаның негізгі ойы – аударманы әдебиеттану ғылымына жатқызады, бірақ аударма қасиеттеріне: «интонация, ырғақ, образдылық /синонимдардың, идиомалардың, мақал-мәтелдердің, афоризмдердің түрліше астарларымен бірге/ секілді элементтер жатады...» [2] – дейді тағы М.О.Әуезов. Егер Мұхтар ағаның өзі айтпақшы «синоним, идиома, мақал-мәтел, афоризмдер» – аударма саласына кіретін болса, бұлар, әрине, тіл-тану ғылымының шеңберінен де шыға алмас керек-ті, шынына келсек әдебиет пен тіл ғылымына ортақ сала – аударма, оның үстіне тілдік жағы басым сияқтанады.

[1] Әуезов Мұхтар. «Көркем аударманың кейбір мәселелері» ҚМКӘБ - Алматы-1957, 6-7 беттерін қараңыздар.

[2] Аталған кітаптың 7 бетінде.

1958 жылы Алматыда Совет союзындағы республикалардың бас қосқан мәжілісі өтті, сонда М.А.Шолоховтың «Тынық Дон» романы жайында, әрине, аудармасы туралы, Мұқаметжан Қаратаевтың баяндамасы болды. Аудармадағы табыстарымыз бен бірге кемістіктерімізді көрсете келіп, ол /Мұқаметжан/ аудармалардың теориялық бағыттарын баса айтты[1].

Бір халық пен екінші халық аударма арқылы танысады, ол үшін аударушыға үлкен міндет жүктеледі. Біз көне замандағы Индия елінің өмірін «Рамаяна», «Махабхарата» эпостарының «Кәлилә мен Димна» Әңгімелерінің аудармалары арқылы ұға аламыз. Греция халқының тіршілігін «Илиада» мен «Одиссея» жырларының аудармасы арқылы білеміз. Сондай-ақ қазақ елінің өмірін де орыс тіліне аударылған ұлылы-кішілі туындыларымыз арқылы бөгде елдер білетін тәрізді. Мысалы, «Мен бұрын қазақ деген халықты естіп көрмеген едім. Жақында ағылшын тілінде Мұхтар Әуезовтың ғажайып кітабын оқып, енді қазақтың кім екенін білдім, тіпті жақсы біліп алдым. Мен қазақ халқының тамаша ақыны, ардагер адамы Абаймен таныстым, оның адал әжесі Зеремен, ақылды анасы Ұлжанмен, сүйікті қыздары Тоғжан және Әйгеріммен, ізгі ер жүрек достарымен туысқандай болдым. Бұл геройларды мен мүлде жақсы көріп кеттім, олармен бір түрлі көп жылдар бойы бірге жасасып, қайғысы мен қуанышына ортақ болған тәріздімін. Мен қазір де солардың ортасында жүрген сияқты, сіздің қазақ сахарасының самал желін қазір де жұтқан сияқты сезінем өзімді. Шынында, қазақ халқы дегеніңіз нендей

[1] Мұхаметжан Қаратаев. «Рожденная Октябрем». Статьи и очерки о казахской литературе. Каз.ГИХЛ. Алма-Ата, 1968, стр. 89-119.

керемет халық еді. Ол туралы «Абай» романында қандай керемет жазылған! Мен сіздің бахытты халқыңызға мықтап сүйсініп, сіздің өзіңізді мен шын жүректен өмірі өлмес шығармаңызбен құттықтаймын»[1] – депті Африка жеріндегі Камерун елінің жазушысы Бенжамин Мадип /1958 жылы Ташкентте өткен Азия мен Африка елдері жазушыларының конференциясы кезінде/.

Осындай толғануларды тудырып отырған, аударманың қуаты демекпіз. Тағы қайталап айтсақ, Тіл мен әдебиеттің ара-қатынасы алыстамайтынын байқаймыз. Тіл дегенде біз халық тілін бүтін организм есебінде зерттеуді мақұл көреміз.

Біздің ойымызша аударма екі түрлі салаға бөлінеді, соның біріншісі бір халықтан екінші халыққа ауысқанда, мезгіліне, сол елдің ұғымына сәйкес аударылады. Бір халықта айтылған ой өңделіп, өз елінің ұғымына бейімделіп, оригиналдың ұзын ұрғасы беріледі, ауыс-түйістің алғашқы сатысы осылай басталады, бұл аударманың ауызекі тарау түрі.

Екіншісі – бір елде айтылған пікір сол қалпында дәл жетеді, ой ырғағы жоғалмайды. Алдыңғы әдіс ауызша таралады, ал кейінгі әдіс-кешелдеп туған әдіс – бұл жазба әдебиетте орын тебеді. Ендігі әңгімені ауызша да, жазба түрінде де кең таралған мысалдарға қарай аударалық, өйткені мысалдар дүниеге көп жайылған ғой. Өйткені ол келте қайырылды, өткір тілде беріледі, сондықтан қолдан қолға, ауыздан-ауызға көшіп жылдам тарайды.

Мысалдар сөз болғанда, біздің ойымызға ең әуелі Эзоп пен Лұқман Хакім түсе кетеді. Бұларды грек елінде «Эзоп мысалда-

[1] М.Қаратаев. «Шеберлік шыңында». ҚМКӘБ, Алматы, 1963,198-199 беттерінде.

ры» деп атаса, араб шығысында «Лұқман Хакім» мысалдары деп атайды.

Эзоп біздің жыл санауымыздан алты жүз жыл бұрын болыпты, ал Лұқман Хакім атынан айтылып жүрген араб әңгімелерінде ісләм дінінің көзқарастары әсіреленеді. Эзоп пен араб дінінің арасы өте алшақ. Ендеше, бұл қалай деген сұрақ туады. Бұл сұраққа Рүстем Мырза Әлиев былай жауап береді: «Лұқман дүниеде мың жыл өмір сүрген адам, ол Бауырдың ұлы, ал Бауыр Иовтың баласы екен. Дәуіт пайғамбардың заманына дейін атақты данышпан болып келген. Лұқманның мысалдары да, өзі де Эзопқа ұқсайды. Екеуінің тағдыры да бірдей. Мысалы, Лұқман да, Эзоп та Мысырда /Египетте/ құлдықта жүрген. Бұған қосымша Лұқманның баласы Аннам, Эзоптың баласы – Аннус. Оның үстіне «есіктен кірмей тұрып қалай шығуыңды ойла /көзде/» – дейтін араб мақалы Лұқман Хакім атынан айтылады. Мұны грек елінде Эзоп айтыпты-мыс. Осы ұқсастыққа қарап Шығыстың біраз ғалымы Лұқман Хакім мұсылман діні өз ойына үйлестіріп, жасап шығарған ежелгі Эзоп болса керек»[1] – деседі. Осыған қосымша: Лұқман Хакім құранда бар, онда тек өмірбаяны айтылмайды. Құраннан әлде қайда бұрын жазылған «Тәурет» /Библия/ кітабында да ұшырайды. Ісләм діні айтып жүрген әулие-әнбиелердің, пайғамбарлардың бәрі жебірейлер, ішінде жалғыз араб Мұхаммет қой, онда да Мұхамметтің шешесі Әминә Уahаб деген жебірейдің қызы. Ендеше, бұл екі дін сабақтас, әйтеуір Лұқманның әрі де болуы анық тәрізденеді.

Эзоптың «Түлкі мен теке» мысалында: «Бір түлкі байқаусызда шыңырау құдыққа түсіп кетеді, содан шыға алмай дағдарады. Шөлір

[1] Саади. Гүлістан /«Розовый сад»/. Перевод с персидского Рустама Алиева. Перевод стихов Анатолия Старостина. ГИХЛ, М., 1957, стр.308-309.

кеген теке сол құдықтың қасына келіп, үңіліп қараса, ішінде түлкі тұр. Сол мезетте: «Су тәтті ме екен?» – деп, ол түлкіден сұрайды. «Ой, керемет тәтті» – деп мадақтайды. «Секіріп түс те өзің келіп ішіп көрсейші?» – дейді қу түлкі. Есуас теке құдыққа қойып кетіп, шөлін қандырады, енді айналып қараса шыға алатын түрі жоқ. Сол арада дағдарған сорлы теке түлкімен ақылдасады, құдықтан шығудың әдісін іздейді, «Мен амалын таптым, екеуіміз де аман-есен құтыламыз. Сен құдықтың қабырғасына сүйен де басыңды төмен иіңкіреп тұр. Сонда мен арқаңа қарғып мініп, секіріп далаға шығам да сонсоң сені де құдықтан суырып алам» – дейді түлкі. Осы ұсынысты теке қуана қабылдайды. Түлкі текенің арқасына аттай мініп алып, оның мүйізіне сүйеніп тұрып, өрмелеп құдықтың жиегінен ұстап, секіріп шығады да қаша жөнеледі. «Сөзіңе осылай опа қылатын неме екенсің-ау» деп түлкіні кекетеді теке. Түлкі қайырылып тұра қалып: «Досым-ау, сенің сақалыңа біткен жүндей, басыңда ақыл болса, қалай шығуыңның амалын алдын ала ойламай тұрып, атып тұрып құдыққа секіріп түспес едің ғой» – дейді.

«Ақылды адам істер ісінің мән-жәйін алдын ала топшыласын, содан кейін барып, орындауға кіріссін»[1], – дейді Эзоп.

Дәл осы мысалды алты жүз жылдан кейін бірінші ғасырда Римнің мысалшыл ақыны Федр жазған екен. Ол «Түлкі мен теке» атты мысалында:

«Сұм адам пәлеге ұшырағанда бөтен біреудің пәлеге жолығуы арқылы өзі жөн табуға тырысады. Сондай-ақ, аңдаусызда құдыққа құлап кетіп, соның тік жарынан өрмелеп шыға алмай жатқан түлкіге қаңырағы түтеп, сусаған теке тап болыпты. Жиегіне жақындай

[1] Басни Эзопа. Перевод, статья и комментарии М.Л.Гаспарова, Из-во «Наука», М.,1968, стр.66.

келіп теке: «Қалай, суы тәтті ме, ішуге жеткілікті ме екен?» деп сұрапты. «Келе ғой досым, суы өте тәтті, мен рахаттанып іштім, әлі тояттар түрім жоқ» – деп қу түлкі зұлымдығын ішіне бүгіп, амалын асыра жауап қайырыпты.

Сақалды теке ойланбастан құдыққа қойып кетіпті. Ал түлкі сол заматта оның ұзын мүйізіне қарғып шығыпты да, сорлы текені құдықтың түбіне тастап, өзі атып-ұрып тысқа шығып жүріп беріпті»[1] – дейді.

Федрде Эзоп мысалының кінаясы айтылмайды. Тұжырым жасалмайды. Алайда, ой сарыны бір жерден шығады.

Екінші ғасырда өмір сүрген мысалшыл грек ақыны Бабрийдің: «Құз жардың астындағы теке мен түлкі» атты мысалында: «Жаздың ыстық бір күнінде қаталап су ішкісі келген теке құздан секіріп суы сарқырап ағып жатқан сайға түсіпті. Суын ішіп шөлі қанып, шөбін жұлып біраз оттап жүріпті де, енді қайта шыға алмай әлекке түсіпті. Істеген ісіне опық жеп, жәрдем тілеп жалбарыныпты. Текенің зарлап тұрғанын көріп түлкі: «Ақымақ сорлы-ай! Сақалына біткен қылдың мөлшеріндей басыңда ақыл болса ғой, сен осы шыңырау құзға түспей тұрып, қалай шығудың амалын ойлар едің-ау!» – депті.

«Бір іске беттер алдында оның келешектегі нәтижесін болжау керек»[2] – деп толғайды Бабрий. Ендеше бір елде күрделі мысал болса, екінші елде келте қайрылатын мәтел түрінде кездеседі.

Сонымен көне Эзоптың осы мысалы Федрге жеткенде мінеліп шығады. Федр өз ойын алдын ала айтады, қысқартып тастайды.

---

[1] Федр, Бабрий. Басни, М., 1962, стр.42.

[2] Бұл да сонда, стр.160-161.

Пәле-жәледен құтылу, не біреуді орға жығу сұмның ісі екенін әшкерелейді. Қорытқанда Эзопша кінаялап түймейді. Эзопқа Федрден Бабрий жақын тұр. Ал, осы мысал арабқа келгенде Лұқман Хакімнің атынан бір ауыз сөз ретінде айтылып, мақал болып тарайды.

Қазақ елінде бұл мысал «Түлкі мен ешкі» болып атанған. Сонда: «Бір түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда бір терең апанға[1] түсіп кетіпті. Шыға алмай тұрғанда, бір ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға кез болып, түлкіні көреді.

– Ей, түлкі батыр, не қылып тұрсың? – депті.

– Ой, не қыласың, жаным жай тауып тұр. Қырда әрі сусап, әрі ыстықтан өліп едім, апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен, – депті.

Мұны естіп ешкі: «Мен де салқындайын, әрі су ішейін», – деп ойлап, секіріп апанға түсіпті. Сонда түлкі-екең секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне шығып, ырғып далаға шығып жәніне кетіпті.

«Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» – деген осыдан қалыпты»[2] – деп толғайды.

Осы арада айта кететін бір уақиға бар, мына Федрдің ұлты грек, өзі Италия жазушысы, еңбегін көне Италия тілінде жазған адам, ал Бабрийдің ұлты итальян, өзі грек жазушысы. Екеуі де туған ұлтын дәріптемеген. «Ит пен қозы» /«Собака и ягненок»/ атты мысалында Федр: «Ешкілердің ішінде бір қозы қақтығып жүр еді. Оған бір төбет кездесіп, «Мұнда сенің шешең жоқ, оны бекер іздеп жүрсің?» – дейді де анадай жерде жайылып жатқан

[1] Апан – ескі құдықтың орыны, кейде қасқырдың паналайтын үңгірін де «апан» деп атай береді.

[2] «Қазақ ертегілері», I том, ҚМКӘБ, Алматы, 1957, 208 бет.

қойларды көрсетеді. «Құмарлық – әуеніне еріп, жүкті болып, азапқа түскен, сонсоң мезгілі жеткенде мені тауып, артынша тастап кеткен ананы іздеп жүргем жоқ, тек менің қамым үшін туған баласын ашықтырып, қағажу еткен, емшегін үнемі маған емізіп, сусынымды қандырған ананы ғана іздеймін» – дейді.

«Сонда да туған ана артық қой!» дегенде, «Жоқ, олай емес. Менің ақ болып, не қара болып туарымды ол білген де жоқ қой, ал қолақпандай марқа/кебе/ табам деп дәмеленіп жүргенде, шүнәмдей кәпей қозы тауыпты, қолы жеткен табысы сол ма? Содан бері қарай қасапшының пышағынан қорқып, қалшылдап жүруім де сол ананың маған көрсеткен жақсылығы ма екен? Мені ол өзінің қалауы бойынша тапқан жоқ, ендеше, жас нәрестені аяп, өз еркімен келіп рахым көрсеткен, мейірбандығын білдірген анадан әлгі туған ана артық болар ма? Ата-ана деп елдің емешесі құруы, тек туғандық емес қой, мейірбандық болар» – дейді. «Мейірбандыққа ырзалық сезімнің барлық қағидадан қуатты екенін автор осы өлеңінде көрсетуге тырысқан» [1] – деп бітіреді Федр. Ендеше қазақ халқының: «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол!» деуі де осы оймен сабақтасатын тәрізді. Әрине, қазақ мәтелінде бөгде философияның бар екені де анық.

Әрбір дәуір өзінің мақсатын, өз көзқарасына байланысты өсиетін айтады. Мысалдардың алғашқы шығуы үстіміздегі дәуірден YIII-YI жүз жыл бұрын грек елінде болыпты. Бұл кезде грек қалаларындағы ақсүйектер /аристократия/ мен қара бұқара халық /демос/ өзара ашық күреске шықты. Сонда езілген бұқара халық мысал шығарды, ақсүйектерге айтатын ойын ашық айта алмай мысалдап, кінаялап, түйреуге бет алды.

[1] Федр, Бабрий. Басни. Издание подготовил М.Л.Гаспаров, Из-во АН СССР М., 1962, стр.34.

б) Мысалдардың шығуы жайында

«Айтарын қаймығып айта алмаған, батылы барып өз сезімін ақтара алмаған езілген құлдық дәуірі еді, сондықтан күлкі-келемежді қарғаша етіп олар /құлдар/ осылай мысалдап сөйлеуді ойлап шығарды» [1] – дейді Федр. Соңынан осы Федр пікірін қолдай отырып, заманымыздың жақсы аударушысы және ғалымы М.Л.Гаспаров: «мысалдардың ауызша айтылу түрі ұзаққа созылмады. Ақсүйектер мен қара халық күрескенде, осы арпалыста қара бұқара жеңіп шықты, сондықтан енді кінаялап түйреу қажетсіз болды, мысалдың жауынгер пафосы әлсіреп қалды. Y-YI ғасырдағы философиялық бағыт жаңа идеялық ізденулерді тудырды... Әрине, мысал жойылып кетпеді, бірақ оның айтылатын орны ауысты. Халық жиналысында сөйленбей мектепке көшті, үлкендерге айтылмай, балаларға айтылатын болды [2] – дейді.

Бұдан бұрын ауызша айтылған мысалдар енді бері келе жазба әдебиет шығармаларына кіре бастады. Ертеде бұл мысалдарды Гесиод поэмасынан /YIII ғасыр/, Архилог ямбаларынан /YII ғасыр/, Аристофан /Y ғасыр/ комедияларынан; Геродот тарихынан, сопылар мен сократшылардың философиялық сөздерінен ұшыратамыз.

Бірден-бірге көшудің кекесін көру үшін: «Өгіз бен бақа» мысалын тексерелікші:

Эзоптың жинағында бұл мысал «Құрт пен жылан» /«Червяк и змея»/ болып атанады.

«Жолдың жиегінде бір шоқ жеміс өседі екен. Соның түбінде ұйықтап жатқан жыланды көріп бір кішкене құрт оның есептейсіз ұзындығына қызығыпты. Сондықтан құрттың жылан болғысы келіпті,

[1] Федр. Бабрий: Үшінші кітабында Евтихқа арнаған прологта, М., 1962, 25 бет.
[2] Сол кітап, 206 бет.

жанына жата қалып өзің-өзі зорлап созыла беріпті, алайда ол қанша созылып ұзарса да жылан бола алмай жарылып өліпті» – [1] дейді Эзоп.

Эзоп мысалдарын 1888 жылы орысшаға грек тілінен В.Алексеев «Бык и жаба» деп аударған екен. Сонда: «Суатқа барған өгіз бақаның баласын тұяғымен жаншып өлтіріп кетті. Енесі жоқ еді, сырттан келіп балаларынан «Інілерің қайда?» деп сұрады. «Мама-ау, ол дүние салды. Жаңа осында бір енгезердей төрт аяқты аң келіп тұяғымен жаншып өлтіріп кетті», – деп жауап қайырды балалары.

Сонда бақа зорлана ісіп-кеуіп: «Қане қараңдаршы, әлгі аңның зорлығы мына мендей бола ма?» – деп сұрағанда, балаларының: «Қойшы, мама, ашуланып әуреленбеші, оған теңелгенше сен жарылып өлерсің» деген сөздерін естіді енесі. Әлсіздің күшті – мен бой теңестіруі қатерлі»[2] – деп түйеді Эзоп.

Осы мысалды Федр бірінші ғасырда «Жарылып кеткен бақа мен бұқа»/ «Лопнувшая лягушка и бык»/ деп берді, сонда: «Күштіге еліктеймін деп әлсіз өзі өледі. Көкорай шалғында жүрген бақа бұқаны көрді де оның зорлығын күндеді. Борпылдақ қарнын шертитіп балаларынан мына менің жуандығым, семіздігім сендер көрген бұқадан артты ма?» – деп сұрайды. Балалары: «Жоқ» – деп жауап қатады. «Қайсымыз үлкенбіз?» – дейді. «Әрине, бұқа үлкен» – деседі балалары. Сонда ашуланып мүлде ісінеді бақа. Шертиіп үлкеймек болады, алайда бұқаға жете алмай қарны жарылып өзі өліп кетеді»[3] – дейді, ал Бабрий /екінші ғасырда/ «Бұқа мен

[1] «Басни Эзопа». Перевод, статья и комментарии М.Л.Гаспарова, Из-во «Наука», М, - 1968, стр.136.

[2] Орысша Эзоп мысалын 1888 жылы В.Алексеев «Бык и жаба» деп аударған екен. Сол қолжазбаның 35 бетінде.

[3] Федр, Бабрий, Басни, М., 1962, стр.16.

бақа» / «Бык и жаба»/ деп жазады. «Бір күні бұқа су ішкелі суатқа келіп, тұяғымен бақаның баласын таптап кетеді, артынша қыдырып кеткен шешесі келіп... әлгі інілерің қайда? – деп сұрайды. Ойбай-ау, ол өліп жатыр. Төрт аяқты жуан хайуан келіп тарпып, таптап кетті», – дейді. Сонда бақа қарнын шертитіп ісінеді де әлгі хайуанның жуандығы осындай ма?» – деп өзін көрсетеді. Балалары: «Әуреленбей-ақ қойыңыз, сөзімізге сеніңіз, ол хайуанға ұқсаймын деп жүргенде жарылып кетерсіз», – [1]дейді Бабрий /екінші ғасыр/. Екеуінің де мысалы қысқа, бірақ Федр турасын тік айтады, ал Бабрий сюжеттің жарым-жартысын сөйлестіре отырып ашады, мұның сөзі жұғымды да табиғи заңды суреттеледі. Федр: «Осынша зорлығын күндеді» – дегенде күйзеліс дыбысы естіледі, ал Бабрий: «Төрт аяқты бір жуан, зор хайуан»... – деп өзі білмегенсіп, монтаны дыбыспен сөйлейді. Федрде бақаның қимылы басталғанда-ақ өрескел-оспадар көрінеді, ал Бабрийдің ойы мысалдың бірінші бөлімінде дәлелденеді, қайдан келіп, қалай болғаны анық айтылады, оқуышыны ұйытады. Федрдің мысалында бақа өліп тынады, ал Бабрийде сюжеттің мүмкіндігенше көркемдігін түгел пайдаланады да бақаны өлтірмейді, бірақ тұспалдап сол әлемге мегзеп қана тоқырайды. Федрдің мысалы қарапайым – күйкі, ал Бабрий мысалының мағынасы бай. Әрине, Бабрий кіргізген толықтаулардың бәрі өзінікі деу де дұрыс болмас, өйткені осы мысалдың түйінін алғаш шешкен ежелгі Эзоп қой, бұл екі ақынға да сол Эзоп мысалы өзек-үлгі болған, алайда, бұлар өз талантына сәйкес етіп, әлгі Эзоп үлгісінен өздеріне қолайлысын алған ғой.

[1] Федр, Бабрий, Басни, М., 1962, стр.101-102 беттерін қараңыз.

Бері келе XIX ғасырдың аяғында 1898 жылы біздің Абай Крыловтан оның «Лягушка и вол» атты мысалынан[1] аударды. «Бақа мен өгіз» атты мысалында Абай:

«Қарасаң тым-ақ көп,
Көре алмас іші тар.
Несі артық бізден деп
Салыспақ жұртта бар.
Су ішкелі бір өгіз,
Барып еді бұлаққа,
Бақалар қорқып тарбақтап
Қашып шықты аржаққа.
Бақаға өгіз таумен тең,
Ұшып кетті зәресі.
Мақтаншақты сен көрсең
Бақада екен төресі.
Өз-өзінен бір бақа
Күшенді де бөртінді.
Қарны үлкейіп, қампиып,
«Өгіздей болам» деп ісінді.
Қасындағы жолдасқа,
«Қарашы!» – деді сен бізге
Қиын ба екен үлкею,
Жеткем жоқ па өгізге? ».
– Ісіндің, күбіндің
Сонда да не пайда?
Түрі жат өгіздің,
Сен қайда, ол қайда? »

[1] И.А.Крылов. Соч. в 2-х томах, Библиотека «Огонек», Изд-во «Правда», М., 1956, стр.41.

Жетем деп кеп кіжініп,
Келгенінше шамасы,
«Үлкейдім» деп ісініп,
Дейді: «Енді бір қарашы?! »
Қарады да «денеме
Болған жоқ қой, қой!» – деді.
Қызып алған ант ұрған,
Айтқанына көнбеді.
Ыңқыл қағып тыпырлап,
Күшенді де бөртінді,
Іш жарылып сытырлап,
Мақтанам деп өзі өлді.
Таласпа, жаным-ай,
Қолыңнан келмеске;
Боларсың бақадай,
Көп түссең егеске» [1] –

деп түйеді.

Оқушыларымызға кеңінен жайылған Крылов мысалын әдейі келтірмедік. Әріде Эзоп /біздің дәуірден бұрынғы YI ғасыр/, Аристофан /біздің дәуірден бұрынғы Y ғасыр – 446-385 жылдарда болған/, Федр /бірінші ғасыр/, Бабрий /екінші ғасыр/, «Кәлилә мен Димна» /үшінші ғасыр/, Сағди /XIII ғасыр/ т.т. беріде Лафонтан /XYII ғасыр/ 1621-1695 жылдарда болған/, Крылов /XIX ғасырдың басы/ т.т. бар, сөйтіп біздің Абайға, мына Көбеев пен Өтетілеуовке жеткенше талай заман өтіп, талай теперішті көріп келген мысалдар, неше алуан саққа жүгіріп, жоны-

[1] Абай Құнанбаев. Таңдамалы шығармалары, ҚМКӘБ, Алматы, 1952, 309-310 беттер.

лып-жөнделіп, екшеліп талай кералаң дәуірлердің дәмін татқан тәрізді. Осы арада біз тарихи хронологияны айтып отырмыз. Алайда, осы зор тұлғалар бәрін түгел бірінен бірі алып пайдаланды деуден аулақпыз.

Эзоп, Федр, Бабрийлерде «Бұқа» /«Бык»/ делінеді де И.А.Крылов пен Абайда «Өгіз» /«Вол»/ болады. Себебі көне грек, Рим елдерінде гладиаторлар сахнада бұқалармен соғысатын болған, бұл дәуірді «гладиаторство» деседі. Мысалы, Спартак – гладиатор, бұлар, көбінесе, құлдардан шыққан, аристократияның көңіл көтеретін ойыншығы есебінде жүрген. Бағы замандағы еркек, «бұқалар» бері келе пішіліп «өгіз» болған-ау сірә! Сондықтан, кейінгі И.А.Крылов пен Абай дәуіріндегі шындық «бұқаның» орнына «өгізді» тудыруы кәдік қой. Отырықшы болып егін салу, жер жырту мезгілінде бұқалардың еркектік есерлігінен гөрі шаруашылыққа пайдалы болуы көзделген заман болса керек-ті. Осы күні эпиграфикалық ғылымды зерттеп жүрген ғалым Ғайниддин Ғалиевич Мұсабаевтың айтуынша жартастардағы көне суреттерде де «өгіз» жоқ, «бұқа» бар екен.

Мысалдардың жөн-жосығын зерттеп отырсақ көп нәрсеге куә болғандаймыз. Айта кетелік мына «Емен мен шілікті» Крыловтан Абай да, Көбеев те аударды. Абай варианты келте, ал Көбеевтікі шұбалаңқы. Осы мысал Эзопта да, Бабрийде де бар. Бұлардың айырмасы мынау, шілікпен күш таластыру Еменнің ойына қайдан келіп түскенін Эзоп баяндамайды, бұл ойдың орашолақ тұрғанын ол абайламады.

«Емен мен шілік» екеуі күштіліктерін салыстырып дауласты. Дауыл тұрған кезде Шілік дір ете түсті, оның екпініне шыдай алмай жерге басын иді де аман қалды. Емен кеудесін

төсеп қасқиып тұрды да түбірімен қопарыла құлады... »[1] – дейді Эзоп. Ал Бабрий дауыл қиратқан еменнің сынығы өзен бетінде қалқып келе жатқанын суреттей отырып, осы үш қайнаса сорпасы қосылмайтын екі өсімдіктің қалай кездескенін дәлелдеп өтеді. Ұшырасуын заңды етіп, оқушыны мойындатады. Түп мағынасы бірдей «күштімен күреспе» – деп түйеді.

Бабрийдің «Дуб и тростник» /«Емен мен Шілік»/ атты мысалын келтіре кетелік: «Таудың төбесінде өсіп тұрған еменді қатты дауыл тұрып түбірімен қопарды. Адамзаттың бәрінен де жасы үлкен жойдасыз жуан еменді сарқырап аққан өзен қалқытып ала жөнеледі. Осы долданып ағып жатқан өзеннің екі жақ жиегінде маужырап, жайбарақат өсіп тұрған қалың шілік бар екен. Осындай әлсіз және бойы да кішкентай шілік мына жойдасыз жуан емендерді алып ұрған сұрапыл дауылға қарсы тұрып, қалай шыдап қалды екен? – деп, таңырқады емен. Сол арада: «Мұнда таңырқарлық түк те жоқ, сен дауылға қарсы тұрып, қасқиып майданға шықтың да, күресіп жығылдың ғой, ал біз болсақ жеңіл-желпі жел тұрса да майысып құлай кетеміз, біздің еншімізге тиген нәрсе көне беру», – депті Шілік.

Мысалдың негізгі ойы: «күштіге қарсы шықпай көну керек» – дейді Бабрий /II ғасырда/.

Бұл ақын Бабрий ежелгі Эзоптан жеті жүз жыл кейін туған-ды, сондықтан өмір озған сайын мәдениет жаңғыра бермек, екеу ара айырмашылығы өскелең дәуірдің жемісі болса керек.

«Майысқаннан шіліктің несі кетті
Батыр, мақтан күйлеме, сен де о ұрлы» –

деп қайырады ғой Абай. Сонда да Абай Эзоптан аударды дегенге ауыз бармайды.

[1] «Басни Эзопа». Из-во «Наука», М, -1963, стр.84.

«Ит пен оның көлеңкесі» Эзопта да, Федрде де, Бабрийде де, «Кәлилә мен Димнада» да бар. Эзоп пен Федрде өзеннің бетінде жүзіп бара жатқан ит өз көлеңкесін суда көреді, бұл жағдайдың мүмкін емес екенін байқамайды олар, себебі, өзі судың ішінде малтып келе жатып көлеңкесін көру қиын-ақ қой, ал Бабрий бұған қадғалап зер салады да итті өзеннің жиегінде жүгіртеді, сонда барып ол өзеннің көлеңкесін суда көреді, міне бұл заңды шығады. Кейінгі мысалшылдарда «ит көпірдің үстінен жүгіреді». Мұнысы миға мүлде қонымды болады. «Кәлилә мен Димнада» бір ауыз мәтел болып қана ұшырайды. Қорытындысы: «әлгі ит судағы көлеңкесін бөгде ит деп ұғады да, оның аузындағы етін тартып жемекке суға қойып кетеді, сөйтіп өз аузындағы еттен де айырылып, судан да түк таппай құрамай қабады».

«Қасқыр мен қозы» Эзопта да, Федрде де, Бабрийде де, Крыловта да бар. Мысалды әр қайсысы өзінше дәлелдейді, алайда қорытуы бір, бәрінде де қасқыр сылтау тауып қозыны жеп тынады. «Құмырсқа мен шегіртке» Эзопта да, «Ромулда» да /екеуінде де қара сөзбен беріледі/, Бабрийде де, Крыловта да, Абайда да бар. Бәрінің де түйіні:

«Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де билей бер».

Кейбір ауысқан мысалдар өте өзгеріп кетеді. Кейіпкерлері сол елдің өз шындығына сәйкестеледі. Дәлелдеуі де сол елдің өз логикасына бағынады. «Ауру арыстан, түлкі мен бұғы» атты мысал да Эзопта да, Бабрийде де бар, «Кәлилә мен Димнада» «Арыстан, түлкі мен есек» болып айтылады. Мұнда «бұғының» орнына «есек» кіреді.

Бұлай болуына әр елдің өзіне таныс жағдайлар әсер етеді. Оқушыны күдіктендірмеу үшін текстің өзін келтірелік. Ежелгі Эзоптың «Ауру арыстан және түлкі мен бұғы» атты мысалында: «Аң патшасы арыстан ауырып өзінің үңгірінде ұзақ жатып қалыпты. Күндерде бір күн жанқияр досы түлкіге қарап: «Менің құлан таза жазылып, өз аяғыммен жүріп кетуімді қаласаң, бойыңа біткен амал-айлаңды сен аямашы, алдап-арбап орманда жүрген бұғыны осында ертіп ала келші, бірақ байқа, ірісі, ең семізі болсын, соның ішек-қарны мен миын жеуге аңсарым ауып тұр» – депті.

Түлкі жүріп кетіпті, орман ішінде ойнақтап жүрген бұғыны көріпті. Жақындай түсіп, түлкі «Ассалаумағаликум. Мен саған жақсы хабар әкелдім. Бәріміздің әміршіміз, мына менің досым арыстан ауырып ана дүниеге аттанғалы жатыр. Аңның ішінен өзімнің орнына кімді патша етіп қалдырсам екен – деген ой оның мүлде тынышын кетірді. Қабанды /шошқаны/ ақымақ, аюды еріншек, барысты-рахымсыз безер, жолбарысты мақтаншақ, – деп топшылайды ол. Бойы болса алпамсадай биік, өзі ұзақ өмір сүреді, мүйізінен жылан-шаян әзірейілдей қорқады, ендеше бәрінен де патша болуға тек Бұғы лайық-ау деп шешті. Несіне көп әңгімелеп жатайын, ұйғарым осы, таж-тахытқа енді сен иесің. Ести сала осы хабарды тұңғыш рет саған жеткізіп тұрған мендей досың, қане сүйіншісіне не бересің?» – дейді түлкі. – Мезгіл тығыз-таяң, Арыстанның бар сенері – оң көзі – мен ғой, сарылып күтіп отырған шығар, маған лұқсат етіп батаңды берсең, досым, енді мен жылдам жытайын. Мендей көпті көрген кемпірдің сөзін жерге тастама, барғың келсе тіпті бірге жүр, өлерінің алдында жанында болып, кешу алыс, – дейді.

Түлкінің тәтті сөзі Бұғыны ақылынан адастырды. Қандай қатердің төніп тұрғанын сезбестен Арыстанның үңгіріне ол кіріп барады. Арыстан оны бас салады, бірақ қызу үстінде мүлт кетеді де, тек оның тырнағы Бұғының құлағын жырып түседі. Аласұрып Бұғы орманға бет алып зымырай қашады, еңбегі еш, тұзы сор түлкі опық жеп алақанын уқалайды.

Қамыққан Арыстан өкіре жылап зар қағады, аштық пен өкініш жанын жегідей жейді. «Бұғыны алдап-арбап тағы да менің алдыма алып келуге әрекет жасап көрші, мүмкін, екінші ретте жолың болар түлкім», – деп өтінеді ол. «Кетеуі кеткен бір ауыр міндетті жүктеп тұрсыз маған» – дейді түлкі, – сөйтсе де амал бар ма, сіз үшін қызмет істеп көрейін».

Сонсоң тәжірибелі тіміскер түлкі «қашқынның» ізіне түсіп қуа жөнеледі, келе жатып оны қалай алдаудың әдісін ойлайды. Жолай ұшырасқан бақташылардан «Үсті-басы қанға боялған бұғыны көргендерің бар ма? – деп сұрау салады. Олар түлкіге таяу тұрған орманды нұсқайды. Жаңа ғана келіп, дем алып жатқан Бұғыны көреді де түлкі баса көктеп жетіп барады. Тітіркене жиырылып, ыза кернеген Бұғы: «Мені алдауың жетер енді, арамза зұлым! Маған таянушы болма, жақындасаң-ақ жаныңды жәһәннамға жіберем! Сені танымайтын бөгде біреулерді жер соқтырарсың, бастарын айналдырып соларды-ақ патша сайлай бер, тек менен аулақ жүр!...» – дейді. Сонда түлкі: «Қорқақтың қорқағы екенсің-ау, өзің! Біздей достарыңа да сенбейсің бе? Рас, Арыстан сенің құлағыңды жырып жіберді, бірақ ол өлерінің алдында осынша ұлан-байтақ патшалықты қалай басқарудың мән-жәйін үйретіп, өсиетін айтуға оқталап еді, ал сен тіпті қолың былай тұрсын, аяғыңның бір ұшын ұсынуды да көпсіндің-ау! Ол саған қатты өкпелеп қалды, енді таққа қасқырды отырғызбақ. Ай, шір

кін-ай, амал бар ма, енді біз нағыз оңбаған патшаға душар болдық-ау! Онанда қойдан қоңыр мінез көрсетіп, қолыңды қусырып, асықпай-үсікпей-ақ, тура кіріп барсайшы, дүниедегі барлық ағаштар мен бұлақтардың атын атап ант ішейін, құдай біледі-ау, сол Арыстан саған қастық істемейді, сен үшін мен де жанымды ортаға салам ғой» – дейді. Қорқақ бұғыны осылайша алдап аяр түлкі Арыстанның алдына екінші рет алып келеді.

Сорлы Бұғы үңгірге кіріп барғанда Арыстан оны жарып тастайды да, ішек-қарнын түгел жәукемдеп сүйегіне дейін қажалап дымын қоймайды. Түлкі телміріп қарап тұрады. Бір қалтарыста, Арыстанның көзі ауа бергенде ақтарылып жатқан миын аузына қағып салады, істеген еңбегінің қаруын қайтарады. Бәрін жалап-жұқтап болып, Арыстан енді миын іздейді. Сонда анадай алысырақ тұрып түлкі: Оны іздеп әуреге түспей-ақ қойыңыз, Бұғы да ми болмайды. Арыстанның үңгіріне екі рет келіп, оның шенгеліне іліккен хайуанда ми болушы ма еді?! – дейді.

«Тойымсыз шен құмарлық адамды ақылынан адастырды, төніп тұрған қауіп-қатерді де елетпейді»[1] - деп түйеді Эзоп /қолжазба 35-37 бетте/. Ол осыдан 2500 жыл бұрын айтқан екен.

Екінші ғасырдағы Бабрийдің «Ауру арыстан және түлкі мен бұғы» – деген мысалында былай толғанады: «Арыстан ауырды да басы кеткен жерге, аяғы жетіп, серейіп, таудағы үңгірінде жатып қалды. «Аштан өлсін демесең маған бұғының миын жегіз. Ол осы маңайда орман ішіндегі жыныс қарағайдың арасында жайылып жүр, ал оны ұстайтын менде қуат жоқ. Сен тек бал тіліңді емізіп, алдап әкеліп менің шеңгеліме бір іліктіріп көрсеңші!» – деп өзі-

[1] Басни Эзопа. М, -1963, стр.153-154.

нің үзеңгілес досы түлкіге тілегін білдіреді арыстан. Түлкі іздеп барады да тауып алады. Ормандағы көкорай шалғында бұғы асыр салып жүр екен. Түлкі иіліп сәлем береді де: «қуанышты хабар әкелдім! Өзің білесің ғой, біз қатар тұрамыз, менің көршім арыстан қатты ауырып өлім аузында жатыр. Бүгін таңда мен өліп кетсем аң патшасы кім болады?» деген қалың ойда отыр ол. Әрине, қабан болмас, ол ақымақ, аю жалқау, ал барыс қызба әпербақан, өр көкірек орман өмірін менсінбей қиыс жүреді. Сондықтан әкімдікке бұғы ие болсын, өйткені өзі көрнекті зор, ұзақ жасайды, мүйіздері де әсем-иір қобызданып тұрады, өгіздің мүйізін оған салыстыруға да келмейді, айбарынан жорғалаған жылан-шаянның зәре-құты қашады» – деп ұйғарды. Көп мылжыңдамай келте қайырсам, аң патшасы арыстанның мұрагері сен болдың. Жалғыз-ақ өтінішім бар, ертең патша болғанда осы хабарды елден бұрын жеткізген мен бейбақты есіңе аларсың. Тек сол үшін ғана келдім. Ал енді мен жөніме кетейін. Өйткені арыстанның жанында ақылшы болып істейтін қызметім бар. Ағарған шашыма сенер болсаң ең дұрысы қазір өзіммен бірге жүргенін ғой, ауырған патшаның көңілін сұрай барасың. Өлер алдында кім көзге көрінсе, сол ыстық деген, кәделі жол осы» дейді. Мекер түлкінің алдап-арбауынан бұғының басы айналады. Төнер пәлені ескермей, арыстан жатқан тауға қарай тура жүгіреді. Төсегінен атып тұрған арыстан шыдай алмай қарсы шабады, тырнағымен бұғының құлағын сыдырып түсіреді. Қорыққан бұғы жан дәрмен кейін қарай қашып, қалың орман ішіне кіреді де жоқ болады, барлық еңбегі еш болып, салы суға кеткен түлкі өкініп алақанын уқалайды. Өкініш пен аштық екі жақтан жанын жегідей жеген арыстан тістерін қарыш-қарыш шайнап, ыңырана зарлайды.

Тағы бір айла тапшы деп арыстан түлкіні тағы қолқалайды. Түлкі толғанып тұрады да: «Бұл өте ауыр жүк, сөйтсе де, мұршам келсе, тағы бір көмек берейін», – деп маңғаздана сөйлейді. Иісшіл төбетше тіміскілеп бұғының ізін кеседі. Неше алуан мекерлікті ойына тоқып түлкі жүріп келеді, «Үсті басын қан басқан бұғы бұл арадан өткен жоқ па?» деп жолай ұшырасқан бақташыларға сұрау салады. Білгендердің бәрі де тура жолды мегзейді. Түлкі бір алаңға келеді, жүгіре-жүгіре ақ көбікке шомған бұғы ағашты көлеңкелеп, деміге солықтап тұр екен. Қымсынбастан түлкі тұп-тура бұғының алдына жетіп барады. Тұла бойы шіміркеніп жүрегі аузына тығылады да ыза кернеген бұғы: «Қайда барсам қыр соңымнан қалмайсың, ал енді менің алдымда тағы оттауға оқталсаң-ақ өзіңе де жайлы тимес, сақтан түлкім! Сенің бұқпантай қулықтарыңды білмейтіндердің басын қатыр, айлаңды асырып соларды патша сайла да орға жық!» – дей бергенде, сөзін бітіртпей түлкі кие жөнеліп; «Сен осынша сұжүрек екенінді таныттың-ау! Достыққа сенбейтін сорлы екенсің-ау! Арыстанның саған игі өсиетін айып, ізгі ақыл бергісі келді, сені әбілет басқан ұйқыдан оятпақ үшін әкелік мейірімін көрсетіп, құлағына сыбырламақ болды, осындай ұлы патшалықты қалай билеп-төстеудің мән-жайын бажайлап айтқанда сен оның сөзін зер сала тыңдауың керек еді, болар-болмас жақындағаныңа төзе алмай оқыс қимылдап тура қаштың да, сорлы-ай, тек өзіңді-өзің жарақаттадың-ау! Енді мезгілді өткізіп алдық, осындай жеңілтек оспадар қылығыңа, қаша жөнелуіңе арыстан қатты қынжылды, өзінің орнына қасқырды патша қоймаққа ұйғарды. Ой, шіркін-ай, ол, патша болып кімді оңдырсын! Алайда амал не?! Осы төнер

тауқыметтің бәріне өзің кінәлісің. Тезірек барсайшы, ең құрығанда осы жолы жүрегіңді тоқтатшы, қорқақ қоянша елегзіп үрікпеші! Ағаштардың сыбдыраған жапырақтары мен сылдырап аққан бұлақтың суын түгел куәға тартам, мен саған жақсылық ойлаймын, арыстан да дұшпаның емес, аңдардың патшалығын шын жүректен ол өз қолына тапсырмақ!» – дейді. Құйқылжыта арбап мекер түлкі аңқау бұғыны тағы ажалға айдайды.

Үңгірге кіріп барған бұғыны арыстан жарып тастап тойлайды, етін жеп, сүйегін мүжіп кеміреді де, бұғының шек-қарнына шеңгелін салады. Өз еңбегінің қаруын қайтарғандай түлкі де болар-болмас қорек алады. Бір қаға берісте ұрланып барып, бұғының басындағы миын сорып ішіп қояды. Бұғының бар денесін түгел аралап шығады да арыстан уыстай ұстап қуыс басты иіскелей бастайды. Миының жоқтығын байыптап түсіне алмайды. Ақиқатты әдемі жасырып түлкі сөйлейді. «Сіз бекер іздеп жүрсіз, бұғыда ми болған емес. Бір рет құтылып кетіп, арыстанның аузына қайта келіп өзі арандаған аңда ми қайдан болмақ?» – дейді /Бабрий 126-129/.

Бабрий Эзоптан тура аударған, бірақ дәлелдеп, өңдеп өлеңмен жазған, өйткені Бабрий Эзоптан жеті жүз жыл кейін шыққан адам ғой.

Бұдан бір жүз жыл кейін Индияда шыққан /III ғасырда/ «Кәлилә мен Димнада» былай айтылады.

– Баяғыда бір арыстан жыныс ағаштың ішінде тұрып, оның қалдығын қорек етіп, қасында жүретін бір шүйе бөрі [1] болыпты. Бір

[1] Шүйе бөрі – шакал мәнінде /қасқыр/.

мезгілде арыстан қатты ауырыпты, арып-ашып қалжырағанда, аң аулауға мұршасы келмепті. Сонда оған шүйе-бөрі: Сен мүлде өзгеріп кеттің, өзіңе-өзің ұқсамайсың. Аңдардың сайыпқыраны едің ғой, саған не болды? – деп сұрапты. Арыстан: Мұның бәрі өзің көріп тұрған аурудың салдарынан емес пе, бұдан жазылу үшін, есектің құлағы мен жүрегін жеуден басқа ешбір ем жоқ, – депті. Шүйе бөрі сонда: –Мен білем, бір шуға жасаушы есегіне киім-кешек артып кір жууға келеді, сол жайылым бізден аса қашық емес. Үстіндегі жүгін түсіріп, көкорай шалғынға жалғыз өзін қоя береді, мен сол есекті дереу осында алып келейін. Сонан кейін оның жүрегі мен құлағын не істесең де өзің білесің ғой, – депті.

–Кейінге қалдырмай осыны тезірек орындай көр, – десе керек. Шүйебөрі жүріп кетіпті де есекке барып:

–Мен көріп тұрмын, сонша жүдеу екенсің, арқаң неге жауыр болған? – деп сұрағанда, есек оған:

–Мұның бәрі ана шуға жасаушы залымның салдарынан, сол мені жұмысқа көп жегеді, тамақ бермей шөміштен қысады, – деп жауап қайырыпты. Шүйе бөрі:

–Сен бұған қалай шыдап жүрсің? –дегенде, есек:

–Ал сонда не амал істемекпін? Адамның шеңгелінен қайда қашып құтылмақпын?! – депті. Шүйе бөрі:

–Адамның аяғы баспаған, шөбі шүйгін оңаша орынды көрсетейін мен саған! Онда асыл тұқымнан шыққан, әдемі мәші есек тұрады. Ондай сұлуды сен еш уақытта көрген емессің. Оған айғыр керек, – депті. Әңгі[1] есек тебірене толықсып:

[1] Мәші– ұрғашы есек, әңгі – еркек есек.

–Екеуміз де сонда барсақ қайтер еді? Оны былай қойып, тек сенімен достасқым келген күнде де мен бірге кетер едім, – депті. Сөйтіп екеуі арыстанға қарай беттепті. Шүйе бөрі бұрынырақ келіп хабар беріпті. Арыстан атып тұрып есекке қарсы ұмтылыпты, бірақ ұстай алмай қалыпты, ол қашып құтылыпты. Сонда шүйе бөрі арыстанға: Бүлдірдің-ау, сен! Есекті әдейі жеке тастап кетіп едім, мені сорлатқың келді ме, неге тарпи бас салдың? Оны сен ұстай алмасаң, менің патшамның есекті ұстап алуға мұршасы келмесе, онда біз құрыдық қой, – депті. Арыстан ойланыпты.

–Егер есекті әдейі қоя бердім десем, онда шүйе бөрі мені ақымаққа балар еді, ал егер ұстап алуға әлім келмеді десем, онда қуатсыз нашар деп білер еді, – деп толғаныпты да:

–Есекті сен екінші рет осында ертіп әкеле алсаң, мен саған сол есек жөнінде өзің қолқалап жүрген бір әңгімемді айтып берер едім, – депті.

–Болған істі есек көзімен көрді, мен енді оған қайыра барсам, онда амал қолданып, алдауым керек болар, – депті де шүйе бәрі есекке қайта барыпты. Есек мұны көре салып:

–Менде қандай бұйымтайың бар? – деп сұрапты. Сол арада шүйе бөрі:

–Менің саған жақсылық істегім келеді. Қатенің бәрі шексіз құмартудан шықты ғой. Саған тура шапқан, әлгі өзің көрген хайуан мәші есек еді, ол туралы мен саған айтқан болатынмын, ондай көріктіні сен өмірінде көрген жоқсың. Құштарлықтың қуаты билеп шыдатпады, саған тұра ұмтылды, енді бір минут кідіргенде ол сенің мәңгі жарқосағың болатын еді.

Қатенің бәрі күшті елтудің салдарынан туады ғой, – депті.

Мәші есек туралы екінші қабат естігенде әңгі есектің құмартуы құйынша көтеріліп, ол шүйе бөріге еріп жүре беріпті, келген мезетте арыстан бассалып оны жарып тастапты. Есекті жайғап болыпты да ол шүйе бөріге қарап:

–Мен дәріні былай қабылдаймын, ең әуелі жуынамын, сонсоң құлақ пен жүректі жеймін, ал қалғанын құдайыға таратам. Мен жуынып болғанша, сен есектің етін күзете тұр, сонсоң өзім қайтып келем, – депті. Арыстан кетісімен шүйе бөрі есектің құлағы мен жүрегін жеуге кірісіпті, сонда арыстан құлақ пен жүректің жоқтығын көрген соң қалған етін де жемес, құдайыға да таратпас деп сеніпті ол.

Арыстан қайыра келіп: –Есектің жүрегі мен құлағы қайда? – деп жазғырғанда, шүйе бөрі оған: –Есекте құлақ пен жүректің жоқ екенін сен білмеуші ме ең, егер ол екеуі бар болса, аман-есен бір құтылғаннан кейін екінші рет тағы келмес еді ғой, – депті. Арыстан шүйе бөрінің сөзіне шүбәсіз сеніпті [1] – деп толғайды.

Қазақ елінде «Түйе, арыстан, қасқыр және түлкі» деген мысал бар. Осы төртеуі жолдас болып, өзі сулы, биік таулы жерді мекен қылып жүреді. Арыстан, қасқыр, түлкі уақ аң аулап жеп жүреді. Түйе жердің оты мен суына жардай болып семіреді. Қыс болып, уақ аң таусылып, арыстан, қасқыр, түлкі үшеуі ашығады. Көздеріне түйеден басқа ештеңе көрінбейді. Олар түйені жемек болады. Түйе жолдастығын айтып жылайды. Әбден ашыққан соң үшеуі түйені жемек болып ақылдасады: түйемен сөйлесуге түлкі–

[1] «Кәлилә мен Димна», Алматы, 1962, 185-187 бет.

ні жібереді.

Кешке жақын түйе дем алып, шөгіп жатқанда, түлкі қарсы алдында шоқиып отырып солқылдап жылайды. «Досым, түйем, мына қылышын сүйретіп қыс келе жатыр. Жаздай бірге жүріп, бірімізге-біріміз бауыр басып қалдық қой. Енді қалың қар түскенде сен қорек ететін бұл ант атқан бетпақ шөлде ештеме жоқ. Қарды теуіп шөп шауып жеуге сенің мұршаң келмейді. Қатты аяздан сақтайтын үстінде жабуың да жоқ-ау!...

Түйе бірге жылайды. Енді не істеу керек? – деп дағдарады. Түлкі: Мен ақылын таптым, сен өзіңді өзің он екі қойға сат, ендігі жылы әлгі қойлардың жүнінен мен саған жылы жабу сырып қоям» – депті.

Түлкінің осы ұсынысын аңқау түйе қабыл алыпты. Оны арыстан жарып тастапты, ақтарылып жатқан ішек-қарнына қарап түлкі сөйлепті: – Ауылдағы қазақтың ыспадияр /шебер/ әйелдері болса, мына ішек-қарындарды қандай әдемілеп аршыр еді-ау, енді патшамыздың өзі болмаса мұны ана өзенге сүйреп апарып тазалауға кімнің әлі келмек? – деп қамығады. Сонда арыстан мақтанып: «Өзім-ақ көлге апарып, аршып әкелейін», – деп арқасына салып сүйрей жөнелді.

Ашыққан түлкі түйенің миын аузына қағып салады, қасқыр көзін жейді.

Арыстан келіп: –Миды кім жеген? – деп сұрағанда түлкі:

Тақсыр, түйеде ми болмайды, егер миы болса ол өзін-өзі ажалға қимас еді ғой, – депті.

–Дұрыс, ал енді көзі қайда кеткен? – дегенде қасқыр жалтақтап сөз таба алмай түлкіге қарапты.

Сонда түлкі: –Неменеге маған жаутаңдап қарайсың? Кеше өзімізбен бірге жүрген досымыз – түйенің көзі жоқ еді деп арыстекемнің алдында қалай өтірік айта алам? – депті монтаны түлкі.

Қасқыр қаша жөнелгенде арыстан соңынан қуып, таудан тау асып кетіпті. Осы мезгілде түлкі түйенің етін жердің астына түп-түгел көміп тастапты. Өзі түк білмегенсіп, шоқиып отырыпты. Арыстан арсалақтап қайта келіп түйенің жемтігін сұрағанда, түлкі: –Ойбай-ау, қызық болды, бұлар әлден-ақ қырқысып, төбелесіп жатыр, ендеше маған осылар он екі қойды қайдан тауып бермек? – деді де орнынан ұшып түрегеліп тайлақтап жүгіре жөнелді[1], – депті.

Италия, Греция жерлерінде елдерінде аңқау кейіпкер бұғы болса, Индияда сол бұғының міндетін есек атқарады, ал қазақ елінде аңқаулық – алаңғасарлық түйеге жүктеледі.

Италия мен Грецияда, қазақ халқында қулық-мекерлікті түлкі жасайды, ал Индияда түлкінің орнына сахнаға шүйе бөрі /қасқыр/ шығады. Негізгі ойлары бір сарында болса да кейіпкерлері бөлек-бөлек.

Әр елдің өз жерінде көріп жүрген жануарлары, өздеріне таныс уақиғалар көрсетіледі.

Мысалдар түрлі жағдайға арналады, неше алуан кәсіп иелерінің орашолақтығын әжуалайды. Тілі өткір, ойы келте қайрылады да өмір бойы ұмытылмай есте қалады.

«Надан дәрігер» атты мысалында Эзоп былай толғайды.

«Өзінің мамандығын /кәсібін/ білмейтін бір дәрігер болыпты. Бұрын басқа дәрігерлерде емделіп жүрген бір адамды осы дәрігердің емдеуіне тура келіпті. Бұрынғы дәрігерлері бұған:

[1] Осы әңгіме бір кезде балаларға арналған кітапша болып шыққан еді. Қазіргі «қазақ ертегілерінде» 194-200 беттерінде өзгешелік бар. Мұнда бірнеше ертегінің басы қосылған, әйтеуір түпкі ойы біреу-ақ /С.Т./ «Қазақ ертегілері», I том, ҚМКӘБ, Алматы, 1957, 194-200 беттерін қараңыз.

«Ауыруыңыз аса қатерлі емес, сөйтсе де төсекте ұзағырақ жатып қаларсыз» деседі екен. Әлгі надан дәрігер келіпті де: «Дүниелік шаруаңыздың бәрін реттеп қойыңыз, қалған өміріңіз осы таңға жетпес» – деп кесіп айтыпты да шығып кетіпті. Арада біраз уақыт өтіпті. Арып шаршаған науқас аяғын тәлтіректей басып, таза ауаны жұту үшін тысқа шығыпты. Осы мезетте баяғы надан дәрігер ұшыраса қалыпты. «Амансың ба, ей! Ана дүниеде қалай өмір сүріп жатырсың?» – деп сұраса керек. Сонда науқас адам: «Ақыреттегілер кеусер суын ішеді екен, ол жерде сондай тыныштық, тіпті қой үстіне боз торғай жұмыртқалайды. Тек осы жуырда Ажал мен Дозақ екеуі бас қосып, ауруларды өлімнің уысына бермейтін дәрігерлер екен. Солардың бәрін жапа-тармағай қыру керек деп үлкен тізім жасады. Сені де сол тізімге жазып қойыпты. Мен қатты қорқып, жан ұшырып аяқтарына жығылдым, жалбарына жыладым, оған дәрігер атағы қатеден танылған, ол нағыз дәрігер емес, надан адам еді» – деп, ант-су іштім де ажал аузынан сені әрең айырып алдым, – депті.

Осы мысалды мен өз кәсібін жетік білмейтін, бос сөзге үйір, білімсіз дәрігерге арнадым, оқып шығып солар өнеге алсын дедім» – дейді Эзоп[1]. Біздің заманымыздан бұрынғы алтыншы ғасырда/.

Бұдан жеті ғасыр кейін Федр «Етікші-дәрігер» атты мысал жазды, сонда:

«Ақымақ етікші кедейліктің тақсыретін тартыпты да,
Бөтен елде жүріп жұртты емдеуге кірісіпті:

[1] Эзоп мысалдары. Қолжазба. 35 бет. Грек тілінен орысшаға 1888 жылы Петербургте В.Алексеев аударған екен, біз содан алдық. /1958 жылы шыққан Эзоп мысалдарының 161 бетінде де бар. /С.Т./

Ауыруды емдейтін дәрі жасап сатыпты.

Ият оқып, үшкіріп даңқын шығарыпты».

Қатты сырқаттанған патша мұны сынамақ ниетіне кірісіпті де өзінің көзінше бір ыдысқа су құйып, оған жорта дәрі мен уды араластырған болыпты.

–Егер тәуіп /дәрігер/ осы қосындыны ішіп салса, соған көп сыйлық берем, – депті.

Сонда дәрігер көріне келген ажалдан қорқып, «Мен емдеу арқылы даңққа ие болғам жоқ, жұрттың ақымақтағы арқылы ғана атақты болып едім» – деп мойнына алыпты.

Осы арада халқын жиып, патша сөз сөйлепті. Тірі жан еш уақытта аяқ киімін киіндіруге сенбейтін кісіге, сендер бастарыңды сеніп берерсіңдер. Естеріңнен адасқан жоқсыңдар ма, түге? – депті.

Біреудің ақымақтығы арқылы ұятсыздық қоректенеді, мен бұл әңгімені соларға айтқым келеді», – депті Федр [1] /I ғасырда/.

Үстіміздегі дәуірдің II ғасырында тарих бетіне мысалшыл ақын Бабрий шығады, оның «Шалағай дәрігер» деген мысалында мынадай толғау бар.

«Баяғыда бір шалағай дәрігер дүниеде дәурен сүріпті. Бір күні сол дәрігерді бір науқас шақырса керек. Бұдан бұрынғы емдегендерден ол: «Науқастың зілді, бірақ емдеп жазуға болар» дегенді талай естіген екен. Ал мына дәрігер кіріп келіпті де үмітсіз пішінін байқатып: «Мен сені алдап, шындықты жасыра алмаймын. Ең ауыр нәрсе ажал ғой, соған дайындала бер, бір тәулік-ақ өмірің қалды» деп шығып кетіпті де қайтып оралмапты.

[1] Федр, Бабрий, Басни, СССР Ғылым академиясының баспасы. М., 1962, 13-бет.

Ауру айығыпты, бірақ өзі әбден бозарып жүдеген екен, аяғын азар басып серуенге шығыпты.

Бір күні әлгі дәрігер кезігіп: «Әй, амансың ба? Ақыреттегі өліктер қалай өмір сүріп жатыр?» – деп сұрапты.

Сонда науқас адам: «Кәусәр суын ішкендер қам жеуді білмейді. Бірақ күні кеше Қора мен Плутонның өзі[1] – дәрігерлерге қатты қаһарланып, ажалдыны өлтірмей кедергі жасайды дегенді желеу етіп, дәрігерлердің бәрінің де атын атап-атап, қара тізімдеріне кіргізіп жатыр екен. Біріншілердің қатарына сені де енгізбек болды, бірақ мен барып аяқтарына жығылып сәжде еттім де: «Оны жұрт бекер өсектеп жүр, ол мүлде дәрігер емес», – деп ант ішіп жалбарындым, сөйтіп сені ажалдан құтқарып алдым» – депті Бабрий [2] /II ғасырда/.

Мысалдардың бәрін келтіре берсек сөз таусылмайды. Көне Эзоп мысалдары жаңа дәуірде туған Ла-Фонтен, Флориан, Геллерт, Рабнер, Майснер, Абай тағы басқаларда да ұшыраса береді. Мысалы, «Шегіртке инелік/ мен құмырсқа» Ла-Фонтенде, Крыловта, Абайда бар, «Әкесі мен баласы» /«Отец с сыном»/ Флорианда да, Пушкинде де кездеседі; «Тоты» /«Попугай»/ Флорианда да, А.Измайлувта да ұшырайды; «Қара торғай мен көкек» /«Скворец и кукушка»/ Геллертете де, Хемницерде де бар. Айта берсек ұшы-қиыры жоқ.

Х Х Х

[1] Қора мен Плутон – әзәзіл мен ақырет құдайы.

[2] Федр, Бабрий. «Басни», СССР Ғылым академиясының баспасы. М., 1962, 119 бет.

в) Мәтел болып кеткен мысалдар

Кейбір мысалдар уақ мәтел болып тарайды. Эзоптың «Күншіл ит пен бұқа» /«Завидливая собака и бык»/ атты мысалында «Шөптің үстінде жатып алып ит өзі де жемейді, бұқаға да бермейді», кейінгі мезгілде Лопе де – Вега жазған «Шөптің үстінде жатқан ит» /«Собака на сене»/ дейтін пьесасы осыдан туған болар.

Ой-сананың ауысуы әр түрлі салада жүреді, көбінесе жазба әдебиет арқылы тарайды, сонсоң ауыздан ауызға да көшеді. Әр ұлттың тілінде жүрген жеке-жеке сөздерден талай-талай ойлардың ауысқанын табамыз.

Мысалы, қазақта «Өзі бір отырған күрез ғой» – дейтін сөйлем бар. Осыны айтушы адам «күрездің» төркінін түсінбейді.

Тек отырған адамның пандығын білдіреді. «Екеуіміздің Крез емес екенімізді, сенің үйің патша сарайы еместігін Кирсанов өте жақсы біледі» – дейді И.С.Тургенев /«Әкелері мен балалары»/ 20 бетінде/. «Бұл кісі туралы талай ертегілер айтылған дала Крезі ғой» – дейді Д.Н.Мамин-Сибиряк /«Астық»/. «Біз төсекке Крез боп жатамыз да, Ир[1] болып түрегелеміз» дейді В.Г.Белинский, Н.С.Ашукин мен М.Г.Ашукина құрастырған «Қанатты сөздер» атты кітаптың 28 бетінде де Крездің аты-жөні, заты кім екендігі айтылады. Ендеше, ежелгі Лидия патшасы Крезді немесе Геродот тарихын сахарада көшіп жүрген қазақ елі білді деу қате болар еді. Сондықтан бұл «күрез» біздің елге екі жолмен келуі мүмкін. Біріншіден, он тоғызыншы ғасырдағы орыс әдебиетінен алынады,

[1] Ежелгі грек ақыны Гомердің «Одиссея» атты поэмасында Ир деген кедей-қайыршы болып суреттеледі. «Ақын – Ир тәрізді кедей еді» – деп А.И.Герцен де айтқан /«Былое и думы» 44 беттерінде/. Ендеше /Крез байлықтың белгісі, «Ир» кедейліктің үлгісі /С.Т./

немесе араб-фарсы, тәжік-өзбек тілінен келіп ауысуы да ойға сияды. Бірақ біз көбінесе орыс әдебиетінен келгендігін қолдаймыз, өйткені осы «күрез» деген сөзді оңтүстік қазақтары біле бермейді, бұл тек Орталық Қазақстанда ұшырайды.

«Жалған мен шындық» атты мысал Ромулда кездеседі, атақты татар ақыны Ғабдулла Тоқай былай келтіреді:

Шын мен жалған

/татарша «ғын уә аялған»/

«Әуелде дүниеде жер жоқ, су ғана болған, диләр.
Онда жүзгенләр иміш тек «чын» білән «ялган» – диләр.
Бу екі душманға тәңірден берілген бір күймә /кеме/
Бәс отырғанлар күймәге бірісі қаршы бірсінә
Кәптә юрми «чын» білән «ялған» шығанғанлар соғыш,
Болмаса дослық, жете біт – соғышарға бір йоқ іш.
Күшті қолы біләп «ялған» – «чынжы» соққан диді.
«Чын батып кеткен – ди, шықмасқа жәһәнге – мәңгіге» [1]

дейді. Осы күні бұл ауызша анекдот болып та көп елге тарап кеткен.

Халық арасына дәнекер болып бірден бірге ой ауысады, бұл түрлі арнада жүріп жатады. Ұзақ эпос, ертегілер сабақтасады, қысқа мысалдар көшіп-қонып жүреді. Жеке мақал-мәтелдер, тіпті дара сөздер де бір елден екінші елге келіп қонақтайды.

Қазақ халқының ең алғаш нәр алғаны шығыс мәдениеті, батыс жұртына, орыс халқына кейінірек жақындап, қоян-қолтық алысқан сияқты. Орыс халқымен араласудың тіліміздегі, әдебиетіміз–

[1] Ғабдулла Тоқай. Татар тілінде Фатхи Бурнаштың 1926 жылы жазған беташарымен араб әрпінде басылған 9 бетін қараңыз. Тоқай бұл өлеңін 1908 жылы жазыпты. /С.Т./

дегі ізі ұшан-теңіз. Орыс мәдениетінің қарым-қатысы өте күшті болған кезеңі он тоғызыншы ғасырдың орта шені, оның артынша революциядан кейінгі дәуір де болды. Аударма әдебиетінің төл әдебиетке мол әсерін тигізгені де, мәдениетіміздің шеңбері де осы кезде күшейгені белгілі.

Аударма өнері идиология майданындағы зор құралдардың бірі. Аударма әдебиеті халықтар достығының дәнекері. Осы пікірді дәлелдей алатын тиянақты айғағымыз да бар, ол орыс халқының тіліне араб әдебиетін аудару жөнінде айтылған болатын. Сонда: «Мың жыл деген тек бір халықтың тіршілігі ғана үшін емес, бүкіл адамзат өмірі үшін де өте көп уақыт, мың жыл бұрын өтіп кеткен ұлы ата-бабасын, олардың келешек үрім-бұтаққа қалай өмір сүрудің жарқын үлгісін көрсетіп, болашаққа жөн сілтеп өткенін ұмытпаған халық – бахытты халық. Өзінің алыс-жақын көрші елдерінде болған улы адамдарды біліп отыру одан да бахыттылық. Көбінесе әлгі әр елден шыққан ұлы ата-бабалар өздерінен мың жыл кейін де халықаралық байланыстың дәнекері болып қала береді» – дейді өз заманымыздың аты-шулы ғалымы академик И.Ю.Крачковский.

«Мың жыл бұрын Алепонның /Хәләб қаласының/ жанында Сирияда /Шамда/ туып, дәурен сүрген Абу-ль-Алә әл Магарриды қиыр алыста жатқан Россия білген де жоқ еді. Әрине, әл-Магарридың туғанынан елу жыл бұрын Бағдаттан шығып Еділ өзенінің жағасына Ибн-Фалданның келуі рас, тіпті кейбір арабтар тек Еділ бойы емес, Киевтік Русь еліне де бұдан бұрын келіп-кетіп жүруі мүмкін. Алайда, олар арқылы орыс елі Магарриді білген жоқ, өйткені Абу-аль-Аләның атағы олардан көп кейін

жайылды... 1875-1876 жылдары орыстың екі ғалымы араб хрестоматиясын Петербургте шығарды. Әлемге әйгілі соқыр ақын әл-Мағарридың бір талай өлеңдерін соған кіргізді».

«1932 жылы ілгеріде белгісіз болып келген «Періштелерге арналған» /орысша: «Послание об ангелах» – арабша: «Рисаләт ал-малаика» атты/ шығармасын ғылым Академиясы Ленинградта жариялады. Бұл еңбек шығыста Каир шәһәрінде, батыста Лейден қаласында сақталған қолжазбаларға сүйеніп еді. Осы еңбекті баспаға дайындауда Египет /Мысыр/ ғалымы, Шамдағы[1] араб Академиясының мүшесі Ахмет Теймур патша көп күш сіңірді.

«Ленинград баспасын тұңғыш рет хат жазып құттықтаған әл-Фурейке өлкесінің философы – Әмин эр-Рейхани болды, мұнің өзі де әл-Магарриді көп жылдай зерттеп келе жатқан ғалым екен, сол хатында ол былай депті:

«Шығысты зерттеуші ғалым-мырзалар, сіздер өте керемет адамсыздар. Тіпті баяғыда шіріп кеткен сүйекке де жан бітіре алатын тәңірге жақын тұрған жансыздар! Мен мынау еңбектен Абу-ль-Алә-әл-Мағарридің өзін көріп отырмын, шіріп қалған еңбектерін сіздердің мың жыл кейін тірілтетіндеріңізді анық білген жанша ол өз заманында былай деп кеткен ғой: «тәңірінің алдында ант ішіп айтсам, менің шығармам өз өмірімнен кейін қалады деп ойлағам жоқ» – депті. Міне енді, сол еңбек Әл-Мағарриден мың жыл соң тіріліп отыр... Мың жылдан кейін терістіктің ыстық самалы соғып, оның өлген еңбегіне жан кіргізер, орыс тілінің меруеті араласып, ол араб тілінде қайта сөйлер деген ойымызда да жоқ еді-ау! «құрметті орыс досым, саған тәңрім тіршілік берсін! «Періштелерге арнаған» шығарма сенің алдыңда басын иіп тәжім етеді... Құдайдың

[1] Дамаск қаласын – Шам деп атайды, Сирияны да «Шам» деседі. «Мың бір түннің» аудармасында Қалмақан Әбдіқадыров «Дамшық» деп береді /С.Т./

сүйікті ұлдары-ау, сіздер енді оны іздеп таппайсыздар ма?» – деп сөзін әрі қарай соза түседі Әмин-Әр-Рейхани.

«Егер тәңрі тағалам ұйғарған болса, сіздер мені тірілткендей етіп, оны да тірілте аласыздар ғой. Осынша ұзақ уақытқа айрылысқан менің «ыбылыстай» досымды тауып әкеліп, менімен табыстырмайсыздар ма?! Сонда өз атымнан да, жолдасымның атынан да, сөйтіп, «мүмкін еместі мүмкін еткен» автордың – үш «арнаудың» иесі – Мағарридің атынан да рахмет айтып, мына өткінші өмірді есен-сау өткізулеріңізді тілер едім-ау!» – депті әр-Рейхани. Міне, мына жолдарды жазған Фурейкадағы Мағарридың досы, Ленинградтағы Мағарридің досын осылай құттықтайды. Орыс пен араб әдебиетін зерттегенде үнемі табыстан табысқа жете беруін, дені сау, бахытты болуын тілейді. Халық арасында туысқандық сезім мен бейбітшіліктің орнауын қалайды» [1] – деп көлемді ойын келте түйеді академик И.Ю.Крачковский.

Орыс ғалымдарының осындай пікіріне сүйене отырып, мына қазақ халқының өткен заманда қай елден, қай дәуірде қандай нәр алғанын айтып өттік.

Ерте кезде қазақ халқына әр елден әр түрлі ұғымдар ауысып, тіліміздің де, әдебиетіміздің де қалыптасуына өз тұсында көмек бергенін көрсетіп өттік. Ол кездегі ауыс-түйістің де шеңбері, бүгінгі заманмен салыстырғанда тар еді.

Жағдай қазір мүлде өзгерді, жер бетіндегі көптеген ұсақ ұлттардың соры болып келген шынжыр бұғау отарлау саясаты күйреді. Азия, Африка халықтары күн санап бұрынғы бұғаудан босануда, өз қолы өз аузына жетіп, совет елімен туыстасуға белін бекем буды. Совет елінде В.И.Ленин орнатып кеткен коммунизм идеясын қабылдады.

[1] И.Ю.Крачковский. Избр. соч. том 3. Из-во АН СССР, М-Л. 1956, стр. 261-263.

Сөйтіп, олар совет халықтарын, совет елдері оларды ең әуелі көркем шығармалар арқылы тани бастады. Ендеше, өмір қажетін ашатын, адам арасын қосатын тиянақ тірек аударма өнері екені аян болды.

Сондықтан, 1954 жылы аударма мәселесі Бүкіл Одақтық жазушылар съезінде ерекше сөз болды. 1958 жылы түркі тілдес елдердің уәкілдері бас қосып, аудармашылар мәслихаты Алматыда өтті. 1960 жылы Октябрь айында аудармашылар кеңесі Москвада тағы болды. 1961 жылы декабрьде көркем аударманың шытырман шырғаландары Фрунзеде /қырғыз халқының астанасында/ болған Одақтық мәслихатта тағы талқыланды. 1966 жылы февраль-март айларында «Көркем аударма теориясының актуалдық мәселелері» /«Актуальные проблемы теории художественного перевода»/ Бүкіл Одақтық симпозиумда – Москвада қаралды. Бұл симпозиумға Америка, Англия, Германия /ФРГ мен ГДР/, Франция, Югославия, Италия, Финляндия тағы басқа шет елдердің уәкілдері қатысты, ойларын ортаға салысып тарасты. Осы биыл 1971 жылдың жазында Бүкіл Одақтық үшінші мәжіліс тағы Москвада өтті.

Кейінгі кезде аударма мәселесіне өте көңіл бөлініп отырғанын осы мәжілістер айқындай түседі. Олай болса, көркем әдебиет идеология майданындағы зор құралдың бірі, соның ішіндегі елеулесі екені даусыз шындық.

Аударма әдебиеті – төл әдебиеттің егіз туған сыңары, бұлар қатар өседі. Орыс әдебиетінің тарихы да, қазақ әдебиетінің тарихы да осыған айғақ бола алады.

Ілгеріде көршілес отырғандықтан орыс халқы мен қазақ елінің арасында там-тұмдаған жеке-жеке сөздер, қысқа-қысқа әдеби әңгімелер ауысып келді де, біздің қазақ әдебиетінде орыс әдеби–

етінен аудару салты 19 ғасырдың екінші жартысында күрделене бастады. Бұл дәуір орыс әдебиетінің прогресшіл бағыттағы ұлы бейнелерді алғаш аудару мезгілі еді. Осы жол-жобаны бастаған Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар болды.

Заманына сай аударманың өсу жолын дәлелдеу үшін жалғыз-ақ мысал келтірелік. Орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің «Капитан қызын» /«Капитанская дочка»/ 1903 жылы Молда Нияз Бекимов аударды, сол шығарманы 1936 жылы Қадыр Тайшықов, ал 1949 жылы Әбділдә Тәжібаев аударғаны мәлім. Кейінгі аударманың, бұрынғы төл әдебиетіміздің мешеу кезіндегі Молда Нияз Бекимов берген үлгіден көш ілгері екені даусыз.

Дәл бүгін қазақ тіліне аударып жүрген азаматтарға туып отырған елеулі үш жеңілдік бар, соның бірі коммунист партиясының сара жолбасшылығы арқасында аударма мәселесінің мемлекеттік іске айналуы, бұрын біріне-бірі жатырқай қарап, жақындаса алмай келген ірілі-уақты екі ұлттың енді бас қосып ілгері ұмтылуы.

Әрине, орыс тілі мен біздің қазақ тілінің арасындағы қарым-қатыс бүгін басталған жоқ, бұл ежелден келе жатқан дәстүр, өйткені «Көне орыс»[1] тіліне «достакан» деген сөз XI-XII ғасырларда ауысты, бұл түркі тілдерінде /соның ішінде қазақ тілінде С.Т./ айтылатын «достаган-тостуган-достакан-тустаган» – сияқты сөздерден алынған еді. Бері келе әлгі «достакан» қысқарып «стакан» – орыс тілінен келіп кірді, бірақ оның

[1] «Көне-орыс» «Древнерусское» – деген сөздің баламасы ретінде алынып отыр /С.Т./

түбірі біздің қазақ-татар тілдерінде бұрын айтылған «достағаннан» шығуы анық»[1] – дейді тіл ғылымының докторы ХХ Махмудов. Сондай-ақ, қазақ-татар тілінде айтылатын «арқалық, аралас, теңге» деген сөздер орыс тіліне «архалук, еролаш, деньги» болып баяғыда ауысқан-ды, қазір олар орыстың өз тілі, өз қоры болып кетті. Осы тәрізді: «аул, аксакал, арық» тағы басқалары біздің тілден орыс тіліне мына Октябрь революциясынан кейін де ауысып барғаны анық, ал орыстың тілінен біздің тілге мүлде көп сіңіп отыр, мысалы, орысша: «волость, закон, самовар, вожжи» деген сөздер революциядан бұрын да: «болыс, зәкүн, самаурын, божы» болып жүретін еді. Енді, мұндай ортақ сөздер ұғымдар адам айтқысыз көбейді. Мысалы, «колхоз, совхоз, МТС СССР, комсомол, КПСС, самолет» тәрізді біріккен сөздерді «ботабай» /путевой/, грузабай, легкобай, аптабоз, перме, шопыр» тәрізді толып жатқан жеке-жеке сөздерді де ауылдағы қазіргі қазақтар ертегідегідей «шеттен келген бұралқы қонақ» – деп ұқпайды. Өзінің ежелден еншісіне тиген төл малындай көреді. Тілдің шеңбері кеңіп, бұлай баюы аударманың /әсіресе орыс тілінен аударудың/ жеңілденуіне бірінші айғақ болады.

Аударманың сапасы сол елдегі төл әдебиеттің сапасына сай келеді. Көш бастайтын төл әдебиеттің соңына еріп, аударма әдебиеті жедел жүреді. Кейде аударма әдебиетті де төл әдебиеттің өсіп-өркендеуіне көмек беріп отырады.

Революцияға дейін біздің қазақ әдебиетіне И.А.Крылов, И.И.Хемницер, И.А.Буниндердің ұсақ-ұсақ мысалдары, А.С.Пуш–

[1] Х.Х.Махмудов. «К вопросу о сравнительно-историческом методе и критике четырех элементного анализа Н.Я.Марра». Вестник АНКССР №4, 1951, стр.45.

кин, М.ЮЛермонтовтардың қысқа-қысқа үзінді өлеңдері аударылды. Аударушылардың бәрі де шет-пұшпақтап болмаса, түгел бір авторды сарқа аударған жоқ еді, тіпті бір автордың кесек бір шығармасын да бүтіндей аударып бере алмады. Өйткені, ол кезде қазаққа мұсылман дінін уағыздау үшін келген, шала-шарпы түсінілетін иран, араб, шағатай тілі араласқан шұбар өлең-қыссалар: «Салсал», «Зарқұм», «Қараман-Қатырандар» болмаса, қарапайым халықтың өзіне етене түсінікті, өзіне тән бір де бір күрделі шығарма болмады. Әлгі айтылған қысалар әсерін тигізіп, өзіміздің тілге бір табан да болса бейімделіп жазылған «Балғұмбағыр», «Дариға қыз», «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-шәкіреттер» шықты. Осылардан кейінірек келіп «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебектер» басылды.

Алғашқы ояну дәуірінде, ежелден орын тепкен шығыс әдебиетінің әсері арыла қоймады. Бұл әсер Ыбрай, Абайларда да болды. Бері келе прогресшіл өскелең орыс әдебиетінің үлгісін қолданғандар да солар болды. Бері келе Мұхамметжан Сералиннің «Топ-жарған» хикаясы /1900 жыл/, «Гүл Қашимасы», Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романы /44-ақ бет, 1912 жыл/, Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы /90 бет, 1913 жыл/, Сәкен Сейфуллиннің, Сұлтан Махмұт Торайғыровтың уақ өлеңдері қазақ тілінде жарық көрді.

Төл әдебиетіміздің осындай шағын көлеміне сай Спандияр Көбеевтің «Үлгілі тәржімесі» /аудармасы/, Бекет Өтетілеуовтың аударған ұсақ мысалдар, қысқа-қысқа өлеңдер жарияланды. Төл әдебиеттің шеңберінен аударма әдебиеті озып кете алмады. Төл әдебиеттің өрістеуі де сол халықтың саяси-экономикалық жағдайына байланысты еді. Қазақ елі ол заманда мал өсіруді күйттеп,

шөбі шүйгін, суаты жайлы өңірді қуалап, бір жұртқа он күн аялдай алмай көшіп-қонып жүрді, аттың жалында, түйенің қомында болды. Сондықтан салалы романдардың тууына бөгет жасаған екінші жағдай осы еді.

Мұндай жәйт орыс халқының әдебиетінде де болғаны мәлім. Мысалы, орыс әдебиет тарихының атасы Антио Кантемир «Ғылымды қорлаушыларға» /«На хулящих ученье»/ деген өлеңін 1729 жылы жазды, Михайло Ломоносовтың «Хотинді алған күні» /«На взятие Хотина»/ атты өлеңі 1739 жылы шықты[1]. Осылардың бәрі шағын тақырыпқа жазылған уақ өлеңдер болатын. Өнеге үлгісі жоқ, өз елінде кең тынысты, толық қанды күрделі романдар әлі жазыла қоймаған орыс тіліне Гомер, Шекспир, Сервантес, Ф.Вольтер, Гете, Шиллер, Гейнелер әлгі айтылған Кантемир, Ломоносовтардан жүз жыл кейін келіп аударылды. Бұлардың аударылуына құнарлы жағдай туды – әдеби ұғым, әдеби талғам, әдеби тіл пайда болды. А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь заманы басталды.

Алайда, сол кезде В.Г.Белинский мақтаған, сахнада – Павел Степанович Мочаловтай артист ойнаған, Николай Алексеевич Полевой аударған Шекспирдің «Гамлетін» де орыс жұртшылығы қазір ұмытып кетті, өйткені «Гамлет» одан кейін 30 рет аударылды ғой. XIX ғасырдың бірінші ширегінен бастап орыс әдебиеті қаулап өсті. Аудармаға көзқарас та, аударманың әдеби-тілдік нормалары да қалыптасып, әр дәуірге сай құбылып, төл әдебиет сатысына сай өсіп отырды. Сонау А.С.Пушкин заманынан осы күнге дейін «Гамлеттің» отыз қайтара аударылуы, «Фаустың» [2] да сан рет

[1] В.Г.Белинский. В трех томах, том II, М., 1948, стр.738.

[2] Гете Иоганн Вольфганг /1749-1832/ – жазған аты-шулы «Фауст» атты поэманы айтып отырмыз /С.Т./

аударылуы осы пікірімізді дәлелдей алады.

«Аудару» мен «Ауыстыру» /«перевод и переделка»/ арасында орыс елінің XYIII-ғасырында айырма болған жоқ. Сол кезде Гомерді Ермил Иванович Костров /1750-1796/, Шекспирдің «Гамлетін» – Александр Петрович Сумароков /1717-1777/, «Юлий Цезарін» Николай Михайлович Карамзин /1766-1826/, Шахразада /«Мың бір түн»/ ертегілерін Филатов аударды. Сол аудармалар арқылы дүниежүзілік ұлы бейнелермен қазір танысам деудің өзі қиын. Заман ауысты, аудармаға қойылатын шарт та өзгерді, тіл мен әдебиет те жаңғырды, оның үстіне «Ломоносов пен Державиннен бастап Горький мен Маяковскийге дейін қандай ұзақ уақыт өтті?[1] – дейді П.М.Топер.

Сөйтіп, XYIII ғасырда орыс тіліне аударғандар: Кантемир, Сумароков, Богданович, Херасков, Капнист Карамзин, Радищев тағы басқалар еді. Аударма XYIII-ғасырдың екінші жартысында қауырт шыға бастады, дәлін айтқанда 1768 жылдан бастап «собрание, старающееся о переводе иностранных книг на Российский язык» атты жинақ ерекше шығып тұрды. Ол аудармалар XIX ғасырдың өзінде-ақ үмітсіз ұмтылды. Өйткені, сахнаға енді Пушкин, Гоголь, Грибоедов, Лермонтов, Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Достоевский, Тургенев, Л.Н.Толстой, Писарев, Гончаров, Островский, Салтыков-Щедрин, Чехов, Короленколар шықты. Орыс әдебиеті шарықтап шыңға көтерілді. Бұл мезгілді орыс әдебиетінің «алтын ғасыры» деп атаса артық болмайды. Көркем аударма да бұрынғы «долбардан» ауысып жаңа арнаға түсті. Көш басшы төл әдебиеті себін тигізді.

[1] «Вопросы художественного перевода» М., 1955, «Традиция реализма» атты Т.Топер жазған мақаланың 46-47 беттерін қараңыз /С.Т./

Міне, осы із, өз шама-шарқынша, біздің қазақ әдебиетінде де болды. Жоғарыда да көрсеттік, тағы пысықталық, әдебиеттің көлемі шағын кезінде өз бойына шақтап келте мысал, уақ өлеңдер аударылса, бері келе совет дәуірінде Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі», Мұхтар Әуезовтың «Қорғансыздың күні», «Қараш-қараш», «Көксерек» әңгімелері; Сәбит Мұқановтың «Сұлу Шашы», «Адасқандары»; Бейімбет Майлиннің «Шұғасы», «Раушан коммунисі»; Ілияс Жансүгіровтың «Күйі», «Жолдастары»; Ғабит Мүсреповтің «Тулаған толқындасы», «Көк үйдегі көршілері»; Сабыр Шариповтың «Алты басары», Мәжит Дәулетбаевтың «Қызылжары», Жақан Сыздықовтың «Әлі қарттың әңгімесі», «Май көл тамы»; Өтебай Тұрманжановтың, Әбділдә Тәжібаевтың, Асқар Тоқмағамбетовтың, Тайыр Жароковтың өзекті-ойлы өлең-поэмалары тағысын тағылар жарық көрді. Осылармен құйрық тістесе көлемді аудармалар да елес берді. Қазақ тіліне 1928 жылы Гогольдың «Үйленуі», 1931 жылы Шекспирдің «Гамлеті», 1932 жылы Гогольдің «Өлі жандары»; 1935 жылы Горькийдің «Менің университеттерім»; Достоевскийдің «Бишаралары»[1] т.б. басылды. Осы аудармалардың бұрынғы «долбармен» салыстырғанда түп-нұсқаға таяулығы, ілкім тәуірлігі бола тұрса да ескі әдеттен, «түсінікті» ету үшін шұбалаңдатудан, өзінше жорамалдаудан әлі арыла қойған жоқ еді. Бері келе, 40-шы, 50-шы жылдар қарсаңында өзіміздің төл әдебиетіміз адымдап алға аяқ басты. Мұхтар Әуезовтай, Сәбит Мұқановтай, Ғабит Мүсіреповтай, Ғабиден Мұстафиндей заманымыздың кесек жазушылары, совет дәуіріндегі қазақ классиктері кең тынысты, өткір ойлы, ірі-ірі шығармалар берді. «Абай» эпопеясы «Ботакөз», «Сыр-Дарья», «Оянған өлке», «Шығанақ» тә–

[1] «Үйлену» мен «Гамлетті» – М.Дәулетбаев, «Өлі жандарды» Қ.Тайшықов, «Менің университтерімді» М.Қаратаев, «Бишараларды» осы жолдардың иесі аударды.

різді көркем прозамыздың сүбелі туындылары кесек-кесегімен жарияланды. Поэзия жанрында Әбділдә Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қажым Жұмалиев, Асқар Тоқмағамбетов, Ғали Орманов, Қасым Аманжолов, Қалижан Бекхожиндердің көлемді поэмалары – өленderі әдебиет сахнасына шықты. Бұрын болмаған көрнекті үлгілер жасалды. Екінші буындағы Мұқамметжан Қаратаев, Хамза Есенжанов, Тақауи Ақтанов, Тәкен Әлімқұлов, Әбжәміл Нұрпеисов, Зеин Шашкин сынды өнерлі прозаиктер келіп ұлы додаға араласты. Әдебиеттану ғылымының зерттеушілері, талғампаз сыншылар – Бейсембай Кенжебаев, Мұқамметжан Қаратаев, Есмағамбет Ысмаилов, Темірғали Нұртазин, Белгібай Шалабаевтар шығып әдебиетке әділ биліктерін айтты. Сөйтіп төл әдебиетіміз өркендеп өсті де, аудармаға үлгі жасалды.

Әдеби ұғым, әдеби талғам туды. Міне бұл жайт аударушыларға көп жеңілдік жасады. Көркем аударманың ержетуіне қолғабысын тигізген үшінші себеп осы.

Бірте-бірте қазақ тілінің грамматикалық нормалары қалыптасты. Тіл ғылымының білімпаздары: Құдайберген Жұбанов, Сәрсен Аманжолов, Ісмет Кеңесбаев, Нығмет Сауранбаев, Мәулен Балақаев, Ғайнеддин Мұсабаев, Ахмеди Ысқақов, Аққал Хасенова, Әзизә Нұрмақанова тағы басқалар ат салысты. Аударушыларға туған ендігі бір үлкен жеңілдік осы болды.

Тұжыра айтсақ аударма әдебиетінің марқайып өсуі үшін тиянақ-тірек болған бірінші жеңілдік ауысу, араласу арқылы ортақ сөз, ортақ ұғым көбейді. Екіншісі төл әдебиетіміз өсті де аудармаға үлгі жасалды. Үшінші жеңілдік тіліміздің қалыптасуы – тіл ғалымдарының ат салысуы дер едік. Ал енді біздің ойымызша осы үшеуіне қосылатын тағы бір жеңілдік бар тәрізді.

Ол жеңілдік бөгде елдердің әдебиетіндегі, әсіресе орыс классиктерінің шығармаларындағы кейіпкерлердің қазақ еліне, қазақ ұғымына жат еместігі. Орыс жазушыларында әсіресе Гогольде кездесетін бейнелердің мінез-құлқы да, мәдени мешеулігі де қазақ елінде болған шындыққа жақын тұрады. Мысалы, мекіре балықты жалғыз жейтін жалмауыз, көрінгеннің аяғын басып кететін сөлекет, тірі жанды жақтырмайтын, барлық елді сыртынан ғайбаттап, ылғи өсек айтып отыратын Собакевич – «Тай сойғанның Итбаевынан» аса алыс емес сияқты. Екі иығынан демін алып, еліріп, танаурап жүретін, төбелесті сатып алатын суайт Ноздрев біздің қазақ елінде кездеспейтін кейіпкер деуге болмас! Абай мысқылдаған алаяқтардың бәрі де осылардың жақын туыстарындай. Гогольдың өзі айтпақшы: «Мүмкін, олар басқа шапан /кафтан/ киіп жүрген болар...» – Сондай-ақ кешегі күні біздің елде Плюшкин, Манилов, Коробочкалар болса, бері келе Хлестаковтар да туды ғой. Өйткені, Бейімбет Майлиннің Талтаңбайы Хлестаковтан кем соға қоймас! Әрине, Анна Каренина образын бере қою қиын, одан біздің қазақ халқына Татьяна бейнесі түсінікті. Онегин мен Чацкий, Рудин мен Печориндер де оңай емес! Одан бізге Фамусов, Софиялар жақын тұр. Өйткені, Каренинадай әйелді, біздің ол кездегі оқушаларымыз ұғына алмас еді. Сүттей ұйып он жыл отасқан күйеуін, сегіз жасар баласын тастап, өзі жас, өзі суайт, желбуаз, Вронскийдің соңына ерген Аннаны, ақырында, опық жеп, поездың астына түсіп өлген Аннаны, тойып секірген сорақы қылықты елден шыққан Анна Аркадьевна Каренинаны түсіну оңай емес-ті, себебі, ол образ біздің әдеби өмірімізде қалыптасқан жоқ еді. Біздің Еңлік, Баян, Қамар Сұлу, Шұға, Сұлушаштар Анна мен Татьянаның арасында тұрғандар, бұлар Татьянадан ұзап кетпеген, Анна шеніне жетпеген бейнелер.

Онегин, Чацкий, Печорин, Рудиндер тәрізді үлкен оқыған, заманынан ойы да, бойы да озған «басы артық» /көзге шыққан сүйелдей/ адамдар да әдебиетімізде болған жоқ. Олардан гөрі кешегі қазақ халқының шынайы өмірінде көп ұшырайтын кескіндер Ноздрев, Собакевич, Плюшкиндер ғой. Міне, осы жағынан алғанда Гоголь адамдарының кейпі, олардың ой-өрісі бізге өте жақын келе береді. Түсінікті ойды, таныс кескінді суреттеп жеткізу оны өз жұртшылығына ұғындыру, тұрмыста қалыптаспаған бейнені беруден жеңіл болады.

Жоғарыда көрсетілген жеңілдіктер арқылы аударма әдебиеті жедел өсті. Ежелгі марғау аяңнан мардымды бағытқа ауысты. Бұл – әсіресе орыс халқымен тығыз байланысып, қоян қолтық алысқан кезеңде өрге өрледі. Орысшадан қазақшаға бұрынды, соңды аудармаларды шолып өткенде, қазақ елінің әр қилы мәдени сатысына сай, аудармада орын алған үш түрлі әдістің бар екенін байқаймыз.

Біріншісі: еркін аударма – бұл тәсіл – түпнұсқаның тілін, әдеби ырғағын жетік білмеуден, оригиналдың өзіне тән ерекшелігін сақтаудан гөрі, аудармашының өзіне тиімділігін көздеуден туады. Қысқасын айтқанда, еркін аударма әр бір елдің балаң кезінде, мәдени шеңбердің тараң кезінде пайда болады.

Мысалы, 1843 жылы орыс тіліне Фридрих Шиллердің «Вильгельм Телл» атты пьесасын Федор Богданович Миллер /1818-1881/ аударды[1]. Сол пьесаның рухын, өзіне тән ерекшелігін бере алмадың деп И.С.Тургенев Миллерге мынадай пікір айтты:

[1] «Вильгельм Телль», драматическое представление в пяти действиях. Соч.Шиллера. Перевод Ф.Миллера.Москва. В университетской типографии 1843, В 8-ю д.л. 146 стр.

«Жалпы алғанда Миллер мырза жеңіл тілмен жатық жазады. Бірақ түпнұсқамен салыстырғанда қатесінің ұшы-қиыры жоқ... Ортақолды оқырмандар Миллерді мүдірмей оқып шығады, өйткені, бұдан бұрынғы Молчанов, Куражковский, Славин тағы басқаларға қарағанда мұны мақтамауымызға да болмайды, өйткені бұл /Миллер/ грамматиканы, өлең ережесін біледі, бейшара орыс тілін сорлатпайды...»[1] - дейді.

«Жуковскийдің өлеңі өте жеңіл, тап-таза, мөп-мөлдір, мүлде қарапайым, бүлдіршіндей әдемі келеді. Бірақ, ол неміс пен ағылшын тілдеріндегі оригиналға тән ерекшілікті жылы жауып қояды да өзінше соғады, өзіне ыңғайлысын ғана алады. Сондықтан оның аудармасы көңілдегідей болып шықпайды...» [2] деген В.Г.Белинскийдің де пікірі бар.

Аудармадағы екінші әдіс – сөзбе сөз аудару. Бұл тәсіл, көбінесе, оригиналдың тілін мол түсінгендерде болады, соның әуеніне еріп, құлдық ұрудан шығады. Осыған қосымша ұлы елдің әдеби мұрасын аударғанда ұсақ елдің уәкілдері жаза басудан қаймығады да әрбір жеке сөздерін де, тіпті нүктелерінде дәл түсіруді күйттейді. Осының салдарынан барып аударма сіресіп шығады, істеп отырған еңбектерін аудармашылар да, оқырман жұртшылық та түсінбейтін болады. Мысал келтірелік, 1936 жылы А.С.Пушкиннің жүз жылдық мерекесіне арнап 3 томдық таңдамалы шығармалары қазақ тілінде жарық көрді. Аудармашылар да, редакциясын басқарғандар да өңшең ығай мен сығайлар еді. Сонда да болса ол аудармалар ешкімді де қанағаттандырмады. Өйткені,

[1] И.С.Тургенев. том XI, М., 1956, стр. 11-13.

[2] В.Г.Белинский. Полное собр.соч.том YIII, СПб., 1907, стр. 425, том II, стр. 187, том Y. стр.107

біріншіден, бізде аударма тәжірибесі әлі нығайған жоқ еді, екіншіден – Пушкинді сөзбе сөз береміз деп «сірестіріп» алдық, үшіншіден асығыстық «науқаншылдық» әсерін тигізді, төртіншіден әдеби тіліміздің, әдеби ұғым, талғамның /вкус/ кемтарлығы да себеп болса керек.

Самуил Яковлевич Маршак атышулы Шекспирді аударған екен, сол аудармаға Валентин Берестов жазған «Судьба девяностого сонета» атты мақаласында: «.. в текст перевода может войти то, что не будучи названным, присутствует в оригинале. А то, что прямо названо в тескте подлинника может уйти в подтекст перевода», – [1] дейді. Ендеше оригиналдың подтексінде жасырын тұрған кейбір сөз аудармада тура аталуы да мүмкін екен. Дәл беруге қызу кіріскен кезде асыға қимылдап біздің аудармашылар мұндай жәйтті ол мезгілде ескере алмағандай.

Аударманың үшінші тәсілі – балама /адекватный/ аударма. Бұл ең қиын түрі. Мұны екі тілді бірдей білумен қатар, сол шетел оригиналының ішкі сырын сарқа түсінетіндер орындайды. Оның үстіне автордың дыбыс ырғағын, тілі әдемілігін, сөз қолдану мәнерін қалтқысыз жете ұғынатындар жасайды. Осыған қосымша екі елдің /аударушы ел мен аударылатын елдің/ мәдени сатысы бірдей болған мезгілде ығы-жығы білінбей тігісі жаттығып кетеді. Төл әдебиеті мен аударма әдебиетінің арасында айырма болмай қалады. Бұған бүгінгі орыс әдебиеті айғақ. Өйткені, Европа тілінен аударылған Бальзак пен Л.Н.Толстой бірдей оқылады. Ендеше, бұл ерте араласқан екі елдің мәдениет басқышы /ступень/ қаба-қатарлығын дәлелдейді. Баяғыда, осыдан

[1] «Литературная газета» №113, 12/IX-1952.

124 жыл бұрын – 1847 жылы В.Г.Белинский айтқан екен: «По мере наших успехов в сближении с Европою запасы чуждых нам понятий будут все более и более истощаться и новым для нас будет только то, что ново и для самой Европы. Тогда... мы будем уже не догонять Европу, а идти с нею рядом, не говоря уже о том, что и язык русский с течением времени будет все более и более вырабатоваться, становиться гибче и определеннее» [1] – депті.

Ұлы сыншылың осы пікірін орыс әдебиеті мүлткісіз орындап шықты. Біздің ойымызша, тарихи тағдыры бір, өнеге-үлгісі, ортақ, саяси-экономикалық жағдайы да біркелкі совет дәуіріндегі орыс елі мен қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті теңдесу мезгілі алыс емес тәрізді, дәл осы арада біз совет дәуіріндегі өсу-өркендеудің жедел жүретінін де ескеріп отырмыз.

Бүгінгі ғылым дүниесінде талас туып жүр. Ол – аударма тіл ғылымына жата ма немесе әдебиет зерттеу ғылымына жата ма? – деседі. Біздің айтарымыз – аударма екеуіне де жатады, екеуіне де молынан жетеді. Тек қана көркем шығармалардың аудармасына келгенде, мұның әдебиет ауқымына кіретінін ұмытпау керек.

Бөгде елдерден қазақ халқының ауызша аударып алуы, ауысуы жер өмірден келе жатқандай. Иран-Араб, монғол, шағатай тілдерінен ауысқан, ауызша айтылатын ертегілер, неше алуан ұсақ мысал-нақылдардың бар екенін ілгеріде толық айтып өттік. Орыс халқының кейбір көрнекті ғалымдары – И.Ю.Крачковский, Э.Е.Бертельс тәрізді шығыстану ғылымын зерттеушілері – иран, араб

[1] В.Г.Белинский. «Взгляд на русскую литературу 1847 года», ст.I, Собр.соч.том. III, стр. 768-770.

ертегілерінің түп-негізі Үндіден /Индиядан/ келген деседі. Осы пікірін тиянақтау үшін олар – Кашмир /Индияда/ өлкесінде «Панчатантра» үшінші ғасырда жазылды, иран тіліне алтыншы ғасырда, араб тіліне сегізінші ғасырда аударылды, ал «Мың бір түн» араб елінің он бірінші ғасырдағы ертегісі, осы ертегіде «Панчатантрада» айтылатын нақылдардың бір талайы – ұшырасады деп түйіндейді.

Біздің қазақ тіліне орыс елінің көркем әдебиетінен аудару тәжірибесі XIX-ғасырдың екінші жарымынан басталды. Дәлін айтсақ, 1879 жылы Ыбрай Алтынсариннің «Киргизская /казахская С.Т./ хрестоматиясында» көрінді. Бұл орыс тілінен аудару дәстүрі еді. 1882 жылы орыс классиктерін Абай аударуға кірісті. 1892 жылы Алтынсарин аударған «Қарға мен түлкі» [1] атты И.А.Крыловтың мысалы шықты. 1900 жылы «Інжіл» [2] де аударылыпты. 1903 жылы «Капитан қызын» Молда Нияз Бекімов аударды. 1888 жылдан 1902 жылға дейін «Дала уалаяты» атты газет екі тілде /орыс-қазақ тілінде/ басылып тұрды. 1895 жылы 24 декабрьде /№49/ И.А.Крыловтың «Аю мен жапан дүзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі» деген мысалы шықты, сол 1895 жылы /№22/ Г.И.Успенскийдің /1843-1902/ «Кім бахытты» деген әңгімесі шықты. 1898 жылы /№27, 28, 29, 30/ Мамин-Сибиряктың «Ақбоз аты» жарық көрді. 1900 жылы Л.Н.Толстойдың «Сурят Кофейнясы» / басылды. 1910 жылы «Үлгілі тәржімә» / «образцовый перевод» С.Т./ бөлек

[1] «Дала уалаяты» газеті №51, 1892, 19 декабрь.

[2] «Інжіл» деп қазақ Евангелеяны айтады. Араб елінің дінін ұстап отырып, оның тіліндегі «Құранды» аудармай, «Евангелияны» аударуда едәуір сыр жатқандай. Тіліне қарағанда аударушы Батыс Қазақстанның адамы болу керек, өйткені ішкі Россияға - Батыс Қазақстан жақын тұр ғой /С.Т./

кітап болып жарияланды, аударған Спандияр Көбеев еді. 1914 жылы Бекет Өтетілеуовтың аударған мысалдары шықты.

1905 жылы «Айқап» /«Әй, қап!» – «Увы»/ журналына А.П.Чеховтың «Қара қарғасы» /«Грач»/ «Қазақ» газетіне «Хамелеон» басылды. Крылов, Короленко, Успенский, Л.Н.Толстойлар да сол кезде көрінді.

Аударма әдебиетінің қауырт өскені Ұлы Октябрь революциясынан кейін болды. Революцияның алғашқы жылдарында 1923 жылы А.С.Пушкиннің «Дубровский» деген повесі өлеңмен аударылды. 1924-1926 жылдарда Л.Н.Толстойдың «Хаджи Мұраты», Горькийдің «Сұңқар жыры», Мамин-Сибиряктың «Ақбоз аты» басылды.

1923 жылы Гогольдің «Үйленуі» /«женитьба»/ атты пьесасы /аударған Мәжит Дәулетбаев/, Г.В.Плехановтың «Көркем өнер мен әлеумет өмірі» атты еңбегі /аударған Әшім Омаров/ шықты/ «Жаңа әдебиет» журналында үнемі басылып тұрды/. 1931 жылы Шекспирдің «Гамлеті» /аударған Мәжит Дәулетбаев/ басылды. 1932 жылы Гогольдың «Өлі жандары» /аударған Қадыр-Тайшықов/ жарық көрді. 1935 жылы «Менің университеттерім» /аударған Мұхамметжан Қаратаев/ шықты. Ф.М.Достоевскийдің «Бишаралары» басылды. 1936 жылы «Әдебиет майданы» атты журналда И.С.Тургеневтің «Әкелері мен балалары» / «Отцы и дети» аударған Ноян» – бұл жазушы Әлібек Қоңыратбаев еді – С.Т./ басылды. Сол 1936 жылы «Өлі жандар» түзетіліп қайта басылды. Пушкиннің 3 томдық таңдамалы шығармалары жарияланды.

Қазақ әдебиетінің даму жолдары көбінесе орыс әдебиетінде болып өткен жәйттерге үйлесе беретіндей. Мысалы, Шекспир, Сервантес, Гете, Шиллер, Байрондар орыс әдебиетіне баяғыда-ақ келіп

кірген-ді. Шекспирді сол кезде Сатин, Вельтман, Кетчер, Кронеберг, Катков, Бородиндер аударған екен. Шиллерді – Миллер, Гетені – Струговщиков, Вронченко[1] тағы басқалар аударған.

Сол қарсаңда В.Г.Белинский айтыпты: «Осыдан жүз-ақ жыл бұрын біз хат танымаушы едік, ал қазір Ломоносов, Державин, Фонвизин, Карамзин, Крылов, Батюшков, Жуковский, Пушкин, Грибоедов тәрізді орыс халқының рухани мұның, келелі арманын жоқтайтын азаматтарымыз туды. Осылардың атын атап, ауызымды толтырып мақтана алатын болдық... тағы айтайыншы: «халық өміріне, оның рухани мүддесіне сай бізде әлі әдебиет жоқ, бірақ осынша қысқа мерзімнің ішінде әдебиетіміз басталып отыр міне, табысымыз осы, бұл үлкен жетіскендік, келешектегі ұлы үмітіміздің кепілі бола алады, бірақ осының өзі де қазір бізді дәсерсітіп, мастандырмауы керек»,[2] – депті.

Осы жағдай, біздің әдебиетке де жат емес. Мысалы «бұдан қырық жыл бұрын, дүнижүзілік әдебиет туындыларын былай қойғанда, орыс әдебиетінің бір де бір тұтас шығармасы қазақ тіліне аударылған жоқ-ты, ал қазірде жүздеген кітап аударылды. Осы фактінің өзі-ақ тек Октябрь социалистік революциясының арқасында ғана орыстың және жер жүзінің мәдениетіне қазақ халқының қолы жеткендігін сыпаттайды»,[3] – деді 1958 жылы біздің қазіргі, белді сыншымыз Мұхамметжан Қаратаев.

---

[1] Қазақ тіліне «Гамлетті» ең алғаш Мәжит Дәулетбаев осы Вронченкодан аударған екен, көп аудармадан қолына түскені болар, оны Мәжит өзі жазыпты: «Мен Борошенкодан аудардым» – депті. 1931 жылдары қазақта «В», «Ч» дыбыстары жоқ еді. Сонсоң екі дауыссыз дыбыстан «Вр», тағы сондай қос дауыссыз дыбыстан сөздің басталуы тіліміздің нормасында әлі қалыптаспаған еді. Сондықтан «Бороншенко» деп отыр /С.Т./

[2] В.Г.Белинский. том I, 735-136 беттерін қараңыз /аударып алған С.Т./

[3] М.Қаратаев. «Туған әдебиет туралы ойлар» – 1958 ж, 227 бетін қараңыз.

Осы екі сыншымыздың екеуіне де қосыла отырып айтарымыз: тарих үшін «жүз жылдың» аз екені рас, ал «қырық жыл» одан да аз ғой! Алайда осы қырық, елу жылдың ішінде біздің әдебиетіміз қарыштап өсті. Бұған социалистік заман, революциялық жаңғыру кезеңі үлкен себін тигізді. Оның үстіне ертеде дұрыс тани алмай келген Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар қатарға кіріп бүгінгі үрім-бұтақтың сүйіп оқитын авторлары болды, совет дәуірінде бұлармен құйрық тістесе, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Мұқтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғаббас Тоғыжанов, Жақан Сыздықов, Ғабиден Мұстафин, Сапарғали Бегалин, Әбділдә Тәжібаев, Өтебай Тұрманжанов, Асқар Тоқмағамбетов, Қалмақан Әбдіқадыров, Ғалым Малдыбаев, Шахмет Құсайынов, Жұмабай Орманбаев, Мәжит Дәулетбаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Қажым Жұмашев, Әбу Сәрсенбаев, Әбжәміл Нүркенсов, Қасым Аманжолов, Диқан Әбілов, Мұқамметжан Қаратаев, Зейін Шашкин, Хамза Есенжанов, Есмағамбет Ысмаилов, Хамит Ерғалиев, Қалижан Бекхожин, Тақауи Ақтанов, Жұбан Молдағалиев, Сафуан Шаймерденов, Қуандық Шаңғытбаев, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Ілияс Есенберлин тағы басқалар келіп жедел шықты да өрге басты. Бұлар төл әдебиетіміздің де, аударма әдебиетіміздің де бетке ұстары болды.

Осыған қосылатын аударма әдебиетінің де көрнекті азаматтары бар: Қадыр Тайшықов, Қасен Өзденбаев, Ғазиз Оспанов, Қасым Тоғызақов, Ахмет Елшібеков, Ғалым Ахметов, Ысқақ Дүйсембаев, Мұхтар Жанғалин, Әнуәр Ипмағамбетов, Ісләм Жарылғапов, Мүслім Базарбаев, Әбен Сатыбалдиев тағы басқалар. Аударушылардың ішінен біз аты-шулы орыс классиктерін қазақша сөйлеткендерді сұрыптап алдық.

Осылардың еңбегі жанды дүниежүзілік әдебиеттің классиктері: «Мың бір түн», «Шахнаме», Омар Хайям, Сағди, Шекспир, Сервантес, Шиллер, Бальзак, Гюго, Гейне, Тагор, Дефо, Мериме, Свифт тағы басқалары қазақша тілге келді; орыс классиктерінен: И.А.Крылов, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, А.С.Грибоедов, Н.В.Гоголь, В.Г.Белинский, И.С.Тургенев, И.А.Гончаров, Ф.М.Достоевский, А.Н.Островский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, М.Е.Салтыков-Щедрин, Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, В.Г.Короленко, Г.И.Успенский, Мамин-Сибиряк қазақша жатық сөйледі. орыс халқының совет жазушыларынан: А.М.Горький, В.В.Маяковский, А.Фадеев, А.Толстой, М.Шолохов, Н.Островский, А.Твардовский, В.Ажаев, Д.Фурманов, Тренев, Седых, Шторм, Матэ-Залка, Соколов, Макаренко, Гайдар, Павленко, Н.Прибой, К.Федин тағы басқалары аударылды. Советтер Одағындағы туысқан ұлттар жазушыларынан /татардан/ Ғабдулла Тоқай, Ғалимжан Ибрагимов, Баширов; өзбек жазушыларынан М.Айбек, Г.Гулям, А.Kahhap; тәжік жазушысы: Садридден Айни; түрікпен жазушысы: Б.Кербабаев; қырғыз жазушылары: Ш.Айтматов, Т.Сыдықбеков; Латыш жазушысы: В.Лацисс; Чехославакия, Болгария, Қытай, Индия, Бирма жазушылары тағы басқалар аударылды. Осынша қысқа мерзімнің ішінде ұшан-теңіз табысқа жеткенімізге біз де мардамси алмаймыз, өйткені осының бәрі революциялық өршіл қарқынның жемісі деп білеміз.

Ілгерілі, кейінді аудармаларда болған ұлан-асыр табыстарымыз бен кемкетігімізді біз бұдан бұрын да айтқан едік. Оны оқып-танысқысы келетін адамдар 1962 жылы шыққан «Көркем аударма туралы» атты еңбекті оқып-шығар деп сенеміз. Сонымен қатар Әбен Сатыбалдиевтің «Рухани қазна» деген кітабында да көп нәрсе қамтылған болатын.

Аударма жөнінде, сайып келгенде, тағы бір тілегіміз бар. Бір елде болған оригиналдарды өз тіліне аударғанда аударушы өз әдебиетінің, өз тілінің қамын ойлауы заңды құбылыс, оларда ұшырайтын ерекшеліктерді бұлжытпай беру арқылы аударма тілі, әдебиеті байымақ. Осы пікірді 1966 жылы Бүкіл Одақтық Симпозиумда айтып едік, сол пікірмізді келтіре кетелік: «Сегодня я выступаю в роли защитника русского языка. Нам следует заботиться о чистоте и об обогащении великого русского языка – языка межнационального общения – своеобразными сравнениями, уподоблениями, до сих пор не существующими в русском обиходе» [1] – деп едік.

Осыдан кейін бұл пікірді Г.Д.Р.-дің жазушысы Альфред Курелла қолдады, ол: ...в XYII веке Россия отставала в культурном отношении от Западной Европы, на сегодняшний же день Советская Россия опередила Запад на целую эпоху. Вот эти меняющиеся отношения между различными культурами сильнейшим образом влияют на характер перевода... С.Талжанов /Алма-Ата/ ратует прежде всего за второй вид перевода, охарактеризованный Гете в этой связи. Он прав, поскольку отношения между Россией и Казахстаном достигли такого состояния, что правильнее всего предоставлять русскому читателю своеобычные элементы казахской литературы во всей их своеобычности и новизне, и это непременно поведет к обогощению русской культуры, к расширению круга ее представлений и преобразительных средств литературы» [2] – деп ойын бітірді.

---

[1] «Актуальные проблемы теории художественного перевода» том I, Москва, 1967 г., стр.111.

[2] Там же. см.статью Альфреда Кутелла /ГДР/ - «Meine Damen and Heggen, Liele freunde and genossen» M. 1967, стр. 126-127.

Демек, шетел тілінен аударған да оның өз ерекшілігін сақтау арқылы қазақ ұғымын кеңейтетініміз сүттен ақ, айдан анық болады. Сондықтан, «Мен өзімнен көрі Гомердің пайдасын көбірек ойладым да әлім келгенше оның өз ойын дәл беруге тырыстым», – деп Н.И.Гнедиг /1784-1833/ «Иллиаданы» аударғанда 1829 жылы соның беташарында айтқан екен. Осы әдісті Гнедичтен бұрын, 1786 жылы Шекспирдің «Юлий Цезарь» атты пьесасын аударғанда Н.М.Карамзин /1766-1826/ қолданған болатын, сонда: «Мен автордың ойын ешбір жерде өзгертпедім, өйткені бұлай істеуге аударушының еркі жоқ деп білдім»,[1] – дейді.

Осы пікірлердің бірімен-бірі ұштасып, бірінен бірі туып жатқанын айтпасақ та түсінікті екені даусыз, оның үстіне орыс әдебиетінде тұңғыш рет Н.М.Карамзиннің айтуы тегін емес, өйткені ол: «Карамзин создал на Руси образованный литературный язык, и создал потому, что Карамзин был первый на Руси образованный литератор...»[2] – дейді В.Г.Белинский.

[1] В.Г.Белинский. Полн. собр.соч.том III, СПб., 1903, стр. 28.

[2] В.Г.Белинский. «Соч.Александра Пушкина» ст.П, Собр.соч.. том III, стр. 206-207.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Орыс халқымен жақындасу кезеңдері.

1) Орыс пен қазақ халқының тілдік қарым-қатысы

Жалпы мәдениет те, әдебиет те тіл арқылы өркендейді. Қазақ елінің екі жүз жылдан астам уақыт қоян-қолтық алысқан, мұңдарын айтысып, мүддесін шертіскен елі орыс елі. Осындай ұзақ заман ішінде көп нәрсені алғанымыз да, бергеніміз де даусыз. Орыс тілінің әсері әдебиетімізде де, мәдениетімізде де, тілдік қорымызда да ұлан-асыр. Ежелден намысы бір, тағдыры бір елміз. Көптен не шықпайды, осындай ұлы елден шыққан содырлы-сойқандардан – патша, князь, генерал, майор,губернаторлар сияқты аз ғана топтан зорлық-зомбылық көрсек те, қалың бұқарамен бірлесіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығардық. Ол аз ғана топ «бұратана» біз түгіл өз халқын да зар жылатқан-ды. Олай болмаса: «Туған елдің тағдыры не болар деп қайғырып, шерге бөккен ет жүрек қан жылаған шақтарда: уайым-қайғы молығып, қапалы көкірек долығып, қақ айрылған шақтарда, – уа ұлағатты, құдіретті, адал дарқан орыс тілі – сен ғанасың серігім, сен ғанасың тірегім. Сен болмасаң ішқұссама жалғыз ем, ел халінің сиқы анау мен түңілмей қайтер ем? Жә, тегінде, осындай тіл осал елге бітер ме? Жоқ, әзелде тілі зордың – елі зор, осы сынды, асыл тілді абзал халық болмас қор»[1] – деп Иван Сергеевич Тургенев 1882 жылы күр-

[1] И.С.Тургеневтің өзінде орысшасы:

«Во дни сомнений, во дни тягостных раздумий о судьбе моей родины – ты один мне поддержка и опора, о великий, могучий, правдливый и свободный русский язык! Не будь тебя, как не впасть в отчаяние при виде всего, что совершается дома? Но, нельзя верить, чтобы такой язык не был дан великому народу!» /1882.Русский язык. Соч.том 10, стр.333.

/См.книгу «Русские писатели о языке». Изд. «Советский писатель». Ленинград – 1954, стр. 301/.

сіне толғаған еді. /Қазақшаға аударған жазушы Ісләм Жарылғапов/.

Иван Сергеевич Тургенев француз, ағылшын, неміс тілдерін судап сімірген. Николай Васильевич Гоголь шығармаларын француз тіліне ең алғаш аударған да осы И.В.Тургенев, бірақ орыстың осы ұлы жазушысы 1875 жылы 6 июньде А.В.Топоровқа жазған хатында: «... Венгеров мырза жазған «И.С.Тургенев» атты кітапшаны жібермай-ақ қойыңыз, оны маған автордың өзі жіберіпті – сұмдық сорақы тілмен жазылған екен... Оның айтуынша мен французша, немісше, ағылшынша повестер жазып шығарсам керек, әсіресе осы сөздері жанымды жегідей жеп отыр! Мұндай былшылды қайдан тапты екен ол, сайтан алғыр! Мен баспа бетіне орысша болмаса, басқа тілде еш уақытта, ең азы бір жол да сызған емеспін. Рас-ау, бәсе, өз тілің тұрғанда басқа тілде қалай жазарсың?!... »[1] деген екен.

Ана тілін қадірлеуде бұдан күшті айту қиын шығар! «Әрі ұлы, әрі қуатты тіл И.С.Тургеневтікі...»[2] деп адамзаттың данышпаны Ленин де аңдаусыз айтпаған ғой.

Тілді халық жасайды, осыны анық білген И.С.Тургенев өзінің ана тілін, туған ұясын сол тілдің тегеурінді күшімен зорлық-зомбылықтың иесі ақ патшадан да, оның соңына ерген шәуілдек итершылардан да айырып алды, қорғап қалды, жұртын сүйген жүрек осылай қимылдауға міндетті ғой, адамшылық-азаматтық борышын өтеді. Оның үстіне И.С.Тургеневтің артынан ерген

---

[1] См.кн. «Русские писатели о языке», стр. 303.
... Что касается до книжки г-на Венгерова /И.С.Тургенев/ то не трудитесь ее выслать. Сам автор мне ее выслал – ужасно варварским языком она написана!... Но более всего мне досадно то,что, по его словам, я писал повести по-французски, по-немецки, по-английски! Черт знает, что за чепуха! Я никогда ни одной строки не писал для печати не по-русски. Да и как это писать не на своем языке?! Письмо И.С.Тургенева к А.Топорову 1875 г. 6 июня. «Новый мир», 1930, №2, стр.215.книгу русские писатели о языка», стр. 303.

[2] В.И.Ленин. Соч.т.24, стр. 294-295/5-е издание/.

топ та аз емес еді.

Бері келе 1909 жылы «туған тілін» татар ақыны Ғабдолла Тоқай жырлады:

«Ей, туған тіл, анам менен әпкем тілі,
Дүниеде көп нәрсе ұқтым сен туған тіл арқылы.
«Ең алғаш осы тілде анам бесікті тербеген,
Ұзақ түндер бойы әпкем хикая сөйлеген!
Ей, туған тіл! Әр уақытта жәрдемің тиіп сенің,
Жас күнімде-ақ аңғарылды-ау, шаттығым, қайғым менің!»[1]

деді. Анасының ақ сүтін ақтады.

Күні кеше, заманымыздың бұлбұл ақыны, Лениндік сыйлықтың лауреаты, Авар елінің ардақты азаматы Расул Ғамзатов та тербетіле сөйледі: «Егер туған тілім ертең өледі деген хабар естісем, өзім бүгін өлуге даярмын»[2] – деді. Ана тілін дәріптеуде бұдан асу оңайға соқпас! Осетиннің ғалым-жазушысы Нафи Джоусойты да осы сарында ұсақ ұлттар тілін аспанға көтере жырлады.

«Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім – тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді сурырып-ақ алыңдар!
Бұл сырымды тек Ленинше ұғыңдар!» – деп толғанды.

Өз басым орыс тілін көптен үйрендім, көптеп үйрендім. Орыстың ұлы ойшыларын бір адам жақсы көрсе, ол менше сүйсін дер едім. Орыс әдебиетінен, тілінен көп нәр алдым. Сонда да осы күнге дейін «түсті» қазақ тілінде көрем. Сөйлегенде, жазғанда қа-

[1] Ғабдолла Тоқай. «Көңіл жемішләрі». Алғы сөзін Фатхи Бурнаш, 1926 жылы жазған екен. Сол кітаптың 157 бетін қараңыз. Араб әрпімен басылған.

[2] Расул Ғамзатов. «Мой Дагестан», из-во «Известия», М., 1969 г. стр. 426. «... И если завтра мой язык исчезнет, то я готов сегодня умереть... »

зақша ойлап, орысшаға сонсоң аударып отырам. Ендеше, ана тілінің орны, жүректе қалған ізі мүлде зор-ау, сірә?!

Көрші елдерден, қанаттас отырған соң аяқ-табақ, қазан-ошақ ауыспай қоймайды. Бұрын бірін-бірі танымайтын, тіл бітімі мүлде басқа екі ел ауыл-үй қонғанда, қоян-қолтық алысып еңбек істеседі, сауда жасасады, бірінен-бірі қыз алысып, қыз беріседі, қол ұстасып майданға шығысады, артынан бітімге келіседі – міне осы жағдайлар тоғыса барып, өзді-өзі түсінісу үшін, көрші елге ұғымды етіп ойын ерекше беруге тырысады. Осыған екі жағы да бірдей амал жасайды. Жаттықты жойып, жақындықты күшейтудің арнаулы әрекеті осылай туады. Міне, енді ілгерідегі тіл қорында жоқ, этимологиялық мағынасы мейлінше күңгірт олпы-солпы сөздер – жаргондар осы жағдайға икемделуден шығады. Олар бірте-бірте өзгеріліп, жаңғыра береді. Мысалы, ең алғаш Россияда Қара теңізге кеме жүргізу үшін көп жұмыскерлер жиналған болатын. Сол кемені жасайтін неміс мамандарының ішінде Лодырь деген дәрігер жүрген, Ол Лодырь топ-топқа бөліп, кезек-кезек дем алдырып, жұмыскерлерге үздіксіз еңбек істеткен. Сонда, кезегі бойынша жағадағы үйшікке /будкаға/ барып, дем алып жүрген жұмыскерлер көлденең кездесіп: «мұнда не ғып жүрсіңдер?» деп сұраған жүргіншілерге: «бізді топ-тобымызбен қуалап жүрген ана Лодырь ғой» деп түсіндіреді екен. Бүгінгі күні орысша «Лодыря гоняет» деген сөз тіркесі бар, оны «жалқау» деген, түк істемей босқа жөңкіліп жүретін адам деген мағынада қолданады. Негізі ұмытылып кеткен. Ертеде адамның аты болғанын тірі жан қазір білмейді де. Әр тілдің ішінде осындай бұзылып айтылатын сөздер болады, мұның бәрі өзара түсінісуден туады да бері келе із-түзі белгісіз жағдайда қолданылып жүре береді. Жаңа танысқан екі елдің уәкілдері біріне бірі ұғымды болуға тырысады да өз тілін бұзыңқырай сөйлесе, көршісіне «жеңілдік» туғызатындай көреді. Бұл тәрізді жәйттер

толып жатыр. Мысалы, Орта Азиядағы орыс пен өзбек, Еділ бойындағы орыс пен татар арасында жүрген, екеуіне де түсінікті және екеуіне де беймәлім сөздер – бұзылып кеткен «жаргон» сөздер көп-ақ. Орысша «кушать» орнына «шамать», «ашать» айтылады. Мұны алдымен орыс адамдарының өздері айтады да бара-бара сіңісіп кетеді.

Ежелден белгілі бір ақиқат бар, тек қана мәдениеті күшті ел мәдениеті әлсіз елге әсер жасап қоймайды. «Беруді білген алуды да біледі». Көне заманда Грецияны Рим келіп шабады, сонда «жеңген ел /Рим/, жеңілген елдің /Грецияның/ қармағына /пленіне/ түсті»[1] деген мәтел өз дәуірінде айтылған шындық.

Араб тілінің парсы мен түркі тіліне тигізген әсері де адам айтқысыз, алайда, араб тілі де осы тілдерден көп нәрсені алмай құралақан отырмаған тәрізді. Осы айтқан ойымызды-ықпалдың екі жаққа бірдей жасалатынын білу үшін В.А.Гордлевский жазған мақаланы[2] оқып шыққан мақұл. Әрине, екі жақтың алыс-берісі бірдей болмауы да кәдік, әйтеуір ауыс-түйістің бар екенінде дау жоқ.

Орыс тілі мен түркі тілдерінің, оның ішінде біріне-бірі өте жақын тұрған башқұрт пен қазақ тілдерінің қарым-қатысын бізден көп бұрын зерттеген көркем әдебиет өкілдері: С.Т.Аксаков, В.Даль, Д.Н.Мамин-Сибиряк, Н.П.Крашенинников, Степан Злобиндер /оның тарихи романы «Салауат Юлаев» қой/ және көсем жазушы /публицист/ Н.В.Ремезев сияқты қайраткерлер айтып кеткен болатын. Олардың еңбегінде «чиляк» /ведерко для земляники – қазақша шелек/

[1] Н.К.Дмитриев. Строй тюркских языков. Изд.Восточной лит-ры, М., 1962, стр.467. Ответ.редактор Э.В.Севортян. Статья: «Русско-башкирские языковые отношения».

[2] Бұл мақала «К вопросу о влиянии турецкого языка и арабский» «Записки коллегии востоковедов», т.5, Л., 1930, стр. 271-291.

кяфыр–неверный, гаур–қазақша–көпір/; хош /до свидания, прощай–қазақша–қош; баранта–грабеж скота, набег, қазақша–барымта; умарта–улей; пчелинная колода–қазақша–омарта; қумган–медный кувшин для умывания–қазақша құман–чайник, «ақ құман» немесе «ақыман» – заварной чайник; биш бармак–башкирское блюдо из баранины[1], «которое едят руками, название дословно обозначает «пять пальцев»; чирик–четверть фунта; қазақша–ширек–четвертая часть любой меры веса; башқұрт немесе башқұр – орысша башкир деп атайды. Осы арада айтарымыз ең дұрысы башқұрт – беш–бас, құрт–қасқыр[2], түркі елдерінің ерте кезден-ақ ер жетіп, өте үстем болғаны – бас қасқыры болар деп топшылаймыз. Ендеше көне авторлар түпкі негізін ашқан ғой; урус–русский–қазақша–орыс, мұның тарихи себебі – башқұрт пен қазақ тілдерінде «р» дыбысынан сөз басталмайды, тек арабтан бітеудей келген адам аттары болмаса – Рақия, Рамазан, Рахималар тәрізді; кош–палатка, қазақша қос–шалаш; селям–приветствие; қазақша–сәлем, бұл түркі тілдеріне арабтан ауысқан сөз; малай–малый, қазақта–малай–слуга–түбірі бір; сурпа–суп; персіде, тәжікте–шорба–суп; қазақша сорпа–бульон; оның ішінде ешбір шөп-шалам болмайды, оны етті басу үшін ішеді, ал орысша «супты» жейді ғой – суп кушают, а не пьют; джин – сельская сходка; қазақша жиын–сборище, собрание; рахмет, –спасибо, қазақша – рахмет /араб сөзі/; шайтан–дьявол–арабтан ауысқан; кизим–кизимка–моя дочь, қазан–котел; бай богач, бар–есть; туря–начальник, каз–төре, высокопоставленная знать; ханжар–кинжал; аждага–дракон; айгир–жеребец; салма–кушанье, вроде лапши; масалян например /каз. мәселен/, яхши-хорошо, хороший, қаз.жақсы.

[1] Тек қана қойдың етін айтпайды, заты, осы «биш бармак» – башқұртта да, қазақта да жоқ, бұл сөз ең әуелде әзіл қалжыңнан шықса керек-ті. Бұл пікірді ілгеріде де айтып өткеміз /С.Т./.

[2] Басджирт-башгирд, башкирд немесе башкурд деп мадиар мен башқұртты арабтар осылай атаған екен. Ең алғаш Истахри, сонсоң ибн Фалдан, бері келе Рубрук жазып кетіпті. Халықтың өз этимологиясы бойынша баш-голова, курд-волк дейді акад. В.В.Бартольд. /Боч. т.5, М., 1968, стр. 494/.

хороший; юлбасар–разбойник, каз. –жолбасар; урундык–нары; каз. –орындық–стул; сайдак–колчан, қаз. –садақ–лук, ал сайғақ – саяқ – осы сөзден шыққан, жеке жайылған жылқыны айтады; кылыч–сабля, қаз. –қылыш; юк–нет, қаз. –жоқ; дунгус–свинья; қаз–доңыз; бұл да арабтан келсе керек, тек «шошқа» ғана түрік тілі; бұл сөз орыс тілінде «чушка» болып айтылады; карабчить–убивать, бұл сөздің түбірі арабтан келсе керек деген Дмитриевтің[1] болжамына қосыламыз, өйткені арабша – хараб–разрушение, гибель; қазақша – көне түркі тілінде «теңізде кеме хараб болыпты» деген сөйлем бар, мұның мәнісі «на море погиб пароход», «боранчук» – мальчик, сын, мұның түбірі орыстың «баранкасы» – тоқашы болуы кәдік.

Қазіргі қазақ тілінде орыс тілінен келген сөздер мейлінше көп, мысалы: сәпсім–совсем, не жолы–неужели, орыс–русь–русский; Москва–Мәскеу тағы басқалар. Осы күні газет, журнал арқылы «қонаққа» күнде келіп жатқан сөздердің ұшы-қиыры жоқ. Тіпті бүтін сөйлемдер де бітеудей кіріп жатыр.

Орыс тілінің қазақ тіліне тигізген әсерін, қазақ әдебиетін байытуға еткен ықпалын түгел жеткізу өте қиын, сондықтан ең әуелі қазақтың орыс тіліне берген кейбір сыбағаларын сөз етпекпіз. Жоғарыда көрсетілген «шамать» деген сөз – орысша «есть», «кушать» орнына жүреді. Бұл сөз түркі тілдерінде айтылатын «аша-мақ-тан» туған, сонда алдында тұрған «а» дыбысы түсіп қалған да «шамать» болып шыққан. Дәл осы тәрізді орыс тіліндегі «лошадь» пен «лачуга» деген сөздердің де алдында кездесетін «а» дыбысы түсіп қалған ғой, мысалы, монғол, түркі тілдерінде

[1] Н.К.Дмитриев. «Строй тюркских языков» Изд. «Восточной литературы», М., 1962, стр. 476-478.

«алаш /а/ ат - мерин, татар тіліндегі «алашұқ», «хижина» сөздері «алаш-ат» тан «лошадь» болғаны сияқты, бұл «алашұқтың» да - «лачуга» - қазақша «лашық» болып келуі заңды.

Түркі тілдерінен орыс тіліне ауысқан сөздер жайында.

Түркі тілінен орыс тіліне кіріп жүрген түсі-түрі бұзылып айтылатын көп сөздердің тізімін Н.К.Дмитриев кітабында көрсеткен екен. Оның ішінде араб пен ираннан Орта Азияға, Кавказға келіп, сол өңірдегі түркі тілдерінен орыс тіліне ауысқандары да бар, ал түркі тілдерінен тікелей орыс тіліне көшкендері де бар, міне енді осыларды шолып өтелік.

Айда – орыс тіліне сіңген қазақ сөзі. Орысша жекеше айтылғанда «айда» оның көпшесі «айда-те» айдаңдар, қуыңдар, жүріңдер мәнінде. Көне өзбекше /шағатайша/ «hайда»; татар-башқұрт тілдерінде «әйдә». Осыдан барып украинаның «гайдамак» – «гайдамаки» деген сөзі пайда болды. /Бұл Л.Будагов сөздігінде I, 30-бет те айылады. Н.К.Дмитриевтің «Строй тюркских языков» атты /М., 1962/ кітабының 520 бетінде де бар./

Алтын – қазақша ең қымбат тас /металл/, сүйікті балаларына /әйел, еркек бәрі бір/ «Алтын» деп те ат қояды. «Аз сөз алтын, көп сөз мыс /немесе күміс/» – дейтін мәтел де бар. Якут тілінде «алтын» – мыс /медь/ мәнінде «мыс» онда алтыннан қымбат, ал «алтын» /орысша – золото/ якутте «қыһыл» күміс-қызыл күміс, «үрүн көмүс» – ақ күміс. Осы «алтын» сөзі орыс тіліне көшкенде «алтынь» алтынный, алтынщик; бежалтынный /беж-бес/ – пятиалтынный» болып бағасы кеміген «жарты тиін күрешке» /грошқа/ айналған. Монғолда -алдан, Махмут Кашкарийде -алтун - біздің қазақ тілінде қазіргі мәнінде айтылған екен.[1]

[1] Мұның толық мағынасы Л.Будагов сөздігінде 81 бетте. В.Радловта «Опыт словаря», I, 407-408 бетінде бар.

Арбуз – бұл сөз әр өңірге жайылып кеткен және айтылуы да, мағынасы да, түрі де өзгерген; «арбуз -дыня, тыква» болып кеткен. Орталық персі /средне-персидское/ тілінде «харбузак», жаңа персі /ново-персидское/ тілінде – «харбуза» болып айтылған, сөйтіп, түрікте «қарбұз» түрі туған, келе-келе әзірбайжан, түркмен тілдерінде «қарпыз», «гарпыз» атанған. Түркменде – «тарпыз», қырғызда – тарбыз, ал академик Б.Я.Владимирцовтың айтуынша монғолда «тарбус» болса керек. Түп негізі Махмуд Кашгари сөздігіндегі «қарбұз» /мұз/ болуы кәдік.

Орыстағы «арбуз» сөзі татардағы Қасым ауданының диалектісінен алынуы мүмкін, онда «қарбуздын» алдында тұрған «к» дыбысы жойылып кетеді де «арбуз» болып жүре береді. «Арбуз» деген сөз румын тілінде де кездеседі. Осы ең алғаш айтылған «карбуздан» орыс тіліне келіп «карапуз»-«карапузик» /круглый и толстый, как арбуз/ делініп кеткен, бұл сырттай ұқсатудан туса керек.

Атаман. Бұл түркі тілдерінде көп қолданылады. Мұның түбірі «ата» отец, дед, предок» – жұрнақ-ман-үлкейтіп, көтеріп айтудың белгісі, мысалы, украин тіліндегі «батько» сияқты, ендеше, «ата-ман» – большой отец, -ман – большой. Манның осылай екенін ғалым М.Расянен дәлелдеген екен /Қырым татарларында «атаман-одаман» – «аға қойшы», «аға бақташы» – «старший пастух», «пастуший батько» болған екен. Түркменде «атарман» – воинственный, храбрый, смелый, заты, осы сөздің түбі «атмақ» етістігінен туса керек. Қазақта «атарман-шабарман» да бар ғой. Қазақ-орыстардағы «атаман» осыдан шыққан, ал бүгінгі күні түркі тілдері – татар, қазақ, қырғыз, азербайжан тағы румын тілдері осы «атаманды» орыс тілінен қайта алып жүрген сияқты.

Бір ескерте кететін жағдай бар: «түркі тілдерінің заңы

бойынша «Ата-ұлы» /ата-ман/ демейді, «ұлы-ата» делінеді, онда ман-ата, нән-ата болар еді, бірақ бұл «атаман-одаман» ғой, заты, дұрысы: «от-ағасы», «от-аман» болуы мақұл тәрізді.

БОЛВАН – осы сөз туралы проф. Мелиоранский мен академик Ф.Е.Корш екеуінің арасында ғылыми айтыс болған, сонда Мелиоранский орысқа кірген «болван» сөзін көне орхон-енисей тіліндегі «балбал» /жеңген ел қабыр басына өзі өлтірген дұшпанның тұлғасын тастан жасап қояды, соны «балбал» деп атайды екен /дегеннен шығарғаны белгілі. Ал, академик Ф.Е.Корш мұны персінің «пехлеван» /«pahалуан»/ сөзінен туды дейді. Мүмкін осы сөз фарсыға түркі тілдерінен баруы да кәдік, өйткені «пехлеван» қазақ пен қырғыз тіліне сіңіп – «балуан» «борец» болған да содан кейін орыс тіліне барып енген тәрізді.

Буланый – қара кер бұланның түсінен алынса керек. Көне қыпшақ тілінде бұлан – «лось» /орман ішінде жүретін жабайы аң-сиыр, Сібірдегі орыстар – челдондар /«Человек из Дона»/ «сахата» деп те атайды; орыста – буланый – жылқының түрін-түгін көрсетеді. Алтайда – пулан, қырғызда – булан – киіктің бір түрі. Башқұртта – болан – олень /бұғы/, жабайы орман сиыры – лось. Қазақта «Бұлан бар, Бұланты өзені Жезқазғанда ағып жатыр, ал «бұланай» сөзі бар, бір кезде Ілияс Омаров М.Шолоховтың «Көтерілген тың» романы жайында күрделі орысша мақала жазды, соны аударғанда Гималайды-Буланай тауы деп аударып едік. Мүмкін кейбіреулер Орталық Қазақстанға Гималайдан гөрі Сібірдегі тайга жақын, ендеше сол орманда өсіп-өнетін ірі сиыр – бұланды – лосьті «бұланай» деуі дұрыс, ал Гималайды ол өңірдегі елдердің білмеуі де ықтимал дейтіндер де табылар, бірақ оларға айтарымыз мынау:

«Самарқанның сар жолы,
Бұланайдың тар жолы» – дегені бәрі Шыңғыстың сапарын көр-

сеткен сөз. Бұланай деп Гималайды айтқаны ма, Үндүкеш[1] /Гиндикуш/ тауы ма? Әйтеуір бір тауды айтқан сөз екені – «Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас» деген мақалынан мағлұм[2] – дейді Абай. Ендеше Бималайдың – Бұланай атануы даусыз шыңдық тәрізді. Қазақтар Бұланай тауын Мұнанай деп те атай береді.

Осы арада аз ғана сөздерді беріп өттік, олардың толық тізімі Николай Константинович Дмитриевтің «Строй тюркских языков» атты кітабында бар. /520-555 беттерін қараңыздар/.

Шығыс Сібір-Краснояр өлкесінде де қазақ сөздері жүр. Мысалы, ол төңіректе «Кулиж» – деген тау –/төбе/ бар. Кенгач, Тугач, Жедорба /Жадарба/ Караган деген жердің аттары, «Кан, Каноклер, Кужо, Егиль, Вагул» деген өзен аттары /Бұлар Кан өзені арқылы Енисейге құяды/ кездеседі.

Сол арадағы орыс деревнялары бұл сөздердің мәнісін білмейді, өйткені кейін көшіп барғандар болу керек /Әрі болса Сібірді Жармақ /Ермак/ шапқан кезде, немесе 1861 жылы шыққан Россия патшасының заңы бойынша «басы байлы» /«крепостное право»/ тіршіліктен «азат» болғанда жеткен крестьяндар /шаруалар/ шығар.

Осы жерлер арқылы үстіміздегі дәуірдің төртінші ғасырында гунның қолбасшысы Атилла қалың қолмен Батыс Европаға қарай шабуылдап өтуі тарихи шыңдық. Гун елі /көне түрік/ жер қайысқан қалың қол үдере көшіп өткенде арық-тұрақтары жолда қалуы ғажап емес. Ендеше солардың келіп мекендеген ұяларына қойған аттары-

---

[1] Үңдукеш /орысша/ Гиндикуш – /Памир – Алтай тауынан, оның асуы – Биіктен өткеннен кейін кездесетін Ауғанстандағы таудың аты. Заты, ең әуелде «Үндүкеш» – Үндістанға қарай сапар шегетін – жол кешетін деген мағынада айтылды ма екен, кім білсін!

[2] Абай Ибраһим/ Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том, ҚМКӘБ. Алматы –1957, 223 бет, жауапты редактор М.Әуезов /редколлегиясы: М.Әуезов, І.Кеңесбаев, З.А.Ахметов, Ы.Т.Дүйсебаев/.

-ау деп шамалаймыз. Сондықтан 1) Кулиж – кейін өзгеріске ұшыраған «Құлжа» тауы.

2) Кенгач – Кең ағаш немесе кен ағаш /көп ағаш/.

3) Тугач – ту ағаш /қалың ағаш/ немесе түкті ағаш.

4) Жедорба – Жадарба – жеті арба

5) Караган – /кен орны/ каз. қараған /өсімдік/.

6) Кан – хан.

7) Кансклер – ханның өкілдері тұратын өзек.

8) Кужо – көже.

9) Егиль – егіліп ағатын кішірек өзен.

10) Вагул – ағылу, бұл «Егілден» үлкен.

Некен-саяқ кез келген сөздерді алып отырмыз. Мұндайлар толып жатыр, тіпті тайға деген сөздің өзі де – «тоғай» екен. Осы сөздер орыс халқының төл сөздеріне ұқсамайды.

Бір ескерте кететін нәрсе бар, мына бір тілден екінші бір тіл нәр алғанда өзінің тілдік заңына байланыстырып, адам танығысыз етіп өзгертіп жібереді. Бұл жәйт әсіресе орыс тілінде басым. Ертеде-ақ «теңге» сөзінің деньга /деньги/ болуы, қазіргі күнде «қалғұтан», «Маңғадыр» тағы сондай қазақша жер аттары: «Калутоновский», «Манадыр» болып келуі осының айғағы. Мұндай сөздер өте көп. «Конфискация» сөзін – қазақтың да «көмпеске» деуі өз тілінің үндестік заңымен, айтылу мүмкіндігімен есептесуден туған-ды. Алайда, қазіргі кезде, біздің орыс тілінен үлгі алу дәрежеміз өте күшейді. Осы қарбаласта көне тар шеңберде қалмай, соны беталысқа қарай бейімделіп барамыз. Орыс тілінде қалай жазылса, солай жазатын болдық. Өз тіліміздің заңды бағдарын бұза басадық, бұл бағыт басқа тілдерде де бар, әйтсе де біздің алдымызға ешбір ел түсе алмаса керек. Ескі әдет шеңберінен шығу қажет екенін жылдам ұқтық.

Х Х Х

3) Орыс пен қазақ елі байланысының тарихи кезеңдері

Қазақ пен орыс халқының екеу-ара байланысын сөз еткенде біздің кейбір филолог ғалымдарымыз өздерінің ғылми ой тұжырымдарын өте алыстан бастайды. Мысалы, әрі зерттеуші ғалым, әрі бежелді ақын Олжас Сүлейменов XII ғасырда шыққан «Игорь жасағы жайлы бір сөз» атты дастанда орыс және түркі тілдеріне ортақ сөздердің, қалыптасқан сөз тіркестерінің бар екенін баяндайды.

XIY ғасырдағы куман/қыпшақ/ тілінде сақталған ескерткіш «Кодекс Куманикусте» қыпшақ /қазақ/ сөздерімен қатар орыс сөздері қолданылатын фактілер де айтылып жүр. Әлгі ғалымдар нақтылы тұжырым жасамаса да, ертеде ауыс-түйісі бар көрші елдер бері келе алшақтай түсуі діннің әсері деуге саятын сияқты. Ерте заманда қанаттас отырған көрші халықтар /орыс елі мен қазақ елдері/ бері келе алшақтай түсуіне христиан діні мен ісләм діндерінің себепкер болуы да ықтимал. Сондықтан әлгі филолог ғалымдар өздерінің негізгі ойларын XIII ғасырдағы фарсы ақыны ибн Муслихаддин Сағдайдың Все люди рождаются только с чистой природой и лишь потом отцы делают их Иудеями, хрестиянами или огнепоклонниками»[1] деген ойымен ұштастыратын тәрізді.

Қазіргі тарих ғылымының көрнекті уәкілдері нақты материал-

[1] Саади. «Гулистан» ГИХЛ. М.,1957, стр. 52. «Барлық адам туғанда таза табиғатта туады, сонсоң оларды әкелері жебірей хрестьян немесе отқа табынушы етіп шығарады» – депті.

дарға және архив деректеріне сүйене отырып орыс пен қазақ халықтарының алғашқы жақындасуын Тауекел /Тевеккел/ хан билік жасаған XYI ғасырдан бастайды. 1594 жылы Оңтүстіктен Бухар ханы Абдулла қысым жасағанда, қазақ ханы Тәуекел орыс патшасы Федор Ивановичке /Иван Грозныйдың баласына/ – Кулмухзимед деген өкілін жіберіп, орыс патшасынан тұңғыш рет көмек сұраған және қару-жарақпен қамтамасыз етуін, сонымен қатар қазақ халқын Россияның бодауына /қол астына/ алуын өтінгені мәлім.

Қазақ елінің ханы Тәуекелдің өтініші 1595 жылы март айында қабылданды.

Қазақ халқы мен орыс халқының саяси-экономикалық байланысы бұдан кейін Бірінші Петр тұсында күшейе түсті, 1722 жылы Бірінші Петр: «Мына орда /әңгіме қазақ халқы туралы – С.Т./ бүкіл Азия елдері мен Азия жерлеріне қатынасатын жолдардың «кілті және қақпасы»,[1] – деп атаған болатын.

Егер қазақ ханы Тәуекел өз халқының азаттығын іздесе, сондықтан экономикасы дамыған және өзінің тілектесі, әрі жақын көршісі, оның үстіне адамгершілігі мен білгірлігі зор Россияға өз еркімен қосылуды кездесе, ал Бірінші Петр қазақ елін мына Азия халықтарымен араласудың, қарым-қатынас жасаудың «кілті мен қақпасы» деп санауы да әркімнің өз ұғымына сай келсе керек-ті.

Сыртқы жаулар төніп тұрғанда, сол қауып-қатерден сақтап қалу үшін осы екі мемлекеттің басшылары екеу-ара бірігу арқылы өз халықтарына тиімді пайда келтіргені анық байқалады.

[1] «Казахско-русские отношения в XYI-XYIII веках». А., 1961, стр. Y, /см. документ №24/.

1594 жылы хан Тәуекел орыс халқымен бірігуге бет алды, 1697 жылы Тәуке хан Тәуекелдің әлгі ойын қайталады, ал 1730 жылы Әбілқайыр хан өзінен бұрынғы хандардың ізін қуалағаны да мәлім.

Осындай саяси-экономикалық және тарихи қажет болған жағдайда қарым-қатынасты тығыз жасаудың мүмкіндігі туды, сондықтан Орталық Россия шаруалары қазақ даласына қоныс аударды. Мұның екінші себебі де бар еді, өйткені ежелгі басы-байлы жетім тіршіліктен жаңа ғана құтылған шаруалар бұрынғы жер-суға ие боп қалған қожаларынан ажыраудың-алыстаудың қамын көздеді. Сөйтіп, орыс еңбекшілері қазақ сахарасына орналасып, әр жерден-ақ село, хутор, қала сала бастады. Көп ұзамай-ақ, сауда-саттық, алыс-беріс күшейді. Құлазыған тың жерлер игерілді. Бұрынғы көшпелі қазақтар да бірте-бірте көршілесіп, отырықшылыққа бет бұрды. Бұлар да күтірлер /хуторлар/ салып жердің өнімін пайдалануға кірісті. Бақытжан Қаратаев басшы болып салынған хуторлардың орындары Орал, Ақтөбе облыстарында әлі бар.

Орыс елінің еңбекшіл халқымен қоян-қолтық араласып, өзара тамыр-таныс болу, достасу етек алды. Көрші отырғандардың арасында ыдыс-аяқ, некен-саяқ, ауыспай тұрмады. Өзінде жоқты көршіден алып қажетін ашу тіршіліктің ежелгі заңы, ендеше күнделікті тұрмысқа байланысты әрекеттер де жүрді, сонымен қатар материалдық заттардың ауысуы арқылы бірінің тілінен екіншісінің тіліне сөздер де ауысты. Екеу ара түсінісу осы бағытта жүрді. Осыдан бастап көшпелі қазақ халқы отырып егін салуға беттеді. Ғасырлар бойы қазақ даласын жайлаған рулық, патриархалдық қағажу да тұйық тіршіліктің іргесі енді сөгілді.

Патша үкіметінің де жергілікті бай-феодалдардың да тауқыметін тартқан, сөйтіп екі жақты езгіде жүрген сормаңдай қазақ шаруалары мына қуғын-сүргінді басынан көшіріп келген

орыс еңбекшілерімен байланыс жасады, мұң-мұқтаждарын шертісіп, қуанышы мен ренішін бөлісті. Біраз уақыт жатырқап келсе де, ақыр соңында біргелесе-іргелесе отырып, өздерінің қас дұшпандарын анық таныды, патша үкіметінің отаршыл саясатына, зорлық-зомбылығына шыдай алмай, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» – қарсы күреске жұмыла кірісті.

«Қазақстанның Россияға қосылуындағы күрделі себептің бірі. Орыс помещиктеріне, капиталистеріне және қазақ феодалдарына қарсы аттанып, бұрынғы арамза-зұлым патша өкіметін құлату үшін орыс пен қазақ елінің бас қосып бірге күреске шығуы еді» –[1] деп тарихшы Н.Г.Аполлова орынды айтқан.

[1] История Казахской ССР, т.I. Алма-Ата, 1957. стр.245. Цитируется из IX главы, изложенной историком Н.Г.Аполловой.

БЕСІНШІ ТАРАУ
Әдеби байланыс жөнінде

Ұзақ заман ірге тепкен осы қарым-қатынасты тәптештей тексеріп жүрген тарихшылардың, экономистердің, философтардың өз мамандықтарына сәйкестіріп әржақты зерттеулерін ескере отырып, біз де ойымызды шашыратпай шағындай түсу үшін әдебиет қайраткерлерінің материалдарымен шектелуді дұрыс көрдік.

Қазақ елінің рухани мәдениеті ұлы орыс халқының мәдениетімен тығыз байланысына бері келе даму арасына көз жіберсек көп нәрсеге куә болғандаймыз. Ендеше, сан қырлы проблеманың бір ғана саласына – әдебиеттің елеулі әсеріне тоқталсақ та жеткілікті тәрізді. Себебі, әдебиеттің толғамы күшті, сондықтан да ол идеология майданындағы жетекші саланың бірі. Әрине, мына музыка, театр жанрларын да, бейнелеу творчествосының дамуын да, атап айтқанда, искусствоның барлық саласын да зерттей өту керек те болар еді, бірақ онда әңгіме ұзаққа айдайды. Оның үстіне халықтың рухани байлығы ретінде олардың бәрі де әдебиеттің дамуымен қатарласа, қабарлас келе жатқан процестер ғой.

«Әдебиет әрқашан бостандықтың дабылын қағады. Отарлау саясатына қарсы күресте біз де әдебиетке ұлы міндеттер артамыз, өйткені әдебиет әр тілде сөйлей алатын өзінің күшті дауысымен халықаралық бас қосудың дәнекері бола алады, қай тұқымға/расаға/ жатса да бәрі бір, әйтеуір дүниенің төрт бұрышында тұрған, еркіндікті көксейтін адам бірімен бірі қанатын жая құшақтасып, бақытты келешекке ынтыға ұмтылуына тек әдебиет қана

көмегін тигізеді», – деген Мұқтар Омарханұлы Әуезовтың сөзі – ашық айтылған шыңдық.

Әдебиеттің де қыры-сыры ұлан-асыр. Соның ішінде орыс пен қазақ әдебиетінің ішкі байланысын, олардың сіңісуін және бірін-бірі дамытуын, міне осындай ортақы құбылыстарды зерттеудің өзі де бір талай еңбекті талап етеді, өйткені байланыстың заңдылық процесін, қоғамдық құбылыстың табиғатын айқын көрсету де өте күрделі мәселе. Сондықтан да Ф.Энгельс: «Әлеуметтік көріністің шеңберіндегі құбылысты айқындау өте қиын», –[1] деген болатын.

Бұл процестің күрделілігін Владимир Ильич Ленин де айта келіп, «... әлеуметтік құбылыс көзбен көріп, қолмен ұстай алатын жарқырап жатқан жылтыр айнадай нәрсе емес, өте шимай шатақ, шытырман, шартарапқа бой ұратын, бұраңдаған бағдар, оны ұғыну үшін өмірдің өзін жақсы түсініп, әрі қарай қиялдап ойлануға жеткен мақұл», –[2] депті.

Әр түрлі дәуірден қалып, біздің заманымызға дейін жеткен әдеби мұраларды, тіліміздегі қорды өз тұсындағы кезеңмен байланыстыра жан-жақты зерттеу – әр кезеңдегі әдебиеттің, тілдің даму заңдылығын ашу, сонымен бірге әлгі дәуірдегі ұлттық мәдениеттің өркендеу жолдарын, немесе, кейде мешеулікке де бой ұрғанын айқындау да оп-оңай емес қой.

Біздің байқауымызша, қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тарихында негізінен бірнеше халықпен бас қосып, өзінде жоғын солардан алғандай. Соның бірі классикалық шығыс – ескі грек-рим халқынан біраз нәрсені алып пайдаланса керек, екіншісі бұдан

[1] К.Маркс, Ф.Энгельс. Соч. т. XIY, стр. 377-378.
[2] В.И.Ленин. Философские тетради, Госполитиздат, М., 1947, стр. 308.

талай ғасыр бұрын соғдияндар арқылы келген иран елімен ауыс-түйіс жасапты; үшіншісі – монғол-түркі елдерінің қарым-қатыс туыстығы, ежелгі Алтай «ата-тілінің» болуы, мұның түп негізі бір қаптан, бір саптан шығуы, алайда, ғылым дүниесінде тиянақты зерттеліп бұл әлі бір арнаға құйылмағандықтан – әзірге проблема есебінде алып отырмыз; төртіншісі – араб халқының байланысы; бесіншісі – ең ақырғы күшті әсер – орыс халқының әсері. Осы орыс халқының тигізген әсері өте жемісті де кең түрде кірді. Россия халқының әкелген ықпалы арқылы қазақ елі оның әдебиетімен де, тілімен де танысты.

Қазақтың ежелгі ақын-жыраулары біздің заманымызға дейінгі бір мың жыл шамасында жазылған «Махабхарата» атты Индияның эпикалық поэмасында айтылатын әңгімелерді, тап сол заманда тараған грек халқының ақыны Гомер жазған – «Илиада» мен «Одессея» дейтін эпостардың талай-талай тарауларын жатқа айтып жүргендері байқалады. Оның үстіне біздің дәуірімізде үшінші ғасырда жазылған Индия халқының ұлы туындысы болып аталатын «Кәлилә мен Димнада» кездесетін әңгімелермен қатар арабтық шығыс әдебиетінің X-XI ғасырда /үстіміздегі дәуір шеңберінде/ шыққан орасан күрделі аңыз – ертегісі «Мың бір түнді» де байтақ жатқан елімізге әлгі ақын-жырауларымыздың, айыр көмей шешендеріміздің, көсем билеріміздің жатқа айтып жайғаны да жұртшылыққа аян.

Сырттан келген осы ертегі аңыздар тірі жан тани алмайтындай болып өзгерілген. Егер бұлардың бас кейіпкерлері еркек адам болса, арыстан, қасқыр, екі басты самұрық құс болып бейнеленеді де, ал сұлу қыздар адам кейпіне кірген аққу сияқты көрінеді. Кейбір мысал-аңыздар, ертегілер қысқартылып афоризм-

дер /нақыл сөздер/ ретінде баяндалатын болады.

... Бұл мәселе жайында орыс халқының көрнекті ғалым-филологы Ф.И.Буслаев: «Предания классических народов о Сиренах, Кентаврах, Фавнах были перемешены с национальными верованиями в оборотней-волков... в дев с лебедиными крыльями или вообще в пернатые сущесва, имеющие человеческую фигуру и так далее. Таким образом в этой смутной области средневековых верований народное заметно переходило в заимствование извне, и заимствованное такое же чудесное и необычайное, легко уподоблялось народному – туземному» [1] деген болатын.

Бұған қарағанда ақын Абайдың данышпан сөзі тағы есіңе түседі:

«Кісі айтпаған сөз бар ма,
Тегіс ұғар қай құлақ?
Сөкенің оны ұнар ма?
Үйренген сөзге мен де ортақ!... »

деген. Алайда ауызекі туындылардың сыртқы ұқсастығына қарап, күшті дәлел іздемей, бөгде елге тели салу әділетсіздік болар еді. Әрине, кейбір жағдайда ажыратудың да қиын екені рас, әсіресе көшпелі халыққа ауызекі таралған, ешбір хатқа түспеген, баспасы болмаған елдің ежелгі мұраларын саралау оңай емес. Қалың біткен нар қамыстың ішіне кіріп адасу, жол таба алмай саңдалу да осы арада кездеседі. Бірақ бұл күрделі мәселенің ішінен бір саңылау тауып, келешекке өз топшылауымызды ашып айтуды мақұл көрдік.

Біз осы еңбегімізде орыс пен қазақ халқының өзара рухани қарым-қатысын зерттеп, тіл, әдебиет, мәдениет саласында

[1] Ф.И.Буслаев. Соч. по археологии и истории искусства, том II, Санкт-Петербург, 1910, стр.20.

Үздіксіз еңбек сіңіріп, баспа бетінде жариялаған ойларын, күллі жұртқа паш болған даулы-даусыз мәселелерді қорыта баяндап, өз пікірімізді ортаға салуды жөн көрдік. Олар да өздерінен бұрынғы жағдайларды қамти зерттеген ғой.

Сөйтіп, қазақ халқының елін, жерін, рухани байлығын зерттеу орыс елінің XYII ғасырдағы көрнекті тарихшы, географ-тіл зерттеу /языковед/ ғалымдарынан басталды.

«Орта Азия, Сібір, Кавказ елдерінде жолаушылап жүріп жете зерттелген мәліметтердің қорытындысы есебінде 1600 жылы географиялық үлкен чертеж» /«Большой чертеж»/ орыс тілінде жасалды. Мұны жасау үшін өткен ғасырларда жиналған материалдар пайдаланылды. Мұнда, әсіресе, Батыс Сібірдің топонимикасы толық айтылғандай еді, бірақ өкінішке қарай осы «Большой чертеж» жоғалып кетті, тек қана соған жазылған түсіндірме записка /«обьяснительная записка»/ сақталып қалды» –[1] дейді Н.А.Баскаков.

Бұдан кейін 1667 жылы Тоболдағы әскер басы /воевода/ Петр Иванович Годуновқа: «Сібірдің барлық жерін жазып көрсет, жер бөлігін, салынған үйлердің межесін, өзендері мен қысқы мекендерін, бар-бәрін түгел сызып көрсет» деген жоғарыдан жарлық келді. Бұл карта жылдам жасалды да басылып үлгерді, ал 1672 жылы әлгі карта екінші рет жарияланады[2].

1696 жылы Тоболдағы бояриннің баласы Семен Емельянович Ремезовке:

«Сібірдің чертеж кінағасын жаса» /«Составить чертежной книги Сибири»/ деген ақ патшаның бұйрығы тағы келіп жетті,

[1] Н.А.Баскаков. «Введение в изучение тюркских языков». Гос. из-во. «Высшая школа», М., 1962, стр.11.

[2] Аталған кітаптың 11 бетін қараңыз.

бұл картаны С.Е.Ремезов 1701 жылы жазып бітірді. Бұрынғы «Үлкен чертежден де», П.И.Годуновтың картасынан да бұл карта өте толық еді, осы картаны Н.К.Витзен басып шығарған[1].

С.Е.Ремезов көне түрік ескерткіші «орхон тастарын» ең алғаш ашқан адам. Швед ғалымы И.Табберт-Страленберг[2] те Енисей орхон ескерткіштерін ашты, бірақ бұл кісі С.Е.Ремезовтан кейін еді. Сол С.Е.Ремезовтан бері қарай XYIII ғасырда және XIX ғасырдың ішінде: Г.Ф.Миллер[3] /G.Miller – 1705-1783/ мен И.Э.Фишер[4] /1697 жылы туған екен/ тәрізді Сібір тарихын жазғандар жарыққа шықты. Капитан-лейтенант А.Бутаковтың арнайы шыққан экспедициясы да мол еңбек сіңірді, бұл экспедицияның құрамында Украина халқының ұлы ақыны Т.Г.Шевченко қызмет істеді. Т.Г.Шевченко сол кезде патша үкіметінің жарлығымен Қазақстанға жер ауып, өзінің атаулы мерзімін өтеп жүрген еді.

Нақтылы материалдар жинап П.И.Рычков пен А.И.Левшин[5] тәрізді ғалымдар да қазақ жұртшылығын зерттеуге айрықша үлес қосты.

---

[1] Аталған Баскаков кітабының 13 бетін қараңыз.

[2] И.Страленберг. «Северная и восточная части Европы и Азии» – «Das Nord and Ostlicke Theil von Eurupa and Asia» Стокгольм - 1730.

[3] Г.Ф.Миллер «Sammlkng Russicher Geschuchte» атты кітабы 1733-1743 жылдары Сібірде саяхатта жүріп жазған еңбегі /Т.Ш./.стр.382-408/ татар-шуваш тілдерінен 300-ден артық сөздер келтірген екен.

[4] И.Э.Фишер - «О народе имени татарском, так же о древних монгольских и их языке, сравнительно-сопоставительный материал по монгольской и татарской лексике». «Ежемесячные сочинения к пользе и увеселению служащих», т.I, за май 1755 г.

[5] А.И.Левшин. /1799-1879/ «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких Орд. и степей», ч.I. «Известия географические»; ч.П. исторические Известия, ч.III Этнографические известия, СПб. 1832.

Кейініректе, XIX ғасырда, озат ойлы, өскелең орыс мәдениетіне қазақ халқының да сырт қалмай араласуын көздеп, орыс елінің революциялық бағыттағы ұлы демократтары: А.И.Герцен, В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, М.Е.Салтыков-Щедрин тағы басқалары да айтарлықтай еңбек істегені даусыз. Ақ патшаның отарлау саясаты мен жергілікті феодалдардың екі жақты езгісіне түсіп, азап шеккен ұсақ ұлттарға жаны ашыған Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцев, А.И.Якоби, А.Янушкевичтер де, сонсоң орыс жазушылары: И.А.Крылов, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, В.Г.Короленко, А.П.Чехов сынды терең ойлы, адал жанды орыс классиктері де өз шығармаларын ұсақ ұлт-азаттығы жолына арнады.

Қазақ елінің тарихын, экономикасын, шаруашылығын, күнделікті тұрмыс салтын, әдет-ғұрпын тәптештей зерттеуге В.Даль, В.В.Радлов, Н.И.Веселовский, А.Н.Седельников, Д.Клеменец, Л.Чермак, Н.Я.Коншин сияқты орыс интеллегенциясының озат уәкілдері ауыз толтырып айтарлықтай күрделі еңбектерін сіңірді. Бұл тізімді соза беруге де болар еді, бірақ осымен шектелеміз.

Қазақ елі орыс әдебиетінде елеулі орын ала бастады. Егер Ф.Булгариннің «Иван Выжигин» деген повесі мен И.Скоблевтің әңгімелерінде қазақ халқын қорлап, кемітіп тіл тигізсе, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, В.Г.Белинский, В.И.Даль /козак Лупанский/ В.А.Ушаков тәрізді ірі демократтардың туындыларында қазақ пен орыс халықтарының ежелден келе жатқан өзара достық қарым-қатынастары адал да айқын бейнеленеді.

Орыс әдебиетінің реалистік негізін қалаушы С.А.Пушкиннің 1833 жылы В.И.Дальді /казак Луганскийді/ қасына ертіп Пугачев көтерілісінің тарихына байланысты материал жинау үшін Орынборға, Оралға келуі анық, «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» поэмасының

сюжетін А.С.Пушкин сол сапарда жазып алып қайтқан-ды. «Капитан қызы» атты повесінде А.С.Пушкин Пугачев көтерілісіне башқұрттар мен қазақтардың қатысқанын да жазған еді. Бір мың жеті жүз жетпісінші жылдарда /1722ж./ Емельян Иванович Пугачевтің көтерілісі болды, осы көтерілістің тарихын жазған А.С.Пушкин өзінің «История Пугачевского бунта» деген кітабында, соның екінші тарауында /289-290 беттерінде/ былай деп жазды; «Будоринский фарпоста /крепость-қорғанда/ отырып Пугачев қазақ ханына /Нұралы ханға С.Т./ хат жазыпты, Сонда Пугачев өзін үшінші Петр патшамын деп атапты, сондықтан оған /Нұралы ханға/ аманат есебінде балаңды жібер және жүз адам қосымша әскер бер» – деп бұйырыпты... Өзіне ат қойып, айдар таққан адамның /самозванецтің/ – Пугачевтің татар тіліндегі хатын Нұралы Орынбор губернаторына дереу жолдапты да: «Біз сахарада көшіп-қонып жүрген елміз, – Жайық жағасында атқа мініп, серуен құрған мына кісінің кім екенін білмейміз, бұл өзі нағыз патша ма, жоқ болмаса алдаушы біреу ме, оған да көзіміз жетпейді, жіберген елшіміз де түк бітірмей қайта оралды, тек қана сол адамның сақалы қызғыл сары /борода русая/ екен» – деп хабарлады. Осы жағдайды пайдаланып Нұралы хан бұрынғы алып кеткен аманаттарды, айдап әкеткен малдар мен Ордадан қашқан құлдарды кері қайтаруын губернатордан талап етті.

Орынбордың генерал-губернаторы Рейнсдорп жедел жауап қайырды, – сонда: «Император үшінші Петрдің өлімі дүние жүзіне мәлім, патша ағзам өлік табытта жатқанда оның жансыз қолын өзім сүйіп едім» – дей келіп, егер өзін-өзі патша деп жүрген самозванец-қашқын қазақ даласында енді көріне қалса, оны өкіметке ұстап беріңіз,

сол адал қызметіңіз үшін патшамыздың /императрица/ – Екатерина /II-я/ сыйлық беретініне уәде етемін», – деп өтінген екен. Нұралы ханның талап еткендерін губернатор түгел орындапты.

Нұралы хан императрицаға өзінің адал қызмет істейтінін айтып Рейнодорпты нандыра беруге тырысыпты, бірақ сонымен қатар Пугачевпен де достық қарым-қатысын жүргізе беріпті, ал қазақтар өкіметке қарсы шабуылға дайындала бастапты», –[1] деп жазады.

А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтов шығармаларының демократтық бағыты, олардың соңынан ере шығып, жолын қуған көптеген жас жазушыларға ізгі әсерін тигізіп, мол көмек көрсетті. Ушаковтың «Қырғыз-қайсақ» атты повесі, Дальдың «Майна», «Полуночник», «Уральский казак» деген очерктерінде және «Бикей мен Мауляна» повесінде қазақ халқының өмірі мен тұрмыс жағдайы қызғылықты баяндалады. Бұл шығармаларды өз тұсында Белинский, Добролюбов және Тургеневтер өте жоғары бағалап еді.

Орыс газеттері мен журналдарының беттерінде қазақ халқының өміріне тікелей арналған әңгімелер мен очерктер талай рет жарияланды. 1828 жылы Н.Муравьевтің «Киргизский пленник» поэмасы, 1830 жылы А.Крюковтың «Кайсаки» /Жақып батыр повесінен үзінді/ деген әңгімесі де тағы басқалар жарық көрді.

Біздің қазақ ауыз әдебиетінің ең бай саласы ертегілер мен батырлар жыры /«легенды и эпосы»/. Мұны тиянақты түрде, қомақты етіп жинап бастырған академик В.В.Радлов[2] болатын. Радлов жинағына; «Алтын бел», «Хан Шантай», «Еркем Айдар»,

[1] Сочинения А.С.Пушкина, с обьяснениями их и сводом отзывов критики. Том 5, М., 1887, стр. 289-290/ «История Пугачевского бунта», глава II/.

[2] В.В.Радлов. «Образцы народной литературы тюркских племен», ч.Ш, СПб., 1870, 63-68, 84-115 беттерін қараңыз.

«Жақсылық пен жамандық», «Хан қызы», «Түс сатқан тазша», «Молданың үйінде оқыған бала», «Түлкі, қасқыр, жолбарыс», «Дудар қыз», «Балқан тау», «Үш ұл», «Қармақ салған жігіт», «Қарагөз сұлу», «Алтын бас, күміс аяқ», «Ақсақ Темір хан», «Киік» атты қазақ елінің ертегі-аңыз әңгімелері кірген еді.

Сібір елін, қазақ халқын орыс ғалымдарының зерттеуі бұдан кейін де сарқылмады. 1768-1774 жылдары Петр Симон Паллас басқарып Сібірді зерттеу үшін келген экспедиция да мол жұмыс істейді. Ол экспедицияның көп материалы «Путешествия по разным провинциям Российской империи» атты П.С.Палластың еңбегінде /орыс және неміс тілдерінде/ жарық көрді.

Азия елін тағы оның тілін зерттеуде ірі еңбек тастап кеткен П.И.Рычков[1] болды.

Бері де бірнеше орыс-қазақ сөздіктерінің қолжазбалары табылды, соның бірі «русско-киргизский /казахский/ словарь» – 10 август 1774 жылы; екіншісі – «русско-киргизский /казахский/ словарь» 20 февраль – 1780 жылы Омбыда Лютер деген кісі жазыпты /сонда қазақ сөздері орыс әрпімен көрсетіліпті/.

Коллежский асессор Мендияр Бекчуриннің /Бещерин/ – 1780-1781 жылдары «Русско-арабско-мещеряцко-киргизского /казахского/, хивинско-бухарский глоссарий» – деген қолжазбасы сақталған екен[2].

И.П.Фальктың «Сравнительный глоссарий казахско-татарского, киргизского, бухарского и калмыцкого языков» атты еңбегі 1786 жылы Санкт-Петербургте жарияланды. Осыдан соңырақ әлемге әйгілі орыс ғалымдарының: Г.Н.Потаниннің, Ш.Ш.Уәлихановтың, Н.М.Ядринцевтің, Ф.Е.Корштың, П.М.Мелиоранскийдің,

[1] П.И.Рычков. «История Оренбургская», 1762.

[2] Н.А.Баскаков. «Введение в изучение тюркских языков». Гос. из-во. «Высшая школа», М., 1962, стр.21-22.

Н.И.Ильминскийдің тағы басқа әр алуан мамандардың еңбектері жарық көрді.

Радловтан бұрын қазақ ертегілерін Шоқан Уәлиханов, профессор И.Березин, профессор Ильминскийлер де недәуір жинап, бастырған-ды.[1]

Он тоғызыншы ғасырдың аяқ шенінде қазақ ертегілерін көп жинаған А.Е.Алекторов[2] пен Н.Г.Потанин[3] еді. XIX ғасырдың тек соңғы жиырма жылының ішінде бір Алекторовтың өзі жүзден артық қазақтың ертегі, аңыз әңгімелерін жинап бастырған.

1893 жылы «Астраханский вестник» газетінде «Ағайынды екі қу», «Лұқпан Хакім», «Айтуған батыр», «Омар молда», «Жиренше мен Алдар көсе», «Қарағай мен сексеуіл», «Абы жылан», «Ағайынды үш жігіт», «Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай», «Хан мен жігіт», «Ер Қосай батыр», «Түлкі мен қой», «Тақ Сүлеймен», «Өтірік ертек», «Залым Қали», «Әулие бала» деген ертектер жарияланды.

А.Е.Алекторов қазақ ертегілерін орыс тіліне еркін аударып бастырған болатын, ол аудармалар сол кездегі мерзімді баспаларда «Дала уалаяты», «Тургайская газета», «Астраханский вестник» атты баспа орындарында 1888-1890 жылдарда үздіксіз жарық көріп отырған. Содан барып орыс тілі арқылы талай елге танылa бергендей.

---

[1] И.Березин. «Турецкая хрестоматия», ч.П, СПБ, 1890, стр. 169-176; 235-247.

[2] А.Е.Алекторов. «Астраханский вестник». №1258, 1267, 1274, 1281, 1288, 1294, 1302, 1308, 1310 - 1893 год.

[3] Г.Н.Потанин. «Русское богатство», №8, 1896 год. Его же «несколько слов по изучению поверий, сказаний, суеверных обычаев и обрядов у киргизов /казахов/ и сибирских татар», «записки Западно-Сибирского отдела им. русс. географич. об-ва», Омск, 1889, кн.X.

Г.Н.Потанин өз жинағандарын үнемі қадағалап зерттеп отырған.

Г.Н.Потаниннің жинаған ертегілері әрбір газет-журналдарда басылып тұрған, артынша өз алдына жеке кітап болып 1916 жылы басылған.[1] Осы жинаққа 61 ертегі кірген, оларды Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы елдерінен жиған болатын. Осының ішінде «Ер Төстік», «Жиренше», «Алдар Көсе», «Асан қайғы», «Қырық қарақшы», «Ұр Тоқпақ», «Құбаша», «Жауырын», «Әби мен Тәби» тағы басқалар бар.

XIX ғасырдың кезінде қазақ ертегілерін орыс ғалымдары А.Ивановский[2], Л.Исаков[3], Н.Н.Крафт[4], А.В.Васильев[5] тағы басқалар жинады. Әсіресе көп жинаған Әбубәкір Диваев болды.

Бері келе қазақ ертегілерін белгілі ғалымдар: Н.Н.Пантусов[6], А.Л.Мелковтар[7] да жинады.

Орыс ғалымдарының осындай үлгісі әсер етіп, қазақ қаламгерлері де көп еңбек істеді, солардың ішінде Ыбырай Алтынсарин, О.Альжанов, Р.Дүйсенбаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мәулікей, Шәді, Ақылбек, Нұрымұлы Жүсіпбек, Ғ.Ғабдушев, профессор Әубәкір Диваев, М.О.Әуезов, Ә.Қ.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайловтарды арнай айтып өту қажет. Осылайша екі халық /орыс пен қазақ халқы/ сырласып, мұңдасып бірін-бірі түсіне бастады. Бірінің жоғын екіншісі жоқтап, намыстарын жыртысты.

---

[1] Г.Н.Потанин. «Казахско-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки», «Живая старина», 1916.

[2] «Этнографическое обозрение», 1890, №4, 1898, №1, «Дневник антропологического отделения общества любителей естествознания». 1890, выпуск Y. т.XII. «Киргизская степная газета» - 1895, №19.

[3] «Тургайские областные ведомасти», 1891, №12; 1894, №11, 47, 48.

[4] Н.Н.Крафт. «Из киргизской старины», 1900 г. Оренбург.

[5] А.Н.Васильев. «Образцы киргизской народной словесности», выпуск I. «Киргизские сказки». Оренбург, 1898.

[6] Н.Н.Пантусов. «Материалы к изучению казах-киргизского наречия» выпуск 2,3,4 и 6, Казань - 1901. «Образцы киргизской народной литературы». Казань - 1909.

[7] А.Л.Мелков. «Материал по киргизской этнографии и сказки». Труды общества изучения киргизского края. Оренбург, вып. 1-3, 1921-1923, том 5 вып. 2/, 1924. «Материалы по киргизской этнографии». Оренбург. 1925.

I. РЕВОЛЮЦИЯДАН БҰРЫНҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖАЙЫНДА

а) Махамбет Өтемісов

Осы бір кезеңде демократиялық идеяның келелі мазмұнын толық ұққан қазақ азаматтары бой көрсетті. 1836-1837 жылдары Россияның ақ патшасы жүргізіп отырған арамза саясатына қарсы қазақ шаруаларын көтеріліске шақырып, ұйымдастыра білген шебер басшыларының бірі – Махамбет Өтемісов болды. Ол қазақ әдебиетіндегі жауынгер де, суырып сал ақын және жүрегі жаудан қайтпаған батыр, аты-шулы Исатай Таймановтың үзеңгілес жолдасы еді. Осы Махамбеттің орыс жазушысы Владимир Дальмен /козак Луганскиймен/ достасуы кездейсоқ факт емес, ол орыс пен қазақ халқының алғашқы рухани ұғынысуындағы үлкен айғақтың бірі тәрізді.

Қазақ елінде екі таптың – бай мен кедейдің бар екенін, бұлардың біріне-бірі өмірі үздіксіз жау екенін, ерте түсінген қырағы да тайсалмас батыр ақын Махамбет Өтемісов. «Махамбет қырық екі жасында 1845 жылан жылы өлді, Ілбішін уезіндегі Дендер деген жердің күншығыс жағындағы Қара-ойға қойылды. Бір жылдан соң Ықыластың[1] көмген жерінен ағайындары басын ұрлап әкеліп денесімен бірге көмген»[2] – деседі.

---

[1] Ықылас Махамбеттің досы, руы тама. Жабал бөлімінен Махамбетті өлтіріп, басын алып кел деп оны жұмсаған Баймағамбет хан екен, ол патша өкіметінің қатаң бұйрығын орындамақ. Ықылас Махамбетті Орал маңында өлтіріп, басын апарып бергенде Баймағамбет Ықыласқа: «Өлтір деп жіберген жоқ едім, тірідей ұстап әкел деп едім, басын алып кет» - дейді.

[2] Досмұхамбетов Халел. «Исатай Махамбет». Қазақстан мемлекет баспасының күн шығыс бөлімі. Ташкент - 1925 жылы, 66 бетті қараңыз.

Патша өкіметінің отарлау саясатына, оның ел арасында әмірін орындайтын итаршыларына: хан мен төрелерге қарсы шығып кескілескен үш үлкен көтеріліс болды, соның ішіндегі ең күштісі де, әділі де Исатай Тайманов /1789-1838/ пен Махамбет Өтемісов /1803-1845/ бастаған көтеріліс. Осы «Исатайдың көтерілісі қазақтың көзін ашып патша өкіметін танытты, патша өкіметіне сүйенген хандардың, сұлтандардың қазаққа нағыз дұшпан екендігін анық көрсетті»[1] – дейді.

Исатай Тайманов «Жауда жанын аямады. Жауласса қолдың /әскердің/ алдында, қашса артында болды. Көптің арызын айтамын деп орданы /ханның ордасын С.Т./ қамағанда да алданып қалды. Жайықтан өтерде орысты /патша әскерін/ өзі қамап тұрып көшін, жолдастарын аман-есен өткізіп болған соң ғана өзі өтті. Жортуылға өзі жүрді. Жолдастарын жауға тастамаймын деп барып келді. Халық үшін Исатай үй-ішін туған-туысқандарын садақаға берді. Екі баласы бір қатыны соғыста өлді. Екі баласы бір қатыны жаудың қолына түсіп, айдауда шіріді. Ағайындары шабылды, тұтылды. Тырнақтап жиналған мал-мүлкі, бүтін қара орман дүниесі жаудың қолында қалды».

«Жәңгір ханға кәдірлі елдің билері бірнеше рет ханмен бітістіремін деп араға түссе де Исатай болмады. «Халықтың тілегін орындамаған ханмен бітім болмайды» – деді.

«Оралдың одаманы /атаманы/ Факатили де, Орынбордың жандаралы /генерал Оренбургта С.Т./ Перовскийдің өзі де бірнеше шақырып, дегенінді істеймін деп уәде берсе де сөзіне ермеді, өзінің дұрыс деген жолымен кетті» /әлгі кітаптың 47-48 беттерінде/.

[1] Аталған кітаптың 57 бетін қараңыз. /С.Т./

Осынша адал және әділ туған Исатай Таймановтың қаңды көйлек жолдасы да досы батыр Махамбет – үздік ақын Махамбет Өтемісов.

Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға өз үйінде отырып айтқан өлеңіндей күшті сөзді бұдан бұрын да, соң да ешбір ақын-жырау айтпағандай, сонда:

«Әй тақсыр-ау, әй тақсыр,
Бойың жетпес биікпін.
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.
Айта келген сөзім бар,
Не қылсаң да жасырман.
Шамдансам жығар асаумын,
Шамырқансам сынар болатпын.
Кәр қылад деп тақсыр-ау,
Аяғыңа бас ұрман!
Бай-еке сұлтан ақ-сүйек,
Қыларың болса қылып қал,
Күндердің күні болғанда
Бас кесерім жасырман!»...

деп қасқая тартады. Екі жүзді нар кескен ғой ол! Өз табының адал ұлы, аңғырт батыры да, жалынды ақыны, отаршыл орыс патшасына да оның құйыршығы қазақ еліндегі хансымақ сұлтандарға да майысып иілмеген, еңбекші елі үшін жемге сатылмаған нар Махамбет әрі қарай төгіле жөнеледі:

Әй, тақсыр-ау, тақсыр-ау!
Боз орданы тіктім деп,
Боз ағашты жықтым деп,
«Ханым, ханым» дегенге
Көтере берме бұтыңды,

Көптіре берме ұртыңды!
Күндердің күні болғанда
Өзіңнен мықты жолықса,
Ту сыртыңнан жармай алар өтіңді... »

Тағы да:

«Мен мен едім, мен едім,
Мен нарында жүргенде...
Еңіреген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім,
Ерегіскен дұшпанға
Қызыл сырлы жебе едім...
Өздеріңдей хандардың,
Қарны жуан билердің
Атандай даусын ақыртып,
Лауазымын көкке шақыртып
Басын кессем деп едім...
Еңсесі биік ақ орда
Еріксіз кірсем деп едім.
Керегесін қиратып
Отын етсем деп едім,
Туырлығын кескілеп
Тоқым етсем деп едім,
Тақта отырған хандардың
Төрде отырған ханымын
Қатын етсем деп едім.
Әлдилеген баласын
Жетім етсем деп едім...
Қанықейдей көріктінді,
Тінікейдей тектінді

Ителгі көзін төңкеріп,
Аш күшіктей қыңсытып,
Аш күзеңдей бүгілтіп,
Әділ жаннан түңілтіп,
Ат көтіне үңілтіп,
Артыма салсам деп едім!
Тілекті тәңірім бермеді,
Өздеріңдей хандарды
Осындай бір қылсам деп едім...
Хан баласы – ақ сүйек
Ежелден табан аңдысқан
Ата дұспан сен едің,
Ата жауың мен едім!... » –

дейді Махамбет. /Тағы сол кітапта/.

Бұл өлеңдер 1925 жылы жарық көрді, бірақ бұрын да ел аузында аңыз боп кеткен ұран сияқты. Сөйтіп, Октябрь революциясынан кейін, Совет үкіметі орнаған кезде: «қазақта тап жоқ, бай мен кедейдің арасы ашылмаған, қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған ынтымақты ел»... деп, кейбір зиялылардың көңірсуі былшыл екен-ау! Еңбекші елдің қорғаны, отаршыл патша өкіметі мен қазақ хан-сымақтарының қандас жауы – Исатай; «Әй, жігіттер! Қазақ еліне сәлем айтыңдар! Ел болам десе, құс төсек төсенбесін, шәй ішпесін, қималы етік /кебіс-мәсіні айтқан/ кимесін» – депті /137 бетте/. Сонда Махамбет мына өлеңді айтқан екен:

«Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңкейіңкі жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,

Терлігі майдай ірімей,
Алты малта ас болмай...
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық шөл көрмей,
Арып-ашып жол көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай
Түн қатып жүріп, түс қашпай ,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай
Ерлердің ісі бітер ме?!» –

дейді. Мұны ақын-жырау Махамбет сонау XIX ғасырдың бас кезінде айтады. Кавказ елінің ұлт қозғалысына басшы болған Имам Шәміл де осылай толғанған-ды. Өзінің туған елін тәуелсіз етуге тырысқан ел көсемдерінің негізгі көздеген мақсаты ұқсас болғандықтан олардың ойы да алыстан астасып жатады, бірақ бәрі де алысын ойлай алмай, жақыннан қайырады.

Осы бір тарихи кезеңді зерттеуші орыс ғалымдары да YIII топқа бөлінеді, соның бірі – патшашылдар: қозғалысты жамандап барынша балағаттайды да, ал екіншілері – демократтар: мақтап-мадақтап көтере суреттейді. «Шындықтың өзі де екі жақты» – деседі ғой! Ал үшінші топ – ара ағайындар, ешқайсысына бұрмай, тура болған жәйтті – оның шын мағынасын ашады да өзінен ешнәрсе қоспайды, бұрмаламайды.

Келешек буын Махамбет жырау уақиғасын зерттегенде Добросмысловтың «Тургайская область» /1902 жылы шыққан/ атты еңбегін, Сербариновтың «Исатай Тайманов» деген зерттеуін, Полферовтың «Среди инородцев» дейтін еңбегін, сонсоң осыларды

ескере отырып, негізінде ұлтшылдық бағытты бетіне ұстаған, «сары орыстың бәрі орыс» дейтіндей емеурін білдіретін Хәлел Досмұхамбетов /1925 жылы/ шығарған «Исатай-Махамбет» атты кітабын да ескеруі, солардың ішінен әділ ойларын алуы қажет.

XYIII ғасырдың аяқ шенінде 1773 жылы, Н.Ф.Савичев «Яицкие казаки и киргизы прошлого века» /«Өткен ғасырдағы Жайық казактары /қазақ-орыстарды айтып отыр – С.Т./ мен қырғыздар» /қазақтар – С.Т./[1] » деген ұзақ поэма жазған екен. Н.Ф.Савичев – оралдық казак-орыс офицері. Өзінің әскери ведомствосында урядник болып істеген, кейін оставкаға шығып архивариус қызметін атқарған. Савичев-тарихшы, әдебиетші, журналист, суретші және прогрессивтік-демократтық көзқараста болған адам. Ол Маңғыстауға Т.Г.Шевченконы /айдауда жүрген кезінде – С.Т./ әдейі іздеп барып, кейін екеуі достасып, өзара хат алысып тұрған. Н.Ф.Савичев аты-шулы қазақ композиторы Құрманғазы Сағырбаев туралы да көлемді мақала жазған[2]. Екеуі 1838 жылы кездескен, күйшінің суретін салған. «Құрманғазының Европалық білімі болса, ол музыка әлемінің жарық жұлдызы болар еді!» – деген де сол. Савичевтің бүйрегі «бұратана» халықтың еңбекші табынан шыққан Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов: «Жарқ етті де сөніп қалды»[3] – деп жазған да әлгі Савичев.

Бұдан кейін Махамбет ақынның жайын терең зерттейтіндер Рязановтың «Сорок лет борьбы Исатая Тайманова» атты еңбегін /1927/, сонсоң академик Қажым Жұмалиевтің толып жатқан көлем-

[1] Әсет Ламашев. «Алғашқы айғақтар» атты мақаласын қараңыз. «Қазақ әдебиеті» газеті, 1969, №39 /973/ номерінде - 27 сентябрьде.

[2] Бұл да сонда.

[3] Бұл да сонда.

ді еңбектерін де ескеруі жөн.

Саяхатшы-жазушы Е.П.Ковалевский сол заманда ұшырасып Махамбет Өтемісовтың ақылдылығы мен шешендігіне, әділдігі мен көсемдігіне, қажымас қайсарлығына және орыс тілін мүлткісіз білетіндігіне сүйсіне таңырқаған-ды. Әрине, қазақ феодалдары Махамбетті «жағымсыз мінезі» үшін жексұрын көрді. Өйткені Махамбет қазақ еңбеккерлерін озбыр жалмауыз алпауыттардан қорғап, әлгі оңаза феодалдардың арамза ындынан әшкерелеп отыратын табанды демократ-күрескер азамат еді. Сондықтан патша өкіметі де, оған сүйенген ел басқарушы ақсүйек феодалдар да мейлінеше жақтырмады.

Махамбет Өтемісов Бөкей ордасында орыс поручигі Аитовпен кездесті де Есет Көтібаровтың қарамағына ілініп, тұтқында жүрген орыс солдаттарын азат етуге көмектесті. Бұл қылығы да оның /Махамбеттің/ орыс халқына деген жылы сезімі мен айнымас достығын айқын дәлелдейді.

Орыс пен қазақ халқының ара қатынасында тұңғыш дәнекер болған аты-шулы батыр, суырып сал ақын Махамбет Өтемісовтен кейін, оның ізін қуған қазақ азаматтары көбейе түсті.

ә) Шоқан Уәлиханов

XIX ғасырда Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин, Абай Құнанбаев секілді ойшыл демократтар шықты. Бұлардың философиялық және мәдени-ағарту жөніндегі көзқарастары орыс демократтарының ой тұжырымдарымен ұштасып, қабысып жатты. Жоғарыда аты аталған қазақ халқының ірі қалам қайраткерлері жөнінде жазылған күрделі еңбектерге сүйеніп отырмыз[1].

[1] Академик-жазушы Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыз» романы, I-II том, Алматы-1968, 1970. «Жазушы» баспасы. Академик Әлкей Марғұлан - Ч.Ч.Валиханов кітабының I томына жазған кіріспе сөзі. Из-во АНКССР, Алматы-1961, стр. 9-103. Тарих ғылымының докторы Бекежан Сүлейменов. Ыбрай Алтынсариннің таңдамалы шығармаларына жазған кіріспе сөзі, Из-во АН КССР, Алматы - 1957. Филология ғылымының докторы Әнуар Дербисәлин «Ы.Ал-

/прод.см.сл.стр/.

Қазақ халқының жазушысы, этнографы, тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов XIX ғасырдың орта шенінде айтқан еді: «Мы связаны с русским народом историческим и даже кровным родством. Судьба миллионов людей, подающих несомненные надежды на гражданское развитие, людей, которые считают себя братьями русских по отечеству и поступили бы русское подданство, кажется заслуживает большего внимания и большей попечительности в таких решительных вопросах, которые формилируются в шекспировское: «быть или не быть»[1].

Оқымысты Шоқан Уәлиханов өз халқының болашағын алдын-ала болжады. Осы арада да өте көрегендігін істеді. Сонымен қатар Шоқан Уәлиханов орыс халқын тұтас алып отырған жоқ. Патша үкіметінің итаршысы болған, оның зорлық-зомбылығын жүгенсіз іске асырған бейбастақ орыс чиновниктері мен орыстың еңбекшіл халқының ара жігін ашып, айыра таныған болатын ол. Өз тұсында жақын досы Федор Михайлович Достоевскийдің: «Что тянуло... офицеров и чиновников в Западную Сибирь и Казахстан?» – деген сұрағына ол /Шоқан Уәлиханов/: «... желание немного разбогатеть на обширных просторах независимой Татарии .. обирать киргиз и на их деньги шить жене померанцевое платье на цитровых лентах...» деп ащы мысқылмен жауап берген еді.

Патша чиновниктерінің мінез-құлқын білетін Ф.М.Достоевский: «... хотя в Сибири холодно, но чиновникам живется тепло» [2] – деп Шоқанның әлгі пікіріне үн қосты.

---

[1] тынсариннің жазушылық қызметі туралы», Қазақтың мемлекеттік Оқу-педагогика баспасы. Алматы - 1957 ж. Мұқтар Әуезов. «Абай жолы» эпопеясы, 1-4 кітап, Қазақ мемлекет. Көркем Әдебиет Баспасы – Алматы – 1961.

[2] И.Ф.Бабков. «Воспоминание о моей службе в Западной Сибири», СПб. 1912, стр.49.

Шоқан Уәлихановтың үнемі хат жазысып, хабарласып тұратын Петербургтегі достары: Ф.М.Достоевский, А.Н.Майков, В.С.Курочкин тағы басқалары еді. Шоқан Уәлиханов 1856 жылы Ф.М.Достоевскийге жазған бір хатында өзі қызмет істеп, өмір сүріп жүрген жерін ұнатпай, содан кеткісі келгенде: «Омск так противен сплетнями и интригами, что я не на шутку думаю его оставить. Как вы думаете об этом? Посоветуйте Федор Михайлович: Как это устроить лучше?» – деп жазса, тап сол 1856 жылы Парижде жүрген И.С.Тургенев Россияға – Л.Н.Толстойға мынадай хат жазды: «Париж бұдан бұрын маған мұндай жексұрын көрінген емес еді. Бұл қалаға өте рахат тұрмыс жараспайды. Мен Парижді басқа бір жағдайда көріп едім, онда маған ұнаған болатын...» деді.[1]

И.С.Тургенев пен Ш.Ш.Уәлиханов екеуі бірін-бірі көрмей, білмей-ақ сол 1856 жылы екі қала туралы жазған хаттары қандай сабақтасып жатыр десеңізші! Жат елде, бөгде жерде жүрген екі адам бөтен қалаларда өмір сүріп, соның ойы-қырын білмегендіктен ұнатпайды. Әрине, жағдайлары ұйқаспаса да іштей жатырқап, іштері пысып, мүлде кеткісі келетінін баяндайды. Орыс пен қазақ халқының ардагерлері бірін-бірі алыстан ұғысады.

Шоқан Уәлихановтың жас кезінен бастап-ақ Н.Ф.Костылецкий, Н.И.Дабшинский, Т.Сейфуллин сияқты Россияның зерделі адамдарымен тікелей байланысты болуы мәлім. Бұлардың бәрі де Қазан Университетінің Шығыс факультетін бітірген егде адамдар жас Шоқанның қалыптасуына айрықша ізгі әсерін тигізгендер.

[1] И.С.Тургенев. Собр. соч. т.12, стр. 233. «...Никогда Париж не казался мне столь прозаически плоским. Довольство не идет ему и я видел его в другие мгновения, он мне тогда больше нравился»/ 1848 жылы революция кезінде көргенін, сонда Париждің өзіне қатты ұнағанын айтып отыр. С.Т./.

Екі жақты Шоқан тәрбиесін біздің Сәбең /Сәбит Мұқанов/ түбегейлі көрсетіп, көп жылдық зерттеу нәтижесін жариялап келеді.

Сол дәуірде Шоқан Уәлиханов көрнекті – ориенталист, тюрколог-профессор И.Н.Березинмен хат жазысып, пікірлесіп жүрді[1]. Оған себеп болған әлгі И.Н.Березиннің жақын досы өзі әдебиетші – ориенталист Ф.Н.Костылецкий еді. Жер аударылып Омбыда жүрген тарихшы-ғалым Гансевский де зор ықпал жасады. Аты шулы әлемге аян ұлы демократ Н.Г.Чернышевскийдің жас досы, әрі шәкірті, өзі әдебиетші В.П.Лободовскийдің де құнарлы әсері тимей қойған жоқ. Ендеше, И.С.Тургеневке Шоқанның қиырда жатып үн қосуы заңды сияқты.

Өр талантты жас Шоқан Омбыдағы кадет корпусында оқып жүрген кездің өзінде-ақ Денис Фонфизиннің /1745-1792/, Иван Андреевич Крыловтың /1769-1844/, А.С.Грибоедовтың /1795-1829/, А.С.Пушкиннің /1799-1887/, Николай Васильевич Гогольдың /Яновскийдің 1809-1852/; Виссарион Грегоревич Белинскийдің /1811-1848/, Александр Иванович Герценнің / бүркеншік аты – «Искендер» /1812-1870/, Николай Гаврилович Чернышевскийдің /1828-1889/ шығармаларын сарқа оқуы анық, солармен қатар Батыс Европаның атақты жазушылары – Шекспир, Руссо, Карлейль, Диккенс, Теккерей тағы басқаларының да орыс тіліндегі нұсқаларын меңгере білуі даусыз.

Орыс елінің көрнекті ғалымы Н.И.Веселовский қыршын күнінде дүние салған, оған дейін өзекті еңбектері орыс, ағылшын

---

[1] Осы пікір Шоқан Уәлихановтың І-томына жазған академик Әлкей Марғұланның сөзінде бар.

Академик-жазушы Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдызында» да айтылған. Оның үстіне Шоқан Уәлиханов «В воспоминаниях современников» атты кітапта да келтірілген. /С.Т./.

тілдерінде жарық көріп, айдай әлемге танылған біздің Шоқан Уәлиханов жөнінде мынадай мінездеме берді: «Шығыстану ғылымының құнарлы өлкесінен жарық етіп өте шыққан құйрықты жұлдыз Шоқан еді» деп, шындықты бүкпей айтты. Сәбит ағаның Шоқан туралы жазған романын «Аққан жұлдыз» деп атауы Н.М.Веселовскийдің осы мінездемесімен сабақтасса керек-ті. Сол кезде жер аударылып Омбыда жүрген декабрист Дуров Шоқанды «жұрт таңырқарлық кесек ойлы адам» – деп бағалады: Шоқанмен кадет корпусында бірге оқыған досы, заманында Сібір ғалымдарының шамшырағындай болған Г.Н.Потанин: «... у нас с Чоканом происходили большие споры в его квартире каждый раз я уходил от него разобиженным, потому что чувствовал себя всегда побитым на всех пунктах. Я все таки думал, что моя сторона правая, только я не имею ни тех знаний, ни того искусства, какие были у Чокана, чтобы спорить с ним»[1] – деп жазғанды.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов Николай Гаврилович Чернышевскиймен бетпе-бет кездескеннен кейін: «Чернышевский қандай ғажап адам еді, ол тек қана орыс халқының емес, басқа халықтардың да тұрмыс жағдайын, өмірін тамаша білетін кісі екен! Онымен сөйлесіп танысқан соң Россиясыз құритынымызға көзім жетті; орыс халқынан қол үзу – ағарту ісінен қол үзу – ағарту ісінен қол үзу екенін әбден ұқтым. Орыс халқынсыз біз баяғы жүгенсіз билейтін деспотизм мен қараңғылық басқан тек қана Азиялық ел боламыз да қаламыз, одан басқа ешкім бола да алмаймыз. Чернышевский – біздің нағыз досымыз[2] – деп тұжырып та, тауып айтқан болатын.

«Шіркін, Шоқан көрген ғой! Ол: – ағайын түгел болса – ат көп, абысын түгел болса – ас көп»; «алтау ала болса, ауыздағы

[1] Чокан Валиханов. «В воспоминаниях современников», Алма-Ата, 1964, стр.47.
[2] Н.Г.Чернышевский «Летопись жизни и деятельности Н.Г.Чернышевского», М., 1963, стр. 232 и Чокан Валиханов. «В воспоминаниях современников», Алма-Ата, 1964, стр.21.

кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді», «бірлік болмай тірлік болмайды»; «жалғыз ағаш – үй болмас, жалғыз жігіт – би болмас», «ер елімен мықты, емен жерімен мықты»; «азамат елден ажыраса – мәнсіз болар, Антей жерден – әлсіз болар» демекші осындай данышпан қағидаларды бойына түгел жинаған адам! Ол өзінің тағы үшін өспеген, азғантай елінің бағы үшін өскен азамат, сондықтан да өзіңнің табан тіреріңнен, арқа сүйеріңнен, күш қосарыңнан айрылма, ажырама, – деп кесіп айтқан ғой.

Шоқан Уәлиханов орыс мәдениетін, сол арқылы Батыс Европа мәдениетін де терең ұғынған ғалым, сонымен қатар оның назарынан шығыс әдебиетінің, мәдениетінің тұрлаулы туындылары да тысқары қалмағандай.

Шоқан грек-рим елінің мифологиясын да, алдыңғы араб Шығысының, Иранның әдебиет-мәдениетін, Қиыр Шығыстағы Монғол мәдениетін де жақсы білген ғалым. Доржи Банзаров оған көп ой салған. Арабтың «Мың бір түн» атты ертегісін, Иранның «Шахнаме» эпосын, монғолдың тіпті діни көзқарастарын да сарқа білген жан. Осының бәрі құрғақ сөз емес. Шоқанның өз еңбегінде анық айтылған ғой.

Қырғыз елінің даңқты көне эпосы «Манасты» Шоқан тұңғыш рет «Дала Илиадасы» деп атаса, осы эпостың жалғасы «Сәметейді» «қырғыз «Одиссеясы» деп бағалаған. Осыған қарағанда Шоқан Уәлиханов орыс әдебиеті мен Батыс Европа әдебиетінің ықпалын бойына сіңірген – содан ғана нәр алған ғалым емес, сонымен қатар ол классикалық шығыс – грек пен рим халқындағы көне мұралардың да негіздерін жақсы ұққан, олардың ішіндегі күрделі ойларды Европаға таратушы ірі ғалым екені айқын көрінеді. Сондықтан да Шоқанды көп жыл зерттеген қазақ ақын-жазушыларының бүгінгі ағасы

Сәбең /С.Мұқанов/ «Аққан жұлдыз» деп орынды ат қойған.

Махамбет Өтемісов, Шоқан Уәлихановтардың саналы салтын әрі қарай іске асыруға белсене кіріскен Ыбрай Алтынсарин болды. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында жарқырап көрінген қазақ халқының ойшыл демократ-ағартушысы еді. Ыбрай Алтынсарин өзінің бар өмірін қазақ даласында мектеп ашып, қараңғылықта жатқан ауыл балаларын тәрбиелеуге, оқытуға арнады. Қазақ еліне орыс халқының озат мәдениетін үйретіп, балаларын орысша оқытты, екі елдің арасына дәнекер болып, табыстырып, таныстыра түсті.

б) Ыбрай Алтынсарин

Ыбрай Алтынсарин 1879 жылы «Киргизская /казахская – С.Т./ хрестоматия» және «Начальное руководство к обучению киргизов /казахов/ русскому языку» деген екі кітап жазып шығарды. Орынбордағы орысша-қырғызша мектепті бітіргеннен кейін Ыбрай Алтынсарин Қазан университетінің профессоры Н.И.Ильминский, Шығыстану ғылымын зерттеуші В.В.Катаринский, статс-советник А.А.Бобровников, орыс-қырғыз /қазақ/ мектебінің мұғалімдері В.Д.Соколов пен А.А.Мазохин тәрізді сол кездегі орыс интеллегенттерімен тығыз байланысып отырды.

Қазақ елінен шыққан көрнекті азаматтардың бірі және өз халқының тұңғыш ағартушысы Ыбрай Алтынсарин көзқарасының түп негізі еңбекшіл қара-бұқараның мұң-мүддесін жоқтайтын демократиялық идеология еді. Ол – өз жұртының өте бай ауыз әдебиетін толық білді, екінші жағынан өскелең орыс халқының мәдениетінен үлгі алды, үшінші жағынан Шығыс елдерінде орныққан мәдениеттің прогрессивтік бағытынан да құр алақан емес еді. Осы үш арнадан шыңдалып шыққан Ыбрай Алтынсарин мәдениет майданында

жоғары сатыға аяқ басты.

Ыбрай Алтынсарин ең алдымен өрлеп өсіп келе жатқан орыс халқының мәдениетін терең меңгеруге кірісті. Өзінің көшпелі елін отырықшы етіп, қала салып, мектеп ашып, мәдениетке баулыды. «Ол екі кластық орысша-қырғызша төрт училище, бір қолөнер училищесін, бір әйелдер училищесін, болыс-болысқа таратып бес училище, қоныс аударған орыс шаруаларының балаларына арнап орысша екі училище ашқан болатын»[1].

Осы мектеп ашылғанда Қазан университетінің профессоры Николай Иванович Ильминскийге Ыбрай Алтынсариннің жазған бір хатын келтіре кетелік: «Николай Иванович!... 8-го января совершилось давно ожидаемое мною открытие школы, и поступили в нее 14 киргизских мальчиков, мальчиков славных, смыслящих. Как голодный волк на барана, взялся я горячо за учение детей, и к крайнему моему удовольствию, мальчики эти в течение каких-нибудь трех месяцев выучились читать и писать по-русски и по-татарски... Учу сперва названия предметов, исключительно слова, относящиеся к имени существительному; потом названия качества предметов – имени прилагательному... и так далее. Два воспитанника... почти выучили уже три правила; занимаются разговорными переводами и читают «Детский мир» /педагога Д.Ушинского/ из которого также делают переводы. Когда воспитанники мои начнут немножко говорить по-русски, я смешаю с ними русских мальчиков, детей здешних поселян, на что имею уже законное право. Стараюсь всеми силами, чтобы подействовать еще на их нравственность, чтобы они впоследствии не были взяточника-

[1] И.Алтынсарин. Избр. произв. В предисловии составителя Б.С.Сулейменова. Изд. АН КазССР, Алма-Ата, 1957, стр. 25.

ми»[1].

Ыбрай Алтынсариннің нағыз педагог, шын мәнінде ағартушы адал азамат екенін айтқанда біз осындай ойларын ескеріп едік.

Бұл мектептердің мұғалімдеріне ол педагог Ушинскийдің «Детский мир» /«Балалар әлемі»/, Крыловтың «Мысалдар» /«Басни»/, Л.Толстойдың «Азбука и книга для чтения» сияқты орыс педагогтері мен жазушыларының кітаптарын ұсынды. 1879 жылы өзінің хрестоматиясын баспадан шығарғанда: «Бұл хрестоматияның кейбір кемшіліктері бола тұрса да ескерусіз қалмас және оқулыққа арналған тұңғыш кітап болғандықтан көздеген мақсатын орындап шығар деген үмітім бар»[2] – деп жазды.

Орыс-қырғыз /қазақ/ мектебінің мұғалімі А.А.Мазохинға жазған тағы бір хатын келтіре кету артық болмас: «Милейший мой Арсений Андреевич! Придерживайтесь только совета на дальнейшее время, не моего совета, а знаменитого философа – педагога Коменского[3] истинно счастливы те, которые умеют быть довольными тем, что у них есть, и те, которые могут себе сказать: «мы живем своим личным трудом, да еще другого, арабского философа, которого когда спрашивали, в чем состоит счастье и богатство, отвечал в умеренности»[4] – деп еді.

Әрине, бұл хаттағы ойлары біздің заманға сәйкеспейді, өйткені ол өз дәуірінің ырғағына қарай билеген кемеңгер адам, чехтың философ ғылымын да, арабтың философын да ақтара біліп, аудара төңкеріп отыр ғой, соның өзі де біздің мақтанышымыз.

---

[1] И.Алтынсарин. Избр. произведения. Под редакцией профессора Б.С.Сулейменова. Изд. АН КазССР, Алма-Ата, 1957, стр. 319-320.

[2] Жоғарыда көрсетілген кітаптың 29 бетін қараңыз.

[3] Чех елінің атышулы педагог-философы Ян Амос Каменскийді айтып отыр.

[4] И.Алтынсарин. Избр. произведения. Изд. АН КазССР, Алма-Ата, 1957, стр. 405.

Орыс тілінен қазақ тіліне аударудың алғашқы дәстүрі де Ыбрай Алтынсариннен басталады, 1892 жылы Ыбрай аударған «Қарға мен түлкі»[1] /«Ворона и лисица»/ атты И.А.Крыловтың мысалы шықты. /Ескерте кетелік Абайдың орыс классиктерін аударуы бұдан он жыл бұрын еді, ол Лермонтовтың «Бородино» деген әйгілі өлеңін 1882 жылы аударды, бірақ көп кейін жарық көрді ғой/.

Ыбрай Алтынсарин тек қана ағартушы-педагог емес, ол XIX ғасырдың екінші жартысында шексіз де шетсіз қазақ даласына мына келелі ойларын алып келген, нұр сәулесін шашып көзін ашқан белді де, беделді жазушы әрі өз халқының әдет-ғұрпын зерттеген білімді этнограф және белсенді қоғам қайраткері. Ол – орыс әдебиетіндегі өте зор классиктердің, атап айтқанда, И.А.Крыловтың мысалдарын, Л.Н.Толстойдың тағы басқалардың әңгімелерін тұңғыш рет аударып берген жазушы-аударушы, оның үстіне соларды қазақ жастарына оқытып үйреткен ұстаз-педагог.

Қазақ елінің оқығандары дүниежүзілік мәдениетті меңгеруге XIX ғасырда-ақ жұмыла кірісті. Бұлар ең әуелі шығыс әдебиетінен бастады. Мысалы, Фердоусидің «Шахнамасын» біздің молла Ораз персі тілінің өзінен аударды. Оның араб әрпінде жазған каллиграфиялық әдемі қолжазбасы Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық кітапханасында сақтаулы жатыр. /қолжазба номері 1187, таза сақталған беттері 484/. Бұл аударма, негізінен, қара сөзбен жазылған некен-саяқ өлеңдері де бар.

Өткен отызыншы жылдарда әлгі молла Ораз тастап кеткен баға жетпес, сирек кездесетін қолжазбаның біразын Тұрмағамбет Ізтілеуов өлеңмен аударды. Мұны аударуға себепкер болған мемлекет қайраткері марқұм Темірбек Жүргенов еді.

[1] «Дала уалаяты» газеті, №51, 1892, 19 декабрь.

«Шахнаманың» бір тарауын ақын-журналист, қоғам қайраткері, «Айқап» журналының редакторы Мұқаметжан Сералин орысшадан /ақын В.А.Жуковскийден/ қазақшаға аударып бастырды /«Айқап» журналында/. Бері келе қазақ қаламгерлері түгелдей тек орысшадан аударуға кірісті. Ыбрай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Молданияз Бекимов /А.С.Пушкиннің «Капитан қызын» 1903 жылы Қазанда бастырды/.

Ол кезеңде қазақ азаматы Алтынсарин орысшадан аударғанда өз халқының пайдасын көздеді, жеке сөзін қуаламай ойын беруге тырысты. Әңгіменің маңызына қарай, өз халқының ұғымына сай етіп аударды. Мысалы, К.Д.Ушинскийдің «Наблюдательность» деген әңгімесін «Үнді» /«Индеец»/ деп берді, орыс жазушысының «Ворона и рак» деген әңгімесі Ыбырай Алтынсаринде «Қарға мен құрт» /«Ворона и червяк»/ болды; Л.Н.Толстой жазған «Царь и рубашка» атты орыс ертегісі Ыбырай Алтынсаринде «Бақытты адам» /«Счастливый человек»/ болып алынған еді. Осы әңгімелердің аттарындағы айырмасы олардың ішкі мазмұнымен байланысты. Мысалы, Л.Н.Толстой жазған әңгімеде бір патша ауырып жатып: «Мені осы науқастан емдеп жазған адамға патшалығымның тең жартысын силар едім» – дейді, ал Ы.Алтынсарин осы оқиғаны өзінше шертеді: «Бір патшаның әйелі /ханымы/ ауырып қалады. Толып жатқан тәуіптер /дәрігерлер/ шақырылады, бәрі жабыла емдеп, бірақ ауру әйелді жаза алмайды. Осыдан кейін патша бақсы-балгерлерді жинап алады да: «Ей, бақсы-балгерлер, ханымды кеселді дертінен айықтыратын дәрі іздеп табыңдар, егер таба алмасаңдар бәріңді де қырып-жоямын»[1] деген бұйрық береді.

[1] И.Алтынсарин. Избр. произведения. Под редакцией профессора Б.С.Сулейменова. Изд. АН КазССР, Алма-Ата, 1957, стр. 446-514.

Осы авторлардың екеуі де өз ортасын өте жақсы ұғады, халқының салт-санасын жете түсінеді, мысалы, Л.Н.Толстойдың патшасы ығы-жығы жоқ қу және шексіз «мырза», ол жалынып-жалбарынады, өлердегі сөзін айтып өтінеді, тіпті патшалығының жарым-жартысын силамаққа уәде береді; ал Ыбырай Алтынсариннің патшасы – жүгенсіз, бетімен кеткен дозақы, шығыстың ауыздықсыз леспоты, ол өтінбейді, қорқытады, табаныңнан тудыр» – деп бұйырады.

Ы.Алтынсариннің «Байлықты пайдаға асыру» /«Употребление богатства на пользу»/ деген әңгімесі Л.Н.Толстойдың «Петр I и мужик»/ /«Бірінші Петр мен мұжық»/ атты әңгімесіне байланысты, бұл әңгіме «Азбука» деген оқулықта /екінші кітабында, СПб., 1872 жылы/ жарияланды.

Ы.Алтынсариннің «Жалқау» /«Неряшливость»/ әңгімесі В.И.Дальдың «Нечистоплотный крестьянин» деген әңгімесіне ұқсайды. Алайда, араларында айырмасы да бар, мысалы, Дальдің геройы жалқау Иван, ал Ы.Алтынсариннің геройы еңбекқор жақсы жігіт ұлі мешер /татар/ Керім болады.

Қазақ жазушысы, ағартушысы Ы.Алтынсаринге И.А.Крыловтың, Л.Н.Толстойдың, В.И.Дальдың және орыс елінің көрнекті педагогтері К.Д.Ушинскийдің И.И.Паульсонның тигізген әсері ұшан-теңіз. Мысалы, И.А.Крыловтың «Ворона и лисица», К.Д.Ушинскийдің «Коза и лисица», Л.Н.Толстойдың «Визир Абдул» деген мысалдарына Ы.Алтынсарин «Жақсылық пен жамандық» деп бір-ақ ат қойып алған. И.И.Пульсонның «Петр Великий под судом» деген мысалын Алтынсарин «Ізгі бала» деп алыпты. Тізе берсек мұндайлар көп-ақ екен.

Ы.Алтынсарин өлгеннен кейін оның досы профессор Н.К.Ильминский бастаған біраз авторлар бірігіп 1891 жылы «Воспомина-

ния об И.А.Алтынсарине» атты кітап шығарды. Орыс-қазақ мектебінің мұғалімі Н.Иванов Ы.Алтынсариннің «Бай баласы мен кедей баласы» деген әңгімесін орысшаға аударды, әңгімедегі кейіпкерлердің аттарын қойды да «Асан и Усен» деп жазды. Бұл әңгіме /«Асан и Усен»/ 1890 жылғы «Родник» журналында жарық көрді.

в) Абай Құнанбаев

Біздің әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, жалпы рухани байлығымыздың айдынынан шыққан Абай Құнанбаев қазақ елінің теңдесі жоқ «Тел-қарасы» екенін мойындамау қиын. Ол қазақ әдебиетінде сыншыл-реализмнің негізін қалаған үлкен тұлға. Абай көркем сөздің шебері. Ол – философ, ол – сатирик, ол – ойлы ұстаз, ол – зергер ақын, сөз меруертін тереңнен толғаған жазушы, тәрбиеші, ғалым. Шенқұмар әрі қатал, барып тұрған жүгенсіз феодал, жалғыз көзді жалмауыздай Құнанбайдың семьясында өсіп, ержетті ол. Әкесі Құнанбай оны өзі сияқты қанықпезер, мансапқор әкім етіп шығаруды көздеді. Абай бұл жолға беттемеді, сол кездегі еңбекші елді аяусыз қанаған феодалдық құрылыстан – дағдылы салт-санадан үзілді-кесілді қол үзді. Ол – халықты ілгері сүйрейтін соны жол іздеді. Тереңнен толғайтын ойлы Абайдың еңбекші әлеуметтің қамын жейтін Абайды шабыттандырған творчествоның азабы еді, ол азап үздіксіз ізденуден туды. Ғасырлар бойы қараңғы түнек басқан, бірақ келешекте озбыр қара күшті еріксіз жеңіп шығатын, өрге ұмтылып, үдере талпынған еңбек иелерінің ойы мен арман-тілегі Абайды осы арнаға әкеп тоқыратты. Қарыштап ілгері тартқан тарихи бағытты алыстан ұғынды. Абайды айтқанда марқұм Мұқаң /М.Әуезов/ ауызға түспеуі мүмкін емес.

Абай творчествосы жаңа жолға түсті, қазақ мәдениетінің дамуын соны бағытқа қарай бұрды. Саналы қайраткер Абай қазақ халқының еңбекшіл шаруаларын орыс елімен достастыруға, Россияның прогрессивтік күшімен біріктіруге үңдеді.

Қазақ халқы мен бөгде халықтардың арасына өшпенділік өртін жағып, өзінен бөтен елге күдіктене, сезіктене қарап, ел ішіндегі шолақ ойлы феодалдар ылаң салып жатқан кезде ақын Абай қырағылығымен әйгілеп халықаралық мызғымас достықты ұран етіп көтерді. Орыс пен қазақ халқының туысқандық-көршілік байланысын нығайтуға Абай зерделі ақындық дарынын сарқа пайдаланды.

Абайдың пікірлес достары орыс демократтары: Е.Михаэлис, Н.Долгополовтар еді. бұлар дүние жүзіне белгілі демократ-революционер Н.Г.Чернышевскийдің шәкірттері болатын. Содан бері үзілмей келе жатқан көне достықтың айғағы болып, тап кеше Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың «Абай» романы шыққанда атышулы Н.Г.Чернышевскийдің немере қызы Нина Михайловна Чернышевская былай деп жазды:

«С чувством глубокого волнения я читала Вашу прекрасную книгу «Абай». Мужественный отважного, талантливого и благородного сына казахского народа, созданный Вами будет воспитывать и закалять советскую молодежь. Примите от меня, внучки Н.Г.Чернышевского, искреннюю благодарность за Вашу красивую, поэтическую и глубоко патетическую книгу»[1] – деді. Қазақ пен ұлы орыс халқының үзілмес достығын Абай мен Н.Г.Чернышевскийдің рухани үңдестігін білдіруде бұдан зор тиянақ бола

[1] Дурнал «Простор», №8, 1967, стр. 67. СМ. статью Н.Анова «На литературных перекрестках».

да қоймас-ау!

Ақын Абай, терең ойлы Абай орыс елін түп-түгел алған жоқ, ол елдің де ішінде екі таптың бар екенін ерте ұғынды. Еңбекші халықтың намысын жыртатын ірі тұлғаларын таңдады, өз халқының игілігіне асатын маңызды пікірлерін ғана алды.

Сондықтан ол И.А.Крылов, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов тәрізді орыс халқының алдыңғы сапында тұрған ардақты азаматтарын, солардың туындыларынан өз жұртшылығын тәрбиелеуге қажеттерін ғана талғап, таңдап алатыны анық байқалады.

Әңгімені мысал жанры жайынан басталық. Иван Андреевич Крылов /1769-1844/ орыс халқының ұлы ақыны, мысал жанрының атасы. Ол – 1769 жылы 13 февральда Москвада туған. Ақынның әкесі Андрей Петрович Крылов көп уақыт қатардағы солдат боп жүріп, әрең дегенде капитан шеніне қолы жеткен кедей кісі екен.

И.А.Крылов 1782 жылы 13 жасында Петербург келді. Халыққа әйгілі қалам қайраткерлері Александр Николаевич Радищев /1749-1802/, Денис Иванович Фонвизин /1745-1792/, Николай Иванович Новиковтармен /1744-1818/ кездесті. Солардың соңынан ере шыққан жас Крылов театрымен әуестенді. Петербург сахнасында Фонвизиннің «Недоросль», Княжнин, Сумараков, Аблесимовтардың комедиялары сол кезеңде жүріп жатты. И.А.Крыловтың «Кофейница» атты комедиялық операсы сахнаға шықты.

«Филомела» мен «Клеопатра» деген көне грек өмірінен алынған екі трагедиясын ресми цензура сахнаға ұлықсат етпеді де, кейін И.А.Крылов мысал жанрына үзілді-кесілді көшіп кетті.

Ұлы ақынның тарихи маңызын сөйлеп біздің мақтауымыз аса қажет емес тәрізді, өйткені ол баяғыда-ақ өз орнын алған,

дүние жүзін тамсандырған көрнекті бейне. Соңынан ере шыққан әлемге әйгілі орыс халқының қалам қайраткерлері осы Крылов атайдың «күпісінен» шығуы даусыз: А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.В.Гоголь, М.Е.Салтыков-Щедрин тағысын тағы бәрі де мына сүйікті атасы Крылов басып өткен ізбен жүрді. Демократиялық идеяны жақтап, теңсіздікке, әділетсіздікке қарсы қамшы басқан орыс халқының тұңғыш ұлы И.А.Крылов. Ол – Россияда, басыбайлы құлдық өмірде, адамды адам қанаған дәуірде туды. Аттың түбеліндей аз ғана байлар биледі де қалың бұқара солардың табанында тапталды. Осындай сиқысыз сұмпайы тіршілікті көріп отырып, өзінің ойын айтпауға оның адамдық ары жетпеді. Сонда да жалақтаған қылышқа, үңірейе қараған мылтыққа көрнеу қарсы бара алмады, мысалдап, кінаялап түйреуге, зәрлі ойын «жіңішкелеп» жеткізуге бой ұрды.

Жер бетінде тап қоғамы туғаннан бері мысал жанры қалмай еріп келе жатқандай. Мысалдап айтудың өз пікірін ашық айта алмай, моймөңкелеп, әдемілеп берудің үздік белгілері үстіміздегі заманадан сегіз жүз, алты жүз жыл бұрын көне грек елінде болғанын ілгеріде де айтып өткен едік.

1808 жылы И.А.Крылов «Түлкі мен жүзім» атты мысалында: «Биік ағаштың басында өскен жүзімге, көзі көріп тұрса да бойы жетпейді, осылайша бір сағат әлекке түседі де ақырында, көрінісі тәуір болғанмен өзі әлі піспеген көк екен, ауыздың дәмін кетірер» – деп өкінішін білдіріп жүріп кетеді»[1].

И.А.Крылов мысалдары 1825 жылы Француз тіліне аударылған. Осы жинақты Парижде бастырған граф Орлов екен. Аударған

[1] И.А.Крылов. Соч. в двух томах. Библиотека «Огонек», Изд-во «Правда», М., 1956, стр. 155.

француз жазушылары: Дарь, Эньян, Жансуль, Арно, Суме, Стассар, Сегюр, Андрие, Сальм, Ле-Балья, Вьянне, Рессегие, Казимир Делавин, Нодье, Амабль, Тасть, София Ге. Ал Италия жазушыларынан қатысқандар: Жианноне, Монти, Пиндемонте, Лампреди, Анджелони, Бионди, Риччи және Сальфи болыпты. Бет ашарын французша Лемонте, италиянша Сальфи жазған[1].

Осы Лемонтенің беташары жайында А.С.Пушкин біраз ойларын айта келіп, әрине, «француз халқы Лафонтеннен ешкімді артық санай алмайды, ал біз болсақ Крыловты одан жоғары бағалаймыз: «Лемонтенің ойынша Крылов ешбір тілде сөйлей алмаса керек, тек француз тілін ғана түсінеді деуі шіп-шикі өтірік, біздің И.А.Крылов негізгі европа тілдерін түгел білген адам, ал елуге келгенде көне грек тілін де үйреніп қалды...»[2] дейді.

Орыс әдебиетінен Европа тіліне тұңғыш аударылған И.А.Крылов екенін жоғарыда да айттық. Ал араб тіліне 1863 жылы Крыловтың 10 мысалын Абдаллах /Федр Иванович/ Келзи аударса, 1867 жылы 41мысалын Ризкаллах Хассун аударыпты. Келзиде «Түлкі мен қарға», «Емен мен шілік», «Бақа мен өгіз»/ тағы басқалар бар, ал Хассун бұларды қайталамай өзгелерін аударады. Айта кететін нәрсе, олар Крыловты арабша ойлатады, мысалы, Крылов – «Климыч Петрге қарап ымдайды» /«Климыч кивает на Петре»/ десе, Хассун – «Бекр Омарға сілтейді» деп береді: қазақшаға біреу: «Көрсетер көзін қысып аулнайды» деп те аударған. Арабта: Васька – Бамбуль болады, Моська – Канбура атанады. Самарқан, Андалус қалалары кездеседі. Араб еліне белгілі адамдардың

[1] А.С.Пушкин. Соч. т.У, М., 1887, стр. 19.
[2] Аталған Пушкин кітабының 22 бетінде.

аттары: Джухейна, Лұқпан, Сухейль, Хасрой мен Дарий, Деила мен Әмір тәрізділер де жүр. Дозақта той жасалып / «Клеветник и Змея» мысалында/ жатқанда Нерон, Иуда немесе Наполеон аттары да аталады, бұлардың бір де бірі Крыловта жоқ. Егер араб тілінен қайыра орыс тіліне аударса И.Крыловты тірі жан танымас та еді» [1] – деп түйеді академик И.Ю.Крачковский.

Әр халықтың аударушысы өз оқырмандарын ойлап отырады. Сондықтан алшақ кетуі де айқын. Қалайда, жер шарындағы мәдениетті елдердің бәрі де И.А.Крыловқа қатты қызыққанын көріп отырамыз. Аударушы Хассун, кейініректе өзінің төл туындыларын да Крылов әсерімен жазғаны даусыз.

Қазақ халқы И.А.Крылов шығармаларымен көптен таныс. Ең алғаш Крыловты қазақ тілінде берген Ыбырай Алтынсарин, ал кейін 1898 жылдары ұлы ақынымыз Абай: «Емен мен Шілік», «Қазаға ұшыраған крестьян», «Жарлыбай», «Шегіртке мен құмырсқа», «Ала қойлар», «Түлкі мен қарға», «Бақа мен өгіз», «Піл мен Қанден» атты мысалдарын өз мүлкіміз етіп тастап кетті. Осы ізді қуалап жиырмасыншы ғасырдың бас шенінде Ахмет Баржаксин, Есет Өтетілеуов, Спандияр Көбеев тағы басқалар аударып шықты. Әркім өз жеткен жеріне жығылды, әйтеуір Абайдан асқаны әлі көрінбейді. Оған қосымша бізде «77 мысал» да, «Қырық мысал» да бар. Сапасы қанша төмен болса да Крыловты қадір тұтпаған біреуі де жоқ.

Әрбір аудармашы өз халқының жыртығына жамау болатынын, өнеге өсиет есебінде қажеттерін іріктеп алғандай. Мысалы, Абай: «Шегіртке мен құмырсқа» мысалын аударғанда өзінің көшпелі елін отырықшылыққа баулуды үйретпек болды. Осы мысалдағы «Құмырсқа»

[1] И.Ю.Крачковский. «Избр. соч.», М. -Л., 1956, т.III, стр. 163.

бейнесінде поселке болып, қыстай-жаздай еңбек істеп жүрген орыс крестьяндары айтылады да, «шегіртке» көшпелі қазақ халқының кейпінде көрініс береді. Сонда алажаздай көшіп-қонып, рахатқа батып, серуендеп жүрген қазақтар, қылышын сүйретіп қыс келгенде селкілдеп, дірілдеп поселкеге келеді.

«Қарағым жылыт, тамақ бер,
Жаз шыққанша асыра!» – деп үзіле өтінеді. Сонда отырықшы орыс крестьяны:

«Мұның, жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең?
Жаның үшін еш шаруа,
Ала жаздай қылмап па ең?» дегенде:
«Мен өзіңдей шаруашыл,
Жұмсақ илеу үйлі ме?
Көгалды қуып, ән салып,
Өлеңмен қолым тиді ме?» деп
шегіртке сылтауратады. Сонда құмырсқа /отырықшы мұжық кейпінде/ кекетеді:

«Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші, есіл ер!
Алажаздай ән салсаң,
Селкілде де билей бер!»
деп түйеді...

«Ала қойлат» атты мысалды И.А.Крылов тегін жазған жоқ, мұнысы ақ патшаның құлқын құмар саясатын, отар елдерді қандай жолмен қанауын суреттейді. Онда арыстан /орыстың ақ патшасы есебінде/, аю мен түлкі /екі уәзірі, екі министрі/ болып мәжілісте отырады. «Әділ» патша «Ала қойларды» көргенде көзі

ауыратынын айтады, заты, жегісі келеді білем, бірақ өз қол астындағы халқын қыру ұятқа қалдыратынын ұғып, енді қалай құртудың амалын іздейді.

«Тұрды патша қайғырып уайым жеп,
Ала қойды болады қайткенім еп?» –

дегенді айтып кеңеседі. Сонда:

«Қолбан етіп, қорс етіп, сөйледі аю:
Батыр патшам не керек көп ойлану,
Қойды жан деп, есіркеп кім аяйды?
Ақылы ала қойдың – қырып салу» –

деп аю сөлекет сөйлегенде:

Қабағын түйді арыстан сөзін ұғып,
Өлтірмегім оңай-ақ, қойды сығып,
Өз жұртын өзі қырған патша бар ма?
Жаман аттан қорқамын кетсе шығып» –

деп толғайды арыстан – патша, ол отар ұлттарды аяп отырған жоқ, өзінің қамын жейді, «жаман аттан қорқады». Саясатқа шебер сұм түлкі бұлардың бәрінен де асып түседі:

«Бекер қан төктірмеңіз әділ патшам,
Сөкпеңіз, – деді түлкі, – мен сөз айтсам:
Оңаша бір өзіңді қойға беріп,
Қайраныңда семіртіп, кең жайлатсаң.
Жарлықты кешіктірмей тез беріңіз,
Жаманды жақсыменен тең көріңіз.
Ала қой қорыққаннан өзі азаяр,
Қойшылыққа қасқырды жіберіңіз.
«Қара» деп, қатты тапсыр ала қойды-ақ,
Өзгесі өсер, ол кемір, сөзіме бақ,
Жақсы сөзбен біреуге тапсырған соң,
Жаман аттан боласыз сіз дағы аулақ» – дегенде,

«Құп» деді, оны арыстан қабыл көрді,
Қасқырға: «жақсы бақ!» деп жарлық берді.
Ала түгіл ағынан тыныш болыпты,
Түлкінің айтқанындай қылып еді,
Түлкінің айтқаны рас, жұрт ақылсыз;
Көре салды қасқырдан баяғы арсыз.
Ант ұрғандық түлкі мен арыстанда
Ол болмаса не қылмақ қасқыр жалғыз» – деп бітіреді Абай. Крыловтың ойын бұлжытпай береді.

Отарлау саясатының тепкісін көрмеген орыс елінің өзекті перзенті – И.Крылов мына езілген бұратана ұлттардың мұң-мүддесін қандай жеріне жеткізе шерткен десеңізші! Өзінің ойына дөп келген ұстазын алыстан ұғып Абай да сарқыла айтқан ғой. Француз, араб елдері аударғанша өздерінше жамап-жасқаса Абай И.А.Крыловтың сөзін де, ойын да ауыстырмай айнаға түсіреді. Осы мысалды оқығанда көз алдымызға көп адамдар елестейді. Николай патша-арыстан тәрізденіп оңаза кейпін көрсетеді, уәзірлері аю мен түлкі болып Бенкендорф, Аракчеевтер тұрады, ал «ала қойлар» – сорлы отар ұлттардың бейнесінде, мына жіберген «қойшылары»: Горчаков, Дюгамель, Кауфман, Перовский, Тройницкий сияқты жандаралдар бейнесінде елестейді.

«Сатира, юмор, ащы келемеж /сарказм/, кекесін /ирония/ осылардың түпкі қазығы жетім бұршағы мысал. Бұл жанр көне Грицияға, ежелгі Қытай, Индия елдеріне баяғыда-ақ кең жайылған болатын. Француздың Лафонтені /XYII ғасырда/ шықты. Орыс әдебиетінде Крыловтан бұрын талай мысалшыл ақындар болды, олар – А.Сумароков, В.Майков, И.Хемницер, И.Дмитриевтер еді. Мысалды өмір шындығына жанастырып, сатиралық маңыз берген, сөйтіп, XIX ғасырдың орыс әдебиетінде соны бағыт ашқан И.А.Крылов болды. «Басқаларға ұқсап мысалды тек мысал шеңбе-

рінде қалдырмай, оған өткір сатиралық мән берген нағыз данышпан адам Крылов» [1] – дейді В.Г.Белинский.

«Бритвы» /«Ұстара»/ деген мысалында И.А.Крылов декабристердің тағдырын есіне алуы айдан анық. И.А.Крылов орыс халқының ауыз әдебиетінен, мақал-мәтелдерінен, нақыл сөздерінен көп нәр алды, ал бері келе сол ауыз әдебиетінде өзі де мол үлес қосты. Мысалы, «Услужливый дурак опаснее врага» /«Пустынник и медведь» мысалында/, «Ты виноват уж тем, что хочется мне кушать» /«Волк и ягненок» мысалында/ деген тәрізді толып жатқан Крыловтың өткір сөздері қазір мәтел болып тарап кетті. Оның үстіне Крыловтың мысалдарында кездесетін жәндіктер, хайуанаттар, құстар, бақа-шаян бәрі де өздеріне ылайық қимылдар жасап, қаз қалпында қарым-қатынас істейді, ендеше, ол оқырмандарды еріксіз нандырады. Ақымақ аю, мына мекер түлкіге ұқсамайды, өзіне ғана ылайық сөздерді сөйлейді. Крыловтың үлгілі дана ақындығы да өмірді сонша жетік білуінен көрінеді.

И.А.Крыловтың қазақ халқына көп өсиеті сіңді, әлі де аларымыз сарқылмас. «Крылов атай» /«дедушка Крылов»/ деп ұлы мысалшыл ақынын орыс халқының сиынып та, сыйлап та атауы тегін емес, ондай үздік ойлы жанға жұрттың бәрі ортақ.

Орыс халқының ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкин де өзінің «Капитан қызы» атты повесіндегі «Капитан Миронов» образын осы Иван Андреевич Крыловтың туған әкесі – капитан Андрей Петрович Крыловтың бейнесінен алған сияқты.

Ендеше, өнегеліден үйрену, И.А.Крыловтың мысалдарындай етіп, өз оқырмандарымызды тәрбиелеудің даңғыл жолын салған

[1] В.Г.Белинский. Полное собр.соч.том XII, М. -Л., 1926, стр. 496.

Абай ғой. «Кінаялап, мысалдап айтқаннан көрі тура айтылғанды жұрт тезірек түсінеді, ал күлкі-келемежді ұғыну үшін үлкен мәдениеттілік, зор білім керек» деп В.Г.Белинский де тегін айтпаған-ды.

Олай болса қазақ елінде кесек туған ақын Абай И.А.Крыловты алыстан таныған екен!

«Абай орыс класситерінен өзіне үндес, идеялас, демократ ақындарды ғана аударады. Екінші, олардың шын мәніндегі искусство иелері екендігін Абай ұғынды. Солардың кез келген өлеңдерін де аударған жоқ, өзіне керегін алды. Кейбіреуін дәл өзінше берсе, кейбіреуін еркін берді, онда да ойын бұзбады», – дей келіп профессор-академик Қажым Жұмалиев: «Осынша дәл беріп, Абайдың үлкен үлгі тастауына себеп болған үш нәрсе, оның: 1) үлкен таланты; 2) орыс тіліндегі өлеңдерде қолданылатын сөздердің тек жәй мәнін ғана емес, әдемілік қасиеттерін де терең ұғынуы»; 3) қазақтың өз тіліне де мейлінше байлығы»[1] – дейді.

Әрине, тіл әдемілігі, тіл байлығы дегенді әдетте өмір шындығына байланысты ұғамыз. Өмірді көрсете білген сөз сұлу да, байлықта сонда. Орынды қолданылған, шындықты елестеткен сөздердің бәрі көрікті. Қазақ тіліндегі «Томағалы-Оралдың ақиығы деп бүркітті айтады, жемсауы салбырап тұғырда отыр», «өмілдірік», құйысқандарына күміс шапқан ертоқым» дейтін көнерген сөздерді әдемі дейтіндер бар. Көшпелі тіршіліктің дөңгелене қонған ауылы, ортасында қойға арналған «қотаны» қазір салтымыздан қожырап барады, сол ауылдағы байдың ақ ордасының боса-

[1] Қ.Жұмалиев. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі, А., 1948, 176-180 беттерін қараңыз.

ғасында «тұғырда отыратын томағалы бүркіт – «Оралдың ақиығы» тағы жоқ, олардың орнына отырықшы болып еңбекке жұмылған поселкелі ауыл, ит жүгіртіп құс салған сергелдең әмір-аңшылық та қожырап барады. Көне ауыл көшкенде «күміс өмілдірік» күміс құйысқан» салып бір-бір сәйгүлікті ерттеп мініп шаба жөнелетін жалқау тіршілік өзінен өзі жойылды да олардың орнына ақшылықты алты босатып «Москвич», «Волга», «Зимдер» келді. Бұлар тұрғанда анау мешеу тіршілікті көксейтін тірі жанды көре алмайсың, ендеше артта қалған кер заманға құмарту кейбір «тойып секіретіндердің» әуейілік ісі. Бұлардың бүгінгі күнде тек қалдықтары ғана сақталған. Сондықтан әлгі көнерген сөздер сұлу бола алмайды – бүгінгі өмірді елестетпеген сөздер поэзиядан өз орындарын таппаған соң жексұрын көрінуі мүмкін, жұртта қалған бұралқы диалекттер тәрізденеді.

Осылармен қатар тағы бір сарынды сарапқа салып көрелік, өйткені біз өткеннің бәрінен бірдей қашуды қолдамаймыз, ескісіз жаңа жоқ деседі. Мысалы, өзінің бұрынғы тура мағынасында жүректі айнытатын дөрекі сөз – «қағанақ» та орнын тауып жаңғырса көріктеніп құлпырып сала береді екен:

«... Сенен артқан досы жоқ,
Кебісін қойсаң ағалап,
Сенен артқан қасы жоқ,
Мінін айтсаң шамалап,
Мақтай берсең панаң-ақ
Мақтамасаң қағанақ»[1] –

деген өлеңнің ішіндегі «қағанақ» жеке айтылса – тұрпайы-ақ

[1] Ә.Тәжібаев, «Аралдар», Алматы, 1958, 43 бетте.

қой, ал осы шумақта сол сөз неге сұлуланып тұр? Оның себебі – бұл жерде мүлде жаңғырып кеткен, енді ол көне «қағанақ» емес, ешбір хайуанатты да есіңе түсірмейді, тек қана шытынап сынғалы тұрған, қит етсе, жарылып кетуге дайын менмен адамның мінезін бейнелейді. Ақын Ә.Тәжібаев дұрыс қолдана білген де, ескіні жаңартып, бүгінгі шындықты тура айтқан. Өлеңнің ішіндегі ой ұйытқысы да осы сөзге барып паналайды. «Өз заманында ойшыл ақын, жердің жәндігі емес, аспан ақыны» деп бір ауыздан ұйып тыңдаған патша сарайы, оның жарамсақ топас жендеттері маймылша мәймөнкелеп мадақтаған Владимир Бенедиковтың өлеңдерін қара сөзге айналдырып, талдап шыққан В.Г.Белинский: «Изысканность выражения всегда может служить верным признаком отсутствия поэзии»[1] деген ғой, сол Белинский Гогольдың «кейбір ұсақ кемшілігі тілінде» дей отырып, «Өлі жандарды» асыра бағалады. Ескі классицизм дәуірінде орын тепкен, кейініректе ескіріп босағаға сырылып қалған бұлдыр да бұралқы «ірі» сөздерді тастап, қарапайым қазіргі қоғамда күнде ауызша айтылатын «уақ» сөздерді кәдеге асырғанын құттықтады. Өмір шындығын тайсалмай дәл айта білгені үшін» – күзетшіге битін сықтырғанына дейін жоғары көтерді. Әрине, Ф.Булгариндер бұл «бит» туралы тыжырана сөйлеп, Гогольды сөгіп те көрген еді.

Олай болса, әдемілік бүгінгі өмір шындығын қазқалпында беруде жатыр. Мысалы:

«Бір сүйіп, бота көзді құралайды,
Таң атты енді жату ұнамайды, –
Деді де Алтай тұрды, Сұлу сонда:
«Жүрегім шыдамайды, шыдамайды»[2] –

[1] В.Г.Белинский. Полное собр.соч.в трех томах, том I, М., 1948, стр. 161.
[2] С.Мұқанов. Поэмалары – «Сұлушаш», 4 том, Алматы, 1956 ж. 112 бетте.

деген жолдардағы әдемілік «ботакөзде де», «құралайда да» емес, мына екі қайыра пысықталған, күнде айтылып жүрген «жауыр» сөз «шыдамайдыда» тұрғандай; өйткені байдың қызы Сұлушаш өзінің жылқышысы – малайы Алтаймен түнде кездеседі. Өзі есік ашып үйіне кіргізген – сағынған ғашық жарын ынтыға сүйген Сұлушаштың түнде ұшырасқанда кенет ойына түспеген сөз, бүгін таңертең келіп түседі. Мауқын басқан ғашық қыз енді суынғандай, әрі қарай осының арты не болар екен, қандай күйге ұшырар екенбіз деген күдік келіп Сұлушаштың алдында тұр. Міне, сонда ғана «шыдамайды» деген қарапайым сөз орнын табады да оған жан бітіз құлпыра жөнеледі, оқушының жүрегін тербетеді. Академик-ақын Сәбит Мұқанов осындай түйінді кезеңді көз алдыңа алып келеді...

«... Әрбір сөздің өзіңе лайық жаны болады. Көптеген оқушылар, тіпті жазушылардың талайы-ақ сөздің тек қана /этимологиялық/ мағынасына шүйіледі. Заты, сөздің жанын іздеп таба білу керек, ол басқа сөздермен біріккенде ғана жарық етіп көрінеді де кейбір шығармаларды құлпыртып жібереді»[1] – дейді, Ги де Мопассан /«Су ішінде» – «На воде» атты очеркінде/.

Қорыта айтқанда Абайдың шеберлігі әр сөздің жанын дәл таба білуінен барып шыққан еді. Қалауы табылса қар жанатындай бар сәулетімен жарқырап контексте көрінеді.

Осы арада шала орысша-шала татарша, шала қазақша тілмен аударылған А.С.Пушкиннің «Капитан қызын» /аударушы Молданияз Бекимов, 1903 жылы/ былай қойғанда, қазақ тілін сор-

[1] В.Пушков «Первые встречи» атты мақаласында Сергеев – Ценскийдің аузынан айтқызады. Журнал «Октябрь», №9, 1960, стр. 188.

латпайтын, өлең ережесін жетік білетін С.Көбеевтің «Үлгілі тәржімесін» /1910 жылы/ ұлы ақын Абай аудармаларымен салыстырып шолып өтелікші. И.А.Крылов «Дуб и трость» десе С.Көбеев оны «Үлгілі тәржімеде»: «Емен ағаш пен тал шыбық» – деп аударады, ал Абай «Емен мен шілік» дейді. Мысалдың атын қойып, өзіне кіріселік. Крыловтың:

«С тростником дуб однажды в речь вошел,
Поистине, роптать ты вправе на природу, –
Сказал он, – воробей и тот тебе тяжел,
Чуть легкий ветерок подернет рябью воду
Ты зашатаешься, начнешь слабеть... »[1]

деген бес жол өлеңін «Үлгілі тәржімеде» Көбеев:

«Бай болсаң дәулетіңді көңіліне алма,
Көршіге семіздік қып қысым салма,
Мықтылықты күшің болса, орнымен қыл,
Бәрін де беретұғын жалғыз алла.
Үлкен болсаң кішіні кемсінбей жүр,
Неге десең ие ғой ол да жанға.
Емен илә шыбықтан сөз басталды,
Жақсылар құлағың сап кеңес тыңда!
Кей пенде айтып тұрған сөзін білмес!
Жақсының ғибратын көңіліне ілмес.
Бір шыбық, бір еменмен бір жерде екен,
Екеуі тұрдыдағы құрды кеңес.
Басында әжептәуір әңгіме еді,
Аяғы шайтан түртіп болды егес.
Кітаптан көргеннен соң жаза салдым,
Қасында тыңдап тұрған біздер емес.

[1] И.А.Крылов. Соч. в двух томах. т I, Библиотека «Огонек», М., 1956, стр.38 /Изд-во «Правда»/.

Емен айтты, – ей шыбық сөзім тыңда,
Болса да тұрмайтұғын өзің құнға...», –[1]

деп өз бетінше баяндап кетеді, әйтеуір А.И.Крыловтың ұзын-ұрғасын өзінше түсіндіріп шығуға талпынады. Осы «Үлгілі тәржімеден» тура он жеті жыл бұрын Абай былай аударған:

«... Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті,
Аллаға неден сорлы жаздың – депті.
Торғайға да майысып солқылдайсың
Жел бүлк етсе, тебесің әткеншекті... »[2]

деп бес жол өлеңді төрт-ақ жолға сиғызып И.А.Крыловты әдемі де дәл жеткізген Абай. Осы бір текстті екі ақынның екі түрлі келтіруі де аудармашының өз қабілетіне, өз талантына сай екендігін сипаттайды. Ақын Абайдың И.А.Крыловты дәл беруі иықтастығын көрсетеді. «Үлгілі тәржімеден» Абай аудармасы бұрын жазылса да артық. Мұның өзі де баяғы талантқа тіреліп жатса керек-ті.

Екінші бір орыс ақыны В.А.Крыловтың:

«Ах, мне изменила подружка моя,
И солнце померкло давно для меня;
Но смерть и покой я напрасно зову –
И с сердцем разбитым живу да живу»[3]

деген өлеңін біздің Абай:

«Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік,
Өмірдің қызығынан күдер үздік;

[1] С.Көбеев. «Үлгілі тәржіме», 1910 ж. 4-5 беттерін қараңыз.

[2] А.Құнанбаев. Таңдамалы шығармалары, ҚМКӘБ, Алматы, 1952, 296 бетін қараңыз.

[3] В.А.Крылов. Стихотворения. СПб, 1898, стр. 165-166. Өлеңінің аты «Разбитое сердце», «Я видел березу сломилось она»/ деп басталатын осы романстың музыкасы композитор А.Рубинштейндікі екен /Алайда бұл өлең «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын...» болады, 199 бетте/.

Жылы жүрек суынды, жара түсті,
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік...»[1]

деп аударады. Қандай дәл, қандай көркем тағы түсінікті шыққан десейші! Бірақ «Абайдың прогрессивтік-демократиялық бағыты мықты болды, сондықтан ол /Абай/ Лермонтовты татар тіліне аударған Ә.Юнусовтан, қазақ тіліне аударған Қ.Аманжоловтан анағұрлым артық»[2] – деген Сәбит Нұрышевтің пікіріне қосылғымыз келмейді. Совет дәуірінде туып, тәрбие алған Ә.Юнусовтың, Қ.Аманжоловтың демократтық идеясының осалдығында болуы мүмкін емес. Тіпті идеялық жағынан табанды революционерлердің бәрі бірдей ақын болмаған ғой. Оригиналдың идеялық жағын түсіну, әрине, үлкен қажет, алайда әркім жеткен жеріне жығылып жатқан шығар демекпіз. Абайдай болмадың деп жазғыру да қиын.

Енді Абайдың орыс халқынан шыққан ұлы бейнені – А.С.Пушкинді қазақ еліне қалай әкеп бергенін де айта кетелік.

А.С.Пушкиннің атақты романы «Евгений Онегинді» Абай аударып қазақ еліне таратты. 1889 жылы мынандай үзінділерден жеріне жеткізіп кетті. Олары: «Онегиннің сыпаты», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегиннің сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьяна сөзі», «Онегиннің өлердегі сөзі», «Ленскийдің сөзінен» деп Абай романды түгел аудармай, өз еліне керегін ойып-ойып алды. Қалайда, Татьяна Ларинаны қазақ аулындағы сүттің «қаймағы» мен «қапағын» қорек етіп жүрген Тоғызан мен Салтанат[3]

тәрізді суреттеді.Өз халқына жат қыз Татьяна емес, ол:

---

[1] А.Құнанбаев. Таңдамалы шығармалары, ҚМКӘБ, А, 1952, 199 бетте «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деп басталады.

[2]С.Нұрышев. «Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен» атты кітаптың қорытындысында, 98-105 беттер, А. 1956.

[3] Тоғызан мен Салтанат М.О.Әуезов жазған «Абай» романындағы кейіпкер әйелдер /С.Т./.

«Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем.
Екі сөз жоқ өмірімде,
Мен де сорлы бахыты кем... »[1]

деп толғайды. А.С.Пушкин айтпаған сөздерді әдейі енгізіп, өзінің төл туындысы, өз мүлкі еткісі келеді. Заманындағы оқырмандармен есептесіп отырады, қажетті кезеңде осылай еркін кетеді. Сөйте отырып, сол тұстағы қазақ ұғымына сай келетін жерлерін бұлжытпай түсіреді: Мұндай сәтті жолдар Абайдан көп кездеседі. Мысалы:

«Другой... нет, никому на свете
Не отдала бы сердце я!
То в вышнем суждено свете,
То воля неба я твоя... »[2]

деген Татьянаның сөзін Абай:

«Өзгеге... ешбір дүниеден
Еркімен тимес бұл жүрек,
Әзелде тағдыр иеден
Қожам сенсің не керек...?»[3]

деп аударады. Енді бір кезде Онегиннің:

«Предвижу все – Вас оскорбит
Печальной тайны свидание.
Какое горькое презрение
Ваш гордый взгляд изобразит... »[4]

деп Татьянаға айтқан сөзін:

«Құп білемін сізге жақпас
Ескі жара білтелеу.

[1]А.Құнанбаев. Таңдамалы шығармалары, ҚМКӘБ, А, 1952, 261 бет. А.С.Пушкин. Таңдамалы шығармалары, 1949, 90 бет.

[2] А.С.Пушкин. Сбор.соч., т. IY, М., 1960, стр. 69.

[3] А.С.Пушкин. Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1949, 81 бет.

[4] А.С.Пушкин. Сбор.соч., т. IY, М., 1960, стр. 168.

Ақ жүрегің енді ұнатпас.
Мезгілі жоқ қай медеу» –[1]

деп береді.

Пушкиннің ойын дәл беретін жерінде Абай оның өзінен аудырмайды.

Осы пікірімізді дәлелдеу үшін марқұм Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың сөзін де келтірелікші: Дәл 1934 жылы «Әдебиет майданы» атты журналдың 11-12 санында «Еленбеген ерекшелік» деген профессор Қ.Жұбановтың күрделі мақаласы жарқ ете қалды. Ғалым Құдайбергенге ғылым мен сананы «құдайдың» өзі де құлай берген екен! Ол Абайды елге танытты: Сонымен бірге өзін де ерекше танытып еді, қазақ халқының сол кездегі ілгергі сапта жүрген азаматтарын да өзінің темірдей күшті логикасымен мейлінше адал ғылми зерттеу арқылы еріксіз көндірді ол!

Сонда: «Қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың ұстайтын орнын босағаға қарай сырушылар, оған да місе тұтпай табалдырықтан шығарып тастаушылар[2], менің байқауымша, даусыз бір моментті ескермей жүр. Ол /момент/ өз тұсында Абайдың әдебиеттегі үздіктігі...» дей келіп, ана тілін сақтау жөнінде Пушкин екеуінің үндестігін баяндады.

«Ренессанстың /өршу, қайта көтерілу дәуірінің/ тарихи ірі мәнін айта отырып, сол замана тудырған титандардың бірі Мартин Лютер екенін әйгіледі. Ф.Энгельс: /«Диалектика природы» ГИЗ, 1931, 110 бетте/«Неміс

---

[1] А.С.Пушкин. Таңдамалы шығармалар /қазақша/, А., 1949, 87 бетте.

[2] 1934 жылға дейін А.С.Пушкинді де жатырқадық. сол бір кезеңде «Пушкин в Динамо» атты Михаил Кольцовтың фельетоны «Правда» газетіне басылды. Сонда: «Динамо» техникумында Пушкин өлеңіне еліктеп өлең жазған бір студент оқудан қуылып, сол студентке Пушкинді мақтап сабақ берген оқытушы ұстазының қызметтен қуылғаны айтылды...

Ақын Абайдан, ұлы Абайдан біз де ат-тонымызды ала қашқамыз. Әрине, арам пиғыл ешқайсымызда да жоқ шығар, алайда түсінбеушілік мол-ақ еді-ау! Міне, Құдайберген аға сол кезеңді түйреп отыр...

прозасының іргесін қалаған Мартин Лютердің тырнақ алды еңбегі «Жаңа өсиетті» /«Новый заветті»/ аударғаны болатын. Оның /Лютердің/ 1521 жылдан 1594 жылға дейін 13 жыл ұдайымен істеген әдеби қызметі «Тәуретті» /«Библияны»/ неміс тіліне аудару болған. Сонда да оған Энгельс «тәуретті» неге аударды деп ұрыспай, тілге сіңірген еңбегін бағалап отыр. Абайдың аударғаны «Құран» емес, Байрон мен Лермонтов, Пушкин мен Гете, Крылов. Өз жанынан жазғандары да дінге қатысы трактаттар емес, «өткірдің жүзі», кестенің бізі, өрнегін ондай сала алмайтын «сұлу өлең, шешен сөз», –[1] деп Абайдың ұлылығын ашып берді.

Қ.Қ.Жұбановтай алғыр да адал ғалым Абайды жан-жақты зерттеді. Мына аударма жөнінде де Пушкиннің сөздерін қалай бергенін бажайлап баяндады. Сонда Пушкиннің:

«Мои сомнения разреши
Быть может, все это пустое,
Обман неопытной души!
И суждено совсем иное...»[2]

дегенін біздегі аударғыштарға тікелемейді:

«Шеш көңілімнің жұмбағын
Әлі де бәрі – алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын
Талпынған шығар айға алыс» –[3]

деп әрі тура, әрі сұлу суретті қылып, үлгілі әдеби аударма береді» дейді Құдайберген Жұбанов.

Осының бәрін айта келіп: «Абай – ояну дәуірінің толқынынан пайда болған неміс Лютері, француз Молербиі емес... Бұл өз ортасының Дантесі

[1] «Әдебиет майданы», 1934, №11-12. /Құдайберген Жұбановтың мақаласын қараңыздар/.
[2] А.С.Пушкин. Собр.соч., т. 4, стр. 69-70, ГИХЛ. М., 1960.
[3] Абай. Таңдамалы шығармалары, ҚМКӘБ, Алматы, 1952, 251 бет.

сияқты... Абай соны дәуірдің басы, жаңалық желісінің жетім бұршағы. Оның төңірегі Эгей теңізі емес, Сарыарқаның шөлі де, өйткені классикалық Рим емес, үдере көшкен қайшылық өмір ғой»[1] – деп түйді.

Таласарлық, күдіктенерлік орын қалдырмады ол, оқырман жұртты ықтиярсыз мойындатты.

«Сіздерге еркін тиер байқап қара,
Сонда жауап бере алман мен бишара...»[2]

деген Абай сөзін келтіруі де тегін емес қой.

Сөйтіп, Абай аударған Татьянаның Онегинге жазған хаты қазақ халқының ұлттық өз өлеңіне – өз әніне айналды, ол күні бүгінге дейін халық аузынан түспей келеді.

Абай И.А.Крыловтың, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, В.Г.Белинскийдің, Н.Г.Чернышевскийдің, М.Е.Салтыков-Щедриннің, Л.Н.Толстойдың және басқалардың өскелең демократиялық идеяларын үздіксіз қорғаған тұрақты да тұлғалы бейне. Терең пікірлі ақын Абай өзіне дейін болған, кешеуілдеп-мешеулеп артта қалған қазақ әдебиетінің поэзиясына тың тақырып пен соны мазмұн қосып, ілгері дамытқан-ды.

Абай аударған «Татьяна өлеңі» мен «Тау шыңы» /«Горные вершины», «Қараңғы түнде тау қалғып» / біздің еліміздің сүйікті де ұлттық өлеңдеріне айналды.

Абайдың өз заманында ешкімде болмаған бір ерекшелігі – ол тек өлеңдерді аударып қоймайды, орыс халқының басынан кешкен тарихты да, өлеңде көрсетілген маңызы зор жағдайды да терең түсінеді. Мысалы, 1837 жылы М.Ю.Лермонтов өзінің «Бородино» атты даңқты өлеңін жазды, осы Бородинодан қиыр шетте – Шыңғыстауда жатқан Абай өз басынан кешпеген

[1] «Әдебиет майданы», №11-12.
[2] Абай. Таңдамалы шығармалары, ҚМКӘБ, Алматы, 1952, 196 бет.

уақиғаны қалай ұғынды екен десеңші! Ол өлеңінде М.Ю.Лермонтов шетел басқыншыларынан 1812 жылы өз елін қорғаған орыстан шыққан қайтпас болаттай батырларын, қажымас патриоттарын жырлады, сонда бар жігерін жұмсап француздай жауларын қуған тарихи кезеңнің 25 жылдығы толған күні – мерекелі тойға арнап тебіренді. Біздің Абай да Лермонтовтан қала қойған жоқ. Абай 1882 жылы туысқан ел – Россия тарихындағы осы зор уақиғаның 70 жылдығына арнап Лермонтовтың «Бородиносын» аударып өз халқына ұсынды, бұл датаның әйгілі де маңызды екенін ақын Абай ғана елден бұрын ұғынды; М.Ю.Лермонтов:

«Ведь были схватки боевые,
Да, говорят, еще какие:
Недаром помнит вся Россия
Про день Бородино...!»[1]

десе, Абай:

«... Болған білем соқтығыс,
Емес білем аз жұмыс.
Ұмытпайды еш орыс,
Бородинде көргенді»[2]

деп көңілдегідей етіп береді.

Абай орыс классиктері арқылы жалпы адамзаттың игілігіне айналған дүние жүзі әдебиетін терең түсінген ақын.

Көркем аударма, сол елдің төл әдебиетінің асыл қазынасы. Екінші сөзбен айтқанда, көркем шығарманың аудармасы да көркем болу керек.

[1] М.Ю.Лермонтов. Стихотворения. Собр. соч. в 4-х томах, том I, издат. АН СССР, М. -Л., 1958, стр. 408.
[2] А.Құнанбаев. Таңдамалы шығармалары, ҚМКӘБ, Алматы, 1952, 264 бет.

М.Ю.Лермонтов аударған И.В.Гетенің «Ночная песня странника» /«Жолаушының түнгі сарыны» атты қысқа өлеңі «Горные вершины» /«Тау шыңы»/ болып орыс әдебиетінің алтын қорына кірді де мәңгі орын теуіп қалды. Михайлов аударған Гейненің «Гренадеры», Курочкиннің Беранжеден аударғандары орыс халқының өз мүлкі болып кетуі тегін емес. Ойымызды тиянақтау үшін әлгі айтылған Гетенің өлеңін аударған ақындарды салыстырып өтелік:

«Uber allen gipteln
Jst Ruh
Jn allen Wipteln
Spurest du.
Kakm einen Haush,
Die Voglein Sehweigen
in Walde.
Warte hur, balde,
Ruhest auch»[1]

деген Гетенің өлеңін ақын Валерий Брюсов:

«На всех вершинах
Покой.
В листве, в долинах
Ни одной
Не дрогнет черты.
Птицы в молчании бора.

Подожди только:
Скоро –
Уснешь и ты» –[2]

[1] А.Лейтес. «Худ.перевод как явление родной литературы» деген мақаласында. Біз мұны «Вопросы худож.перевода» атты жинақтың 115-бетінен алдық.

[2] «Вопросы худож.перевода», М., 1955, 115 бет.

деп аударады. Жолма-жол, сөзбе-сөз дәл аударған, міне бұл да орыс әдебиетіндегі ізденудің үлгісі. Ал, М.Ю.Лермонтов:

«Горные вершины
Спят во тьме ночной,
Тихие долины
Полны свежей мглой.
Не пылит дорога,
не дрожат листы.
Подажди немного
Отдохнешь и ты» [1] /1840/.

деп береді. Бұл аударма Валерий Грюсовтың аудармасынан көрі Гетеден анағұрлым алыс тұр. Бірақ «Аударғанда әрбір сөзге жармаса бермей, автордың ойын жеткізуге шұғылданған жөн»[2] дейтін Гогольдің сөзін Лермонтов ақтап тұрғандай! Өйткені, Гете өз өлеңінде таудың басындағы «тыныштық-жыр-жыртықтан» бастайды да, түнде жорытқан жолаушыға қарап, «сен де тыншығарсың, дем аларсың» – деп аяқтайды. Гете мегзеген осы ойдың Лермонтов үстінен түскендей болады. Ұлы ақын – ұлы ақынды қиырдан ұққандай. Ал енді, Гетенің осы өлеңін біздің ақын Абай Лермонтовтан аударады.

Қараңғы түнде тау қалғып
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт дел-сал ғып
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол-дағы,
Сыбдырламас жапырақ,
Тыншығарсың сен дағы
Сабыр қылсаң азырақ» [3] /1893/

[1] М.Ю.Лермонтов. Сбор.соч. в 4-х томах, том I, М. -Л., 1958, стр. 49.
[2] Н.В.Гоголь. Полное собр. соч., Изд. АН СССР, М. -Л., 1940, стр. 311-312.

[3] А.Құнанбаев. Таңдамалы шығармалары, ҚМКӘБ, Алматы, 1952, 270 бет.

деп дәл береді де осы өлеңге қазақша өзі ән шығарады.

Сонау өткен заманда «Фауст» атты Гетенің ұлы поэмасын неміс тілінен французшаға Жерар аударған екен, сонда Гете: «Өзім жазған «Фаусты енді неміс тілінде оқығым да келетін емес, өйткені мына француз тілінде шыққан Жерардың «Фаустысы» /аудармасы/ жүрегімді тебірентеді, маған осы «Фауст» өте ұнап тұр, қандай өткір, қандай әдемі берілген»[1] – депті ғой. Өзі жазған «Фаустан» Жирардың аудармасын күшті деп бағалай білген, бөтен біреуге жақсылықты қиюға батылы барған дана ақын Гете, егер Абай аудармасын қазақ тілінде қазақ тілінде оқыса өкінішін білдірмес еді-ау деп ұғамыз.

Бір ескерте кететін жай, сырт қарағанда көшпелі ауылда, сахарада өскен Абайдың осынша шеберлікке жетуі таңырқарлық іс, ол тіпті неміс тілін білмей-ақ Лермонтов арқылы Гетеге жақындаған ғой. Оның үстіне М.Ю.Лермонтовтың лирикалық көңіл күйін өз ырғағына жеткізген, ал ұлы Гете ойының рухани нәрін қатал сақтаған. Сонымен қатар, қазақ халқының силлабикалық өлең ұйқасын ешбір бұзбаған, тағы да туған халқының /қазақ елінің/ синтаксисін де жете сақтай алуы айырықша көзге түседі.

Шотландия ақыны Роберт Бернестің бетін орыс әдебиетінде Маршак ашты. Әрине, ондай етіп аудару оңай емес, Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығады. Адам Мицкевичтің «Конрад Валленгорд» атты поэмасын А.С.Пушкин орыс тіліне түгел аудармақ болып бастаған

екен де, бітірмей тастап кетіпті. /Әрине, «Евгений Онегинді» Абай түгел аударып кетсе, басқаларға жұлмалатпас еді-ау!/. «Менің аударуға әлім келмейді, былай айтқанда аударушының үлесіне тиген ауыр еңбекке мойным жар бермейді» – депті. А.С.Пушкин өлеңдерін француз тіліне Н.Б.Голицын аударыпты, соған жазған хатында да А.С.Пушкин: «Сіздің таңдап алған мамандығыңыз аударма ғой, бұл мен білетін әдебиет салаларының ең бір

[1]А.Лейтс. «Художественный перевод как явление родной литературы» деген мақаласында. «Вопросы художественного перевода» атты жинақтың 107 бетін қараңыз /1955/.

қиыны және жақсы атақ бермейтін түрі» /«Род литературы, которому вы посвятили себя, наиболее трудный и наиболее неблагодарный из всех мне известных» дейді[1]. А.С.Пушкиннің осы пікірін одан жүз жыл бұрын Тредьяковский айтса, сол Пушкиннен елу жыл кейін Н.А.Некрасов та қайталаған екен. Ендеше, аудару оңай емес.

Абай теңдесі жоқ, «Телғарна» дегенбіз. Сонда оның тек орыс әдебиеті емес, шығыс әдебиетін де сарқа білгенін ескеріп едік. Абайдың «Масғұт» /әңгіме – өлең/, «Ескендір» /әңгіме – өлең – Іскендер Зұлқарнайын – Александр Македонский жайында жазғаны/, «Әзім әңгімесі» /«Мың бір түн» ертегісінен/ атты философиялық поэмалары – бұл ақынның Шығыс классиктерін де терең түсінетінін аңғартады. Дұрысына келсек ол ең әуелі араб-фарсы мәдениетінен нәр алған-ды. Ол: «Сағди, Сайқали, Шамси, Навои, Қожа Хафиздерден» бастаған-ды.

Өткен XIX ғасырда қазақ халқының демократтары Махамбет Өтемісов, Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар болды. Орыс халқы мен қазақ халқының бұрынғы жақындасуын, достасуын бұлар күшейте түседі. Ал, осы екі халықтың алғашқы жа-

қындасуы патша өкіметінің отаршылдық-реакциялық саясатына қарама-қарсы жүргізілді – отарлауды күйттеген патша өкіметі алыста жатқан Орта Азияны өзіне қарату үшін Қазақстанды аралықта жатқан «көпір» есебінде пайдалансақ болды. Сол мақсатын орындау үшін қазақтың өз ішінен хандар, сұлтандар сайлады, олар патшаның әмірін соқыр орындайтын жүгенсіз өскен жеңдеттер еді, сондықтан қазақ елінің еңбекшіл қалың көпшілігі бұл арамтамақтардың ырқына көнбеді – көтерілістер көбейе бастады. Бірақ,

[1] «Пушкин критик». Госполитиздат, М., 1950, стр. 31. Біз Пушкиннің бұл сөзін «Традиция реализма» атты П.Топердің мақаласынан келтірдік. См.сб. «Вопросы художественного перевода», 1955, стр. 54.

Қазақстанның Россияға қосылуы шаруашылық-экономикалық гүлдену жағынан да, әлеуметтік жаңғыру жағынан да толып жатқан үлгі-өнеге алып ілгері басты, ескі қаймағы бұзылмаған мешеу тіршіліктен айыға бастады. Әр төбенің басында көшіп-қонып серуендеп жүруден безіп, отырықшылыққа – хутор /күтір/ салып, жер байлығын пайдалануға кірісті. Бұрынғы тұншыққан тұйық өмір адыра қалып жаңа серпінге кірісті. Бұрынғы тұншыққан тұйық өмір адыра қалып жаңа серпінге бет алды. «Ақыл-ауыс, ырыс-жұғыс» болды. Мәдениетті көршінің әсері тиіп алға ұмтылды, кең айдынға беттеді. Қазақстанда өндіруші күш дами жөнелді.

Абай Құнанбаевтың реалистік-демократиялық бағыты мен Ыбрай Алтынсариннің ағарту жолындағы ойы орыс халқының өскелең озат мәдениетінің ізгі ықпалы арқасында өрге өрледі.

Кейінірек XX ғасырда тарих бетіне қалқып шыққан Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұқаметжан Сералин, Сәбит Дөнентаев тағы басқа демократ ақын-жазушылар тізбектеле шығып, өздерінен бұрынғы XIX ғасырда өткен ұстаздарының демократиялық пікірлерін жан-жақты зерттеп, ілгері аяқ басты. Орыс әдебиетінен үлгі алуға, оны мейлінше меңгеруге бет алды. Өздерінде барын көршіге беріп ауыс-түйіс жасауға тырысты.

«Оллаһи ант етемін алла атымен,
Орыс тілін білемін һәм хатымен... »

деп С.Торайғыров тегін айтқан жоқ.

Қазақ елінде қоғамдық ой-өрісі ешбір кедергісіз үнемі демократиялық даңғыл жолмен қасқиып тарта берді деу мүлде бекер болар еді. Ел болған соң оның ішінен ала да, құла да шықты. Түптеп келгенде екі жағы да орыс қоғамындағы үлгі-өнегеден нәр алды. Демократиялық қара бұқараны жақтайтын прогрессивтік пікір өзінің барлық даму кезеңінде ежелден елді билеп-төстеп үйренген буржуазияшыл кертартпа әкімдермен кескілескен

күрес үстінде өсті. Ендеше, қазақ жұртшылығында да әртүрлі саяси ағымдар болды. Негізі екі таптың уәкілдері болатын, қазақ байшылдары үркердей үйірлесіп орыс буржуазиясына – патшашылдарына арқа сүйеді. Бұлар жаңа келе жатқан әлеуметтік өзгерісті жатырқап, ескі көшпелі салтты, тар шеңберлі ұлтшылдық бағытты дәріптеді. Осылардың ішінен күйреп қалған көне әдет-ғұрыптың келмеске кеткенін ұғынғандар өздерінің негізгі ындынан бояп соны бағыт ашуға тырысты – «көркемөнер – көркемөнер үшін» деген сарынды шығарды. Мұнысы – «бүгінгі әлеуметтің мүддесін жырлай алмаймыз, бізге жер бетіндегі тап-тапқа бөлінген ылас тіршілік қажет емес, аспанда ұшқан құс, жерде жүгірген аңды, сылдырап аққан бұлақты, сыбдырлаған жапырақты суреттейміз, біз ақынбыз, жазушымыз – таза шындықты көксейміз!» – деп көңірсіді. Орыс әдебиетіндегі Мережковский, Зинаида Гиппиус, тағы басқалар сияқты декаденттер тобына барып қосылды. Бұлар «жаңалық» деп жармасты, ал орыс халқына бұл бағыт ежелден белгілі болатын.

Баяғыда XIX ғасырдың алпысыншы жылдарында Н.А.Добролюбов айтқан-ды. Мысалы, «ағаш жапырағын тамашалап суреттеу қандай керек болса, адамның мінезін де сондай қызықтап суреттеу керек дейтін «көркемөнер – көркемөнер үшін» дегенді жақтаушылар-

мен біздің жолымыз бұл жерде екі айырылды. Мүмкін, субъект нысанасынан қарағанда бұл пікір дұрыс та шығар: екі суреткердің дарыны бірдей де болар, тек жазып отырған саласы ғана әртүрлі шығар. Алайда, өзінің бар дарынын жапырақтар мен бұлақтарды тамашалап, әдемілеп суреттеуге жұмсаған ақынның маңызы, тап сондай дарынын әлеумет өмірінің көріністерін суреттеуге жұмсайтын ақынның маңызымен бірдей дегенге біз өмірі мойындай алмаймыз. Суреткер дарынының аясы мен сыпаты қандай, өзін

жекелей алғанда, немесе келешегін түгел шолып шыққанда, ол қандай болмақ деген мәселеден көрі, сол дарын не нәрсеге жұмсалып отыр деген мәселе әлдеқайда күрделі де керекті ғой. Сын мен әдебиетке де, қоғамның өзіне де осы соңғысы өте қажет» [1] деген еді ол!

Революцияның алғашқы кезінде «көркемөнер – көркемөнер үшін» деген бағыт басталды да тамырын құлаштап аса кең жая алмай өшіп қалды. Түптеп келгенде бұл да баяғы декаденттік сарынның түсі-түрін өзгерткен бір саласы еді.

Ұлтшыл-байшыл бағыттағы ақын-жазушылар өз табының құрып суалғанын сезді де, жаңғырып гүлдене бастаған замандағы қазақ елінің келешегін – қапас абақты, қараңғы түнек етіп көрсетуге ұмтылды. Жарлы-жақыбайлардың, еңбекші елдің зәре-құтын қашырмақ болды. Ал, мына өмірден күдер үзген, коммунизм идеясын жоққа шығарғысы келген ұлт шылдарға қарама-қарсы шығып революциялық бағыттағы қазақ халқының озат ойлы уәкілдері олардың арам пиғылын әшкерелеп, еңсесін көтертпей шабуылға шықты. Бұлардың қайсысын алсақ та, бәріне де орыс халқында орын тепкен ой-пікірлер мұрындық болғандай еді.

Егер орыс жазушылары Мережковский, Гиппиустер мына неміс философы Шпенглердің «Закат Европы» атты кітабын оқып, соның соңына еріп, «пайғамбарды» шығыстан іздесе, өз заманасына қарсы шықса, қазақ елінде де сондай жазушылар бой көрсетті. Әйтеуір орыс әдебиетінде болған түрлі бағыттар әсерін тигізгендей болды.

[1] Н.А.Добролюбов. Собр.соч. в 9-ти томах, том 4, ГИХЛ, М. -Л., 1962, стр. 313. Осының аудармасы С.Талжановтың «Адам туралы толғау» атты кітабында, «Жазушы» баспасы, Алматы, 1965, 134 бетте.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

II. Революциядан кейінгі әдебиет жайында

а) Сәкен Сейфуллин

1917 жылы Октябрь революциясының азаттық таңы атқанда «бостандықты қарсы алу үшін асығып тез аттанған» адам революционер-ақын, жазушы Сәкен Сейфуллин болды:

«... Жер мен көкке нұр шашып,
Көрінді таң жалтырап;

Шаттық тасып лүпілдеп,
Соқты жүрек қалтырап.
Кешікпей-ақ қызыл күн
Шыға келді жарқырап...
Күнге жайып құшақты,
Шақырып бері шаттандық.
Қуантуға ел-жұртты
Асығып тез аттандық» –

дейді Сәкен 9 март күні 1917 жылы. Тағы да сол 1917 жылы былай толғайды:

«Кел жігіттер
Болыңдар ер,
Жүйткіт,
Орғыт тұлпарды!
Жаз қанатты.
Сілте қатты,
Ұйтқыт, ерлет сұңқарды!...
Залымдық пен
Әділдіктің

Алысқанын айталық.
Жер жүзінде
Бай мен кедей
Шабысқанын айталық!
Кедей сүйер.
Байлар күйер
Ауыздан от шашайық »..

деген ұран тастады. Алған бетінен қайтпайтын, еш нәрсеге сатылмайтын қазақ елінің табанды ұлы-революционер Сәкен Сейфуллин дүниежүзілік пролетариаттың асқар таудай көсемі Владимир Ильич Ленинді тірі күнінде өте жақын түсініп:

Адамзаттың бақытына –
Саты
Ая, хадис, уақытына –
Аты.
Бостандықтың таң азаны –
Ленин.
Саясаттың мыс қазаны –
Ленин.
Алтын сәуле күннің нұры –
Ол таң.
Қара албасты түннің соры –
Шолпан... »

деп келеді де Сәкен тағы сол 1923 жылы

«Жеткіншегім жас батыр,
Маркс, Ленин құраның
Ұмтылып алға бас батыр,
Барлық өнер құралың... »

деп Ленин жолына иманындай сенетінін айтты, кейбір совет дәуірін қабылдай алмаған кертартпаларға қарсы үндеді.

«Кек, қайрат көкірекке қайнап толған
Тайдырмас үлкен аға салған жолдан,
Лениннің тігіп кеткен қызыл туын
Ешбір жау құлата алмас біздің қолдан» –

деп Владимир Ильич дүние салған күні жазған «Қайғылы хабар» атты өлеңінде 22 январь 1924 жылы Москвада батыр Сәкен қайраттана сөйледі.

Бұдан екі-үш жыл бұрын /1921 жылы/ «Ендігі ақынның сандырағы», «Ұлтшылдың сандырағы» деген екі өлеңмен ұятшыл ақындарды қатты келемеж-кекесінге ұшыратқан-ды. Сонда заманы өткен ұлтшыл ақын ауырып жатып сандырақтайды:

«Мен отпын – жанамын!
Мен оқпын... – жарамын!
Мен құдаймын!
Мен – күн, аймын.
Мен маймын!
Мен баймын
«Далалаймын!»...
Блок, Бальмонт жастығының астында
Ақ орамал, күңгірттенді басында.
«Дай компрес, сал компрес!»
Касты доктор қасында».
Ұлтшыл ауру
Ойбайлайды құс төсектің үстінде:
«Бауырым, бауырым,
Ойбай ауылым!
Елім, жұртым, даусымды есіттің бе?

Қарны жуан
Отағасы күбірлейді қасында...
Молда, қу-ау
«Өл»... деп тұр-ау.
Қисаңдайды ақ сәлдесі басында», –

деген Сәкен өлені сол кезеңнің айнасындай еді, Революциялық жолынан – В.И.Ленин сілтеген бағыттан таймаған, ешкімге сатылмаған /«Не подкупный»/ жігерлі қайсар азамат Сәкен! Ол – Ленин жолын бекем ұстаған революцияның адал уағызшысы. Ол – күнделік жейтін нанын қуып, біреуге өтірік, жала жаппаған, үнемі өз көзі жеткен шындықты жырлаған ақын.

Сол бір дәуірде қазақ қайраткерлері екі таптың намысын жыртқанда екеуі де ұлы орыс халқынан үлгі алды, біреуі Мережковскийлерге ерсе, екіншілері В.И.Ленинге, М.Горькийге ерді.

Сәкен Сейфуллин 1921 жылы Омбыда «Қызыл ерлерге» деген өленінде:

Жауымыз обыр – капитал,
Дәлдеп ат жолдас, қыран-ат!
Рақым, жолдас, даяр тұт
Зеңбірек, маузер, гранат.
Дүниенің барлық жарлысы
Баурымыз біздің жұртымыз.
Олардың бақыты, үкімі,
Дініміз біздің ұлтымыз...

деп жырлайды... Еңбекші елі үшін, жарлы-жақыбайлар үшін бар өмірін сарп еткен Сәкен ол!

Партияның XXII съезі бекіткен КПСС Программасында: «В искусстве социалистического реализма, основанном на принципах народности и партийности, смелое новаторство в художественном изображении жизни сочетаются с использованием и развитием всех прогрессивных традиций мировой культуры»[1] – деген анықтамасын бұрын да, соң да ақтаған Сәкен.

[1] Программа Коммунистической партии Советского Союза, стр.131.

Қазақтың революциялық поэзия туын тұңғыш көтерген қазақ совет әдебиетінің атасы Сәкен Сейфуллин түрі ұлттық, мазмұны социалистік заманына сай жаңа әдебиет жасауға белсене кірісті. Сәкен бастаған топ бірте-бірте шоғырлана берді, осы жолда Коммунист партиясы мен Совет өкіметі қолғабысын тигізіп, көтермелеп отырды. Бұл жайында М.Горький: «Совет әдебиеті орыс тілінің ғана әдебиеті емес, бүкілодақтық әдебиет»[1] деген-ді.

Сәкен 1913-1916 жылдарда Омбының мұғалімдер дайындайтын семинариясында оқып жүрген кезінде-ақ орыс тілін және әдебиетін жақсы көрген, жақсы білген жас ақын еді. Сәкен творчествосының алғашқы жылдарында-ақ оған орыс классигінің әсері мол тиді. Ол өмір бойы қажымаған күрескер:

«Отырмын күзет-қамауда
Дұспаннан тәнім жеңілді.
Жеңе алмас бірақ еш пенде
Асау – еркін көңілді» –

деді 1918 жылы. Бұл Ақмолада абақтыда отырып айтқаны болатын. Ал, 1919 жылы Колчак тұсында, атаман Анненковтың өлім вагонында аштық пен аяз екі жақтап қысқанда да мойымай орыс әдебиетінің XIX ғасырдағы классигі, жалынды демократ ақыны Н.А.Некрасовтың:

«Внимая ужасом войны,
При каждой новой жертве боя
Мне жаль не друга, не жены,
Мне жаль не самого героя...

Увы! Утешится жена,
И друга лучший друг забудет;
Но где-то есть душа одна –
Она до гроба помнить будет!

[1] М.Горький. Собр. соч. в 30 томах, т. 27, М., 1953, стр.324.

Средь лицемерных наших дел
И всякой пошлости прозы
Одни я в мире подсмотрел
Святые, искренние слезы –
То слезы бедных матерей!
Им не забыть своих детей.
Погибших на кровавой ниве.
Как не поднять плакучей иве
Своих поникнувших ветвей...»[1] –

деген өлеңін қазақ тіліне аударды. Сол өлеңнің қызуымен жылынып, маңызынан нәр алып, өзінің аштығын ұмытқан революционер ол!

С.Сейфулиин әлгі өлеңді «Шәһит болған достарыма» /«Орысшадан өзгерту»/ деп аударған екен. Соны көрелікші:

«Дүниеде ер жігіттің өлгені арман,
Қадірсіз айдалаға көмгені арман.
Михнатты, қайғы-қасірет, былғанышты –
Бәрінен сұм дүниеге келгені арман.
Ер жігіт ақ өліммен өлгенінде,
Сыз төсек, қара жерге көмгенінде,
Жалғыз-ақ сорлы ананы аяймын мен,
Ойға алып, жақындарын тергенімде.

Тыншығар, біраз жылап, сүйген жары,
Ұмытар жақын деген достың бәрі,
Дүниеде ұмытпайтын жалғыз-ақ сол,
Сорлы ана, көкірек жарған қайғы-зары!

[1] Н.А.Некрасов. Сочинения, в трех томах, том I, ГИХЛ, М., 1959, стр. 150.

Аяныш емес ердің қара басы,
Аяныш емес және жан жолдасы.
Дүниеде ең аяныш естен кетпес,
Тамшылап сорлы ананың аққан жасы?... »[1]

деп, нақышына келтіріп, негізгі ойын, ырғағын берді. Сырттай үстірт қарағанда дәл емес те көрінер, бірақ Некрасов ойының кілті балаға деген ана мейірбандығына тіреледі, міне осы ойды Сәкен де бұлжытпай берген. Бір кезде Н.Г.Чернышевский : ... Ясное в подлиннике должно быть ясно и в переводе. Иначе к чему же и перевод»[2] – деп 1854 жылы айтқан болатын.

Бұл аударма, оригинал авторының тілін нашар білетін, құр мазмұнын айтып қана өтетін, олақ аударма емес. Екінші жағынан алып қарасақ, түп нұсқаның тілін жетік түсіне тұрып, әрбір үтір, нүктеге жармасып, әрбір жеке сөздің етегінен ұстап қыр соңынан қалмай қоятын, соның салдарынан өз ана тілінің синтаксистік құрылысына зақым келтіретін, жолма-жол топас аударма да емес. С.Сейфуллинің осы өлеңін Н.А.Некрасов қазақша өзі оқып шықса, қатты ренжіп қалмас та еді деп ойлаймыз.

Сонау А.С.Пушкиннен бастап А.М.Горький мен В.В.Маяковскийге дейінгі орыс ойшылдарының озат үлгілерін жан-жақты пайдаланып, баурап алған Сәкен өз творчествосын да ілгері дамытты.

Сондықтан да ол революциялық қозғалыстың алдыңғы қатарында болды; әдебиетке соны тақырып ұсынып, эстетикалық жоғарғы сатыға шақырып жар салды. Ол жаңа дәуірге сай поэзияның жаңа образын жасауға бет алып, жаңа ритм /ырғақ/, жаңа ұйқас тудырды. Ол – революцияшыл совет өкіметін

[1] С.Сейфуллин. Өлеңдері мен поэмалары, ҚМКӘБ, Алматы, 1957, 40 бет.
[2] Н.Г.Чернышевский. Соч. т.II. стр. 288.

«Советстан–экспресс» деп атады да, жұмыскер табының көсемі В.И.Ленинді батыл да ержүрек, қажымай-талмай қиырға ұшатын мұхит құсы «Альбатросқа» ұқсатты. Сәкеннің «Альбатросы» бұрқасыны мол, долысы күшті заманның ызғарлы мұзын қанатымен серпіп, тайсалмай тәкаппар қимылдап дауылға қарсы ұшты»[1] – деп жазды М.О.Әуезов, С.Сейфуллин өзінің «Альбатрос» атты поэмасында ұлы Лениннің бейнесін суреттеді.

«Үйде өскен бұзау егіз болмайды», «Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп» – демекші төңірегіндегі халықтармен ауыс-түйіс жасамай тұйық шеңберде дәуірлеген ел жоқ тәрізді. Сырттан келген ізгі әсердің ізі әрбір елдің мәдениетінде де көрініп тұрады.

Бір кезде татар әдебиетінің классигі – дана ақыны Ғабдулла Тоқай да:

«Пушкин менен Лермонтовтан өрнек алам,
Бірте-бірте жоғарыға өрлеп барам» –

деп, тегін айтпаған, «ақыл – ауыс, ырыс – жұғыс» деудің түп тамыры осында жатыр.

Осы күнгі түрікмен халқының көрнекті жазушысы Берді Кербабаев: «Совет жазушысы тек шеберлік тұрғысынан ғана орыс және дүние жүзі әдебиетінің бай мұрасын пайдалана білуі қажет, өз туындысының композициясын дұрыс құруда, характер жасауда ес-

кергені жөн. Алайда, ол өзінің өзгеге ұқсамайтын ұлттық даралығын сақтап қалуа тиіс. Жазушының барлық қасиеті – жалғыз сол даралығында. Осы даралық неғұрлым айқын болса, соғұрлым оқырманды өзіне тартып, қызықтыра түседі. Егер мен Толстой мен Горький мұраларын пайдаланбаған

[1] М.О.Әуезов. «Шыншыл, тәкаппар ақын», «Социалды Қазақстан» газеті, 1936, №159, 12 июльде.

болсам, онда ешуақытта да «Шешуші адым» /«Решающий шаг»/ деген романымды жаза алмаған болар едім» [1] – деп, ашықтан-ашық мойындаған болатын.

Совет одағындағы ұлт республикаларының еңбек майданына қатысқан ірі тұлғалардың қайсысы болса да мәдениеті ерте дамыған орыс халқынан үлгі алмағаны жоққа тән.

Ал, енді А.С.Пушкиннің өзі де көркем шығармалар жазумен қатар бірнеше жылдай көп уақытын сарп етіп білімін кеңейту үшін. Ж.Ж.Руссоның педагогикалық шығармаларын, Ф.Вольтер мен Д.Дидроның философиялық-ағартушылық еңбектерін, Ғизоның тап күресі жөніндегі теориясын, көне заман тарихын зерттеген-ді. Онымен де қанағаттанбай А.С.Пушкин, Ювенал, Саади және басқалардың күрделі пікірлерін орыс тіліне аударған-ды. Ол өзінің «Бақшасарай фонтаны» атты дастанына Саадидің:

«Многие так же как и я,
Посещали сей фонтан; но
Иных уже нет, другие
Странствует далече» –

деген жолдарын эпиграф етіп алуы да әлгі пікірімізге айғақ бола алады. А.С.Пушкиннің басқа жазушылардан ілгері тұруы да мына арқалаған үлкен жүгінде, зор білімінде тұрғандай.

Тап бүгін дүние жүзінде екі ұлы тіл болса, соның бірі орыс тілі, ал жалғыз болса соның өзі ғой ол! Осы жағдайға орыс тілін

көтерген орыс елінен шыққан ұлы азаматтардың бірі – А.С.Пушкин болса, екіншісі оның жақын досы Н.Я.Бичурин /1777-1853/ екен. Ол /Н.Я.Бичурин лақап аты – Иакинф/ қытай жылнамасындағы деректерді орыс тіліне аудара бастаған кезде, патшашыл-реакционер О.И.Сенковский: «Мы часто

[1] Журнал «Вопросы литературы», №7, 1962, стр. 168.

сожалеем, читая труды почтенного отца Иакинфа, что он не издает сочинений по-французски или английски. Русский язык до сих пор оставался и долго еще останется вне круга ученых европейских прений о предметах восточных, и самая запутанность, в которую повергнуты эти предметы гипотезами известных ориенталистов, еще увеличивается от появления нового диспутанта, изьясняющегося на языке, не получившем права гражданства в ориенталистике»[1] – деген екен.

Орыс тілін кемітуде жоғарғы айтылған сөздері аздай-ақ ол: «... у вас это потеряно для науки, потому что писано на языке, который еще не имеет прав на известность в ученом свете»[2], – деп нығыздай түседі әлгі О.И.Сенковский.

О.И.Сенковский тәрізді сыншылар Бичуринді «Европа цивилизациясының жауы» – деп таныған-ды. Осындай шолақ көзқарасты В.И.Ленин кекетіп атаған-ды. Ол – /В.И.Ленин/ – иронически называл взглядами «Передовой» Европы, которая кричит «О цивилизации», «порядке», «культуре», и «отечестве»[3] – деген болатын.

Н.Я.Бичурин патриот және өз Отанның ғылымын сүйген азамат еді, ол 1944 жылы: «Если бы мы, со времени Петра Первого доныне, не увлекались постоянным и безразборчивым подражанием иностранным писателям, то давно бы имели свою самостоятельность в разных отраслях просвещения. Очень не право /неправильно – С.Т./ думают те, которые полагают, что

---

[1] О.И.Сенковский. Собр.соч.т. YI, СПб., 1859, стр. 27. Статья «Калмыки. Ойраты. Уйгуры». /По поводу сочинения О.Иакинфа «Историческое обозрение Ойротов или Калмыков», 1835. Профессор-ориенталист О.И.Сенковскийді /оның әдеби лақап аты Барон Брамбеус. «Библиотека для чтения» атты журналдың редакторы - С.Т./ сол замандағы орыс демократтарының бәрі бірдей жек көрген адам, оны тек ғалымдық жағынан академик И.Ю.Крачковский мақтайды. См.избр. соч. И.Ю.Крачковского, т. 5, Изд-во АН СССР, М.-Л., 1958, стр. 75-82.

[2] Аталған сол О.И.Сенковский кітабының 28 бетін қараңыз.

[3] В.И.Ленин. Соч. изд. 3-е, т. XYI «Отсталая Европа и передавая Азия». стр. 396. В.И.Лениннің бұл сөзін А.Н.Берыштам келтіріпті /См. Н.Я.Бичурин/ Иакинф/ «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена», т.I, изд-во АН СССР, М. -Л., 1950, стр. XX.

Западные европейцы давно и далеко нас опередели в образовании, следовательно нам /русским С.Т./ остается только следовать за ними. Это мысль ослабляет наши умственные способности, и мы почти в обязанность себе ставим чужим, а не своим умом мыслить о чем-либо. Эта же мысль останавливает наши успехи на поприще образования в разных науках. Если слепо повторять, что напишет француз или немец то с повторением таких задов всегда будем позади и рассудок наш вечно будет представлять в себе отражение чужих мыслей, часта странных и нередко нелепых», [1] – депті.

Орыс тілін, өз Отанының ғылыми көркеюін сүюді бұдан күшті сөзді айту оңай емес. Ал, мындай патриоттық ойын орыс тілі туралы Николай Михаилович Карамзин[2] де, Николай Васильевич Гоголь[3] де тағы басқалары да айтқан-ды.

Ендеше, осында орыс халқынан шыққан ұлы патриот, зор демократтардың ізін қуған қазақ ақыны С.Сейфуллин 1917 жылы Шығыс әдебиетін үйреніп, оның беделді классигі ибн Муслих-аддин Саади Шеразидің өлеңдерін аударды:

«Қалтасында біреудің
Жұпары болса сақтаулы,
Жұпарын ол дауыстап
Көрмейді ылайық мақтауды.
Мақтамай-ақ әркімге
Жұпардың өзі-ақ білдірер,

[1] Журнал «Москвитянин» - 1844, ч. П. №3, стр. 170.
[2] Н.М.Карамзин. «О любви к отечеству и народной гордости». Соч. Т.УП, 1802, стр. 137-138.
[3] Н.В.Гоголь. «Чтение русских поэтов перед публикою». Собр. Соч. Т. YIII, 1843, стр. 233.

Үндемей-ақ төңірекке
Тәтті иісін жәйіп сіңдірер»[1] –

деді. Сағдидің осы өлеңі көне Индияның III ғасырда, Сағдиден мың жыл бұрын жазылған «Кәлилә мен Димна» атты туындысында бар, бұл шығарманы санскрит тілінде, Кашмир өлкесінде бір брахман жазған деседі. Индияның бұл кітабын YI ғасырда /Сағдиден 600 жыл бұрын фарсы тіліне дәрігер Борзое аударған. Ал Сағди 1208[2] жылдар шамасында туған ғой.

«Кәлилә мен Димнаны» академик И.Ю.Крачковский аударғанда: «Обладающий мудростью не скроет своего совершенства, несмотря на свои усилия утаить его. Это подобно мускусу, который держит в скрытом и запечатанном виде, что не мешает распространяться аромату его» деген екен. Осы жолдар қазақшаға аударылғанда, «Қанша құпия сақтауға тырысса да данышпан өзінің қырағылығын жасыра алмаса керек. Мысалы, жұпарды қаншама тығындап жасырып ұстасаң да, оның аңқыған иісі бұрқырап шықпай тұра алмайды»...[3] делінген.

Сол 1917 жылы С.Сейфуллин тағы Сағдидің «Бустан» /«Жемісті бақша»/ атты поэмасынан бір өлеңін аударды:

«... Ән мен күйге түйе де
Шаттанар, хаюан десек те.
Сезбейтін оны адамды
Салпаң құлақ есек де!»[4]

деп берді.

Сағдиде бұл өлең:
«Ты не видел в пляс верблюд вступает

[1] С.Сейфуллин. «Өлеңдері мен поэмалары», ҚМКӘБ, Алматы, 1957, 104 бетте.
[2] Саади. «Гүлстан», ГИХЛ, М., 1957, стр. 5.
[3] «Кәлилә мен Димна», ҚМКӘБ, Алматы -1962, 140 бет /қазақша/

[4] С.Сейфуллин. Өлеңдері..., Алматы - 1957, 105 бет.

Когда арабской песне он внимает?
Верблюда, знать, в восторг напев привел...
А тот, кто глух, хуже чем осел!»[1]

делінеді. Алғашқы аудармасында да, соңғы аудармасында да Сәкен өзінен бұрынғы орыс елінің ұлы классиктері А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, В.А.Жуковский, Н.И.Гнедич тағы басқалар салған аударма әлеміндегі үлгіге сүйенеді. Түпнұсқаның ұлттық колоритін, негізгі ойын бұлжытпай беруге ұмтылды.

Қай тілдің адамдарын аударса да, солардың бәрін орыс тілі арқылы жеткізеді. Орыс елімен көптен дос, туыс болған қазақ халқының азаматтары келешектегі тағдырының бір екенін де, өз ұлтының көркейіп, тәуелсіз ел болуын көздеп те осы бағытты өрбітуге ерте кірісті.

1919 жылы Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының екінші съезінде У.И. Ленин «... если русским болшевикам удалось пробить брешь в старом империализме... То вам, представителям трудящихся масс, Востока предстоит ёще более новая задача... За периодом пробуждения Востока в современной революции наступит период»

участие всех народов в решении судеб всего мира... Вам предстоит в истории развития мировой революции, которая будет, судя по началу, продолжаться много лет и интересует много трудов, вам предстоит в революционной борьбе, в революционном движении сыграть большую роль и слиться в этой борьбе с нашей борьбой против международного империализма»[2] деген болатын.

[1] Саади - «Бустан» поэмасында.

[2] В.И.Ленин . Соч., т.39, ГИПЛ, М., 1963, стр. 326-328.

Революцияның ұлы көсемі В.И.Лениннің соңына ерген қазақ қаламгерлері тізе қосып шықты.

Осы тұста С.Сейфуллиннің жаңашыл өлеңдері жарық көрді, орыс классиктерінен аудармалары шықты. «Советстан» поэмасы, «Тар жол, тайғақ кешу» романы жариялана бастады. М.О.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», Сәкеннің «Көкшетауы», Сәбиттің «Сұлушашы», Ілиястің «Дала» поэмалары көрінді.

Қазақ совет әдебиетінің дамуына Қазақстаннан шыққан В.В.Куйбышев, И.В.Фрунзе сынды революционерлер мен В.С.Иванов, К.Федин сияқты қалам қалам қайраткерлерінің де зор көмегі тиді, үлкен үлес қосты. Бұлардан басқа қазіргі ұлы орыс халқының жазушыларымен қатар көп ұлтты Совет Одағы жазушыларының да тигізген ізгі ықпалын естен шығармаған жөн.

Қазақ және орыс халықтарының өзара қарым-қатынас жасап, туыстасып араласуы, әсіресе, қарапайым ел ішінде совет үкіметі орнағаннан кейін өте күшейді. Әрине, бұдан бұрын да бар болатын. Достық – екі елдің де қажетіне жарады, ұтымды жағдай туды.

Орыс әдебиетінің классиктері – А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов, И.Бунин, А.П.Чеховтар революциядан бұрын-ақ біздің өз мүлкіміздей еді. Бері келе Л. Н.Толстой, Н.В.Гоголь, И.С.Тургенев, Ф.М.Достоевский, М.Е.Салтыков-Щедриндер жарық көрді, ал совет дәуіріндегі орыс әдебиетінің ірі тұлғалары М.Горький,

М.Шолохов, В.Маяковский, А.Фадеев, К. Федин, Л.Соболев, А.Твардовский тағы басқалары қазақ тіліне қауырт аударылды да жатырқамай баурап әкетті. Қазақ әдебиетінің туындылары да орыс тілінде оқыла бастады, революциядан бұрын некен-саяқ қолма-қол аудармалар болмаса, жоққа тән еді, ал совет тұсында қоян-қолтық араласып кетті.

Октябрь революциясы тұсында орыс және қазақ әдебиетінің бір-біріне тигізген жедел әсері жайында, ең алдымен, революционер, қазақ совет әдебиетінің негізін салушы С.Сейфуллин творчествосына тоқталдық. Сәкен

творчествосын Совет дәуіріндегі орыс әдебиетінің даму процесімен тығыз байланысты екенін көрсеттік.

Осы пікірімізді дәлелдей кету тіпті қиынға да соқпады, мысалы, революцияның алғашқы жылдары орыс тілінде М.Горькийдің «Ана» романы, Серафимовичтің «Темір тасқыны» /«Железный поток»/, Гладковтың «Цементі», татар тілінде Ғалымжан Ибрагимовтың «Бізнің күнләрі», өзбек тілінде Абдулла Қадиридің /«Жұлқынбайдың»/, «Өткен күнләрі», қазақ тілінде С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» жарияланды. Бұлар советтік жас отанымыздың алғашқы дәуірінде жарық көрді.

Жаңа заманда жаңғырған қазақ халқының көлемді тұңғыш прозасының қақпасын С.Сейфуллиннің тарихи-мемуарлық романы «Тар жол, тайғақ кешуі» ашты. Бұл туындының құндылығы жөнінде айтарымыз: мұнда романның бас кейіпкері революция жасаушы халық суреттеледі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, бұл роман Серафимовичтің «Темір тасқыны» мен Гладковтың «Цементімен» үндесіп жатыр. Мұнда революциялық дәуірдегі уақиғаның үздіксіз жылдам ауысуы, сол кезеңге дейін қалыптасып, орын тепкен ескі қағиданың күйреуі, тап пен таптың майданға ашына шығып, ашық кескілескен күресі көрсетіледі. Сондықтан, бұл өте күрделі синтетикалық романда

әдеби жанрлардың барлық түрлері астасып жатты. Оның ерекшелігі эпикалық байсалдылығында, тарихи ақиқаттығында, жаңа адамды жаңғыртып сүйкімді суреттеуінде еді. Ендеше бұл «Тар жол, тайғақ кешу» романы Америка жазушысы Джон Ридтің «Әлемді дүр сілкіндірген он күн» /«Десять дней, которые потрясли мир»/ және неміс жазушысы Вилли Бредельдің «Эрнст Тельман» атты шығармаларына да ұқсас тәрізді. Сөйтіп, бұрын қалыптаспаған, дағдыланбаған соны туындыларға кейбіреулердің жатырқай қарауы да, бірден қабылдай алмауы да заңды еді.

В.И.Ленин жолын, Октябрь революциясын қазақ даласында алғаш рет сүйіп қабылдаған С.Сейфуллиннің дүниежүзілік барлық туындылармен тек орыс әдебиеті арқылы танысқаны да ешбір күмән келтірмейді.

Орыс пен қазақ халқының достығын нығайту жөніндегі жан-тәнімен адал интернационалист, революционер С.Сейфуллиннің Колчак түрмесінде отырып, сот алдында берген жауабын да ескертелікші:

«Соттың председателі Чунтонов:

– Сіз «Алашордаға» қарсысыз ба? – деді.

– Қарсымын! – дедім.

– Неге қарсысыз? – деді.

– Мен /С.Сейфуллин/: «Алашшылдар» орыстың патшасы түскеннен кейін қазақты орыстан бөліп алып, өздері қазақ халқына хан болғысы келеді. Біздің пікірімізше, патшадан бір құтылған, езілген қазақ халқына енді хандардың ешбір керегі жоқ. Және бұлар қазақ халқын орыстан мүлде бөлмек, тағы бұлар қазақ жерінен күллі крестьян орыстарды қумақ. Олай болса, үлкен бүліншілік болмақ. Қазақтың нашар бұқарасына, патша үкіметін құлатып, теңдік әперген орыс еңбекшіл халқынан біз онда айрылып қалмақпыз. Міне, осы себепті мен «Алашордаға» қарсымын – дедім»[1].

Екі елдің мызғымас достығын көксеуде революционер ақынның программалық ойы осы еді. Оның ертеде айтқан пікірі қазір орындалып отыр.

1934 жылы 3 март күні Ленин туралы М.Горький Ромен Ролланға хат жазды: «Я его любил, и люблю... Я особенно нежно и глубоко любил его за

[1] Сәкен/Сәдуақас/ Сейфуллин. «Тар жол, тайғақ кешу» үшінші рет басылуы, ҚМКӘБ, Алматы, 1960, 221-222 беттер.

ненависть к страданию, за его неукратимую вражду ко всему, что искажает человека. Он был очень большой русский человек. Вы правильно оценили его. Толстой и он – двое чудовищно больших людей, я горжусь, что видел их...»[1] деді.

М.Горькийдің Ленинді сүюінен Сәкеннің сүюі де төмен емес еді. Бұған «Советстан» мен «Альбатрос» поэмалары айғақ.

Қазақ елі ежелгі көшпелі тіршіліктен қол үзіп, отырықшылыққа айналды, ауыр аласапыран, қарбалас дәуір етіп кең тынысты социалистік құрылыс қалыптаса бастады. Осы бейбіт өскелең өмірге сай өзекті де көлемді уақиғалар шертілді. Еркін ойдың иесі әйелдер образын – ардақты ана тұлғасын жан-жақты көрсететін поэмалар, романдар шыға бастады.

Ұлы орыс халқының әдебиеті совет дәуірінде қалай жаңғырып дамыса, сонымен тізелесе өсіп келе жатқан Орта Азия мен Қазақстандағы әдебиет саласының бәрі де солай ер жетті, бұған себепші болған әдебиеттің барлық жанрын қамтитын социалистік реализм әдісі еді.

1923 жылы С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты романында 1916 жылы қазақ даласында болған патша үкіметіне қарсы

көтеріліс уақиғасы, сонсоң Октябрь революциясы мен Азамат соғысы баяндалады, осылармен қатар әйел теңдігі жырланды. Міне, роман көтерген осы төрт мәселе мына Орта Азияның, Қазақстанның көптеген жазушыларына негізгі желі боп тартылды, өйткені, экономикалық саяси-шаруашылық жағдайлары да ұқсас еді. Бұған, әрине, орыс пролетариаты бастаған Совет Одағының барлық өкілдері ат салысты.

[1] М.Горький. Собр. соч. т. 18, ГИХЛ, М., 1968, стр. 368.

Осы қарсаңда тәжік тілінде Садридден Айнидің «Құлдар» атты романы; Қазақ тілінде Ғабит Мүсіреповтің новеллалары, Б.Майлиннің «Азамат Азаматыч», С.Мұқановтың «Ботагөз», І.Жансүгіровтың «Жолдастар» романдары; өзбек тілінде Айбектің «Киелі қан», қырғыз тілінде Т.Сыдықбековтың «Кек сууы»; түрікпен тілінде Қыдыр Деряевтің «Тағдыр» романдары жарыққа шықты.

XIX ғасырдың бас кезінде Махамбет Өтемісов, орта шенінде Шоқан Уәлиханов, екінші жартысында Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев тәрізді дарындылар тобы үркердей-ақ еді, бері келе XX ғасырдың басында олардың үрім-бұтақтары шоғырлана түсті. С.Торайғыров, М.Сералин, Т.Жомартбаев, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, С.Дөнентаев, Е.Алдоңғаровтар көрінді.

Артын ала әлгі аз ғана топ молыға бастады.

Ежелгі әлемге аян классиктердің және осы күнгі озат орыс әдебиетінің ізгі ықпалы тигенін ақын-жазушыларымыздың қай-қайсысы болса да өздеріне мақтаныш етеді.

Орыс әдебиетінен үлгі алған қазақ халқының әрбір ақын-жазушылары, одан үйрену дәрежесінде, басыбайлы бұғауында ғана қалып қойған жоқ, олар өз туындыларындағы кейіпкер арасын, әркімнің өзіне тән ерекшелігін, қарым-қатынасын жан-жақты ашуда, оларға ұлттық реңік, өзіңдік өрнек тиісті мінез-құлық табуда мүлде ұқсамады. Әр қайсысы өз халқының мүддесін көкседі, жыр-

тығына жамау етуді көздеді.

Қазақтың әдебиетіне де, тіліне де қоныстас көрші отырған орыс әдебиеті мен тілінің әсері адам айтқысыз зор. Сонау XIX ғасырдың басынан бері қарай орыс мәдениетінің әсері көп тигені мәлім. Бұл фактіні ешкім де жоққа шығара алмайды. Сол әсерленудің үлгілері қай жазушыларымызда қандай дәрежеде болғаны зерттеліп те, айтылып та жүр. Әрине, біз орыс

әдебиетіндегі қаламгерлердің ішінен ең алғаш әсерін тигізгені И.А.Крылов, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.Бунин, А.П.Чехов екенін мойындаймыз. Бұлардан соң келсе де Н.В.Гогольдің әсері аз болған жоқ. Енді соны шолып көрелік.

Қазақ тіліне қазір тұтас аударылып, өзінің төл мүлкі болып отырған Гоголь сынды ірі классиктің ояну, өсу дәуірімізде қолғабысын тигізгені анық. Оның үстіне, бүгінгі күні әдебиетіміздегі әр алуан әдістер, әр қилы жанрда кемелденіп, қаулап өсуде. Сондықтан әдебиетіміздегі Гоголь әсерін арнай зерттейтін мезгіл де жеткен тәрізді.

Дәл бүгін түгел аударылып отырса да – Гогольдің өзіне тән ерекше әдісін түп-түгел баурап алдық деу оңай емес. Себебі «Күлдіргі /комизм/ мен әзіл-сықақ /юмор-сатира/ жалпы жұртқа түсінікті бола бермейді, күлдіргі нәрседен гөрі қуанышты әңгімені жақсы көреді. Өйткені тура айтылған пікір халыққа күлтеленген тұспалдан бұрын жетеді. Комедия мәдениеттің көркі, бұл өскелең әлеумет өмірінде туады. Күлдіргіні түсіну үшін ілім-білімнің жоғарғы сатысында тұру керек...»[1]

деген В.Г.Белинский, ал Н.Г.Чернышевский: «Россия үшін Гогольдің маңызы қандай зор болса, өз халқы үшін тап сондай маңызы бар жазушы дүниеге келген емес»[2] – деді. Адамзаттың данышпаны ұлы ұстазымыз В.И.Ленин сол Гогольден жүз жиырма бес рет мысал алып кейінгі ұрпаққа үлгі етіп тартты.

[1] В.Г.Белинский. т.2, М., 148 стр. 615 /Ссылаясь на Белинского, эту мысль привел и Ефимов в своей книге «Стилистика художеств. речи» за 1957, стр. 62/.

[2] Н.Г.Чернышевский. Шығармаларының толық жинағы, 3 том, 1947, 11 бет.

Гогольді сүймеген, одан үйреніп, үлгі алмаған орыс елінде де қалам қайраткерлер жоқ сияқты.

Мысалы, 1852 жылы 21 февраль күні Полина Виардоға жазған хатында И.С.Тургенев: «... Үлкен бақытсыздыққа ұшырадық – Москвада Гоголь өлді, ол бар «мүлкін» отқа өртеп кетті – бәрін де, «Өлі жандардың» екінші томын да, талай-талай біткен еңбектерін де, жаза бастаған дүниелерін де бәр-бәрін де түгел өртепті... Осындай қаралы күннің салмағын сіз түсіне алмассыз. Дәл осы минутта қан жұтпаған орыс жоқ. Біз үшін ол құр жазушы ғана емес еді, біздің өзімізді өзімізге танытқан жан еді... Шетелдердің ішіндегі алғыр ойлы – қырағы Мериме[1] де Гогольді «сықаққой» /«юморист»/ жазушы деп ұғыпты... Қайталап айтайыншы, біздің бүгінгі кімнен айырылғанымызды ұғыну үшін сіз орыс болуыңыз керек[2] депті. Олай болса, орыс әдебиетінің өзінде де Гоголь әсері тимеген жазушы некен-саяқ... Сөйтсе де әр қайсысында әртүрлі екені даусыз.

Гогольмен әдістес /стильдес/ жазушылар: М.Е.Салтыков-Щедрин, А.П.Чеховтардың әсерленулері заңды. Ал одан стилі аулақ жатқан И.С.Тургенев, Ф.М.Достоевскийлерге де Гоголь әсері зор. Сондай-ақ А.С.Пушкиннің ащы мысқылы да Гогольді рухтандырмай қойған жоқ. Бір жазушының екінші жазушыға тигізген әсерін дәлелдеу үшін көбінесе әдіс

[1] 1851 жылы «Ревю де Монд» атты журналдың 15 декабрьде шыққан 12 томында II Мериме: «Гоголь сықаққой /шайқымазақ/ жазушы, бұл ағылшын сықақшыларынан қалыспайды» деген ғой. Мерименің осы орашалақ пікірін қуана қарсы алып Ф.Булгарин «Северная пчела» /«Терістік ара»/ журналына Гогольдің жамандап екі мақала жариялаған-ды.

[2] И.С.Тургенев. Собр. соч. том 12, ГИХЛ, М., 1958, стр. 104-105.

ұқсастығы, кейде жанр ұқсастығы, кейде тақырып ұқсастығы еске алынады. Бірақ, тақырыбы да, жанры да бірдей бола тұрып әр елдің жазушылары уақиғаны өзінше, ерекше беруі мүмкін, бұлар біріне-бірі ұқсамайды да. Мысалы, Байронның «Мазепасы», Пушкиннің «Полтавасымен» тығыз тақырыптас. Байронның да, Пушкиннің де алдына қойған тақырыбы тарихи образ – Мазепа образын ашу, жанры поэзия. Осындай екі жақты ұқсас бола тұрып та бұл шығармалар бірінен-бірі мүлде алшақ жатады. Ағылшынның романтик ақыны Байронды Мазепаның аласұрған жас шағы, бозбала кезі, лапылдаған ыстық махаббатты қызықтырады. Мұндай күйді Байрон арманындай шертеді. Ал, Пушкинді Мазепаның алдақаш тұрлаусыз албырттығы қызықтырмайды, Пушкин сол образ арқылы Бірінші Петр заманындағы Россия тарихын, әлеуметтік неше алуан жағдайды – соның реалистік шындығын суреттейді. Пушкиннің «Полтавасында» Мария мен Мазепа арасындағы махаббат тек уақиға дәнекері есебінде көш-жөнекей айтылады да оның орнына Петр тұсындағы кеңсе бастықтарының топастығын, Кочубей мен Искраның Мазепа үстінен жазған шағым арызын – адал ойын аяққа басып, сол гетман Мазепаның өзіне жолдауы, осыдан кейін шиыршық атып, долданған Мазепа өзінің сүйген жары Марияның туған әкесі – Кочубейді балтамен бауыздатуы баяндалады. Қысқа қайырғанда Мазепаның жауыздығы, отанын сатқандығы тәптештей айтылады. Ендеше, Пушкин поэмасында адамгершілік пен зұлымдық безбенге түседі. Адамгершілік – әділдік С.Сейфуллинше айтқанда: «жауыздықты ауыздықтап ит келмеске борсылдатып айдайды». Отанын сүйген партриот ақын А.С.Пушкин осылай толғайды. Олай болса, тақырып ұқсастығы да, жанр ұқсастығы да әсерленудің шет жағасын көрсете алады, алайда, тура тиянақты айғағы бола алмаса керек.

Немістің ұлы ақыны В.И.Гетенің «Страдания молодого Бертера» атты хатпен жазған /«эпистолярный»/ романы, Ф.М.Достоевскийдің хатпен жазған «Бедные люди» /«Бишаралар»/ деген романына әдіс /прием/ жағынан ұқсай тұрып, біріне-бірі тіпті жақындамайды. Гогольдің «Шинелі» мен Достоевскийдің «Бишаралары» да біріне-бірі таяу және проза жанрында жазылған. Екеуінің де басты кейіпкері – департамент көшірмешілері – сорлы чиновниктер, кемтар өмірдің тақсіретін тартқан бишара жандар. Гогольдің «Шинеліндегі» Акакий Акакиевич Башмашкин мен Достоевскийдің «Бишараларындағы» Макар Алексеевич Дедушкон екеуі бірінен-бірі аумайды. Екеуі де патшалық Россиядағы әлеуметтік қауымның ең төменгі баспалдағында тұрған соры қайнаған чиновниктер. /«Шинель» 1842 жылы басылса, ал «Бишаралар» 1846 жылы басылды/.

«Бишаралардағы» Макар Алексеевич «Шинельді» оқып шыққанда қатты ашуланады: «Шинельді» жазған автор білуге міндетті еді... кей кезде мұқтаж болған соң шай ішпейді екен деп бөгде біреу туралы жазудың керегі не? Тап бір елдің бәрі жапа-тармағай шай іше беретінінен жаман...»

«Ей, мынау не жеп отыр екен деп мен жұрттың аузына қараймын ба?...»

«Кейде, әрине, жаңа бірдеме тіктіріп кигенде, қуанатының рас. Ұйықтамайсың, қатты қуанасың, мысалы, жаңа етік болса, сондай мәз болып киесің, бұл шындық. Мұны сезгенім бар – дұрыс суреттелген. Бірақ... Тіпті осындайды жазудың керегі не? Немесе, осылай жазғаны үшін оқырманның біреуі оған шинель тігіп бере ме?

Әлде жаңа етік сатып әкеп бере ме?.. «Тым болмағанда Акакий Акакиевич осы әңгіменің аяқ кезінде түзелсе, тәуір болар еді-ау! Солай бола тұрса да, міне бұл әділ, ізгі... жақсы азамат еді... Ешкімге жамандық ойламайтын... еді, сөйтіп, жылап-сықтаумен өмірі өтіп кетті дегенді кіргізсе... Тіпті оңдысы, ол

бишараны өлтіріп тастамай, былай етсе: оның шинелі табылған болса, сонсоң генерал мұның ізгі қылықтарын толық білгеннен кейін кеңсесіне шақыртып алып, чинін жоғарылатып, жақсы жалақы берсе, байқап отырсыз ба, міне сонда қандай болар еді!»

«Жауыздық – жазасын тартып, ізгілік – үстемдік алар еді, ал кеңседегі күндес жолдастарының бәрі де далиып, босқа қалар еді. Мысалы, мен болсам, осылай жазар едім; ал мұнда қандай әділдік, нендей жақсылық бар? Күнде бола беретін, пасық тұрмыстан алынған бос мысал... Бұл тұп-тура өтірік, өйткені мұндай чиновниктің болуы мүмкін емес...»[1] деген сөздерді Ф.М.Достоевский Макар Алексеевичтің аузынан айтқызады. «Шинельді» де, оның авторы Н.В.Гогольді де жанындай жақсы көретінін Достоевский жасырмайды. «Шинельді» қасақана жамандатып, өзінің геройы Макар Алексеевичті келемеждеп отырады. Гогольдің әзіл-сықақ әдісінен нәр алғанын да анық білдіреді.

Кейде Достоевский Гогольдің басқа шығармаларынан да алып, оның әзіл-сықақ әдісін қолдана кетеді. Мысалы: «Өлі жандарда» көсірші /кучер/ Селифан қожайыны Чичиковке бұрылып: «... Коли высечь то и высечь: я ничуть не прочь от того. Почему не посечь, коли за дело? На то воля господская. Оно нужно посечь, потому что мужик балуется, порядок нужно наблюдать. Коли

за дело, то посеки, почему же не посечь!» – десе, Достоевский «Бишараларда» Макар Алексеевичтің аузына мынадай сөз салады: «Отчего же не распечь, коли нужно нашего брата распечь? Ну, да положим и так для тона распечь ну и для тона можно приучать, нужно острастку давать... Это в

[1] Ф.М.Достоевский. Бишаралар, Алматы, 1955, 71-73 беттер.

порядке вещей...!» /Ф.М.Достоевский. «Бедные люди», стр. 68-69, Л., 1955/ дегізеді. Айтылған ойдың да, сол ойды беру үшін қолданылған сөздің де айырмасы жоқ. Осы сөздерді айтып тұрған кейіпкерлердің де өз айырмасы шамалы-ақ! Өмір шындығы осылай, Селифан мен Макар сол шындыққа амалсыз бағынып тұр. Солай сөйлемеске правосы жоқ.

Әсер алғаны сонша айқын көріне тұрса да бұлар жеке-жеке мұралар. Өйткені, «Шинельдің» бас кейіпкері Акакий Акакиевичті Гоголь сырттай келемеждеп, соның әжуаланған бейнесіне көбірек көңіл аударса, Достоевский Макардың ішіне тереңдей кіріп алып, ащы шегін айналдырады. Сорлы Макардың жан құбылысын ақтарып, оқырманның сай-сүйегін сырқыратады. Енлеше, Достоевский біраз жерге дейін әсерін алып, Гогольше ырғалтып барады да, әрі қарай тақырыпты өзінше меңгеріп әкетеді. Гогольде жоқ сырларды ашады.

Гогольдің әсері – жас Достоевскийге тигені ақиқат. Ал, Достоевскийдің әзіл-сықаққа, терең мысқылға /сатираға/ бара бермейтіні жалпы жұртқа аян. Олай болса, өзімен әдісі бір стильдес Чехов, Салтыковтарды былай қойғанда, кейінгі буында өскен орыс әдебиетшілерінің бәріне де Гогольдің әсері тигені даусыз, бәрі де соның «шинелінен шыққан» – болатын.

Гогольдің өзіне де Пушкиннің ықпал жасағаны белгілі, жалпы ағалық, ұстаздық әсер етуімен тынбай, тіпті мына әжуа, сықақ, ащы мысқылдың өзі де сол ұлы ақынымыз А.С.Пушкиннен тарап, Гогольдің бойына дарығандай. Мысалы, граф Воронцовты «шала мырза,

шала көпес, шала данышпан, шала надан, шалағай зұлым, бірақ түбінде толысып сомдана түсер деген үміт бар» деп келекелейді А.С.Пушкин. Осындай ащы мысқыл ұрпаққа ұмытылмас үлгі ғой. Тіпті Бірінші Петр

патшадан граф атағын алған, әйгілі жарамсақ Аракчеевке арнаған эпиграммасы қандай десеңші!

Пушкинде ашық айтылған ащы мысқылмен қатар, сырты биязы сықақпен басталып, ішкі мағынасын удай етіп беретін әдіс те бар. Мысалы, бір журнал сыншысын есекке теңеп әжуалайтын өлеңінде:

«Жақында бір жіберіп ем ысқырып,
Өлең шықты, бастырдым мен қол қоймай:
Қол қоймастан мақаласын қыстырып,
Журнал қуы сол өлеңге салды ойбай!
Бейпіл неме ізімді аңдып қалыпты;
Мен де оның аштырмадым адымын.
Ол қу мені тырнағымнан таныпты,
Мен де оны құлағынан таныдым»[1] –

дейді.

Бұл өлеңде Пушкин өзінің «тырнақты» арыстан екенін, ал «қу сыншының салпаң құлақ есек» екенін бадырайтып айтпай-ақ «жіңішкелеп» жеткізеді. Осы ащы мысқылдар Гогольге әсер етпей қойған жоқ. Оның үстіне Гоголь «Шинелінің» тууына себеп болған шығарма Пушкиннің «Бекетшісі» /«Станционный смотритель»/ десек қателеспес едік. Буржуазия дәуіріндегі пасық жандарды, тек қана «ақшаның құлдарын» Пушкин де, Гоголь де жек көрді. Бұлар өз тұсында адамгершілікті жырлап, орыс әдебиетіне соны салт орнатты. Буржуазиялық қоғам табанына тапталған, көзге ілінбей-

бейтін «кішкене адамның», маңдайы тайқы кедей сорлылардың намысын жыртты. Бұл бағытты А.С.Пушкин «Бекетші» атты әңгімесінде қалай

[1] Қ.Аманжолов. Шығармаларының толық жинағы, 2 том, 336 бет, Алматы, 1956, /А.С.Пушкин. Собр.соч., 2 том, стр. 131, М., 1959/.

суреттесе, Гоголь де «Шинель» деген повесінде солай толғады. Ендеше, бұл екі туынды да өзара үндес шыққан, әсерленуден пайда болған еңбектер.

Әсерленудің – бірінен бірі үлгі алудың түрлері орыс әдебиетінің өзінде де неше алуан, бәрін түгел қамту мүмкін емес.

Орыс әдебиетінен қазақ әдебиетінің үлгі алуы да қилы-қилы. Біз Гоголь әсерін барлық жазушылардан да табуымыз мүмкін. Алайда, жазушылар әдісі, сөз саптауы /слогы/ түрлі-түрлі болғандықтан, біз солардың ішіндегі әдіс жағынан Гогольге бейім тұрғандарын көрсетпекпіз.

Әрине, Абай, Ыбырай, Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұқтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден тағы басқалары – бәрі-бәрі де Гогольді жақсы білді, бірақ жапатармағай сол Гогольден ғана әсер алды деу қатеге соқтырар еді, өйткені әсер алу мәселесі еліктеу емес, ол жазушының түпкі ындынында, сөз саптауында жататын сияқты.

Бізде өте ұрт қимылдаулар болып тұрады. Мысалы, біреуді жақсы көрсек, бәрін соған үйіп-төгеміз, ал жек көрсек, бар қасиетінің өзін қимай қарақаттай жөнелеміз. Зерттеу мәселесінде бұл жағдайлардың болмауы дұрыс, өйткені ғалым – тек қана шындыққа бағынады.

Реті келгенде ескерте кетелік, бір кезде: «Топ жарған» /1907/ поэмасын М.Сералин орыс халқы классик әдебиетінен, атап айтқанда, Гогольден – оның әйгілі «Ревизор» пьесасынан өнеге алғаны айқын көрінеді»[1] деп жазды. Бұл пікірге қосыла алмаймыз

себебі Мұқаметжан Сералин көркем әдебиеттен көрі, көсем әдебиетке /публицистикаға/ бейім адам, жазушылығынан да, ақындығынан да журналистігі басым тәрізді. Екіншіден, «Топ жарған» поэмасында сықақ,

[1] Б.Кенжебаев, С.Қаратаев. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті, Алматы, 1957, 21 бет.

мысқыл-әжуа жоққа тән. Оның үстіне М.Сералиннің сөз саптауы /слогы/ Гогольге мүлде маңайласпайтын сияқты.

1952 жылы Гогольдің дүние салуына 100 жыл толғанда біраз жас сыншылар Гоголь әдісінің қазақ әдебиетіне еткен әсері туралы /1952/ пікірлерін айтқан еді. Сонда: «Гоголь көптеген шығармаларында геройларының ішкі-сыртқы дүниесіне, іс-әрекеттеріне, мінезіне ылайық ат қойып отырды. Міне, бұл мәселе жөнінен де, қазақ жазушыларының бірспырыасы Гогольге еліктейді. «Ботагөздегі» Итбай, атаман Шайтанов, «Теміртастағы» Қасқырбай, Түлкібай, Ғабиденнің «Өмір мен өлім» атты романындағы «Сойдақ тіс» тағысын тағылар сөзсіз орыс әдебиетіндегі Гоголь үлгісінен туған кейіпкерлер»...[1] – деді Баламер Сахариев.

Рас, Гоголь кейбір кейіпкерлеріне атты осылай қояды. Бірақ осы «Итбай, Қасқырбай, Түлкібай, Сойдақ тістер» – бұрыннан өзімізде бар адам аттары емес пе? Мысалы, Итбай 1913 жылы жарық көрген «Қалың мал» романында да бар. Ендеше, С.Мұқанов, «Итбайды» С.Көбеевтің «Қалың малынан» алды ма, немесе Гогольдің «Собакеевичінен алды ма?» Жоқ, тіпті қазақ халқының шынайы өмірін терең білетін суреткер жазушы өз тұсынан-ақ осылай жазды ма? Міне, бұл сұрақтарға жауап бергенде біз мына кейінгісін қолдар едік. Шынына келсек, сырттан келген әсерді зерттегенде көрсе қызарлық қатеге соқтырады.

Ұқсағанның бәрі «шеттен» келген бұралқы нәрсе болмауы кә-

дік. Өмір ұқсастығынан шығуы мүмкін. Ал, атаман Шайтанов болған кісі, ол бұдан әлдеқайда бұрын жарияланған Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында бар. Ендеше, С.Мұқанов болған кісінің өзін алуы ықтимал.

[1] Б.Сахариев. «Н.В.Гоголь және қазақ әдебиеті», журнал «Халық мұғалімі», №3, 1952, 24 бет.

Сол 1952 жылы жас сыншымыз Айқын Нұрқатов та: «Драматург Мұсатай Ақынжановтың соңғы кезде жазған «Ыбырай Алтынсарин» атты пьесасында да Гогольдің әсері барлығы байқалады. М.Ақынжанов пьесасындағы «Берікбол» мен «Серікбол» – «Ревизордағы» өсек айтып жүретін, өтірікші тоғышар Бобчинский мен Добчинскийді еске түсіріп отырады»[1] – дейді.

Мұсатай Ақынжановта Гогольдің әсері бар да шығар, өйткені ол мол дүниені сарқай оқыған кексе авторлардың бірі. Бірақ, мұндай ұсақ-түйек, некен-саяқ дүниені үзіп-жұлып ал бермей, тереңірек зерттеу қажет тәрізді. Егер осы бетпен тартсақ, онда баяғы «Қозы Көрпеш Баян сұлу» қысасындағы Қарабай мен Сарыбайды да, ескі фольклорда /ауыз әдебиетінде/ ұшырайтын Бекбикелер мен Тоқбикелерді де ұқсатуымызға болады. Бұлар жырланған заманда Гогольдің иісі де жоқ-ты.

Сол мақаланың енді бір жерінде: «Итбайдың бойында Плюшкиннің сараңдық мінезі де бар... Оның Плюшкиннен кем сараң болмайтыны өзінің сөздерінен, әрекетінен аңғарылып отырады. Ол әйелі Ақсұлуға: «сен ит, қымызды әркімге бір құйып... астың берекесін алатынсың... – бұдан былай асты берекелендіріп ұста!» – деп ызыңдаумен болады. Бұдан Итбайдың Плюшкинге ұқсас сараңдығын көруге болады»[2] дейді.

С.Көбеев Крыловты аударған жазушы, оның Гогольден әсер

алуы да ғажап емес. Бірақ Итбайдың осы сөздері сарандықтың сарыныда емес қой. Ол – бұрынғы кедей адам, енді Тұрлығұлға қызын сатып, содан алған азын-аулақ қалың малдың буына пісіп жүр. Оның айтып отырған сөзінің төркіні «бұрынғы жарымағандықты, жарамсақ болуды доғар,

[1] А.Нұрқатов. «Гогольдің қазақ әдебиетіне әсері». «Әдебиет және искусство» журналы, 1952, 100 бет.
[2] Бұл да сонда.

байлардың бәйбішешінше тамақты беретін жеріңді біл, сол кезде аянбай төгіп жібер, берекелі байлықтың иесінше қимылда!» – деп отыр. Плюшкин олай емес, ол сілімтір шірік байлықтың иесі, сараңдық оның ата кәдесі. Сондықтан Плюшкинге Итбайдың үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Рас, осы Спандиярдың Гогольге ұқсастығы да бар, онысы өз тұсындағы өмір шындығын бұлжытпай шебер бергені. Кедейден байыған, «бұдан жаманында да тойға барған» Итбайдың дарқан қылығын айнаға түсіргендей айқын суреттеуі. Осы Итбайдың қызының «қалың малы» үшін алған 250 сом ақшамен дүкенге барған жерінде: «Менімен сауда жасайтын дүкен бар ма?» – деп, күпілдеуі қандай қызық шыққан! Бірақ бұл Плюшкиннің Чичиковпен ұзақ саудаласып, өліп қалған 78 адамды 32 тиыннан 24 сом 96 тиынға сатуына мүлде ұқсамайды, өйтіп жырым жемейді. Заты, Гогольдің Плюшкині біздің ескі фольклордағы Қарымбай образына жуық тәрізді.

Әлгі мақаланың тағы бір жерінде Айқын Нұрқатов: «Азған елдің сәлдесі үлкен молдаларын» сықақ етуіне қарағанда Ыбырай Алтынсариннің шығармаларында да Гоголь творчествосының әшкереушілік, гуманистік сарындары реалистік принциптері айқын сезіледі» – дейді.

Ыбырай Алтынсарин бұл келеке сөздерді баяғы «Ақыр заманнан» алғанын филология ғылымдарының докторы Әнуәр Дербисалин дәлелдеп өтті, ал «Ақыр заман» авторы Гогольді білмеуі де кәдік. Шынына келсек, Ыбырай Гоголь әдісіне таянған жазушы да емес.

Айқын Нұрқатовтың Абай туралы айтқан пікіріне толық қо-

сыламыз. «Қазақ халқының өзекті үздік ақыны, философ Абай өз тұсындағы «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе қызар жалмауыз жандарды...» басында ми жоқ, өзіңде ой жоқ, күлкішіл кердең надандарды, мақтан сүйгіш қуыс

кеуделерді» өлтіре әжуалады... Сумаңдаған желбуаздар үстемдік құрған өксікке толы өмір... ақынның өзегіне өрт салды...»

Абай шығармаларындағы осы сарын – өмірді шынайы күйінде суреттеп, оның сұрақсыздығын сынап-мінеп отыру және өмірдің сондай сүреңсіз болуына қиналу, күйзелу сарыны оны Гогольмен жақындастыра түседі» – дейді /сол мақаласы – 90 бет/.

Гоголь де өз кезіндегі «басы-байлы құлдық» /«крепостное право»/ дәуірді, сол замандағы тоғышар помещиктердің сұмпайы сиықтарын – оспадар қылықтарын аямай әшкереледі. Әзілдей отырып, зілді мысқылмен іреп-сойды. Міне бұл әдісті Абай толық пайдаланды, алайда, Абай мысқылының түп-негізі Пушкинде жатқан тәрізді, өйткені ол күлтелемейді, тура айтады. Расына келсек, Гоголдьдің өзіне Пушкин әсер еткен. Қалайда тап осы арада Абайдың Гогольге бейім тұруы даусыз.

Қазақ пен орыс халқының рухани байланысын зерттегенде кейбір сырттай ұқсастықты әңгіме ете бермей, ішкі жағын ақтарып, әр жазушымыздың көрші ел мәдениетінен, әдебиетінен үлгі алғанда соны бойына әдбен сіңіріп, өз мүлкіндей көріп, билеп-төстегендерін анықтау қажет.

Әр елдің өз өмірінде болған жәйттерді шерткенде бір автордың екінші авторға ұқсап кететін жерлері болатынын айту емес, бұлардың төркінін табу, өлшеп-пішіп дәл қорытынды шығару абзал. Мысалы, Абай мен Тоғжан арасындағы махаббат сарыны Ромео мен Джульетта ортасындағы махаббат күйіне, кейбір кезеңдерде, ұқсап та қалып отырады. Абай мен Ділдәнің қосылуын оқығанда Николай

Ростов пен княжна Маридің қосылуы елестейді. Бөжей мен Құнанбай арасындағы рулық өшпенділіктер мен қымғуыт-шекісулер де Монтекки /Ромеоның әкесі/ мен Капулетти /Джульенің әкесі/ ортасындағы шимай-

шатақ уақиғаларды еске түсірмей қоймайды. Бұларды шеттен келген әсер деу қиын, өйткені кешегі қазақ елінде болған рулық-тайпалық қиянкесті төбелестерді әр елдің де басынан кешіруі тарихи шыңдық, тек қана бір елде ерте, екінші елде кеш көрінуі ықтимал. Сондықтан рушылдық замандағы өмір шындығын жетік білген шеберлер өзінше толғап, өз халқының шынайы тіршілігін айнаға түсіргендей етіп беруі заңды.

Кей кезде, кейбіреулер, Гоголь ерекшелігін бірнеше тарауға бөледі, соның біріншісі – Гоголь кейіпкерлері біріне-бірі ұқсамайды, әрқайсысы жеке-жеке өз алдына дара көрінеді, екіншісі – «Гоголь әдісі елден ерек, оның сықақ әзілі, мысқыл, келемежі өзінше жеке дара «мен мұңдалап тұрады» дегенді айтты.

Бұлай тізе берсек Гоголь ерекшелігіне сан жетпейді. Бірақ, кейіпкерлерінің біріне-бірі ұқсамауы жалғыз Гогольге тән емес. Ол Шекспирде де, Виктор Гюгода да, Толстойда да бәр-бәрінде де бар. Жалпы, шебер жазушылардың бәріне ортақ қасиет. Мысалы, Шекспирдің Гамлеті мен Лоэрті біріне-бірі ұқсамайды. Лоэртке өзінің туған әкесі Полоний де ұқсамайды. Әкесі мен ағасының тілінен аса алмай, мақсатына жете алмай жынданған ынжық Офелияға, айтқанын қайтпайтын қайсар Дездемона ұқсамайды. Виктор Гюгоның Жан-Вальжаны Жаверге ұқсамайды. Бір әке бір шешеден туған Абай мен Тәкежан да бір-біріне ұқсамайды. Бір таптан, бір рудан шыққан Жұман мен Игілік те бірінен бірі өте алшақ жатыр.

Біздің ойымызша Гогольдің ерекшелігі кейіпкерлерінің біріне-бірі ұқсамауында емес, негізгі әдісінде – биязі әзіл-

сықақ, ащы мысқылында, сөз саптауында[1] /слогында/. Әрине, Гогольдің әзілі сыртқы көрінісінде ғана, әрі қарай тереңдеген сайын зілді мысқыл айқындалып өмірдің неше алуан сиықсыз кескінін жалаңаштап аша береді. Гоголь өз тұсындағы өмір қайшылығын шебер суреттейді. Оңаза озбыр байлар үстемдік құрған, олардың ит аршысы – телі тентек, сотқар жарамсақтар қалың бұқараны зар илеткен заманының қайшылықтарын биязы сықақ әзілмен, өткір мысқылмен әжуалады ол! Бірақ, мұндай әзіл-сықақ әдіс /стиль/ басқа жазушаларда да бар, ендеше бұл да оның негізгі ерекшелігі емес. Гогольдің ешкімге ұқсамайтын оқшау ерекшелігі сөз саптауында /«слогында»/ демекпіз.

Бұл туралы В.Г.Белинский «Саналы ой, сарқылмас дарын сол слогтың дәл өзі... дүние жүзінде ұлы жазушы, немесе күшті дарыны бар қаламгер қанша болса, слог та сонша болмақ. Ал, егер жазушыда слог болмаса, ол қандай әдемі тілмен жазса да бәрі бір, оның шығармасы басы, аяғы жоқ мылжың болады да, оқушыны жалықтырады, оқып бітірген заматта-ақ ұмытылып кетеді...»

«Ал мына Гогольдің өзіне тән слогы бар. Ол жазбайды. Қағазға сурет салады. Оның әрбір сөзі жанды картина, оқырманның көз алдында қылаң ұрып ойнап тұрады, табиғатқа, өмір шындығына айна қатесіз дәл келеді, сондықтан оқушыны таңырқатады да жүректі тербетеді...»[2] – деген ғой.

Міне, қазақ жазушыларының Гогольге, тағы басқа орыс жазушыларына ұқсастығын іздегенде осы сөз саптау жағынан келсек көп нәрсенің басы ашылатындай. Жеке-жеке сөз, некен саяқ сөйлемдер

[1] Ғ.Мұсабаев. «Поэзия туралы ойлар» /Журнал «Әдебиет және искусство». №2, 12, 1958 жылы /деген мақаласында слогты - «Мәнер», «Сөз мәнері» деп алған екен /С.Т./.
[2] В.Г.Белинский. Собр. соч. в 3-х томах, том 2, М., 1948, стр. 604-605.

ілгеріде келгені айқын, олар қазірде де қаулап кіріп жатыр. Оларды үзіп-жұлып ала берсек сөз таусылмас еді және бұл жөнде әсіре-қызылдық та көбейген болар еді, оны жоғарыда да көрсеттік, мұндай сыңар жақ ұқсату сонау бір кезде орыс әдебиетінде де біраз орын алған-ды.

Мысалы, 1842 жылы Қ.Аксаков Гогольдің «Өлі жандар» атты поэмасын Гомердің «Иллиадасына» апарып теліді. «Ескі грек елінің эпосы мына біздің «Өлі жандарда» жаңғырып қайта туды» деген пікірін жариялады. Осыған қарсы шығып В.Г.Белинский «Мағына жағынан алсақ «Өлі жандар» поэмасының «Илиадамен» үш қайнаса сорпасы қосылмайды. «Илиадада» өмір өте мадақталады, Гомер оны шарықтатып аспанға көтереді, ал «Өлі жандарда» сол өмір сұрқай тартады, қожырап іріп кетеді: «Илиаданың» серпіні сергек, онда тәңірі жаратқан керемет дүниеге көз жіберіп, соған сүйсіне тебірену бар, ал «Өлі жандардың» серпіні мүлде басқа, мұнда тіршілікке деген кекесін-келемеж, күлкі, сықақ бар, ешкімге сезілмейтін жылап аққан көздің жасы бар...»[1] – деген болатын.

ә) Бейімбет Майлин

Біздің қазақ әдебиетінде биязі әзіл сықақпен ауыздаған ірі жазушымыз Бейімбет Майлин екені айдай әлемге аян, бірақ осы Бейімбеттің өзі де Гогольге сатылап жеткендей, өйткені ол ең әуелі А.П.Чеховпен танысты.

Әзіл-сықақ әдістің қиындығынан Гоголь туындылары қазақ тіліне өте кеш аударылды. А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, В.Г.Короленко, А.П.Чеховтар біздің әдебиетке

[1] В.Г.Белинский. Собр. соч. в 3-х томах, том 2, М., 1948, стр. 615. Ссылаясь на Белинского, эту же мысль привел и Ефимов в своей книге «Стилистика худож. речи» за 1957, стр. 62.

әлде қайда бұрын келіп орын тепті. А.П.Чеховтың «Грач» атты әңгімесін 1915 жылы Ахмет Баржаксин «Қара қарға»[1] – деп аударды.

«Әңгімені қысқа қайыру – сол таланттың туған қарындасы» – дейтін Чеховтың «Очумелов, Елдырин, Хрюкиндері «Хамелеон» баяғыда-ақ қазақша сөйледі.

Уақиғаны уақ-түйектен бастап әрі қарай насырға шаптыру, немесе ойсыраған қайғылы халден өрбітіп апарып, көңілді күлдіргімен аяқтау әдісі, әңгімені қысқа қайыру тәсілі жағынан біздің Бейімбет Майлин А.П.Чеховқа жақын тұр. Осы пікірді бұрын да айтқан болатынбыз[2].

Гогольдің «Өлі жандарын» Қадыр Тайшықов 1930 жылдар шамасында қазақ тіліне аударды. Тап сол жылдарда Мұқтар Әуезов аударған Гогольдің «Ревизоры» да сахнаға шықты. Қысқарта айтқанда, Гоголь әсері Бейімбеттің 1934 жалдарда жазған «Талтаңбайдың тәртібі» атты пьесасында алғаш рет ізін түсіргендей.

«Талтаңбайдың тәртібі» 1931-1933 жылдарда алғашқы колхоздасу кезеңінде Қазақстанда болған асыра сілтеушілікке қарсы дауыс көтерген шығарма. Осы кезде Республика басшыларының қателікке ұрынып, шаруаның күйзелуіне үлкен себепкер болғанын әшкерелеп көрсетеді. Мұндай жағдайды күлтелеп, келемеждеп айтпай, турасын суреттесе көркем шығарма тумас еді, екіншіден тұспалдамай шынайы шындықты ашық айту авторға да зиянын тигізер еді.

Гоголь де патша заманындағы талай топастарды кінаялап, келемеждеді. Сондай-ақ Бейімбет те осы Гоголь әдісін қол-

[1] «Айқап» журналының 1915 жылғы 7-8 сандарын қараңыз.

[2] С.Талжанов. «Көркем аударма туралы» кітапта, ҚМКӘБ, Алматы, 1962 ж. 138-140 беттерін қараңыздар.

данды.

«Талтаңбайдың тәртібіндегі» кейіпкерлер «Ревизор» кейіпкерлеріне ұқсап отырады.

1) Бейімбеттің – Шапшаңбайы, колхоз басқармасы, ал Гогольдің Сквозник-Дмухановский! –дуанбасы.

2) Күнжан – Шапшаңбайдың әйелі, ал Анна Андреевна – дуанбасының әйелі.

3) Талтаңбай – жоғарыдан келген өкіл, ал Хлестаков – Петербургтен келген «ревизор», осылардың бәрі де біріне-бірі мол ұқсайды.

Шапшаңбай мейлінше қорқақ, сондықтан мейлінше жарамсақ. Оның қорқатыны өзінің «түбі шикі», колхозды үш жылдай жеген адам. Осы қылмыстарын өкіл Талтаңбайға білдірмей аман құтылу үшін қойнындағы жарын да, қорадағы малын да сатуға барады. Шапшаңбай өзінің есепшісі Сүндетке колхоздың мал санын «1045 етіп жаз!» – дейді. Сүндет – «болмайды, талай есеп беріп жүрмін ғой».

Шапшаңбай – шын цифр беріп жүрген боларсың!...

Сүндет – Атама, өмірге шын цифр беріп көргем жоқ. Өтірікке деп еп керек: бар малың қырық бес, оған жүзден артық қалай қосасың?!

Шапшаңбай – «Тым аз...» – дейді. Осы диалогтан Шапшаңбайдың өтірікке баруы, Сүндеттің де онымен жемтіктес сұмырайлығы анық көрінеді. Шапшаңбай бұл қылмысқа өкілден қорқып барады. Тағы бір жерінде:

Шапшаңбай – Жанбол не деп кетті, ей?

Сүндет – сені түрмеге тығам деп кетті.

Шапшаңбай /шошынып/ қой, ә, үрейін алмашы кісінің. Онсыз да зәрем жоқ... Әй, Сүндет, мен неге қорқа берем осы, ә?...»

дегенді айтады. Екінші бір жерінде Талтаңбай, Шапшаңбай, Күнжан үшеуінің арасында әңгіме болады.

Талтаңбай Ардақты жеңгей?

Шапшаңбай – Әй, қайдасың? /Күнжанға/ Саған айтады, саған!

Талтаңбай /Шапшаңбайды иықтан қағып/.

Дорогой Шапшаңбай, жеңгеммен өзім ұғынысам, ты не мешай!

Күнжан – /Шапшаңбайға/ Саған айтады, саған, саған...

Талтаңбай – Великолепно, ха-ха-ха...

Интересно... /Күнжанға/ қолыңызды сағынып...

Шапшаңбай – Ә,ә... О не?

Күнжан – Қой, деймін, түсінбейсің.

Талтаңбай – Во, правильно... түсіндіріп жіберіңізші, жеңгей!

Күнжан – /есікті жамылып/ Ол ма? Ол қою шай...»

Міне, бұл сахнада Шапшаңбай түгел көрінеді, ол мейлінше қорқақ, өзіне тимесең болды. Күнжанды – өкіл Талтаңбай итке салса да көнеді. Бұл Шапшаңбайдың бүгінгі мінезі емес, былтырғы келген өкіл де мұның үйінде жатқан. О да Күнжанды мақтап кеткен, жігіттердің аты-жөнін де Шапшаңбай білмейді, Күнжан біледі.

Шапшаңбай Күнжан қылығын түсініп те жүреді, бірақ еш нәрсеге батылы бармайды, ол қорқады, басын сауғалайды. Міне дуанбасы Сквозник – Дмухановский осы Шапшаңбайдың дәл өзі! Ол Хлестаковқа әйелі мен қызын қоса әкетсе де көнгендей. Сондай зұлым, «сырдан сыңар аяқ өткен қу» – дуанбасы Сквозник Дмухановский мына жәрмес Хлестаковтың қақпанына неге түсті, ол неге сонша масқара болды? Бұл қылығы заңды еді, өйткені оның жасаған қылмысы басындағы шашынан көп, содан құтылудың амалы! Өз басын сағаттау жолында Сквозник-Дмухановский де дүние жүзін түгел сатқандай! Оның алдануы да осы қорқудан

шығады.

Күнжан бейбастақ өскен, бетімен кеткен, ұрыншақ әйел. Ол адам таңдамайды – бәтіңке әперсе, Сүндетпен де үйлесе кетеді. Былтыр ол Қарабас еліндегі бір «шатабұтпен»[1] де әмпей болғанын жасырмайды.

Анна Андреевнаның, өзінің туған қызы Марья Антоновнаға ревизор Хлестаковты қимауы қандай қызық көрінсе, Күнжан да соған төтеп бере алады, бірақ Гоголь осы арада жеріне жеткізе бір көрсетеді де, әрі қарай Анна Андреевнаны қудаламайды. Бейімбет Күнжанды басынан бастап, аяғына дейін «ағаш аттың басына мінгізеді».

Енді бір жерін алалық

«Күнжан – баламды шошыттың.

Сүндет – менен бе?

Күнжан – Дауысыңнан.

Сүндет – Айналсам-ау, қасыңнан...

Күнжан – Қой, қой... Масқара-ау, тапа-тал түсте... Дүкенге бардың ба, әй?

Сүндет – Бардым.

Күнжан – Бәтіңке келіп пе?

Сүндет – Келіпті.

Күнжан – Түсі қандай? Тұмсығы қандай?

Жайпақ па, сүйір ме?

Уәдең есіңде ме?

Сүндет – Мына есебімді ұмытсам да, оны ұмытпаспын. Сенесің бе, мына шотты қағып отырғанда соның әрбір тасы сен болып күлімсірейді маған...

[1] «Счетовод» - деген орыс сөзін бұзып айтып отыр. /С.Т./.

Күнжан – Бетім-ай, осы елдің жігіті қызық, тал түсте... Басқа елдің жігіті бүйтпейді... Қарабас елінде тұрдық қой, сонда бір шатабұт болды...» деп әңгімелеседі. Осы диалогтан Күнжанның кім екені анық көрінеді. Осы беттен ол өмірі танбайды. Күнжанның білетіні «бетім-ай, тапа-тал түсте, қою шай...»

Бейімбет кейде Күнжанның аузына «қазақы» бейпіл сөздерді салып, арзан күлкіге апарады. Мысалы, «түрткізе алмассың», «тұрады деп айт» тағысын тағылар.

Ол аз болғандай енді бір жерінде «Талтаңбай – Жеңгей! Великий океан толқындап, көбігі аспанға атып, жиегіне лықсып, шапшып жатады. Понятно? Менің жүрегім де сол: сіз бір оңнан соққан жібек жел болдыңыз да, оңаша қалған сайын ой теңізін толқындырып, лықсытып, алқымға әкеп тығып, булықтырып... Понятно?

Күнжан /қылымсып/ Тым қатты айттыңыз-ау!

Талтаңбай – Ымм... Тым қатты дейсіз бе?

Күнжан – Бетім-ай, ылғи ұят сөз...

Талтаңбай – сыпайысы қандай болады?

Күнжан /күліп/ кешегі бір айтқаныңыз.

Талтаңбай – Сол сөзден шығасың ғой, ә?

Күнжан – Әйеліңізді қайтесіз?

Талтаңбай – әйел деген маған перчатка айырбастағанмен бір: ескісін тастаймын, жаңасын киемін... Уәде ғой, ә?

Күнжан – Болсын – дейді.

Осы арада Шапшаңбай бұлардың үстінен шығады да екеуіне қадала қарап: «ым-ым, тым срочный жұмыс екен, понятно болды» – дейді.

Үзіндіні әдейі көп келтірдік, бұл жерде Күнжан, Шапшаңбай, Талтаңбай үшеуінің де кім екені түгел ашылғандай.

Ақыр аяғында ақымақ Талтаңбай абақтыға алынады, Күнжан мен Шапшаңбай шөре-шөреде босқа қалады.

Гогольде жалған ревизор Хлестаков, бірінен бірі өткен өңкей парақор-алаяқтарды жер соқтырып, түгел тонап кеткеннен кейін, шын ревизор келеді. Бейімбетте өкіл Талтаңбай мен өтірік белсенді Парыз екеуі ұсталғаннан кейін тексеруші бригада келеді.

Көріп отырсыздар ғой, басы да, аяғы да ұқсас. Кейіпкерлері де бірінен бірі аумайды. Алайда, Бейімбеттің «Талтаңбайы» оқып отырғанда, кей кезде өткінші күлкі туғызып, езуіңді жиғызса да, кітапты жапқан соң еш нәрсе есіңде алмайды, «әттеген-ай» дегізер түк жоқ. Оқушы толғанбайды, бәрі түгел шешілген. Өкіл Талтаңбай сазайын тартады, абақтыға түседі. Жарымес қуыс кеуде ұрыншақ Күнжан құрамай қабады. Бірақ оның көрген бірінші алдануы бұл емес, ол бұрын да талай жігіттермен кездескен. Әлі де талайды басынан кешіруге даяр тұрғандай. Құнжанның қимыл-әрекеті мақсатсыз басталады да, мақсатсыз бітеді. Ешкімнің іші ауырмайды.

Шапшаңбайдың басында да ойсыраған ештеңе жоқ тәрізді. Ол «қорқу үшін» – «қорқатын» ғана жан болып қалады.

Басында да айтып өттік, тағы айталық – бұл пьеса белгілі бір кезеңде өз рөлін атқарған болатын. Ол мезгіл әдебиетіміздің де балаң кезі еді, оның үстіне болған уақиға да кездейсоқ жағдайдың әсеріндей үкімет саясатының ұлы негізінен туған қайшылық емес-ті. Ендеше, бұл пьеса да осы өткінші дәуірдің елесіндей, өз мезгілімен бірге ескіріп қалған сияқты.

Екіншіден – Бейімбет Гогольге қанша қызығып, әсерленсе де ол сатыға жете алмағандай. Байырғы өз әдісі Гогольге ұқсас екені даусыз, сонда да ауылдық шеңберден ұзамағаны бай-

қалады. Әсерленудің алғашқы адымында осыған жетуінің өзі сүйсінерлік жәйт. Келешекте советтік қазақ елінің өз Гоголі болуына жұртшылықты сендіргендей еді.

б) Мұқтар Омарханұлы Әуезов

Мұхтар аға жөнінде сөз қозғағанда оны бір авторға тели қою жеңіл емес, өйткені оның творчествосын рухтандырған негізгі бұлақ қазақ елінде өзінен бұрынғы болған қаламгерлер және кейінгі жазушылар еді. Сонымен қатар, ең бірінші кезекте орыс әдебиеті оның бұрынғы және қазіргі замандағы классиктері тұрды, әрине, Мұхтардың арқалаған жүгі өте ауыр, ол Шығысты да, Батыс Европаны да, өз елін де сарқа білген бойына әбден сіңірген саңлақ!

Біз қазақ және орыс халықтарының екеуара қарым-қатынасын сөз еткенде Шоқан мен Достоевскийдің, Сәкен мен революционер жазушы Ф.Березовскийдің, Мұхтар мен Леонид Соболевтің рухани шынайы достығын еске аламыз.

«Біздің бойымызда барлық право бар, тек қана жаман жазу правосы жоқ» – деп Леонид Соболев айтқан екен, міне, сол Л.Соболев орыс халқының реалистік мектебінен шыққан көркем сөз шеберінің бірі. Қазақ халқының реалистік әдебиетінің негізін орнатушы ұлы Абай шығармаларын орыс тілінде құрастырған да, сонсоң ол жинаққа кіріспе сөз жазған да Леонид Соболев. Ол қазақ әдебиетінің кейбір шығармаларын аударуға да, құрастырып бастыруға да тікелей араласқан автор. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын, оның бірінші, екінші томын аударған да сол Соболев. Қазақ эпосын орыс жұртшылығына таныстырып, таратқан да Соболев. Ең соңында Соболев М.О.Әуезовпен қосылып, бүкіл қазақ әдебиетіне, жалпы Совет еліне әйгілі «Абай» атты драманы жазды.

«Именно в ней /в драме/ впервые осуществляется сотворчество Ауэзова с русским писателем, которое переросло в многолетнюю личную и творческую дружбу...»

«В творческой дружбе М.А.Ауэзова с Л.Соболевым осуществлялось взаимодействие двух национальных культур, двух в равной степени зрелых художественных индивидуальностей, несущих две различные традиции. Главное чем обмениваются, что дают они друг другу – это большой эпический образ героя, учителя, с каким приходит в эту драму М.Ауэзов и методика психологической разработки подобного образа, какую приносит Л.Соболев»,[1] – деп жазды Зоя Сергеевна Кедрина.

Леонид Соболевтің Мұхтар Әуезовпен бірлесіп еңбек жазуы, оның үстіне өз бастарының жеке достығы нәтижесінде орыс жазушысы – өзекті жазушы Л.Соболев, мына біздің Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Сәкен Сейфуллиндердің орыс

[1] Кедрина З.С. Из статьи «Творческий подвиг» опубликованный в журнале «Дружба народов» №4, 1964, стр. 248.

достарының дәрежесіне көтерілді, басқаша айтқанда ол – Соболев өзінен бұрынғы өмір сүріп қалыптасқан достық дәстүрді одан әрі жалғастырды.

Сонымен, осы екі халық арасында болған ауыс-түйістің енді негізгі арналарына тоқтап өтелікші, соның біріншісі – территориялық жақындық /көршілестік/, екіншісі – дүние мүлік, мал, товар, ауысуы, солармен бірге ой алмасуы, ал үшіншісі – идеологиялық майдандағы ең негізгісі әдеби ескерткіштердің бір тілден екінші тілге аударылуы тәрізді. Ұғынысудың, достасудың тетіктері осыларда жатқандай. Орыс пен қазақтың туа бойына біткен мінез-құлқы да, кей кезде, біріне бірі ұқсас тәрізді. Бір кезде сырттан қарағандар орыс халқын еріншек ел дескен, бірақ шын қимылдаса орта жолға тоқтай алмайтын, шөре-шөреге көнбейтін ел екені дәлелденді. Октябрь революциясының Россияда жасалуы кездейсоқ уақиға емес тәрізді. Біздің ойымызша орыс халқының мінез-құлқы осы бір кезеңде айқын көрінгендей. Бұл ел-дағдылы жағдайға көніп, қалғанын «тәңріден» күтіп отыратын әйөңкес ел емес, «болса бәрі болсын, болмаса судай ағып, бордай тозсын» /все или ничего/ – деп қасқия тартатын мінезі бар халық сияқты. Оның үстіне орыс халқы дінді дәріптемеген жұрт деп В.Г.Белинский айтыпты. Осы жақтарынан қарап зерттегенде, қазақ халқы да орыс елінен мінез-құлық жағынан алыс емес тәрізденеді. Ендеше:

«Әр адам жақсы көрер мінездесін,
Кісіні хош көрмеген неге іздесін...?!»

Орыс пен қазақтың рухани байланысын аяқтай келіп, әсер алу жөніндегі ойымызды дәлелдеу үшін, ауруханада жатқан

М.О.Әуезовтің көңілін сұрай барған атақты ғалымымыз И.Брагинскийге оның айтқан сөздерін келтіре кетуді орынды көрдік.

«Маған орыс әдебиетінің тигізген әсері жайында, мүмкін сіз де, жазатын боларсыз, – деді М.О.Әуезов. – Рас, ол өте зор, ешбір затпен салыстыруға келмейтін, өте күрделі әсер. Бірақ, оның келелі бағыты қандай, ол көзге қалай көрінеді? Әрине, М.Горькийдің, Л.Толстойдың есімдерін де атарсыз. Бұл да дұрыс. Алайда маған мүлде күшті әсер еткен жазушының кім екенін сіз білесіз бе? Ойлап таппайсыз-ау, ә? Ол – Тургенев қой. Үстірт қараған адамға бұл әсер баттиып көрінбейтін тәрізді. Әдеби әсер ол – жай нәрсе емес, әсер мен еліктеудің жігін аша алмайтын тоғышарлыр, оны қолдарына ұстап алып, жұртқа көрсететін зат деп топшылауы мүмкін. Творчестволық әсер әрбір жазушының жан-сезіміне барып паналайды, оның өз табиғатына айналып, сіңісіп кетеді, ол әсердің көзге түсетін айырықша жолы болады, бірақ оны қырағылар ғана көре алады. Міне, Тургенев әсері де осы сияқты, мен оны жас күнімнен бастап-ақ ерекше сүйетінмін»,[1] – депті М.О.Әуезов.

[1] З.Б.Кедрина. «Творческий подвиг», «Дружба народов», №4, М., 1964, стр. 248. Орысшасы мынау: «Вот будете, возможно и вы писать о влиянии, которое оказала на меня русская литература, - сказал Ауэзов. - Правильно, огромное, ни с чем не сравнимое влияние. Но какой его характер, как оно проявляется? Назовете, конечно, М.Горького, назовете Л.Н.Толстого, и это верно. Но знаете ли, кто оказал на меня самое большое влияние? Не догадаетесь! Тургенев. Вы не смотрите, что на поверхности, может быть, этого влияния не видно. Литературное влияние это не простая вещ, его только упрощенцы думают руками схватить и показать, смешивая влияние и поражение. Творческое влияние проходит где-то в глубине и проникает в самую душу писателя, делается его второй природой и проявляется как-то по своему, по-особому, не всегда заметно для невооруженного взгляда. Вот так и Тургенев, и ведь его-то я больше всех любил смолоду».

М.О.Әуезовтің өз сөзіне сенбеу қиын-ақ, алайда оның туындыларын, әсіресе «Абай жолы» эпопеясын оқығанда Л.Н.Толстой шығармаларындағы кейіпкерлер үнемі көз алдыңнан өтіп жатқандай сезіледі.

Патша заманында отарлау саясатына килігіп, ішкі-тысқы қанаудың тепкісіне түсіп, өзінің «Қазақ» деген атынан айырылып, «Бұратана» /инородец/ көшпелі «қайсақ» атанып, сүтке тиген күшіктей күңіренген заманда, «Қорданың арасынан шыққан сүйріктей» болып ақын Абай тарихымыздың бетіне қалқып шықты. Өзін-өзі тани алмай, ауыл-ауылға бөлініп, қырық пышақ болып жүрген жәйтті жоюға тырысты, елін ынтымаққа шақырып, өнер-білімге баулыды.

«Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы,
Салқын қуыс өмірі я қараңғы.
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды... » – деді.

Өкініп те, өксіп те айтты. Өз тілімен жеткізе алмасын ұққандай орыс елінің ойшылдарын сөйлетті. И.А.Крылов, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов сынды дүние жүзілік ұлы тұлғалардың толғауларын таратты. Философ-ғалым, өмір бойы ғылымға сусап, шығыс мәдениетін талмай зерттеп, тандыры кепкен Абай, бері келе емешесі құрып, Батыс мәдениетіне – орыс халқының мәдениетіне бет бұрып, тереңге бойлады.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов Абайдан өнеге алып, орыс елінің ұлы мәдениетін меңгере білуге кірісті. Мұхтар аға бірбеткей кетпеді, Октябрь революциясының алғашқы қарбалас дәуірінде орыс жұртшылығында болған неше алуан бағыттардың бәрін де жете тексерді. «Көркем өнер – көркем өнер үшін» /«Ис-

скусство для искусства»/ дейтін бағытты малданып, шынайы тіршіліктен қол үзіп, бетімен лағып Мерешковский мырза мен Гиппиус ханымдар арсаландады. «Біз аспанды жырлаймыз, жердегі лас өмірдің қажеті жоқ» деп көңірсіді. Міне, осы бағыттың да түп тамырын іздеп, алғаш зерттеген Қазақстан топырағында Мұхтар аға болды. Бұл кісі сонау жиырмасыншы жылдарда неміс философы Шпенглердің «Закат Европы» /«Европаның сөнуі»/ атты кітабын оқып, декаденттердің ұстазын тапты. Заты, бір есте болатын жәйт – декаденттік бағыт, сол тұстағы өкімет пен жазушының арасына алакөздік туғанда пайда болады деген пікірді Г.В.Плеханов та дәлелдеген. /«Көркем өнер мен әлеумет өмірі»/ «Искусство и общественная жизнь» деген еңбегінде/. Сондықтан да Совет өкіметінен ауа жайылған Мережковскийдің декадент болмауға правосы жоқ тәрізді.

Мұхтар аға бірте-бірте толыса келіп, 1948 жылдарда қазақ ауыз әдебиетін жіліктеді: «Қазақ ертегісі», – деді ол, – есте жоқ ескі замандардан бастап, беріге шейін болған талай ұзақ дәуірлердің кезеңдерінде туған, өсіп-көбейіп келген мол дүние. Сонау арғы Үйсін, Қаңлы руларының кезінен санап, Қыпшақ елдігі тұсынан келген көне әңгімелер. Қазақ атты ел құралмастан бұрын, мұсылманшылық кірместен бұрын, ескі руларға түгел ортақ болған ертектер бар. Ол рулар өз уақытында әртүрлі діндердің әсерін көрді... »

«Ескі дәуірлерде дүниеге мәлім болған шабуыл жорықтың бәрі де осы күнгі қазақ жайлаған жерлердің үстінен өткен. Теңіз жолдары ашылғанда Батыс пен Қиыр Шығыс арасындағы сауданың керуен жолы да қазіргі Оңтүстік Қазақстанның көп жерлерін кезіп өтетін болған»,[1] – дейді Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

[1] Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы. Алматы, 1948, 58-59 беттерін қараңыз. /«Ертегілер» атты М.О.Әуезовтің мақаласында/.

Осы үзіндіден де Мұхтар Әуезовтың аз сөзбен көп тарихи жағдайды ескертіп отырғаны анық. Үстіміздегі дәуірдің төртінші ғасырында Гун елінің қолбасшысы Атилла жорығы Жоңғар қақпасы, Сырдария, Каспий /Атырау/ қақпасы арқылы өтті. Жойдасыз қалың қол қанатын жайғанда Сібірден, Байкал төңірегінен қосын жиюы ғажап емес, ендеше тайга тоғайын, терістік Қазақстан өңірін шарпи өтуі де мүмкін. Бұл жорықтың мән-жайы орыс тіліндегі тарихи әдебиетте талай рет зерттеліп, айтылған болатын. Ал, Христафор Колумб, кеме жолын ашқанша Батыс Қытайдан Европаға асыл тас таситын ұлы керуен жолы Иранды басып, біздің түстік Қазақстан үстінен ілгерілі-кейінді өтіп жүргені даусыз шындық. Осы ғылыми тұжырымдардың бәрін де Мұхтар орыс тіліндегі нұсқалардан алғанына шек келтірмейміз. Сондықтан да марқұм Погодин: «Бізге Мұхтар Әуезов Шығыстың Шолоховы, ал қазақтар үшін ол екінші Абай ғой» – деп еді.

Бір күні бір ғасырға татитын революциялық өскелең дәуірде туды Мұхтар аға. Көне дүниенің барлық бай мұрасын бойына сіңірген, жан-жақты ілім-білімге піскен, Мұхтардың бұлай болмауына еркі де жоқ.

Бүгінгі күні қазақ халқының тілінде, әдебиетінде ілім-білімінде де орыс халқының әсері адам айтқысыз. Алда келе жатқан туысқан ұлт әдебиеті – орыс әдебиеті, бұл әдебиетке біз көп жағынан қарыздармыз. Социалистік мәдениеттің өркендеп, гүлденуі жөнінде данышпан көсеміміз Владимир Ильич Ленин айтқан екен: «... нигде народные массы не заинтересованы так настоящей культурой как у нас; нигде вопросы этой культуры не ставятся так глубоко и так последовательно как у нас...»[1] –

[1] В.И.Ленин. Пол.собр.соч. издание 4-ое, том 33, стр. 423.

депті.

Сөз саптауы /слогы/ жағынан Мұқтар аға Л.Н.Толстой мен И.С.Тургеневке жақын, тіпті Уильям Шекспирге де жат емес, айта берсең, Мұқтар аға, Алигьери Данте мен Вольфганг Гетені де жатырқамайды.

Бір кезде М.Горький: «Толстой әлемнің алтын қоңырауы ғой» /«звонкий колокол мира»/ деп бағалады. Сонсоң: «Мен Ленин мен Толстойды көрдім, сол үшін бақыттымын» деп Ромен Ролланға хат та жазған сол Алексей Максимович Горький болатын. Осы толғаудың түп негізі И.С.Тургеневте жатқандай. Өйткені 1856 жылы 28 ноябрь күні Л.Н.Толстойға Парижден жазған хатында И.С.Тургенев «Жастық шақтың» /«Детство»/ бірінші бөлімін бітіріпсіз, бұл оңды болған... Егер осы жолыңыздан жаза баспасаңыз, сіз өте ұзаққа шабасыз...»

«Менің «Фауст» деген әңгімем сізге ұнайды деп ойлаймын. Жас кезіңізде, өз қолыңыз өз аузыңызға жеткенше, мүмкін, менің еңбектерім сізге ұнаған да болар, азырақ әсері де тиген шығар /И.С.Тургенев Л.Н.Толстойдан 10 жасы үлкен. С.Т./ Енді сіз мінез-құлықтағы екеу-ара айырмамызды, менің аяғымды шалыс басып, қателесуімді, ойымды жеріне жеткізе алмауымды көре аласыз ғой, сондықтан мені зерттеуден еш нәрсе өнбейді. Сізге өз жүрегіңізді, басқа адамдарды, ұлы жазушыларды зерттеу ғана қалды. Мен өткінші дәуірде туған жазушымын, ендеше, өткінші кезеңде жүрген адамдардың ғана кеудесіне жарармын...» – деген екен.

Өзгені силау – өзіңді силау ғой, мұндай келісімді қылық ұлы адамдарда болған. Олар жақсылықты біреуге қия білген.

Біздің Мұқтар аға пір тұтқан И.С.Тургенев болса, ал

Тургенев мына Л.Н.Толстойды жер-көкке сиғызбаған екен.

«Адам – керуен, өмірі жол,
Ешкімге жат із емес,
Жолмен көшкен керуеннің,
Алды-арты да біз емес» –

деген еді Сәкен Сейфуллин. Ендеше, Мұқтар ағаны да басып озатын келешек буынның тілеуін тілелік.

в) Сәбит Мұқанов

Жаңғырған дәуірдің жалынды жыршысы, мезгіл тынысын, қазақ елінің тіршілігін өз туындыларына арқау еткен қаламгер Сәбит Мұқанов. Қазақ совет әдебиетінің керегесін жайысып, шаңырағына уықтарын шашысқан егде жазушымыз. Ежелден қалыптасып келе жатқан ескі қағиданы тас-талқан етіп күйреткен Октябрь революциясының алғашқы күндерінен бастап-ақ қолына қалам алып майданға белсене шыққан, содан әлі мүдірмей келе жатқан саңлағымыз Сәбит Мұқанов. Ол – еңбекші қазақ еліне көп сыбаға тартып, әлі де берері мол, адал еңбекқор азамат. Сәбит бір сырлы, алуан қырлы кең тынысты суреткер. Бұл кісінің қаламынан төгілген жыр – Совет жыры, еңбекші елдің сыры.

Совет дәуірінде қазақ елінен – еңбекші таптан шыққан табанды ұлдардың бірі. Оның қаламынан поэзия да, проза да, драматургия да, көсем әдебиет саласына жататын очерктер мен мақалалар да жедел туып жатады. «Ойды қысқа қайыру – таланттың туған қарындасы» демекші Сәбит Мұқанов келте қайрылатын ұсақ әңгімелерді де әдебиетімізде қосқан жазушы. Қазақ совет елінің игілігі үшін елу жылдай жалықпай еңбек істеп, үнемі алға ұмтылудан талмаған тарланның бірі де Сәбекең.

Еңбегінің көлемін алсақ жазушы Сәбит – ағылшынның Чарльз Диккенсінен, француздың Александр Дюмасынан /әкесінен/ кем соқпайды. Бұл құрғақ сөз емес, өз ойымыз, әрине, әркім жеткен жеріне жығылады. Осы жөніндегі сүйіншіміз – көне заманда дәурен сүрген данышпан Сүлеймен /орысша «мудрец Соломон»/ «Адам өлмей бақытты болмайды», – депті. «Өлгеннің міні жоқ, тірінің міннен құры жоқ» – дейді екен Абай. Сондықтан біздің

бұл сөздеріміз бүгінгі сарынның ауқымынан шалғайырақ та көрінер, бірақ ертеңгі күні айтылатын бағдарамыз осыған келіп тірелер деген ойдан құр алақан емеспіз, өйткені еңбек өлмесе керек.

Әрине, «піскен асты жеуші көп, біткен іске сыншы көп» – осының бәрі замана ырғағының заңды құбылысы. Ескерте кетелік: 1928 жылы /Максим Горький 60 жасқа толған күні – 26 мартта/ француздың көркем де, көсем жазушысы Стефан Цвейг айтыпты: «Достоевский де, Толстой да, Тургенев те өздерінің ұлы шығармаларында орыс халқының жан-жүйесіндегі молдықты /кеңдікті/ орыс жүрегінің ілгері басып алабұртуын, құмарлана ұмтылуын бізге баяғыда-ақ айтып, анық көрсетіп кетіп еді, ал бүгін біздің алдымыздан бөгде бір есік ашылды – ол – М.Горький, тек қана орыс халқының ішкі жан құбылысы емес, түп-түгел орыс адамын әкеліп өз кескінінде анық көрсетті» – депті. Сондай-ақ, біздің бұрынғы қазақ жазушылары да өмірдің тақсыретін тартқан кедей-кепшіктердің, жарлы-жақыбайлардың жапа шеккендерін, теңсіздіктің тепкісіне килігіп пана таба алмай дағдарғандарын жеріне жеткізіп-ақ баяндаған-ды, бірақ сол сорлылардың басым көпшілігі өз мұң-мүддесін әлемге әйгілеп айта алмай діңкесі құрығандар болатын. Советтік идеяның жыршысы Сәбиттің олардан айырмашылығы бар, мұның кедей Шоқпыты бұрынғылардан көрі жаңарған Шоқпыт. Өз қолы жеткен табыстардың, болып отырған жаңғырулардың барлығы партия басшылығының арқасында туып отырғанын түсінген Шоқпыт. Сондықтан ол:

«Тұқымды кім бергені,
Қалайша күн көргені
Өзіне айқын Шоқпыттың
Бүкіл қазақ халқына
Берген оны партия»[1]

[1] С.Мұқанов. «Таңдамалы өлеңдері мен поэмалары». Алматы, 1950, 132-133 беттерін қараңыз: М.Хасенов. Дәуір және жазушы. «Қазақстан» баспасы, Алматы, 1968, 14-15 беттерде.

дегенді ашық айта алады. Бұл бұрынғы көсеу Шоқпыт емес, қазіргі көсем Шоқпыт. Бір кезде байлардың табанына тапталған қырық жамау Шоқпыт емес, еңбекші елдің шоқтығындай Шоқпыт.

Біздің қазақ халқы әр бұрышта отырып: ақын – Сәбит, прозаик – Сәбит, драматург – Сәбит, өзі сыншы, өзі ғалым, әрі тарихшы – Сәбит, академик-жазушы – Сәбит деседі; халық айтса қалт айтпайды, өзі де осыған ылайық, ал оның үстіне біздің қосарымыз – октябрь революциясының екпінді лебінен туған-жаңғырған заманға сай жаңашыл Сәбит деп атасақ артық емес тәрізді.

Сәбиттің өсу-есею жолы М.Горький дәуірінде, социалистік реализм негізінде қалыптасты. Вл.Вл.Маяковскийдің жалынды жырларынан, совет заманының тегеурінді ақыны атанған үздік ойшыл, өршіл «Совет Одағының азаматынан» шеберлік үлгілерін үйрену арқылы, қазақ совет әдебиетіне өз ерекшелігімен келген ақын – Сәбит. Екінші жағынан Сейфуллиннің саяси лирикасынан алыстамайды. Бұл екеуі қанаттаса, сыбайласа қимылдап, ылғи үндесіп отырды. Тіршілік талабына сай, кезек күттірмейтін күнделік тақырыптарды дер кезінде қамтуға келгенде Сәбең алдына жан салмады.

Қазақ халқында өлең жазбаған азамат жоқтың қасы. Бұл дәстүр басқа елдерде де бар, мысалы, француздың атақты прозаигі Виктор Гюго да, орыс халқының аты шулы сыншысы Николай Александрович Добролюбов та т.б. бәрі де ең әуелі өлеңмен бастаған-ды.

1854 жылы Бірінші Николайдың /императордың ресми рұқсаты бойынша Николай Иванович Гречтің 50 жасқа толған мерекесі тойланыпты, сол кезде 18 жасқа жаңа келген қыршын А.Добролюбов мынадай кекесін өлең жазған екен:

«Вниманием высшего начальства
Заслуги ваши почтены;
Достигли вы до генеральства»[1]
Вас все Российские сыны

Достойно чтут как патриота
И как творца учебных книг...
В своих грамматиках без счета
Терзали вы родной язык...[2]

Вы в географии мешали
Восток и Запад меж собой[3]
Фаддея с Гоголем равняли
Уча словесности родной...[4]
Заслугу таких не мог, конечно,
Ваш добрый барин позабыть, –
И вот он дал чистосердечно
Свое согласие – вас почтить,

Формально громким юбилеем,
Как генерала подлецов
«И мы, дескать, ценить умеем
Заслуги преданных рабов»[5]

---

[1] «Нағыз статский советник» деген чинді Н.И.Греч /1787-1867/ сол жылы алған екен. Добролюбов соны нұсқап отыр /С.Т./.

[2] Орыс тілінің бірнеше оқулық грамматикасын құрастырған да осы Греч еді.

[3] «Учебная всеобщая география» деген Гречтің кітабын айтып отыр, ол СПб. 1838 жылы шыққан, ал екінші басылуы 1844 жылы екен.

[4] «Учебная книга русской словесности» атты Гречтің кітабында өзінің ұялас досы, әдебиетті саудаға салып жүрген сұмырай патша үкіметінің арамза тыңшысы Фаддей Булгаринді /1789-1859/ Гогольмен қатар бағалаған екен /С.Т./.

[5] Гречтің 50 жасқа келген мерекесін тойлау жөнінде газет бетіне жарияланған Бірінші Николай патшаның ресми рұқсатын айтып отыр /С.Т./.

деген өлеңдерді жазған болатын.

1917-1918 жылдары біздің Сәбең де 17 жасқа жаңа толған-ды, міне, «Көңілім», «Жалшының зары», «Жұмаштың өлімі» атты өлеңдерін дәл сол мезгілде жазған екен.

Сәбең дарыны өршелене өсті, ол революция жауларына қаймықпай қарсы тұрды, ол күрескер, ол алыстан болжайтын қырағы азамат.

«Менің өмірім күрестің нағыз іші,
Сыналатын заман бұл ердің күші,
Қазір маған қызықтың керегі жоқ,
Көңілдің күрес қана қуанышы»[1]

Сәбең табиғаттың, бүкпесіз шындықтың дәл өзі! Қазақ халқының сөздерін иілдіріп, бүгілдіріп, қиыннан қиыстырып әшекелемейді.

«Ол кезде бола алғам жоқ рас эстет,
Мысқылдап сөйлегем жоқ сөзді де екшеп,
Жабайы жұрт түсінер деген тілмен,
Жар салдым, жауды өлтір де, өзің өс!» – деп

деуі әлгі пікіріміздің айғағы.

Интернационалист ақын Сәбең ылғи туысқандықты, бауырмалдықты көксейді коммунистік қоғам құрылысын революциялық өршіл сезіммен баяндайды:

«Еңбекші бауырласып, қосып басын,
Айырды кімнің досын, кімнің қасын,
Қолында Ленин туы – коммунизм
Жолына қойды түгел ықыласын»[2]

[1] С.Мұқанов. Толық жинақ. I том, Алматы, 1935, 74 бетте.
[2] Т.Нұртазин. «Жазушы және өмір» ҚМКӘБ, Алматы, 1960, 78 бетте.

деген беттен таймады ол!

Сәбит аға асқақ ақын, кеудесін мақтаныш билеп жүйткітіп отыратын жазушы, бірақ ол өзі мақтанбайды, советтік революциялық заманды арқа тұтып соған масаттанады.

«Мен өзгедей емеспін жалаң әнші
Мен әншімін: егінші ұста малшы,
Өндіргіш қол, тапқыш ми менде ғана,
Сондықтан бар табиғат маған жалшы»

деу совет адамының – еңбекші таптың қолынан келмейтіні жоқ дегені еді. Әсіресе «Өндіргіш қол, тапқыш ми менде ғана» – деу де жәй сөз емес, ақынның өзі де емес, – ол – творчестволық еркіндік, еңбек зейнеті, бақытты тұрмыс – бәрі де бір ауызды, бір бауырлас совет елінің қолында деген мағынаны береді.

Сәбит Мұқанов М.Горький мен В.Маяковскийден көп өнеге алды. Маяковский «Я гражданин Советского Союза» деп көтеріңкі сезім, жалынды леппен сөйлейтін болса, Сәбеннің мардамсуы да одан қалыспайды. М.Горький «Мои университеты» – деп жазса, Сәбең «Менің мектептерімді» жазды.

Әдеби шығармалары былай тұрсын, тіпті жеке-жеке сөздерінде де совет дәуірінде қарыштап өскен орыс тілінің әсері өте мол. «Шагом марш», «Күннен күшті большевик», «Сөз – Советтік Армия», «Жүрегімді мандат қып», «Поэзия маршалы», «Фашизмнің ажалы», «Гвардеец батыр» тағысын тағы деген өлеңдерінің аттары да орыс тілінен ауысқаны айқын.

Өлеңдерінің текстерінде де орыс тілінің әсері мол кездеседі.

«Се-Се-Се-Р ді етуге бөлшек-бөлшек
Ойласа жау.
Олармен күшті өлшеп

Көреміз бүгін
Бізде күзет мықты.
Жауға жерден бермейміз
Жалғыз вершок!... »

деген жолдарда «СССР», «вершок» сөздерінің орыс тілінен ауысуымен қатар мұнда орыс тілінде жазылған бүтін сөйлем, келелі ой түгел аударылғандай. «Ни одной пяди своей земли, своей земли, не отдадим никому!» деп И.В.Сталин айтқан-ды.

Әрі қарай Сәбең:
«Майданға «партия» деп аттанайық,
Советтік азаматы атқа лайық.
Қимыл ғып, жер шарына фашизмнен
Сені біз құтқардық деп мақтанайық» –

дейді.

Күнделік өмірге үн қосып, жаңғырған замандағы жаңа сөздерден жатырқамаған қайраткер Сәбең.

Қазақ халқының сөйлем құрылысында бұрын қалыптаспаған, орыс тілінен келген сөз тіркестері де Сәбит Мұқанов та жиі ұшырасады. Бұл пікірімізді біз «Ботагөз» романынан мысал келтіріп, кейінірек айтып өтпекпіз.

Октябрь революциясынан кейінгі дәуірде, қазақ тілінің, әдебиетінің даму бағытында Сәбит ағаның қандай рольдері болды, міне біз соны аңғартқымыз келді. Сәбит Мұқанов жалықпайтын жаңашыл ақын. Нағыз интернационалист жазушы. Арқалаған міндеті мол, жүгі ауыр, еңбекші қаламгер ол! Жетпістен асқанша өз Отанына талмай еңбегін сіңірген Сәбиттің өз сөзімен ойымызды түйелік:

«Кешегі қайғылының Алтай бірі,
Күн сықылды еместей көрген күні.
Жұрттың күлген күлкісін көтере алмай
Ашумен шығып отыр беттің түгі.

Қанша қайрат орнаған жан болғанмен,
Бүгін түскен мойынға аз ба жүгі?... »

«Евгений Онегин» романындағы ақын Ленскийді А.С.Пушкиннің өзіне ұқсатқан М.Ю.Лермонтов екен, ендеше, біз де «Сұлушаш» романындағы Сәбит Мұқановтың «Алтайын» ақынның өзіне ұқсатып отырмыз.

«Советтік сөзге қаламы
Көрген емес мұқалып,
Мұны жазған жазушы
Кәдімгі Сәбит Мұқанов».

г) Ғабит Мүсірепов

Адақтап айтқанда, қазақ әдебиетінде орыс әдебиетінің тигізген әсері ұлан-асыр. Қазақ жазушыларының Гогольден әсер алмағаны жоқтың қасы, бірақ Гогольмен әдістес – әзіл сықақтың туын көтерген жазушымыз Ғабит Мүсірепов дер едік. Осы пікірімізді толығырақ дәлелдеу үшін «Оянған өлкені» біраз жіліктеп көрелікші.

Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы кең тынысты, мол жоспарлы шығарма. Жазушының өзіне тән әдісімен үлкен полотно жасаудың алғашқы адымы. Ғабит шығармаларының осы «Оянған өлке» шырқау шыңы десек те болғандай. Бұл романда он тоғызыншы ғасырдың қырқыншы жылдарынан бері қарайғы Сарыарқада болған ояну кезеңі, талай-талай шырғалаңдар қамтылады. Біз сол үлкен уақиғаға арналған романды жан-жақты алып сынағалы отырғанымыз жоқ. Бізге керегі Ғабит Мүсіреповтің өзіне тән әдісі – биязі әзіл-сықағы, өткір мысқылы қалай көрінді, бұл жөнде Гогольге ұқсастығы бар ма? деген сұрақтарға жауап бермекпіз. Алдын ала ескерте кетелік, Ғабиттің Гогольге де, басқаға да ұқсастығы бар, бірақ өзінің өмірге сығалай қарап, сынай түйреп отыратын әдісі күшті көрінген, бұл әдісіне өткен уақиға да мол мүмкіндік бергендей.

Ең бірінші – Ғабиттің жағымды кейіпкерлерінен көрі жағымсыз кейіпкерлері әлді шыққан, оның үстіне жағымдылары өте аз да әредік бой көрсетеді. Патриархалдық-феодалдық ру дәуірінің анайы – ахмақ өкілі Жұман бай, ал жаңа төбесін көр-

сеткен сауда капиталының иесі зымиян сұмырай Игілік көрінеді. Бұларға сай орыс елінен Рязанов пен Ушаков, татар көпесі Хамидолла шығады. Екінші сатыдағы атқа мінерлер Жұмабек төре, Күреңкөз қожа, өзі болыс, қарташы Ордабай, жылым да зұлым Омар, жалақор Мұсақай т.б. көрінеді. Орыстардан Сикорский, Соколов, Зубовтар алынады. Әйелдерден Айғанша, Күреңкөз қожаның әйелі, аз да болса, елестеп өтеді. Бұлардың бәрі жағымсыз кейіпкерлер. Ал жағымды кейіпкерлер Бұланбай, Сүгірәлі, Жабай, Сандыбай шебер, Байжандар; орыстардан Андрей Быков, Шило қарт, Михайло Неволялар айтылады. Әйелдерден Назыкеш, Күнше, Көпейлер көрінсе, орыстардан Елизавета Быкова, Екатерина Неволялар көрінеді.

Романда аракідік кездесетін өткінші кейіпкерлер жарымес Тілеуке, құлдық бойына сіңген ез Талтаяқтар; тәуірлеу шыққан, алайда, есте қалмайтын Алшағыр, Бәйшегірлерді сөз де еткіміз келмейді.

Осы жерде оқушының ерекше есіне сала кететін бір ойымыз бар, ол осы романда екіжақты көрінетін Байжан мен Сандыбай шебер туралы. Ғабит – бұл екеуіне көңіл бөлмейтін сияқты. Бізше олай емес, жазушы негізгі ойын байқатпай отыр. Бұл – Байжан он жеті мың жылқының иесі Жұманның жақын туысы. Өзі ішінде жүрген қоғам-байды қолпаштайды, осы теңсіздікті Байжан мықты түсінеді. Ол ақымақ емес: «өзің өлгенде осы малдың қаншасын ала кетесің!» /20 бет/ деген ұрт сөзіне ашуланып, Жұман оны «жынды ит» – дейді.

Кедейдің қызы – он бес жасар күнінде тиген Жұманның тоқалы Көпейді сыйлауы да тегін емес. Байжан Көпеймен өте тату: «Құдай маған екеуіңді қайта піштірер ме еді... қатыны кім, байы кім болуға лайықты екенін көрер еді сонда» – дейді

Байжан. /21 бет/. Ахмақ кісі осылай сөйлей ме? Тіпті Жұманның кім екенін оқушыға анық көрсетіп отырған да осы Байжан образы.

Заманындағы өмір қайшылығы Байжанды келемеж еткендей. Сол шындық түгел көрінген, нанымды кейіпкер – Байжан дер едік. Байжанның екі жақтылығы – замана қайшылығы. Сандыбай шебер де осы Байжанды толықтырып тұрған сом тұлғалы кейіпкер. Гоголь, Крылов, Сервантес, Шекспирлерді оқығандығын автор өзі де тура айтады.

«Әлденеден аса қуанышты жайын жасыра алмай ойнақтап тұрған Сикорский тез қоштасып, тез шығып кетті. Ұзамай, екі қара көктің «Ақ бұйрат» жолына түсіп алып, құйындатып жөнелгенін терезеден көріп:

– Хлестаков! – деді Ушаков ішінен /457 бетте/.

Ендеше, Ғабит Гоголь кейіпкерлерін түгел біледі. Оралдан Рязанов жіберген әулекі ревизор Сикорский Хлестаковтен аумайды.

Сандыбай шебер үйші, ол Игілікке он екі қанат кигіз үйдің сүйегін жасап береді. Ақысына Игілік бай оған он құлынды бие бермек. Бүгін сол малдарын беруге үш айғыр үйір жылқыны Сандыбайдың алдынан айдап өткізеді: торы төбел айғырдың, теңбіл қара көк айғырдың, мақпал қара айғырдың үйірлері бірінің соңынан бірі тізбектеліп өтіп жатады. Сандыбайдың көзі тұнып, есінен айрылады. Сонау Көкшетаудан қаңғырып келген үйшіні Игілік алып та жығады, шалып та жығады. Оның жылқы бергісі келіп тұрған жоқ, тырнағына іліккен сорлы тышқан мен мысықша ойнайды. Қорқау байдың арамза пиғылын Сандыбай түсінбейді, жылқыға қызығып оның есі ауып кеткен. «Енді Игіліктің бар жылқысын түгел көріп, он екі мыңнан таңдағысы келіп

тұрғандай еді...» – деп толғайды автор.

«Екеуін қарадан, екеуін торыдан, екеуін қара көктен таңдасам қайтер еді... Үш айғырды қайта көріп, біреуін таңдап алсам!...» Әрине, құлындарын таңдап алуға болмас... Мырза болғанмен, бар жылқысын түгел аралатпағаны – кішкене керек болды...»

Осындай қиқы-жиқы ойлармен Сандыбай алаңдап тұрғанда:

«... Бір қыс біздің үймен дәмдес болып, арба-шанамызды жамап-жасқап берсең, бір-екі құлынды биені қоса алар едің... – дейді де Игілік жүріп береді /112 бет/.

Бай Игілік өз құлқынын ойлап тұр, оны ердің көгі еткен сормаңдай Сандыбай ұға алмайды.

«Осынша малдың бәрін алып, шексіз байлыққа ие бола қалған» – үйші енді Күншенің Назыкештей қызын өзінің баласына айттырмақ болады. /Күнше Игіліктің күңі – малайы, Сандыбай сол үйде жатады/.

«... Сүтін басыңқырап құйсаңыз тағы бір шыныаяқ ішер едім»... – деп Сандыбай шыныаяғын еркін ұсынады.

«... Осы мен сіздің қара басыңызға қатты қызығып жүрмін... Құдағиым болсаң, қалай болар екен!... Өзіме тартып, үйші бола ма деп жүрген балам бар еді. Сіздің баладан бірер жасы кіші болар... Бірақ «жас өсер, жарлы байыр» дегендей жетіліп кетеді ғой... Солай емес пе?» – дейді. Күнше енді бір жола таңданып туралап қараса, қонағы оң қолың мақынына қадап алған екен. Бұл да әлдекімге ұқсай қалыпты...»

«Екі құлынды биені қазір беріп кетем. Бірі қара көк, бірі мақпал қара болар, құдай қаласа... Өмірде ұстап көрмеге малың, Игілік жылқысы деп қыза келе» сізді қойып, «сен» деп сөйлеп кеткенін өзі байқаған жоқ».

Келер жылы тағы бір қара көк бие, бір қара бие берем. Менің малымның бір-біреуі бір қызға татиды... Одан арғы жылы бір қара мақпал байтал берем де келінімді алам. Қызыңды ұзатып апарғанда өзіңе бір қара көк дөнен мінгізем...»

«Сиыр-миыр, қой-ешкі дегенді араластырмаймын... бір жақтырмайтын малым...» дейді Сандыбай /114 бет/.

Міне шебер шыққан шындық осы, шын еместің бәрі де әдемі емес! Он саусағынан өнері төгілген шебер үйші Сандыбай сорлы «ақшалы бай, шапталы шай» билеген, кер заманның тепкісіне түсіп, озбыр болыс, оңаза билердің табанына тапталып, зар илеген жан, көз алдында сол сиқысыз дәуір елестейді. Ақыр аяғында маңдайы тайқы Сандыбайға осы еңбегінің сілекейі де бұйырмайды. Он құлынды биенің біреуін сол түні Ордабай болысқа /Игіліктің баласына/ карта ойнап ұтқызады. Быт-шыт болып, «су-аяғы құрдыммен» бітеді. Міне, күлдіре отырып, еріксіз жылата білудің бір түрі осылай болса керек-ті.Көңілдендіруден көрі, күлдіру өнері қиын. «Жалған әрекет жасап, ержетіп есеймеген жанның жүрегін лоблытуға болады. Мысалы, нәзік сезімнің орнына, даңғаза айқай-шу көтеріп, елді елеңдетуге, жанды түршіктіретін уақиғаның орнына өткінші әулекілік көрсетіп, жұрттың көңілін аударуға болады, бірақ, тұрпайы болса да күлдіру үшін табиғи сергектік, өзіне тән ерекше биязы юмор керек» [1] – дейді В.Г.Белинский.

Жоғарыда келтірілген үзіндінің Гоголь әдісіне ұқсастығы байқалып-ақ тұр, бірақ бас кезінде Мигель Сервантестің Санчо-Пансасы да баттиып көрінеді. Санчо-Пансаға есуас «батыр» Ламанчаның Дон-Кихоты: «Сен маған жолдас бол, қару-жарағымды

[1] В.Г.Белинский. Собр. соч. в 3-х томах, том 2, 1948, стр. 593.

ұстап өріп жүр, жорыққа аттаналық! Мендей ердің соңынан ерсең, кейін өзің генерал-губернатор боласың, ауызың аққа тиеді» деп үгіттейді.

Санчо Панса қатты қуанады, алайқайлап әйелімен ақылдасады. Санчо-Пансаның генерал болатынын естігенде әйелі жылайды: «Сен генерал боларсың-ау, мен де мұршам келгенше генералдың өзіне лайық әйелі /«генеральша»/ болармын-ау! Сол кезде мына қыздарымыздың тағдыры не болмақ? Олар да өз теңіне-генералдарға тиюі керек қой. Міне, сонда есіл қыздарымыз күйеулерімен өздерін тең ұстай алмай, қорлық көре ме деген қаупім бар...» – деп еңірегенде етегі толады. Санчо-Пансаның генерал болуы «қашпаған қашырдың уызындай» ғой. Дәл сондай-ақ Сандыбай да әлгі Игіліктен алып болмаған малын иемденіп шексіз байып, ісіп-кебеді.

Гогольдің өзі де «Өлі жандарын» жазғанда Сервантестің «Дон Кихотынан» әсер алған тәрізді. Оның үстіне: «Пушкин советовал Гоголю в момент создания им «Мертвых душ» брать пример с Сервантеса»[1] – дейді Ф.В.Кельин.

Әрине, Ғабит Мүсірепов «Дон Кихоттың» өзін де орысшадан оқыды.

Қайсысынан алса да үшеуінің әдістері де ұштасып жатқандай. Биязі мысқыл, өткір сықақ бойына әбден сіңген Ғабит Мүсіреповтен Шекспирдің де әсерін аңдап отырамыз. Мысалы: «Омар моланың қасына келіп, атынан түсе қалып, өлікке құран /аят/ оқи бастап еді... Дүние әрекетін түгел ұмытып, ұрып жатсаң қозғалмайтындай мүлгіп отыр... Тепсініп-ақ келіп қалса да, құран оқып отырған адамды Жұман да бас салып сабай алмады. Ол

[1] Мигель де Сервантес Сааведра. Собр. соч. в 5-ти томах, том I, Библиотека «Огонек» издат. Правда, М., 1961, стр. 20.

бір құдайға қарсылық болар еді...[1] – дейді.

Осы үзіндіні оқығанда Шекспирдің «Гамлеті» есімізге түседі. /Әрине, Ғабит мұсылман діндарларының жөн-жосығын жақсы біледі, сондықтан өз тұсынан да айта алуы мүмкін. Бірақ Жұман заманында – XIX ғасырда «мұсылман діні» Сары-Арқада басқа өңірлерден көрі әлсіздеу еді[2].

Шекспирдің шығармасында – Гамлет оқудан келсе, өзінің туған әкесі дүние салыпты, оны өлтірген Гамлеттің дядясі /әкесінің інісі/ Клавдий мұның шешесіне: /Гертрудаға/ үйленіп, Данияға король /патша/ болып отыр екен. Клавдийдің осы қылмысын естіп, әкесінің кегін алуға Гамлет белін бекем буады. Бір күні қылышын жалаңдатып, дядясін жайратуға жетіп келсе, Данияның королы – әлгі Клавдий құдайға жалбарынып, дұға оқып отыр. Сонда: «Прости мне это гнусное убийство!... Ангел спасите!...» деп шоқынып жатқанын көреді. Осы кезде Гамлет:

«Теперь совершить бы все – он на молитве,
И я свершу; и он взойдет на небо;
Здесь требуется взвесить;
Отец мой гибнет от руки злодея,
И этого злодея сам я шлю на небо,
Ведь это же награда, а не месть»[3] – дейді.

Әрине, Жұман Гамлет емес, алайда ашулану дәрежесі бірдейге жақын. Кесіп-пішіп айту, Ғабитті апарып Шекспирге телу өте ауыр, алайда ауыс-түйістен туған үндестігі де бар тәрізді.

Ордабай үйінде он шақты адам «жиырма бір» ойнап жатыр...

---

[1] Ғабит Мүсірепов. Том 2, «Оянған өлке», Алматы – 1955ж. 86 бетінде.
[2] Осы пікірді академик В.В.Радлов айтқан болатын, оны жоғарыда да келтіргенбіз /С.Т./
[3] Уильям Шекспир. Том 6, М., 1960, стр. 92-93.

«Бытық бет, семіз қара жігіт Ордабайға әдейі ұттырғаны келіп, оңай «күйіп» кетіп отыр. Бұл кіреші ЫБырайдың баласы – Ботағараға, ол Ордабайдың нөкері болуға құмартып жүрген жігіт.

– Бас, бас, түгел бас?... Ордабайдың алдында «алтылық» пен «түз» жатыр.

– Король, король!

Осы крестің королі жаңа ғана бір келіп кеткен сияқты еді, жұрт шуласып жатқанда, сақалы күректей болып, тағы бірі шыға келіпті... Ұтылған жігіт күміс дөңгелектерді Ордабайға қарай дөңгелетіп жіберіп:

– Орыстар он жетіге алмайды... – деді.

– Ордабай ақшаны малдас құрып отырған бойы, шалбар балағының астына тықты, сол дөңгелектермен бірге Сандыбайдың көзі де сол балақтың астына кіріп барады...

– Бәнке алпыс сом! Бір құлынды бие, бас!...

Ой да жоқ, үміт те жоқ, ерік те жоқ, Сандыбай қарғаның тұзын екі қолымен ұстап, айнаға қарағандай жымиып отыр.

– Бастың ғой бәнкеге? дұрыс, ал карта ал!

Нағыз карташылардың әдетінше «әкеттің... Алдың...Сенікі, сенікі!» – деп алдыңдағы ақшаны Сандыбай жаққа қарай ысырып қойып, «ала бер!» – дей отырып, оған екі «балта» бір «ондық» берді де оңай «күйдіре» салды...» /116-119/ деп суреттейді.

Ғабиттің осы жолдарын оқығанда алатын әсерің, биязы әзіл мен өткір мысқыл арқылы берілген өмір шындығы «Өлі жандарда» көрсетілген карта ойынының әсерінен кем соқпайды. Түп негізіне келсек, карта ойынының өзі де қазақ еліне сырт-

тан келген әсер. Қазақ елінің ежелгі ойыны «Тоғыз құмалақ», «құмар» ойыны /төрт асықпен ойнайтын ойын/ болатын.

Гогольде ойналатын карта мен Ғабиттің картасында үлкен парық бар, бірақ әдісі бір, оқырманды қытықтайтын әсері де таяу тұрғандай.

Енді бір жерінде – Игілік пен Омар, Күреңкөз қожа мен оның баласы – Кенжеғара, Андрей Быков бар – бәрі Байжан үйінде қонып отыр. Қожекең бүгін Игіліктің қонақ үйіне қонып шықты да, Игілік ар жағынан түнделетіп келіп, Қожекеңнің үйіне қонып шықты. Қожекең жал-жаяға мәз болып аттанады да, Игілік Қожекеңнің үйінде болмағанына бір жасап аттанып еді...»

... Байжанның қолтығынан қос сайтан түрткілеп отырғандай қыл үстінде қылпылдап, қожаның қасындағы кең маңдайлы, қошқар мұрынды, көздерінде ой байқалатын, кесек денелі қара балаға көзін төңдіріп-төңдіріп қойып: «Игілікпен жақын болғанын қурап бара жатқан қожа тұқымы, өзіңе де теріс болмапты ғой!» – деп қала жаздады да, өз үйінде сыпайылық сақтауға әрең шамасы жетіп, іркіліп қалды...»

– ... Бір Игілік болмаса, өзге қазақ Қожа қадірін білеміз бе? Мына бір күшігіңіз осынша өзіңізге тартып туар ма? Игілікке тартып би болсын, бай болсын! – деп бітірді. Абырой бергенде Қожекең ол сөздердің астарын аңдамай қалды...»

«Қара бала – Кенжеғара, Қожа мен Игіліктің ортасында қалып еді, Игіліктің аузынан түсе қалғандай қатты ұқсайды екен...»

«Кейбір үйдің балаларында әркімге тартып туатын бір әдет болады... Нағашысына да тартады, нағашысының ауылының кейбір жігіттеріне де тартады. Кейде тіпті... бір қонып

кеткен жолаушыға да тарта салады... Көбінесе дәмдес болған, араласы көп адамдарға тартып туады. Әрине, бұл да құдай ісі ғой, іштегі бала ең алғаш қимылдап қалғанда, шешесінің көзі кімге түсіп кетсе, байғұс баланың соған тартып туатын әдеті де болады... Осы бір әдет бойынша Қожекеңнің жас тоқалынан туған Кенжеғара Игілікке тартып туыпты... Сол бала қазір Игілік пен Қожаның арасына келіп қалғанда ел арасының ондай-мұндайына құлағы түрік жүретін Байжаң жымың қағып, тықыршып кетті!...

– Қарағым, әкеңе қарай жақынырақ отыр... – деді Байжан аңғартпайтын ойнақылау үнмен...» деп толғайды Ғабит.

Мұндай биязы әзілге келенде Ғабит жеткізбейді. Уақ-түйек көріністермен-ақ кейіпкерлердің бет пердесін сыпырып тастайды. Осында Игіліктің қасындағысын қарақтайтын зымиян сұм екені, тоқалдың көрсе қызар жезөкшелігі, Күреңкөз Қожаның можа болған ынжықтығы, Байжанның әр нәрсеге әуес жітікөз адам екендігі – бәрі де айқын көрініп тұрады... Романның осы арасын оқығанда Гоголь «Ревизорындағы» Артемий-Филипповичтің сөзі есіңе түседі.

«... Судья бар ғой... ол өзі маған әрі ағайын, әрі дос болғанымен айтуға міндеттімін мінезі мейлінше былғаныш адам. Осында Добчинский деген бір помещик бар, өзіңіз де көрген шығарсыз, егер, Добчинский үйінен шыға қалды бар ғой: сол судья соның қатынымен болады, оған мен ант ішуге бармын. Өзіңіз қасақана барып балаларын көріңізші, Добчинскийге тартқан бір баласы жоқ, бәрі де тіпті, әне бір кішкене қызы да аумаған судьяның тап өзі...»[1] – дейді.

[1] Н.В.Гоголь. Шығармалар, IY том, Алматы, 1953, 62-63 беттер.

Осы жерде айта кетелік – екі елден шыққан екі жазушының ой өрісі де, әзіл әдісі де теңбе тең, алайда, баяндау бағытында айырмасы да сезіледі. Себебі: Гоголь қысқа қайырады, ал Ғабит шұбалаңдау шертеді – мұнысы өз оқырмандарымен есептесуі болар. Ал, екіншіден екеуі екі жанрда жазылған еңбектер ғой, оның үстіне драма ұзақ толғатуды көтермесе керек. Қалайда, бұл екі туынды да өздерінің ұлттық қасиетін жоймақ емес.

Гоголь тәрізді Ғабиттің аузына түскен сөздің қай-қайсысы болса да жанданып кетеді. Оның қолына түссе шәйнек екеш-шәйнек те адамша әрекет жасайды. «Бүйірі қызарған темір пештің үстінде тұрған жез шәйнек шырт-шырт түкіріп қояды» – /25 бетте/ дейді. «Түйенің өркештері де әңгіме соғады: «Өркештері өсек айтысып отырған екі кемпірдей» – /223 бет/ дегенді айтады.

Жұманның қара ала төбеті де адамша толғанып, итше ойлайды. «Аллаға шүкір, лық тойдық, леген түбін жаламай да кеттік» – деп ұйқыға беттейді. «Шамамен айтқанда осыған қарайлас ойлармен ит иесі Жұман бай да ұйқыға кеткелі жатыр еді» /995 бет/ деп түйеді автор.

Қазақтың ұлттық асы, жақсы көретін ежелден дағды алған тағамы – ет қой,[1] соның өзін де Ғабит Мүсірепов суреттесе көңілің жеуге шаппас еді. «Байжан мен Сейіт үйге кіріп келгенде, құдыққа үймелеген қойға ұсап, бастарын төмен салып жіберіп, арқалары ғана бүлкілдеген он шақты адам астау толы етті жәукемдесіп жатыр еді. Жирен мұрты майға малшынып, екі ұрты кезек-кезек бұлтылдап, кезең жалтырап: Омар ашамайдай жаяның сүйегін сүйрей, табақтан сытылып шыға берді... /28 бет/.

[1] Кейбіреулет – «бес бармақ» деген сөзді тіркестіріп, әдейі кекетіп «бишбармақ» атаған немесе кейбір адамдар білместік жасап осылай аударған шығар, әйтеуір «тіл бұзаризм» болған да шыққан/ Дұрысына келсек бұл «бишбармақты ең алғаш Орынбор чиновниктері шығарса керек-ті, басқа өлкеге революциядан кейін тарағандай С.Т/.

Ет жеп жатқандар табаққа иін тіресе түйілігіп бастарын көтермейді, шықшыт сүйектері бүлк-бүлк етіп, құлақтары ғана қимылдасып қояды...» – дейді Ғабит.

Осы бір үзінді біраз адамға жақпас та, олардың ұлттық намысына тиюі де кәдік. Алайда, шынайы суреткер Ғабит Мүсірепов көпке мәлім көріністің дәл өзін бұлжытпай берген, ол мұны жазып отырған жоқ, тек суретке түсіріп отыр. Ол – етке қарсы емес, қасқырша жеуді,оңазылықты жек көреді. Осы ет жеу сахнасын оқығанда «Өлі жандардағы» Собакеевичтің көк серкені /осетрді/ түп-түгел жалмап қойғаны есіңе түспей қоймайды. Гогольдің «күзетшіге битін сықтыруы да» дөрекілік жағынан осыған жақын ғой, оны да Фаддей Булгерин тәрізді патша сарайында жүрген, телімсіген кербездер жақтыртпапты.

Ғабит Мүсірепов биязі әзіл түбі – әзіл, ащы мысқыл – арты қышқыл сөз тіркестерін шебер береді, солар арқылы талай бітеу жараның аузын ашады. Жалқаулық, жарамсақтықтың, жалақорлық-арызқойлық сияқты – неше алуан жатып-ішер азғындықтың бәрін түйрейді.

Ғабит Мүсірепов «ірі» сөздерді іздемейді, оның бір сөйлемінің ішінде бір сөз бірнеше қайтара айтыла да береді: «Астыңғы ернін тілімен тіреп алып, аузымен дем алады» /229 бет/. Осы сөйлемдегі «алып», «аладылар» кейбір талғампаз нәзік жандарға ұнамас та, бірақ «Өлі жандардағы» Гогольдің кемшілігі тілінде дей отырып, атақты сыншымыз В.Г.Белинский: «Тілдің құндылығы дұрыстығында, тазалығында, қиюласып құрылуында, бірақ бұлай ету, сарылып еңбек істесе, тіпті дарынсыздардың да қолынан келуі кәдік. Ал слог /сөз саптау/ – бұл өзі талант, шалқыған ой. Слог – бұл білініп тұратын бедер, ойдың қолға ұстатқандай айқын түрі, слогта адам түгел көрінеді,

слог әрбір адам, жеке-жеке кейіпкер тәрізді үнемі елден ерек оқшау тұрады»[1] – деген болатын. Бойына туа біткен осы әдісінің зардабынан Ғабит Мүсірепов асқақ жанды ұнамды кейіпкердің бейнесін, нәзік туған әйел кескінін беруде орашолақтау соғады. Алғаш Назыкеш пен Жабай арасында, соңынан әлгі Назыкеш пен Сейіт ортасында болған махаббат күйін шерткенде Ғабит ылғи кібіртіктеп отырады, табаны тасқа тигендей қымсына береді, сүйіскен жарларды бетпе-бет сөйлестіріп, іштері толған түйткіл-түйіншектерін оларға ақтартпайды. Емешесін құрытып, зар-күйін тәктірмейді, олар – «алқымдасып, мауқын басып...» оқырмандарды тебірендіретін сатыға шыға алмайды, Бұланбай мен Көпей екеуі біріне-бірі «әдейіден» туған әреңмен жымиятын...» /337 бет/ тәрізді. Мысалы, Абай мен Тоғжанның боранда кездесуі, ең алғаш тоғайда жолығысуы, артынша «Серек құлақ» ойынында ағаш ішінде құшақтасуы: ең соңында Салтанат пен Абайдың Семейдегі қарындасы Мәкіштің үйінде шәй үстінде толғанысуы Ғабитте жоқ.

Осы екеуі де қазақ әдебиетіндегі кесек бейнелер. Оларды салыстыру мүмкін де емес және қажет те емес. Ғабит қаламынан шыққан «Қасқыр жыландай жүйткіп жүрген» жас тоқал Мұқанда жоқ. Екеуінің сөз саптауы да, оқырманға беретін әсері де екі бөлек.

Ғабит шығармааларындағы, біздің көзімізге түскен осалдықтың төркіні де өзіне тән әдісінде жатыр. Әзіл-сықақ араласқан махаббат толқыны қашан болсын әжуаға ұшыраса, мешеу тартады. Ұнамды кейіпкерлердің де әлсірей беруі осы әдістен туады. Гогольдің де әйел образдары, тап осы тауқыметті басынан кешірген болатын. Әңгіменің бәрі алған әсерде және жазу-

[1] В.Г.Белинский. Собр. соч. том 2, М., 1948, стр. 604.

шының өз бойына біткен әдісінде болса керек-ті.

Осы күні біраз сыншылар Ғабит Мүсірепов та Горькийдің әсері күшті деседі. Әрине, әсері бар екеніне біз де мойындаймыз, бірақ ол қай дәрежеде екенін зерттеп көрелекші.

М.Горькийдің «Ана» атты әңгімелерін Ғабит ертеде-ақ аударған және оны өте сүйген кісі. Бірақ Горький әдісі – романтикалық сарында, асқақ жандарды, құлпырған өмірді суреттеуде алдына жан салмайды. Ол – көркем жазудан көрі, кейде көсем әдебиетке – философияға бой ұрып отырады. Мұның туындыларында әзіл-қалжың, мысқыл-мазақ көрінбейді. Ал, кернеу тіршілікке сынап-мінеп, сығалай қарау, қалжың-әзілдің уыты араласу, кейіпкерлердің еңсесін көтертпейді. Сондықтан көлденең күлкі, әзіл сықақтан қол үзе алмайтын Ғабит Горькийге жақындамайды. Негізгі себебі сол, «әзілдің түбі – зіл» демекші, бұл Ғабит әдісі кейіпкердің жалынды жанын жасытып, өмірдің өресін тарылтып, қожыратып жібереді.

Бір кезеңде Гогольді сүйіп аударған Мұхтар Омарханұлы Әуезов сол Гогольден мүлде әсер алмады деу қателесумен бара-бар. Мұхтар Әуезов қазақ тіліне У.Шекспирді де /оның «Отеллосы» мен «Асауға тұсауын»/, Л.Н.Толстойдың да /«Той тарқарын» – «После бала»/, А.П.Чеховты да «Аққасқасын» /«Белолобый»/ И.С.Тургеневті де «Дворян ұясын» – /«Дворянское гнездо»/ тағы басқаларды да аударды. Ендеше олардың да әсері Мұхтар Омарханұлы Әуезовқа тимей қойған жоқ. Айта берсек Мұхтар Әуезовтан классикалық шығыс әдебиетінің де, Батыс Европа әдебиетінің де элементтерін табуымызға болады. Оның арқалаған жүгі өте ауыр. Алайда, негізгі әдісін ойын түю желісін алғанда, ол Шекспир мен Л.Н.Толстойға таяу тұратын тәрізді. Күрделі ойды күрделі сөйлеммен басқыштап құрауы да Л.Н.Толстойдан оны алыстатпайды.

Біздің қазақ әдебиетінде өткен ұлы адамдарымыздың өсу жолында орыс халқының қандай әсерлері болғандығын баяндадық. Махамбет Өтемісов, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсіреповтарға әліміз келгенше, аялдап өттік. Орыс елінің әсері алғаш сырттай келіп, сонан бірте-бірте тереңдей түскенін дәлелдегендей болдық.

Екі ел көршілес отырса ең әуелі жеке-жеке сөздер ауысады екен, басқыштай келе жалаң сөйлемдер, соңынан күрделі сөйлемдер – іргелі ойлар да келіп кіретін тәрізді. Мысалы, самаурын /самовар/, шәйнек /чайник/; ыстақан, стакан – /орыс тіліне бұрын түркі тіліндегі «тостағаннан» өзгеріп ауысқан болатын. Кейін біз орыс тілінен қайта алғанда өзгертіп қолдансақ керек/; зәйімке – заемка, ушәшке /участок/; орыс /русь/; божы /вожжи/; бәтіңке /ботинки/; картапия, картоп /картофель/; мәтке /матка – үйдің төбесін ұстап тұратын жуан бөрене/; бөрене /бревно/; /карта ойынындағы төрт «мәтке» де «маткадан» шығады/; бөтелке /бутылка/; үстел /стол/; не жолы /неужели/ тағысын тағылар. Қазірде жеппелей кіріп жатқан терминдер, сонымен қатар жеке-жеке сөздер адам айтқысыз. Мысалы, трактор, комбайн, бульдозер, космос, космонавт; колхоз, совхоз тағысын тағы. Орыс тілі де бізден азғантай алып отырған жоқ. Қоян-қолтық алысып, мидай араласқан дәуірде осының бәрі заңды.

Ескі қазақ тілінде күрделі сөйлемнен көрі жалаң сөйлем көбірек болатын. Көне қағида бойынша қазақ сөйлемінің бастауышы алдында, баяндауышы соңында тұратын.

Бұл күнде әлгі қалыптасқан грамматикалық нормаға да зор-зор өзгерістер еніп отыр. Бір кезде оғаш көрінетін жәйт-

тер қазір дағдылы салтқа айналып барады. Орыс сөйлемдерінің құрылысы ең әуелі аударма арқылы кірді де енді төл әдебиетіміздің өзінде-ақ орын тепкендей. Мысалы, бұрын «Шелегін босағаға қойып, жүрісін сездірмей, ептеп басып, далаға шыққан Айбала: «Я, қуанатын жөні бар, бала ғой. Бүгін сабағым басталды деген!» – деп құрудың орнына, енді: «Я, – деп ойлады, шелегін босағаға қойып, жүрісін сездірмей, ептеп басып, далаға шыққан Айбала: – қуанатын жөні бар, бала ғой. Бүгін сабағым басталды деген»,[1] – деп құрады әлгі сөйлемді жазушы – академик Сәбит Мұқанов.

Енді бір жерінде Ботагөз кішкене қол сандығынан ленталарын алып көріп отыр. Сонда: «Мынау, – деді ол, жасыл лентаны суырып ап, қарағай! Мынау, – деді ол қызыл лентаны суырып ап, – теректің жапырағы! Мынау, – деді ол, сұр лентаны суырып ап, – таудың тасы![2]

Осы сөз тіркестерінің орыс тілінен келуі даусыз. Алғашқы кезде орыс тілінен аударушылар мүлде қазақыландырып жіберетін еді, ал бері келе отызыншы жылдардың аяқ шенінде орыс тілінің құрылысын, өлеңдегі ұйқасын, ритмикасын бұзбай беруді күйттедік. Ілияс Жансүгіров аударған А.С.Пушкиннің «Евгений Онегині», Мұқтар Омарханұлы Әуезов аударған И.С.Тургеневтің «Дворян ұясы» – тағы басқалар осы салттың жемісі. Ол аудармаларды түсінудің өзі қиын болып еді, бертін келе көбейіп барады.

Көбінесе аударма арқылы бір елдің тілі мен әдебиеті екінші елге /тіліне және әдебиетіне/ әсерін тигізетіні айдай әлемге аян. Мысалы, грек мифологиясында айтылатын Парнас тауы

[1] С.Мұқанов.«Ботагөз», 3 том, Алматы, 1956, 7-8 бетте.
[2] Бұл да сонда, 8 бет.

/Аполлон атты ертегі құдайдың мекені, фессалиядағы тау»/ мен Зевстің /барлық құдайлардың қолбасшысы – аспан құдайы/ астына мінетін қанатты тұлпары Пегас /көк дөнен/ туралы А.С.Пушкиннің:

«... и ты в толпе служителей Пернаса,
Ты хочешь оседлать упрямого Пегаса»[1] деген өлеңіндегі «Парнас» пен «Пегас» бұдан бұрын орыс тілінде орын теппеген жат сөздер еді. Бүгінде ол мүлде сіңісіп кетті. Кешегі Совет дәуірінің аты шулы ақыны В.В.Маяковский де:

«... А что,
Если я
Десяток Пегасов
Загнал
За последние
15 лет!» [2]

деген болатын. Осылардың түпкі негізі аударылуын – ауысудан туса керек. Ақын Овидийдің «Метоморфоза» атты кітабы орыс тіліне 18 ғасырда аударылған-ды. «Парнас» пен «Пегасқа» Пушкин сол кездегі аудармалар арқылы танысты, өйткені грек тілін білмейтінін Гнедичке жазған хатында Пушкин өзі айтып еді. Әрине, «Парнас» пен «Пегас» жеке сөздер ғана емес, осы есімдерге байланысты көне грек – рим елінің сан алуан мифологиялық ұғымдары ауысып отыр. Қазақ тілінде «көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дейтін мәтелдегі «көк дөнен» де осы «Пегасқа» таяу тұрғандай.

Жеке-жеке сөздерде – сөйлемдерде ұшырайтын ұқсастық-

[1] А.С.Пушкин. «К другу стихотворцу», I том, ГИХЛ, М., 1959, стр. 217.
[2] В.В.Маяковский. «Разговор с фининспектором о поэзии». Избр. произв. в 2-х томах, том I, 1953, стр. 258.

тардың төркінін табу аса қиынға түспейді. Ғабит Мүсіреповтің «Ана туралы аңыз» атты кітапшасында: /1948 жылы шыққан/ «Келешекте құлдықтан бас тартпай, оң жағына ұрса, сол жағын тосатын кеше адамдар әзірлеп жатырмыз» – дейді. Осы жерде суреткер Ғабит Мүсірепов біріншіден ісләм діндарларының құдайға деген соқыр сенімін, фанатиктігін түйресе, екінші жағынан хрестиан дінінің негізгі заңы /каноны/ да осы сөйлемнен айқын көрініп тұрады.

«Оянған өлке» романында Ғабит Мүсірепов: «Игілік ауылынан құйғытып шыға келген жолбасар жігіттер мұны ортаға алып, қасқырдың қозыға жапқан жаласын айтты» – /54 бетте/ дейді. Осы арадағы «Қасқырдың қозыға жапқан жаласы», – деген сөздер: И.А.Крыловтың «Қасқыр мен қозы» дейтін мысалын мегзеп-ақ тұр.

Қазақ әдебиетінде, мерзімді баспа орындарында бүгінгі күні жазылып жатқан саяси, ғылми, экономика жөніндегі еңбектерде де орыс тілінің әсері өте күшейіп бара жатқанын тізе беруге болар еді. Мәдениетіміз өскен сайын қажетіміз де етек алып, өсіп барады. Бұрынғы тіршілігімізде болмаған заттардың – ұғымдардың атаулары өздерімен бірге келіп жатыр. Оларды қазақшаға аударып пайдалану мүмкін емес. Өйткені, бұрын орын теппеген – аты да, заты да жоқ. Мысалы, «химия, физика, астрономия, геометрия, планиметрия, стереометрия, алгебра, тригонометрия, география, философия, экономика» тәріздес толып жатқан сөздерді аударуға балама сөз табылмағандықтан осылай алынуы дұрыс.

Орыс халқы мен қазақ халқы ең алғаш жақындасқанда бірін-бірі жете ұғына алмады, сонда жеке сөздерді қабылдау қажет болды; сондықтан орыс сөздері қазақ тілінің заңына

бағынды, қос дауыссыз дыбыстан сөздің басталуы мүмкін еместігінен, орыстың «Григорийі» – қазаққа «Күргірей» столы үстел болып кірді. Екі дауыссыз дыбыстың не арасына, не алдына бір дауысты дыбыс сыналанып енді де сөздер мүлде өзгеріп кетті, адам танығысыз халге жетті.

Қазақтың төл сөздері сонорлы дыбыс «р»дан басталмайтын еді, осы заң бойынша Русь – русский – орыс; Россия –Ересей болып алынды. Осы күні бұл сыңаржақ бағыт түзу жолға салынды. Ежелгі тілдің мешеу заңы бұзылды. Өскелең дәуірге сәйкестеліп тілдік норма, орфография қайта жаңғырды. Тілімізде бұрын болмаған «х, ф, в, ц, ч, щ» дыбыстар таңбасы заңды түрде қабылданды. Бұлар болмаса, халықаралық терминологияға да, тағы басқа жәйттерге де зор нұқсан келер еді. Ілгері басқан аяқты кер кетіру, тарихтың дөңгелегін кейін жүргізу тәрізді оғаш әрекетке ұшыратар еді. Бірақ осы жөнде қазіргі күні біздің атау термин алуымызда кей-кейде сыңаржақтық та кездеседі. Мысалы, «Кеңес үкіметі» деудің орнына «Совет өкіметі» болып жүр. «Кеңес» дегеннен «Советтің» беделі түспеуі мүмкін ғой. «СССР» дегенде орысша білетін адам «Союз Советских Социалистических Республик» деген төрт сөзді қысқартып айтып тұрғанын, уақытты ұтып пайдаланып тұрғанын ұғынады. Ал, осы «СССР-ді» ауылдағы қазақтар түсіне ала ма? Осындай жағдаяттарды ойланған дұрыс шығар демекпіз. Бәрімізге де белгілі Даниэль Дефо жазған «Робинзон Крузодағы» «Пятница» орыс тіліне аударылған ат. Осы аттың аударылуынан классикалық ұлы шығармаға зақым да келіп тұрған жоқ!

«... Научившийся иностранному языку, всегда переводит его мысленно на свой родной язык: дух же нового языка он до тех пор себе не усвоит и до тех пор не владеет им сво-

бодно, пока он не лжет обойтись без мысленного перевода, пока он в новом языке не забывает родного!...»[1] – деген ғой Карл Маркс.

Ауылдағы қазақтар өз тілін ұмытып орыс тіліне әбден төселгенше бұлай етіп, бұрын қалыптаспаған мүлде түсініксіз бітеу сөздерді ұсыну ертерек болмас па? Әрине, колхоз, совхоз, комсомол, самолет тәрізді біріккен сөздерді; ботабай /путевой/, грузабай /грузовая/, леккабай /легковая машина/, автобоз /автобус/, перме /ферма/, шопыр-шопыршы /шофер/ тәрізді жеке сөздерді де ауылдағы қазақтар бүгінгі күні өздерінің төл малындай көреді. Бұларды шеттен келген бұралқы «қонақ» деп ұқпайды. өйткені заттық бейнесін күнде көріп отыр, аты да затына сай, екеуі бірдей көп кірді де сіңісіп кетті.

Октябрь революциясы – қазақ елінің жаңғыру дәуірі еді. Орыс пен қазақ халқының қауырт араласуы осы кезде өте күшейді. Осы кезеңде «паравоз» – «қара айғыр», велосипед» – «Шайтан арба», «интернационал», «Бей бауырмал»... болып та алынды. Бара-бара тіпті Батыс Европада айтылатын «Королева» деген сөзді шығыс еліне жақындатып «ханша» етіп мүлде қате аудармақ, өйткені «ханша» – ханның әйелі емес, қызы ғой. Ханның әйелі «қаным» болар еді. «Халқымызға жат ұғымды беру үшін шетелдің сөзінен ат тонымызды ала қашып, орыстың сөзін орынсыз қолдансақ /бізше айтқанда қазақтың сөзін орынсыз қолдансақ С.Т./ – бұл өте жексұрын болып шығады. Мысалы: «Прогресс» деген сөздің орнына «успех – поступительное движение» деп орысша алайық, ана жат сөздің қажеті жоқ» – дейтіндер бар. Бұлармен келісуге мүлде болмайды»,[2] – дейді В.Г.Белинский.

[1] К.Маркс и Ф.Энгельс. «Об искусстве», том I, М., 1957, стр. 130.
[2] В.Г.Белинский. Соч. в 3-х томах, 3 том, Госполитиздат, М., 1948, стр. 769.

Әрі қарай осы ойын кеңейте барып, ұлы сыншының «Қажетсіз шет сөзді алу қандай зиянды болса, реті келгенде алмау да сондай зиянды, өйткені сыңарезуліктің тоғысатын төркіні бір болады» – деген еді. Орыс тіліне баяғыда «калоши-галоши-мокроступ» болып аударылды, сол мезгілдегі беделді адам аударса да, оны орыс тілі қабылдамай қойды. Сөйтіп, «прогресс калоши» тағы басқа осылар сияқты сөздер өз орнын орыс тілінде тауып орналасты. Сондай-ақ, «шопыр, самолеттер» қазақ тіліне дұрыс кірді де, сорақы аударылған «бейбауырмал», «қара айғырлар» бетімен кетті.

Орыс тілінің құнарлы әсері өте көп, ендеше соны ұлғайта түсіп, меңгере пайдалану үшін ойланып-толғануымыз жөн. Өз жыртығымызға жамау етіп кәдеге асыруға, тілімізді өсіруге қажеттілерін алуымыз керектің керегі.

Совет дәуірінде айрықша орын алған; келешекте де орынды ала беретін даңғыл жүйрігіміз Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың Совет дәуіріндегі зор еңбегін өз сөзімен жеткізіп көрелікші.

«За свою жизнь я, представитель одного из народов Азии, прошел через три общественные формации: феодализм, капитализм и социализм. И ныне как все граждане моего отечества, я участник строительства коммунизма».

В некотором смысле, как мне кажется, я мог бы явиться человеком-справкой, у которого между отрочеством и сегодняшним днем лежат буквально века. По всему тому что видел, пережил, наблюдал, я пришел в середину 20-го столетия как из далекого, даже не европейского, а азиатского средневековья»[1] –

[1] М.О.Әуезов. «Мысли разных лет». Алматы, 1961, стр. 56.

деген болатын.

Осы М.О.Әуезовтың өзінің де ұлы орыс халқының реалистік дәстүрінен үйренуі даусыз. Бұл ойымызды А.Фадеевтің сөзімен тиянақталық: «енді міне оның /Әуезовтың/ қырағы көз қиығынан ешбір нәрсе қағажу қалған жоқ, М.О.Әуезовтың терең ойлы шеберлігі мүлт басып мүдірместен қарыштай шауып алда келе жатыр...

Бұл үлгі алып үйрену М.О.Әуезов дарының ұлттық ерекшелігіне ешбір нұқсан келтірген жоқ, қайта сол дарынды дамытты да соның жаңа сырын, соны қырын ашып беріп отыр»[1] – дейді ол.

Советтер Одағындағы халықтардың әдебиеті дәл бүгінгі күні түрі ұлттық, мазмұны социалистік реализм әдісін меңгеру жолында өсіп-өрлеп келе жатыр. Тап осы арада кімнің кімге қарыздар екенін айқын ашып айту зерттеушіге де ауыр тиетіні хақ. Қазіргі замандағы совет жазушыларының ашылмастай арасы тығыз бірлесіп кеткенін айта келіп, Максим Горький совет жазушыларының бірінші съезінде: «Разноплеменная, разноязычная литература всех наших Республик вступает как единное целое перед лицом пролетариата страны Советов, перед лицом революционного пролетариата всех стран и перед лицом дружественных нам литераторов всего мира»,[2] – деп, айқын анықтама берген болатын.

Орыс әдебиетінен өнеге алған әрбір Республикадан шыққан ірі қаламгерлерді көрсете кетелік: Әзірбайжаннан – Мырза Фатих Әли Ахундов, Сабыр Мамедкули; Грузиядан – Чавчавадзе; Арменияда – Абовян, Налбанцян; Татариядан – Шиһабуддин Маржани, Каюм Насири мен Ғабдулла Тоқай, Ғалімжан Ибрагимов; Өзбекстаннан –

[1] А.Фадеев. «За тридцать лет». М., 1957, стр. 526.
[2] М.Горький. Собр. соч. том 27, стр.296.

Мирза Хакимзаде Ниязи, Абдулла Кядири /«Жұлқынбай»/, Абдулла Кahhар; Тәжікстаннан – Садриддин Айни; Түркменстаннан – Берді Кербабаев, Қыдыр Дерляев; Башқұрттан – Мажит Ғафури, Сайфи Кудаш; Осетиннен – Коста Хетагуров, Нафи Джусойты; Авардан – Расул Ғамзатов; Қазақстаннан – Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтан-Махмұт Торайғыров тағы басқалар сияқты көрнекті ақын-жазушылар орыс халқының өткен ғасырдағы кесек туған демократ классиктерінен үйренген-ді, көркем сөз шеберлерінен үлгі алған-ды.

Совет Одағындағы социалистік өмір шындығы ортақ, сондықтан көп тілді ұлт әдебиеттерінің бәрі де бірінен бірі үлгі алып үйреніп өсумен келеді, әсіресе ұлтаралық ортақ тіл, ортақ әдебиет мол тәжірибелі орыс әдебиетінен үлгі алғаны дау тудырмайтын шындық. Алайда, орыс әдебиеті өзінің ізгі әсерін адам айтқысыз күшті дарытса да, ұлт әдебиеттерінің өз ерекшелігін ығыстырып жоққа шығарды деп ешкім де айта алмаса керек.

Октябрь революциясына, азамат соғысына, жаңғырған жаңа дәуірге, Лениндік заманға арналып жазылған ұлт өлкелеріндегі жазушылар творчествосы өскелең орыс әдебиетінен күрделі нәр алды. Мысалы, Д.Фурмановтың «Чапаев», А.Серафимовичтің «Темір тасқын» /«Железный поток»/ атты туындыларын айтарлықтай ізгі ықпал жасағаны байқалады. Осы салаға қазақ жазушыларынан Сәбит Мұқановтың «Темір тас» пен «Ботагөз» романдарын, өзбек жазушысынан Айбектің «Ардақты қан», түрікпен жазушысынан Берді Кербабаевтың «Шешуші адым» /«Решающий шаг»/ романдарын жатқызуға болады.

Михаил Шолоховтың «Тынық Дон» /«Тихий Дон»/ романымен М.О.Әуезовтың «Абай жолы», Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романдары, кейбір уақиғаларда, өзара үндесіп жатқандай.

Әрине, алуан қырлы «Абай жолы» атты кең тынысты тарихи

эпопея, біздің байқауымызша, Л.Н.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» /«Война и мир»/ романымен де тығыз байланысатын тәрізді.

Л.Н.Толстой мен А.Н.Горький творчествосының елеулі әсері мен жазылған М.О.Әуезовтың «Абай», Айбектің «Новои», Файзидің «Тоқай» атты тарихи романдары өткен замандағы әр ұлттан шыққан көсем қаламгерлердің азаттық пен әділдік үшін белсене күрескендерін суреттейді.

М.Шолоховтың «Көтерілген тың» романы Ғабиден Мұстафиннің «Шығанағымен», Веллис Лацистің «Жаңа жағаға» /«К новому берегу»/ дейтін еңбектерімен, Абдулла Каһһардың «Қосшылар оттарымен» үндесетін сияқты. А.Фадеевтің «Жас гвардиясымен» /«Молодая гвардия»/ Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» егіз туған төл тәрізді. Ф.Гладковтың «Цементімен» Ғ.Мұстафиннің «Қарағандысы» үндесетіндей. Сол Ф.Гладковтың өмір баяндық трилогиясы /«Повесть о детстве», «Вольница», «Лихая година»/ көбінесе Садридден Айнидің «Бұхарасымен» және Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебімен» астасатыны байқалады.

С.Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт» /«Ковалер золотой звезды»/ және «Жер бетіндегі жарық» /«Свет над землей»/ атты романдарымен татар жазушысы Гумер Башировтың «Намыс», Ғабиден Мұстафиннің «Миллионер» повесі, Әбділда Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» пьесасы, өзбек жазушылары: Айбектің «Алтын алқаптың желі» /«Ветер Золотой долины»/, Абдулла Каһһардың «Синчалак» /«Птичка невеличка»/ атты шығармалары, қырғыз жазушысы Түгелбай Сыдықбеков жазған «Заманымыздың адамдары» дейтін романы жер шайғайлығына қарамастан көптеген тақырып, тәсілдеріне байланысты біріне-бірі жақын туындылар екенін мойындамасқа болмайды. Осылай болуы советтік дәуірдегі бірлескен өмірдің ұқсас өрбуінен

туып отыр, солай бола тұрса да бұлардың әр қайсысы өзінің ұлттық ерекшелігін сақтаған жеке-жеке нұсқалар екені даусыз.

Тіпті Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың «Қараш-Қараш» /«Выстрел на перевале»/ повесінде, біздің ойымызша, М.Горькийдің «Челкаш» повесінің күшті әсері бар сияқты. Осы екі шығарманың да басты кейіпкерлері өз айналасындағы бойкүйез сұрқай тіршілікке қарсы шыққан, әділдікті, адамгершілікті орнатуға ұмтылған жігерлі жандар, алайда біріне-бірі айна қатесіз ұқсамайды, екеуі де өз ұлтының елеулі туындылары.

М.О.Әуезов шығармаларының ішіндегі жеке дара тұратын бір әңгімесі бар, ол – «Көксерек». Мұны кейбіреулер Джек Лондонның «Ақ азу» әңгімесіне ұқсатады, әрине, Лондонның әсері Әуезов та бар да шығар, сөйткенмен, біздің топшылауымызша, бұл «Көксерек» әңгімесінде баяғы «Көркем өнер – көркем өнер үшін» дейтін Мережковский, Гиппиус сарындары барма деген де ой келеді. Қалайда, орыс әдебиетінде орын тепкен түрлі бағыттық бәрінен де нәр алған сияқты.

Сөйтіп, Сәкен Сейфуллин, Мұқтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Жақан Сыздықов, Әбділда Тәжібаев, Сапарғали Бегалин, Өтебай Тұрманжанов, Қажым Жұмалиев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Қасым Тоғызақов, Бауыржан Момышұлы, Мұхаметжан Қаратаев, Қалижан Бекқожин, Хамза Есенжанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Зейін Шашкин, Тақауи Ақтанов, Жұбан Молдағалиев, Әди Шәрипов, Тәкен Әлімқұлов, Ғабдул Сланов тағы басқа қазақ халқының ақын-жазушылары бәрі де көрші елдердің әдебиетінен қағажу қалмаған сияқты. Сондықтан өз ұлтымыздың әдебиетінің дара алып қарау қаймағы бұзылмаған өз қазанында піскен сүттей етіп зерттеу солақайлыққа соқтырар еді. Себебі рухани өсу жолында ондай жағдай ешбір

мәдениетті елде әлі болған емес. Сондай-ақ М.Горький, М.Шолохов, А.Фадеев, Н.Тихонов, Қ.Симонов, Л.Соболев, В.Иванов творчестволарының да дүние жүзі әдебиетімен тығыз байланыса өскенін, ол қарым-қатыс, әсіресе Советтер Одағында және бүкіл жер бетінде интернационалдық дәстүрдің гүлденуіне сай бұрынғыдан да ілгері басқанын байқаймыз. Ендеше, адамзаттың данышпан көсемі Карл Маркс «Плоды духовной деятельности отдельных наций становятся общим достоянием. Национальная односторонность и ограниченность становятся все более и более не возможными, и из множества национальных и местных литератур образуется одна всемирная литература»[1] – деп, қандай қырағы айтқан десеңші! Міне, бүгін ұлы данышпанның ертеде айтқан ойы орындалып отырғандай.

[1] К.Маркс и Ф.Энгельс. Манифест Коммунистической партии. Изд-во полит. литературы. М., 1965, стр. 36.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы еңбекке, бұдан көп жыл бұрын кірісе бастағандығы ойымыз қазақ халқының көп ғасырлық тарихында кандай елдермен, қай кезде қарым-қатынас жасағанын дәлелдемек болдық.

Қазақ мәдениетінің рухани өсу жолдарын зерттегенде ең әуелі оның тілі мен әдебиетін нысанаға алып отырдық.

Қазақ елінің тіл қорында, ауызекі және жазба әдебиетінде, сақталып келген неше алуан шытырман іздерді, әліміз келгенше, саралап көрсетуге тырыстық. Негізінде, тіл мен әдебиетті бөле қарап отырсақ та, осы екі саланың арасын алыстатуға бар алмадық, өйткені бұл екеуі /тіл мен әдебиет/ бірге өсіп, ілгері басып, өркендей беретіндей көрінеді. Өткен ғасырларда болған орыс ойшылдары да және бұрынды-сонды дүниежүзілік әдебиетке еңбегі сіңген ірі жазушылар да ұлттық тілдің қуатына бағынбай кете алмаған. Ал, мына әр елдің арасына дәнекер болып келген аударма өнерін осы күнгі тіл ғалымдары мен әдебиетшілерміздің әрқайсысы өз арнасына қарай тартатыны да осыдан туса керек.

Осы еңбегімізде де не айтсақ та, қалай десек те, үнемі орыс тілінде жазылған ғылми деректерге сүйеніп отырдық.

Халықаралық ауыс-түйісті сөз еткенде ұқсағанның бәрі шет елден ауысқан әсер емес екенін, ондай жәйттің саяси-экономикалық жағдайға байланысты әр елдің өзіңде де дербес туа беретінін дәлелдегендей болдық. Қозы-қоспай адасулардан өзімізді де, келешектегі жас қауымды да сақтандыру үшін «Кіріспеде» алдын ала айтып өттік.

Қазақ халқының қандай елмен қай кезде тілдік және әдеби қарым-қатыс жасағанын бірінші бөлімде сөз еттік. Сол бөлімнің бірінші тарауында ежелгі ирандықтар /соғдияндар/ тілінің Орта Азияға ерте келіп көп әсер жасағанын баяндадық, тіл қорымызда, әдебиетімізде сол мезгілден қалған айғақтарды көрсетіп өттік.

Екінші тарауында – көне монғол тілі мен қазақ /түркі/ тілінің туыстығы жөнінде өз ойымызды ашып айтқандай болдық, сонда екі ел тілінің лексикалық қорын салыстырдық, әдеби мұраларды да қамтығандай болдық. Алайда бұл мәселе жөніндегі, ғылми талас-тартыстарды да ескермей кете алмадық.

Үшінші тарауында араб мәдениетінен келген іздер – араб дінінің, араб тілінің, әдебиетінің таралуы жайлы, қай кезде қай өңірге қалай келгені туралы өз ұйғарымымызды анық айттық.

Оқырмандарымызға анығырақ болуы үшін кейбір сөздердің ортақ екендігін осы диссертацияның аяғында «Қосымша» етіп бөліп-бөліп көрсеттік. Айтылып өткен пікірлерімізді осылай тиянақтауымыз дұрыс деп білдік.

Еңбектің екінші бөлімін аударманың арналы тарихына бағыттадық.

Аударманың халықаралық күрделі дәнекер екені әркімге де аян тәрізді. Сонда да болса әр елдегі жазба мұралардың қандай жолдармен ауысқандарын, нақтылы аудармалар арқылы дәлелдегендей болдық. Жазба әдебиеті қалыптаса бастағанда көне шығыс /шумер, мысыр, грек, рим т.т./ елдерінің марқа әдебиетінен не нәрсенің біздің қазақ еліне келіп тарағандарын шолып өттік. Мысал жанрының шығуы жайында және оның ауызша ауысуы жөнінде де бері келе, кей кезде, ол мысалдардың қысқартылып

мақал-мәтелге айналып кетуі туралы да біраз топшылаулар айттық.

Ілгергі аудармаларды кейінгі аудармалармен салыстыра отырып, бұл жанрдың басқыштап дамуын көрсеттік. Аудармада орын тепкен неше алуан әдістердің бетін аштық.

Аударма әдебиетінің қазақ тілінде кемелдене бастауы, орыс халқымен көршілескен кезеңде, әсіресе XIX ғасырдың екінші жарымында екенін айқындадық. Осы топшылауымыздың бәрінде де К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин тәрізді данышпандардың пікірлеріне сүйеніп отырдық.

Үшінші бөлімді орыс халқымен қазақ елінің қарым-қатынасына арнадық. Ең әуелі қазақ /жалпы түркі елдерінің/ тілінен орыс тіліне кірген кейбір сөздерді көрсетіп өттік.

Орыс пен қазақ халқының ежелгі ара-қатынасын дәлелдеу үшін Октябрь революциясынан бұрынғы кезеңдерді бөліп алып, сол кездерде халықаралық достасуға дәнекер болған қазақ азаматтарын: Мақамбет Өтемісов, Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың іргелі еңбектерін, солармен байланыстыра қарап орыс елінің мәдениетінде орын тепкен ұлы ойшылдардың да жарыса-жақындаса айтылған пікірлерін аттап өте алмадық.

Октябрь революциясынан кейінгі дәуірде орыс пен қазақ елінің өте тығыз байланысы, ол тілдің біздің қазақ тілінің өсуіне қосқан тілдік, терминдік әсер-сыбағалары ұшан-теңіз екені ескеріледі. Оның үстіне тек қана тілдік қор, қарапайым әдеби ауысу емес, тіпті жазушыларымыздың «әдіс-тәсілдеріне» дейін тереңдей түскен әсер-іздер толық дәлелдегендей болды. Бұрынғы кездегі жеке-жеке сөздердің ауысуынан, сан-алуан әдеби қарым-қатыстардың бірлестігінен көрі қазіргі совет дәуірін-

де болып отырған ауыс-түйістің күшті екенін дәлелдейтін үлкен айғақ осы әдіс-тәсіл, сөз саптау /слог/ ұқсастығы сияқтанады. Орыс пен қазақ елінің тығыз байланысына да бұл зор тиянақ тәрізденеді.

Жол-жөнекей ескерте кету артық болмас, мысалы, түркі филологиясының негіздерін зерттеушілер, бізден бұрын да, талай-талай кезеңдерді сөз еткендей. Олар барлық түркі тілдерін үш топқа бөліпті, сонда: 1) «ежелгі түркі тілдері» деп үстіміздегі дәуірдің Y-X ғасырларын қамтиды, бұған орхон-енисей жазуының ескерткіштерін кіргізеді. 2) «Орта түркі тілдерін» X-XY ғасырларға жатқызады – көне қыпшақ тілінде жазылып қалған /XIY/ – «Кодекс Куманикус», мамлюк қыпшақтары мен армян қыпшақтарының, Караханид, Хорезм, Орта Азия түріктерінің тілдерінде жазылған ескерткіштерді осыған енгізеді; 3) «Жаңа түркі тілдері» деген де желіні XY ғасырдан бері қарай соза тартады.

Өзіміздің заманымызға дейін сақталып өлмей жеткен жазба ескерткіштерге сүйенгенде осының бәрі дұрыс тәрізді, бірақ түркі халықтарының, оның ішінде қазақ елінің көп ғасырлық тарихында неше алуан тар кезеңдер, қырсықты қара күндер – қара жорықтар, шетелдік шапқыншылардың от қойып өртеулері орыс тілінде жазылған әйгілі деректерде айқын айтылған.

Орта Азияға сонау көне дүниеде Соғдақтар /Ирандықтар/ келгенде, Іскендір Зұлқарнайын шапқанда не болып, не қойғаны бізге түгел жетпегендей.

Бері келе Шыңғыс хан келіп ғылым ордасы болған Отырар шәһәрін өртеді, тіпті 19 ғасырдың басында Наполеон келгенде, Россияның қағбасындай болған Москва да өртенді.

Көне жазба мұраларды талмай зерттеп келе жатқан жас

Әбіжан Құрышжанов: «Y-XY ғасырлар халықтық тілдің /әрине, түркі елінің, соның бір бұтағы қазақтың халықтық тілін айтып отыр С.Т./, XY-XYIII ғасырлар ұлттық тілдің, ал XYIII-XX ғасырлар әдеби тілдің тарихына жатады. Мұны біз қолда бар материалдар негізінде ғана айтамыз. Ол материалдар санының толыға түсуі әзірше қолданылып жүрген бұл схеманың құрылысын өзгертері де сөзсіз. Мысалы, үйсін дәуірінен қалған жазбалар табылып, кәдеге жарап жатса, халықтық тілдің тарихын біздің жыл санауымызға дейінгі III-II ғасырлардан бастауымыз ғажап емес»[1] – деп топшылайды.

Біздің ойымызша, халықтың тілі жазба нұсқалардан әлде қайда бұрын туатынына таласу қиын, себебі жазба ескерткіштердің авторлары өздерінен бұрынғы халық /ұлыс-ру С.Т./ сөйлеп жүрген тілді пайдаланбауы мүмкін емес. Ендеше, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің де ежелгі тілдік қордан алынады. Сондықтан қазақ халқының тілі мен әдебиеті сонау көне дүниеден бері қарай тартылып келе жатқан желі екенін айтқанда осындай ғылми зерттеулерге сүйенген едік.

Өзіміздің төл ғалымдарымыз совет дәуірінде ер жетіп, толыса бастады. Ілгеріде өткен шетелдік ғалымдар да түркі тілін, әдебиетін зерттеуде аз еңбек сіңірген жоқ, бірақ олардың кейбіреулері біздің тілімізді, әдебиетімізді жете білмей сырттан жолбарлады, әйтсе де, жоқтан бар жақсы, енді біз көбінесе, солардың болжамын да ескермей өте алмаймыз.

Академик Әлкей Каханұлы Марғұлан. Камал Акишев тағы

[1] Әбіжан Құрышжанов. «Көне мұра хақында», «Қазақ әдебиеті» газеті, Алматы – 1970 жылы, 18 декабрь, №51 /1037/.

басқалар осы мезгілде көп нәрсенің бетін ашып жүргені мәлім.

Тап былтыр 1970 жылы Есік көлінің төңірегінен табылған «алтын киімді адам» бұдан 2500 жылы бұрын болған уақиғаны шертеді, оның киіміне жазылған сөздер де, ойлар да әлі жеріне жете анықталған жоқ. Алтын киім кигізіп молаға көмілген жас бала ең бері болғанда патшаның, ханның, бекзаданың баласы болу керек. Оның үстіне, мұндай салтанатты жерлеу – малдың соңына еріп, әр төбенің басын паналап, көшіп-қонып жүрген елде бола қоймауы кәдік. Ойымызды жинақтап айтсақ, осы уақиға Үйсін патшалық құрған дәуірдің айғағына ұқсайды.

Үстіміздегі заманадан 2 ғасыр бұрын тұрған Рим елінің ақыны-драматургі Марк Акций Плавт жайында диплом қорғауға дайындалған жас студент, атақты демократ, сыншы-ғалымымыз Николай Александрович Добролюбов 1857 жылы /21 жасында/ айтқан екен: «Өткен өмірді зерттегенде, өзінен бұрын айтып кеткен ғалымдардың пікірлерін тексермей, өз жаныңнан соғып, өз топшылауыңды көсілте беру ауыр да қауіпті жол. Сондықтан өз тұсымнан өлшеп, пішіп, билік айтудан гөрі, бізден бұрын осы мәселені зерттегендердің пікірлерін жинап беруді мақұл көрдім. Әрине, әрбір адам зерттеуге кіріскенде бұрынғылар өзіне түк қалдырмағандай, бәрін де сол ғалымдар айтып кеткендей көреді, сөйтіп, жас өспірім Александрдың қайғысына ұшырайды», [1] – деген екен.

Сондай-ақ тұңғыш зерттеуші болмадық-ау, деп біз де өкінетін шығармыз.

Бірақ Фонвизиннің «Недоросль» атты пьесасында бір ті-

[1] Ежелгі Рим тарихшысы Платурхтың айтуынша: «Бір күні жас өспірім Александр /Александр Македонский – Іскендір Зұлхарнайынды айтып отыр /С.Т./. Туған әкесінің жорықта жеңіп қайтқанын естіп: «Шіркін-ай, әкем бәрін бітіріп кетті-ау, тегі, мұндай ұлы әрекет жасау менің сыбағама жазылмаған екен...» деп қынжылыпты ғой», /См. Н.А.Добролюбов. Собр. соч. в 9-ти томах, том I, ГИХЛ-Москва-1961-Ленинград, стр. 310 и примечание №1 на стр. 579/.

гінші Митрофанға шапан /халат/ тігіпті, «қанар-қап» тәрізді етіп, бұл шапанды неге мұнша олпы-солпы тіктің?» – деп Митрофанның шешесі Кабановқа ұрысқанда, тігінші тұрып: «Мен оқымаған адаммын ғой, ханым?» – деп жауап беріпті. Сонда ашу қысқан, ауыздықсыз өскен помещица – бәйбіше Кабанова: «– Ал, тұңғыш тігінші қалай тікті екен?» – деп ышқына даурыққанда:

– Ханым-ау, ол бірінші тігіншіңіз, мүмкін менен де төмен тіккен шығар» – депті.

Ендеше, өз тұсымыздан «Американы аша беруден» көрі – өткен ғалымдардың ойларына сүйенуді тәуір көрдік.

Сондықтан осы еңбегімізде, мұршамыз жеткенше пікірлерімізді үнемі өзімізден бұрын болған ғалымдардың ойларына сүйеніп айтып отырдық.

Октябрь революциясына дейін қазақ тілінде кең тынысты романдар болмады, шағын көлемді Спандияр Көбеевтің «Қалың малы» мен Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романдары шықты. Революцияның дәл алдында Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» атты көркем повесі жарық көрді /1915/.

Революцияға дейін Сәкен Сейфуллиннің «Көкше-тауы», «Советстаны», «Альбатросы», Сәбит Мұқановтың «Сұлу шашы», «Октябрь өткелдері», Ілияс Жансүгіровтың – «Даласы», «Күйі», «Күйшісі», «Құлагері» тәріздес ірі поэмалар көрінген де жоқ еді. Қазіргі өскелең дәуіріміздегі романдарды поэмаларды тізе берсек орын да жетпейді және көпке мәлім нәрсені құр қайталау болар еді. Осының бәрі де өнегелі, өскелең орыс әдебиетінің – Ленин дәуірінің әсері демекпіз.

Орыс пен қазақ халқының әдеби және тілдік ауыс-түйісі ежелден келе жатқан дәстүр екенін жоғарыда да айтқан болатынбыз. Бірақ, бұл қарым-қатыс совет заманында өте дауылдап

өсті. Октябрь революциясы – қазақ даласының оянған-жаңғырған дәуірі болды, екі елдің мәдениеті де, әдебиеті де, тілі де мидай араласты. Қазақ жазушыларының некен-саяқ біреулері болмаса бәрі де орысшадан аударуға кірісті.

Өткен отызыншы жылдарда А.С.Пушкин қазақша сөйледі, оның «Евгений Онегинін», «Гаврилиадасын» Ілияс Жансүгіров, «Домик в Коломне» мен «Цыганасын» Тайыр Жароков; «Руслан мен Людмиласын» Әбділдә Тәжібаев аударды. М.Ю.Лермонтовты қазақ тіліне Қасым Тоғызақов, И.С.Тургеневті: Мұхтар Әуезов пен Ғалым Ахметов, Н.И.Гогольді Қадыр Тайшықов аударды. Л.Н.Толстойдың «После бала» дейтін әңгімесін Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1919 жылы «Той тарқар» деп аударса, мына алпысыншы жылдарда «Война и мир» /«Соғыс және бейбітшілік»/ атты төрт томдық эпопеясын Мұқтар Жангалин /I, II, IY томдарын /1963-1964 жылы/ аударса, Ғафу Қайырбеков пен Әбіш Кекілбаев /III томын/ 1964 жылы аударып берді.

А.П.Чехов, А.М.Горький, В.В.Маяковский, М.Шолохов, А.Твордовский тағы басқалардың ірі туындылары қазақ тілінде жарияланды.

Қазақ жазушыларының шығармалары орысшаға қауырт аударылып, жер дүниеге тарап кетті.

1934 жылы Бүкіл Одақтың Совет жазушыларының бірінші съезінде қазақ халқының ақыны, жазушысы, драматургі Ілияс Жансүгіров: «В дальнейшем нужно организовать наше литературное дело так, чтобы такие классики как грузинский Руставели /Шота/ украинский Шевченко /Тарас/, татарский Тоқай /Ғабдулла/, наш Абай /Құнанбаев/ и лучшие образцы современной национальной литературы могли стать достоянием широких

масс нашего великого Союза. Только при этих условиях советская литература Союза будет действительна интернациональной литературой»[1], – деп көп ұлтты совет еліндегі әдебиеттердің тығыз байланысып, өсіп өрбуіне айрықша көңіл аударған болатын.

Ілияс Жансүгіровтың Советтер Одағындағы сан алуан ұлт жазушыларының алдына қойған осы талабын Қазақстандағы көркем сөздің теңдесі жоқ шебері Мұқтар Омарханұлы Әуезов қысқа мерзім ішінде орындап шықты, «Абай» атты төрт томдық ұлы эпопея жазып бітірді. Бұл эпопея Советтер Одағы жұртшылығының жүрегінен жылы орын тапты, оның үстіне француз, неміс тілдеріне аударылып Батыс Европа қалам қайраткерлерін де тебірендерді. Шашасына шаң жұқпаған жүйрік, «әлемнің күміс қоңырауы» атанған Лев Николаевич Толстой жазған «Война и мир» атты эпопеямен жалғаса, қанаттаса түсті.

Революцияға дейінгі қазақ халқының жарты ғасырлық тіршілігін қамтып көрсеткен осы алуан қырлы «Абай жолы» эпопеясы Совет дәуірінің бүгінгісімен де, кешегісімен де астасып жатыр, сонымен қатар отаршыл патша заманының тепкісінде болған қазақ елінің кешегі сұрғылт өмірде басынан кешірген шайқасын да, мұң-мүддесін де жеріне жеткізе шертті. Сондықтан да «Абай жолы» эпопеясында «Өмір шындығы коммунистік көзқарас тұрғысынан көркем образдар арқылы әдемі суреттелді» деп ашық айта аламыз.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы Орта Шығыста өзінен бұрынғы дәуірлерде жарық көрген туындылардың

[1] Е.В.Лизунова. «Современный казахский роман», Академиздат, Алматы, 1963, стр. 29.

бәрін де басып озған – қазақ Совет әдебиетінің мақтанышы. Бұл романды ең алғаш 1956 жылы «қазақтың тұңғыш эпопеясы» деп атаған осы күнгі көрнекті ғалымымыз, өзекті сыншымыз, белгілі жазушымыз Мұқаметжан Қожаспайұлы Қаратаев болды.

Мұқтар Омарханұлы Әуезов алпыс жасқа толғанда /1957 жылы/ сол мерекеге қатысқан Николай Тихонов та: «Егер ұйқыдан оянып, жарқын болашаққа ұмтылған Азия халқының өткен өмірін жете білмесе, ол /М.О.Әуезов/ ұлы Абай туралы эпопеяның авторы бола алмас еді» – деп тауып айтқан-ды.

ҚОСЫМША /ПРИЛОЖЕНИЕ/

Осы еңбегімізде, қазақ халқының көп ғасырлық өмірінде, қандай елдермен қарым-қатыс жасағанын, қай кездерде кімнен не алып, не бергенін көрсеткіміз келді. Тарихи кезеңдердің ізі біздің байқауымызша, тілдің қорында көбірек сақталатын тәрізді. Сондықтан көне заманда, сонау соғдиан /иран-фарсы/ дәуірінде қазақ тіліне келіп кірбен кейбір жеке-жеке сөздердің тізімін бере кетпекпіз. Әрине, осы сөздердің біразы беріде ауысуы да мүмкін, алайда, түп негізі иран-соғдиан-фарсы тілі екені даусыз. Сөйтіп, ең әуелі қазақ елімен иран халқының ертедегі ауыс-түйісін көрсететін сөздер мыналар:

АШНА, ашына, /фарс. ашна/ – знакомый, приятель, известный «Біз ежелден ашнамыз» – мы давно знакомы /приятели/.

АЖДАһА, аждаға, айдаһар, айдағар /фарс. аждаһа/ – дракон /сказочная змея/ – жеті басты аждаһа – семиглавая змея; түрікше ejderha /ейдерһа/; шуваш тілінде agtaxa /ажтаха/ – дракон.

АРМАН – мечта /фарс. – арман/ – сожаление, горе, идеал.

АРЗАН – /фарс. арзан/ – дешевый, дешево.

АПТАП – /фарс. афтаб – солнце, солнечный свет/; таб. – 1) жар, горение; 2) блеск, свет: /ар. аф – чувствовать досаду; чувствовать отвращение, гнушаться; қазақта – аптап ыстық – жарко до духоты; невынасимо жарко.

АСПАН /фар. асман/ небо.

АЗАТ /фарсы. азад/ свободный, вольный.

ӘР /фарс. һәр/ всякий, каждый, тат. һәр, марий тілінде хар – сам, каждый /в словах харпар /әрбір/ харкам /әркім/ каждый человек. Бұл сөз қазақ тілінде жеке айтылмайды.

БАҚ бахыт /фарс. бахыт/ – счастье.

БАҚША /фарс. – баг/ – сад; ал бустан – сад с плодами/, бағча – садик, палисадник, бау-бақша – сад с плодами; шувашта пах – сад; пах умли – садовое яблоко; пахча – огород; түрікше – bahже; тат. – бақча – сад; марий тілінде пахча – сад; эрз. – бакши; мокш. – бахча – сад.

БАТПАН /фарс. батман – бір жарым йудтай салмақ өлшеуі /қазақта: «ауыру батпаңдап кіреді де мысқылдап шығады» дейді. «болезнь входит в тело полутора пудами, а выходит золотниками». Смысл: «болезнь настигает сильно, а выздоровление происходит медленно».

БЕЙБАҚ /фарс. – бей бахыт/ – несчастный, бедняга.

БЕЙШАРА, бишара /фарс. бей–чора/ – беспомощный, несчастный, бедняга.

БЕКЕР /фарс. бей–кор – без дела, бездельник, без дельный/. напрасно, неправда, ложь.

БЕНДЕ пенде, пәндә /фарс. бәндә/ – раб, невольник, слуга, человек, зависимый; пленник. «Онда ешбір бенде жоқ» – там нет ни одного человека», там нет никого; Мен пенде болып отыра алмаймын – я не могу находиться в зависимости.

БӘЛІ, пәлі /фарс. бәлі/ – да, верно, идет, браво!

ШАБАНДОЗ /фарс. шабандоз/ – выбрасываюший в другую сторону козла, вернее клич на бега во время козлодрания; тот, кто искусно тянет или задерживает козла при известной игре «көкпәрі» /козлодрание/ и в ее начале назыв. «тақымтартыс» /Қарағанды облысында/, ал «тақымкеш» – «шабандоз» мағынасында /Ақтөбе облысында/ айтылады.

ШАРА – /фарс. – чора/ средство, способ, мочь.

ШЕКЕР /фарс. шәкәр/ – сахар, сахарный песок, сладкий, вкусный.

ШЕРМЕНДЕ /фарс. – шәрмәндә/ – пристыженный, опечаленный, находящийся в искании, стремящийся к чему-либо, горе.

ШӘҺӘР, шәр – /фарс. – шәһәр/ – город. Шәр – /шәһәрден қысқартылған С.Т./ кітабы – в городе изданная книга.

ШЫНЖЫР /фарс. зәнжір/ – цепь, оковы; кандалы.

ЖАДЫ – жады бас, жады болу. Фарсы тілінде – жаду, джаду /жады/ – сиқыршы, әзәзіл, алдаушы, қасиетті күш» – дегенді білдіреді» – дейді І.Кеңесбаев /қазақ тіліндегі этимологиялық сөздіктің 76 бетінде/.

ЖАҺАН – жиһан – /фарсы тілінде – джаһан/ вселенная, мир. Осыдан туған қазақ тілінде «жер жәһән», жер жиһан деп те айтылады – әлем, дүние /І.К. Әлгі кітаптың 84 б./

ЖАЙ – /фарс. жай/ – место.

ЖАЙНАМАЗ /фарс. жайнампаз/ – место молитвы, молитвенный коврик, молитвенная материя.

ЖАНЮЗ, жампоз /фарс. жанбоз – отчаянный/ – вялый, гордый, величавый, употребляется большей частью в отношении верблюдов, например: жампоз атан. – гордый верблюд /атан – самец – верблюд, но не производитель/; түйенің жампозы /жанпозы/ – гордость верблюдов.

ЖАР /фарс. – йор/ – друг, подруга, любимый /ая/ супруга супруг/.

ШАХАРЙАР, шаржар, шадияр – төрт жар /фарс. чахорйар/ – четыре друга пророка – /Абубакир, Омар, Осман, Эли//Ғали/ арабские четыре халифа после Магомета/.

ДАНА /фарс. – дана/ штука, экземпляр.

ДАНА /фарс. – дана/ – мудрый, мудрец.

ДАНЫШПАН /фарс. – данышмон/ – ученый, мудрый.

ДАРИҒА /фарс. – дариға/ – увы, как жаль, о горе!

ДАСТАРҚАН – /фарс. дастарқон/ – скатерть.

ДЕРТ /фарс. – дард/ – боль, недуг; страдание, мучение; түрікше – дерт; азерб. дэрд. – страдание, мучение, горе; крещ. татар. дәрт – страдание, мучение; шуваш: тәрт – страдание, мучение, несчастье; тат. дәрт – страсть, влечение, желание.

ДЕСТЕ – /фарс. дәсте – дәстә от дәст/ – десть / десть бумаги/, собранные стебли пшеницы, овса и другие с колосьями.

ДӘРІ. /фарс. дару/ лекарство, медикамент, тат. дары; шығыс марий тілінде дару – лекарство; шувашты – тар – порох, тару – лекарство, алтай өлкесінде – тары – порох; монголда – дару порох; қазақта – оқ-дәрі – пуля с порохом, т.е. заряд.

ДИДАР /фарс. дидар/ – лица, образ, вид, взор – қазірде «телевизордың» орнына «теледидар» деп те айтылып жүр.

ДОС /фарс. – дуст/ друг, приятель, возлюбленный, түрікше дост; тат. дус – друг; мордвада тос – приятель; шуваш – дус – друг, возлюбленный.

ДҰРЫС – /фарс. – дурост/ – правильный, верный; тат. дәрес – правильно; шуваш. – терес –правильный; правильно, верно. Ендеше қазақтың дұрыс-теріс деген қарама-қарсы екі сөзінің де түбірі бір болуға ықтимал. Көне славян тілінде «начало-конец» екеуі де бір түбірден туған ғой.

ДҰСПАН, ДҰШМАН – /фарс. – дошман/ – враг, неприятель, противник, мұндағы дош – дурной, ман – сердце, значит человек с дурным сердцем. Шувашта – ташман – враг, неприятель; түрікше – дусман; тат. – дошман; мар. – удм. – тушман; мордвада – тылман – враг.

ДИҚАН – /фарс. dihқан/ – крестьянин.

ЕГЕР, ӘГӘР – /фарс. агар – если/; түрікше – егер; тат. егәр если; тат. – мехер; /фарс. – магар–разве/; шуваш – эхер – если; қазақта – егер, мәгәр, мәгәрки – если.

ӘШКЕРЕ – /фарс. – ашкора/ – обнаруживание, разоблачение; открытый.

ӘНТЕК – /фарс. – әндәк/ – немного, мало.

ЖАН – /фарс. – джан – душа, дух, жизнь; тат. жан, мар. чон; шуваш. – чун – душа; қаз. жан – душа.

ЖАНУАР /фарс. джанавар – животное, зверь/; тат. жанвар; мар. янавар – босяк, бродяга; шуваш – янавар – животное; безответный, слабый /человек/; қазақ. жануар животное.

ЖЕЛІМ – /фарс. – йалам/ клей; татарда – жилем; шувашта – джилем – клей.

ЗӘРЕДЕЙ – ЗӘРРЕДЕЙ – кішкентай бөлшек мәнінде, ал фарсыда зәрре – атом, малекула, бөлшек. Тәжікте зарра – ұсақ бөлшек»[1] дейді.

ЗӘНЖІР, ШЫНЖЫР /фарс. занджир/ цепь, оковы; түрікше – зінжір – цепь, цепочка, оковы; шувашта – санчар – цепь; мар. – шынчир; қазақта – шынжыр – цепь.

ЗЕҢГІР /фарс. – зангар – ярь-медянка; ржавчина, ржавый, зангари – желто-зеленый, ржавый/; тат. – зәнгәр – синий, голубой; шувашша – сенкер – синий, голубой; удм. – зангари – синий; мокш. сянгаря – зеленый; қазақта – зеңгер – голубой бұл татар тілінен келсе керек-ті.

ЗЕРГЕР – /фарс. – зәргер/ – ювелир, золотых дел мастер.

[1] Шора Сарыбаев. Бұл да сол кітапта. 100 бет.

ЗЫНДАН /фарс. – зыңдан/ – темница, подземная тюрьма.

ЗЫЯН /фарс. – зийан/ – вред, убыток, ущерб, изъян; түрікше – зіуан; тат – зыян; мар. – зиян, эрз – зыян, – вред; шувашта – сиен – вред, изъян; орыс тіліндегі изъян, заты, түркі тілдерінен ауысқан болса керек.

ГҮЛ, КҮЛ – /фарс. гүл/ – цветок, роза.

КЕБІС – /фарс. кәпіш/ – башмак.

КӘП – гәп, кеп /фарс. гәп/ слово, речь, говор, язык; тат. гәп, өзбекше – гап, түрікм. кеп, гәп – слово, речь

КҮМБЕЗ /фарс. гунбад – гунбаз/ – купол.

КҮМӘН – /фарс. – гуман – подозрение, сомнение.

КІР – /фарс. – геран/ – дорогой, ценный; тяжелый, веский; тат. гер – гиря; марий тілінде – кирпукел – чашка весов; шувашта – кире – разновес, весы; қазақта – кір – весы /кірге тарту – кірге салу – вешать/.

КЕМЕ – /фарс. – геми/ – корабль, судно, большая лодка; түрікше – гэми – корабль; татарда – кеймә – лодка, челн, шлюпка; шувашта – кимә – лодка; қазақта – кеме – корабль. «Кемеші келсе, қайықшы судан таяды», «с появлением корабельщика, лодочник исчезает из воды» смысл – «лодочнику нечего там делать»/.

КҮКІРТ /фарс. – гугард/ – сера, спичка; татарда – кукерт; түрікте – күкірт; алтай тілінде – күкүр; монғолда – кукур; шувашта – күкерт – сера, спичка.

ҚОЖА – /фарс. хадже/ – господин, хозяин; начальство; /араб. худжа – учитель, ходжа/; тат. – хужа; мар. – оза, таулық марийде хоза; удм. – кузе; шуваш – куджа – хозяин, владелец, глава; ғалым Бернекердің айтуынша фарсы тіліндегі түбір түркі тілі дәлін айтқанда шуваш тілі арқылы орыс тіліне

«хозяин» болып енсе керек.

МАЗА – /фарс. – мазе – вкус, ощущение вкуса/ покой; мазасыз – бепсокойный; Ойғырда – мазе – вкус; мокшта – мазы, эрз. мазыт – красивый; шувашта – маса пригожество, красота.

МҰРЖА – /фарс. – мури – глинная водопроводная труба/; татарда – моржа; қазақта – мұржа – моржа – печная труба. Шувашта – марье – дымоходная труба.

МИРАС, МЫРАС, МҰРА /фарс. – мирас – наследство/; татарда – мирас – наследство; шувашта – мерес, мерет – наследство, состояние, богатство; қазақта мұра – наследство; мирасқор – наследник, мұрагер – наследник.

МЕЙІР – /фарс. – міһір/ – любовь, милость.

МЕЙІРБАН – /фарс. – міһірбан/ – любящий, ласковый, нежный, милосердный.

МӘР – /фарс. – мүһір/ – печать.

МІДУӘР – /фарс. – үмідуар/ – надеющийся.

НАДАН – /фарс. – надон/ – невежда, невежественный, неуч.

НАМАЗ – /фарс. – намаз/ – молитва, намаз.

НАЛА – НАЛЫС – /фарс. – нала/ – стон, стенание; вопль, жалоба, плач, рыдание, горе. Налалы адам – человек имеющий горе; налыма – не горюй! Оның налуын /налысын/ көрмесем еді – хорошо было бы, если б я его горя /рыдания, плача, вопля, стона/ не видел.

НАЗ – /фарс. – наз/ – кокетство, прелесть. Наз сұлу – прелестная красавица; наздан, назданбасақ – кокетничать.

НАРТ – нарттай /фарс. – нар/ – гранат /фрукт/, огонь; шувашта нар, нер – румяный, красный, қазақта қып-қызыл нарттай – красный, как огонь. Монғолда – нар, наран – күн деген сөз.

НАШАР – /фарс. на-чар/ – беспомощный, вынужденный, находящийся в безвыходном положении; тат. марийде, удмурдта, шувашта да – начар – плохой; бессильный; на –не фарс. – нет не; отрицание; ендеше нашар – шарасыз.

НӘРЕСТЕ – /фарс. – нә – рәсидә – незрелый/ – младенец /грудной ребенок/.

НӘЗІК – /фарс. – назук/ – тонкий, нежный, изящный.

ӨНЕР – /фарс. – hәнәр/ – дарование, талант, искусство.

ӨНЕРПАЗ – /фарс. – hонәр – наз/ – талантливый, дароватый.

ПАТША, ПАТСА – /фарс. – падешаh/ царь, король, шах; татарда, шувашта – патша, царь.

ПЕРІ – /фарс. – пәрі/ – фея, ангел, добрый дух.

ПЕРИЗАТ – /фарс. пәрі зад – рожденный от фей /ангела/ изысканная красавица.

ПЕРІШТЕ – /фарс. пари – фея, пери; красавица и «шат» – почетный титул богов и святых; тат. фәреште – ангел. тат. миш. /Чув. АССР/ – фиреште – домовой/; удмурдта – пери – злой дух; шувашта – пирешти – ангел, добрый дух.

ПӘК – /фарс. – пәруәнә/ – ночная бабочка /заботящийся/; қазақта – «пәруәнә болып айналдым» – өзімді құрбан еттім деген мағынада айтылады; бірақ «пәруәнің» – жынды көбелек – ночная бабочка – екенін түсінбей-ақ қолдана береді.

ПИАЛА – /фарс. – пайале/ чашка, бокал, чаша,; тат. шуваш. – пыяла – стекло; тат. «пыяла савыт» – стекляная посуда.

ПҰШАЙМАН-ПЫШАЙМАН – /фарс. – пушайман/ – раскаявшийся.

ҚАНА – /фарс. хана/ – дом. Заты, бұл сөз өзбек тілі арқылы келсе керек; үй есебінде жеке айтылмайды, шайқана – чайная; асқана, – столовая, кітапхана – библиотека; – жатақхана – общежитие дегендерге бірігіп қана жүреді.

Қорек, көрек – /фарс. – хорәк/ – пища.

РАС, ЫРАС – /фарс. – рост/ – правильный, истинный, верный.

САРБАЗ – /фарс. – сәрбаз/ «сәр» – голова; «баз» – играющий головой – солдат; отряд. Қазақта – «партизан» мәнінде.

САУДА – /фарс. – сауда/ – мена, торговля, сделка/; шувашта – сута – продажа; сута ту – торговать; суту илу – торговля; тат. сату – илу – торговать; қазақта – алып сату, торговать; алыпсатар, меняла.

СЕРГЕЛДЕҢ – /фарс. – сәргәрдан/ – блуждающий, блуждание, растерявшийся – сәудегер – /фарс. – соудогар/ – торговец, купец.

СИЯПАТ. – сый-сияпат, асқан құрмет. Фарсыда – зияфат – банкет. Өзбекте – зиафат – сыйлау; азербайжанда – зияфат-банкет, той, сыйлау; тәжікте – зиефат – сыйлау. Ендеше бұл сөз де фарсыдан кеп сіңген.

ТАБА – /фарс. – тәвә/ – сковорода.

ТАРАЗЫ /фарс. – таразу – весы рычажные, түрікше – тарази, түркм. – терези, морд. – терезе; шувашта – тараса – весы.

ТЕРЕЗЕ – /фарс. – дараче – екі сөзден құралады – дар – есік, аче – кішірейтетін жұрнақ дверца, окошка, оконце; тат. – терезе – окно; шуваш. – чуреге – окно; қаз. – терезе – окно.

Төсек – /фарс. – дошак – тушак – матрац, тофяк, постель; түрікше – дәсемек /қазақша – төсемек/ – разостлать; тат. тушак; шувашта – тушек – перина; орысша – тюфяк – түркі тілінен ерте кезде ауысуы мүмкін.

ҮМІТ – /фарс. – омид/ – надежда, желание; тат. – омет, түрікте үміт – надежда.

ШАТЫР – /фарс. – чадор/ – шатер, палатка /чатар – зонтик, балдахин/; түркіше – джадір; тат. – чатыр – шатыр, зонтик; шуваш – чатар – палатка, шатер; қаз. – шатыр – палатка, зонтик – ша-

тер.

ШЫЛЫМ – /фарс. – челем – кальян/; тат. челем – трубка /для курения/. қаз. шылым – папироса, бір шылым ұн жоқ – нет ни горсточки муки.

ҚОСЫМША №2

Қазақ тілінің енді бір күрделі қарым-қатыс жасаған елі монғол елі. Бұл монғол тілі мен қазақ тілі мүлде туыс тілдер деп ұғамыз. Сондықтан, қазақта қандай мағынада, қалай айтылса, монғолда да солай қолданылатын сөздердің тізімін көрсету арқылы жоғарыда айтылған пікірімізге тиянақты дәлел келтіруге беттедік. Мысалы:

Қазақша	Монғолша	Орысша
Абдыра /әбдіре/	абдар	сундук, ларь
Абдырау	эвдрех	замешательство, заикаться
Абысын-ажын	авсан-ажин	снохи
Адақ	адаг	конец
Ажа	ажаа	отец, дед

Қазақша «Ай дер ажа жоқ, қой дер қожа жоқ» – деген сөйлем бар. Сондағы – «ажаны» кейбіреулер «әже» деп ұғады, бұл қате, өйткені «әже» әйел ғой, одан қорқу түрік-монғол тіліне де, оның саяси-экономикалық жағдайына да сай болмаса керек-ті.

Азбан /шартық/	асман	недокастроированный самец /баран, лошадь, корова и др. животных/.

Айғыр /Махмуд Кашгарийде – атжирга
атжирга – адзғыр/ /ойрот. аджирг/ жеребец
Аймақ аймаг край
Аймақтау аймаглах деление на край /аймаққа бөлу/
Айран /кислое молоко/ айраг /кумыс/ кумыс
Ақар – шақар аахар-шахар

Бізде уақ-түйек, үйелмелі-сүйелмелі кішкене балаларды айтады, ал монғолша «уақ-түйек», «көр-жер» мағынасында айтылады. Бірінші компонент «аахар» – монғолша – тапал, аласа мәнінде де қолданылады.

Алалау /шетке шығару/	алаглах	сторонить, игнориро-вать
Алма	алим/альма/	яблоко
Алтын	алтин, алтан	золото
Алыс /қашық/	алс	даль, вдали
Алғыш /парақор/ пара жегіш/	авлигач	взяточник
Аң	аң/г/	зверь
Аңсагай	анцгай	неуклюжий
Аңшы /аушы/	анч /авчин/	охотник
Арал /қақас қалған арал, жарты арал/	арал хагас арал	остров /полуостров/
Арғымақ	аргамаг	пародистая лошадь, аргымак
Арқар	аргаль	архар
Арт	ард	задняя сторона
Арыстан	арслан	лев
Атан	ат/ан/	кастрированный верблюд
Албар	амбар	амбар[1]

[1] Ескі қыпшақтарда – «Алтын орда» заманындағы хан жарлықтарында да хан ярлықтарында» /да «амбар» – склад мәнінде айтылады, бірақ осының түбірі «анбар» екенін жақтаймыз, содан бері, келе «албар» болғанын дәлелдегіміз келеді /С.Т./.

Бұл сөздің фарсыша екенін 1936 жылы айтқан едік, енді монғолдан да кездестіріп отырмыз, зады, фарсының «анбары» орыс тілі арқылы монғолға көшуі де кәдік, көшпелі түрік-монғол тілдеріне жабық қора /амбар/ тән емес болар. Бұл ежелден отырықшы фарсыдан шығуы мүмкін.

Аулақ /жеке, жалғыз, соны, ту жер/	ағлаг	окрайна, дальность, уединение, в стороне
Аулау /аң/	авлах	охотиться
Ауыл	аил	аул
Аяқ-табақ /екіншісі табақ/	аяга-табаг /табаг/	тарелка, посуда блюдо
Аян	аян	известно, известный
Әже	ижий/аажий/	бабушка, бабка
Бағана	багана	столб, колонна, подпорка
Бажа	баз	свояк
Байсал	байцал	спокойствие
Бақа	бах	лягушка, жаба
Бақсы-шаман	багш	учитель

/багш – ойғырша – грамотник; түрікменше – ақын деген мағынада/.

Бал	бал	мед
Балта	балт	топор
Балшық	балчиг	грязь, болото, трясина.

Москвадағы «Бальчуг» мейманханасы осы түбірден шыққан, бұл – түркі-монғолдардың бәріне де ортақ сөз.

Баран	баран	темноватый

Мінгені баран ат екен.
«Алдыңғы ат баран емес, қылаң болды,
Япырымау? Құлагерім қайда деймін» /«Ақан сері»/.

/баран – қара/.

Барыс	барс	тигр, барс
Батыр	баатар	герой, храбрый, богатырь /ер, батыл, қаһарман/
Батырлық	баатарлаг	геройство
Баянды	баян	состоятельный, богатый
Бидай	буудай	пшеница
Борбай	борби	нижняя оконечность
Бордақ	боргио-бордоо	корм, откорм, ставить на откорм
Бордақ /Бордаққа байлау, жемге байлау/		
Борша /кепкен ет/	борц	валяное мясо
Босаға	босго	порог /у двери/
Бота	ботго	верблюжонок

Бөтеге де осы түбірден шықса керек/.

Бәдене	боднә	перепелка
Бөз	бәс	бязь
Бөкен	бөхән	антилопа
Бөксе /арт жақ/	бөгс	зад, задняя часть
Бөле	бул, було	
	буле, булэ/	дети сестер
	булэг	часть, кусок отдел
Бөлтірік /қасқыр дың күшігі/	бөлтрэг /күшік/	щенок
Бөрік	бурх	шапка
Буаз	боуас	беременная
Бура	буур/самец/	производитель-верблюд
Бурыл	буурал	чалый
Бүйрек /бауыр-печень/	боор	почки

Бүлдірге	бөгөлдәргә	петля на рукоятке кнута
Бүркіт	бургэд	Орел, беркут
Бұғы	буга	олень
Бұқа	бух	бык
Бұлақ	булаг	родник, источник
Былғары, бұлғары	булигар	кожа
Бұлшық /ет/	булчин	мускулы
Бұлыңғыр	булингар/лай/	туманность
Бұршақ	бурцаг-буурца	горох, фасоль, бобы
Бұта	бут	кустарник, заросль
Бытырау	бутрах	расходиться
Білеу[1] /білеуір/	білегу, білеу/	точильный камень, брусок
Білік	біліг /билег/	знание

«Қутад ғу білік» – /кітап аты/ – «қутайтатын білік», талант, познание/

Дағара /дағарадай/	дугораа	большой мешок
Дақ	даг	пятно, грязь
Дала	тала	степь, поле
Дардай	тартай	большой, сильный
Дәптер	дэвтэр	тетрадь
Дәрі	дарь	порох
Делбе	делбэх	вожжи
Дом/ем-дом/	дом	лекарство
Домбыра	домбор /домбро/	домбра /музыкальный инструмент/
Дөнежін	дөнж	трех годовалая лошадь самка
Дөнен	дөнэ	трехгодовалый самец
Дуадақ	тоодог	дрофа
Дулыва	дуулга	шлем, каска
Дүлей	дулий	глухой, немой

[1] Қазақша «бір дегенім білеу, екі дегенім егеу, үш дегенім үскі...» дейтін жұмбақтағы «білеу» осы монғолдан шыққан тәрізді /С.Т./.

Дүрбелең	Дурвех	бегство, смутное время
Егіз	ихэр[1]	близнецы, двойня
Ем /дәрі/	эм	лечение
Емші	эмч	лекарь
Емшілік	эм-чу-ул	лечение
Емдемек	эмчууллэх	лечить
Ен /үйдің ұзыны, ені қанша?/	эн/г/	ширина /сколько длины и ширины дома/
Енші	инж, энжэ	приданое, доля
Ер	эр	мужчина
Ерке	эрх	капризный, избалованный
Ерте	эрт/эн/, эртэ	рано, прежде, древний
Есен/аман-есен/	эсэн	здоровье, жив-здоров.
Ет	мах[2]	мясо
Жақ	зах	край, окраина
Жалқау	залхаг/зал-хуу/	ленивый
Жапсар	завсар	связка верхней кошмы юрты
Жара	яра	язва, болячка
Жарлық	зарлиг	указ, грамота
Жасақ /жасақ жасау, жасанған жауға кездесу/	жасағ	вооруженное снаряжение, войско
Желі	зэл	длинная веревка, прикрепленная на трех колышках к земле – для привязки жеребят
Желін	делен	вымя
Жеміс	жимс	ягоды, фрукты

[1] «З» мен «р» дыбыстары орындарын ауыстырған екен.

[2] «Қазақ та, орыс та түсінбейтін «махан» сөзі осы; бұлар «маханды» жылқы етіне қолданады /С.Т./.

Жемтік	зэмдэх	падаль
Жиеншар	эзэнцер	правнук по женской линии
Жорға	жороо	иноход
Жоса	зос	краска
Жүз	уз/jsun/	лицо
Жүзім	үзім	виноград
Жүрек	зурх	сердце
/жүрегім зырқ етті/		/сердце испуганно забилось/
Жұт	зүт	голоделица
Жыл	жил	год
Жылға	жолга	овраг, русло реки
Жылдам	жилдэм /ловкий лыжник/	быстро,скоро
Жым	жим	/тропка, щель между снегом
қоян «жымға» түсті/		и скалой/
Жырғау	жаргах	наслождаться, достичь
/ырғап жырғау/		счастья.
Жырым	жирэм	на русском яз. названий нет
Заң	заң/г/	закон, обычай
Зоран	зурам	суслик /большой/
/саршұнақ/		
Кебек	хэвэг	отрубь, шелуха
Кебенек	хэннэк	войлочный плащ
Кем /кем-кетік/	гэм	порок, недостаток
Кенет	гэнт	вдруг, врасплох, неожиданно
Керек	хэрөг[1]	нужно, нужда

[1] Көне монғол жазуында да «керег» екен /С.Т./.

Кебек	хэсэг	часть, кусок
Көк	хэх	зеленый, голубой
/түрікменше, азербайжанша «гөк»		
Көлгір	гөлгөр	хитрый, скрытный
Көнек	хөнөг	подойник
Көлік	хөлөг	транспорт
Көрік	хөөрөг	кузнечный мех
Күйгелек /қиқақ/	хийхэх	нервный, не выдержанный
Күкірт	хухэр, хухэрт	сера
Күлік	хулэг	отборный конь, крылатый бегунец
Күрең	хурэн	рыжий, темно-красный
Күш	хуч/ин/	сила, мощ
Кір	хир	гири
Қабу /қайып тігу/	хавах	формашитья
Қабырға	хавирга /тавирга/	ребро
Қадау /қағып кіргізу/	хадах	прибить колышко
Қайрақ	хайраг/хайр га/хайрог/	точило, брусок, точильный камень
Қайран	хайран	жаль, жалко
Қайшы	хайч/хайчи/ н/	ножницы
Қайшылау хачлах	хачлах	резать ножницами
Қайыр	хайр	доброта
Қайыр	хайр	сожаление
Қақалу /шайпалу/	хахах	подавиться
Қақпақ, қақпақ	хавхаг	крышка
Қақпан/қапқан/	хавх/ан/	капкан

Қалбыр	халбуур	колодка, болван, форма
Қалқалау	халқлах	загараживать
Қан/хан/	хаан	хан, царь
Қарақ, қарау, көру	харак	смотреть, видеть
Қарау/саран/	харуу	скряга
Қараушы, көруші, қарағыш/	харагг	смотрящий, взирающий
Қарауыл	харуул	караул
Кар/предплечье/	гар/рука/	рука
Қараңғы	хараңғы	мрак, темный
Қаршақ	хярс	корсак
Қаршыға	харцгай	ястреб
Қарыз	гарз	убыток, долг
Қатаң	хатан	твердоватый
Қатты/қату/	хатуу	твердый
Қатын /патшаның әйелі, ханымы/	хатан	баба, жена
Қияқ	хиаг	пырей
Қобди	ховд	шкатулка, ящик
Қомағай /мешкей/	хамхой	обжора
Қоқыр/қоқыр-соқыр/	хохир	разная шваль /об имуществе/
Қол /рука/	хол	рука
Қонақ	хоног	гость
Қоныс	хоноц	стоянка
Қорамсақ	хоромсоо	колчан
Қорлық	хорлог	издевательство
Қорық/қорғау/	хориг	запертое место /хан қорық/
Қос/пар, жұп/	хос	пара
Қошқар	хуц	баран производитель

Құлық	хулхи	кобыла, первый раз ожеребившаеся

Курай	хуурай	сухой кустарник
Құрамақ	хуурах	высыхать
Қуырдақ	хуурга	жаркое
Құда	худа	сват/кум/
Құдағи	қудагы	сватья
Құдық	худаг/xuduy/	колодец
Құйқа	хуйх	опаленная кожа
Құйқалау	хуйхалаг	оплаить, сделать кожу /шкуру/ опаленный
Құймақ	хуймаг	блины
Құлан	хулан	зебр, кулан, дикий осел
Құлғана	хулгана	крыса, мышь

/Құлғанадай қуып-гонится, как крыса. Екіншісі «құлғана» – шанкр – сифлис/.

Құнажын	гунж	самка трех летка
Құнан	гунан	самец трехлетка /о животных, жеребенок по третьему году/
Құр	хур	куропатка
Құрт	хурд	спрессованный сыр
Қыл	хил	конский волос
Қыр/қиыр/	хээр	степь, голодная степь
Қырау	хярру	иней, роса
Қырғауыл	/тургуул/ хуруул	фазан
Қырқа	хэр	сопка, возвишенность

Маймыл	миг	обезьяна
/мешін, мечин/	мечин, пэчин	обезьяна
Мақтау	магтах	хвалить, славить
Мал	мал	скот
Малақай	малгай	шапка
Маңдай /маңлай/	мағнай	лоб
Марқа	марк	ягненок раннего отела
Мегежін	мэгж	самка кабана
Мерген	дэргэн	охотник, стрелок
Мойыл	мойл	черемуха
Моқал	мохоо	тупой конец
Мұқыл/тоқал, мұқыр/	мухар	комолая, куцая
Мұлт	мулт	мгновенная ошибка/нечаянная/
Мұрындық	бурунтаг	палочка, продеваемая через хрущи над ноздрями верблюда для управления
Мың	мэнга/н/	тысяча
Мысық	муур	кошка /мурлычит/
Лай-ылай	лай	муть, ил, глина
Лау	улаа	ямская лошадь, ямщик
Иіс	ис	копоть, запах
Нарттай -нарттай ашық күн, күні мол, /нар-күн/		
/қып-қызыл/	/нәрен/	красное солнце
Ноқай/ноғай/	нохай/собака/	неуклюжий
Ноқталану	ногтлох	надеть уздечку, обуздать
Ноян	ноен	герой, рыцарь
Нән	нән	слишком жирный, большой
Нәкер/нәгер/	нохор	свита, товарищ
Оба	овоо	курган, памятник
Ой	ой	ум, способность

Олжа	олз	добыча, прибыль
Омырау	омруу	грудь
Онжорға /онжорғасы/ түсіп отыр/	унжуурга	упадочничество /тува-тыва тілінде «ундаргай – упадочный/[1]
Оңғақ	онгох	линяющий
Орамақ	оромог	завиртывать, наматывать /картинка с нитками/
Орын	ор/он/	место, вакансия
Отарлау	оторлох	/выгонять скот на отгонное пастбище[2]
Оташы	оточ	хирург
Өгіз	огуз	бык, вол
Өлең /шөп/	олон	луговая трава
Өре	өрөөл	путы
Өрелеу	өрөөлдөх	путать, спутать
Өртеу	өритех	сжигать
Өш	өшөө	противник, ненавистник
Сабау	сабах	бить, хлестать
Сабын	саван	мыло
Сағалдырық	сагалдрага	застежка, тесемка узды[3]
Садақ	саадаг	лук
Сақал	сахал	борода
Сақтау /қорғау/	сахих	охранять
Сала	салаа	разветвление

[1] См. «Тувинско-русский словарь» составитель – Ш.Ч.Сат под редакцией А.А.Пальмбаха. Гос. изд. иностранных и национ. словарей. М., 1955, стр. 423.

[2] Источ. формирования тюркских языков южный Сибири и сред. Азии. Изд. «Илим» Фрунзе, 1966, стр. 205. Под. ред.акад. АН Кирг. ССР И.А.Батманова.

[3] Сол кітаптың 207 бетін қараңыз.

Салақ	салан	неряха
Салалау	салалах	разветвлять
Салбаң /жалқау, еріншек/	салбан	ленивый
Салқын /прохлада/	салхи/н/	прохладный
Салы/сал/	сал	плот
Сана/ой, ниет/	санаа	мысль, сознание, мышление, дума
Сарын	сарин	на протяжении чего-либо
Сең	сөн	лед
Сергек	соргог	чуткий, бдительный
Серке	сэрх	кастрированный козел
Сирек	сийрэг /сарараг/	редко, единично
Соқыр	сохор	слепой
Солақай	солгой	левша
Сол қол	солгой гар[1]	левая рука
Сона	соно	овод
Соны/жаңа/	сонии	нетронутые дебри
Сонырқау	сонирхох	диву даваться, искать усладу

«Тойған есек шөпті оттап маңайдағы,
Сонырқап шатқа кетті қай-қайдағы» /Абай

Ишак насытившись сочной травой в окрестности,
Пошел бродить в поиски услады в далекие горы».

Сорғыш	соргоч	промокашка
Сору	сорох	сосать

[1] Гар – қазақша қар – предплечие, монголша гар – қол, рука.

Сөгу	сөхөөх	выговор
Сөре	сөр	стеллаж, высокое сооружение в виде навеса
Сумырай	самурай	самурай
Сұңғақ	сунгах	высокий, статный
Сұңқар	шонхор	сокол
Сусар/сусары/	сусаар	куница
Сүйел	сүйел/сөгол/	мозоль
Сүйем	сөөм	расстояние между раздвинутым большим и указательным пальцами/пядь/
Сүмбе	сумбэ	штык, шомпол
Сылтау	шалтаг	повод
Табақ	табаг	блюдо, тарелка
Тайлақ	тайлаг	годовалый верблюд
Тағалау	тахлах	подковать
Тақа	тах	подметка, задник,
Тақылжыр	тахилзуур	подкова
Тақым	тахим	каленный сгиб
Талау/тонау/	талах	ограбить
Талқан /крупа, развитый вдребезги	талх/ан/ /хлеб печеный, порошок	толокно
Талқы	талқин	кожемялка
Тамтық /киімнің тамтығы қалмаған/	тамтаг	лохмотья
Тана	тана	пуговицы
Таныс/тану/	танил/таних/	знакомый, узнать
Таңба/мөр/	тамга	тавро, печать
Таңдай	тагнай	верхнее небо

Тарау/бытырау/	тарах	расходиться
Тарлан	тарлан	сивый
Тармақ	тармах	часть
Тау	таг	гора
Тауыс	тогос	павлин
Таяқ	таяг	торсть, костыль
Таяқтау	таягдах	бить палкой
Тәңрі	төнгөр	бог, небесный свод
Тебең/ине/	тэвнэ	большая толстая игла
Тоқаң/қазан/	тогоо/н/ /котел/	котел
Тегеш	тагш	чашка, пиала
Тегіс/тең/	төгш	ровный
Теке	тех /теке/[1]	горный козел
Телі	тэлээ	сосущий двух маток
Темір	төмөр	железо
Темірлеу	төмөрлөх	укрепить железом
Тең	тэң/г/	вьюк, поклажа, равный, половина
Теңіз/деңіз/	тэнгэс	море
Тиек	тээг	крючок, засов, зацепка
Тие/у/ /арту/	теге	накладывать кладь
Тиірмен/диірмен/	тээрэм	мельница, жернов
Тобық	тойг	каленная чашечка
Тобылғы	тавилга	таволга
Тоғай/орман/	тайга	роща

[1] А.Н.Баскаковтың айтуынша да – «теке» – козел /С.Т./

Той /той-домалақ/	той	пир/свадебный/
Тоқтал-тоқам	тогтол	остановка, постановление, решение
Тоқым	тохим	потник, войлок, под седло
Томпаю	томбоих	выпуклость
Тонау/талау/	тонох	грабить
Топырақ	товрог	почва, пыль
Тор	төр	Почетное место, сетка /при ловле рыб/
Торай	торой	поросонек
Торамжылау	торомж	намекать, намек
Торғын	торгон/торго/	шелк
Торлау	торлох	поймать сетью
Тонсық /сосуд из шкуры лошади для кумыса/	тоорцог /ермолка/	бурдюк
Тос	тос	жди, ждать
Тосап	тосап	масло
Тосу	тосох	ожидать
Тоты	тоть	попугай
Төл	төл	приплод
Төлдеу	төллөх	приплодиться
Төлеу	төллөх	платеж, платить
Төлем	төллөх	плата
Төңкеру	төнгорох	опрокинуть
Төңірек	тэгрэг	окрестность
Төркін	төрхөм	родня замужней женщины

Төс	дөш	грудь, грудинка
Төселу	төсөөлох	привыкать
Тұйғын	тойхон	ястреб белый
Тұнжырау	тунжрах	быть мрачным; рисоваться
Тұну	тунах	отстоять /о воде/
/тұндыру/	тунаах/	
Тұра /тұрасы таусылу/	турах, тураах	копыта
/арық, тұрақ/	туруу	
Тұсау	туших	путы
Тұсы/тұсында/	тушаа	у, возле, около
Тұтқа	тотго	ручка двери
Түйдек	туудэг	клубок /волос или шерсти, из которых вьют веревку; конвейер, вереница
Түнемел	тунамал	осадочный, простоявший кумыс
Түп /дөп/	төв	дно
Тұмау/тымау/	томуу	простуда /кашель/
Ұлу	улих	выть /о волке и собаке/
Ұлыс	улс	народ, племя, государство
Ұрық	ураг	семя, зерно, потомство
Ұшырау	учрах	встреча
Үдере	одер	безостановычное движение при кочевке через пустыню
Үйір	ойр	косяк лошади
Үлгі	улгэр	образец, модель
Үме	өмөг	помощ
Үрку/үркек/	урхэх	пугливый
Үю	уйх	собрать в кучу
Шақ	цаг	время, период

Шара	цар	большая чашка
Шарам	шарам	сила
Шарам жоқ		сил нет
Шашақ	цацаг	кисть, бахрома, хохол /у птиц/
Шекер	цихэр /шэхэр/	сахар
Шешек /бәйшешек/	цэцэг	цветок, бутон
Шешен	цэцэн	оратор, красноречивый
Шие	ций	вишня
Шоқ	цог	горящий уголь
Шөл	цөл	пустыня
Шор/шор боп бітті/	шор	нарост
Шүмек	чөмог	кран, трубчатые кости
Шыжым/шыжымдау/	шижим	тонкая нитка, шнура
Шыжың	шижин	мочеспускание
Шылбыр /повод/	шылбуур	чембур
Шырай	царай	лицо, физиономия
Шідер	цэдэр/шудэр/	треножник, тренога
Ырғай	яргай	кустарник, жимолость
Інген	Инга/н/[1]	верблюдица

[1] XII ғасырда «фахрихорезм» /«Хорезмнің мақтанышы» – гордость Хорезма» атанған Абулқасым Махмуд бин Умар Замахшари – тұңғыш рет Орта Азияда араб-парсы сөздігін жазған екен/; соның атын «Мукадиматул адаб – «Введение к изящной словесности» деп атапты. Замахшари осы кітабында араб сөздерін фарсы тіліне аударады, оларға толық түсінік береді, сонымен қатар араб грамматикасының негізін баяндайды. Осы кітап XIII ғасырда өзбек тіліне аударылып – «араб-фарсы-өзбек сөздігі / болып шығады /қолжазба №2699/ мына «інген» сонда бар. Владимирцовтың еңбегінде де «ingen» /інген/ болып жазылған екен /С.Т./.

ҚОСЫМША №3

Ерте кезде мұсылман дінімен қат-қабат келіп, қазақ тіліне кірген араб сөздерінің бірнешеуін тізе кетелік. Алайда, бірінші айтарымыз, бұл тізім толық болмайды, өйткені «бәрекелді, астапралла, бісміллә, ағузы біллә» тағысын тағы осылар тәріздес қазақ халқына түсініксіз құранның догмаларын кіргізбейміз; екіншіден, араб тілінде жекеше немесе көпше болып екі түрлі айтылатын сөздерді де талдаймыз, өйткені, олар біздің қазақ тілінде бөлек-бөлек жекеше мәнінде қолданылады, мысалы «сапар» путешествие, ал /мүсәпір – бедняга /сорлы адам/, арабта бұл екі сөздің бірі – «сапар» жекеше түрі, «мүсәпір» – көпшесі. «Назар» – жекеше, «ынтызар» – көпше, қазақ тіліне келгенде екеуі де жекеше; «ғалым» – «мұғалім», хайуан-хайуанат» тағысын тағыларды да жіліктеп жатпаймыз. Араб тілінен келген әсерді анық білдіру үшін біраз сөздерді келтіре кетелік.

Қазақша	Арабша	Орысша	Ескертпе
1. Адал	халал		басқа түркі тілдерін-де де бар, бірақ әр түрлі мағынада. «Х» дыбысы бұрын қазақ тілінде болмаған еді.
2. Адам	адам	человек	
3. Азап	ғазаб	мучение страдание	қазақ тілінде «Ғ, Г» дыбыстарынан сөз бас-талмайды
4. Азар /обида, унижение/ «Ағайынның азары болса да, безері жоқ» – родствен ники могут обижать, унижать, но не могут отказаться/.	азар /стыд, срам/		

5. Айла	hайла	уловка хитрость	«h» дыбысы жоқ
6. Айуан /глупый/	hайуан	животное	
7. Айып /штраф, прости-пок, вина, об-винение/	гаиб /порицание. порок недос-таток/.		
8. Ақыл	гакл	ум, разум	
9. Ақымақ, /ахмак/	ахмак	глупый, дурак	
10. Ақыр/ы/ /Ақыр заман последний день страш-ного суда; «Ақыр байдың түбі аштан өледі» – потом ки богача–скряги погибнут от голода «Әуел ақырдан белгілі Ясно с начала до конца. Сөздің ақыры, последнее, заключительное слово/.	ахр	последний конечный	
11. Ақырет:1) загробная жизнь 2) страшно трудно мучительно; 3) Белая материя для упоковки тела усопшего. 1) Ақыретті ойла – думай о загробной жизни; 2) Бұл бір ақырет жұмыс – это страшно тяжелая /мучтельная работа; 3) Өлікке ақырет керек, для упаковки тела покойного нужна белая материя.		ахрет /конец, окончание/	
12. Амал причина, предлог; начальник /Оңтүстік Қазақстанда/		ғамал /понятие дело, практика, творение, произведение/	

13. Арам – /нечестный, плут/.	харам – /запрещенный, грех/.	Шувашта /«арам» – жена, женщина/
14. Асыл, асылы /драгоценный, в итоге, конечный/	асыл –	шувашта /«асла» – старший; главный/.
15. Ассалаума ғаликум–асса–лаумағаләйкүм– привет, здравствуйте /традиционное обращение к старшим. Мағнасы түсініксіз. Бұған жауап есебінде – уағаләй кімассалам айтылады. Бұл да түсініксіз. Татар ақыны Ғабдулла Тоқайда «уассалам» – мазақтау есебінде /жаңа кесік бас» поэмасында/	гассалаума–ғалайкум–мир вам, оған жауап «уағалайкүмассалам» – и вам мир.	
16. Аяр – /хитрый, обманщик	ғаяр-хитрый; рый; бродяга/.	– шувашта /«хаяр» – злой; лютый/.

16. ӘДЕП – вежливый, скромность, учтивость /арабта – араб – литература;

воспитанность, вежливость, учтивость, приличие;

17. ӘЗІРЕЙІЛ – дух смерти; один из четырех арх ангелов бога; /арабта – азраил – дух смерти /ангел/.

17. Әлде – разве, или, быть может, /араб – әлә – разве, кроме, исключая, не иначе как.

18. Әлі – сейчас, теперь: арабта – hала – немедленно.

19. Әуелі, әуелден, әуел бастан – сначала, с древних пор, во-первых /ар. авваль – сначала.

20. Бақыт – счастье, удача; арабта – бахт – судьба, счастье.

21. Береке – берекет – изобилие, благоденствие /«жасаған бергеннің әрекеті болмайды, қолдан тапқанның берекеті болмайды» – Данный богом не имеет недостатка, найденный силой /руками/ не имеет прочной основы/ ар. бәрәкәт – благодать, небесный дар.

22. Ғарып – кәріп – одинокий, бедный, беспомощный; ар. ғариб – чужой; чужеземец.

23. Дәптер – тетрадь; /арабта – дәфтәр – тетрадь, книга для записей, журнал, торговая книга.

24. Дәулет – богатство, состояние /арабта–дәулет –государство; господство; превратность судьбы.

25. Дүние – мир, вселенная; /арабта – дүния – свет, мир;

26. Дұға – молитва /арабта – дуға – призыв; молитва, проклятие.

27. Дін – религия; /арабта – дин – религия вера.

28. Есеп, хисап-қисап – счет, расчет, число, есепшот, – счеты /араб-hесаб – исчисление, счет, расчет; достоинство, заслуга; хисаб, мысль, намерение.

29. Заман, замана – эпоха, период /арабта – заман – пора, эпоха.

30. Қабыл /ету/ – принятие, согласие /арабта – кабул – принятие, допущение, соглашение, прием.

31. Қақ-хақ – цена /арабта hақ – право; достоинство, истина, цена.

32. Қалық, халық – народ, население /арабта – халқ-творение.

33. Қалып–колодка, форма/ арабта – калб – форма для отливки, модель, колодка.

34. Қатым-құран, қатым қылды: қатым берді, қатым түсірді /куран түсірді/; /өлген ксіге арнап құранды бастан аяқ оқып шықты» мәнінде; өлікке үлкен ас бере алмай, кішірек ас берсе – оны «қатым қуран» берді /өткізді/ деп те айтады. /Арабта – хитам –

бітіру, түгесу[1].

35. Қауыз – пруд; /арабта – hауз – бассейн, водоем, резервуар/.

36. Қиямет – загробный мир; страшно тяжело; арабта – қиамат – воскресенье из мертвых; страшный суд; переносное значение – смятение, переполох.

37. Қуат – сила, мощь; /арабта – қуәт – сила, мощ, энергия.

38. Қымбат – ценный, дорогой; /арабта – қиммат – ценный, дорогой.

39. Қызмет – служба, работа, арабта – хадмет – служба.

40. Құрбан «құрман, құрбал/дық/ – /арабта – курбан – жертва, религиозное причастие.

41. Мазар – кладбище, гробница» – Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» – дом с детьми – базар, /ярмарка шумная/, а без детей пустое кладбище /гробовая тишина/ арабта – мазар – место посещения, могила.

42. Мешіт – мечеть/ арабта – мәсжид – мечеть, храм; букв. – место, где простираются ниц.

43. Молда – молла /арабта – мулла/ учитель, проповедник.

44. Масқара – разоблачение, издевательство; арабта – мәсхара – предмет насмешок, маска, маскарад.

45. Мәгәс – ничего не знающий, глупый, тупой; ол мәгәс адам – он тупой человек: арабта – нәкәс – имеющий недостаток, недостаточный, неполный /Будагов сөздігі 278 бетінде/.

46. Мысал – басня, пример; мәселен – например; /қазақта меселі қайтпасын – пусть будет довольным /пусть не потеряет подобия на себя/; арабтың мәселінен шығуы мүмкін; арабта – подобие.

[1] Ісмет Кеңесбаев. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966, 123 бетінде.

47. Мысқал – золотник. «Ауру батпаңдап кіреді де мысқалдап шығады» – «болезнь входит в тело батманами, а выходит золотниками», смысл – болезнь наступает с большой тяжестью, а выздаравление – медленно, постепенно /арабта – мискаль – мера веса/.

48. Міскін – жалкий, несчастный; /арабта – міскин – жалкий, несчастный, бедный.

49. Намыс – честь, достоинство, совесть; /арабта – намус – закон; совесть, честь; стыд.

50. Нахақ – несправедливый, незаслуженный; /арабта – хақ – истина, достоинство, цена; фарсыда «нә» отрицание – «не».

51. Нәлет, лағнет – проклятие, анафема; арабта – лағнат – проклятие.

52. Нәпсі – желание, страсть; /арабта – нәфсі – дыхание; вздох, человек, намерения, желание, страсть.

53. Нәсіл – потомство, род, племя; /арабта – насл – потомство, приплод.

54. Өмір, ғұмыр – жизнь, жер өмірден – из далека; арабта – ғұмыр – жизнь, возраст.

55. Пайда – польза, прибыль/ арабта – файда – польза, выгода, барыш.

56. Риза, ырза, разы – довольный, отсюда – наразы – недовольный /арабта – риза – согласно – согласие.

57. Сабын – мыло – /арабта – сабун – мыло.

58. Сабыр – терпение, выносливость; арабта – сабр – терпеливый, выносливый.

60. Сандық – сундук; /арабта – сандук – сундук, ящик. ЕСКЕРТПЕ: Орыс тіліндегі «сундук» түркі тілдерінен алынған депті Н.М.Шанский, В.В.Иванов, Т.В.Шанскаялар құрастырған орыс тілінің

қысқаша этимологиялық сөздігінде – 325 бетінде, М., 1961/.

61. Сауап – благодеяние, доброе дело; /арабта – сауаб – вознаграждение, награда; татарда – савап – благодеяние: марийде – сауап.

62. Сәлем – привет, послание, сәлемдеме – посылка; арабта – салам – мир, безопасность; привет, приветствие.

63. Сыпат – качество, свойство: сын-сыпат – внешняя видимость; /арабта – сафат – качество, свойство, характер.

64. Табыт – гроб – труп; /арабта – табут – сундук, ящик, гроб, саркофаг.

65. Тағам – дәм-пища, вкус; арабта – таам – вкус.

66. Талай – счастье; қазақта: «талайың жоғары болсын» – Пусть будет твое счастье высокое, быть под высокой счастливой звездой; /ар. – талг – звезда, судьба/.

67. Тамаша – зрелище, представление; арабта – тамаша – гульбище.

68. Тәубе – тоба – раскаяние, покаяние; /ар. тауба – раскаяние, покаяние.

69. Тәуекел – риск, ар. – тәуекел – упование, проучение, предавание себя воле судьбы.

70. Тәрбие – воспитание, /арабта – тәрбие – воспитание, образование, воспитанность, вежливость.

71. Уақыт – время, бағыт – направление /арабта – уахит – время, период времени.

72. Хабар – қабар – извещение, известие, весть /арабта – хабар – новость, слух.

73. Қазыр, кәзір, әзір – сейчас, теперь, готовый, ныне, /арабта – hазр – присутствующий, настоящий о моменте/,

наличный.

74. Хат-қат – письмо /арабта – хат – линия, почерк, письмо.

75. Шайтан – черт /арабта – шайтан – сатана, демон.

76. Шарт – договор, условие /арабта – шарт – условие, положение.

77. Шек, шек келтіру – сомнение, сомневаться: арабта – шаак-сомнение, неуверенность, подозрительность.

78. Шербет – сладкий напиток, иногда употребляется в смысле вина, арабта – шарбат – сладкий напиток.

79. Шүкір – спасибо, благодарение; арабта – жекешесі – шакер, көпшесі шукур – благодарный, признательный.

80. Ылайық – достойный, подходящий, соответствующий; арабта – лайк – надлежащий, достойный, приличный.

81. Ырзық, ризық – пропитание, средство к существованию; /арабта різык – средство к существованию, пропитание, удел, доля.

ҚОСЫМША №4

Түркі тілдерінен орыс тіліне ауысқан біраз сөздер. Бұлардың ішінде араб пен ираннан Орта Азияға, Кавказға келіп, сол өңірдегі түркі тілдерінен орыс тіліне кіргендері де, сонсоң түркі тілдерінен тікелей енгендері де бар, міне енді солардан да бірнешеуін көрсете кетелік.

1. Орысша – аманат – бұл, негізінде, араб сөзі, кейінде түрік, азербайжан, қазақ, қырғыз, алтай, қырым татарларына ауысқан, тағы басқа түркі тілдерінде де бар. Махмут Кашгарий мен «Кодекс Куманикуста»[1] ұшырамайды. Кейбір түркі тілдерінде дыбыстық жағынан әртүрлі жазылады, мысалы, әзірбайжанша – «әмәнәт», татарда – «аманат» болып жүреді. Осы күнгі мәнісі – «залог», «поручение», ал көне мағынасы «заложник», «залог» екен. Тарихи дәйектемелерге қарағанда москвалық Русь патшалығы Сібірдегі қазақ ханы – Күшім ханнан және Орта Азия хандықтарынан «аманаттар» – «заложниктер» – латынша – obides / алып тұрған. Ендеше, атап айтқанда, осы тілдерден: татар, қазақ, қырғыз тілдерінен «аманат» орыс тіліне ауысқан деседі.

2. Орысша – арба, бұл сөз түркі тілдерінде екі түрлі айтылады: оңтүстікте немесе түстік батыста, түрікте, азербайжанда және көне қыпшақ /половец/ тілінде – «Кодекс Куманикусте» «араба» делінеді, осыдан барып румында /h/ араба болады; терістік шығыста жатқан қазақ, қырғыз, татар тілдерінде «арба» түрінде кездеседі, ендеше, орыстың «арбасы» осылардан ауысып барған ғой. Сондықтан ғалым Будаговтың тағы

[1] Көне түркі тілінде жазылған ескерткіштер бар. Орхон-Енисей, Кодекс Куманикус, Махмут Кашгарилерде кездеспейтін сөздердің көбі бөгде елдерден келуі мүмкін /С.Т./

басқа түрік лексикографтарының осы сөзді арабтан келді деп топшылауы тиянақсыз тәрізді.

3. Орысша – архалук – арқаға желбегей жамылатын шолақ тон мәнінде Н.В.Гогольдің «Өлі жандар» атты романында кездеседі. Бұл түркі сөзі, «арқа» – «спина» ендеше арқаға жамылғыш мағынасында жүреді. Орысша «қ» орнына «х», «ы» орнына «у» дыбысы айтылуына – «арқалықтың» – «архалук» болуына қарағанда бұл – әзірбайжан тілінен ауысқан тәрізді, өйткені оларда да осылай айтылады.

4. Орысша – «аршин» – дұрысы «аршын» ғой, өйткені көне өзбек, түрік, қазақ, татар тілдерінде «аршын». Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың «Қарагөз» атты пьесасында /алғашқы вариантында «аршындап өткен заман ғой...» деген сөйлемнің мағынасы «аяғын алшаң басып өткен алыс заман» деген болатын. Мұның негізі фарсының «арш» – ұзындық өлшемі – 15-16 вершокке барабар /Л.Будагов сөздігінде осындай түсінік беріледі/. Заты, осы «аршинды» орыс тілі көрші татар, башқұрт, қазақ тілдерінен алуы ықтимал.

5. Орысша – арық. Бұл сөз орыс тілінде кейінірек пайда болған. Заты, Орта Азияны орыс патшасы өз аузына қаратып алған дәуірде кірсе керек-ті. XI ғасырдың ескерткіші Махмут Қашғариде: «арық» болып айтылады. Қырғыз, қазақ, татар тілдерінде солай сақталады; әзірбайжанда «арх», түрікте – «арк» /немесе «арық»/ болады. Бұл сөзді тексергенде, заты, Таяу Шығыстағы жерді суарып пайдалану дәуірінде туғанын ескерген жөн.

6. Орысша – әскер. Бұл сөз арабтан келіп түрікке кірген. Орысқа түріктен ауысқан, орыстар түрік солдаттарын «әскер» деп атаған. Көне өзбек, татар тілдерінде «ләшкер» болып та

жазылған шығармалар бар. 1877-1878 жылдарда болған орыс пен түрік соғысқанда орыс тілінде жазылған «солдат өлеңі» бар /«солдатская песня»/:

«Сүлейменовы аскеры
Крепко в Шипку били лбом,
А мы били из без меры
И прикладом, и штыком»[1]

деген.

7. Орысша – атаман. Бұл түркі тілдерінде көп қолданылды. Мұның түбірі «ата – отец, дед, предок» жұрнақ –ман – үлкейтіп, көтеріп айтудың белгісі, мысалы, украин тіліндегі «батько» сияқты, ендеше, «ата–ман» – большой отец, ман – большой – манның» осылай екенін ғалым М.Расянен дәлелденген екен/. Қырым татарларында «атаман – одаман» – «аға қойшы», «аға бақташы» – «старший пастух», «пастуший батько» – болған екен. Түркменде – «атарман» – воинственный, храбрый, смелый, заты, осы сөздің түбі «атмақ» етістігінен туса керек. Қазақта «атарман–шабарман» да бар. Қазақ-орыстардағы «атаман» осыдан шыққан, ал бүгінгі күні түркі тілдері – татар, қазақ, қырғыз, азербайжан тағы румын тілдері осы «атаманды» орыс тілінен қайта алып жүрген сияқты.

Бір ескерте кететін жағдай бар: «түркі тілдерінің заңы бойынша «Ата-лы» /ата-ман/ демейді, «ұлы–ата» делінеді, онда ман-ата, нән-ата болар еді, бірақ бұл «атаман-одаман» ғой, заты, дұрысы: «от–ағасы», «От–аман» болуы мақұл тәрізді.

8. Орысша – «атара». Қазақ, татар, тілдерінде «отар»,

[1] Н.К.Дмитриев. Строй тюркских языков, изд. «Восточной литературы» М., 1962, стр. 523.

қырғызда – «отор» бұл қойдың жайылымы, түбірі – «от–шөп» мәнінде. «Атты отқа қой «коня ставить на подножный корм». «Жетім қозы тас бауыр, түңілер де отығар» – Осиратевший ягненок отвыкнув /отчаявшись/ от матки начинает довольствоваться травой» – осының бәрі «оттан» туған. Атқа шөп салатын тас «ақырды» да оттық деп атайды. Ендеше қазақта «оттың» – екі мағынасы бар, соның біреуі «от» – шөп /трава/ екіншісі – «огонь». Қазақта мал отарда жатыр. Отарлы мал деген ұғымдар да осыған байланысты.

9. Аул – /орысша/ – бұл түркі сөзі, әр түрлі айтылады: ағыл, аил, ал, аул /В.В.Радловта айтылған/ Негізі монғолдың «аил» сөзі болса керек, өйткені: «аилы–кочевые стоянки или кочевые дворы, состоявшие из отдельных юрт и телег-кибиток» деген сөйлем академик Владимирцовтың «Общественный строй монголов» атты кітабының 37 бетінде бар. Қазақ елінде оннан алпысқа дейінгі жеке шаруалардың бірігіп отыратын ру-тұрағын – «ауыл» деп атайды, ал малы көп байлардың қысқы ауылы 4-5 үйден аспайды. Ойратта – аил; қырғызда – айыл; Махмут Қашғарийде және көне өзбек /«шағатай»/ тілінде – «ағыл» – «загон для скота», ноғайлы, татар, башқұрт, орыс тілдеріндегі ауыл /аул/ сол монғолдан шыққан сияқты.

10. Орысша – бай – зажиточный, богач. Бұл «Кодекс Куманикусте» де, Махмут Қашғарийде де, Орхон ескерткіштерінде де бар. Орыс тіліне «Алтын Орда» заманында кірсе керек, ал совет дәуірінде өте кең жайылып кетті. Орыстың «кулак» сөзінің пары болып шықты. /бай–кулак – богач –кулак – бәрі бір/.

11. Балбес – /орысша/ – түк білмейтін топас мәнінде. Шынына келсек балбес – билбес – билмес – незнающий», тот, ко-

торый не знает». Ескі қазақ, қырғыз, ноғай тілдерінде «білбес», бері келе «білмес» осыдан барып орыста бір есе «балбес» немесе «ни бельмеса» делініп те жүре береді.

12. Орысша – «балық» – деп балықтан жасалған консервіні айтады, ал түркі тілдерінде балықтың бәрі балық /рыба/.

13. Орысша «барсук» – түркі тілдерден ауысқан; қазақша – «борсық», тат. «бурсык», түрік пен азербайжанда «порсуқ», румында «бурсук». Махмуд Қашғарийде екі түрі бар, соның бірі «бурсумак», екіншісі – оғыздарда «барсук».

14. Барыш – орыс тілінде «пайда» мәнінде қолданады. Қазақта барыс – жүру /ход./. Татар, қырғыз тілдерінде де жүру /хождение/. Барыс-келіс – обмен, польза, взаимный обмен торговли. Бұл сәудегерлер сөзі – көне дәуірдегі хандардың ярлықтарында /жарлықтарында да/ бар. Махмуд Қашғарийде «барушмак». Түркменде «барышын», түрікте – «барыш» – мир, перемирие. Ендеше, саудаласушылар арасында болған сөз, екеуі де келісіп пайдаға ие болудан туса керек. Қазақтың «борыш» деген сөзі осыған байланысты болуы мүмкін. Мысалы, «сәудегердің түбі – борыш, диқаншының түбі – кеніш» деген сөйлем бар. «Торговец кончает свое дело – убытком /долгом/, а крестьянин /земледелец/ – благом-ископаемым богатством /кенішкен – ископаемое богатство/ Ежелгі хандар араздасқан кезінде барыс – келісті/ /сауданы/ тоқтатайық десіп келісім жасайды екен.

15. Баш – түркі тілдерінің ішіндегі «бас, паш, пас» болып айтылатындарынан ауыспай, «баш» түрінде айтылатын түркі тілдерінен орыс тіліне келуі кәдік. Жалпы мағынасы: «голова, начало, конец» есебінде қолданылады.

16. Башибузук – орыс емлесімен жазылып, айтылып тұр, дұрысы башы – бозук болар еді. Көне түрік тілінде тәртіпсіз әскерді басы бұзылған солдаттарды, халыққа зақымы тигендерді осылай атаған. Анатолы түріктерінде жауынгер әскерді де осылай атайды. Персі тілінде «сарбаз» деген сөз де бар. /«сарбас; баз – ойнағыш деген мағынада/ «басымен – ойнағыш» болып шығады. Ол ел де солдатқа атты осылай қойған.

17. Башмак – Махмуд Кашкарийдің айтуынша оғыз-қыпшақ тілдерінде «аяқ-киім» деген сөз, орысқа да солай кірген. Көне түрік тілінде «туфля» мәнінде: Ал татар, башқұрт тілінде «тайыншаны» /тананы/ – башмак деседі, бұл сөз қазақта – баспақ болып айтылады; баспақ /тайынша/ бұл екінші түрі.

18. Бей – қазақша – би, азербайжанша – бек, орхон-енисей тілінде – бег, қазақ – бек екеуі де бір сөз.

19. Беркут – орел; қазақша – бүркіт; қырғызда – буркут; көне өзбек тілінде де ұшырайды. /Л.Будагов сөздігінің 276 бетінде/.

20. Бешмет – татар, башқұртта – бишмет; азербайжанда – бешмәт; қырғызда – бешмант; қазақта – бешпент. Бұл сөз Махмутта жоқ.

21. Бирок – түркі тілдерінде бұл сөздің екі мағынасы бар, соның бірі – қаңғырған қасқыр, екіншісі қасқыр терісінен істелген тақия. Махмутта да – бәрі қасқыр, бөрік – тақия «Кодекс Куманикуста» – «бөрі» және «бөрүк» айтылады. Якутта – бөрә, қазақта – бөрі; көне өзбек пен татарда – бүре; қырғызда – бөрү; ойратта – пәрү, пәрүк – волк. Қазақта – бөрік; қырғызда – бөрүк; башқұрт пен татарда – бүрек – тері тақия. Екеуінің де мағынасы бір түбірден туған. Қырғызда: «бөрү атар жігітті бөркүнән тааны» – Охотника на волков узнавай

по его шапке /из волчьего меха/ – деген мәтел бар. Мұны Константин Кузьмич Юдахин «қырғызша-орысша сөздігінде» келтіріпті.

22. Бугай – монғол, ойғыр, ескі қыпшақ /«Кодекс Куманикусте»/ тілдерінде «бога»; түрікте – бога; қырғызда – бука; татарда – буга; қазақта – бұқа бық мәнінде.

23. Буран – /орыста/; Қазақта, азербайжанда – боран; түркменде – борән; қырғызда – бороон; якутта – бурхан – буря. Қазақта – бүр-бұрау, «вертеть, крутить»; орысша – бурав – осылар бір түбірден тууы мүмкін.

24. Въюк /орыста/; орхонда – йук; татарда, башқұртта – йок, түрікте – уйк; қазақта – жүк; қырғызда – джүк, груз, тяжесть. Л.Будагов сөздігінде орысша «въюктің» түркі тілдерінен шығуы айтылған; В.Ф.Миллердің «Экскурсы в область русского народного эпоса» атты 1892 жылы шыққан кітабының 214 бетінде де: «въюк» орыс тіліне половец /қыпшақ/ тілінен келіп кірді, бұл кезде Русь жеріне татарлар әлі келмеген дәуір еді», – дейді. Ғалым Бернекердің сөздігінде де, Преображенскийдің этимологиялық сөздігінде де /106 бетте/, Афанасий Никитиннің «Хождение» атты шежіресінде де, Ф.Миклошиштің кітабында да осы «въюктің» – «юк» – «жүк» сөзінен шығуы дәлелденген.

25. Гяур – /орыста/; қазақта – кәпір-мұсылман емес деген сөз. Орыс тіліне кейін кірген. А.С.Пушкин мен Лермонтов туындыларында жиі кездеседі. Ағылшынның аты-шулы ақыны Байронның «Гаур» атты поэмасы да бар.

26. Деньги /орыста/; қазақта – теңге; көне өзбек, монғол татарда – тәнкә; қырғызда – теңге /монета/.

27. Дехкан /орыста/; қазақта – диқан, түрікменде – дайхан; өзбекте – дехкан, түбірі персі сөзі. Орыс тіліне түркі елінен ауысқан.

28. Дүрман /орыста/; персіде – дәрмән – лекарство, средство, способ; қазақта – «дермене» деген дәрі орнына жүретін шөп бар, бұл жусанның бір түрі, заты, осы сөздің де қарым-қатысы болуға кәдік. Шынында, көне монғол, түркі тілдерінде «дүрмәнді» дүркін мәнінде де қолданыпты.

29. Ералаш /орыста/; қазақта – аралас; қырғыз, татар тілдерінде – «аралаш» смесь, беспорядок. Бұл да орыс тіліне түркі тілінен барған.

30. Изюм /орыста/; қазақта – жүзім; басқа түркі тілдерінде йүзүм – виноград; орыс тілінде – «изюминка» деген сөз бар, шұрайлы, құнарлы мәнінде. Бәрінің түбірі бір түркі тілінен деседі.

31. Ишак – /ор./; қазақта – есек, түрікте – ешек; әзірбайжанда – ешшек, өзбекте – ешак; түрікменде – ешек; татарда – ишәк; көне ойғырда – ешкек. «Кодекс Куманикусте» де /көне қыпшақ, оғыз тілдерінде де/ бар. Орыс тілінде сонша орын тепкен, тіпті осы «есекке» байланысты талай сөздер туған, мысалы, «ишачить» «ишачья работа» тағысын тағылар, ал «осел» мұндай көп айтылмайды.

33. Кавардак /орыста/ дурное кушанье /какая та смесь/; Қазақта – қуырдақ – жаркое, мелкие куски мяса, жаренные на сале или масле.

34. Киса, кисет, кисея; қазақта – кісе – қалтасы бар былғары белбеу. Фарсыда – кисе-карман, мешочек, кисет; түрік, әзірбайжан, түрікменде де бар.

35. Кишлак – орыста деревня; қазақта – қыстау, қыстақ; көне өзбекте – кишлак.

36. Кумыс – орыста; қазақта, қырғызда, татар, башқұртта – қымыз; азербайжан, түрікменде – ғымыз; якутта – қымыс – кислое кобылье молоко.

37. Кунак – орыста; Махмут Кашгарийде – қонуқ; «Кодекс Куманикусте» – қонақ, түбірі – қон – распологаться на ночлег; түрікте – қонақ – жилище, особняк. Болгар, серб тілдерінде де осылай айтылады, ал азербайжанның терістік жағында тұратын түркі елдерінде – қонақ – кунак – гость; қазақта – қонақ – мейман /араб сөзі/. Алтайда – конок; монголда – хонох – сутки – «жизнь» мәнінде.

38. Курган – орыста; қазақта – қорған, қорғаныс – крепостная стена, оборона; көне өзбек тілінде – укрепление, крепость.

39. Курдюк – орыста хвост; қазақта – құйрық овечий хвост с отложениями жира; түрікте, татарда, қырғызда – куйрук; шор тілінде – кузурук, монголда – худурук; қазақта – құйрықты жұлдыз – звезда с хвостом, т.е. комета.

40. Кутерьма – орыста айғай-шу мәнінде; татарда «көтерме» подьем, крыльцо, қырғызда – көтерме – запруда; қазақта – көтерме навес, подпорка, поддержка. Шу көтеру – поднять шум. Көтерменің екінші мәні – жәрдем – помощ болады, өйткені «Көп қазақ кіре салды көтермемен, кіре сап көтермемен – көтендеген/ әлсіреген/ деген татар тілінде келемеж өлең бар. Мұнда біріне-бірі жәрдем беріп көтермелеп деген мағынаны білдіреді.

41. Орда – /ор./. Афанасий Никитиннің ескі «шежіресінде» 1) союз, племен; 2) стан; 3) войско. Махмуд Қашғарийде:

«орду, орда, ордо» болып үш түрлі айтылады. Монғолда – орду; қырғызда – ордо; қазақта – орда – ханская ставка, резиденция хана;[1] түрікте, ойғырда, көне өзбек тілінде – орду – армия, армейский корпус. Орыста – «идет целая орда» - сөйлемі бар, «бұл тәртіпсіз топ» - деген мағынаны білдіреді.

42. Отара – орыста; қазақта – «от» екі мағынада, біреуі «шөп» - трава; екіншісі – от-огонь. Қазақта – «отар»; қырғызда – отор – пастбище, удаленное от аула. «Малды отарлап бағады» – алысқа бағады» – дейді; түрікменде – отар – пастбище, выгон; ноғайлықта, кумықта, Қырым татарында – отар – стадо баранов; башқұртта – утар – хутор /күтір/. Атты отқа қою, оттату, төлді отықтыру – шөп жегізіп үйрету; отты жер шөбі шүйгін жар, осының бәрі – «от» -тан, шөптен шыққан.

43. Очаг – орыста; бу да «от» – огонь сөзінен туған. Қазақта – ошақ – үш аяқты оттың үстіне қойып қазан асатын темір құрал бар; жер ошақ, – жерді шұңқырлап қазады да үстінен қазан орнатып ет асады, астына от жағылады. Қазақтың көне әдетінде төсекте – әйел от жаққа, еркек ірге жаққа жатады. Атақты кісілер өлгенде жылы толар алдында ас береден бір-екі ай бұрын «ошақ майлар» деген құдайы береді, сонда ас берген күні қонақты күтетін жанашыр жақындары «ошақ басы» «от басы» – от жақта жүретін, отты жағып ас пісіретін адамдар жиналады. Осы «оттан», «от жақтан» барып орыс тілінде «очаг» – дом, «в одном очаге, в одном доме» болып кірген; түрікте, «әзірбайжанда, түрікменде – оджак»;

[1] Ч.Ч.Валиханов. Собр. соч. В 5 томах, том I, Изд-во, АН КССР. Алматы – 1961, стр. 124. «Орду – орда-ұлыс тобының аты емес, ханның ордасы дегенді айтады./С.Т./

қырғызда – «очок», татарда – учак» башқұртта – «усак» – яма для огня, дом мәнінде. Бәрінің де «от – огонь» сөзінен шығуы даусыз.

44. Пилав – орыста; қаз. – палау /балау/.

45. Сайга – орыста; қаз. сайғақ – антилопа – ақ бөкен.

Атыңнан айналайын Қарқаралы,
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.
Саяңнан сайғақ құрлы сая таппай,
Мен болдым бір қашқын жан Арқадағы».

Осы өлеңдегі «сайғақты» кейбіреулер «саяқ» сөзі деп те ойлауы мүмкін. «Саяқ жүрсең, таяқ жейсің» деген мақал бар, бірақ сол саяқтың өзі осы – «сайғақтан» тумасына кім кепіл?

46. Саксаул – орыста; қаз. сексеуіл, қырғ. сәксөөл.

47. Султан – орыста; қаз. сұлтан.

48. Султанат – орыста; қаз. сұлтанат. Заты, осы екеуі «Сұлтанат» «салтанат» бір түбірден болуы ықтимал.

49. Табун /орыста/; қаз. табын, бұл сөз орысша жылқыға ғана айтылады, қазақта бұған сиыр тобы да қосылады.

50. Тал – тальник; қаз. – тал – ива, верба, лоза.

51. Тебенек – тебеневка – тебеневать; қазақша «тебін» қырғ. – тебінді. Қысты күні шөпті қардың астынан теуіп жейтін жылқы мен қойға ғана айтылады. Түйе мен сиыр қар теппейді.

52. Тесьма; қаз. – таспа.

53. Толмач; қаз. – тілмаш.

54. Тулуп; қаз. тұлып.

55. Туша; қаз. төс, грудина.

56. Тутун – қаз, түтін /дым/.

57. Чабан – қаз. – шопан.

58. Чекмарь – қаз. шоқпар.
59. Чекмень – қаз. – шекпен.
60. Чепан – қаз. шапан.
61. Чий – қаз. – ши.
62. Чохом – қаз. шоқ-шоқ жылқы.
63. Чубарый – қаз. – шыбар.
64. Чембурь – қаз. шылбыр.
65. Чубук – қаз. шыбық – прут.
66. Чушка – қаз. шошқа.
67. Шальбары – шаровары; қаз – шалбар.
68. Шатер – қаз. – шатыр.

Осы тізімдегі 68 сөздің бәрі де Николай Константинович Дмитриевтің «Строй тюркских языков» атты кітабынан алынды/ 520-555 беттерін қараңыздар/.

Осы еңбекті жазу үстінде пайдаланған авторлардың

т і з і м і

Марксизм-ленинизм бағытын дүние жүзіне таратып, даңғыл жол салған авторларды алдын ала алфавитсіз көрсеттік.

1. Ленин В.И. Философские тетради/В.И. Ленин.-М.: Госполитиздат, 1947 .
2. Ленин В.И. Полное собрание сочинений. Т. 24 /В.И. Ленин.- Изд. 5-е/, М.: Госполитиздат, 1961
3. Ленин В.И. Сочинения/В.И. Ленин. - Изд. 3-е, том XYI /статья «Отсталая Европа и передовая Азия»/.
4. Ленин В.И. Полное собр. соч. Издание 4-е, том 33.
5. Ленин В.И. Соч. том 39, ГИПЛ, М., 1963.
6. К.Маркс пен Ф.Энгельс. Соч. том I /Бұл пікір Д.Г.Редердің «Мифы и легенды древнего двуречья» атты кітабында да айтылған екен/.
7. К.Маркс пен Ф.Энгельс избранные произведения том I, М. 1952 /см. Статью К.Маркса «Будущие результаты Британского владычества в Индии»./
8. К.Маркс, Ф.Энгельс. Соч. том XIY.
9. К.Маркс, Ф.Энгельс. Соч. том XYI, ч. I/Біз бұл ақпарды, Джуманияз Шариповтың «Из истории перевода в Узбекистане» деген кітабынан алдық/.
10. К.Маркс, Ф.Энгельс. Соч. том XXYII /письмо ЗИГФРИду Мейэру от 21 января 1871 г./.
11. К.Маркс, Ф.Энгельс. «Манифест коммунистической партии». Из-во политической литературы. М. 1965.

12. К.Маркс, Ф.Энгельс. «Об искусстве», том I, М. 1957.
13. Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства» /К.Маркс и Ф.Энгельс. Избранные произведения в 2-х томах, том II, М. 1955.

II. Жалпы жұртқа атағы жайылған автор-ғалымдардың бізге сүйеніш болған еңбектері мыналар:

1. Абай Құнанбаев. Таңдамалы шығармалары, ҚМКӘБ. Алматы – 1952 ж.
2. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, 2-том. «Аудармалар мен қарасөздер» Қазақ. Мем. көркем әдеб. баспасы. Алматы – 1957 ж. /Жауапты редакторы М.О.Әуезов, І.Кеңесбаев, З.А.Ахметов, Ы.Т.Дүйсенбаев/.
3. Аканов К. «Қазақ тілі лексикасының мәселелері». Алматы, I 1956.
4. Акишев К.А., Кушаев Г.А. «Древняя культура саков и усуней долины реки Или». Из-во АН. КССР, Алма-Ата, 1963.
5. Ақынжанов М. «Қазақ тегі туралы», Алматы-1957 ж.
6. Alberknis, Ed… by E.Sachau. London, 1887.
7. Алектров А.Е. «Астраханский вестник».1253, 1267, 1274, 1281, 1288, 1294, 1302, 1308, 1310 за 1893 год.
8. Алексеев В. «Эзоповы басни» 1888/рукопись/.
9. Алтынсарин И. Избран. Произведения под редакцией профессора Б.С. Сулейменова. Изд-во АН КССР, Алматы, 1957.
10. Алтынсарин Ы. –Таңдамалы шығармалары. Изд-во АН КССР, Алматы, 1957 ж./с предисловием профессора Бекежана Сулейменова/.

11. Аманжолов К. «Шығармаларының толық жинағы», 2 том, Алматы, 1956.
12. Анов Н. «Анов Н. «На литературных перекрестках» статья журнал «Простор», №8. 1967 г.
13. Аполлова Н.Г. /см. статью/ История Казахской ССР, т. Алма-Ата, 1957/глава IX-я/.
14. Ахмеров Ғайнулла. «Болгар тарихы», Қазан, 1912 ж./араб әрпімен жаэылған/.
15. Әбу-Райхан Беруни, «Индия», Изд-во АН УзССР, Ташкент
16. Әуезов М.О./академик/ «Шыншыл, тәкаппар ақын», «Социалды Қазақстан» газеті, Алматы 1936, №159, 12 июль./Сәкен Сейфуллин туралы/.
17. Әуезов Мұхтар. «Көркем аударманың кейбір мәселелері» ҚМКӘБ, Алматы 1957.
18. Әуезов М.О. «Мысли разных лет», Алматы- 1961.
19. Әуезов М. «Абай жолы» эпопеясы.1-4 кітап. Қазақ мемлекет. «Көркем әдебиет баспасы», Алматы 1961.
20. Бабков И. «Воспоминание о моей службе в Западной Сибири» СПб. 1912г.
21. Банзаров Дорджи. Собр. сочин. Изд-во АН ССР, М., 1955./ответ. редактор доктор фил. наук Г.Д. Санкеев/ книга впервые издана в 1946, второй раз в 1991 под названием «Черная вера или шаманство у монголов» под редакцией Г.Н. Потанина/.
22. Басни Эзопа. Перевод, статьи и комментарии М.Л. Гаспарова. Изд-во «Наука», М., 1963 г.
23. Баскаков Н.А. «Введение в изучение тюркских языков». Государственное изд-во «Высшая школа», Москва, 1962.
24. Баскаков Н.А. «Сборник языка народов СССР», том 2, М.1966/

См.статью «Тюркские языки»/.
25. Бартольд В.В. История Туркестана, Ташкент, 1963 г.
26. Бартольд В.В. Соч. том 6, работы по истории ислама и арабского халифата. Изд-во «Наука» глав. редакция Восточной литературы. М.1966 г.
27. Бартольд В.В./академик/ «Работа по истории и филологии тюркских и монгольских народов», Изд-во «Наука», глав. редакция Восточной литературы, том V, М., 1968 г.
28. Баттал Ғ. «Татар тарихы», Қазан, 1917/татар тілінде араб әрпімен жазылған/
29. «Батырлар жыры» том 1, ҚМКӘБ, Алматы -1963/алғы сөзді жазғандар Қ. Жұмалиев пен М. Ғабдуллин/.
30. Белинский В.Г.Полное собр. соч. том 3. Спб. 1907 г.
31. Белинский В.Г. Полное собр. соч. том 12, М.-Л.-1926.
32. Белинский В.Г. Полное собр. соч. в трех томах, том 1. М. 1948 г.
33. Белинский В.Г. Собр. соч. в трех томах, том 2, М. 1948.
34. Березин И.Н. «Турецкая хрестоматия», ч. П.-Я, Спб., 1890.
35. Бернштам А.Н. Предисловие к книге Бичурина Н.Я. / «Иакинфа»/- «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» том 1, из-во АН СССР, М.-Л. 1950.
36. Бичурин Никита Яковлевич /отец «Иахинф»/-«Историческая обозрение ойратов или калмыков»- Спб., 1835.
37. Бичурин Никита Яковлевич / «Иакинф»/. «Собрание сведений о

народах в Средней Азии в древние времена». Изд-во АН СССР, М.-Л. 1950, том I-II.
38.Болатов Жамалбек – ҚТЭС, Алматы – 1966.
39.Большая советская энциклопедия. Государственное научное издательство – гл. ред. БСЭ, том 39. – М.- 1956
40.Булагов Л. Словарь русского языка.
41.Булгарин Ф.Б. «Северная пчела» за 1855 год/статья Булгарина Ф. против Гоголя Николая Васильевича/
42.Буслаев Ф.И. Соч. по археологии и истории искусства. том II, Санкт-Петербург – 1910.
43.Валиханов Ч.Ч. Соч. т. XXIX Спб.
44.Валиханов Ч.Ч. Соч, СПб. 1904 г.
45. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5 томах, том I, издат. АН СССР, Алма-Ата – 1961/Под редакцией академика АН СССР Алькея Маргулана/.
Вамбери Арминей /немісше Герман-Венгрияның-Мадьярдың ғалымы/. Очерки Средней Азии/.- М. 1868 г.
46.Васильев А.в. «Образцы киргизской народной словесности вып.№1. «Киргизские сказки». Оренбург – 1898.
47.Вальтман А.Ф. /1800-1870/ «Свод исторических народных преданий» Москва, 1858.
48.Вельяминов-Зернов В.В. «Памятник с арабско-татарской надписью в Башкирии» ч. IV, 1859 г.
49.Вишар Р.Ю. История средних веков. Издание МГУ. М. 1947.
50.Владимиров Б.Я. «Турецкие элементы в монгольском языке» ЗВОР археологического общества, XX, вып. 2-3. СПб. 1911 г.
51.Владимиров Б.Я. Следы грамматического рода в монгольском языке», доклады Российской Академии наук, Л. 1925 г.

Владимиров Б.Я. «Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халкасского наречия» Л. 1929.
52. Волков Борис. «Политическая и назидательная басня философа Пильпая Индустана». Изд. Акад. наук России – 1762 /перевод «Калила и Димна»/.
53. «Вопросы литературы», журн. №7, 1952.
54. Вопросы чукотского языкознания и литературоведения. Ученые записки. Выпуск XXVI. Чебоксары – 1953 г. /см. статью М.Р. Федотова «Об арабских и персидских заимствованиях и чувашском языке»
55. Гамбоев Галсан /1822-1863/ Буряттің шығысты зерттеген ғалымы. «Алтан –Тобчи» - моңғол шежіресі, СПб 1858. «О древних монгольских обычаях, суевериях, у Плано Карпини» Санкт-Петербург – 1859.
56. Гамзатов Расул. « Мой Дагестан», из-во «Известия», М. 1969.
57.Гафуров Б.Г. История таджикского народа в кратком изложении 1, 2 изд. 1952 г.
58.Герцен А.И. / «Іскендер» - 1812-1872-0/ «Былое и думы» - 1860-1862./Кедейліктің үлгісі – «Ир» - байлықтың белгісі – «Крез» - сонда айтылады/.
59. Гёте Вольфганг /1749-1832/ - неміс ақыны атақты «Фауст» жырының авторы, бұдан бұрын ол ертегіні Клингер Фридрих /1752-1830/ жырлаған, екінші болып Ленц якоб Михаил Рейнгольд /1751-1792/ жырлапты. Бәрі де неміс ақындары.
60. Гельфорлинг А. /статья/ журнал «Отечественные записки», №7, Санкт-Петербург – 1853. / «О родстве языка славянского с санскриптом»/.

«Глазами ученого» от земли до галактики, к ядру атома, от атома до молекулы, от молекулы до организма» из-во АН СССР /с предисловием академика А.Н. Несмеянова/, М., 1963.
61. Гордлевский В.А. К вопросу о влиянии турецкого языка на арабский» Записки коллегии Востоковедов т.5. Л.1990 г.
62. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. «Золотая орда и ее падение».- М.-Л., 1960 год.
63. Григорьев В.В. «Восточный или Китаский Туркестан».
64. Гоголь Н.В. Полное собр. соч. издат. АН СССР, М.-Л.-1940
65. Гоголь Н.В. Чтение русских поэтов перед публикой» собр. соч. том VIII, СПб. 1843.
66. Гоголь Н.В. Шығармалар, IV том /қазақша/, Алматы – 1953.
67. Гоголь Н.В. «Шинель», собр. соч. в 6-ти томах, том 3, стр. 125-160. ГИХЛ. Москва – 1959.
68. Горький М. Собр. соч. том 27, М. 1935.
69. Горький М. Собр. соч. в 30-ти томах, том 27, М. 1953.
70. Горький М. Собр. соч. т. 18, ГИХЛ, М. 1963.
71.Гудзий Н. Хрестоматия по древней русской литературе XI-XVII веков. М. 1947 г.
72. Дербисалин Әнуар. «Ыбрай Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» Қазақ Мемлекет оқу педагогика Басшысы – Алматы – 1957 ж.
73. Дмитриев н.К. «Строй тюркских языков» - из-во Восточной литературы, М.- 1962, ответ. редактор В.В. Севортян.
74. Добролюбов Н.А. Собран. соч. том I, ГИХЛ – М.-Л., 1961.
75. Добролюбов Н.А. Собран. соч. том. 2, М. 1962.

76. Добролюбов Н.А. Собран. соч. в 9-ти томах, том 4, ГИХЛ. –М.-Л. 1962./осының аудармасы С. Талжановтың «Адам туралы толғау» атты кітабында бар «Жазушы» баспасы, Алматы – 1965/.
77. Дорн Б.А. /Профессор 1805-1881/ /Он опубликовал древнюю надпись – 1802 года н.э. историка Персии, исследователя Южной части Каспийского моря – Захираддина/ - Санкт-Петербург – 1856 г.
78. Досмухамедов Халел «Исатай-Махамбет». Қазақстан мемлекет басшысының Күншығыс бөлімі. Ташкент - 1925.
79. Достоевский Ф.М. «Бишаралар» / «Бедные люди» қазақ тілінде/ Алматы – 1965 /аударған Талжанов С.О./
80. «Европа саяхатшылары» / «Европейские путешественники» - деген Ш.Уәлихановтың сөзін Плано Карпини мен Рубрикті айтып отыр деп ұғу керек. Рубрик – Рубриквис немесе Вильгельм Рейбрук – 1254 ж. Мөңке ханда болған, ал Плано Карпини бұдан 8 жыл бұрын 1246 жылы Күйік ханға келіп қайтқан екен./
81. Ефимов А. «Стилис. худож. речи.» М., 1957.
82. Жансүгіров Ілияс Шығармалар. ҚМКӘБ, Алматы – 1958.
83. Жирмунский Ф.М. «Огузский героический эпос» и книга «Коркута»; следы огузов в низовьях Сыр-Дарьи, тюркологический сборник 1, М-Л 1951.
84. Жубанов Кудайберген Куанович /профессор/ «Еленбеген ерекшелік» /Абай туралы мақала/ - «Әдебиет майданы» /журнал/ Алматы – 1934 ж. №11-12
85. Жубанов Кудайберген . «Исследование по казахскому языку» Алма-Ата, 1966.

86. Жұмалиев Қажым – «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі, А. 1948.
87. Ивановский А.А. «Этнографическое обозрение 1890 №4, 1890 г. №1; «Дневник антропологич. Отдела и общества любителей естествознания». 1890, вып. Y т. XII; «Киргизская степная газета» - 1895, №19.
88. Ильминский Н.И. «Древний обычай распределения кусков мяса, сохранившийся у киргизов /казахов/.
89. Исаков Л. «Тургайские областные ведомости», 1891 г. №12; 1894 №11, 47, 48.
90. Искаков Ахмади. «Қазіргі қазақ тілі» - Алматы – 1957 ж. «Источник формирования тюркских языков Южной Сибири и Средней Азии» Издат-во «Илим» Фрунзе, 1966. Под редакцией академика АН Кирг. ССР, И.А.Батманова/.
91. Ізтілеуов Тұрмағамбет «Рүстем Дастан» Фердоуси Шахнамасының ізімен жырлаған халық ақыны. ҚМКӘБ, Алматы – 1961 ж. /Мұқтар Әуезовтың алғы сөзі бар/.
92. «Кабус-наме» 2-е издание издательства Восточной литературы, М. 1958 /перевод, статья и примечание члена-корреспондента АН СССР, Е.Э.Бертольса/.